

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

АХМЕТ

Шығармаларының
академиялық
толық жинағы

ЕКІНШІ ТОМ

Алматы, 2022

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 қаз)
Б 20

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Ғылыми кеңесі ұсынған

OR11465467-OT-21 «Әдебиеттану және өнертану саласындағы қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында жаңа гуманитарлық білімді қалыптастыру және инновациялық зерттеулер жүргізу: әлемдік тәжірибе және отандық практика» атты конкурстан тыс нысаналы бағдарлама аясында әзірленді.

«Академиялық басылым» сериясының негізі 2020 жылы қаланған

Идея авторы және жоба жетекшісі:
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
филология ғылымдарының докторы К.І. Матыжанов.

Томның редакция алқасы: Матыжанов К.І. (жалпы редакциясын басқарған), Ісімақова А.С. (жауапты редактор), Жұбай О., Қыдыр Т., Рақыш Ж., Ақан А., Сәрсек Н., Елесбай Н., Мұстафаева К. (жауапты шығарушы)., Ахмет Ә.

Пікір жазғандар:
ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы Құрманбайұлы Ш., филология ғылымдарының кандидаты, доцент Еркінбай Ұ.

Ахмет Байтұрсынұлы. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Бестомдық. 2-том / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Матыжанов К., Ісімақова А., Рақыш Ж., Мұстафаева К., Ахмет Ә. – Алматы: Brand Book, 2022. – 876 б.

Т. 2 ISBN 978-601-230-106-9

Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларының академиялық толық жинағы ғалымның 150 жылдық мерейтойына орай текстологиялық зерттеулер негізінде сараланып, мазмұндық, мәтіндік, құрылымдық тұрғыдан толықтырылып шығарылып отыр.

Жинақтың екінші томында А. Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» мақаласы мен «Әдебиет танытқыш» атты еңбегі және «Оқу құралы» (балаларға арналған), «Оқу құралы» (үлкендерге арналған), «Сауат ашқыш» және «Әліппе. Жаңа құрал» атты төрт оқулығы берілді.

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 қаз)

ISBN 978-601-230-106-9

© М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2022

Қазақтың бас ақыны

Қазақтың бас ақыны Абай (шын аты Ибраһим) Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ. Ақмола, Семей облыстарында Абайды білмейтін адам жоқ. Ақмоламен сыбайлас Торғай облысында Абайды білетін адам кем, хәттә, жоқ деп айтса да боларлық. Олай болуы сөзі басылмағандықтан. Абайдың сөздері кітап болып, басылып шыққанша Абайдың аты да, сөзі де Торғай облысында естілмеуші еді. Ақмола, Семей облыстарында Абайдың атын, сөзін естімедім дегенге недәуір таңырқап қалады. Мен ең әуелі Ақмола облысына барғанымда Абайды білмегеніме, сөзін естігенім жоқ дегеніме таңырқап қалушы еді.

Қай жерде ақындар жайынан, иә ақындардың сөздері жайынан әңгіме болса, Абайдың сөзін мақтамайтын адам болмады. Абайдың сөзін көрмей тұрғанда, мақтағандарына сенбей, қазақ үкілеген өз құнанын өзгелердің тұлпарынан артық көретін мінезі болушы еді, мақтап отырған Абайы біздің Әбубәкір, Сейдахмет, Ақмолдаларымыз сықылды біреу ғой деп жүрдім.

1903-ші жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олар сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына

жете алмай қалады. Кей сөздерін, ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың қайтара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғанын біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі.

Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда айып жазушыда емес, оқушыда. Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды да сынайды. Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, олардың сөзінен үздік, артық. Ол оқшаулық, артықтық басқа ақындардан Абайдың жалғыз сөзінде ғана емес, өзінде де болған. Абайдың қандай болғанын көзбен көрмесек те, көргендердің айтуынан білеміз. Сөзінің қандай екендігін сөйлеген соң, өзінің де қандай екенін айтып, білдіріп өткеніміз теріс болмас.

Абай Семей облысының қазағы, руы Тобықты. Ұлы атасы Ырғызбай Торғай облысындағы Ырғыз деген өзен бойында туған екен. Ырғызбай халқының қолбасы, батыры һәм ел ағасы би екен. Тобықтының аймағы аз кезінде Түркістаннан елін ертіп ауып келіп, Шыңғыс тауы малға жайлы деп, қоныс еткен екен. Кіші атасы Өскенбай би халық арасында ғаділ би атанған. Өз елі түгіл, басқа алыстағы елдер де араларындағы зор дауларын Өскенбай бидің алдына келіп бітіседі екен. Өз әкесі Құнанбай жұрт аузына қараған қазақтың бас адамдарының бірі болған. Қазақты төрелер билеп, сұлтандар төрелерден қойылып тұрған заманда, солармен таласып, қарадан сұлтан болған адам екен. Шешесі Ұлжан бәйбіше Қарқаралы үйезіндегі Әбдірей, Мыржық деген жердегі Қаракесектің Бошан руынан, Бертіс бидің тұқымынан. Шеше тұқымы күлдіргі, қалжың, әзілге ұста Қантай, Тонтай деген күлкімен сөгіп, қалжыңмен жеңіп, аты шыққан адамдар нәсілінен. Тонтай малды адам болған

екен. Ауырғанында өзгелерден гөрі қожа, моллалар көңілін жиірек сұрайтынын байқап жүреді екен. Өлер жылы қатты ауырып жатқанда молдалар көңілін сұрай келіп отырғанда айтқан: «Баяғыдан бері жазыла-жазыла қожа, молдалардан да ұят болды, енді өлмесе болмас», – деп.

Абай 1845-ші жылы туған. Жылы жылан екен. Ибраһим деген атын бұзып, «Абай» деп ат қойған шешесі екен. Шешесінің сүйіп қойған аты ел арасында шын атынан көбірек айтылады. Абай 10 жасынан 13 жасқа шейін қырда мұсылманша оқыған. Он үш жасқа шығарда Семейде Ахмед Ризаның медресесінде оқыған. Медреседе оқып жүргенде 3 айдай орысша да оқыған. 4 жыл мұсылманша оқып, 3 ай орысша оқып, сонымен оқуды қойған. Он бес жасында-ақ, балалық қылмай, үлкендердің қатарына кіре бастаған. Қазақты меңгеріп, халыққа араны жүріп тұрған төрелермен әкесі Құнанбай таласқанда, Абай әкесіне серіктікке жарай бастаған. 20 жасында ел ішіндегі белгілі бір шешені атана бастаған. Зеректікпен естігенін ұмытпаған. Ел ішіндегі сақталған қазақтың бұрынғы өткен билерінің билігі, шешендерінің сөйлеген сөзі, көсемдерінің істеген ісі, үлгілі сөздер, ұнасымды әзілдер, мақалдар, мысалдар сияқты нәрселерді Абай көп біледі екен.

Заман бұрынғыдай болса, Абай алаштың атақты билерінің бірі болуы шүбәсіз. Біліммен би болып, жұрт билейтін заман өтіп, тасың би болатын заманға қарсы туған. Білімі көптер жұрт билемей, малы көптер жұрт билейтін заманға қарсы туған. Абай жұрт алдына білімін салғанда, басқалар малын салған, жұрттың беті малға ауып, ел билігі Абай қолына еркін тимеген. «Білімнен мал артық болушы ма еді», – деп, Абай жұрттың онысына көнбей, таласқан, сөйтіп, партия ылаңына кіріп кеткен, өнер-білімін партия ісіне салған. Білімінің қызығын жалғыз ғана Тобықтылар көріп, басқаларға пайдасы тимей, болыстыққа құмар көп қазақтың бірі болып, бәлки, сол күйімен өліп те кетуі ықтимал еді. Қазақтың бағына ондай болудан Құдай сақтаған.

80-ші жылдарда жер аударылып барған Михаэлис деген бір білімді кісімен, қазақ ғұрпындағы қағидаларды жиуға елге шыққан Гросс деген екеуімен Абай таныс болған. Бұлар Абайдікіне қонаққа келіп-кетіп жүрген. Абайдың тегін адам емес екенін байқап, олар болыстықтан гөрі жақсырақ нәрсе барлығын Абайға сездірген. Абайдай зерек адамға жөн сілтесе болғаны, онан арғысын өзі іздеп табады. Олар орыстың атақты ақындары Пушкин, Лермонтов, Некрасов барлығын, қара сөзді келістіріп жазғыш Толстой, Салтыков, Достоевский барлығын, сөз сыншысы Белинский, Добролюбов, Писарев барлығын Абайға білдірген; олардың кітаптарымен таныстырған. Өлең жазған Пушкин, Лермонтов, Некрасовтар қазақтың би-болыстарынан гөрі қадірлі екендігін Абайға түсіндірген. Ғылымды жұртта өлең жазу, сөз жазу нағыз қадірлі істің бірі екенін Абай енді ұққан. Ақындық, өлеңшілік ел көзіне қадірсіз көрінсе, ол кемшілік ақындық пен өлеңшілікте емес, ақындық пен өлеңшілікті орнына жұмсамағандықта екендігін, ақындық пен өлеңшілікті қазақ ақындары, өлеңшілері қайыршы-тіленшілік орынға жұмсағаннан өлеңнің қадірі кеткенін Абай әбден білген соң, өлең жазуға түскен.

Абай жас күнінде күлкі үшін қалжың өлендер, қыздарға ғашық өлеңдер жазған, есейген соң арланып, тастаған екен. Михаэлис пен Гроссқа кез болмаса, сол күйімен, бәлки, кетер еді. Қандай үлгілі, қандай мағыналы, қандай асыл, қандай терең сөздер жерге көмілер еді?! Абай сөздері дүниеде қалғаны – қазаққа зор бақ. Бетін түзеп, жөн сілтеген кісілерге де, сілтеген жолды ылақпай тұп-тура тапқан адамға да қазақ балалары талай алғыс берер. Орыс ақындарымен танысып, өлең орны қайда екенін білгеннен кейін, Абай өлеңге басқа көзбен қарап, басқа құрмет-ықыласпен күтіп алып, төр түгіл, тақтан орын берген. Бірақ басқа сөзден өлеңнің таққа мінгендей артықшылығы қандай – оны да көрсетіп, айтып қойған. Айтушы мен тыңдаушының көбі надан болғандықтан, өлең болып айтылып, тыңдалып жүргендердің көбі өлең емес екендігі, өлең жазушылар

болса да, келістіріп жазушылары ішінде бірен-саран таңдама екендігі, жұрт мағыналы, маңызды, терең сөзден гөрі мағына жоқ, маңыз жоқ, желдей гулеп, құлаққа дыбысы тиіп, өте шығатын жеңіл сөздерді тыңдауға құмар екендігі Абайдың өлең жайынан жазған сөздерінде көрсетілген. Сол сөзінен Абайдың сыншылығы, өлең жақсы болуға не керектігін білетіні де көрініп тұр.

Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек! Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек. Мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған. Бұлардың үстіне, Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған. Абайда өлең сөздің неше түрлі үлгісі, өрнегі табылады. Ол өрнектерді ойдан шығармай, орыстан алса да, орыс өлеңдерінің өрнектері қазақ тіліне жарайтындығын бастап көрсеткені де зор көсемдік. Абай өлең жақсы болуға керек шарттардың бәрін білген. Сондықтан өлеңі қай тарапынан да болса толық. Жалғыз-ақ міні бар: ол мін – өлең бунақтары тексеріліп орынына қойылмағандық. Оны оқығанда иә әнге салып айтқанда кемшілігі зор болады. Дауыстың ағынын бұзып, өлеңнің ажарын кетіреді. Мысалы, төселіп желіп келе жатып, шоқытып кеткен сияқты, тайпалып жорғалап келе жатып текіректеп кеткен сияқты. Бұл кемшілікті түзетуге болады. Өлеңнің үш буынды бунақтары мен төрт буынды бунақтары алмасып кеткен жерлерін алып, өз орындарына қойса түзеледі. Мұнан басқа Абай өлеңдерінде мін бар деп өз басым айта алмаймын. Кейбіреулердің айтатын «ауырлығы бар» деген сөздер, ол өлеңнің қисынын келтіре алмағаннан емес, өрнегінің жаңалығынан, қазақ өлеңдерінің дағдылы түрінен басқарақ болған соң, оқушылар жаттыққанша жатырқайды. Сонан ғана ауыр сияқты көрінеді.

Абайдың өзі тексергіш болған соң, оның өлеңін тексеріп, қата шығарып ешкім жарыта алмайды. Абайдың қандай сыншы, сөз тексергіш екендігін төмендегі сөзінен байқауға болады:

Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол – ақынның білімсіз бейшарасы.
Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы.

Әуелі аят, хадис – сөздің басы,
Қосарлы бәйітсымал келді арасы.
Қисынымен қызықты болмаса сөз,
Неге айтсын Пайғамбар мен және Алласы?

Мешіттің құтпа оқыған ғұламасы,
Мінәжат ғалымдардың зар-наласы.
Бір сөзін бір сөзіне қиыстырар,
Әрбірі келгенінше өз шамасы.

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс, сөз жақсысын
Қазақтың келістірер қай баласы?

Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,
Мақалдап айтады екен сөз қосарлап.
Ақындары ақылсыз, надан келіп,
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап.

Қобыз бен домбыра алып, топта сарнап,
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.
Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,
Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап.

Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап,
Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап.
Жат елде қайыршылық қылып жүріп,
Өз елін «бай» деп мақтар Құдай қарғап.

Қайда бай мақтаншаққа барған таңдап,
Жиса да бай болмапты қанша малды ап.
Қазаққа өлең деген бір қадірсіз,
Былжырақ көрінеді соларды аңдап.

Ескі бише отырман бос мақалдап,
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.
Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел!
Сендерге де келейін енді аяңдап.

Батырды айтсам ел шауып алған талап,
Қызды айтсам, қызықты айтсам қыздырмалап,
Әншейін күн өткізбек әңгімеге
Тыңдар едің әр сөзін мыңға балап.

1887-ші жыл. (Абай)

Абайдың асылын танып, дұрыс баға берген нәрсесі жалғыз өлең емес. Көп нәрсені Абай сөз қылған; сол сөздерінің бәрінде де Абайдың әр нәрсенің асылын таныған, білгені көрінеді. Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен үздік артықтығы әр нәрсенің бергі жағын алмай, арғы асылынан қарап сөйлегендіктен. Басқа ақындардың сөзге шеберлігі, шешендігі Абайдан кем болмаса да, білімі кем болғандығы даусыз. Абай сөзінен Әбубәкірдің «шайды, кебісті әркім тұтынып кеткені асылды қорлау болды» деп қайғырған сөздері табылмайды. Басқа ақындар аз білімін сөздің ажарымен толтыруға тырысқан. Абай сөздің ажарына қарамай, сыпайылығына қарамай, әр нәрсенің бар қалыбын сол қалыбынша дұрыс айтуды сүйген. Мысалы, «Аттың сыны» деген өлеңінде сыпайышылық жүзінен

құлаққа жағымсыз тиетін сөздер бар, бірақ аттың сынына керек мүшелері болған соң, оларын айтпаса, аттың сыны толық болып шықпас еді. Абайдың «Аттың сыны» деген өлеңін оқығанында көз алдында сол жақсы аттың өзі тұрғандай, пішіні келіп елестейтіні – жақсы атқа бітетін мүшелердің бірін қалдырмай жазғандықтан. Абай көп нәрсені білген, білген нәрселерін жазғанда, «мынау халыққа түсінуге ауыр болар, мынаның сыпайышылыққа кемшілігі болар» деп, тайсақтап, тартынбаған. Хақиқатты хақиқат қалыбында, тереңді терең қалыбында жазған. Хақиқатты тануға, тереңнен сөйлеуге, бойына біткен зеректіктің үстіне, Абай әртүрлі Еуропа білім иелерінің кітаптарын оқыған. Тәржіма халін, жазушы Әлихан Бөкейхановтың айтуына қарағанда, Абай Спенсер, Луис, Дрейпер деген Еуропаның терең пікірлі адамдарының кітаптарын оқыған. Өлең жазушылардан орыстың Лермонтов деген терең пікірлі ақынының өлеңдерін сүйіп оқыған. Сондықтан Абайдың терең пікірлі сөздерін қарапайым жұрттың көбі ұға алмай, ауырсынады. Абайдың өлеңдерін мың қайтара оқып, жаттап алып жүрген адамдардың да Абайдың кейбір өлеңдерінің мағынасын түсініп жетпей жүргендерін байқағаным бар. Хәттә, осының мағынасы не деп сұрағандары да бар. Сол өлеңді алып қарасақ, айтылған пікірде, ол пікірді сөзбен келістіріп айтуында еш кемшілік жоқ. Түсіне алмаса, ол кемшілік оқушыда. Сондай түсінуге қиын көретін сөздерінің бірі мынау:

Көк тұман алдыңдағы келер заман,
Үмітті сәуле етіп көз көп қадалған.
Көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр,
Сипат та, сурет те жоқ, көзім талған.

Ол күндер өткен күнмен бәрі бір бәс.
Келер, кетер, артына із қалдырмас.
Соның бірі – арнаулы таусыншық күн,
Арғысын бір-ақ Алла біледі рас.

Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі,
«Мені» мен «менікінің» мағынасы – екі.
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе, өлсін, оған бекі!

Шырақтар, ынталарың «менікінде»,
Тән құмарын іздейсің күні-түнде.
Ғәділеттік, арлылық, махаббат пен –
Үй жолдасың қабірден әрі өткенде.

Адам ғапыл дүниені дер «менікі»,
«Менікі» деп жүргеннің бәрі оныкі.
Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде,
Соны ойлашы, болады не сенікі?

Мазлұмға жаның ашып, ішің күйсін!,
Харекет қыл!, пайдасы көпке тисін.
Көптің қамын әуелде Тәңірі ойлаған,
Мен сүйгенді сүйді деп Иең сүйсін.

Көптің бәрін көп деме!, көп те бөлек,
Көп ит жеңіп, көк итті күнде жемек.
Ғадәләт пен мархамат – көп азығы,
Қайда көрсең, болып бақ соған көмек.

Әркімнің мақсұты өз керегінде,
Біле алмадым пысығын, зерегін де.
Саяз жүзер сайқалдар ғапыл қалар,
Хақиқат та, дін дағы тереңінде.

1897-нші жыл

Абайдың осы сөзінің дұрыс емес, қата айтылған, теріс айтылған, жұмбақ қылып, ашпай айтылған еш нәрсесі жоқ. Бәрі де дұрыс, түзу, тиісті орнында айтылған сөздер. Оған оқушылар

түсінбесе, ол Абайдың үздік ілгері кетіп, оқушылары шаңына ере алмағанын көрсетеді.

Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек. Абайдың сөздері 1909-ншы жылы кітап болып басылып шықты, бірақ жұртқа таралмай жатыр. Басылған кітап Ақмола, Семей облысынан басқа облыстарға таралмай жатқаны кісі таңқаларлық іс. Абайдың сөзін Семей лапкесіне қамап, жасырып қоймай, күллі қазақ баласы бар уәлаяттардағы кітап сатушылардың бәрінің де мағазиндерінде жүргізу керек еді. Абайды қолымыздан келген қадарлы жұртқа таныту үшін мұнан былай кейбір өнегелі, өрнекті сөздерін газетаға басып, көпке көрсетпекшіміз.

А.Б.

№ 10 سنه 1910 حمل

توبلسك 17 نومبر 1910

تازه

تازه تازه

تازه تازه

تازه

№ 41 جن 1913 جیکسیه 22 دیکابر نومر 43

قازاق

قازاق‌دڭ باس آڤینی

باسی 39 هم 40 نومیرلاریه .

آبای‌دڭ آصلن تاپ دورس بسها بیرگەن نارسەسی جالغز اولەك ایمەس. کوب نارسەنی آبای ٭ سوز قلمان؛ سول سوزدەری‌نك بارلەدە آبای‌دڭ هر نارسەنك آصلن تانیغانی، بلمگەنی کوریندەدی. آبای‌دڭ اولەکدەری قازاق‌دڭ باسقا آڤیندارلری‌نك اولەکینەن اوزدڭ آرتقیغی هر نارسەنك بیرگی جاغن آلمای، آرغی آصلینان قاراب سویلەگەندیکیمن . باسقا آڤیندارلرڭ سوزگە چیمرلیکی، چوچەندەگی آبایدان کیم بولماسادا ، ٭ بلیمی کیم بولماندیغی داوسز. آبای سوزینەن ابوبکر دڭ چایدی، کیمسدی هر کم توتقب کیتکەنی آصلدی خورلاڭ بولسدی دیب قایغرغان سوزدەر تابلمایدی. باسقا آڤیندار آز ٭ بلیمن ٭ سوزدڭ آجاری مین تولقتروغا ترسقان، آبای ٭سوزدڭ آجارینا قاراماى، سپایی‌لغینا قاراماى هر

Байтұрсынұлы Ахмет

Жер жүзінің еңбекшілдері, бірігіңдер!

ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ

1-інші басылуы

Қазақстан мемлекет баспасы

Қызылорда – Ташкен
1926 жыл.



АҢДАТУ

Біздің көріп, сезіп, біліп тұрған айналамыздағы нәрселердің бәрі не табиғат ісінен шыққан *жаратынды нәрсе,* не адам ісінен шыққан *жасалынды нәрсе*. Орман, теңіз, тау, тас, өзен, бұлақ – бұлар табиғат ісінен шыққан жаратынды нәрселер; үй, кірпіш, бақша, арық, құдық – бұлар адам ісінен шыққан жасалынды нәрселер. Табиғат ісінен шыққан жаратынды нәрселердің бәрі *табиғат дүниесі* болады. Адам ісінен шыққан жасалынды нәрселердің бәрі *өнер дүниесі* болады, өйткені жасалынды нәрселердің істеліп шығуына адам ақылы, әдіс-амалы, шеберлігі, өнер күші кіріскен.

Өнер түрлі болады. Біреулер үй салады, арық қазады, етік тігеді, арба істейді, киіз басады, ыдыс істейді, тағысын тағы сол сияқты шаруаға керек нәрселерді жасайды. Біреулер көрікті мешіт, көрнекті там, көркем сурет салады. Әдемі ән, әсерлі күй, ажарлы сөз шығарады. Алдыңғы өнер мен соңғы өнердің арасында айырым бар. Алдыңғы өнерден шыққан нәрселер күн көру ісіне керек шаруа керек-жарақтары. Мұны істегенде «сұлуынан жылуы» дегендей, көркем болуын көздемейді, тұтынуға қолайлы, жайлы, берік болу жағын көбірек көздейді. Екінші өнерден шыққан нәрселер жылуынан гөрі сұлу болуы көбірек көзделінгеннен, көзге көркем, көңілге жағымды болып істелген нәрселер. Алдыңғы нәрселер адамның, мақұлықтық *жан сақтау* керегінен шыққан нәрселер. Соңғы нәрселер адамның *жан қоштау* керегінен шыққан нәрселер. Сондықтан алдыңғы нәрселерді жасауға жұмсалатын өнер – тіршілік үшін жұмсалатын *тірнек өнері* болады да, соңғы нәрселерге жұмсалатын өнер – көркемшілік үшін *көрнек өнері* болады.

Көрнек өнерінің тараулары

Көрнек өнері бес тарау болады:

Бірінші – тастан, кірпіштен, ағаштан яки басқа заттан сәнін келтіріп сәулетті сарайлар, мешіт, медресе, үй,

там сияқты нәрселер салу өнері. Бұл *сәулет өнері* болады (европаша – архитектура).

Екінші – балшықтан я металдан құйып, тастан я ағаштан жонып, нәрсенің тұлғасын, тұрпатын, сын-сымбатын келтіріп сурет жасау өнері. Бұл *сымбат өнері* болады (европаша – скульптура).

Үшінші – түрлі бояумен нәрсенің ісін, түрін, түсін, кескін-келбетін келтіріп, суреттеп көрсету өнері. Бұл *кескін өнері* болады (орысша – живопись).

Төртінші – әуездің түрлі орайын, шырайын, сазын, сайрамын келтіріп, құлаққа жағып, көңілді әсерлейтін ән салу, күй тарту өнері. Бұл *әуез өнері болады* (европаша – музыка).

Бесінші – нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері. Бұл *сөз өнері* болады (қазақша асыл сөз, арабша әдебиет, европаша – литература).

Өнердің ең алды сөз өнері деп саналады. «Өнер алды қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама қадарынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді. Сөзбен қандай сымбаттау я кескіндеуге болатындығын көрсету үшін бірнеше мысал келтіріп қарайық.

1. Абайдың әйелді сымбаттауы:

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,
Аласыз қара көзі нұр жайнайды!
Жіңішке қара қасы сызып қойған
Бір жаңа ұқсатамын туған айды.
Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын,
Ақша жүз, алқызыл бет тіл байлайды.
Көрінер аузын ашса, кірсіз тісі,
Сықылды қолмен тізген, іш қайнайды
Сөйлесе сөзі әдепті hәм мағыналы,

Күлкісі бейне бұлбұл құс сайрайды
Жұп-жұмыр ақ торғындай мойыны бар,
Тамағын үлбіреген кір шалмайды.
Тақтайдай жауырыны бар, иығы тік,
Екі алма кеудесінде қисаймайды.
Сорақы ұзын да емес, қысқа да емес,
Нәзік бел тал шыбықтай бұраңдайды.
Етіндей жас баланың білегі бар,
Әжімсіз ақ саусағы іске ыңғайлы.
Шашы бар қолаң қара жібек талдай,
Торғындай толқындырып көз таңдайды.

2. Абайдың күзгі күнді суреттеуі:

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,
Күз болып дымқыл тұман жерді басқан.
Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма?
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан
Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Айырылған жапырағынан ағаш, қурай.
Біреу малма сапсиды, салып иін,
Салбыраңқы тартыпты жыртық киім.
Енесіне иіртіп, шуда жібін,
Жас қатындар жыртылған жамайды үйін.
Қаз, тырна қатарланып қайтса бермен,
Астында ақ шөміші жүр, ол бір керуен.
Қай ауылды көрсең де жабырқаңқы,
Күлкі-ойын көрінбейді, сейіл-серуен.
Кемпір-шал құржаң қағып, бала бүрсең,
Көңілсіз қара суық қырда жүрсең.
Кемік сүйек, сорпа-су тимеген соң,
Тышқан аулап, үйде ит жоқ қайда көрсең.

3. **Мағжанның толқынды кескіндеуі:**

Толқыннан толқын туады,
Толқынды толқын қуады.
Толқын мен толқын жарысад,
Күңіренісіп кеңеспен,
Бітпейтін бір егеспен
Жарысып жарға барысад.

* * *

Толқын мен толқын сырласып,
Сырларын еппен ұрласып,
Толқынға толқын еркелеп,
Меруерт көбікке оранып,
Жыландай жүзге бұралып,
Жарға жетер ентелеп.

* * *

Еркелеп бала былдырлап,
Сылдыр, сылдыр, сылдырлап,
Толқынды толқын қуады.
Күміс кәусар суымен,
Суының алтын буымен
Жарының бетін жуады.

* * *

Мөлдіретіп көз жасын,
Жасымен жуып жар тасын,
Сүйтіп сылқ-сылқ күледі.
Жылағаны – күлгені,
Күлгені – оның өлгені.
Жылай-күле өледі.

* * *

Сылдыр, сылдыр, сылдырлап,
Бірінің сырын бірі ұрлап,
Толқынды толқын қуады.
Жарына бал береді,
Береді де өледі.
Өледі толқын, тұрады.

4. Абайдың ән мен күйді сөзбен сипаттап танытуы:

Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа,
Адам ойы түрленіп ауған шақта.
Салған ән көлеңкесі сол көңілдің,
Тәктісіне билесін ол құлаққа.

Шырқап, қалқып, сорғалап, тамылжиды,
Жүрек тербеп, оятар баста миды.
Бұл дүниенің ләззаты бәрі сонда,
Ойсыз құлақ ала алмас ондай сыйды.

Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,
Үннің тәтті оралған мәні оятар.
Кейі зауық, кейі мұң дертін қозғап,
Жас балаша көңілді жақсы оятар.

Көбінесе ән басы келер ащы,
«Кел тыңда!» деп, өзгеге болар басшы –
Керім толғап тауысар дүңгір-күңгір,
Сол жеріне ойыңмен араласшы.

Әннің де естісі бар, есері бар,
Тыңдаушының құлағын кесері бар.
Ақылдының сөзіндей ойлы күйді
Тыңдағанда көңілдің өсері бар.

СӨЗ ӨНЕРІ

Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: *1) ақылға; 2) қиялға; 3) көңілге.*

Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау. Қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау. Көңіл ісі – түю, талғау.

Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадарынша жарайды, бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек. Мүддесін тілмен айтып жеткізу қиын екендігін, оған өте шеберлік керек екендігін мынадан байқауға болады: орыстың асқан ақыны Пушкин жазған өлеңдерінің кейбіреуін 13 рет түзеткен. Орыстың асқан ойшысы, сөз өнерпазы Лев Толстой шығарған сөздерін баспаға беріп қойғаннан кейін де талай түзетіп, талай өзгертеді екен. Бұл ойындағы, қиялындағы, көңіліндегі нәрсені тілмен айтып жеткізу өте қиын екендігін көрсетеді. Сөз өнері жүзінде асқан өнерпаздар мүддесін тілмен айтып жеткізе алмай, сондай қиналғанда, өзгелерге ондай іс оңай болып табылар ма? Сондықтан сөзден жасап сөз шығару деген жұмыс әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей жақсы бола бермейді.

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да ішінде бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын
Қазақтың келістрер қай баласы? –

деп Абай айтқандай, сөз шығаратындар көп, бірақ келістіретіндері аз болады. «Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай жүгіреді». Әр ақын, әр жазушы сөздің басын өзінше құрастырып, өз

оңтайымен тізеді. Өз білуінше пікірлейді, сондықтан әрқайсысының лұғатында өзіндік айырымы, өзіндік белгісі болады. Ол айырым белгілерін жай айтып түсіндіру қиын. Әрқайсысының шығарған сөздерін оқып, әбден танысып, үйреншікті болғанда ғана сезілетін белгі. Шеберлердің қолынан шыққан нәрселермен таныс адам сол шеберлердің істеген нәрселерін қай жерде көрсе де айтпай таниды. Мәселен, пышақты көріп, «мынау пәлен ұстаның қолы екен» дейді; ерді көріп «мынау пәлен ершінің қолы екен» дейді. Сол сияқты сөз өнерпаздарының да шығарған сөздерін оқып, лұғатына үйір болғаннан кейін, оның бұрын оқылмаған, аты қойылмаған сөздерін де айтпай тануға болады. Сөздің өзін танытатын белгі – тіл яки лұғат белгісі болады. Ол белгі әркімнің өз ыңғайымен, өз оңтайымен сөз тізіп, әдеттенуінен, салттануынан болады. Әркімнің өз салты болғанмен, ол салттар жалпы сөз тізу салттарынан, шарттарынан аса алмайды. Сөз шығарушылар әуелі сөз ұнасымына керек жалпы шарттарды орнына келтіріп, өзінің өзгеше әдісі болса, соның үстіне ғана қосады. Сондықтан сөз шығарушылар бәрінен бұрын лебіз заңынан шыққан сөздің асыл болуының жалпы шарттарын білу қажет.

ШЫҒАРМА СӨЗ

Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы аты шығарма сөз, ол аты қысқартылып, көбінесе *шығарма* деп айтылады. Ауыз шығарған сөз болсын, жазып шығарған сөз болсын бәрі шығарма болады. Шығарманың түрлері толып жатыр, оның бәрін жумақтап бірақ атағанда, арабша әдебиет, қазақша *асыл сөз* дейміз.

Шығарма сөздің бәрінен бұрын байқалатын тысқы нәрселері: 1) тақырыбы; 2) жоспары; 3) мазмұны; 4) түрі.

Тақырып – әңгімедегі пікір не туралы болса, сол нәрсе шығарманың тақырыбы болады. Мәселен, пікір жаз туралы болса, шығарманың тақырыбы «жаз» болады. Той туралы болса,

тақырыбы «той» болады, ат туралы болса, тақырыбы «ат» болады. Әңгімедегі пікір не туралы екенін күн ілгері білдіру үшін шығарманың тақырыбы басынан қойылады. «Айман, Шолпан», «Бақытсыз Жамал», «Қобыланды батыр», «Атымтай Жомарт» деген сөздер шығарма тақырыптары болады және бұл сөздер Айман, Шолпан, Бақытсыз Жамал, Қобыланды батыр, Атымтай Жомарт турасында айтылатын әңгімелердің басында тұрады. Әңгіме басында тұрған «Айман, Шолпан» яки «Бақытсыз Жамал» деген сөздерді көріп, кім туралы айтылатын әңгіме екенін бірден білеміз, бірақ шығарма сөздің бәрінің де басына тақырыбы қойыла бермейді. Көбінесе өлең сөздердің басына тақырыбы қойылмайды, үйткені бір өлеңнің ішінде бірнеше нәрселер туралы пікір айтылып кетеді. Тақырыбы бар сөздер «Айман, Шолпан», «Бақытсыз Жамал» деп тақырыбы аталғанда, тақырыбы басына қойылмаған сөздер, мәселен, өлеңдер бастапқы жолындағы сөздермен аталады. Абайдың өлеңдерінде тақырып қойылмаған сөздер көп. Оларды атағанда алдыңғы сөздерін айтып, атаймыз: «Өзгеге көңілім тоярсың» деген сөзі «Келдік талай жерге енді» деген өлеңі дейміз.

Жоспар. Сөз шығарудан бұрын шығарушы айтатын пікірін қай ретпен жазатынын мерзімдеп, жоспарлап алады, онысы неден бастап, неден соң нені айтып, немен адақтайтынын белгілеп алу болады. Әңгіменің жоспарын шығарушы адам я ойында белгілеп алады я қағазға жазып алады. Қай шығарма сөзде де болса, жоспар болады, бірақ біреуінің жоспары, тәртібі сара-сара ашық болады. Біреуінің жоспары тәртіпсіз, былықпа, ашық болмайды. Қаншама кішкентай шығарма болса да, өзіне сәйкес жоспары болады. Балғожаның баласына жазған хаты деген кішкене өлең бар, кішкене өлеңнің кішкене жоспары мынау:

1. Оқудағы баласына ата-анасы амандығын білдіруі;
2. Баласына айтқан ақылы;
3. Оқымаған қазақ балалары не істейтінін көрсетуі.

Әңгіме үлкенірек болса, жоспары да үлкен болады. Алайық, мәселен, Сейт Ақымет ақынның қондырмаған құрбысына

айтқан өлеңін. Бұл әлгі айтылған өлеңнен үлкенірек, мұның жоспары да үлкенірек, мынадай:

1. Құрбысының кім екені;
2. Құрбысына қонуға келгені;
3. Құрбысының қондырмағаны;
4. Қалаға жақын жердегі қонақасының қымбат, арзандығы;
5. Көңілдестігін көрсетуі.

Мазмұн. Шығарманың тақырыбынан басқасы мазмұны болады. Солай болған соң, мазмұн дегеніміз – бір нәрсе туралы ойға алған пікірді айтуға жұмсаған бүкіл сөзіміз мазмұн болып шығады. Мазмұнның үш мүшесі болады: 1) *аңдату;* 2) *мазмұндау*; 3) *қорыту*.

Мазмұнның аңдатуында мазмұн туралы алдын ала айтарға керек болған ғана ойлар айтылып шығады, сондықтан мазмұнның бұл мүшесі шығарған сөздің бәрінде де бола бермейді. Аңдату мүше шығармаларда керегіне қарай болады.

Мазмұндауында ой тиегін ағытқан сияқты айтайын деген пікірдің бәрі айтылады. Мазмұндау шығарманың мазмұн мүшесінің ең зоры, онсыз шығарманың мазмұны болмайды. Мазмұнның қорытуында мазмұндауда айтылған пікірдің қорытылып, маңызы шығарылады.

Қорыту мүше де мазмұн біткеннің бәрінде бола бермейді. Бұ да керегіне қарай болатын мүше, сүйтіп шығарма мазмұнының аңдату, мазмұндау, қорыту үш мүшесінің үшеуі де болуға ықтимал; басқалары болмай, жалғыз ғана мазмұндау болуға да ықтимал; кейде аңдату мен мазмұндау ғана болады; кейде мазмұндау мен қорыту ғана болады.

Түрі. Шығарманың мазмұны қай-қай түрде айтылса, сол түрі шығару түрі деп айтылады. Шығарманың мазмұны төрт түрде айтылады: 1) *жай сөйлеу түрде*; 2) *сөйлестірген түрде*; 3) *хат түрінде*; 4) *аралас түрде*.

Мысал:

1. Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре-тұра тексермедім.

Ержеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.
Бұл мақұрым қалмағыма кім жазалы,
Қолымды дөп сермесем, өстер ме едім?
Адамның бір өмірі бала деген,
Баланы оқытуды жек көрмедім.

Баламды медресеге біл, деп бердім,
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім.
Өзім де басқа шауып, төске өрледім,
Қазақта қара сөзге дес бермедім.
Еңбегіңді білерлік еш адам жоқ,
Түбінде тыныш жүргенді теріс көрмедім.

2. Кебек: – Салаумағалейкүм! Кеш жарық! (төрге шығады).

Ақан: – Аликсалам, е-е, жарқын, қай ұлсың? Танымадық. Кебек: – Ата, мен тобықты Тоқтамыстың інісімін. Атым Кебек болады (Еңлік қарайды).

Ақан: – Уа, тобықтының ер азаматы аман ба? Елдерің тыныштық па?

Кебек: – Шүкіршілік, аман, ата! (үй ішіндегілердің бәрімен де амандасады).

(Біраз тым-тырыс).

Ақан: – Жарқын, беймезгіл уақытта келдің, мына пісіп тұрған аз дәмге риза боламысың, жоқ қайтадан қазан көтерсін бе?

Кебек: – Осы да болады ғой, ата! Көтермей-ақ қойсын. Ақан: – Өзің түнделетіп қайдан жүрсің, балам?

Кебек: – Бүгін бір аңшылық қыла шығып едім, әлгі бір әзірде түлкінің ізі кездесіп еді, аң көздің құрты ғой, күн батқанға қарамай, соның ізіне түсіп, жаңа мына бір жердегі шатқалда алғыздым. Соған алданып жатқанымда бұлыңғыр түсіп кеткен екен, әйтеуір иттің дауысымен осында әрең жеттім.

Ақан: – Мақұл, балам. (айқайлап) Жапал, әй, Жапал! Жапал (тыстан) – Ау, немене?

Ақан: – Қойды көңге қайырып қой, балам, ығып кетіп жүрмесін, боран болып, үйтсе-мүйтсе, мына қонағыңның атын ыққа байлап қой, шарбақтың ішіне кіргізіп.

.....

3. Үміт еткен көзімнің нұры балам,
Жаныңа жәрдем берсін Құдай Тағалам!
Атаң мұнда анаң мен есен-аман,
Сүйтіп сәлем жазады бүгін саған.

Атаңды сағындым деп асығарсың,
Сабаққа көңіл бөлсең басыларсың.
Ата-анаң өнер білсең асырарсың,
Надан боп білмей қалсаң аh ұрарсың.

Шырағым, мұнда жүрсең не етер едің?
Қолыңа құрық алып кетер едің.
Тентіреп екі ауылдың ортасында
Жүргенмен не мұратқа жетер едің?!

Шығару түрі шығармаларда дәйім біреңкей болып, осы көрсеткен мысалдардағыдай кілең сөйлеу түрінде я кілең сөйлестірген түрде яки кілең хат түрінде болып айтыла бермейді. Көбінесе аралас түрде айтылады, әсіресе сөйлеу мен сөйлестірген түрлері аралас келіп отырады.

Мысал:

Жәнібек батыр

Жәнібек батыр бала күнінде ақыл-білім үйрену үшін қаракерей соқыр Абыз дегенді іздеп келген екен. Сәлем беріп кіріп келсе, қарттықтан жағын жібекпен таңып отырған адам екен, Жәнібекті көріп:

– Сен қай ұлсың? – деді.

– Қошқар ұлымын, – деді.

– Қошқардың адам иісті бір ұлы бар деп еді, сол боларсың ба? – дейді.

– Болармыз, – деді.

– Балам, не жұмысың бар, бұл жақта неғып жүрсің? – деді.

– Осы жақта қарт атамыз бар дегенге, қолын алып, бір-екі ауыз ақыл-білім алайын деп жүр едім, – деді.

– А-а! Ел бастап, жұрт алайын деген ұл екенсің, сөз бастап би болайын деген ұл екенсің. Алдыңа келсе, әділдігінді аяма, аймағың кетпес алдыңнан. Қол бастап, жол алайын деген ұл екенсің. Жолдастың мыңын алма, бірін ал, мың кісіге бір кісі олжа салатұғын! Олжаңды аямасаң жолдасың қалмас жаныңнан. Жүз жиырма алтыға келіп отырмын. Жас күніңде қалың бер де, қатын ал. Жігіттің хан болатын, қыздың ханым болатын уақыты сол. Қартайған соң өкінбе, ұлым! Қару жисаң мылтық жи, жаяу жүрсең – таяғың, қарның ашса – тамағың!

Мұнан шығып Кіші жүзде тоқсанға келіп отырған Тайған деген биге келеді. Келсе, бидің елі көш екен. Көш үстінде кез болып сәлем беріп, ат үстінен көріседі. Мұнысын жақтырмай, бұл би де сұрайды:

– Жаным, қай ұлсың?

– Қошқарұлымын.

– Ұлым, неғып жүрсың? Жәнібек оған да айтады:

– Осы жақта бір қарт атамыз бар дегенге жолығып, қолын алып, бір-екі ауыз ақыл сұрамақшы едім, – деп.

– Е-е-е!, – деді би. – Азуы алты қарыс арғынның Қошқарұлы Жәнібегі алшынның бір алжыған шалын келемеж қылып кетейін деп едім десеңші.

Жәнібек «Мен сөз сұраймын деп келсем, көңілімді қайтарды ғой» деп, атының басын бұрып алып, жүріп кетеді. Анадай жер барғанда, би:

– Әй, Жәнібек, – деп шақырады. Жәнібек артына қарайды.

Сонда би:

– Атыңның басын бұрма, солай тұр! Жүзім кішілігінен бір ауыз сөзбен көңіліңді қайтардым. Өгізді өрге салма, қанатың талар, жаманға жүзің салма, сағың сынар, – депті.

Мазмұн түрлері

Шығарманың мазмұнында байқалатын негіздік түрлер үшеу: 1) *әуезе;* 2) *әліптеу*; 3) *байымдау*.

Дүниедегі нәрсенің қайсысы туралы сөйлесек те, бір жағынан ғана емес, әр жағынан алып, сөз қылуға болады. Мәселен, бір адамды сөз қылуға алсақ я ол адамның істеген ісін, айтқан сөзін әуезе қылып сөйлейміз. Я тұлға, тұрпатын, кескінін, көркін айтып, пернесін әліптеп сөйлейміз я болмаса ол адамның істеген істерінің, өзінің жақсы-жаман болғанының мәнісін, себебін тексере, байымдап сөйлейміз. Осыған қарай сөйлеген сөзіміздің түрі не әуезе, не әліптеме, не байымдама болып шығады.

Жоғарыда мысалға алынған шығармалардың *әуезе* болатын түрі: «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деген Абай сөзі мен Кебектің Ақанға аң көргенін айтқан сөзі. *Әліптеме* болатындары: «Абайдың әйелді сипаттауы», «Күзді әліптеуі»; Мағжанның «Толқынды сипаттауы»; Абайдың «Әнді сипаттауы». *Байымдау* болатыны – «Балғожаның баласына жазған хаты».

Көбінесе-ақ *әуезе, әліптеме, байымдама* шығарма ішінде аралас келіп отырады. Жоғарғы көрсетілген сөздердің қайсысы да болса, таза бір түрдегі мазмұнды емес. Мазмұн түрінің аралас келетін шығарма мысалы жоғарыдағы «Жәнібек батыр» деген сөз.

БІРІНШІ БӨЛІМ

СӨЗ ӨНЕРІНІҢ ҒЫЛЫМЫ

Сөз өнеріне жұмсалатын зат – сөз.

Сөз жумағы тіл деп аталады. Сөз өнеріне жұмсалған сөз жумағы да тіл (я лұғат) деп аталады.

Шығарма тілі екі түрлі болады: 1) *Ақын тілі.* 2) *Әншейін тіл.* Ақын тілі – айрықша өң беріліп айтылған сөз; әншейін тіл – ондай өң берілмей, жай айтылған сөз. Ақын тілімен сөйлегенде, сөзге айрықша өң берілгендіктен лебіз көрнекі болып шығады. Әншейін тілмен сөйлегенде сөзге өзгеше өң берілмегендіктен лебіз сида, жалаңаш болып шығады. Сондықтан алдыңғысы көрнекі лебіз деліп, соңғысы жалаң я көсе лебіз деліп айтылады.

Сөз өнері деп, асылында, нені айтамыз?

Бір нәрсе турасындағы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол сөз өнері болады. Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп, қисынын, қырын, кестесін келістіріп сөз арқылы тысқа шығару сөз шығару болады. Шығарма дегеніміз осылай шығарған сөз. Сөзді бұлай етіп шығаруға көп өнер керектігі жоғарыда айтылды. Сөз шығару өнерді қорек қылса, өнер ғылымды керек қылады. Мұнан сөз өнерінің ғылымы туады.

Шығарманың екі жағы бар: 1) *ішкі пікір жағы*, 2) *тысқы тіл жағы*. Сондықтан сөз өнерінің ғылымы екіге бөлінеді: 1) шығарманың түрінің ғылымы, 2) шығарманың тілінің ғылымы.

Тілінің ғылымы дыбыстардың, сөздердің, сөйлемдердің заңынан шығатын тіл өңінің жүйелерін танытады, ғылыми сөз өнерінен шыққан нәрселердің мазмұн жағының жүйелерін танытады. Сондықтан сөз өнерінің ғылымы шығарманың тіл өңі жағынан тіл я лұғат қисыны болып, мазмұн жағынан қара сөз жүйесі, дарынды сөз жүйесі болып бөлінеді.

Әр саласы айырылып, бөлек-бөлек сөз болмақшы.

I. Тіл қисыны, яки лұғат қисыны

Тіл қисыны дегеніміз – асыл сөздің асыл болатын заңдарын, шарттарын танытатын ғылым. Лебіз ғылымының мақсаты – асыл сөздердің асыл болатын заңдарын білдіріп, түрлерін танытып, әдебиет жүзіндегі өнерпаздардың шығарған сөздерінің үлгі-өнегелерімен таныстырып, сөзден шеберлер не жасағандығын, не жасауға болатындығын көрсету.

Сөзден әдемілеп әңгіме шығару өнері үй салу өнеріне ұқсас. Үй салуға мәселен, түрлі зат керек. Ол керек зат – топырақ болса, оны біріктіріп илейді, иленген балшықтан кірпіш құяды. Кірпішті қалап, неше түрлі үй қылып шығарады. Үйдің жақсы-жаман болып шығуы балшығынан да, кірпішінен де болады, бірақ көбінесе кірпіштерінің қалауынан болады. Кірпіш қандай жерде қалай қаланып, қандай үй болып шығуы жасаған жобаға қарай болады. Неғұрлым жоба жасайтын сәулет өнерпазы қиялға бай болса, соғұрлым салған үй сәулетті, әдемі болып шықпақ.

Сөзден құрастырып, пікірлі әңгіме шығару үшін жұмсалатын зат – сөздер. Топырақтан иленіп кірпіш жасалған сияқты, дыбыстан құралып сөз жасалған. Кірпіштен қалап түрлі үй жасау сияқты сөзден бірігіп, түрлі әңгімелер айтылады. Үйдің түрлі болып шығуы балшығынан, кірпішінен, әсіресе қалауынан болатыны сияқты, әңгіменің түрлі болып шығатыны тілдің дыбысынан, сөзінен, әсіресе сөздің тізілуінен. Балшық жаман болса, кірпіші жақсы болмайды, кірпіш жақсы болмаса, үй жақсы болып шықпайды. Бұл рас. Бірақ кірпіш жақсы болса да қалауы жаман болса онан жақсы үй шықпайды. Сол сияқты тілдің дыбысы жаман болса, дыбыстың қосылуы жақсы болмаса, сөз құлаққа жағымды болып шықпайтыны рас, бірақ тізуі жаман болса, дыбысы жақсы сөздерден де жақсы әңгіме шықпайды.

Сондықтан мәнісінің зоры кірпіштің қалауында, жобаның жасауында болған сияқты, әңгіменің әдемі болып шығуы сөздің тізілуі мен әңгіме айтушының пікірлеуінде. Неғұрлым сәулет өнерпазы қиялға бай болса, соғұрлым үй де сәулетті, әдемі

болып шығатыны сияқты, неғұрлым жазушы қиялға бай, пікірге шебер болса, соғұрлым шығарған сөз пікірлі, әсерлі, әдемі болып шықпақ. Жақсылап үй сала білу үшін сәулет өнерпазы үй салуға ұсталатын заттардың сыр-сипатын, қасиетін жақсы білу тиіс; Оларды тиісті орнына жұмсауын жақсы білу тиіс. Кірпіштің түрлі қалауларын жақсы біліп, белгілеген жобамен үйдің түрін келістіріп шығару жағын жақсы білуі тиіс. Мұның бәрін жақсы білу үшін сәулет өнерінің ғылымын жақсы білуі керек. Сондай-ақ, тіліндегі сөзден құрастырып қисынын келтіріп, жақсылап бір нәрсе шығару үшін сөз өнерінің ғылымын жақсы білу керек. Дыбыстың, сөздің, сөйлемнің сыр-сипатын тану, заңдарын білу – бұл үйге керек заттардың сыр-сипатын білу сияқты нәрсе. Керек заттарын сайлап алып, үй салуға кірісу – дыбыстың, сөздің, сөйлемнің жайын біліп алып, солардың әрқайсысын дұрыстап орнына жұмсап, пікірлі әңгіме шығаруға кіріскен сияқты болады.

Айтушы ойын өзі үшін айтпайды, өзге үшін айтады, сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек. Оның үшін айтушы сөйлейтін тілін жақсы қолдана білу тиіс яғни әр сөздің мағынасын жақсы біліп, дұрыстап, сөйлемді тізе білу тиіс. Адам ана тілін жасынан естуінше үлкендерден үйренеді. Сонан соң тіл танытқыш кітаптардан таниды. Онан әрі үлгілі жазушылардың шығарған сөздерін оқып, өзі іс жүзінде иә ауызша айтып иә жазып қолданумен біледі. Біз қазақ тіліндегі сөздің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдана білу болып табылмайды. Тілді қолдана білу – айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді және сол сөздерді сөйлем ішіне орын-орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз. Қазақ тілі қазақ ортасындағы бәріне бірдей ортақ мүлік болғанмен, бәрі бірдей пайдаланбайды. Әркім әр сөзді өзінше қолданады, өзінше тұтынады. Бүтін пікірін айтып шығатын әңгіме түгіл, жалғыз ауыз амандасу жүзінде де әркім әртүрлі сөз қолданады. Мәселен, біреу «амансыз ба?» деп, біреу «есенсіз бе?» деп, біреу «сәлемет жүрсіз бе?» деп, біреу «күйлі, қуатты барсыз ба?» деп амандасады.

Бәрінің де ой мақсаты бір. Бәрінікі де амандық білу, амандық сұрау, бірақ әркім әртүрлі сөз қолданып, өзінше сұрайды.

Сол сияқты әркім пікірін сөз қылып шығарғанда да ана тіліндегі сөздерді әрқайсысын әртүрлі қолданады. Қысқасынан айтқанда, әркім сөзді өз қалауынша алып, өзі оңтайлы көруінше тұтынады. Әркім өз қалауынша алып, өз оңтайынша алып тұтынған сөзді сол адамның сөзі болады.

Сөздің келісті болатын заңдарын, шарттарын біліп тізу – *тіл қисыны* деп айтылады.

Сөз талғау

Шығарма тілі екі түрлі болатындығы жоғарыда айтылған еді. Оның бірін – *ақын тілі* деп, екіншісі – *әншейін тіл* деп аталады деп едік. Бұл екі тілдің арасындағы айырмасы мынау: әншейін тіл көбінесе сөздің дұрыстығын, анықтығын, тазалығын, дәлдігін талғайды. Ақын тілі сөздің дұрыстығының, анықтығының, тазалығының, дәлдігінің үстіне көрнекі, әуезді болу жағын да талғайды.

Шығарма сөз өңді, ұнамды болу туралы талғаудың қоятын жалпы шарттары мынау:

1. Сөз дұрыстығы

Сөз дұрыс айтылуы деп әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалуы айтылады. Олай болу үшін керек:

1. Сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау,-жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну;
2. Сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру;
3. Сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орындастыру.

2. Тіл тазалығы

Тіл тазалығы дейтініміз – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау. Басқа тілден сөз тұтыну қажет болса, жұртқа сіңіп құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу.

Орыстың жақсы жазушыларын алсақ, олар көбінесе мынау түрлі сөздерден қашқан:

а) Ескірген сөздерге жоламаған;

б) Жаңадан шыққан сөздерден қашқан;

п) Өз тілінде бар сөздің орнына басқа жұрттан сөз алудан қашқан;

т) Жергілікті сөздерге яғни бір жерде айтылып, бір жерде айтылмайтын сөздерге жоламаған.

Қазақ әдебиеті қатып-пісіп жетпеген уақытта біз қазақ сөзін ескі, жаңа деп талғамаймыз, жергілікті сөз екен деп ол жағынан қатал қарап, қашып тұрмаймыз. Жалғыз-ақ біздің мықтап қашатынымыз жатшылдық (жат сөзшілдік).

Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып, сөз табуымыз керек. Сонда біздің әдебиетіміздің тілі таза болып, жоғарыда айтылған талғау салтының шарты орындалған болады.

3. Тіл (лұғат) анықтығы

Айтылған лебіз ашық, мағыналы, түсінуге жеңіл, көңілді күдіктендірмейтін болса, *тіл анықтығы* дегеніміз сол болады. Лебіз ашық, мағыналы болу үшін айтушы айтатын нәрсесін анық танитын болу керек. Адам анық танитын нәрсесін анық атайды да, көмескі танитын нәрсесін көмескі, күңгірт атайды. Сондықтан біреудің айтқан сөзін анық түсінеміз де, біреудің сөзін анық түсінбей, сорамалдап, жорып, ұйғарып қана қоямыз.

Лебіз анық болуына мынадай орындарда кемшілік келмек:

1) Лебіз мағынасы екіұшты ұғарлық болып айтылғанда.

Мысал:

1. Жаман қатын алсаңыз,
Төркініне бере алмай,
Төсегіне жата алмай,
Тең құрбысы келгенде,
Жөнді жауап айта алмай,
Жалғанда қор болады.

Мұнда «жалғанда қор болады» дегенді екі түрлі ұғуға болады: «Төркініне бере алмай, төсегіне жата алмай» байы «қор болады» деп те ұғуға болады. «Тең құрбысы келгенде жөнді жауап айта алмай» қатыны «қор болады» деп те ұғуға болады.

Сол сияқты мынау да екі ұшты лебіз:

«Абай ұрыға қас еді, ұры ауылының маңына жоламаушы еді».

Мұнда «ұры ауылының маңына» Абай «жолаушы еді» деп те ұғуға болады, ұры Абай «ауылының маңына жоламаушы еді» деп те ұғуға болады.

Абайдың мына сөзін де екі түр ұғуға болады: «Қисық болса, закон бар судьяға беруге, ол да үйезнай емес қой, алуға теңдік сенуге».

2) Сөйлемдер шұбалаңқы айтылып, бір басыңқы сөйлем қасында көп бағыныңқы сөйлем болса немесе сөйлемдердің құралу, құрмаласу, сабақтасулары шанақ түрде болса, әйтпесе тыныстар орнына қойылмаса.

Мысал:

а) «Өз әкесі Құнанбай... уақытындағы елдің құр мұсылманмын дегеннен басқа діннің не екенін білмей қан жеп, неше түрлі ырымдарға табынып жүргеніне қатты тыю салып, анық шариғат қоспаған істі қылған ғайыры бұзықшылық іс қылғандарға бек ауыр жаза салып, халыққа ауыл басы молда ұстатып, қадары қал ғылымның жолын көрсетіп, үлгі салған еді».

б) Соңғы уақытта Абай өзі өлеңінің өнер екенін біліп жаза бастаған соң бұрынғы ақындар надандықпен өлеңді өнер

орнына ғибрат үшін айтпай тіленшілік орнына айтқандықтан ақындықтың да, өлеңнің де қазақ ортасында бағасы кеткендігін айтып, өзін олардың ретінен басқа қылып, алмақ пайда үшін емес, халықты ұмтылтып, көңіл көзін ашпаққа ғибрат үшін жазғанын білдіріп, өлең шығарған.

п) Сол себепті жазушылықтың өзі де екінші дәрежеде қалып салақ болып, берірек ұлғайыңқыраған кезінде өкініш түсіп, жасында ғылым жолында болмай, қазақтың айқайымен жүргендіктен, кешірген өмірінің, жазған өлеңінің ретсіз болып яки ғибрат алмаққа жарамайтындығын, ақылға сыйымсыз жері болса, кейінгі замандағы сынаушы жастардан өзінің тәрбиесіз, үлгісіз өскен өмірін айтып, надан елдің ішінде неше түрлі машақат, әурешілікпен бойды ыза кернеп, өткен қатам болса аяп, аз сөге көріңдер деп жазғаны – «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?..».

т) Сөздер өз мағынасында жұмсалмай, басқа мағынада жұмсалғанда меңзеу өрескел болса, мәселен:

Таулардан бұлақ ағар сарқыраған,

Күмістей сәуле беріп жарқыраған, –

дегеннің орнына «таулардан сарқырап, жарқырап, ақ күміс ағады» десе...

ж) Адас сөздерді аңдап айтпаса, мәселен, «ол елдің адамының бәрі азулы» дегенде адамның бәрі азып болғанын айтқаны ма? Болмаса «адамының бәрі мықты, азулы айғырдай» дегені ме? Анық емес.

ш) Сөз өктейсіз орынға қойылғанда, мәселен, күндерде бір күн Сатемір далада ойнап жүріп, бір ескі тамның түбінде шаршаған соң сүйеніп, жан-жағына қарап жатса, бір аяғы ақсақ құмырсқа тамның төбесіне қарай өрмелеп барады да, орта шеніне барғанда құлап түседі.

Мұнда «бір аяғы ақсақ құмырсқа» деген сөз құмырсқаның бір аяғы ақсақ екендігін көрсете ме, болмаса аяғы ақсақ бір құмырсқа деген мағына ма – белгісіз.

4. Тіл дәлдігі

Тіл дәлдігі деп ойлаған ұғымға сөз мағынасы сәйкес келуі айтылады. Ұғымға сөз дәл келу үшін сөздің мағынасын дұрыс айыра білу керек. Тіл дәлдігін бұзатын көбінесе амандес сөздер.

Амандес сөз деп мағынасы жақын сөздер айтылады. Мәселен, батырлық, ерлік, батылдық, өткірлік, өжеттік деген сияқты сөздер. Мұның бәрі жүректілікті көрсеткенмен әрқайсысының өз алдына өңі бар. Өңін танымай яки аңғармай, бірін бірінің орнына айтса, лұғат дәлдігіне кемшілік келтіреді. Және де тіл дәлдігіне мынадай орындарда кемшілік келеді

1) Сөйлем ішіне орын алып, оралғы болудан басқа қажеті жоқ сөздер кірсе.

Мысал:

а) Кейбіреулер дүние қуғыш, мал жиғыш, пайда қылғыш келеді;

ә) Өз көзіммен көріп, көз алдымнан атқарып келіп отырмын;

б) Оның қалыптанған ерте тұратын әдеті бар еді.

Бұл үш мысалдың ішінде алып тастаса, орны ойсырамайтын сөздер «мал жиғыш», «пайда тапқыш», «көз алдымнан атқарып», «қалыптанған» деген лебіздер. Бұлар сөйлем ішінде тұрғанда ғана толық болуына келтіріп тұрған пайдасы жоқ.

т) Ойы қарайлас сөйлемдер қатар айтылғанда, мәселен, «Мен қартайған шағымда байы жоқ деп баққан жоқ, күйі жоқ деп күйген жоқ, қайраты жоқ деп қарасқан жоқ, әлі жоқ деп асыраған жоқ» деген сияқты. Бұлай айтудың сырты көркем сияқты көрінсе де, ішкі мағынасы пікірді толықтырмай, тек сөздің, сөйлемнің қарасын көбейтеді.

5. Тіл көрнектілігі

Сөздің дұрыс, таза, анық, дәл айтылуының үстінде талғау сөздің көрнекі болуын да керек қылады. Адамға дерексіз заттан гөрі деректі зат түсініктірек, жансыз заттың күйінен жанды заттың күйі танысырақ. Сондықтан адам сөйлегенде сөзі толық түсінікті болу үшін дерексіз заттарды деректі затша, бернесіз

заттарды бернелі затша сипаттайды, жансыз затты жанды заттай амалдайды. Ақ көңіл, шолақ ақыл, арам ой деу яки күн бүркіп тұр, найзағай ойнады, су қайтты деу я болмаса қазанның құлағы, ошақтың бұты, үйдің төбесі деу дерексіз заттарды деректі затша, жансыз заттарды жанды затша, бернесіз заттарды бернелі затша қалыптау, амалдау, бернелеуден шығып, әдетті сөзге айналып кеткен. Мұндай сөздер жалғыз әдетті түрінде емес, әдейі де айтылады. Мәселен, Мағжанның «Толқын» деген өлеңінде толқынның толқығанын бернелеп, түсінікті түрде көрсету үшін әдейі жанды нәрседей амалдап, бұлай дейді:

Толқыннан толқын туады,
Толқынды толқын қуады.
Толқын мен толқын жарысад
Күңіренісіп кеңеспен,
Бітпейтін бір егеспен.

* * *

Толқын мен толқын сырласып,
Сырларын еппен ұрласып,
Толқынға толқын еркелеп,
Меруерт көбікке оранып,
Жыландай жүзге бұралып,
Жарға жетер ентелеп.

Осы сияқты өң берілген сөздер *көрнекі тіл* делінеді. Тіл көрнекі болу үшін дерексіз нәрсе деректі нәрседей, жансыз нәрсе жанды нәрседей суреттеліп, адамның сана-саңлауына келіп түсерлік дәрежеге жетуі керек. Қалыпты түріндегі сөз ондай дәрежеге жету үшін түрлі әдістер істеледі. Ол әдістер негізгі түріне қарай үш тапқа бөлінеді: 1) *көріктеу*; 2) *меңзеу*; 3) әсерлеу.

1. Көріктеу Бір нәрсені көптен айырып, көзге көбірек түсерлік етіп айтқымыз келгенде ол нәрсенің атына айқын көрсеткендей сөз қосып айтамыз. Мәселен, «Қара Мұқан», «Сары Мұқан», «Болыс Мұқан» дейміз. Мұнда Мұқандарды

бірінен-бірін айырып, әрқайсысын айқын шығару үшін Мұқан деген сөзге басқа сөздер қосып отырмыз. Атымтай Жомарт, Жиренше шешен, Қаз дауысты Қазыбек деу де айқындау мақсатпен айтқаннан шыққан.

Бұл келтірілген мысалдардағы «қара», «сары», «болыс», «жомарт», «шешен», «қаз дауысты» деген сөздер айрықша мақсатпен әдейі айтылып тұр. Сондықтан айқындаудың бұл түрі тек айқындау ғана болады. Мұнан басқа көркейту мақсатпен айқындау бар. Мәселен, «қызыл тіл», «алтай түлкі», «ақ сұңқар» деген сияқты. Бұлай айқындау басында айыру мақсатпен айтылса да, соңынан көркейту мақсатпен айтуға айналған. Бұл күнде қызыл түлкі, ақ сұңқар дегенде, «қызыл», «алтай», «ақ» деген сөздерді көбінесе көркейту үшін айтып жүмсаймыз. Сондықтан айқындаудың бұл түрі *көркейту* деп айтылады. Көркейту иә жалпы сипатты жалғыз нәрсеге теліп айтқанда, иә нәрседе болмайтын сипатты болатындай етіп айтумен болады. Асылында, айқындау нәрсені иә көркейту үшін айтылады, иә лақаптау үшін айтылады. Сары арқа, сары қымыз, шалқар көл, самал жел, алалы жылқы, ақты қой, әділ би деген сияқты лебіздерде сары, шалқар, самал, алалы, ақты, әділ деген айқындау болады. Бұл айқындау көркейту үшін айтылып отырған айқындаулар. Асан Қайғы, Ер Тарғын, Қара Қыпшақ Қобыланды, Қаз дауысты Қазыбек, Бұғабай басшы, Жиренше шешен, Орынбай ақын деген лебіздерде қайғы, ер, қара қыпшақ, қаз дауысты, басшы, шешен, ақын деген сөздер лақаптау үшін айтылып тұр.

Көркейте айқындау ақындар сөзінде көп келеді.

Мысалдар:

1. Ақ таудай аққан ақ бұлақ,
Айдынға құяр аққан су.
Алалы жылқы, ақты қой
Аңдыған бөрі кірмес пе?!
Иесі ұйықтап жатқан соң.

Алтын тақты әділ хан
Адасқан аққу халықтан соң.

(Байтоқ ақын)

2. Біз кеттік абайсызда елден шығып,
Жол тарттық құба шыңға Жемнен шығып.
Тамызда қызыл мұнар астық шөлге,
Қаз қонған баттауықты көлден шығып.

(Сүгір ақын)

3. Ақтөбе мен Қорғаншы
Асан Қайғы бабаның
Қызыл тастан үй салып,
Әңгіме құрып кеткен жер.

(Мұрат ақын)

4. Байлауда қалған ақ сұңқар
Бұрынғыдай бола алмас.
Көлден үйрек ала алмас
.....
Балдағы алтын ақ болат,
Енді белге ілінбес,
Ерлігім жауға білінбес.
Оза шауып олжа алған,
Таласты жерде жолды алған.
Жасанған жауға қол салған,
Ортадан ойып жол салған,
Қарт Қожақ деген ер едім.
Алла тізгін оңдаса,
Көк сүңгіні салармын.
Балдағы алтын ақ берен
Қызыл қанға малармын.

(«Ер Таргын»)

2. Меңзеу. Көрнекілеудің өзі бірнеше түрге бөлінеді:

а) Теңеу. Көріктеу нәрсені айыра көрсетіп, айқын шығаруға жарағанмен, нәрсенің бернесін суреттеп көрсетуге күші жетпейді. Ондай орында белгісіздеу сипатты белгілі сипатқа, белгісіздеу нәрсені белгілі нәрсеге теңеп, көрнектеп, ашығырақ көрсетеміз.

Мысал:

Таулардан бұлақ ағар сарқыраған,
Айнадай сәуле беріп жарқыраған.
Жел соқса, құйын соқса, бір қалыпта
Аралап тау мен тасты арқыраған.

Шапақтан бұлт шығар мұнарланып,
Жаңбырлы күндер түсер тұманданып.
Адамзат нұр ауасын судай жұтар,
Шөл тартқан хайуандарша құмарланып.

Ұйқыдан көзін ашқан жас балаша,
Жайқалып шыға келер жердің гүлі.

(Алтынсары Ыбырай)

Теңеудің неше түрлері ескі өлеңдерде көп келеді. Ер Тарғынның Тарланына айтқан сөзінің ішінде мынадай теңеу бар:

1. От орнындай тұяқтым,
Омыртқаң бар оқтаудай.
Жауырыныңа қарасам,
Сыпыра шапқан тақтайдай.
Құйрығыңа болайын,
Қынаптан шыққан қанжардай.
Жалыңа сенің болайын,
Келтеленген жібектей.
Шықшытыңа болайын,
Оралып жатқан түбектей.
Құлағыңа болайын,

Көлге біткен құрақтай!
Қабағыңа болайын,
Қара албасты қабақтай.
Бауыздау жеріңе болайын,
Піскен алма сабақтай.
Екі көзіңе болайын,
Қорықтан жанған шырақтай.

2. Астына мінген Тарланның
Тұрпатына қараса,
От орындай тұяқтан
Оймақтайы қалыпты.
Етектейін ернінен
Екі елісі қалыпты.
Қиған қамыс құлақтан,
Бір тұтамы қалыпты.
Жалбыраған жалынан
Жалғыз қарыс қалыпты.
Бір құшақтай құйрықтан
Бір уыстай қалыпты.

3. Бұқар барсаң қолаң бар,
Қоланды көр де, шашым көр.
Зергер барсаң қасында
Алтыннан соққан түйме бар.
Түймені көр де, басым көр.

Теңеу екі түрлі: 1. Әншейін теңеу; 2. Әдейі теңеу. Екеуінің арасындағы айырмасы сол: *әншейін теңеу* – әдетті теңеу болады. Мәселен, удай ащы, айдай жарық, күйедей қара дегендегі «удай», «айдай», «күйедей» деген сияқты сөздер.

Әдейі теңеу жоғарыдағы келтірген мысалдардағы теңеулер.

б) Ауыстыру. Сөздің көбін өз мағынасында жұмсамай, өзге мағынада жұмсаймыз. Арасында түк ұқсастық жоқ. Екі нәрсенің ететін әсері бірдей болса, біріне қас амалды екіншісіне

ауыстырып айтамыз. Мәселен, «күн құтырып кетті», «аяз қарыған», «қырау соққан» дейміз. «Құтырып кетті», «қарыған», «соққан» деген сөздер нақ өз мағынасында емес, өзге мағынада айтылып тұр. «Құтыру» жанды, есті нәрсенің күйін көрсететін сөз. Мұнда күннің желдетуі адамның құтырған күйіне ұқсас әсер ететіндіктен, жанды нәрсенің күйін көрсететін сөз күннің күйін көрсетуге ауыстырылып алынып тұр. «Қарыған» деген сөз де солай алынып тұр, қарығанда ыссы нәрсемен қарыды. Аяздың үсіткен жарасы ыссы нәрсенің қарыған жарасына ұқсас болғандықтан аяз амалына айтылып тұр. Соғудың өз мағынасы – бір нәрсені екінші нәрсемен ұру. Қырау бір нәрсеге түскенде оны ұрмайды, тек тиеді. Нәрсеге тигендегі келтіретін зақымы соққаннан болатын зақымға ұқсас болғандықтан, «соққан» деген сөз қырау амалына ауыстырылып айтылып тұр.

Осындай ұқсастығымен ауыстырып, өз мағынасынан сөзді өзгелеп айту – *ауыстыру* деп аталады.

Сөз мағынасын ауыстыру түрліше болады, көбінесе ұшырайтын түрлері мыналар:

Бейнелеу. Бір нәрседе болмайтын күйді, екінші нәрседе болатын күйді көрсететін сөзбен айту *бейнелеу* болады.

Мысалдар:

1. Бидайлар басы толық иіліп тұр,
Дән берген қожасына сыйынып тұр.
Басында бұл бидайдың дәні болмай,
Кекірейіп көкке қарап бүлініп тұр.

(Қырық мысал)

2. Жүгірер киік, құлан тау мен қырда,
Қуанып ықыласпен келген жылға.
Алыстан мұнарланған сағымдары
Шақырып тұрар құбылып кел, деп мұнда.
Көл бұзылып, көк шығып қойнын ашса,
Қаңқылдап қонар оған қаз бен тырна.

(Алтынсары Ыбырай)

3. Бұл күнде сөйлей берсем, сөз жетерлік,
Білгендер тағылым бар үлгі етерлік.
Кеңестің көзі ашылған бұлағымен,
Ағызып, шұқанақты көл етерлік.

(Наушабай Нұржаны)

4. Науша би, Есенғазы жана Тауым,
Сұбықанқұл сұңқар еді алған бауын.
Қожамжан Жантемірмен түсін ашып,
Билікке салушы еді омырауын.

(Сүгір ақын)

5. Атаңыз қиналады кетеді деп,
Қайсы қыз шырағыма жетеді деп.
Көшкенде көштің көркі көгершінім,
Қадірі кетсе мұның өтеді деп.

(Шернияз ақын)

6. Мен Қырымның ішінде,
Ақша ханның қызы едім.
Атам менен анамның
Асыранды қазы едім.
Жылқыда шаңқан боз едім,
Қытай менен Қырымнан
Тәмам жақсы жиылса,
Аузындағы сөзі едім.

(Ер Тарғын)

7. Дұшпандар тың салмай ма, шабысыңа,
Тұлпардай дүбір шыққан дабысыңа.
Байұзақ, Батырбекпен екі нусың,
От салма, өзді-өзіннің қамысыңа.
Белбеуді бел қышиды шешерінде,
Жылқы мал тістеспейді өсерінде.
Екеуің орта жасқа келіп қалдың,

Тастама, жұртқа шала көшеріңде.
Бір дұшпан екеуіңді жанып жүр ме?
Жел сөзге арадағы нанып жүрме!
Басын тарт, тұлпарыңның керістірмей,
Сауырын зорықтырып алып жүрме!

(Мәделі қожа)

Ауысу да екі түрлі болады: 1) тіл ауысуы; 2) лұғат ауысуы. Мұнда да әдетті ауысу тілдікі болады да, айтушының сөзіндегі ауысу лұғаттікі болады. Лұғаттағы ауысу жоғарыда келтірген мысалдардағы, тілдегі ауысу мәселен, суық сөз, жел сөз, қызыл тіл, бақыт құс, ми ашыған, ант ұрған, жын қаққан сияқты сөздер.

Алмастыру. Арасында жақындығы бар екі нәрсенің атын ауыстырып, бірінің орнына бірін айту төмендегі түрі болса, ондай ауысу – *алмастыру* деп аталады.

Мысалдар:

1. «Анау үйдің құдасы келіп жатыр» дейміз. Құда үйдікі емес, ол үйдегі адамдікі, үй мен үй иесінің арасы жақындығынан бірінің орнына бірін айтамыз.

2. «Ауыл ұйқыда жатқанда» дейміз. Ауыл ұйықтамайды, ауылдың адамы ұйықтайды. Ауыл мен ауылдағы адам екеуінің арасында жақындық барлығынан адамның орнына ауылын айтамыз.

3. Біреудің қолы жүйрік, шапшаң жазады дегеннің орнына «қаламы жүйрік» дейміз (қол мен қалам жақындығы).

4. «Ет берілді ме?» дегеннің орнына «табақ тартылды ма?» дейміз яғни тамағын табағына алмастырып айтамыз. Сол сияқты «Неше аяқ іштің?», «Неше кесе іштің?», «Неше шелек құйдың?» дейміз (қымыз орнына аяғын, шай орнына кесесін, су орнына шелегін алмастырып айтамыз).

5. Үстіне кигені кілең жібек иә кілең былғары дейміз (киім орнына жасалған нәрсесін айтамыз). Ақсұлу мен Кеншімбайдың айтысқан өлеңінде Кеншімбайдың сөзінде былай деген жері бар:

Жаппастың сап-сары алтын жиған мүлкі,
Меймандос, келсе қонақ барша жұрты.
Шығады қыз, бозбала серуенге,
Үстіне масаты мен киіп құлпы.

Мұнда алтыннан істелген бұйымдардың орнына бұйымдардың істелген затын – алтынды айтып отыр. Масаты мен құлпыдан істелген киім орнына киімдердің істелген заты – масаты мен құлпының өздерін алып отыр.

6. Абайдың сөзінен яки кітабынан көшіріп жаз деудің орнына «Абайдан көшіріп жаз» дейміз. Сөзінің орнына иесін айтамыз.

Кейіптеу. Жансыз нәрсені жанды нәрсенің күйіне түсіріп, тұрпаттау *кейіптеу* деп айтылады. «Қылышын сүйретіп қыс келеді» дегенде қиялыңа қылыш сүйреткен адамның суреті келіп түседі. Қыста қылыш та жоқ, қылыш сүйретететін күйі де жоқ. Жансыз қысты жанды адамның күйіне түсіріп, адамның істейтін амалын телігендіктен, қыс бізге адам суретінде келіп көрініп отыр.

1 Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.
Дем алысы – үскірік, аяз бен қар,
Кәрі құдаң қыс келіп әлек салды.

(Абай)

2. Асау Терек долданып, буырқанып,
Тауды бұзып жол салған, тасты жарып.
Арыстанның жалындай бұйра толқын
Айдаһардай бүктеліп, жүз толғанып.

Кавказдан шықты жайнап, қылып у-шу,
Түзу жерден жол кернеп, ұлғайды су.
Қалың қайрат бойында, беті күліп,
Момынсынған пішінмен ағады қу.

Кавказдай құзда туған перзенттенмін,
Бұлттың суын ішіп ержеткенмін.
Қазбектен ағам сені көксеп шығып,
Кім қитықса, жолымда күйреткенмін.

Зор кеуде азаматтың айласына
Көнбей бүкіл күшімді көрсеткенмін.
Екі езуім көпіріп айғайласам,
Шын құтырсам шың-тасты тербеткенмін.

Аптығып асау інің келді, ақсақал!
Тау-тасқа, адамзатқа келіп жанжал.
Демалайын деп келдім, аш қойныңды,
Сәлем-сауқат әкелдім, қош көріп ал.

(Абай)

Бернелеу. Бір нәрсенің, көбінесе адамның мінезін, құлқын, амалын екінші нәрсенің мысалында көрсетіп айту – *бернелеу* болады. Қазақтың бернемен сөйлеп отыр дегені осы бернелеу болады.

Бейнелеу бернелеумен екі арасы жақын. Бейнелеу де, бернелеу де екі ұқсас нәрсенің бірін бірінің орнына айтудан шығады. Бейнелеу ұлғайғанда бернелеуге айналып кетеді.

Мәселен, мынау түрлі сөздер бейнелеуден ұлғайып, бернелеуге айналып кеткен болады:

1. Адамдық диқаншысы қырға шықтым,
Көгі жоқ, көгалы жоқ құрға шықтым.
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,
Көңілін көгертуге құл халықтың.
Қор болған босқа кетіп еңбек, бейнет,
Құлдардан, құлдықтан жоқ артық зейнет.
Оттай бер, жануарым, екі аяқты!
Азаттық хайуанға қанша қажет?!
Жаратқан малды Құдай не керекке?
Мінуге, сою, соғу, жүндемекке.

Жорта бер, қамыт киіп, қамшыңды жеп,
Бұйрық жоқ ұрасың деп үндемекке.
Таяққа еті үйренген қойшы жайлап,
Көк есек қозғала ма, түрткенге айдап?
Есептен жаңылғандай болғандар көп,
Жасықты асыл ма деп білмей қайрап.

Мағжанның «Шын айт» деген өлеңі де бейнелеуден ұлғайып, бернелеуге айналған сөздің түрі болады. Бейнелеу мен бернелеу арасындағы айырмасын мынадан анық көруге болады.

Бейнелеу мысалы:

Жан еркем, мен жүремін мынау күймен,
Бар ма екен ғашық жарын мендей сүйген.
Сен бір шам, айнала ұшқан мен паруана,
Айналып, аламын деп, отқа күйген.

Мұнда «сен бір шам» дегеннен бастап аяғына шейін бейнелеу болады.

Бернелеу мысалы:

Отқа ұшар көбелек,
Қарамай сорлы алды-артын.
Ойына кіріп-шықпайды,
Күйдірер деп от-жалын.
Шырқ айналып ентелеп
Жүрер де бір уақ ол қонар.
Ұмтылған оты сорлыны,
Күйдірер де, тез тынар.

Бұл келтірген екі мысалдың екеуінде де адамның күйінің көбелекке ұқсастығы айтылады. Ол ұқсастығын қысқалап айтқанда, бейнелеу болып, ұлғайтып айтқанда, бүтін мысалға айналып, бернелеу болып кетеді.

«Қырық мысалдағы» мысалдардың, Абай кітабындағы мысалдардың бәрі бернелеу болады. Қазақтың «бернемен сөйлейді» деуінің өзі иә «пердемен жасырып сөйлейді» дегеннен шыққан, иә «бернемен суреттеп сөйлейді» дегеннен шыққан болар-ға керек. Бұл екеуінің соңғысынан да алдыңғысы болуының ықтималы мол, үйткені «бернемен сөйледі» деп қазақтар сөздің

өз мағынасын жасырып, өзге мағынамен сөйлегенде айтады. Бернелеу сол мағынасы жасырын сөздің нағыз өзі.

Бернелеу біткеннің бәрінің лебіз мағынасынан басқа астыртын мағынасы болады. Бернелеу өте ұзақ болса, айтушы баяндап береді, иә болмаса ұшығын көрсетіп қояды. «Қырық мысалдағы» және мысалдардың көбінде-ақ бернелеудің астыртын мағынасының баяндауы, шешуі бар. Жоғарыда айтылған Мағжан бернелеуінің де аяғында мынадай баяндауы бар.

Құрбылар, іске бет алсақ,
Ойламай қанат қақпалық.
Анау жарық, алтын деп,
Көрінгенге шаппалық.
Жолымен кетсек қанаттың,
Көбелектей күйерміз.
Алам деп алтын барғанда
Күлден кебін киерміз.

Жоғарыда көрсетілген «Адамдық диқаншысы» деген бернелеудің айырықша баяндауы жоқ. Бірақ кімге айтылып отырған сөз екенінің ұшығы көрсетілген;

«Көңілін көгертуге құл халықтың» деген сөз бернелеудің астыртын мағынасының ұшығын көрсету болады. Шетін сездірген соң, ар жағының бәрі түсінікті. Бернелеу шығарманың неғұрлым лұғаты жайнақы, ойнақы келсе, әдемі болып шығады. Лұғатында жайнақылық, ойнақылық кем болса, бернелеу әдемі сөз болмай, әншейін сөзге айналып кетеді. Әсіресе бернелеу әншейін сөзге айналып кететіні лұғат жағының толық болуына назар салмай, тек бейнелеу, ұқсату жағына ғана ілтипат еткенде болады. Әдемі бернелеуге қоятын сын мынау түрлі болуы керек.

Бернелеудің астарын қоя тұрып, өң жағын алғанда, астыртын мағынасын қоя тұрып, лебіз мағынасының өзін алғанда жолы қанша? Ұқсастығының сәйкестігі қанша? Дәл келе ме? Болмаса, июмен, бұраумен келіп, әдейі бернелейін деген ниеті көш жерден көзге түсіп тұра ма, я болмаса ұқсастығы өте алыс, көруге тым қараңғы ма? Егер де бернелеудің шешуі бар болса,

онысының қажеті қанша? Керек болған халде өте ұзын емес пе? Ақылды ғана қанағаттандыра ма, болмаса көңілге иә қиялға тиісті сыбағасын да бере ме?

Бернелеудің өзі болсын, баяндауы болсын, лұғаттың өте жинақы, ойнақы келгенін жақтырады. Бернелеудің өзінің де, баяндауының сынына үлгі болуға жарарлық «Қырық мысалдағы» «Иттің достығы» деген сөз жоғарғы айтылған сынмен сынағанда мұның өз басынан да, баяндауынан да сын табылмайды. Мұнда бернелеуге керек болатын лұғат жайнақылығы да, лұғат ойнақылығы да түгел. Бұл мысалдың ішкі астыртын мағанасын қойып, тысқы лебіз мағынасын алғанда да иттің мінезін дұрыс суреттейтін, тыңдауға тұрарлық сөз болып шығады:

Иттің достығы

Бір байдың Төрткөз, Мойнақ төбеттері,
Өздері ит болса да әдепті еді.
Түнде үріп, күндіз үрмей, жай жататын
Болады әдепті иттің әдеттері.
Түс мезгіл екі төбет тойып жатып,
Кемпір наз, өкпе үшін қойып жатып.
Ас үйдің алдындағы күн шуақта
Сөйлесті әр нәрсенің басын шатып.
Сөз қылды жақсылықты, жамандықты,
Жомарттық, мырзалық пен сараңдықты.
Достықтың, дұшпандықтың жайын сөйлеп,
Қолға алды татулық пен араздықты.
Ділмарсып сол уақытта айтты Мойнақ:
– Менсіз-ақ қара,Төрткөз, өзің ойлап.
Дүниеде онан артық не нәрсе бар,
Таласпай, тұрсаң тату күліп-ойнап?
Дос болсаң құшақтасып, жанға балап,
Сөз айтсаң бір-біріңе шырақ-қарақ,
Алты күн ашаршылық көрсең дағы,
Жемесең бірің жоқта бірің тамақ.

Достың досы жұлдырмас жауға түгін,
Еш нәрсе айырмаса ара-жігін.
Бірінің қабағына бірі қарап,
Білмесе күннің қалай өткендігін.
Не бар деп дүниеде мұнан артық?
Мен қалып, бір қиялға тұрмын бүгін.
Жолдыаяқ, Ақсақ Құтпан, Жаман Сарқұс,
Солар да тап-тату жүр біздер түгіл.
Сөйлейді маңызданып, енді Төрткөз:
– Мойнеке, мұның әбден айтарлық сөз.
Тұрмайтын бір күн тату неміз бар деп,
Мен дағы ойлаушы едім осыны әр кез.
Не келіп, тірі жүрсең, не кетпейді,
Араз боп екеумізге не жетпейді?
Тамақ тоқ, өркені өссін иеміздің!
Тиіссіз сөгіп, соқпай, құрметтейді.
Расты рас демей, танамыз ба?
Бір сөтке татулық жоқ арамызда.
Тұрмайтын ренжуге аз нәрсеге
Екеуміз таласамыз барамыз да.
Мұндай іс арасында болған емес,
Көз салсақ бұрынғы өткен бабамызға.
Атаның жолын қумай ұлаққанда,
Тура жол сонан артық табамыз ба?
Бұл сөзге көңілденіп Мойнақ тасты,
(Ол үлкен, онан гөрі Төрткөз жас-ты).
«Төрткөзім!», «Мойнекем!» деп бірін-бірі,
Дос болып, серт айтысып, құшақтасты.
Екеуі бірін-бірі сүйді, құшты,
Қызығы басылмаған достық күшті.
Ас үйден ұлақтырған бір омыртқа,
Солардың нақ жанына келіп түсті.
Көрген соң майлы сүйек ит тұра ма?
Құшағын жазып ала жүгірісті.

Достықты, айтқан сертті былай қойып,
Екеуі бір-біріне салды тісті.
Досты дос мұнан артық қалай сыйлар,
Жүндері бұрқыраған аспанға ұшты.
Су құйып үстеріне, жиылған жұрт
Екеуін зордан ғана айырысты.
Иттерге таласса да жарасады,
Етпесе ит әдетін адасады.
Дос болған адамдарға қарап тұрсақ,
Биікпен тең деп болмас аласаны.
Сүйектей арасына нәрсе түссе,
Иттерден олар артық таласады.

Әсірелеу. Бір нәрсені өте асырып я өте кемітіп айту *әсірелеу* болады.

«Көп түкірсе, көл болар» деген мақал, «Көзінің жасы көл болды» деген мақал түкірік пен көз жасын өте асырып айтып отыр. «Қара арғымақ арыса, қарға адым жер мұң болар» деген мақал, «Бойы бір тұтам» деген мақал арықтың күші мен аласаның бойын өте кемітіп тұр. Ақындардың өлеңінде де не осындай өте асырып, не өте кемітіп айту көп болады. Бұлай айтудағы мақсат сөздің әсерін күшейту, әсірелеу, әсіресе ескі сөздерде ескі ақындардың айтысқан иә мақтаған өлеңдерінде, батырлардың жырларында көп ұшырайды. Алаша Байтоқ ақын Жәңгір ханның істеген ісін айтып жоқтаған сөзінде бұлай деген жері бар:

Тастан сарай салдырған,
Ол салдырған сарайдың
Айналасы айшылық,
Көлденеңі күншілік.

Мұның соңғы екі жолында айтылған сөздер *әсірелеу* болады. «Қобыланды батырда» мынадай әсірелеулер бар:

1. Астындағы Бурылдың
Жоғарғы ерні көк тіреп,
Төменгі ерні жер тіреп

2. Асқар төбе бел еді,
Бірде шауып желеді.
Көлденең жатқан көк тасқа
Тіктеп тиген тұяғы
Ұршығынан енеді.

3. Аттың жолы қазылды,
Ұмтылғанда қысынып,
Бес жүз құлаш жазылды.

4. Қарсы келген қабақтан
Қарғып, асып жөнелді.
Сеңгір-сеңгір таулардан
Секіріп, асып жөнелді.

(Қобыланды батыр)

5. Тиеді ер пайдасы сасқан жерде,
Етегін ер жаңылып басқан жерде.
Жаманға жазатайым ісің түссе,
Қабысып қалады екен аспан жерге.
.....
6. Қарағым, сапар шектің бөтен елге,
Қош айту қиын болды кетер жерге.
Мегзеген хор қызына сен кеткен соң,
Түсті ғой шыр айналып аспан жерге.
7. Қарағым, бөтен елге сапар шектің,
Айтысып, қош, аман бол, бізден кеттің.
Жаманға малын берген еріп кетіп,
Досыңды ойнап жүрген зар еңіреттің.
Алайда еш өкпем жоқ, саған шырақ,
Аспаннан қан жауған күн сертке жеттің.

(Ғайнікей мен қыз Тойым)

Мезгеу. Бір ұғым орнына екінші бір ұғым айтылуы *мезгеу* болады. Мезгеу мынадан шығады:

1. Ана ауылға Омар, Оспан, Асан, Үсен келді деудің орнына ана ауылға Омарлар келді дейміз. Омарлар келді деуіміз мезгеу болады.

2. Үй кімдікі екенін ұмытпа, үйге қара деудің орнына шаңыраққа қара дейміз. Шаңырақ мезгеу болады.

3. Осы ауылдың адамдары жүдеу екен деудің орнына осы ауылдың адамы жүдеу екен дейміз. Адамы мезгеу болады.

4. Абайдай ақын қазақтан туа бермейді ғой деудің орнына Абайлардай ақын қазақтан туа бермейді ғой дейміз. Мұнда Абайлар мезгеу болады.

5. Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге жайылады дейміз. Отыз тістен шыққан сөз емес, қырық рулы яки жиырма рулы елге жайылатын шығар, біз білмейміз. Отыз деп кесіп айтуымыз мезгеу болады.

Мезгеумен айтылған сөз жай айтылған сөзден жинақы, ширақ келеді, сондықтан мезгеу ақындар сөзінде көп ұшырайды.

1. Ант ішкен күнде берген жаны құрсын!
Арын сатып, тіленген малы құрсын.
Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып,
Қу тілмен қулық сауған заңы құрсын!

(Абай)

2. Кім біліп, ер еңбегін сезіп жатыр,
Кім шыдап жолдастыққа төзіп жатыр.
Сасық ми, сасық жүрек санасыздар
Алаңсыз ақ малтасын езіп жатыр.

(Маса)

3. Болған соң ағаң болыс, ендігің не?
Таласып мен болам деу кемдігің де.
Сөзімді достық білмей, қастық білсең,
Қарасын Алтынбектің түндігіне.

(Бұдабай ақын)

4. Түрленіп жиырмада кидім киім,
Түсірдім атын ұстап, мырза-бидің.
Көрінсе қайда жақсы өзімсінген,
Келсейші, қайта айналып жігіт күйім.

(Наурызбай би)

5. Жау жоғары, біз төмен,
Жеткен екен қамалға.
Наурызбай сынды сұр перен.

(Нысанбай жырау)

6. Қайырсыз толып жатыр Қарынбайлар,
Қолы ашық аз табылар Атымтайлар.
Ат майын ағайынға берер ме екен?
Ат аяп, тайын мініп жүрген байлар.

Әсерлеу (лептеу). *Әсерлеу* деп сөздің әсерін күшейтіп сөйлеуді айтамыз. Әсерлеу көңіл күйінен шығып, көңілге күй түсіреді. Көңіл қалыпты, тыныш күйінде тұрғандағы адамның аузынан шыққан сөз бен көңіл көтеріңкі иә бәсең уақытта адам аузынан шыққан сөздің екеуі бірдей болмайды. Әсерлеудің асылы осынан шығады. Әсерлеудің көбінесе айтылатын түрлері мынау: 1) Арнау; 2) қайталақтау; 3) шендестіру; 4) дамыту; 5) түйдектеу; 6) бүкпелеу; кекесіндеу.

1. Арнау. Арнаудың өзі үш түрлі болады: 1. сұрай арнау; 2. зарлай арнау; 3. жарлай арнау.

***1. Сұрай арнаулардың* мысалдары:**

Не жазып ем, Құдай-ау, мен қазаққа?
Мүбтәла қып салғандай мұнша азапқа.
Адамшылық есебіне кірісіп,
Қол жетіссін дегеніміз бе азатқа?
Бар ма, қазақ, мұнан басқа қылғаным?
Неңді шаштым, неңді бұздым, былғадым?
Аштан өлген аталарың бар ма еді?
Тамақ үшін сатқан иттер иманын.

(Маса)

У-шу боп қыбырлаған төрт түлік мал,
Есетін солтүстіктен салқын самал.
Апырым-ай! Қандай жауыз тағдыр деген,
Бұйырған тұтқын болып жат та қамал.

(Мағжан)

Барма топқа шақырмай,
Жат үйінде, шатылмай!
– Шыдармын ба, апырым-ай,
Жатуға шықпай үйде енді!
Қатыныңның ойнасын,
Көрсең, білсең қоймасын.
Не ойлар едің өз басың?
Сонымен тең біз де енді.

(Абай)

Алдымызда көрінген,
Балабамның таулары.
Артымызда көрінген,
Үргеніштің аңғары.
Енді бізге күн қайда,
Қайтып соған барғалы?
А, дариға, дүние-ай!
Көкірегімнің арманы.
Күндер қайда басқандай?!
Еттім қайрат мен жаста.
Қан қарадан жасқанбай

Құдірет Алла, не жаздым?
Бір сағатта тосқандай!

(Жүсіпбек пен Ақыметбек)

Желі толған сар түйе
Ағажан, кімге тапсырдың?
Қора толған ақты қой

Ай көке, кімге тапсырдың?
Тоғай толған мың жылқы
Күн көке, кімге тапсырдың?
Тоқсанда әкең Тоқтарбай
Жан көке, кімге тапсырдың?
Алпыста шешең Аналық
Бірге туған мен зарлық
Ақ көке, кімге тапсырдың?

(Қобыланды батыр)

***2. Зарлай арнау* мысалдары:**
Ойпырым-ай, Алла-ай, жасаған!
Қысылды ғой шыбын жан.
Қуат кеміп барады.
Көп болды мынау аққан қан,
Тәңірі, өзіңе жылайын!
Хал жоқ, қалай тұрайын?!
Жүректі жара жеп барад,
Жасаған-ау, қалай шыдайын?!

Сауықшыл есіл елім-ай!
Сарыарқа сайран жерім-ай!
Күмістей таза суы бар,
Айдын шалқар көлім-ай!

Қиналдың-ау, шыбын жан,
Тоқталсайшы ыстық қан!
Зарлайсың ғой жетім боп,
Бесікте қалған балапан!

(Мағжан)

***3. Жарлай арнау* мысалдары:**
Бұл сөзге құлағың сал, ақын інім,
Ой-пікір, рухымыз жақын інім!

Ағалық правосын қолыма алып,
Келемін айтайын деп, ақыл інім!

(Маса)

Қара палуан Жәнібек,
Қаз дауысты Қазыбек.
Жетім қалған халқыңа
Тұлған болып артыңа
Кім тиянақ қазық ед?!

(Маса)

Еркінді қу қайғыға берме, көңілім,
Күйленіп, бұрынғыдай керне, көңілім!
Қамығып, жабырқадың неге мұндай?
Талпынып көкке құлаш серме, көңілім!

(Сәкен)

Ассаламағалейкум, батыр Ерден!
Кетіп тұр бақ-дәулетің тағы керден.
Ішінде көп қарғаның бір бүркіттей,
Көзіме көрінесің келген жерден

(Орынбай ақын)

Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!
Оқысаңдар балалар,
Шамнан шырақ жағылар.
Тілегенің алдыңнан
Іздемей-ақ табылар.

(Алтынсары Ыбырай)

Пір Назар, Смайыл мен Жүсіп Назар!
Тілімді алсаң мұныңды қой, мырзалар!
Бар ма еді құлағыңда қалған нақыл,
«Тозған қудан топтанған қарға озар».

(Бұдабай ақын)

б) Қайталақтау. Бір сөзді яки лебізді қайта-қайта айту *қайталақтау* деп аталады. Ондай қайта-қайта айту нәрсенің өзіне яки амалына көбірек назар салғызу үшін істеледі. «Кітапты әпер деймін, кітапты» дегенде кітапқа назар салғызу үшін кітапты қайта-қайта айтамыз. «Бар деген соң бар» дегенде барды қайта-қайта айтамыз. Бару амалына көбірек назар салғызу үшін. «Қарай-қарай көзім талды» дегенде яки «Сұрай-сұрай мезі қылды» дегенде көздің талуының, мезілеудің себебіне көбірек назар түсіру үшін «қарау» мен «сұрау» қайта-қайта айтылып тұр. Сол сияқты бір сөзді қайта-қайта айту шығарма сөздерде де болады. Шығарушы бірдемеге көбірек назар салғызғысы келгенде соны қайта-қайта айтады.

Мысалдар:

1. Мен кетемін, кетемін,
Мен кеткенмен айдалаға кетпеймін.
Айналып елді өтемін.
Қадір білмес бұл итке,
Қарашы болып не етемін.

(Ер Таргын)

Ой деген – у,
Ауызға алсаң, қандырад.
Ой деген – у,
Жанды есінен тандырад.

2. Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,
Мен күн ұлы, көзімде күн нұры бар.
Мен келемін, мен келемін, мен келем
Күннен туған, Гүннен туған Пайғамбар.

Күншығыстан таң келеді, мен келем,
Көк күңіренед, мен де көктей күңіренем.
Жердің жүзін қараңғылық қаптаған,
Жер жүзіне нұр беремін, күн берем!

(Магжан)

Қазақ тілінде қайталақтау жоғарыда айтылған мәністен басқа жөнмен де айтылады. Бірдеңенің көптігін көрсеткенде соны қайта-қайта атап көрсетеміз. «Көре-көре көсем болар», «Сөйлей-сөйлей шешен болар» дегенде «көсем болу» мен «шешен болудың» себептеріне назар салғызу мақсат да бар. «Көру» мен «сөйлеудің» көптігі де көрсетіледі.

Мысалдар:

1. Жылы-жылы сөйлесең,
Жылан іннен шығады.
Қатты-қатты сөйлесең
Кәпір діннен шығады.
2. Қора-қора қой жатыр,
Қарын-қарын май жатыр.
Түйе-түйе жүк жатыр.
Ауыл-ауыл ел жатыр.
3. Жол бойы көргеніміз егін де егін,
Қағазды жол-жол қылып сызды.
Биік-биік ағаштар тұр,
Басында бүркіт ұясы.
4. Асқар-асқар, асқар тау,
Асқардың ақ сұңқары
Ылдидың аңын шалар ма?!

Қазақ тілінде біреуге арнай сөйлегенде де бір сөз қайта-қайта айтылады.

Мысалдар:

1. А, Бозмұнай, Бозмұнай,
Берер ме екен бір Құдай?
Ертеменен кеткен қой
Жетермін бе, жаяулай?
Сен алпысқа жеткенде,
Мен елуден өткенде
Біздей екі сорлыға
Енді берсін не Құдай?!

(Ер Сайын)

Ей, Қарт Қожақ, Қарт Қожақ,
Атыңның басын тарт, Қожақ.

2. Бұлғыр, бұлғыр, бұлғыр тау,
Бұлдырап тұрған құрғыр тау.
Үш атамыз өткен тау,
Үш мың қара біткен тау.

(Радловтан)

Қожыр-қожыр тастарым,
Көзімнен ағар жастарым.

(Досқожа ақын)

Қайталақтау бір нәрсенің амалын, күйін еліктеген орындарда келеді.

Мысалдар: 1. Күлдір-күлдір кісінетіп,
Күрең мінген бар ма екен?!
Күдеріден бау тағып,
Күпі киген бар ма екен?!

2. Жалп-жалп еткен жапалақ
Жапалақ жазда кімге жолдас болмаған.
Жағы түкті хайуан
Мұңдантып кімді жаяу салмаған.

3. Алып-алып, алып басқан
Арабы торым өзіңсің.
Балдағы жауһар, сабы алтын
Алдаспаным өзіңсің.

(Би сөзі)

4. Он екі айдың еркетайы Май келді,
Жұлдыздар да жымыңдады, ай күлді.
Қалың қардың құшағынан құтылып,
Сылдыр-сылдыр, сылдырлады, сай күлді.

Сөйлетіп қоя берсек сөзге тақ-тақ,
Күлкісі күміс сылдыр емес, сақ-сақ.
Шық-шық деп соғып тұр.

Тоқтаусыз бұл сағат.
Дүниеде неғып тұр
Адамзат бір сағат.

Сылқ-сылқ күліп сылдыр қаққан су сұлу,
Көлге қонып қаңқылдаған қу сұлу.
Бейне айнадай жарқыраған айдыннан
Күн шығарда көтерілген бу сұлу.

(Мағжан)

Қайталақтаудың бір түрі *еспелеу* келеді. Арқан яки тарамыс ескен сияқты алдыңғы пікірдің аяғын соңғы пікірге қатыстырып қайта айтатын қазақта ақындар бар. Бір сөзді көп қайтара айтып қайталақтағанда сөздің әсері мылжыңдықтың әсеріне айналып кетеді; бір сөзді екі-үш қайтара айтқанда сөз пысықталған, нығыздалған, ширатылған іспетті болады. Сондықтан еспелеп қайталақтауды шамалы қолданбаса, маңыздаудың орнына мылжыңдау болып кетуі оңай.

***Еспелеп қайталақтау* мысалдары:**

1. Тілегім күннен-күнге артылады,
Қазынаң бермегенге тартылады.
Жар болған тар болғанда пірлерді айтып,
Күндіз-түн қызыл тілім шарқ ұрады.
Күндіз-түн шарқ ұрады қызыл тілім,
Болмай тұр саудағыдай ашық күнім.
Бір Құдай жігіттікке қайғы салма,
Жасым бар жиырма жеті, тауық жылым.
Жасым бар жиырма жеті, жылым тауық,
Сөйледім құрбы ішінде болып сауық.
Райы аурудың қайтпаған соң,
Дертімнен бұрынғыдан қылдым қауіп.
Дертімнен бұрынғыдан қауіп қылдым,
Шығарып ой сәулесін жарық қылдым.
Ойладым соның тілі тиді ме деп,
Назарда Ақымет пен Арық құлдың.

(Әбубәкір)

2. Бір Алла, мал мен басқа қаза бердің,
Күніме жаяулықпен жаза бердің.
Сіздерді көп беймаз еткенімнен,
Ұялып ортаңызға азар келдім.
Арқама тарыққанда сүйеуім деп,
Ортаңа бұл қазамды шаға келдім.
Ортаңа бұл қазамды келдім шаға,
Дос етпес, дұшпан болса етер таба.
Ер жаяу өз жұртында болмасын деп,
Бас болып ойға қалса әрбір аға.
Байларды сақау атты Алла сүйер
Мұсылман құл бір-біріне етсін пана.
Мұсылман құл етсін пана бір-біріне,
Паналық қайыр ықсан жан тіріде.
Біз қасық, халық дария түгесілмес,
Тілекші біз қартыңыз әр күніңде.
Тілегіш әр күніңде біз қартыңыз.
Жомарттық етсең келер қуатыңыз.
Жыл сайын қажетімді сізден алып,
Келгенде болып қайтқай мұратымыз.

(Құбала ақын)

п) Шендестіру. Екі нәрсе қатар яки қарама-қарсы келгенде, арасындағы айырым көзге көбірек түседі. Биік пен аласа, ұзын мен қысқа, көрікті мен көріксіз, шебер мен олақ, ғалым мен надан қатар келгенде, араларындағы айырмасын анық көреміз.

Жайдағы қайғыдан қуаныш үстінде көрген қайғы жанға көбірек батады. Жарлылық қиындығы жасынан жарлы болғаннан гөрі байдан жарлы болғанға көбірек сезіледі. Көріксіз бетіндегі дақтан көріктінің бетіндегі дақ көзге көбірек түседі. Тәттінің артынан ащылық, дәмдінің артынан дәмсіздік артығырақ білінеді. Сөздің әсерін күшейту үшін табиғаттың бұл заңын сөз шығарушылар көп қолданады. Байдың аса байлығын анық көрсету үшін елін кедей қылып көрсетеді. Батырдың халық үшін

қандай бәйгеге тігетіндігін көрсету үшін өлдім-талдым дегенде көрген шал мен кемпірдің аяулы баласы қылып, оның үстіне байлығын да қоса көрсетеді. Алпамыс, Қобыланды, Сайын бәрі де байдың жалғыз балалары. Лебіз түрінде де ақындар сөзінде көп ұшырайды. Сөзді былай әсерлеу әдісі *түйістіру* деп аталады.

Мысалдар:

1. Ассалаумағалайкум, батыр Ерден!
Кетіп тұр бақ-дәулетің тағы керден,
Ішінде топ қарғаның бір бүркіттей
Көзіме көрінесің келген жерден.

Қарға мен бүркітті түйістіргенде, бүркіт әрине, өте көрнекті көрінбекші, олай болса, бүркітке теңеген Ерденнің өзгеден артығы көбірек білінбекші.

2. Қара жерге қар жауар,
Қарды көр де, етім көр.
Қар үстіне қан тамар,
Қанды көр де, бетім көр.

Ақтың ақтығының нағыз күшті көрінетіні қарамен қатар қойғанда, бұл ақтың ақ болып көрінудің ең барып тұрған жері. Қара жер мен қарды қатар қоюындағы мақсат, етінің ақтығы қай дәрежеде екендігін көрсету. Еттің ақтығы қар мен қара жерді қатар қойғанда қандай анық көрінсе, беттің қызылдығы қарды қанмен қатыстырғанда сондай анық көрінбекші. Сол ақ пен қызыл қатысқан түсті қар мен қаннан артық еш нәрсе анық көрсете алмайды. Мұны бұлай келтіріп отырған ақынның ақындығы.

Ақжүністің Қарт Қожаққа әуелі жастықтағы күйін айтып келіп, сонан соң барып қартайғандағы күйін айтуы да ақындықтың әлгі әдісі.

3. Бес жасыңда Қарт Қожақ,
Жас шыбықтан жай тарттың,
Жалғыз шиден оқ аттың
Атқан оғың жоғалттың,
Кәне, шыққан мүйізің?!

Он жасыңа келгенде
Қызыл-жасыл киініп,
Қынай белің буынып,
Қыз баладай көрініп,
Бала болдың бір кезек,
Кәне, шыққан мүйізің?!
Жиырма беске келгенде
Ақ балтырың түрініп,
Оймақтай аузың бүріліп,
Қарт бурадай қамданып,
Қас батырдай шамданып,
Сыртыңнан дұшпан сөз айтса,
Шыныңменен арланып,
Қызды бақтың бір кезек
Кәне, шыққан мүйізің?!
Отыз беске келгенде,
Қоңыраулы найза қолға алдың.
Қоңыр салқын төске алдың,
Жауды көрсең шүйілдің,
Жеңсіз берен киіндің,
Көксерек атты борбайлап,
Қамалды бұздың айқайлап,
Кәне, шыққан мүйізің?!
Қырық бес жасқа келгенде,
Қырым деген шәһәрдің
Жел жағына қаласың,
Ық жағына панасың,
Қырдан қиқу төгілсе,
Елге таман үңілсе,
Мың кісіге бір өзің
Шошынбай жалғыз барасың
Кәне, шыққан мүйізің?!
Елу беске келгенде,
Топқа бардың бой түзеп,

Дауға бардың тіл безеп,
Билік сүрдің бір кезек,
Кәне, шыққан мүйізің?!
Алпыс беске келгенде,
Сақал-мұртың қуарып,
Бойға біткен тамырың
Бәрі бірдей суалып.
Алайын деп тұрмысың
Мені көріп қуанып?
Өлтірсең де тимеймін,
Теңдік берсең сүймеймін.
Бұрын батыр болсаң да,
Сенің басың бұл күнде
Жерде жатқан қу тезек!

(Ер Тарғын)

т) Дамыту. Пікіріңді сөйлегенде алдыңғы сөзіңнен артқы сөзіңнің қуаты асып отырса, дамыту болады. Әншейін сөйлегенде дамыту мысалы мынау:

1) Бар! Жүгір! Ұш!

2) Мен саған он рет, жүз рет, мың рет айттым. «Бар» деген-нен «жүгір» деген күштірек, «жүгір» дегеннен «ұш» деген күш-тірек. Екінші мысалда «он рет айттым» дегеннен «жүз рет айт-тым» деген күштірек, «жүз рет айттым» дегеннен «мың рет айт-тым» деген күштірек. Дамыту негізі сөздің осы табиғи заңына тіреледі. Сөз шығарушылар да сөздің осы табиғи заңымен пай-да- ланып, керекті жерінде сөзін бірден-бірге күшейтеді.

Мысалдар:

1. Халықты қаңсылату – обал, халықты зар жылату – мейі-рімсіздік, халықты тамақ үшін сату – иттік.

2. Шынымен Қобылан шу деді,
Құбылып Бурыл гуледі.
Аманбайдың ақ тігін
Аса қарғып жөнелді.

Қарсы келген қабақтан
Қарғып асып жөнелді.
Сеңгір-сеңгір таулардан
Секіріп асып жөнелді.

3. Арандай аузын ашады,
Аяғын топтап басады.
Жүні судай тасады
Бір төбенің тозаңын
Бір төбеге қосады.
Кешке таман Тайбурыл
Жын қаққанға ұсады.
Құлан менен құлжаның
Марал менен бұғының
Ұзатпай алдын қосады.
Көл жағалай отырған
Көккұтан мен қарабай
Көтеріліп ұшқанша
Белінен келіп басады.

(Қобыланды батыр)

4. Іші ылас, сырты таза залымдардың
Алданып құр сыртының тазасына,
Мәз болып байғазы алған балаларша,
Сатылып жылтыраған танасына,
Әбілдің зияратын аттап өтіп,
Қабылдың бата қылмай моласына.
Қорыққанға қос көрініп, қойдай үркіп,
Тығылып Дажалдың пұтқанасына,
Ес кетіп, сабыр қалмай сасқалақтап,
Зорыққаннан көзің сыймай шарасына.
Ұмытып Құдайды да, Құранды да
Бас ұрма лат-манат ағашына.

(«Маса»)

5. Әлде мен бабың тауып бақпадым ба?
Болмаса жемнен қысып сақтадым ба?
Әйтпесе әбзелдерің сәнді емес пе?
Жібектен тізгініңді тақпадым ба?
Малдырып сап алтынға үзеңгіңді,
Тағаңды шын күмістен қақпадым ба?

(«Маса»)

ж) Түйдектеу. Аз сөзге көп ой сыйғыза сөйлеу – түйдектеу деп аталады. Түйдектеп сөйлегенде сөздің әсері күштірек болады, себебі сөйлем ішінде сөз аз болса, әр сөзге көбірек назар түсіп, ілтипат көбірек айтылады. Көп нәрсеге адам назар салғанда ілтипаты ыдырап, сиреп түседі. Мәселен, топ адамды көргенде, назар топқа түсіп, бас-басына аз түседі. Сондықтан әрқайсысының түрін-түсін, киген киімін, мінген атын байқамай қаласың. Аз адамды көргенде, назар әрқайсысына көбірек түсіп, түр-түсін де, киген киім, мінген аттарын да байқап қаласың. Сөйлем ішіндегі сөз де сол сияқты. Түйдектей сөйлеудің мысалы мынау:

1. Бақ ерікте; ерік ерлік пен бірлікте; ерік ұранымыз, бірлік – Құранымыз болсын.

(Шырша)

2. Адамына – оқ,
Қаласына – от!
Мұнан басқа бітім жоқ!

(Темірше)

3. Соғыс. Бұ не әурешілік? Қырылған жан, төгілген қан, шулаған ел, шұбырған босқын, жылаған қатын-бала.

ш) Бүкпелеу. Сөзді ашып айтпай, ұшығын ғана көрсетіп айту бүкпелеу деп аталады.

Мысалдар:

1. Отыр ем бала ғой деп жүзің жарқын,
Сөз – кілт, кеуде – сандық, ақыл – алтын.
Ақылың көп болғанмен шашың ұзын,
Жібердің келістірмей сөздің артын.

(Жарылғасын ақын)

2. Ақсұлу, айтар сөзді аңдамадың,
Аузыңа келген сөзді сандаладың.
Әкесін шешесімен нандырады.
Қыз бала елдің жайын қайдан білсін.
Білмесе қыз бен жайын бозбаланың.

м) Кекесіндеу. Сөздің тысқы лебіз мағынасына ішкі астыртын мағынасы қайшы келсе, кекесін болып шығады. Кекесінмен сөйлеуді кекесіндеу дейміз. Қорқақ кісіні «батырым» деу, қара кісіні «аппағым» деу, ақымақ кісіні «данышпаным» деу осылардың бәрі де кекесін сөздер. Кекесіннің түрі толып жатыр, бірақ толып жатқан түрін екі топқа бөлуге болады:

1) Зілсіз кекесін (ойын, қулық, қалжың, әзіл).

2) Зілді кекесін (мазақ, сықақ, мысқыл, келемеж, келеке, әжуа).

***Кекесін* мысалдары:**

1. Тұрсынбай датқаның балалары болыстыққа таласып, араз болып жүргенде Бұдабай ақынның айтқаны:

Бір күнде Досан болды Алтынбекпен,
Датқаны не қыласың өтіп кеткен.
Таласып Әлмембеттің ісін алсаң,
Бақытты келтірдің ғой қиыр шеттен.
2. Иттерге таласса да жарасады,
Етпесе ит әдетінен адасады.
Дос болған адамдарға қарап тұрсақ,
Биікпен теңеп болмас аласаны.
Сүйектей арасына түссе нәрсе,
Иттерден олар артық таласады.

(«Қырық мысал»)

3. Төрені түйеге тіркеп қойып, «Төре неме ғой, жүрер ме екен» деген.

4. «Ой, бәрекелді! Ой, сабаз-ай!» дегенде ырза болып айтса, қостау болады, ырза болмай айтса, кекесін болады.

II. ТІЛ (ЛҰҒАТ) ӘУЕЗДІЛІГІ

Әуезділіктің жалпы шарттары

Сөз дыбыстан құралған нәрсе болғандықтан, оның дыбыстары жағымды да, жағымсыз да болып құралуы мүмкін. Сөздің дыбыстары құлаққа жағымды-жағымсыз болып құралу сияқты, сөйлеудің ішіндегі сөздер де құлаққа жағымды-жағымсыз болып құралады.

Әуезділік деп нені айтамыз? Әуезділік деп сөз турасында айтсақ, сөздің ішіндегі дыбыстардың үндері құлаққа жағымды болып естілуін айтамыз; сөйлеу турасында айтсақ, сөйлеу ішіндегі сөйлемдерінің үндері құлаққа жағымды болып естілуін айтамыз. Сөздің үні құлаққа жағымды болуы – дыбыстарының тізілу түрінен. Сөйлеудің үні құлаққа жағымды болуы сөйлемдерінің тізілуі түрінен, сондықтан сөз әуезділігі де болады, сөйлеу әуезділігі де болады. Бірақ сөздің де, сөйлеудің де әуезді болуының негізгі мәнісі бар. Екеуі де дауыс ағымына қарайды. Дауыс ағымы сөз ішінде дыбыстарының тіркесуіне қарайды да, сөйлеу ішінде сөйлемдерінің тіркесуіне қарайды. Сөз ішінде дауысты-дауыссыз, жарты дауысты дыбыстар араласып тіркесе келеді. Бір сөзде дауысты дыбыстар көп келеді. Бір сөзде дауыссыз дыбыстар көп келеді. Дауысты дыбыстар көп келген сөз үнді болады, дауыссыз дыбыстар көп келген сөз үнсіз болып шығады. Қазақ тілінде дауысты дыбыстардың да кейінің үні аз, мәселен (ұ), (ү), (і). Сөз ішінде бұлар көп келгенде де сөздің үні кем болып шығады және де кей сөздің ішінде қай дыбысы да болса көп келеді де, кей сөздің ішінде аз келеді. Сөз әуезділігі жағынан мұның да мәні көп болады. Әуезді сөз бен әуезсіз сөздің парқын мынадан байқауға болады. «Шамалы» деген сөзбен «шанышқы» деген екі сөздің құлаққа қайсысы жағымды? Әрине «шамалы» жағымды болып тұрғаны: 1) ішіндегі дыбыстардың бірі дауыссыз болғанда, екіншісі дауысты болып, реттеліп келіп тұрғанынан. 2) Дауысты дыбыстар ішінде көп болғандықтан сөздің үнді болып шыққанынан. «Шанышқы» деген

сөзде: 1) дыбыстар реттеліп, бірі дауысты болғанда, екіншісі дауыссыз болып келіп отырған жоқ. 2) Дауысты дыбыстары аз, сондықтан мұның үні жатық та емес, мол да емес. Үні кем және жатық болмаған соң құлаққа жағымсыз болып естіліп тұр.

Сөз әуезділігі

Сөздің әуезділігі ішіндегі дауысты-дауыссыз дыбыстар оңтайлы орындасуынан болады. Дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстар аралатпа болып келмеген жерде яғни кілең дауысты дыбыстар яки кілең дауыссыз дыбыстар қатар келген жерде сөз айтуға оңтайлы болмайды. Қазақ тілінде қайсысы да болса қатарынан бір жерде екі дыбыстан артық болып келмейді. Дауыссыз дыбыстардың қатарынан екеуі келуі сөйлеу әуезділігіне онша кемшілік келтірмейді. Дауыссыз дыбыстар қатар келетін сөздер «жаттықтыру», «аптықтыру» деген сияқты болады. Бұларда қатар келген дауыссыз дыбыстар екеуден артық емес және сөздің үнін азайтып, айтуға онша оңтайсыздық келтіріп тұрған жоқ. Қазақ тілінде дауысты дыбыстардың қатарынан бір сөздің ішінде келуі тіпті болмайды. Қатарынан келетін кездері қос сөздерде, не екі сөздің бірінің аяғы, бірінің басы дауысты дыбыс болып келетін жерде болады. Мәселен, сары үй, торы айғыр, қазба үй, қара өлең, апта егін қуса игі еді. Қара маса екен, бала емес, баласы еді, қырдағы үй, кесе-аяқ, мосы ағаш деген сияқты сөздер. Дауысты дыбыстардың бұл сияқты қатарынан келуі айтуға оңтайсыз болып, сөздің әуезділігін кемітеді. Бұл кемшілік қазақ тілінде көбінесе екі дыбыстың бірін айтып, бірін айтпаумен ғана сезілмейді. Айтқанда «сары үй» демей, «сарүй» дейді. «Торы айғыр» демей, «торайғыр» дейді. Басқаларын да солайша бір дыбыспен айтады. Мәселен, «қуса игі еді» деген сөздерді «қусегеді» етіп айтады. «Баласы екен» яки «бала екен» деп дыбыстарын түгелдемей-ақ, «баласекен», «балекен» дейді.

2. Сөйлеу әуезділігі

Сөйлеу әуезділігі буын екпіні мен сөз екпінінің қолайлы орналасуынан болады. Әуелі буын екпіндерінің арасы тым жақын келсе иә алыс келсе, әуезділігінде кемшілік болады. Тым жақын болып келу өңшең қысқа сөздер бір өңкей келгенде болады да, тым алыс болып келу өңшең ұзын сөздер бірөңкей келгенде болады.

Сөйлеу әуезділігі түрлі сөздердің үндері орайласып, ұнамды құралуынан болады. Олай құрастыру сөйлеушінің яки жазушының шеберлігін талғайды. Сөздің кестесін келтіріп айту деген сөз Абайдың «тілге жеңіл» деген сөзі – бұлардың бәрі сөйлеу әуезділігіне тиісті сипат туралы айтылған сөздер. Сөз кестесі келсе, құлаққа жағымды болады. Құлаққа жағымды болуы әуезділік болады, сондықтан да ондай сөздердің сөйлемдері *өрнекті сөйлемдер* деп аталады. Өрнекті сөйлемдердің өлеңдісі де, өлеңсізі де болады. Өлең біткеннің бәрі әуезді сөйлеу табына жатады.

Қысқасынан айтқанда, әуезділікке жағдайлы-жағдайсыз келетін шарттар мынау:

1) Сөйлеу құлаққа жағымды болмайды:

а) дауысты-дауыссыз дыбыстар ұйлығып қатар келгенде;

б) сөйлемдер дұрыс жасалмаған кезде, мәселен, сөйлем мүшелері орнына қойылмағанда, иә тұрлаусыз мүшелері көбейіп, сөйлемді ауырлатқанда яки басыңқы сөйлем мен бағыныңқы сөйлемдер жапсарлары дұрыс келмегенде.

2) Сөйлеу құлаққа жағымды болады:

а) сөйлемдер дұрыс жасалғанда, өрнекті сөйлемдердің кестелері келісті жасалғанда.

б) өлеңді сөйлемдердің өлшеулері дұрыс келгенде.

Өрнекті сөйлемдер

Өрнекті сөйлемдер деп құрмалас сөйлемдердің бастары қосылып, кестелі болып құралуын айтамыз. Ондай сөйлемдер нақ текеметке яки кілемге салған түр сияқты болмағанмен

өрнек-өрнегімен айтылады. Өрнекті сөйлемді айтқанда, дауыс көтеріліп, төмендеп, әнше оралып, қайырылып отырады. Сондықтан өрнекті сөйлем *оралым* (яки шұбыртпа) деп аталады. Оралым екі мүшелі болады. Бір мүшесінде пікір тақырыбы болады да, екіншісінде пікір баяны болады, сондықтан бастапқы тақырыпшы мүше делініп, екіншісі баяншы мүше делініп айтылады. Өрнекті сөйлемді иіріп-жиырып, жай сөйлемге айналдыруға болады. Жай сөйлемді жайып, далитып, өрнекті сөйлемге айналдыруға болады, өйткені өрнекті сөйлем қанша үлкен болғанмен яғни ішіне кіретін сөйлемдер қанша көп болғанмен бәріне қазық болатын бас пікір жалғыз-ақ болады. Ол пікірді көп сөйлеммен ұлғайтып айтуға да болады. Ол пікірді шағындап, аз сөйлеммен айтуға да болады.

Мысалы:

1. Қисапсыз бай болсаң да Қарынбайдай,
Сақи боп мал шашсаң да Атымтайдай,
Патшадай Әмір-Темір дін түзетіп,
Болсаң да әйдік батыр Арыстандай,
Болсаң да Жиреншедей тілге шешен,
Ақырда жатар орның тар лақат жай.

Мұны шағындап аз сөйлеммен былай айтуға болады: «Бай да, сақи да, патша да, батыр да, шешен де – бәрі де ақырында бір өлмек».

2. «Халық басына қайғылы күндер туған заманда қайрат көрсетпеген азамат азамат емес» деген пікірді көп сөйлеммен ұлғайтып, былай айтуға болады: «Қаптаған қара бұлттай торлап, түрлі пәле халық басына орнап, не қыларын біле алмай, ақылынан адасып, жұрт алақтап азаматын іздеген шақта, бар шырағын жақпай, бар қайратын сарып қылмай, өз басының амандығымен болып, ұранға шаппаған азамат – ол халық алдында жоқ азамат, не ол жаны бар болғанмен, жануарлықтан шықпаған азамат. Не қызатын қанын, ашитын жанын басының пайдасына, бастықтық орынға, патшаның анғамына сатқан азамат болады».

(Темірше)

а) Себепті оралым. Баяншы мүшесі тақырыпшы мүшесін дәлелдей баяндағанда, оралым себепті деп аталады.

Мысалы:

1. Көлден ұшқан қалбаймын,
Жаманның тілін алмаймын.
Хақ бұйырған сапардан,
Арыстаным, қалмаймын.
Асыл достым, сөкпесең,
Бұл сапарға бармаймын!
Бұл олжадан алмаймын.
Асқар тауды бел деген,
Ақ бармақпен жем жеген.
Ауырса жеммен емдеген,
Өзінен басқа көрмеген,
Өзінен басқа білмеген.
Күтіп тұрған анасы –
Өзі әйелдің данасы,
Тұлпар туған Бурылдың
Қырық үш күні кем деген.

2. Кеткен кісі келе ме?!
Алғанын Тәңірім бере ме?!
Арыстан туған батырлар
Қатынға билік бере ме?!
Қатын тіліне ере ме?
Әр талапқа шығарда,
Қатыным деп тұрар ма?
Асыл туған Қобыланды
Қатынға ақыл салған соң,
Қатынның тілін алған соң,
Неше батыр болса да,
Басында билік жоқ адам,
Арыстан туған құрдасжан,
Қатын емей немене?!

3. А ... Ел бастап, жұрт алайын деген ұл екенсің, сөз бастап би болайын деген ұл екенсің; Алдыңа келсе әділдігіңді аяма, аймағың кетпес қасыңнан.

Қол бастап жол алайын деген ұл екенсің, жолдастың мыңын алма, бірін ал! Мың кісіге бір кісі олжа салатұғын, олжаңды аямасаң жолдасың қалмас жаныңнан.

Жүз жиырма алтыға келіп отырмын.

Жас күніңде қалың бер де, қатын ал; қартайған соң өкінбе, ұлым! Жігіттің хан болатын, қатынның ханым болатын уақыты сол.

Қару жисаң, мылтық жи, жаяу жүрсең – таяғың, қарның ашса – тамағың.

б) Мақсатты оралым. Өрнекті сөйлемнің баяншы мүшесі тақырыпшы мүшесін мақсаттай баяндаса, оралым мақсатты деп аталады. ***Мысал:***

Тобыршақ атқа зор салды,
Ақ алмасқа қол салды.
Қамшы басты сауырға,
Екпіні ұсап дауылға.
Тобығы меңді торы атпен
Қобыланды шапты ауылға.
Қатуланып қаттанып,
Буырқанып бұрсанып,
Мұздай темір құрсанып,
Қабағынан қар жауып,
Кірпігінен мұз тамып,
Ар жақ пенен бер жаққа
Найзасын ұстап бармаққа,
Аттанбаққа қалмаққа
Құдай жолы шалмаққа.
Сөзге сынық қылды деп,
Батыр кейіп келеді.
Егер шықса алдынан
Бұлаңдаған Құртқаның
Басын кесіп алмаққа.

п) Ұқсатпалы оралым. Өрнекті сөйлемнің баяншы мүшесі тақырыпшы мүшесін ұқсата баяндаса, оралым ұқсатпалы деп аталады. *Мысал:*

1. Асыл туған Ақжүніс,
Күнді бұлт құрсайды.
Күнді байқай қарасам,
Күн жауарға ұқсайды.

Айды бұлт құрсайды,
Айды байқай қарасам,
Түн жауарға ұқсайды.
Көңілдірін еріткен
Көлдегі қулар шулайды.
Шулағанға қарасам,
Көктен сұңқар суылдап,
Соғылғанға ұқсайды!
Бойды байқап қарасам,
Қол-аяғым созылып,
Аузы-мұрным суынып,
Хақтың маған бұйрығы
Таянғанға ұқсайды.

2. Қыстың сықырлаған аязын, түтеген алай-түлей боранын, қызыл үскірік суығын бастан кешіріп, жазға жетіп, жадыраған шуақта, балбыраған жасыл шөпте жан-жануарлардың бәрі рақат тауып, жаны қандай жайланады. Сондай-ақ қатал тәртіп, қатты қол, қанішер өкіметтен қысымшылық көрген халықтар азаттыққа жетіп, жаны жай тапты.

т) Қайшы оралым. Өрнекті сөйлемнің тақырыпшы мүшесі мен баяншы мүшесіндегі пікір бір-біріне қарсы мағынада болса, қайшы оралым деп аталады.

Мысал:

1. Мен Қырымның ішінде
Ақша ханның қызы едім.
Атам менен анамның

Асыранды қазы едім.
Қойда бағлан қозы едім,
Жылқыда шаңқан боз едім,
Қырым менен Қытайдан
Тәмам жақсы жиылса,
Аузындағы сөзі едім.
Бұ заманның шағында
Жылап тұрған көзім бар.
Төгіп тұрған жасым бар,
Әуре болған басым бар.

(Ер Тарғын)

2. Ер отаны болғанда,
Пайғамбар жасы толғанда,
Заманымыз азғанда,
Жігіттің күні озғанда,
Берекетсіз балаға
Оттың басын топ етіп,
Қырға шығар ішінде
Біреуін де жоқ етіп,
Мен алмаймын көбіңді.

(Ер Сайын)

ж) Шартты оралым. Өрнекті сөйлемнің баяншы мүшесінде болжал себеп иә шарт болып, тақырыпшы мүшесінде болжал салдар болса, оралым шартты деп аталады.

Мысал:

1. Намаздыгер өткенше,
Намазшамға жеткенше,
Қазан ағаш бағысын
Түсірмесем жүзіңе,
Көрсетпесем көзіңе,
Жан серігің Бурылды
Сол жерде шал, Құдайға!

(Қобыланды)

2. Талайдан бермен жұмсаған,
Қан көрмесең сусаған,
Қанға тойсаң жусаған,
Тауға салсам тас кескен,
Кеудеге салсам бас кескен,
Алты аршын ақ болат,
Қынаптан алып суырып,
Шаба алмасам маған серт!

3. Айдаһардың тіліндей,
Салсам кеткен білінбей.
Қарағайға саптатқан,
Шұбар туға шұлғаған,
Әр уақытта көрсетіп,
Талай жауға мақтатқан,
Төрт қырлаған көк сүңгі,
Жау ішінде жалындап
Толғамасам маған серт!
Толғауыма шыдамай,
Толқып сынсаң саған серт!

(Ер Таргын)

4. Сарғайып келген егін толқынданса,
Жас орман жел күңірентіп әнге салса.
Жапырақтың жасыл ләззатты саясында,
Бақшада мойыл қаймақ жасырынса.
Себілген алмас шық пен шын хош иіс,
Сары алтын ертеменен иә қызыл кеш.
Бір топтың қолтығынан күліп қана,
Бас иіп есендессек күміс ландыш.
Секіріп салқын бұлаң ойнап сайда,
Батырып көмескі түсі тұманды ойға.
Шапқылап шыққан жерін әңгіме қып,
Былдырлап ақ бетінен сүйгізсе айға.

Сол уақыт жай табады асау жаным,
Ашылад басқан ауыр ой қабағым.
Шын бақты тапқандаймын осы жерде-ақ,
Көремін күн жүзінде, жасағаным...

(Мағжан)

Бұ дүниеде көрмесең,
Құртқамбысың демесең.
Қазаң жетіп бұ жолда,
Хаққа түзеп бетіңді,
Арыстаным, жөнелсең,
Жұбайым бар деп еске алсаң,
Сұлтаным, сонда мені изде
Пайғамбардың туында.

(Қобыланды батыр)

ш) Жалғасыңқы оралым. Өрнекті сөйлемнің тақырыпшы мүшесіндегі пікір баяншы мүшесіндегі пікірге тіркес мағынада болғанда, жалғасыңқы оралым деп аталады.

Мысал:

1. Таң сарғайып атқанда,
Таң Шолпаны батқанда.
Шал-кемпірдің қойнында
Арқада Қобылан жатқанда,
Тайбурыл атқа ер салып,
Аз ғана азық жем салып.
Бәйгеден келген көк дөнен,
Түнімен ұйқы көрмеген.
Ақ орданың алдынан,
Жетелеп сонда өткізді,
Құртқа сұлу көлденең.
2. Тоқсанда атаң Тоқтарбай,
Бұтында жоқ ыстаны.
Тізесіне тон жетпей,
Арқасынан қол кетпей.

Ақ табан боп кәпірге,
Қой баққанда келерсің.
Алпыста анаң Аналық,
Арқан есіп, жүн түтіп.
Қайғыменен қан жұтып,
Құрт қайнатып жүргенде,
Сұлтаным, сонда келерсің.
Қарындасың Қарлығаш,
Абдастасы қолында.
Дастарханы белінде,
Пияласы қарында.
Бөтен жаудың елінде,
Қызылбастың шенінде,
Шай қайнатып жүргенде,
Сұлтаным, сонда келерсің.

(Қобыланды батыр)

3. Тоғыз айға толғанда,
Шамалы күні болғанда,.
Кіші жұма өткенде,
Ұлы жұма жеткенде,
Боз кемпірді қозғалтты,
Ыңырантты, толғантты,
Ноғайлының үш кентін
Шақырып жиын орнатты.

(Ер Сайын)

4. Жаздыкүн шілде болғанда,
Көкорай шалғын бәйшешек
Ұзарып өсіп толғанда.
Күркіреп жатқан өзенге
Көшіп ауыл қонғанда.
Шұрқырап жатқан жылқының
Шалғыннан жоны жылтылдап,

Ат-айғырлар, биелер
Бүйірі шығып ыңқылдап,
Суда тұрып шыбындап,
Құйрығымен шылпылдап,
Арасында құлын-тай
Айнала шауып бұлтылдап,
Жоғары-төмен үйрек-қаз
Ұшып тұрса сымпылдап,
Қыз-келіншек үй тігер
Бұрала басып, былқылдап,
Ақ білегін сыбанып,
Әзілдесіп сыңқылдап.

(Абай)

қ) Серіппелі оралым. Өрнекті сөйлемнің баяншы мүшесі тақырыпшы мүшесіндегі пікірді кеңінен толғай баяндаса, серіппелі оралым деп аталады.

Мысал:

1. Ыстамбол, патша болсаң да Құддыс, Шамға,
Бұхар мен үкім етсең де Үндістанға,
Ағылшын, Қытай, Мәскеу, Римді алып,
Дін түзеп әмір етсең де бұл жиһанға.
Тұтсаң да жеті ықылымның бәрін тегіс
Кірерсің ақыр бір күн көрстанға.

2. Есепсіз бай болсаң да Қарынбайдай,
Сақи боп мал шашсаң да Атымтайдай,
Патшадай Әмір-Темір дін түзетіп,
Болсаң да әйдік батыр Арыстандай,
Болсаң да Жиреншедей тілге шешен,
Ақырда жатар орның тар лақыт жай.

(Алтыбас Ақмолда)

3. Шайылған көз жасымен жердің бетін,
Өткізіп тым өлшеусіз үкіметін.
Жауыздық, жалғандықпен билесін-ақ
Адал жол, ақ ниетті арам жеңіп.
Жазықсыз жанды қинап, қанды төгіп,
Бұзықтық, түзіктікті илесін-ақ.
Қиналып, кім де болсаң талыққандар.
Түңіліп, үміт үзіп жабықпаңдар.
Қайтадан жақындық кеп, қастық қашып,
Жарқырап жақсылыққа атар таң бар.

(Маса)

д) Айырықты оралым. Өрнекті сөйлемнің баяншы мүшесі тақырыпшы мүшесіндегі пікірді екі ұштылай баяндаса, оралым айырықты деп аталады.

Мысал:

1. Қазақ өнерсіз халық бола тұра, көпке шейін бөтен жұрттарға бағынбай келгенін түрлі жоруға болады: не бұрынғы заманда қазақ мықты халық болған деп, не көшпелі болғаннан сынаптай сырғып, ешкімнің қолында тұрмаған деп, не ауданы үлкен кең дала, ол замандағы айналасындағы көрші жұрттардың уысына сыймаған деп.

2. Сен неге, тұлпар атым, кісінейсің,
Жабығып неден көңілің, түсті еңсең?
Ерігіп ауыздығың қарш-қарш шайнап,
Бұ қалай, бұрынғыдай сілкінбейсің?
Әлде мен бабың тауып бақпадым ба,
Болмаса, жемнен қысып, сақтадым ба?
Әйтпесе әбзелдерің сәнді емес пе,
Жібектен тізгініңді тақпадым ба?
Малдырып сап алтыннан үзеңгіңді,
Тағаңды шын күмістен қақпадым ба?

(Маса)

Азамат, анау қазақ қаным десең,
Жұмақтың суын апар жаным десең.
Болмаса ібіліс бол да, у алып бар
Тоқтатам, тұншықтырам зарын десең...

(Мағжан)

р) Қорытпалы оралым. Оралымның тақырыпшы мүшесіндегі пікірді баяндау мүшесі қорытатын болса, оралым қорытпалы деп аталады. Мысалы:

Еркімен ұшып, еркімен қонатын құс сияқты, жер-су мол шағында, жұрттың көбі еркімен қонып жүрген болса, онан бері келе адам баласы өсіп-өніп, жер тарылған кезде көшуді тастап, отырықшылыққа айналған болса, онда жұрттың көшпелі иә отырықшы болуының себебі жердің кең, тарынан болғаны ғой.

Оралым әман бір түсті болып келе бермейді. Әр түстісі араласып та айтылады.

2. Өлеңді сөйлемдер

Атам заманнан бері адам баласының сөзі, асылында екі түрлі орынға жұмсалған:

1) Күн көріс ісіне. 2) Көңіл көтеріс ісіне. Бастапқысына қара сөз деп, соңғысына өлең деп қазақ ат қойған.

Өлеңнің өзі де қазақта екі түрлі болған: бірі әнді болған, екіншісі мәнді болған, әнді өлеңнің сөзінен де әніне көбірек құлақ салған. Сондықтан әнді өлеңді айтушы әнінің ажарлы болу жағына тырысып, сөздің ажарлы болу жағына онша ыждаһат қылмаған. Ал мәнді өлеңде жұрттың құлақ салатыны ән емес, сөз болған соң, айтушы сөздің ажарлы және мағыналы болу жағына көп тырысқан. Сол себепті әнді өлеңнің сөзінен мәнді өлеңнің сөзі ажарлырақ, мағыналырақ болған. Әні басым, мәні кем, ажары аз өлеңге қара өлең деп ат қойып, әні кем, мәні мол өлеңге жыр деп ат қойған.

Бұрынғы заманда қара өлең мен жыр екеуінің арасында ажар және мағына жағынан қандай бөлектік болғаны «Жар-жар» мен «Беташар» өлендерінен көрініп тұр.

ЖАР-ЖАР

Бір толарсақ, бір тобық санда болар, жар-жар!
Қырық кісінің ақылы ханда болар, жар-жар!
Әкем-ай деп жылама, байғұс қыздар, жар-жар!
Әкең үшін қайын атаң онда болар, жар-жар!

Жазғытұрғы ақша қар жаумақ қайда, жар-жар?
Құлын-тайдай айқасқан оң жақ қайда, жар-жар!
Азар жақсы болса да қайын атамыз, жар-жар!
Айналайын әкемдей болмақ қайда, жар-жар!

Бір толарсақ, бір тобық санда болар, жар-жар!
Қырық кісінің ақылы ханда болар, жар-жар!
Шешем-ай деп жылама, байғұс қыздар, жар-жар!
Шешең үшін қайын енең онда болар, жар-жар!

Құлын-тайдай айқасқан оң жақ қайда, жар-жар!
Азар жақсы болса да қайын енеміз, жар-жар!
Айналайын әжемдей болмақ қайда, жар-жар!
.....

БЕТАШАР

Айт келін, айт келін!
Атың басын тарт, келін!
Жұмыртқадан ақ, келін!
Келін-келін, келіншек,
Кер биенің құлыншақ!
Алдыңғы түйең итіншек,
Артқы түйең тартыншақ.
Итіншек деп түйеңді
Басқа ұрма, келіншек!
Тартыншақ деп түйеңді
Көтке ұрма, келіншек!

Қайын атаңның алдында,
Қақандама, келіншек!
Үйге түскен түйені
Бақандама, келіншек!
Қаптың аузы бос тұр деп
Құрт ұрлама, келіншек!
Өзің жатып байыңа
«Тұр,тұрлама», келіншек!
Кей келіншек еріншек,
Еріншек болма, келіншек!
Кей келіншек көңілшек,
Көңілшек болма, келіншек!
.....

«Жар-жарға» қарасақ, оның ішінде ән үшін болмаса, мән үшін керек емес сөздер толып жатыр. Мәселен, бір толарсақ, бір тобық санда болар, жар-жар! деу сияқты сөздер және сол сөздер қайта-қайта айтылады, қысқасы, сөзі көп.

«Беташарда» ондай артық сөздер аз. Мұнда бір сөз қайта айтылса, орнымен, келісті түрде айтылған. «Жар-жардан» гөрі... «Беташар» мағыналы, маңызды да. «Беташар» қасында «Жар-жардың» мағынасы сұйық көрініп тұр.

Сөздің өлең болатын мәнісі

Жоғарыда айттық: өлең асылында көңіл көтеріс ісіне жұмсалатын сөз түрі деп. Адам көңіл көтеру үшін ойнайды, билейді, күреседі, жарысады. Өлең де бұрын сол ойын, би, күрес, жарыс сияқты көңіл көтеретін нәрсе болған. Өлеңнің көңіл көтеріп, қоштандыратын қасиеті әдемілігінде. Нәрсенің әдемі көрінетіндігі – ұнасымымен. Өлеңді де әдемі көрсететін сол ұнасымы.

Өлеңнің ұнасымы неден болады? Азырақ жауап беріп өту керек.

Өлең ғана емес нәрсенің көбі-ақ жарастығымен ұнамды көрінеді. Нәрсенің көбі-ақ негізінде бірдейлігімен, реттілігімен жарасып, ұнамды болады. Екі құлақ, екі көз – сол сияқты дененің

қос мүшелері – екеуі бірдей болса, жарасып ұнамды көрінеді. Қоралы қойдай шоғырланып, бет-бетімен жүрген солдаттан, сап түзеп қатар тұрған жарасып, көзге ұнамдырақ көрінеді. Сап түзеп қатар тұрған солдаттардың әрқайсысы әр түрлі киінгенінен бәрі бір түрлі киінгені әдемі көрінеді, сап түзеген солдаттардың жүргенде аяқтарын бірі ерте, бірі кеш, әрқайсысы өз бетімен бірдей баспағанынан бәрі аяқты бірдей алып, бірдей басқаны әдемірегі көрініп, көңілге көбірек ұнайды.

Жамыраған қойдың маңырағаны сияқты, көп адамның шулап, бет-бетімен шулағанынан бірдей үнмен бірге бастап, бірге шырқап, бірдей қайырып, бірге қосылып ән салуы ұнамдырақ болады.

Сондай-ақ, сөздің өлең болып көңілге ұнап реттіліктен туатын қасиет, сөзді айтқан кезде, сағаттың шық-шық жүргені сияқты, тамырдың бүлк-бүлк соққаны сияқты, дауыстың бір түрлі ырғақ-ырғағы болады. Сағат шық-шық еткенінің, тамыр бүлк-бүлк соққанының арасы қандай бірдей болса, сөйлегендегі дауыс ырғақ-ырғағының арасы да сондай бірдей болады. Сүйтіп, дауыс ырғақ-ырғағы сөзді бірдей-бірдей буынға бөледі, сондықтан сөз табиғи негізінде қамыс сияқты бунақ-бунақ буыны бар нәрсе болып шығады. Және де сөздің буындары бір қалыпқа құйып шығарған кірпіш сияқты бірдей деп білуіміз керек.

Сөйлем сөзден құралатын нәрсе болғандықтан, сөз ішіндегі буындар, ырғақтар сөзбен бірге түгелімен сөйлемге кіреді.

Өлең сөйлемдерінде сөз ырғақтарының үстіне өлең ырғақтары қосылады. Өлең ырғағы жорға жүрісінің тайпалуы, теңселуі сияқты екінші өңді ырғақ болады. Бұл ырғақ сөйлемдердің ішіндегі буын санының бірдейлігімен, кестелерінің реттілігімен, сөздерінің әуездес ұқсастығымен келетін ырғақ. Буын ырғағынан өлең ырғағын айыру үшін, бұл ырғақты *жорғақ* деп атаймыз.

Өлеңнің жорғағы тіл табиғатына қарай түрлі жолмен келеді.

Сөзден өлең жасап шығару жағынан тіл үшке бөлінеді:

1. Дауысты дыбыстарда ұзын-қысқалық бар тілдер.
2. Екпін буыны бірыңғай келетін тілдер.
3. Екпін буыны бірыңғай келмейтін тілдер.

1-ші түрде тілдерде мәселен, араб, латын, ионан сияқты ескі жұрттардың тілдерінде дауысты дыбыстардың кейбіреулері созылып, ұзын айтылады. Ондай дыбыстар қалыпты дауысты дыбыстардың екеуіне бара-бар болады. Мұндай тілдерде өлең жоғарғы созымды дыбысы бар сөздермен, созымсыз дыбысы бар сөздерді реттеп, орналастырумен келеді.

2-ші түрдегі тілдерде екпін буыны сөздің бәрінде бірыңғай бір орыннан табылады. Мәселен, француз, чех тілдерінде екпін буыны аяғында келеді.

3-ші түрдегі тілдерде, мәселен, орыс тілінде екпін буыны бір сөздің басында келсе, екінші сөздің ортасында, үшінші сөздің аяғында келеді: қатта бір сөздің өзінде де әман бір жерде тұрмай, әр жерге көшкілеп жүреді. Мұндай тілдерде өлең жоғарғы екпінді буын мен екпінсіз буындарды реттеп орналас тырумен келеді.

Қазақ тілінде екпін буыны сөздің иә аяғында келеді, иә аяғына таяу буын болып келеді. Екпін буыны аяғында келетін сөздерімен қазақ тілі француз тіліне ұқсас, екпін буыны аяққа таяу келетін сөздерімен поляк тіліне ұқсас. Солай болған соң француз иә поляк тіліндегі сөздерден өлең жасап шығаратын табиғи жол біздің қазақ тілінің де табиғи жолы болып шығады. Олай болса, біздің қазақ тілінде өлең шығарудың да негіздің шарты – буын санын бірдей орнына келтірумен орындалады. Бұл негіздің шарты орнына келмесе, өлеңнің жорғағы келмейді. Жорғағы келмегенде жорға деуге болмаған сияқты, жорғағы келмеген өлеңді өлең деуге болмайды.*

Өлең шығару

Өлең шығару өнерін білу үшін, өлеңнің түр-тұрпатымен танысу керек. Өлең кестесі *айшық* деп аталады. Айшық түрлі-түрлі болады. Мәселен, *бір өлеңнің айшығы былай келеді:*

* Бұл заңнан тысқары бағытпен жол саламыз дейтін Пұтыршылар деген бар, бірақ олардікі әлі жол санына кірмеген жоспар сияқты нәрсе.

Қалтылдақ қайық міниіп еспесі жоқ,
Теңізде жүрміз қалқып, кешпесі жоқ.
Жел соқса, құйын соқса жылжи беру,
Болғандай табан тірек еш нәрсе жоқ.

* * *

Бұл күйге бүгін емес көптен кірдік,
Алды-артын байқамаған бетпен кірдік.
Шығармай бір жеңнен қол, бір жерден сөз
Алалық алты бақан дертпен кірдік.

* * *

Екінші өлеңнің айшығы былай келеді:
Сәуірде көтерілер рақымет туы,
Көрінер көк жүзінде қаз бен қуы.
Көктен жаңбыр, жерлерден сулар ағып,
Жайылар жер жүзіне қардың суы.
Ұшпақтың бір сәулесі жерге түсіп,
Өстірер жерден шөпті нұрдың буы.

* * *

Үшінші өлеңнің айшығы былай келеді:
Бұлттар басып жасырған,
Жана түсіп басылған
Таң шапағы сөніп тұр.
Жаңаланған өмірден

Жаңа шығып көрінген
Гүл қамауда сеніп тұр.

(Маса)

Төртінші өлеңнің айшығы былай келеді:
Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,

Шымырлап бойға жайылған.
Қиуадан шауып,
Қисынын тауып,
Тағына жетіп қайырған.
Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десең, өзің біл.

(Абай)

* * *

Бесінші өлеңнің айшығы былай келеді:
Дем таба алмай,
От-жалындай
Толды қайғы кеудеге.
Сырласа алмай,
Сөз аша алмай
Пендеге

(Абай)

Алтыншы өлеңнің айшығы былай келеді:
Сап-сары бел,
Еседі жел,
Еседі.
Еседі жел,
Көшеді ел,
Көшеді.

(Мағжан)

Тағын тағы айшық түрлері толып жатыр.

Айшықтың әрбір тақтасы *шумақ* деп аталады. Жұрттың бір ауыз өлең дейтіні шумақ болады, әр шумақта бірнеше тармақ болады. *Тармақ* дегеніміз өлеңнің әрбір жолы. Тармақ ішінде бірнеше бунақ болады. *Бунақ* дегеніміз өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы.

Мысалдар:

1. // Мен келдім // Мырзалының // ордасына, //
//Сөз айттым //қасындағы // молдасына. //

// Әркімдер // жүйрік қазақ // дегенменен, //
// Көңілім // тоқтамады // бармасыма. //

2. // Білімдіден // шыққан сөз //
// Талаптыға // болсын кез. //
//Түрін, сырын // көруге //
// Көкірегінде // болсын көз. //

(Абай)

3. // Ашуын бұған // бассын деп, //
// Жерімді саған // тастадым. //
// Олжа қылып // жатсын деп, //
// Елімді саған // тастадым. //

(Кене-сары-Наурызбай)

4. // Бойы бұлғаң, //
// Сөзі жылмаң //
// Кімді көрсем, //мен сонан //
// Бетті бастым, //
//Қатты састым, //
// Тұра қаштым //жалма-жан. //

(Абай)

Осы келтірген мысалдардағы қос сызықтың арасы *бунақ* болады.

Бунақ ішінде бірнеше *буын* болады. Бунақ буыны болатын кәдімгі сөз буыны, мәселен, әлгі алынған мысалдардың аяғындағы «Тұра қаштым жалма-жан» деген екі бунақтың алдыңғысында төрт буын, соңғысында үш буын бар.

Бунақ араларында қос сызық тұрған жерге келетін дауыс толқынының жіктері *кезек* деп аталады.

Өлең шумағы бір өлеңде біреу болуға да, бірнеше болуға да ықтимал. Бір өлеңнің шумағы көбінесе бірдей болады.

Бір шумақтағы тармақтың азы екеу, көбі онға шейін барады. Тармақ бір шумақта бір түрлі болуға да, әртүрлі болуға да

ықтимал. Бірақ әртүрлі болғанда кесте ретін жоғалтпайтын тәртібі болуға тиіс.

Бір бунақтың азы біреу, көбі төртеуден аспайды. Бір шумақтың ішіндегі бунақтар бірыңғай орналасу керек. Мәселен, үш буынды бунақ қалыптас тармақтың бірінің басында келсе, өзгелерінің де солай басында келуі тиіс.

Бір бунақтағы буынның азы екеу, көбі төртеу болады.

Бір тармақтың ішінде кезек болуға да, болмауға да ықтимал болған халде иә біреу, иә екеу, иә үшеу, онан артық болмайды.

Осылардың бәрін дұрыстап орнына келтіріп, оның үстіне және де тармақтардың аяғын ұйқастырса, сөйлемдер өлең болып шығады.

Жоғарғы айтылған шарттардың бәрі өлеңде қалай орындалатындығын көрсетуге әрқайсысына мысал келтіріп қарайық.

1. Өлең айшықтары

1. Жалғыз шумақты өлең

Әманда болар солай әм болған да,
Жаратқан солай етіп бұ жалғанда.
Ғалымдар толып жатыр, ақылды аз,
Таныс көп, аз табылар дос адамға.

(Пушкиннен)

2. Екі шумақты айшық

Бота көз, сиқырлы сөз, Гүлсім ханым,
Әр жерде өткізсең де өмір таңын.
Кей уақыт көзіңізге көзім түссе,
Ойнайды аласұрып неге жаным?!

* * *

Бота көз, сиқырлы сөз, ханым Гүлсім,
Көктегі күн күлмесін, Гүлсім күлсін.
Гүлсім – күн, көкте ақырын жүре білед
Сүйдіріп-күйдіргенін қайдан білсін?

(Мағжан)

3. Үш шумақты айшық

Қараңғылық қоюланып келеді,
Пеш ішінде шоқ ақырын сөнеді.
Күлімсіреп жанындағы жас бала,
Қызық көріп сөнген шоқты үреді.

* * *

Шоқ үстінен кішкене ұшқын ұшты да,
Біразырақ шоқ қызара түсті де
Дереу сөніп, тезірек күлге айналды,
Астындағы ыстық күлді құшты да.

* * *

Пеш ішінде шоқ ақырын сөнеді,
Сөнген шоқты күліп бала үреді.
Ой басты ма, әлде көзім талды ма,
Мөлт-мөлт етіп көзіме жас келеді.

(Магжан)

4. Төрт шумақты айшық

Адамдық диқаншысы қырға шықтым,
Көгі жоқ, көгалы жоқ құрға шықтым.
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,
Көңілін көгертуге құл халықтың.

* * *

Қор болған босқа кетіп еңбек, бейнет,
Құлдарға құлдықтан жоқ артық зейнет.
Оттай бер, жануарым екі аяқты!
Адамдық хайуанға қанша қажет

* * *

Жаратқан малды Құдай жүндемекке,
Мінуге, сою, соғу, жүндемекке.
Жорта бер қамыт киіп, қамшыңды жеп,
Бұйрық жоқ ұрасың деп үндемекке.

* * *

Таяққа еті үйренген, қойшы жайлап,
Көк есек қозғала ма, түрткенге айдап.
Есептен алданғанды болғандар көп,
Жасықты асыл ма деп білмей қайрап.

(Маса)

Мұнан әрі бес шумақты, он шумақты, жүз шумақты, онан да көп шумақты болуы ықтимал. Мәселен, «Зарқұм» сияқты қиссалар, тең шумақты өлеңдер: Абайдың «Сегіз аяғы» және «Көлеңке басын ұзартып» деген, «Масадағы» «Бақ» және «Надсоннан» деген, Мағжанның «Мен жастарға сенемін!» және «Күншығыс» деген өлеңдері секілділер болады. Бұл сияқты өлеңдер жеке шумақты өлеңдердің де табына жатады.

Тұтас шумақты өлеңдер деп «Масадағы» «Ақын ініме», «Жауға түскеннің сөзі» деген, Абайдың «Мәз болады болысың» және «Антпенен тарқайды» деген өлеңдеріндегі секілді өлең шумақтары. Мағжанның «Жаралы жан» деген сөзі сияқты өлеңдер – ала шумақты өлең болады.

2. Шумақ түрлері

1. Екі тармақты шумақ

Қайрат еркін замандарың!
Тарлыққа жоқ амалдарың.

* * *

Еркін дала, еркің қайда,
Еркіндегі көркің қайда?

* * *

Нулы-нулы жерің қайда?
Сулы-сулы көлің қайда?

Еркін көшкен елің қайда?
Ел қорғаны ерің қайда?

(Маса)

2. Төрт тармақты шумақ

«Жар-жар» және онан басқа ескі өлеңдердің көбі-ақ төрт тармақты болады. Бұған мысал келтірудің қажеті жоқ.

3. Алты тармақты шумақ

Күніңмен алтын қуанбай,
Гүліңмен жібек жуанбай,
Жеттің де тез, өттің, жаз.
Ағаш, шөптер қураған,
Айдын да құрып, суалған,
Қаңқылдар қайда, қоңыр қаз.

(Мағжан)

Бұлттар басын жасырған,
Жаңа түсіп басылған,
Таң шапағы сөніп тұр.
Жаңаланған өмірден
Жаңа шығып көрінген,
Гүл қамауда сеніп тұр.

(Маса)

4. Жеті тармақты шумақ

Тұрмысың жырақ,
Аман ба, шырақ!
Күйзеліпсің көбірек,
Миллет үшін бегірек.
Әманда сақтан!
Сақтамақ Хақтан.
Қоршаған дұшпан төңірек.

* * *

Миллетке қызмет,
Жұмлаңа міндет,
«Ұйқыңды аш!» дер едік,
«Надандықтан қаш!» дер едік.
Болмайды үндеп,
Дұшпан тұр күндеп,
Бізде бұл індет.

(Басықараұлы Жүсіпбек)

5. Сегіз тармақты шумақ

Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған.
Қиуадан шауып,
Қисынын тауып,
Тағына жетіп қайырған.
Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десең өзің біл!

(Абай)

«Масада» «Жиған-терген», «Жауап хаттан», Мағжан өлеңдерінде «Гүлсімге», «От» сегіз тармақпен жазылған.

6. Он тармақты шумақ

Жайылған көз жасымен жердің бетін,
Өткізіп тым өлшеусіз үкіметін,
Жауыздық жалғандықпен қаптағанда,
Адал жол, ақ ниетті арам жеңіп,
Жазықсыз жанды қинап, қанды төгіп,
Бұзықтық түзіктікті таптағанға,
Қиналып кім болсаң да, талыққандар!
Түңіліп, үміт үзіп жабықпаңдар!
Қайтадан жақындық кеп, қастық қашып,
Жарқырап жақсылыққа атар таң бар.

(Маса)

Дұрыс шумақтардың тармақтары осы жоғарыда айтылған өлеңдердегідей боларға тиіс. Бірақ өлендердің көбі-ақ дұрыс шумақталмай, тармақтар көбінесе сапырылыс болып келеді.

3.ТАРМАҚ ТҰЛҒАЛАРЫ

1. Жалғыз бунақты тармақ

Сап-сары бел,
Еседі жел,
Еседі.
Еседі жел,
Көшеді ел,
Көшеді.

(Мағжан)

2. Екі бунақты тармақ

Мінсіз таза меруерт.
Су түбінде жатады.
Мінсіз таза асыл сөз.
Ой түбінде жатады.

* * *

Су түбінде жатқан зат.
Жел толқытса шығады.
Ой түбінде жатқан сөз
Шер толқытса шығады.

(Маса)

Қазақтың *жыр* деп ат қойған ескі өлендерінің көбі-ақ екі бунақты тармақ болады.

3. Үш бунақты тармақ

Балалар // оқуға бар, // жатпа қарап //
Жуынып // киініңдер, // шапшаңырақ. //

Шақырды // әтеш // мана әлдеқашан, //
Қарап тұр // терезеден // күн // жылтырап,

(Маса)

Қазақтың *қара өлең* деп атаған ескі өлеңдерінің бәрінде де үш бунақты тармақ болады.

4. Төрт бунақты тармақ
Бір толарсақ, // бір тобық // санда болар, // жар-жар! //
Қырық кісінің // ақылы // ханда болар, // жар-жар! //
Әкем-ай! // деп жылама, // байғұс қыздар, // жар-жар! //
Әке орнына // қайын атаң // онда болар, // жар-жар! //

Жазғытұрғы // ақша қар // жаумақ қайда, // жар-жар! //
Құлын-тайдай // ойнаған // оң жақ қайда, // жар-жар! //
Қанша жақсы // болса да // қайын атамыз, // жар-жар! //
Айналайын // әкемдей // болмақ қайда, // жар-жар! /

4. Бунақ буындары

Жалғыз буынды бунақ өлеңде болмайды.* Буын саны бунақта екіден кем болмайды. Жоғарыда келтірген «Жар-жар» өлеңінде бунақтың екі буындысы да, үш буындысы, төрт буындысы да бар:

«Бір толарсақ» бунағы – 4 буынды, «бір тобық» бунағы – 3 буынды. «Санда болар» бунағы – 4 буынды, «жар-жар» – 2 буынды.

Қазақ тіліндегі жырдан басқа өлеңде көбінесе бунақтың екіақ түрі жұмсалады:

1) Үш буынды бунақ. 2) Төрт буынды бунақ. Екі буынды бунақ жар-жар түрімен жазылған өлеңдерде болмаса яки Мағжанның «Біраз Фетше» деген өлеңі сияқты сөздерде болмаса, тіпті аз жұмсалады. Сондықтан төменде айтылатын сөздер бунақтың жоғарыда айтылған екі түрі туралы ғана баяндама болады.

* Пұтыршыларда ғана болады.

5. Өлең ағындары

Өлең түріне қарай әр бунақтың шумақ ішінде таңдамалы да, талғамалы да орны бар. Таңдамалы орны берілмесе, өлең өлең болмай шығады. Талғамалы орнына назар салынбаса, өлең жорғағынан жаңылады.

Бунақтың таңдамалы тармағы аяғында болады, талғамалы орны тармақтың басы мен ортасында болады.

Тармақтың аяғында ылғи үш буынды бунақ келіп отырарға керек иә ылғи төрт буынды бунақ болып отырарға керек.

Мысал:

1. Үш буын аяғында болғандағы өлең кестесі.

4 4 3
Кеудеде от || іште жалын || көзде жас,
4 4 3
Күні-түні || қайғы жұтқан || сорлы бас.
4 4 3
Сабан төсек || тым қараңғы || жатағы
4 4 3
Наны қара, || шайы қара || қарны аш.

(Мағжан)

XXXX || XXXX || XXX
XXXX || XXXX || XXX
XXXX || XXXX || XXX
XXXX || XXXX || XXX

2. Төрт буын аяғындағы өлең кестесі.

3 4 4
Таласқан || аспанменен || көкпеңбек тас
3 4 4
Қарасаң || төбесіне || айналар бас
3 4 4
Жасаған || мейірімі кең || қадыр тәңірі

3 4 4
Шығарған || сол тауынан || алтын алмас.
XXX || XXXX || XXXX
XXX || XXXX || XXXX
XXX || XXXX || XXXX
XXX || XXXX || XXXX

(Мағжан)

Осы сияқты өлеңдердің бірін оқып, кешікпей біріне түскенде дауыс ағыны өзгеретіні оңай сезіледі. Екі түріне өлең алып оқып қарайық:

1. Сар дала бейне өлік сұлап жатқан
Кебіндей ақ селеулер басын жапқан.

Тау да жоқ, орман да жоқ, өзен де жоқ,
Сәуле емес, қан шашып тұр күні батқан.

2. Жаралы бір жан жатыр құба жонда,
Бір қисық жалғыз аяқ сүрлеу жолда.
Бернесі, нұры кеткен көзіменен
Қарайды бишара жан оңға-солға.
.....

3. Күнбатысты қараңғылық қаптаған,
Күні батып, жаңа таңы атпаған.
Түнеріп жүр күннен туған перілер,
Тәңірісін табанында таптаған.
.....
4. Күнбатысты қараңғылық қаптаған,
Көгінде жоқ жалғыз жұлдыз батпаған.
Түн баласы тәңірісін өлтіріп,
Табынатын басқа тәңірі таппаған.
.....

(Мағжан)

Бұл өлеңдерді айтпай тұрып, әр шумағындағы тармақтарының бунақтарын санағанда, бастапқы екі шумақ өлең мен соңғы екі шумақ өлең екеуінің арасында еш айырмасы жоқ сияқты көрінеді: бунақ саны да, буын саны да бірдей, бірақ оқи бастағанда, оқи келе бірінен біріне түскенде дауыс ағыны өзгеріп, екеуі бірдей болмай шығады. Егер де әнмен айтып қарасақ, екеуін бір әнмен айтуға болмайды. Екеуіне екі түрлі ән болады.

Мұнда екі түрі өз алдына бөлек-бөлек шумақтар да тұр, сондықтан екі түрін өз алдына екі түрлі ырғақпен өлең қылып айтуға болып тұр. Екі түрі бір шумақта келсе, онда тіпті өлең болмай шығады. Мәселен, мына түрде біреу өлең жаздым деген болса:

3 4 4
Бір қазақ || қала шықты || мата ала,
4 4 3
Тиеп алып || тері-терсек || бір шана.
3 4 4
Ұрлатып || жүгін жолда || жұрдай болып
4 4 3
Қайтты байғұс || түк алмай || құр ғана.

XXX || XXXX || XXXX
XXXX || XXXX || XXX
XXX || XXXX || XXXX
XXXX || XXXX || XXX

Мұнда тармақтардың аяқтары ұйқасқан, бунақтарды бірдей, жалғыз-ақ өлең жорғағы келмей тұр. Жорғағы келмеген соң өлең болмай тұр. Тармақтары бірдей, тармақ ішіндегі бунақтары бірдей, аяқтары ұйқас келген сөздің бәрі өлең бола берсе, бұ да өлең болар еді. Нешік, бұл өлең бола алмайды.

Мұнда жорғақ жүріс сияқты дауысты бір қалыппен тербетіп, келісті көрсететін өлең жорғағы жоқ, өлеңнің басқа сөздерден айырылатын негіздік қасиеті жорғағы онан айрылса, өлең бола алмайды. Жорғағы жоқ болған соң, бұл сөздер өлең болып шыға алмай тұр.

Мұның жорғағын келтірмей тұрған не нәрсе? Бұған кесел болып бунақтың орын таңдағандығы яғни бунақтарды табиғаты тілеген орнына қоймағандық.

Бунақтар тармақтардың аяғында бірыңғай келмей, бірінде үш буынды бунақ келсе, бірінде төрт буынды бунақ келіп тұр. Оны өлең табиғаты көтермейді. Не үшін көтермейтіндігі жоғарыда айтылды.

Егерде сол тармақтардың мағына жағын өзгертпей, бунақтарын бірыңғай келтіру үшін азырақ сөздерін өзгертіп, төмендегі түрде айтсақ, жорғағы түзеліп, өлең болып шығады:

3 4 4
Бір қазақ || қала шықты || мата ала
3 4 4
Тиеп ап || тері-терсек || жегіп шана,
3 4 4
Ұрлатып || жолда жүгін || жұрдай болып,
3 4 4
Үйіне || қайтты байғұс || құрқол ғана.

XXX || XXXX || XXXX
XXX || XXXX || XXXX
XXX || XXXX || XXXX
XXX || XXXX || XXXX

Мұнда анау айтылғандай емес, дауыс ағыны бір қалыпта болып тұр. Оны олай етіп тұрған бунақтар бірыңғай келгендігі, тармақтардың аяғында өңшең төрт буынды бунақтар бірыңғай келіп тұр.

Бунақтар орын таңдайды дегеніміз осы болады.

Енді бунақтар орын талғайды дегенді баяндайық. Бунақтардың талғайтын орындары тармақтардың басында және ортасында болады. Шумақ ішінде бунақтар тармақтардың басында иә ортасында бірыңғай болып келу тиіс. Мәселен, бір тармақтың басында үш буынды бунақ келсе, басқа тармақтарда

да солай келу тиіс. Әйтпесе өлең өлеңдігінен айрылмағанмен жорғағынан жаңылады, айтуға ауырлық келтіреді.

Бұл кемшіліктен қазақ ақындарының көбінің-ақ сөзі аман емес. Әсіресе, Абай өлеңдерінде көбірек ұшырайды. Мұндай кемшілігі бар өлеңдерді де сол күйінде өзгертпей әнге қосуға болмайды. Бірақ бұл жоғарыда таңдау орын туралы айтылғандай, түзеуге келмейтін кемшілік емес, көбінесе түзетуге келетін оңай кемшілік.

Тармақтардың басында өңшең үш буынды бунақ келетін өлеңдерді де, төрт буынды бунақ келетін өлеңдерді де, бас бунақтары бірыңғай келмейтін өлеңдерді де мысалға алып, жай айтып та, әнмен де қарасақ араларында қандай басқалық бар екенін байқау қиын болмайды.

1. Бас бунағы үш буынды өлең

3 4 4
Ызыңдап || ұшқан мынау || біздің маса,
3 4 4
Сап-сары || аяқтары || ұзын маса,
3 4 4
Өзіне || біткен түсі || өзгерілмес
3 4 4
Дегенмен || қара яки || қызыл маса.

3 4 4
Үстінде || ұйықтағанның || айнала ұшып,
3 4 4
Қаққы жеп || қанаттары || бұзылғанша
3 4 4
Ұйқысын || аз да болса || бөлмес пе екен?!
3 4 4
Қоймастан || құлағына || ызыңдаса.

(Маса)

2. Бас бунағы төрт буынды өлең

4 3 4
Зор қуаныш || қара түн || өткеніне,
4 3 4
Алтын таңдай || ашық күн || жеткеніне,
4 3 4
Қан аралас || төгілген || көп көз жасы,
4 3 4
Тәңірі қабыл || мейрім қып || өткеніне.

4 3 4
Ерік құсы || қайта ұшып || келгеніне,
4 3 4
Душар болмай || дұшпанның || мергеніне,
4 3 4
Қайта шықты || батқан күн || нұр шашылды,
4 3 4
Мың шүкірлік || тәңірінің || бергеніне.

(Мағжан)

3. Бас бунағы бірыңғай емес өлең

4 3 4
Өлең сөздің || патшасы, || сөз сарасы,
3 4 4
Қиыннан || қиыстырар || ер данасы
4 3 4
Тілге жеңіл || жүрекке || жылы тиіп,
3 4 4
Теп-тегіс || жұмыр келсін || айналасы.

4 3 4
Бөтен сөзбен || былғанса || сөз арасы,

3 4 4
Ол ақынның || білімсіз || бишарасы.
4 3 4
Айтушы мен || тыңдаушы || көбі надан,
3 4 4
Бұл жұрттың || сөз танымас || бір парасы.
.....

(Абай)

Осы үш өлеңде дауыс ағыны үш түрлі.

1-ші өлеңде дауыс ағыны басынан аяғына шейін бірдей. Мұны 1-ші ағынды өлең дейміз. 2-ші өлеңнің дауыс ағыны 1-ші өлеңдегіден басқа, бірақ оның да басынан бастап аяғына шейін дауыс ағыны бірдей. Мұны 2-ші ағынды өлең дейміз. 3-ші өлеңде белгілі бір ағын жоқ, бір тармағында бір түрлі ағын болса, екінші тармағында екінші ағын. Бірінші шумағының бірінші және үшінші тармақтарында 2-ші ағын, 2-ші және төртінші тармақтарында 1-ші ағын, екінші шумағының бірінші, екінші, үшінші тармақтарында 2-ші ағын, төртінші тармағында бірінші ағын.

Сүйтіп, 2-ші өлеңдегі ағынды өз алдына басқа үшінші ағынды өлең деуге болмайды. Бұл бірінші және екінші өлеңдерден ағынымен айрылып тұр. Егер де екі түрлі ағынды араластырмай, бір-ақ түрлі ағынды еткіміз келсе, мәселен, әнге қосамыз десек, мұндай өлеңдердің бунақтарының орнын алмастырып, иә 1-ші ағынға яки 2-ші ағынға түсіреміз.

1-ші ағынға түсіргенде:

3 4 4
Патшасы || өлең сөздің || сөз сарасы,
3 4 4
Қиыннан || қиыстырар || ер дана
3 4 4
Жүрекке || тілге жеңіл || жылы тиіп,
3 4 4
Теп-тегіс || жұмыр келсін || айналасы.

3 4 4
Былғанса || бөтен сөзбен || сөз арасы,
3 4 4
Білімсіз || ол ақынның || бишарасы.
3 4 4
Тыңдаушы || айтушы мен || көбі надан,
3 4 4
Бұл жұрттың || сөз танымас || бір парасы.

(Бас бунақ үш буынды, басқалары төрт буынды)

2-ші ағынға түсіргенде

4 3 4
Өлең сөздің || патшасы || сөз сарасы,
4 3 4
Қиыстырар || қиыннан || ер данасы.
4 3 4
Тілге жеңіл || жүрекке || жылы тиіп
4 3 4
Жұмыр келсін || теп-тегіс || айналасы.

4 3 4
Бөтен сөзбен || былғанса || сөз арасы,
4 3 4
Ол ақынның || білімсіз || бишарасы.
4 3 4
Айтушы мен || тыңдаушы || көбі надан,
4 3 4
Сөз танымас || бұл жұрттың || бір парасы.
(Мұнда ортадағы бунақ ылғи үш буынды)

Абайдың бұл өлеңін 1-ші ағыннан гөрі 2-ші ағынға түсіргенде сөздерінің ыңғайы жақсы келеді. Бұл 1-ші, 2-ші ағыннан басқа, 11 буынды өлеңдерде 3-ші ағын болады. Оны қазақ

өлеңшілері *түрікпен ағыны* деп атайды. Не үшін олай атайтындығының себебі белгісіз.

3-ші ағынды өлеңдердің аяқ бунақтары ылғи үш буынды болып, басқалары төрт буынды болып келеді.

Мысал:

4 4 3
Қыздыр дейсің || топ жиынды, || жан дейсің,
4 4 3
Қыздыратын || жасты қайдан || ал дейсің.
4 4 3
Өмірімнің || таңын қосып || кешіне,
4 4 3
Бер қайтадан || өткен күннің || әммесін.

4 4 3
Бере алмасаң || кең салалық || бейілді,
4 4 3
Жас қызығын || көрсін жастар || кейінгі.
4 4 3
Тәтті өмірмен || нәпсі көңілін || ауладық,
4 4 3
Қалғанымен || алдантайық || зейінді.

(Маса)

Жоғарыда баяндалған екі буынды, үш буынды, төрт буынды бунақтардан басқа ескі жырларда, «Кенесары-Наурызбайды» шығарған Нысанбай жыраудың сөзінде, «Ер Тарғында» бес буынды бунақтар да келеді. Бірақ ондай буындар тармақтың белгілі бір мүшесі сияқты эман келіп отырмай, бірде болса, бірде жоқ, тәртіпсіз, кез келген түрде болғандықтан оларды тармақтың тұрлаулы мүшесіне санауға болмайды. Олардың ескі жырларда келетін себебі ескі жырлардың көбінде тап-тұйнақтай таза өлшеу жоқ. Солай болған соң, жорғағы да дұрыс келмей, айтуға ауыр соғып отырады. Жырлар кесте кескіні жағынан қарағанда, нағыз өлең сөйлемдер мен жай сөйлемдердің аралығындағы, жорға мен жортақының арасындағы жүріс

сияқты, сөйлемнің дүрегей күлді-балам түрі. Сондықтан бес буынды бунағы бар өлең деп санауға болмайды.

Бес буынды бунақтар келетін жырлардан мысал алып қарайық:

4
1. Ау, хан ием || хан ием!
4
Айды бұлт || құрсайды;
4
Ай түнерге || ұқсайды.
4
Күнді бұлт || құрсайды;
4
Күн жауарға || ұқсайды.
4
Көгілдірін || ертіп,
5
Көлдегі қулар || шулайды.
4
Көп ішінде || бір жалғыз
4
Көп мұңайып || жылайды,
5
Күйбеңдескен || көп жаман
5
Сөзі тигенге || ұқсайды

(Ескі жыр)

4
2. Мен күңірентсем || оңалтпан,
5
Атамның атын || жоғалтпан.
4
Бес түлеген || бөрімін,

4
Белге соқсаң || жығылман
5
Кенеулі қара || бұлтпын,
4
Қаба жаумай || ашылман.
5
Бурылша аттан || мықтымын,
5
Бұғалық салсаң || тоқтаман.
5
Ұсталар соққан || болатпын
5
Үстіме дұшпан || жолатпан.

(Орақұлы Әлібек)

4
3. Не себептен || хан Кене
5
Қырғызға мұнша || өшікті?
4
Ақ қалпақты || қырғыздан
5
Қазаққа берді || несіпті.
5
Ат мініп, қару || асынған,
4
Бізді аяма || кесіпті
4
Есіркесең || болмай ма?
5
Жолыңда жатқан || бесікті.

(Нысамбай жырау)

4
4. Ақжүністей || жолдасым!
5
Әйел де болсаң || мұңдасым!
4
Қолаң шашты || қой көзді
5
Әйелде ару || сен едің
4
Аш арыстан || жүректі
5
Балуан жолбарыс || білекті
5
Жігіттің мәрті || мен едім
5
Құдіреті күшті || Құдайым,
4
Сындырмағай || белімді,
4
Тарылтпағай || жерімді.

(Ер Таргын)

6) Тармақ кезеңдері

Жоғарыда бунақтардың арасындағы дауыс толқынының жіктері *кезең* деп аталады деп едік. Кезең екі түрлі болады: 1) *ұлы кезең*, *кіші кезең*.

Мысал:

Ақжүністей || жолдасым!
Әйел де болсаң || мұңдасым!
Қолаң шашты || қой көзді
Әйелде ару || сен едің
Аш арыстан || жүректі
Балуан жолбарыс || білекті
Жігіттің мәрті || мен едім.

Мұнда көлденең жуан сызық ұлы кезеңдерді көрсетеді, жіңішке сызық кіші кезеңді көрсетеді. Буын саны: бір тармақтың ішіндегі буын саны қазақта 2 мен 13 арасында болады.

Жар-жар – *13 буынды,*
Жай өлең – *11 буынды,*
Ескі жырлар – *7–8 буынды.*

Жаңа ақын, жаңа жазушылардың өлеңінде бұл түрлердің бәрі де болады, оның үстіне 3, 4, 5, 6-қатта 2 буынды тармақтармен жазылған өлеңдер де бар. Мәселен, *6 буынды тармақ* «Сең» деген Мағжан өлеңінде бар.

5 буынды тармақ Абайдың «Сегіз аяғы» түрінде жазылған өлеңдерде келеді.

4 буынды тармақ Абайдың «Сырласа алмай» деген өлеңінде келеді және Мағжанның «Жұмбақ» деген өлеңінде келеді.

буынды тармақ Мағжанның «Біраз Фетше» деген өлеңінде келеді.

Тармақ ұйқастығы

Тармақтардың аяғының ұйқастығы *ұйқастық* деп айтылады. Ұйқастық түрліше болады.

Ұзын тармақты, жеке шумақты өлеңдерде 1-ші, 2-ші, 4-ші тармағы ұйқасып, 3-ші тармағы ұйқаспай, азат қалады.

Ұзын тармақты, тұтас шумақты өлеңдерде бастапқы екі тармағы ұйқасып, онан арғылары бірі азат, бірі ұйқас аралатпа болып келеді.

Ескі жырлардың ұйқасуы көбінесе тәртіпсіз болады. Бергілікте шыққан жырларда ғана тәртіп бар.

Қысқа тармақты жаңа өлеңдердің тұтас шумақтылары ұзын тармақты өлеңдерше ұйқасады да, жеке шумақтылары иә ұзын тармақты өлеңдерше, иә кестесінің түріне қарай түстес тармақтары ғана ұйқасады. Мәселен:

1. Оюын ойып,
2. Орындап қойып,
3. Түр салғандай өрнекке.

4. Қиыннан қиып,
5. Қиырдан жиып,
6. Қарап сөзді термекке.
7. Еңбекке егіз тіл мен жақ,
8. Ерінбесең, сөйлеп бақ.

Мұндағы 1-ші, 2-ші тармақ түстес болған соң, бір ұйқасып тұр. 4-ші, 5-ші тармақ түстес болған соң бір ұйқасып тұр. 7-ші, 8-ші тармақтар түстес болған соң бір ұйқасып тұр. Осы сияқты ұйқастыру Абайдан кейін шыққан қазақ ақындарының көбінде бар.

Өлең шығару өнері турасындағы сөзді осымен бітіріп, ақтығында айтатын сөз мынау: Жоғарыда айтылған керек шарттардың бәрін орнына келтіріп шығарған өлең сымға тартқандай, нағыз мінсіз өлең болып шықпақ. Мұны біздің қазақ ақындарының көбі, өлең шығару өнерінің ғылымын біл- мегендіктен, орнына келтіре алмайды. Біреулер өлшеуін келтіре алмай, тармақтарын ұзартып, өлеңді төсегіне сыйғыза алмай сирағын сыртқа шығарып жібереді. Біреулер бунақтарын өлең табиғаты тілеген орнына қоя алмай, иә жорғағын бұзып, иә тіпті өлең сиқын жоғалтып жібереді. Мұның бәрі өлеңнің өлең болғандағы негіздік түр-тұрпатын бұзып, не күйін келтіргендей, не өлеңдігін жойғандай, әуезділік жағына кемшілік келтіреді.

Егерде сөз бір жүзді нәрсе болса, қазақ өлеңдерінің көбі асыл сөздің табынан шығып қалар еді. Олай болмайтыны сөздің бір жүзді емес, екі жүзді нәрселігі. Сөздің сыны жалғыз тысында ғана емес, ішінде де бар. Тысқарғы кесте кемшілігін ішкергі мағына жақсылығы жуып, көбінесе өлең кестесі жағындағы кемшіліктерін біліндірмейді, тесе қарап, тексере бастағанда болмаса, жоғарыда айтылған кемшіліктердің көбі жай қарағанда сезілмей өтеді.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

ҚАРА СӨЗ БЕН ДАРЫНДЫ СӨЗ ЖҮЙЕСІ

Екі түрлі лебіз бар: бірі жалаң, екіншісі көрнекі болады деп жоғарыда айтылған еді. Қайсысымен сөйлесек те сөйлеу болады, бірақ сөйлеуді негіз түріне қарай айыру қажет болған орында жалаң лебізбен айтылған сөзді ғана сөйлеу дейміз де, *көрнекі лебізбен* айтылған сөзді *жырлау*, *толғау* дейміз. Сөйлеу де, жырлау да, толғау да бұл күндегі әдебиет алқасына кіретін *жалаң лебізді* және көрнекі лебізді сөздердің таптарын анық ашуға жарамсыз болғандықтан, жалаң лебізді сөздерді *қара сөз* деп, көрнекі лебізді сөздерді *дарынды сөз* деп атау қолайлырақ. Әдетке қарамай, асылына қарағанда, «қара сөз» деген мен «сөйлеу» деген екеуінің мағынасы бір болып, «дарынды сөз» деген мен «жырлау», «толғау» дегеннің мағынасы бір болып, бірінің орнына бірі айтыла береді. Қара сөзді шығармалардың да, дарынды сөзді шығармалардың да түрлерінің өлеңдісі, өлеңсізі болады.

Сөздің асыл болуы ұнауымен. Сөз көңілге сипат жағының көркемдігімен, сөз мағына жағының күштілігімен жағады. Сөз көркемдігі әуезінің әдемілігі мен кестесінің келісті болуынан табылады.

Әуез әдемілігі сөзді дыбыс жағынан тәртіптеп, үйлестіріп тізуден болады. Күштілігі сөздің қалыпты мағынасының үстіне күш қосатын әдістерді істеуден болады. Бұлардың бәрі де тіл (лұғат) талғауы туралы сөйлеген жерде баяндалған. Бұл жерде айтып өтерлік бір нәрсе сөздің бірі жалаң, бірі көрнекі көрінуі неден екендігі, ол мынадан болады.

Жоғарыда айттық: *жалаң сөз* дегеніміз жалаң лебізбен айтылған сөйлеуі орнына жүретін ұғым деп, *көркем сөз* дегеніміз көрнекі лебізбен айтылған толғау орнына жүретін ұғым деп.

Сөзді жалаң түрінде айтқанда, күш көбінесе зейін жағына салынып, пайым терең, мағына күшті, пікір дәлелді болып, айтылған сөз адамның ақылына қонуы көбірек көзделеді.

Сөзді көркем түрінде айтқанда, күш көбінесе қиял мен қиыс (түйіс) жағына салынып, суреті толық, меңзеуі мерген, қисыны қызық болып сөз әсерінің күшімен көңілге ұнауы көбірек көзделеді.

Сөз ақылға қонады шындығымен, көңілге ұнайды өңі үйлестігімен, өң үйлесуін жарастық, келістік дейміз. Келістік көрік негізі екендігі өлеңді сөйлемдер туралы сөз болғанда айтылды. Оны тағы қайтадан сөйлеудің қажеті жоқ.

«Сөздің көркі – мақал. Жүздің көркі – сақал» деген қазақта мақал бар. Мақал мен сақалдың мәні құр көрік болу емес. Олардың бірін сөзге, бірін жүзге көрік қылып таңып отырған адамның ойы мен көңілі.

Ойлау екі түрлі: адам ойлағанда иә нәрсеге *тиісінше* ойлайды, иә көңілінің *түйісінше* ойлайды. Нәрсе түрлі сипатты болады. Ол сипаттарының біреулері бойына біткен сипат болса, екіншілері адамның қосқан, таңған сипаттары болады. Мәселен, нәрсенің бірін жылы, бірін суық, бірін тегіс, бірін бұдырмақ, бірін қатты, бірін жұмсақ дейміз.

Бұл сипаттар нәрсенің бойында бар сипаттар. Бұл сипаттаудың біреулері адамға ұнайтын болар да, біреулері ұнамайтын болар. Мәселен, жылы нәрсе, тегіс нәрсе, жұмсақ нәрсе адамға жағымды, сүйкімді болар да, суық нәрсе, бұдырмақ нәрсе, қатты нәрсе адамға жағымсыз, сүйкімсіз болар. Бұлардың біреулерін жағымды, сүйкімді деп, екіншілерін жағымсыз, сүйкімсіз деп сипаттау нәрсені тиісінше сипаттау емес, адам оз көңілінің түйісінше сипаттау болады. Сол сияқты, бір нәрсе туралы сөйлегенде, иә тиіс жағынан алып, иә түйіс жағынан алып сөйлейміз. Мәселен, кісі жайынан сөйлегенде, иә тиіс жағынан алып, түйісін, тұрпатын, мінезін, құлқын, туысын, тұрмысын, ісін айтамыз, иә түйіс жағынан алып, сүйетін, сүймейтінімізді, сыйлайтын, сыйламайтынымызды айтамыз.

Сол секілді, әннің дауысы тиіс жағы болады. Әннің бізге ететін әсері түйіс жағы болады.

Бір нәрсенің анығына жетіп, расына қанғымыз келсе, мәселен, бір уақиғаның анығына жеткіміз келсе яки бір адамның

мінезін дұрыс білгіміз келсе, кілең тиіс жағынан ғана алып, түйіс қатыстырмасақ жақсы білеміз. Дұрысына жетеміз. Солай болған соң, нәрсені тиіс жағынан сөйлегенде, тиістік керегі жоқ болып шығады. Көрік – нәрсенің түйіс жағы. Нәрсені тиіс жағынан сөйлегенде, түйіс керегі жоқ дегеніміз тиіс туралы сөйлейтін сөзге көрік керегі жоқ деген болып шығады. Нәрсенің тиіс жағы өзінде бар шын жағы; нәрсе, түйіс жағы өзінде жоқ, жабатын жала, қоятын кінә, таңатын өсек, тағатын таба, жағатын опа сияқты, адам апарып жапсыратын нәрсе.

Мақалдың мәні тек сөзге көрік болуда болса, сақалдың мәні тек жүзге көрік болуда болса, шындыққа ондай нәрселердің керегі жоқ. Жағатын опа сияқты, тек көрік үшін ғана керек нәрсе, шындықтың жүзін күңгелейді, неғұрлым ашық, неғұрлым жалаңаш болса, шындық соғұрлым ашық, соғұрлым жарық болмақ. Шындықты көріктеу, шыныны әдемілеймін деп, бетін шимайлап, жарығын күңгірттеу болады. Шындығымен ақылға қонуын көздейтін сөздер сақал-мұрт сияқты көрік болатын нәрселерден аман болады. Сондықтан ол *жалаң сөз* деп аталады. Келістігімен, әдемілігімен көңілге ұнауын көздейтін сөздер сақал, мақал сияқты адамға келісті көрінетін нәрселермен көркем көрінеді. Сондықтан бұлар көркем яки *дарынды сөз* деп аталады. Жалаң сөз нәрсені тиіс жағынан алып, пайым бойынша сөйлейтін шындық сөзі, шын әңгіме болады. Көркем сөз нәрсені түйіс жағынан алып, қиял бойынша, сөйлейтін. шын емес, шығарғы әңгіме болады. Көркем сөз – көңіл тілі, жалаң сөз – *зейін тілі*. Жалаң сөз зейін байлығына қарайтын нәрсе, көркем сөз қиял байлығына қарайтын нәрсе. Жалаң сөз дүниені тұрған қалпында алып айтады. Көркем сөз дүниені көңілдің түйген, қиялдың меңзеген әлпіне түсіріп айтады. Көркем сөз айтқанын ақыл табуынша дәлелдеп, мәністеп, қақиқат түрінде айтады. Көркем сөз айтқанын қиял меңзеуінше бейнелеп, әліптеп, көбінесе ұйғару түрінде айтады, жалаң сөз дүниеде шын болған, шын бар нәрселерді әңгіме қылады. Көркем сөз болуға ықтимал деген нәрселерді де алып сөз қылады; қатта қисынын келтіріп,

болмаған нәрсені болғанға, жоқ нәрсені барға ұйғарып сөз қылады. Қисынын келтіріп, қиялдан туғызып әдемі әңгіме шығару ақындық дарыған адамның ғана қолынан келеді. Жалаң сөздің қара сөз деліп, көркем сөздің дарынды сөз деліп аталу мәнісі де осынан.

Сондықтан қара сөзде айтылған нәрсе дүниеде нақ болған, сол күйде және бар нәрсе деп білу керек те, дарынды сөзде айтылған нәрсе, дүниеде нақ сол күйде болып өтпегенмен яки бар болып тұрмағанмен, дүниеде болатын және боларлық нәрсе деп білу керек. Қысқасынан айтқанда, қара сөз жаратынды тиіс ғалам турасындағы әңгіме де, дарынды сөз ұйғарынды түйіс ғалам турасындағы әңгіме.

Тиіс ғалам турасында сөйлегенде жай күйінде жабайы тілмен тиісін айтамыз. Түйіс ғалам турасында сөйлегенде, көңіл түюінше өң беріп, дем беріп, *көрнекі тілмен* айтамыз. Бірақ тиіс ғалам турасында сөйлегенде де айқындық үшін ажарлау керек болса, жалаң лебіз орнына көрнекі лебіз жұмсалады.

Қара сөз бен дарынды сөздің арасындағы парық жұмсалатын орнына, қызметіне қарай былайша айрылады: дарынды сөз адамның ойына өң береді, көңіліне күй түсіреді, қара сөзден адам тек ұғым алады.

Арабша қара сөзді шығарманы *насыр* деп, дарынды сөзді шығарманы *назым* деп атайды. Арабша айтқанда, біз де солай дейміз, қазақша айтқанда, қара сөз, дарынды сөз деп жүргіземіз.

I

Қара сөз

Қара сөзден адам тек ұғым алады дедік. Ұғымның өзі керекті орнына қарай екі түрлі болады:

Ес ұғымы яғни еске керек ұғым. 2) *Іс ұғымы* яғни іске керек ұғым. Ес ұғымының арқасында дүниедегі нәрселердің бәрін, задын, заңын, сырын, сипатын, мүдетін, мұратын танимыз. Іс ұғымы арқасында табиғат ісін, күшіне, нәрселерін қалай

пайдаланатын жолын білеміз. Сондықтан қара сөзді әңгімелер екі жақты болып келеді. Бір жағы ес ұғымымен болады, екінші жағы іс ұғымымен болады.

Қара сөз нәрсені тиісті жағынан сөйлейді деп жоғарыда айтылған еді. Нәрсе турасында тиісінше сөйлеу үшін тиісінше ойлау керек. Тиісінше ойлағанда ойымыз, ұғым түрлеріне қарай, бірнеше тарапқа бөлінеді. 1) ғалам тарапына, 2) Құдай тарапына, 3) ғылым тарапына, 4) әлеумет тарапына, 5) үгіт-тәрбие тарапына, 6) сын тарапына.

1. Адамның зейіні бүтін ғаламды тануға жұмсалып, дүниедегі бар нәрсенің барлығын яки бар деп ұйғарылған нәрсенің баржоқтығын танып, белгілі бір қарарға келгенде, адамға бір үлкен ұғым пайда болады. Сол ұлы ұғым жүйесі *даналық* деп аталады. Даналық мақсаты бүтін ғаламды танып, бүтін ғалам атанған дүниенің жұмбағын (дүние мәселесін) шешпек. Даналықтың ес ұғымына тиісті жағы – *сап даналық* болады да, іс ұғымына тиісті жағы – *салт даналығы* болады. Сап даналық жолының өзі екі айырық болады: бірі ғаламның адам арқылы жетерлік те, бірі жетпестік те жағын зейінге салады. Алдыңғы *табансыз даналық* делініп, соңғысы *табанды даналық* делініп айтылады.

2. Адамның зейіні Құдайды тану жағына жұмсалып, Құдай турасындағы мәселені шешпек болғанда, дін пайда болып, ұғым жүйесі жасалса, ол *ғақаид* деп аталады. Оның екі жағы болады: бірі діннің негізі турасындағы *ес ұғым* болады да, біреуі дінге керек *іс ұғым* болады.

3. Зейін табиғат құбылысын тану жағына жұмсалып, табиғаттың түрлі заңдарын тауып, қасиеттерін біліп, әбден көз жеткенде пайда болатын ұғым жүйесі – *ғылым* деп аталады. Ғылымның түрі толып жатыр, оның бәрін мұнда баяндау сөз мәселесінің ісі емес.

4. Зейін әлеумет мәселесіне жұмсалып, әлеумет ісіне жол сілтегенде, *көсемдік* ұғым жүйесі пайда болады.

5. Зейін табылған білімді басқаларға үйрету жолына жұмсалғанда, *үгіт-тәрбие* ұғым жүйесі пайда болады.

6. Зейін басқанын ісін таразыға тартып, ұнамды, ұнамсызын тексергенде, *сын* ұғымының жүйесі пайда болады.

Қара сөз деп осы ұғым жүйелерінен сөйлейтін әңгімелерді айтамыз. Ұғым жүйесінің табы – қара сөздің табы болады. Қара сөздің табынан түрін айыру керек.

Тап жағынан бірге сөз түр жағынан бөлек кетуі ықтимал. Көптен бері көп жұртта қалыптанған түрлерін алғанда, қара сөз: 1) *әуезе, 2) әліптеме, 3) байымдама* болып үш салаға бөлінеді.

1. Әуезе

Болған уақиғадан бастан-аяқ болған түрінде, ретінше мезгілін, мекенін көрсете мазмұндап, мағлұмат беру әуезе болады. Әуезе ақпар мағынада оның мысалы, шағын түрде айтқанда, мынау болады:

Қосшыларды ұйымдастыру, ағарту жұмысы

Қалалық ұйымдарда жетіде бір рет, ел арасында айында екі рет жалпы жиылыс болып тұрады. Қала ішіндегі жиылыстар көңілдегідей, ел ішіндегілер онша болмайды. Жиылыста ұйымның мақсаты, ел ішіндегі залалды ғұрыптармен қалай күресу, өкімет жұмыстары, қосшы мүшелерінің шаруашылығын күшейту туралы мәселелер қойылып, түсінік берілді.

Және қосшы ұйымына бұрын кіріп кеткен атқамінер қуларды шығарып, тазалау туралы түсіндіріледі. Бірақ қулар да қарап тұрмайды, ұйымның кедей, малай мүшелерін өздеріне тартқылап, азғырып жүреді. Мұндайларды тамырымен құртуға шара қолданудамыз.

Ағарту жайына келсек, үйезде, қалада ұйым комитеті жанында оқу үйі клуб бар. «Қызыл шайхана» ашуға қаражат жоқтығынан аша алмай отырмыз. Бұдан былай мүшелердің сауатсыздығын жоюға үйездік оқу бөлімінен мұғалім сұрап, мектеп ашпақшы болып жатыр. Бұдан басқа, «Еңбекші қазақ», «Ақ жол» газеттерін алдырып, таратып тұрамыз.

25-нші жылғы қосшы мүшелерінің жарналары әлі жиналған жоқ. Жаңада жинауға кірісіп жатыр. Мүшелік жарналары

жиналмағандықтан үйездік аудандық комитетте қаражат ақша жоқ. Ақша жоқ болғандықтан, болком, райком қызметкерлері айлық ақыларын ала алмай отыр. Соңғы кезде қосшы ұйымының қызметкерлері айлықтарын ала алмаған соң, қызметке де салақ болып кетті. Бұл кемшіліктерге аймақтық комитет шара қолданса екен.

Аямбай ұлы

«Еңбекші қазақ» 25-нші жыл, 412-сан.

Әуезе көбінесе үш тақтаға бөлінеді: 1) *мәлімдеу,* 2) *мазмұндау,* 3) *қорыту*

Мәлімдеуде иә уақиғаның алдында не болғаны айтылады, иә айтушының уақиғадан қанша хабардар екендігі айтылады. *Мазмұндауда* уақиға қалай болып, қалай өткені айтылады. *Қорытуында* иә уақиғадан шыққан нәтижесі (ақтығы) айтылады, иә айтушының қарары айтылады.

Ескерту: әуезелердің бәрінде де айтылған үш тақта бола бермейді. Кейде жазушы тақталамай, уақиғаны бастан-аяқ мазмұндайды да қояды.

Әуезе түрлері

Әуезе әңгімесінің әңгімесі айтатын түріне қарай бірнеше тарауға бөлінеді. Біреулері өткенді сөз қылғанда *уақыт сарынымен* айтады, екіншілері уақыт сарынымен айтады, үшіншілері біреуден біреуді туғызып, *туыс сарынымен* сөйлейді. Кейбіреудің өз заманындағы болған уақиғасын сөйлегенде, кей өткен замандағы уақиғаның әңгімесін сөйлейді. Біреуі бір адамның өмірін яки мінезін әңгіме қылғанда, бүтін жұрттың өмірін яки мінезін әңгіме қылады. Сондықтан әуезелердің мынадай тараулары болады: 1) *шежіре*, 2) *заманхат*, 3) *өмірбаян*, 4) *мінездеме*, 5) *тарих*, 6) *тарихи әңгіме*.

1. Шежіре. Шежіре өткеннен дерек беретін сөздің бір түрі. Шежіреде уақиғадан гөрі өткендердің түсі, туысы көп айтылды, сондықтан шежіре уақиға сарынымен емес, уақыт, туыс сарынымен айтылатын әуезе табына жатады. Шежіре болған уақиға

жайынан сөйлесе, себебін, мәнісін айтпай тек болғанын айтады да қояды. Мәселен, қазақ жұртының өмірінде болған уақиғалардың түп себептері байласылмай, көбінесе хандардың түсін, елдердің туысын көрсетіп тізген Шәкәрімнің «Қазақ һәм хандар шежіресі» деген кітабындағы әңгіме шежіре болады (нұсқалықтың 1-ші нөмірін қара). Басқа жұрттардың да шежірелерінде уақиғаны жылдап тізгенінен басқа еш тәртіп болмайды. Ел шапқан мен қатын-бала шапқан әңгімесі қатар тұрады; бір жерінде әңгімені қойылтып, маңызды түрде айтса, екінші жерде сұйылтып, ұсақ-түйекті сөз қылады. Бір жерінде рас болған уақиғаны сөйлесе, екінші жерінде тек жұрт аузындағы әуезе болған өтірік-шынды әңгімелерді сөйлеп кетеді.

Қазақта жазу болмаған себепті бұрыннан жазылып келген шежіре, түрлі әңгіме жоқ, бірақ басқа жұрттардың шежірелерінде айтылатын сөздер сияқты әңгімелер қазақта да бар.

Орақ-Мамай, Едіге, Кенесарының Садығы турасындағы ауыз айтылатын әңгімелердің көбі-ақ өтірік-шыны аралас шежіренің сөздері сияқты.

2. Заман хат. Біреудің заманында болған тарихи уақиғадан яки өз ішінде болған істерден дерек беруі – заман хат деп аталады. Мәдени жұрттың адамында, заманында болған көзге түсерлік уақиғаларды яки өз өмірінде ұшыраған зор істерді жазып, әңгіме ретінде тіркеп отыратын әдет болады. Заман хат шежіредей емес, тәртіпті, жүйелі келеді. Шежірені тек хат білетін адамдар құр тіркей беруге болады. Заман хатты оқымысты адамдар жазады, сондықтан мұнда құр халық аузында әуезе болып жүрген дәлелсіз сөздер жазылмайды. Заман хатта уақиғаны уақыт сарынымен жазылмайды, іс сарынымен жазылады. Заман хатта боларлық бір кемшілік мынау: Уақиғаны болған күйінше жазбай, жазушы өз көңілінің күйіне бояп, реңкін өзгертуге ықтимал. Олай ету уақиғаның дұрыстығына кемшілік келтіреді. Заман хат шынға жақын болу үшін жазушы өз көңілінің күйіне түспейтін яғни достыққа да, қастыққа да қарамайтын адам боларға тиіс. Ондай адам табиғаттан тысқарғы адам

болмақ. Адам табиғаттан тысқары бола алмағандықтан заман хаттары көңіл күйінің әсерінен аман бола алмайды. Сонда да тарихқа беретін жемінің молдығынан заман хат өте құнды сөздер есебіне қосылады.

Заман хат жазушы жазуына керек жемді иә уақиғаның болып жатқан үстінен алып жазады, яки көп уақыт өткізіп уақиғада болған халдерді өзінің есіне алып жазады. Заман хат мағлұматы айтушынын есіне алынып жазылғанда жәт дерек деп айтылады.

Заман хат болатын Абайдың қарасөздерінде бар (онан басқа заман хат болатын сөздерді нұсқалықтың 2–3-інші нөмірлерінен қара).

Жат дерек болатын Шоқан турасындағы Потанин, Ядринцев сөздері және «Жазықсыз тамған қан» Торайғырұлының сөзі (нұсқалықтың 4, 5, 6-ыншы нөмірлерін қара

3. Өмірбаян. Біреудің туғанынан бастап, өлгеніне шейінгі өмірін жазу иә айту өмірбаян болады. Өмірбаян жазудағы мақсат белгілі болған адамның өмірі қалай басталып, қандай күйде өткенін көрсету. Қандай тәрбиеде өсіп, қандай мінезде пайда болып, ол мінезі қандай істер істеуге себеп болғанын көрсету. Өмірбаян жемін белгілі адам турасындағы сипат қағаздардан алады. Білетін адамдардың ауыз айтуынан алады. Жазушы өз білетінін жазады. Өмір дерек ылғи сипатты мағлұматтардан құралған сөз болғандықтан, нағыз рас әңгіме болып шығады.

Мысалдар: Абылай, Абай, Ақан серінің өмірбаяндары (нұсқалықтың 7, 8, 9-ыншы нөмірлерінен қара).

Өмірбаянын адамның өзі жазса, өз өмірбаяны деп аталады. Жай өмірбаяннан өз өмірбаянының айрылатын жері – адам өз ісіне өзі қазы, өзі сыншы бола алмайтындығынан, жай өмірбаянынан өз өмірбаянының инабаты кемірек болады.

Мысал: Әбубәкірдің ауруынан қауіп етіп жазған өз өмірбаяны (27 жасына шейін), Сағынғалидың өз өмірбаяны нұсқалықтың 10, 11-інші нөмірлерін қара).

4. Мінездеме. Адамның, елдің, жұрттың, таптың, ұлттың сырын, мінезін таңып көрсету – мінездеме болады. Мінездеме өмірбаянның да, заман хаттың да, тарихтың да ішіне бөлімі

есебінде кіреді. Мінездеме заманның, дәуірдің халін де мінездеп көрсетеді. Адамды мінездегенде өмірбаянының бөлімі болып кіреді. Жұртты, ұлтты, заманды мінездегенде тарихтың бөлімі болып кіреді. Өмірбаянның аяқ жағы ылғи мінездемеге айналып кетеді. Мәселен, Шоқанның жәт дерегін, Абайдың, Ақан серінің өмірбаяндарын қарасақ, көп жерінде-ақ мінездемелері бар (нұсқалықтың 4, 5, 8, 9-ыншы нөмірлерін қара).

5. Тарих. Тарихты қазақша *ұлы дерек* деуге әуезе табына жатқанмен айғақты әуезе болады. Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы тарих. Тарихтың қызметі – бүтін адам баласының яки бүтін бір жұрттың, иә бір таптың өткен өмірін болған күйінде айнытпай айту. Тарихтың мақсаты – бүтін адам баласының өмірі нендей табиғат заңымен өзгеретінін білу. Тарихшылар халық басынан кешкен түрлі уақиғалардың мағлұматын сымға тартқандай сынға салып, мінсіз етіп, дұрыстап өткізеді.

Шежіре жазушылар естіген-білгенін сол қалпында, шикі түрінде тізеді. Тарихшылар құр істегенімен қанағаттанбай, рас, өтірігін тексеріп, расын ғана алады.

Шежіре, заман хат, өмірбаян, мінездеме – бәрі де тарихтың жемі есебіндегі нәрселер. Тарих олардың айтқанының бәрін ала бермейді. Аударып, ақтарып түрлі жағынан қарап, түрлі мағлұматтармен салыстырып, сипатталған мағлұматтардан ғана алады. Тарихшылардың мақсаты уақиғаның уақытын ғана көрсету яки не түрде болған тысқы сиқын ғана керсету емес, ол уақиғаның болуына нендей нәрселер, нендей уақиғалар себеп болғанын көрсетіп, ішкі мәнісімен де таныстыру.

Тарих беретін дерегінің түріне қарай бірнеше түрге бөлінеді. Бүкіл адам баласы дүниеде қандай өмір шеккенін сөйлейтін тарих «Жалпы тарих» деп аталады. Адам мәдениет жүзінде жүрген жолдарын баяндайтын тарих «Мәдениет тарихы» деп аталады. Мәдениеттің түрлі тараулары «Тарих тармақтары» деп аталады. Мәселен, шаруа тарихы, өнер тарихы, дін тарихы, даналық тарихы, ғылым тарихы, әдебиет тарихы, тағысын тағы сондай тарихтар.

Жалқы тарихтар – түрік-монғол тарихы, қытай тарихы, жапон тарихы және сондай бөлек-бөлек жұрттардың, ұлттардың тарихы.

6. Тарихи әңгіме. Тарих жүзінде белгілі адамдар, нәрселер, уақиғалар турасында сөйлейтін әуезелер тарихи әнгіме деп аталады. Тарихи әңгіме тек лақап әңгімеден мазмұнның шындығымен айырылады. Жұрт аңыз қылып айтып жүрген әңгімелердің өтірігі көп болады. Тарихи әңгіме тарих асбатына сүйенетін шын әңгіме болады.

Мәселен, «Қазақ» газетінде басылған «Әзірет Сұлтан», «Тұрғанбай датқа» турасындағы әңгімелер тарихи әңгіме болады (нұсқалықтың 13, 14-інші нөмірлерінен қара).

Әліптеме (суреттеу)

Бір нәрсенің тұрпатын реттеп айтып, әлібін суреттеп шығару әліптеме болады. Дүниедегі түрлі нәрселердің, түрлі адамдардың, түрлі күйлердің бәрін де әліптеуге болады. Бірақ әліптемеде сөзбен суреттелетін табиғат жүзінде яки өнер жүзінде назар түсірерлік көрнекті нәрселер ғана.

Әліптеу тәртібі

1.Бір нәрсені әліптеуден бұрын сол нәрсенің өзін әбден анық тану керек яғни көрнекті болып, назар түскендей не белгілері бәрін білу керек. Нәрсені әліптегенде оның ірілі, уақты белгілерінің бәрін түгендеу қажет емес, көрнекті көрсетерлік түрін, өзгеше белгілерін ғана айтуға керек.

2. Белгілерін бет-бетіне айтпай, өңіне, орнына үйлестіріп айтып, нәрсенің суретін ойқы-шойқы, қиқа-сиқа қылмай дұрыс тұрпаттап, адамның қиял саңылауына суреті өзіне ұқсап, дәл түсерлік етіп шығару керек.

3. Тиісті жерінде нәрсенің көңілге еткен әсерін, нәрсенің адамға келтірер пайдасы бар-жоғын айтып жіберуге де болады.

Әліптеу жоспары

Әуелі нәрсенің айқын тұрған сыртқы жағы әліптеледі. Сонан соң ішкі жағы айтылады. Нәрсенің жалпы түрінен бастап, жалқылай айтып шығаруға болады. Я жалқы түрінен бастап, жалпылай айтып шығаруға болады.

Ескерту. Нәрсе уақытқа қарай әліптелетін болса, әліптеу тәртібі уақыт ретінше болады. Егерде нәрсе әліптегенде мезгілі бір, орындары түрлі-түрлі болса, онда әліптеу реті жазушының бастаған орнына қарайды. Егерде әліптеудің мезгілі де, мекені де бір болса, онда әліптеу реті нәрсенің ыңғайына, әліптеушінің назарына қарайды.

Әліптеме мазмұнның *кемдем жері* мен *дендем жерін* айыру керек. Дендем жері нәрсенің өзін әліптеген жері болады. Кемдем жері – әліптеуге алынған нәрсе мен басқа нәрселердің арасын әңгіме еткенде ұшырайтын жері.

Әліптеу түрлері

Әліптеу көзделген мақсатқа қарай екі айрылады: 1. *Пәнді әліптеу.* 2. *Сәнді әліптеу.*

1. Пәнді әліптеу нәрсені пән мақсатымен алып, дәлдеп әліптеп, сыр-сипатын дұрыс танытып, нәрсе туралы дұрыс ұғым беру үшін істеледі. Пәнді әліптеудің өзі екі түрлі болады: 1. *Жалқылай әліптеу.* 2. *Жалпылай әліптеу.* Жалқылай әліптегенде нәрсе дербес алынып, дара басы әліптеледі. Мұнда әліптеушінің назары нәрсенің өзгеден айрылатын айрықша әліптерінде болады.

Жалпылай әліптегенде нәрсенің бүтін табы алынып, табына тиісті сипатпен әліптеледі. Мұнда әліптеушінің назары таптағы нәрсенің бәрінен табылатын белгілерінде болады (нұсқалықтың 15–16–17-інші нөмірлерін қара).

2) Сәнді әліптеуде қандай белгілерін алу әліптеушінің көздеген өз мақсаты бойынша болады (нұсқалықтың 18, 19-ыншы нөмірлерін қара).

3. Жол әліптемесі. Жолаушы жүріп, дүние кезіп көрген жерінің, елінің әлібін, қалпын жазу жол әліптемесі, яки жолай деп аталады.

Әліптеме қатыспайтын әңгіме аз болады, бірақ әңгімеде не әліптеме болып келетін түрлері бар. Соның бір түрі жол әліптемесі. Жол әліптемесінің әңгімесі әліптегенде түрлі нәрсені түрлі тарапынан әліптегендіктен пәлендей нәрсе тақырыпты сөйлейді деуге болмайды. Жол әліптемесінде нәрсені әліптеу реті ұшырау ретінше: алдымен ұшыраған алдында, соңынан ұшыраған соңында әліптеледі.

Қияли жол әліптемесі деген әліптеменің бір түрі бар. Ондай әліптемелер жолаушының жазған сөзі емес, қиял кезуінің сөзі болады. Жазушы қиялын жолаушы жүргізіп, қиял көзімен көргенін сөйлейді. Ондай жол әліптемесі ғылым мағлұматын беру мақсатпен де жазылады. Қазақта қиялмен жазылған жол әліптемесі жоқ: жай жол әліптеме де аз

(Жай жол әліптеме мысалын нұсқалықтың 20-ыншы нөмірлерін қара).

3. Байымдама (зейіндеме)

Көсе сөзбен жазылған шығарма бір пікірді қуаттап, толықтырып баяндаса, баяндауын түрлі сипаттармен дәлелдесе, ондай шығарма байымдама деп аталады.

Әуезе, әліптеме, түрлі сөздермен дүние әңгімесі бітпейді. Әуезе мен әліптеме дүниедегі жаратынды, жасатынды нәрселердің өздерімен, олардың әдістерімен, жай-күйлерімен ғана таныстырады. Дүниедегі нәрселердің барлығын, олардың қалай өмір шегетінін танумен білім тәмам болмайды. Үйткені дүниедегі нәрселердін бәрі *сабақтас, іліктес, құрмалас*. Ол сабақтас, іліктес әм құрмаластығы белгілі себептер бойынша болып, себеп жүзіндегі белгілі бір заңға мойынсұнып, сол заңның жолынан бұрылмайды. Ол заң табиғат заңы, ол заң жолы табиғат заңының жолы.

Нәрселер арасында қандай сабақтастық, іліктестік, құрмаластық бар екенін ашу жағын, олардың бар болуы қандай себептермен, қандай заң бойынша екендігін айыру жағын байымдап, ғалым адамдардың шығарған сөздері *пән шығарма* деп

аталады. Пән шығарманың асылы байымдама болады, сондықтан пән шығарманың жалпы аты да байымдама болады.

Байымдаманың зор мүшесі төртеу:

1. *бастамасы,* 2. *ұсынбасы*, 3. *баяндамасы*, 4. *қорытпасы*. Бастамасында әңгіме болатын нәрсе туралы басқалар тарапынан айтылған пікірлер барлығын иә жоқтығын айтады. Оны айтпай бастауға да жазушы ықтиярлы, сондықтан бастаманы қалай бастау жазушының ықтиярында десек те болады.

Ұсынбасында әңгіме болатын пікірмен таныстырады. Баяндамасында алынған нәрсе баяндалады, оның турасында айтылған пікірлерге дәлелдер, сипаттар келтіріледі.

Қорытпасында айтылған пікірлердің иә маңызы қайта айтылады, иә пікірлерден шыққан нәтиже айтылады. Пікірді мәнісстеу, дәлелдеу, сипаттау баяндамасында болатындықтан *баяндама* байымдаманың нағыз дендем бөлімі болады.

Сипаттау түрлі болады:

1. Мәнісстеп, дәлелдеп сипаттау бар.

2. Керек пікірді яки нәрсені басқа, соған ұқсас нәрселермен салыстырып сипаттау. 3. Керек пікірді қостайтын, қуаттайтын мысалдар келтіріп сипаттау бар. 4. Белгілі адамдардың айтқан иә жазған пәтуаларын келтіріп сипаттау бар. 5. Қаралатын пікірге қарсы пікірдің нашарлығын яки қаталығын көрсетіп сипаттау бар.

Байымдама әдістері.

Байымдама әдісі екі түрлі: 1) негізгі пікірді шығарманың басында айтып, оны қуаттайтын пікірді соңынан келтіру бар. Яғни әуелі жалпы пікірді айтып алып, оны бөлекей пікірлермен қуаттап байымдау бар. Бұл *жалқылау әдісі* болады.

Әуелі бөлекей пікірлерді айтып, жалпы пікірді солардың дәлелдерімен қуаттап байымдау бар. Бұл *жалпылау әдіс* болады.

Ойлау оңтайы да екі түрлі: 1. *айырыңқы оңтай*, 2. *жиылыңқы оңтай. Талдама оңтай* – нәрсені бұтарлап, мүшелеп, ұсақтай түсіндіргенде қолданатын оңтай. *Терме оңтай* – нәрсенің мүшесін жинастыра, құрастыра, іріктей түсіндіргенде

қолданатын оңтай. (Байымдама мысалдарын нұсқалықтың 20, 21, 22, 23-інші нөмірлерінен қара).

Байымдама түрлері

Қара сөз байымдаманың қатыспайтын шығармасы болмайды. Әуезе, әліптеме, байымдама деп жіктерін бөлектеп көрсеткенімізбен, әуезе, әліптеменің қайсысына болса байымда кіріспей тұрмайды. Сондықтан байымдама түрлерін көрсеткенде, байымдама жағы басым шығармалардың түрлерін ғана көрсетуге болады.

Байымдау жағы басым шығармалар толып жатыр. Оларды негізгі ұлы белгілермен айырғанда мыналар болады: 1) *пән* (ғылым), 2) *сын*, 3) *шешен сөз,* 4) *көсем сөз*.

1. Пән (ғылым).

Пән яки ғылым деп жүйеленген білімді айтамыз. Жүйеленген білім жайын сөйлейтін байымдаманы да пән яки ғылым дейміз.

Білім үйрету мақсатпен де, үйлестіру мақсатпен де жүйеленеді. Қай мақсатпен жүйеленсе де, жүйеленген білім пән (ғылым) болады, сондықтан ғалымдардың білімді таза білім жүйесімен жүйелеп шығарған оқу кітаптарды да, үйретушілердің білімді тек үйрету қолайына қарай жүйелеп шығарған оқу кітаптары да бәрі пән табына жатады (пән мысалы: оқу кітаптары, пән кітаптары).

2. Сын.

Сын деп адам ісінен шыққан нәрсені тексеріп, баға беруді айтамыз. Сынға салуға болады – ғылымнан шыққан нәрсені де, өнерден шыққан нәрсені де, кәсіптен өнген нәрсені де, қоғамшылықпен құралған нәрсені де. Ол нәрселер көп адам күшімен, ісімен жасалған мемлекет сияқты ұлы нәрсе болуға да ықтимал. Жалғыз адам жасаған ұсақ нәрсе болуға да ықтимал. Адамның қай ісінен шыққан нәрсе болса да, сынға салудағы мақсат – жақсы, жамандығын ашу, мән-мағынасын анық таныту. Ғылым тарапынан шыққан нәрсе болса, ғылым жүйесіне дұрыс, терісін көрсету. Өнер тарапынан шыққан нәрсе болса,

мақсатқа сәйкес келген-келмегенін көрсету. Кәсіп тарапынан шыққан нәрсе болса, тіршілікке жайлы-жайсыздығын көрсету. Қоғамшылық тарапынан шыққан нәрсе болса, адам қалпына қолайлы келу-келмеуін көрсету, сүйтіп адам ісінен шыққан нәрсенің түрлісі түрлі мақсатпен сынға түседі.

Әдебиет адам ісінің бір түрінен шыққан нәрсе болғандықтан, бұ да сынға түспек. Мұның түрлісі түріне қарай сынға түседі, бірақ қайсысы сынға түссе шығармалардың түсетін сынының жалпы аты – *әдебиет сыны* деп айтылады. Әдебиет алқасына кіретін шығармалар қара сөз, дарынды сөз болып, екі айрылатыны жоғарыда баяндалды. Сынға түскенде, мұның екеуі екі жүйе таразымен өлшеніп, сынға түседі. Қара сөздер, мейлі әуезе, мейлі әліптеме, мейлі байымдама болсын ғылым таразысына түсіп, ғылым жүйесінің сынымен тексеріледі. Ғылым сыны ғылым жүйесіне дұрыс, терісін қарайды, шынында сондай нәрсе ме? Топшылауы дұрыс па, дәлелдері толық па, сипаттары күшті ме? деп, со жағынан тексереді.

Пән шығарманың ғылым жүйесіне дұрыс, теріс келуін, пәннен хабардар адам болмаса, пәннен хабары жоқ адам білмейді. Сондықтан ғылым сынын ғылым иесі адам ғана жасау қолынан келеді.

Қара сөзде әдебиет жөнінде таласы көп сөздер әлеумет мәселелері турасындағы пікірлер де болады. Тұрмыс мәселесі тоқсан түйіннің тоғысып, шиеленісетін жері. Оны дұрыс шешуге көпті көрген көсем болуға керек, адамның, халықтың иә бір таптың мінезін, құлқын, салт-санасын, жан жүйесін, ой жүйесін, тарихын, мұң-мұқтажын жақсы білетін дана болу, ғалым болу керек. Тұрмыс мәселелері деп қандай мәселелер айтылады? Тұрмыс мәселесі деп айтатын, айтылатын шын адамшылық мәселесі, өмір мақсатының мәселесі яғни өмір бақытты болу мәселесі, ошақ басының, жұрт қамының, мемлекет жайлылығының, дүние тыныштығының мәселесі. Мұндай ұлы, ұйысқан мәселелерді дұрыс шешу оңай нәрсе емес, ондай ірі іс ердің ерінің, дананың данасының ғана қолынан келмек.

Сондықтан тұрмыс мәселелері туралы шыққан сөздерді сынға салмай сенуге болмайды. Сондықтан да тұрмыс мәселелері турасындағы пікірлер талқыға салынып барып мақұлданады.

Дарынды сөзді сынау үшін де білім керек, бірақ қара сөзді шығармаларға керек болған пән білімі емес, басқа түрлі білім керек. Бұған ғылым білімінен көрі өнер білімі көбірек керек! Ұстаның мінін көбінесе ұсталар көреді. Сондай-ақ, дарынды сөздің мінін ақындық дарыған адам көбірек көрмек, бірақ ұста істеген нәрсенің мінін ұстаның бәрі көре бермейді. Жақсы ұста ғана ұста істеген нәрсенің мінін көре алады. Жаман ұстаға өзінен артық ұстаның істеген нәрсесінің бәрі де жақсы көріне береді. Ондай ұстадан да жақсы ұстаның істеген нәрсесін тұтынып, көзі үйренген жай адам ұстаның ісін артық сынайды. Сол сияқты, дарынды сөзді ақындығы шамалы адамнан да, жақсы ақындардың сөзін оқып, әдемілігінен әсер алып үйреніп қалған, оқыған жай зейіні ашық адамдар дарынды сөзді артық сынауы ықтимал. Сондықтан дарынды сөзді сынауға ақындық керек болғанмен, ақын емес адамның да қолынан келмейтін іс емес. Сүйтіп, ғылым сыны ғалымдықсыз жасалмайтын сын да, дарынды сөз сыны ақындықты керек қылғанмен, ақындығы жоқ, ақындықтан шыққан әдемі сөздерге үйір болған адамдар да жасауға болатын сын.

Дарынды сөз қай жағынан сыналмақ деген мәселеге келсек, оның жөнін дарынды сөздің шығатын жолы көрсетіп, айтып тұр. Қара сөзді әдебиетте пікір сүлде түрінде айтылады. Дарынды сөзде пікір сурет түрінде шығады яғни сүлде үстіне өң, ажар, жан, мінез, қылық беріліп, тұрпат, тұлға, түс бітіп, тірі нәрсе болып шығады. Сондықтан да дарынды сөз көркем сөз деп аталып, қара сөздер жалаң сөз деп айтылады. Қара сөздің сынында пікір дұрыстығы, істің растық жағы тексерілсе, көркем сөздін сынында, пікір дұрыстығының үстіне, пікірге берілген сурет сұлулық жағы да тексеріледі. Көркем сөзді әрі сүлде, әрі сурет екі жағынан да тексеруге тиіс болғандықтан, оның сынында мынадай сұраулар боларға керек:

1. Тұрмыстың қай жағын алып сөз қылған? Мазмұны дұрыс па яғни өмірде ондай қалып ұшырай ма? Яки ұшырауға мүмкін бе? Өмірде болатын қалып болса, неден болады, неден болатын себебін біліп айтқан ба? Адам баласының бәрінде боларлық қалып па, белгілі бір табында ғана боларлық қалып па? Мұрат қалып па? Кейіп қалып па? Бұл шығарманың сүлде жағының сыны. Сурет жағының сынында сұраулар мынау түрде болмақ.

2. Көркем сөз табына шын қосыларлық сөз бе? Қиял жасаған тұрпаттар, ойдан үйлестірген уақиғалар пікір санасына тура келіп, дұрыс суреттен, өңдендіріп көрсете ала ма? Тілі өрнекті ме? Әуезді ме? Лұғаты таза ма? Анық па? Қысқасы, ойды өрнектеп, көрнектеп, суреттеп көрсеткендей тілінде шеберлік бар ма? Екінші сөзбен айтқанда, ақылдың аңдағанын, қиялдың меңзегенін, көңілдің түйгенін тілі дұрыс жеткізе алған ба?

Манағының бәрін қорытып айтсақ, асылында, көркем сөзде екі тысқы, екі ішкі сын болалы.

Тысқы сындар: 1) тілінің, лұғатының сыны яғни тілінің дұрыстығы, анықтығы, тазалығы, дәлдігі, көрнекілігі, әуезділігі, өрнектілігі жағының сыны.

2) Суретінің сыны: яғни кестесін келтіріп, ұнасымды түрде үйлестіріп суреттеуінің сыны.

Ішкі сындар: 1) алынған мінез, айтылған қылық, көрсетілген қалып, жан жүйесінің жөнімен қарағанда, дұрыс бүгіп шығу, шықпауының сыны. 2) Өмір жүзінде айтылған нәрсесінің болатындығының себебін дұрыс көрсеткен, көрсетпегенінің, адам қауымындағы қалып түзелу жағына әсер етерлік (пайда-зиян келтірерлік) қуаты бар-жоғының сыны.

Көркем сөзді сынағанда, әдебиет түрінің осы төрт түгел жұмсалады (сын мысалдарын нұсқалықтың 24, 25, 26, 27-інші нөмірлерінен қара).

3. Шешен сөз.

Шешен сөз қара сөз шығармалардың бөлекей бір түрі емес, бұ да байымдама болады. Мұның байымдамадан бөлектенетін жері мынау ғана:

Байымдамада жазушының пікірі – негізгі пікірін баяндап, түрлі дәлелдермен сипаттап, анық түсіндіріп беру.

Шешен сөзде айтушының мақсаты – баяндап, сипаттап түсіндірумен қоймай, пікіріне нандыру, сеңдіру, ұйыту, бұйыту, иман келтіру болады.

Оны істеу үшін шешендер жай байымдаушыларша айтқан сөзі адамның ақылына қону жағын ғана көздемейді, сөз қанға, жанға әсер етіп, арбау сияқты адамның ойын да, бойын да балқытып, билеп алып кетуге ыждаһат етеді. Сондықтан шешен сөздің *«қыздырма»* яки *«қоздырма»** деген айрықша бөлімі болады. Оның қызметі адамның жүрегін билеп, жүйесін босату, қанын қыздыру, намысын келтіру, арқасын қоздыру.

Шешен сөздің бұл бөлімі пікірді дәлелдеп, сипаттап, мәністеп болғаннан кейін келеді. Үйткені пікірді баяндап, түсіндіріп, дәлелдеп, сипаттап, ақыл жағы қанағаттанғаннан кейін жүрек жағына әсер етіп, бойын балқыту жеңіл болады.

Осы айтылған мақсаттарға қарай шешен сөздің тілі уытты, лепті, әсерлі, қанды қайнатып, жүрек тулатып, естен айырып, ерікті алып кететін күшті, көрнекті, сәнді, мәнді тіл болады.

Шешен сөздің зор мүшелері бесеу: 1) Бастамасы, 2) ұсынбасы, 3) мазмұндамасы, 4) қыздырмасы, 5) қорытпасы.

Шешен сөздің түрлері

Шешен сөздер бес түрлі болады: а) шешендер жиынды аузына қаратып, нандырып, сендіріп, мемлекет ісіне қарар шығарту мақсатпен сөйлегенде *саясат шен сөзі* деп аталады.

б) Шешендер сотта айыпкер адамдарды ақтау, иә қаралау мақсатпен сөйлеп, сот билігіне әсер ету үшін айтқан сөздерді *билік шешен сөзі* деп аталады.

п) Біреудің халық алдында еткен еңбегін, өткізген қызметін айтып, қошеметтеп сөйлеген шешеннің сөзі *қошемет шешен сөз* деп аталады.

т) Білмірлердің, ғалымдардың пән, мазмұнды сөйлегені білмір *шешен сөз* деп аталады.

---

* «қамал бұзар», «жүйе босатар», «құйқа шымырланар» деп те айтылады.

ж) Дін жайынан сөйлеген ғұламалар сөзі, молдалар сөзі *уағыз* деп аталады.

(Шешен сөз мысалдарын нұсқалықтың 28, 29-ыншы нөмірінен қара).

4. Көсем сөз.

Көсем сөз шешен сөз сияқты әлеуметке айтқанын істету мақсатпен шығарылатын сөз. Шешен сөзден мұның айырылатын жері – шешен сөз ауыз айтылады. Көсем сөз жазумен айтылады. Көсем сөз әлеумет ісіне басшылық пікір жүргізегін сөз болғандықтан да көсем сөз деп аталады. Көсем сөз кезіндегі әлеуметке керек іске мұрындық болып, істету ыждаһатымен айтылады.

Әлеумет, шаруашылық, қазыналық, мектептік, соттық, саясаттық, тағысын тағы сондай қоғамшылық істерін түзеу, жаңалау, өзгерту керек болған кезінде, халықты соған көсем сөз арқылы ұйытып, көптің миына қондырып, көңіліне сіңіреді. Көсем сөз күндегі мәселе жайын сөйлейтін сөз болған соң, кезіндегі шығып тұрған газет, журнал жүзінде шығады. Көсем сөз әлеуметке басшылық есебінде айтылатын сөз болғандықтан, жұрт ісіне мәні зор болады. Басшылығы дұрыс болса, әлеуметті түзейді. Теріс басшылық қылса, әлеуметті адастырады. Солай болған соң көсем сөз жазып, әлеуметке басшылық қылатын адам көпті көрген көсем, білімді адам боларға керек. Әйтпесе, дүмше молда сияқты, көбі көсемдік қыламын деп, әлеуметті адастырып, пайда орнына зиян келтірмек.

(Көсем сөз мысалдарын нұсқалықтың 30,31-інші нөмірлерінен қара).

II.

ДАРЫНДЫ СӨЗ

Дарынды сөз деп ақын тілді шығармаларды айтатынымыз алдыңғы баптарда айтылған сөздерден мәлім болғандықтан, мұнда қайта баяндаудың қажеті жоқ.

Қара сөз көбінесе ғалымдардың, шешендердің сөзі болатындығы қара сөз түрлерінен анық көрінді. Дарынды сөз олай емес, ақындардың, арқалылардың сөзі болады. Ақындар ғалымдар сияқты болған уақиғаны яки нәрсені болған күйінде, тұрған қалпында бұлжытпастан айтып, дұрыс мағлұмат беріп, қақиқаттауға тырыспайды, тұрған нәрсе тұрған күйінде, болған уақиға болған күйінде ақынға өте үйреншікті, жай қалыпты, жабайы көрінеді. Оның бәрін ақындар өз көңілінше түйіп, өз ойынша жорып, өз ұйғаруынша суреттеп көрсетеді. Сол өзі ұйғарған түріндегі ғаламды сөзбен көрсетуге бар өнерін, шеберлігін жұмсайды, сүйтіп шығарған сөзі көркем сөзді шығарма болады. Оны шығаруға жұмсайтын өнердің аты *ақындық* болады.

Ақындықтан шыққан сөзді яғни көркем лебізді шығармаларды үлгілі жұрттар айтылуына қарай үшке бөледі:

1) *әуезеленіп* айтылуына қарай, 2) *толғанып* айтылуына қарай, *амалдап* айтылуына қарай. Бұлайша болу қазақтың жазба әдебиетінің түрлеріне келсе де, ауыз әдебиетінің түрлеріне келмейді. Сондықтан қазақ ауыз әдебиетінің шығармалары айтылу түріне қарай бөлінбей, тұтыну орнына қарай бөлінеді. Осылай бөлінбесе, ауыз әдебиетінің сөздерінің көбі жоғарғы айтылған үш салаға үйлеспей, далада қалып қояды. Ауыз шығармаларды сөз қылғанда, көркем сөзді шығармаларды ғана сөз қыламыз. Қазақ ауыз әдебиетінде көсе сөзді шығармалар жоқ. Неге болмайтындығын азырақ айтып, түсіндіріп өту қажет болады.

Жазу-сызу жоқ жұртта көсе сөзді шығармалар болмайды, себебі жазу-сызу жоқ жұртта өнер-ғылым болмайды. Ғылым дегеніміз – дүниені яғни табиғатты дұрыс тану, ғылым жоқ болса, дүниені тану дұрыс болмайды. Дүниені дұрыс танымаған соң, дүние турасындағы мағлұмат жиысатын сана-саңылауы дұрыс болмаған соң, табиғаттың күшін, ісін, қасиетін бұрынғылар теріс танып, теріс әуезе қылған. Сондықтан бұрынғылардың ертегі сияқты, ертегі жырлар сияқты шығарған сөздері біздерге шып-шыли өтірік көрініп, біздің ақыл арнамызға жуыспайды.

Қай халықтың да болса, жазу-сызу білмеген заманы болған, сондықтан ертегі сияқты өтірік сөздер қай халықта да болса бар.

Әдебиет сөзін тәртіптеп, тапқа бөлу керек. Жұртынан шыққан олар ауыз сөзді де айтылу түріне қарай негіздік үш тапқа бөлген: 1) *әуезе,* 2) *толғау,* 3) *айтыс.* Не үшін олай бөлген мәнісі әр табы бас-басына баяндағаннан көрінбекші.

1. Әуезе

Әуезелеуші айтатын сөзіне өзін қатыстырмай, өзінен тысқарғы ғаламда болған істі әңгіме қылады.

Ескерту. Тысқарғы ғалам деудің мәнісі – адамда екі ғалам болады: *ішкі ғалам, тысқы ғалам.* Ақыл, көңіл, қиял сияқты адамның рухына қараған жағы ішкі ғалам болады да, онан басқалары – басқа адамдар, мақұлықтар, нәрселер, бүтін дүние тысқы ғалам болады. Әуезе – тысқы ғалам турасындағы сөздер.

Ақын әуезе түрінде сөйлегенде, уақиғаның ішінде өзі болып, басынан кешірген адамша сөйлемей, тек сыртта тұрып бақылап, уақиғаға көз салған адамша, қатта біреуден естіген адамша айтады. Уақиғаны бұлайша түрде айтып көрсету тысқарғы түрде айту болады, сондықтан әуезе көркем сөздің тысқарғы түрлісі болады. Бірақ әуезеге алынған уақиға болғандықтан және де ол уақиғаға айтушы өзінше көрік беріп шығарғандағы сөзі әуезе болады.

2. Толғау

Толғағанда айтатын нәрсесін толғаушы тысқарғы ғаламнан алмай, ішкергі ғаламнан алады. Толғаушы ақын әуелі көңілінің күйін, мұңын, мүддесін, зарын, күйінішін, сүйінішін айтып, шер тарқату үшін толғайды. Екінші, ішкергі ғаламында болған халдарды, нәрселерді тысқа шығарып, басқаларға білдіріп, басқаларды сол көңілінің күйіне түсіріп, халін түсіндіру мақсатпен толғайды. *Толғау* қысқасынан айтқанда, іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі. Ақындық жалғыз өз көңілінің күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып толғай алуда.

Әуезе – тысқарғы ғаламның жыры, *толғау* – ішкергі ғаламның күйі деп екі айырғанымызбен, екі ғаламның ісінің арасында зор іліктік бар. Нәрсені танығанда, сол тануымыздың өзі екі жақты болатындығын жоғарыда «Қара сөз», «Дарынды сөз» деген бапта айтылды. Әр нәрсені саңлап санамызға алған уақытта, ол нәрселер турасындағы ұғымдарымызға алған уақытта ол нәрселер турасындағы ұғымдарымызға көңіл кіріспей тұрмайды. Адам дүниедегі көрген, білген нәрселерін тек байқап, тек пікірлеп, тек саңылаулап қана қоймайды, ол нәрселермен қатар адамның көңіліне күй де жасалады. Адам көрген-білген нәрсенің иә ісінің біріне күйінеді, біріне сүйінеді, бірінен сескенеді, бірінен шошынады. Сезіліп тұрған тысқарғы ғалам мен сезіп тұрған ішкергі ғаламның екі арасы санаға келіп түйіскен жерде жыртылып айырылғысыз болып бірігеді. Тысқарғы ғаламнан санаға түскен саңылау мен сана жанында тұрған көңілдің күйін бір-біріне қатыстырмай, бөлектеп қоюға мүмкін емес. Адамның санасы фотография (сурет машинасы) емес, нәрсенің тұрпатын ғана түсіріп қоятын. Нәрсенің саңылауы келіп адамның санасына түскенде, адамның ойын да, көңілін де бірдей оятады. Адамның көңілін оятпаған нәрсе тіпті сезілмей, дерексіз өтеді, бірақ адамның ілтипаты тысқарғы ғаламға, бірде ішкергі ғаламға көбірек ауатын орындары болады. Кейде тысқарғы нәрсе өте қорқытса яки өте қуантса, иә болмаса өте тамаша күйде болып таңдандырса, адамның есін алып, ілтипатын өзіне аударып кетеді. Кейде қайта адам оз ойы, өз қиялы, өз көңілінің күйімен болып, айналасындағы болып жатқан уақиғаларды, істеліп жатқан істерді, тамашалы, тысқарғы ғаламды байқамай қалады. Бұл адамның ілтипатын тысқарғы ғаламнан ішкергі ғалам аударып алып кеткен уақытта болады. Ондай адамдардың көбі ілтипатын көбінесе ішкі ғалам жағына салатын адамдар болады. Кейде тысқары, ішкергі екі ғаламның да күші бірдей болып, ілтипатымызды бірдей түсіреді. Мәселен, бір нәрсе яки іс қандай көркем, әдемі болса, сондай оған сүйінеміз. Қанша сүйкімсіз, жаман болса, сонша жек көреміз.

Сүйтіп, манағыдан бергі айтылған сөздің қорытуы мынау болады: *ертек* – тысқарғы ғаламның жыры деп, *толғау* – ішкергі ғаламның күйі деп екі бөлгенімізде, тіпті сорпасы қосылмайтын бөлектік бар деп ұқпасқа керек.

3. Айтыс

Айтысқанда, екі күрескен палуандар сияқты, бірін-бірі аңдиды, бірін-бірі бағады. Күрескендегі бірін-бірі жығу үшін істейтін әдіс-амалдарды, тәсілдерді мұнда да істейді. Айтысқанда, жай сөзбен айтыспай, өлеңмен айтысады, сондықтан өлеңмен ғана айтысу айтыс деп аталады. Өлеңсіз айтыстың аты әзіл-ерегіс болады. Бәлки, өлең айтыс та о басында әзілден, ерегістен шыққан болар, бірақ бұл күнде айтыс деп өлең түріндегісі ғана айтылады. Айтыс өлеңді сөз болған соң, оған ақындық керек. Ақындықтың үстіне әдіс керек. Күрескенде күшке әдіс серік болу сияқты, айтысқанда ақындыққа да әдіс серік болады. Әдісі жоқ әйдік ақынды әдісті анау-мынау ақын жеңіп кетуі мүмкін.

Айтысқанда түрлі нәрселер жайынан сөйлеп, бірін-бірі тосуға тырысады. Көбінесе бірінің-бірі басындағы, еліндегі, жұртындағы міндерін айтып, тоспақшы болады. Айтысының бұл жағының әлеумет алдында пайдасы зор. Адамның, елдің, жұрттың басындағы келіссіз амалдарын, мінездерін айтып көрсету халықтың құлқын түзеуге зор пайдасы тиетін нәрсе. Мұнысын байқағаннан кейін, айтыс екінші түрге түсе бастаған. Айтыс бастапқы кезде шын екі ақынның айтысқаны болса да, соңғы кезде айтысты ақындар өз ойынан шығаратын болған. Яғни бір ақын екі ақынның айтысқаны қылып, екі жағының да сөзін өзі шығаратын болған. Сүйтіп, айтыс шын айтыс емес, тек шығарманың түрі болуға айналған. Адамның, елдің яки бүкіл жұрттың келіссіз істерін, мінездерін, пиғылдарын айтқысы келсе, ақындар өз атынан айтпай, айтысқан ақындардың сөзі қылып шығаратын болған. Ондай айтыстырып шығарған сөздерді соңғы кездерде екі ақынның өзіне екі адам айтысқан сияқты болып, бара-бара айтыс өлеңде айтылатын келіссіз істерді,

мінездерді алаң ауданда істетіп көрсететіндер болды. Онан әрі бара-бара осы күнгі ойналатын түрлі алаң алданышы болып шығар еді. Алдыңдағы көрсетілетін істерге *алаң алданышы* деп ат қоюда мәніс бар: ондағы көретініміз өмірдің өзі емес, тек түрі: сәулесі айнаға түскен сияқты, алаңға өмірдің өзі түспей, сәулесі ғана түседі. Алаң айнасына түсіріп көрсететін көбінесе өмір жүзінде, адам арасында болатын ұрыс-керіс, талас-тартыс, алыс-жұлыс, қуаныш-қайғы сияқты түрлі халдер болған себепті, сөз өнерінің бір түрі Еуропа тілінде тек «айтыс» мағынада емес, «айтыс-тартыс, арпалыс» мағынада ұғылады. Біздің қазақ Европа әдебиетінен үлгі алмай, әдебиетін өз бетімен жетілдіргенде, қазақтың айтыс өлеңдері алаңға түсе-түсе барып, алаң алданышына айналып, айтыс-тартыс түрге түсетіні даусыз еді. Үлгіні өзге жұрттан алғандықтан, алаң әдебиеті біз де төтеннен шығып қалды.

Әуезе, толғау, айтыс-тартыс үшеуінің кәрісі – әуезе, ортаншысы – толғау, кішісі – айтыс-тартыс. Айтыс қазақта ауыз әдебиет түрінде болғанмен, айтыс-тартыс түріндегі сөздер басқа жұрттарда жазу-сызу, өнер-ғылым шыққан уақытта пайда болған. Шын айтыстар емес, шығарма айтыстар қазақта да соңғы кезде шыққан. Асылында, айтыс-тартыс түрлі шығарма ауыз әдебиетінде жоқ.

Әуезе жайынан ескерту

Жер жүзіндегі жұрттардың түріндегі шығармалары бір-біріне көбінесе ұқсас келеді. Ондай ұқсас болатын себебі, олар шыққан заманда халықтың бәрінің, бір ананың қолында өскен балалар сияқты, көргені, өнегесі, үлгісі бір болған. Ол уақытта қай халықтың та болса табиғат бауырында болып, табиғат тауқыметінде тұрып, табиғат қабағына қарап өмір шеккен. Ол заманда адам табиғат ісіне өзгеше қарап, табиғат күшін өзгеше ұғып, бәріне өзінше мағына берген. Ол уақыттағы адамның санасын, саңылауын шамалап білгіміз келсе, бала күйге қайта түсуіміз керек. Сонда ғана дәу пері, жезтырнақ, жалмауыз

кемпір, тағысын тағылар жайынан айтылған ертегілерге ойымыз ұйып, бойымыз балқып тыңдайтын дәрежеге жете аламыз. Халықтардың басынан өткізген анайылық шағы біздің балалық шағымыз мысалды. Балалықтан шыққан адамға қайтадан балалық күйге түсуге қандай мүмкін емес болса, анайылық күйден шыққан халықтарға анайылықтан туған нәрсеге ден қойып, иман келтіру мүмкін емес. Сондықтан бұрынғылардың анайы күйдегі шығарған ертектері, ертегі сияқты әңгімелері анайы күйден өтіп кеткен. Бұл замандағы адамдардың көңіліне әсер етіп, бойын балқытып, ойын ұйыта алмайды.

Бұл сияқты сөздер заманында осы күнгі асқан ақындардың сөзінен де күштірек адамға әсер етіп, бойын, ойын алып, қанын қайнатып, жүрегін аттай тулатқан әңгімелер шығар. Ол әсерін бірақ бұл күнде көрсете алмайды, үйткені бұл күнгінің адамы ол күнгінің адамындай емес, ол күнгінің адамы табиғат заңын білмей, сырын танымай, табиғатта жоқ қасиетті бар деп білген. Кереметсіз нәрсені кереметті деп білген. Қысқасы, мәнісін біле алмаған, табиғат ісінің бәрін кереметке жори берген. Мұның аты жоққа илану болады.

Ол күндегілерге керемет көрінген нәрселердің бұл күнде алдауыш пердесі алынып, сыры білініп, сыриып, шыны ғана қалды. Күннің тұтылғаны қазаққа қанша қорқыныш кіргізіп, тасаттық бергізіп, қанша қой сойғызып, әурелеуші еді?! Бұл шақта күн тұтылуы от басындағы құманның отты көлеңкелегені сияқты ғана нәрсе болып шықты. Дауыл соғып бұрқырап, бір нәрсе ашуланған сияқты болып дүрілдеп, күрілдеп, көкті күркіретіп, тасырлатып, бұлттарды дүркіретіп айдап, найзағайды жарқылдатып, әуені тітіретіп, дірілдетіп, жапырып, жоқ қылатындай дауылдар, жауындар болады.

Табиғат бауырынан шықпаған, есі кіріп жетпеген, жас балалар сияқты ақылы еніп жетпеген алғашқы адамдардың көңіліне жол сияқты әлеуметтер қандай қорқыныш кіргізбек! Қалайша мұны бір құдіреті күшті, керемет иесі нәрсе деп танымасқа?! Ол күндегі адамдар түгіл, күні кеше осы күнгі адамдардың көбі,

молдалардың айтуымен, күн күркіреуін періштелердің бұлтқа айқайлағаны деп, найзағайды періштелердің шайтанды атқаны деп түсініп жүрген жоқ па еді?!

Бұл күнде бұрын керемет көрінген нәрсенің пердесі алынып, беті ашылып, пердесі көрініп, күн күркіреуі, найзағай ойнау, кереметтен түк жоқ, құр «электр» болып шыққан жоқ па?! Бұл электрикті өнер-білімі бар жұрттар от пен су сияқты пайдаланып отырған жоқ па?!

Күн күркіреуін періште дауысына жору сияқты, найзағай ойнауын шайтанды атқанға ұйғару сияқты, табиғат ісін танымай, басқаға ұйғару, басқаға таңу бұрын көп болған. Сондықтан ғаламда жоқ адамда ғана бар яғни адамның қиялында орын алған нәрселер бұрынғы заманда көп болған. Жалмауыз кемпір, жезтырнақ, обыр үйі, жын, пері, албасты, марту сияқты нәрселер дүниеде жоқ, адамның қиялында ғана болған нәрселер.

Өнер, білім болмағандықтан, ол күндегі адам табиғатқа қожалық қыла алмаған, табиғат сырын біле алмаған. Табиғат күшінің көбі бір керемет болып көрініп, дүние неше түрлі Құдайлардың, перілердің, періштелердің, шайтандардың, жындардың быжынап жатқан ордасы, ұясы секілді көрініп, көңіліне қорқыныш кіргізген себепті алғашқы адамдар табиғат алдында қол қусырып, құлдық қып, бас ұрумен болған. Күркіреген күннің, дүрілдеген желдің, бұрқыраған дауылдың, зырқыраған құйынның әрқайсысының істеуші иесі бар, құдайы бар деп ойлаған. Күлімдеп күнде көз салып, күйін-жайын көріп, жарық беріп жадыратып, жылылық беріп маужыратып, мәз қылып отыратын «Күн құдайды» қара әбілет басып, қараңғыласа қауіптенген, қайғырған, бір дүкіртке ұшырады деп білген. Қыс деген әбілет келгенде, күннің күші азайып, ауырғандай болып, әлсірейді. Дүниедегі нәрселердің бәрі қысылады, мұздайды, қатады. Түсі қашып, өлік сияқты жатады. Күн жазыла бастағанда, жаз болады: бәрі жадырайды, жазылады, көгереді, көркейеді. Сүйтіп, қыс пен жаздың болуын «Күн құдайдың» әлсіреуі, күшеюінен болады деп білген. Күннің тұтылуын айдың тасалауы демей, қаптаған бір қара пәле деп білген.

Адам анайы шағында бала сияқты жанды, жансыз нәрсені айырмаған. Жандысы да, жансызы да бірдей тіршілік ететін, бірдей өмір сүретін сияқты көрінген. Қуыршағын, басқа ойыншық нәрселерін жанды нәрседей көретін балалар сияқты болған. Табиғаттан ұзап кеткен жері болмаған соң, адамның өзі де табиғатпен қатар, табиғатпен жалғас, сабақтас, өзектес сияқты күйде өмір шеккен. Жансыз нәрселерді жанды деп таныған. Ол заманның адамы өлімді өлу деп білмеген. Өлгенін тірісіндей көрген, қару-жарақ сияқты тұтынған нәрселерін өзімен бірге қойған. Ішуге басына тамақ қалдырған. Қайратты адамдар тірісінде елді қорғап, қысылған, қиналған жерде ақылымен, айласымен иә болмаса қайратымен құтқарған болса, ондай адамдардың өлгенде де жәрдемі тиеді деп ойлаған. Сондықтан қысылған, қиналған шақта әруағын шақырған.

Бәрі жору, жорамалдау, ұйғару айналасында болып, нәрсенің сырын тану, шынына жету жоқ болып, ақыл жағы күшеймей, қиял жағы күшейіп, анайы заманның адамының ақылы нашар, қиялы күшті болған. Қиял ісін сынға салып тексеретін ақылы аз болған соң, қиялдаудың шеті, шегі болмаған. Адамның анайы шағындағы шығармалары орасан қияли, орасан кереметі көп, расы аз түрде айтылған. Анайы заманда адам бұл заманнан гөрі де күшті көбірек сыйлап, күшке көбірек бағынған. Көріктің пұлы болмаған, сондықтан күшті болған нәрселердің бәрін де құдай деп білген. Адамнан қадірлеп, құдайдай көретіндері батырлар болған.

Батырлары елінің қорғаны болған. Табиғат жауын да, адам жауын да қағысқан жерде батыры күшімен, ісімен мұқатқан. Ондай адамдарын құдайдай құрметтеп, батырлығын, қайратын жыр қылып, аузынан тастамай, үлкенге өнеге, кішіге үлгі еткен.

Ол жырларын бас қосқан жерде айтатын адамдары *жыршы* деп атанған. Жырлар жыршылардың аузында елден елге, нәсілден нәсілге, заманнан заманға кеткен. Ол заманда жазу-сызу жоқ. Жыршыдан жыршы жатқа үйренген себепті, жырлар ауыздан ауызға көшкен, қиялдан қиялға түскен. Әр жыршы өз

ойынша, өз қиялынша өң берген; өз қиялынша көпірткен, көркейткен. Сүйтіп, өзгеріс кіріп, көбінің өрісі кеңіп, өресі ұзайған. Батырларға адам баласына бітпейтін қайрат, адам қолынан келмейтін іс ұйғарылып, артықша қасиет, керемет таңылып, құдай болмаса да, соған жақын бір нәрсе болып, құдайлары мен батырларының арасында жік қалып жарылмаған. Ақыннан шыққан сөз, жыршыдан жыршыға көшіп жүріп, өзгеріп те болған. Шығарған ақындарын да жоғалтқан. *Батырлар жыры* бір адамның сөзі болудан шығып, мың адамдікі, жұрттікі, ұлттыкі болып кеткен. Мәселен, «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр» сияқты батырлар жыры, «Қара батыр», «Қара қылыш» сияқты ертегілер ауыздан ауызға көшіп, талай заманның түрінше түрленіп, халықтың салтымен, сарынымен бірге өзгеріп, ақынның атын, сөзінің байырғы белгісін жоғалтып, қазақ сөзі ғана болып келіп тұр. Мұндай сөздерге қазақтан басқа ие жоқ. Қатта ертек сияқты сөздердің сүлдесі басқа жұрттан алынып, жыршылар аузында екінші жұрттың салтына, сарынына салынып кеткен болуы да ықтимал. Ертегі сияқты ескі сөздердің бір адамнан шыққанын білу түгіл, белгілі бір халықтан шықты деп айтуға да қиын. Ондай сөздер айтып жүрген халықтың өз шығармасы болуға да, болмауға да ықтимал. Сөз ішіндегі адамдардың жүріс-тұрысы, мінезі өзіне сәйкес келгендіктен, әр халық өзінікі деп біледі. Сәйкес келу себебі ауыздан ауызға көшкенде әркім өзінше өң беріп, өз заманының салтына, сарынына түсіргендіктен.

Бұл сияқты сөздер көптің аузынан өтіп, көп өзгеріс көріп, алғашқы шығарған ақынынан түк белгі қалмағандықтан халық шығармасы, халық әдебиеті деп аталады.

Жоғарыда айтылған мәністер мен шығармалар екіге бөлінеді: 1) *ауыз шығарма,* 2) *жазба шығарма*.

Жазу-сызу, өнер-ғылым жоқ анайы халықтарда жазба шығарма болмайды. Ондай халықтардың асыл сөздері анайы тілмен айтылған ауыз шығармалар болады, сондықтан ондай асыл сөздер *ауыз әдебиет* яки *анайы әдебиет* деп аталады.

Жазу-сызу, өнер-ғылымы бар мәдениетті жұрттар асыл сөздерін сыпайы тілмен жазып шығарады, сондықтан олардың шығармалары *жазу әдебиет* яки *сыпайы әдебиет* деп аталады.

Қай халықтың да болса, жазу-сызу, өнер-ғылым білмеген шағы болған, сондықтан *анайы әдебиет* халықтың бәрінде де болады. *Сыпайы әдебиет* жазу-сызу, өнер-ғылым жемісінен дәм татқан жұрттарда ғана болады.

Ауыз шығарманы (анайы әдебиетті) *ауыз сөз* деп қана атап, жазба шығармалы сыпайы әдебиетті ғана әдебиет деп танушылар бар, бірақ қалай да *асыл сөздің* бәрі де тілдегі әдебиет есебінде жүріледі. Қай тілдегі әдебиетті болса да сөз қылғанда, шығармаларын сөз қылмай өтпейді. Сөйлеу жүйесінің мақсаты сөйлеу жүйелерін білдіріп, анайы тілдегі асыл сөздердің түрлерімен таныстырып, сөзден нендей нәрселер жасап шығаруға болатындығын көрсету. Сондықтан сөйлеу жүйелерін білдіргеннен кейін, қазақтың анайы әдебиетінен бастап, тілдегі бар шығармалардың түрлерімен таныстыру қажет болады.

АУЫЗ ӘДЕБИЕТ

Қазақ ауыз әдебиеті жұмсалатын орнына қарай әуелі екі салаға бөлінеді: 1) *сауықтама*, 2) *сарындама.*

Сауықтама саласына барша сауық үшін айтылатын сөздер кіреді.

Сарындама саласына жұрттасы келе жатқан салт сарынымен айтылатын сөздер кіреді. Ол салалардың әрқайсысы тарауға, тараулары тармаққа, бұтаққа бөлінеді.

Сауықтама екі тарау болады: 1) *ермектеме*, 2) *зауықтама.*

1. Сауықтама (сауық сөз) саласы

1. Ермектеме (Ермек сөз)

Ермектеме деп ермек үшін сөйленетін сөздер айтылады. Мәселен: ертегі, ертегісімек, аңыз әңгіме, өтірік өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, бас қатырғыш сияқты сөздер.

1. Ертегі. Ертегі қиялмен қисынын келтіріп қызықты ету сияқты мақсатпен шығарған әңгімелер. Ертегінің ішіндегі уақиғалар, уақиғаға қатысқан нәрселердің көбі дүниеде жоқ, қиялдағы уақиға мен нәрселер болады. Сондықтан әдебиет тарихшылары ертегілерді адамның жоққа нанған шағындағы сөзі деп есептейді. Дәу, пері, жалмауыз кемпір, жезтырнақ сияқты нәрселерге бұрынғының адамдары Құдайды, періштелердей, пайғамбарлардай, әулиелердей иланған заманда шыққан сөздер дейді. Ертегілер солай болуға тиіс жөні де бар. Ертеде шыққан әңгіме екендігін ертегі деген аты да көрсетіп тұр.

Ертегілер өтірік болғанымен мағынасыз болмайды, көбінесе ішкергі астарлы мағынасымен өнегелі келеді. Жақсылық, жамандық, достық, қастық, арамдық, адалдық, батырлық, қорқақтық, ептілік, шорқақтық, қулық, аңқаулық, тағысын тағы сондай жақтан өнеге болу, тәлім-тәрбие беру мақсатымен шығарған әңгімелер екендігі сезіледі. Бірақ ертегі дүниедегі қалыптың жағдайына қарамай, бәрінен қиял бетімен өтеді. Сондықтан ертегіде жаны жоқтар жанды болады, тілі жоқтар тілді болады. Бір нәрсе екінші нәрсенің түріне түсіп кетеді.

Ертегінің қадірі қанша деп сұрағанда, керектігіне қарай жауап беріледі. Ертегінің керек орындары: 1) халықтың ұмытылған сөздері ертегіден табылмақ, олай болса, ертегі тіл жағынан керек нәрсе. 2) Бала әдебиеті жоқ жерде ертегі баланың рухын, қиялын тәрбиелеуге зор керегі бар нәрсе, баланы қиялдандыруға, сөйлеуге үйретеді. 3) Бұрынғылардың сана-саңылау, қалпы-салты жағынан дерек беруімен керегі бар нәрсе.

Ертегі – халықтың ескіден қалған жұрнақтарының қордасы. Ол қорда қазірде шашылып, төгіліп, жылдан-жылға азайып, жоғалып барады. Ғылымды жұрттар бұрынғы адамның тұрмысын, қалпын жорамалдап, аз да болса білу үшін жердің астынан қазып, тұтынған нәрселерінің жұрнағын табуға қанша еңбек қылады! Біздей тарихы жоқ халыққа ертегіге қарап ертеде болған аталарымыздың өткен тіршіліктерін жорамалдауға болады, сондықтан елде тұрған адамдар ертегілерді жинап, жоғалмасына қам қылу борышым деп білу керек.

Қазақта ертегі көп, мұнда бірнешеуін атап өтеміз: 1) «Қара батыр», 2) «Тазша бала». 3) «Алтын айдар», 4) «Хан Шынтай», 5) «Еркем Айдар», 6) «Әжігелді», 7) «Арам пейіл, ақ пейіл», 8) «Хан қызы», 9) «Тазша», 10) «Түлкі алдауы», 11) «Дуадар қыз», 12) «Үш ұл», 13) «Балықшы жігіт», 14) «Қара көз сұлу».

2. Ертегісімек*. Ертегісімек деп ертегіге ұқсас, бірақ ертегіден гөрі әдемірек, шынға бейімірек, тұрмысқа жақынырақ, дүниеде болуға ықтималы молырақ түрде шығарған әңгіме айтылады.

Мәселен, «Алдар Көсе», «Жиренше Шешен», «Қожа Насыр», «Атымтай Жомарт» сияқты адамдар турасындағы әңгімелер; мұнда да өтірік көп, бірақ өтірігі қисынды, шынға ұқсас.

3. Өтірік өлең. Өтірік өлеңнің не екенін аты да айтып тұр. Өтірік өлең қалай шыққанын сөйлейтін ертегі бар: ол ертегінің қысқаша мазмұны – қырық ауыз қиысын келтіріп, өтірік өлең айтқан адамға бір хан қызын берем деген. Соған біреу қырық ауыз өлең айтып, қызын алған дейді.

Өтірік өлең түрлері мынадай келеді:

Бақа қызын беріпті көбелекке,
Жүріпті қара шыбын жеңгелікке.
Құмырсқаның бір туын ұстап сойып,
Той қылып, ат шаптырды төңірекке.

Ақ тышқанға күмістен таға қылдым,
Көр тышқанның терісінен жаға қылдым.
Көбелектің терісін жыртпай сойып,
Он бес қарыс жиындық саба қылдым.
Он бес жігіт жиылып көтере алмай,
Енді саба қылмасқа тоба қылдым.

4. Жұмбақ. Жұмбақ деген аты жұмудан шыққан яғни қолдың ішіне бір нәрсені жасырып, жұмып тұрып, соны тап дегеннен шыққан. Жұмбақта нәрсені қолға жұмып тұрып таптырмайды. Ойда бүгіп, айтпай қойып, сол нәрсеге ұқсас нәрселерді

* Ертегісімек – шынға жақын әңгіме болады.

сипаттап айтып, ұқсастығы бойынша таптырады. Жұмбақ зейінді ұстартуға пайдасы бар нәрсе. Жұмбақтың негізі тәріздеу яғни нәрсенің сипатын тәріздеп айту. Мәселен, арбаны жұмбақ қылғанда, адамға тәріздеп былай сипаттайды:

Ізі бар, қадамы жоқ аяғының,
Тимейді ұшы жерге таяғының.
Қолдарын хайуанға арта тастап,
Салады әуезіне баяғының.

«Киіз үйді» жұмбақ қылғанда, айдаһар тәріздендіріп былай сипаттайды:

Дүниеде бір айдаһар, білесіз бе?
Жаны жоқ қимылдауға денесінде.
Ішінде сүйектері бақша-бақша,
Жарқылдар жалғыз көзі төбесінде.

«Құлыпты» жұмбақ қылғанда, ит тәріздендіріп былай дейді:

Таң қаларлық бір ит бар;
Үй бағады, үрмейді,
Аяңы жоқ, жүрмейді,
Көмейін тықсаң, сөйлейді,
Тілін адам білмейді.
Ұлықсатсыз сол иттен
Адам үйге кірмейді.

Басқа нәрсе тәріздендірмей, тек өз сипаттарын ғана айтып жұмбақтау бар. Мәселен, балықты жұмбақ қылғанда, былай сипаттап көрсетеді:

Бір нәрсе қанаты жоқ ұшпас биік,
Сонда да жүрмейді екен жерге тиіп.
Арасын жер мен көктің өрт алса да,
Кетпейді ешбір жері отқа күйіп.

Иә болмаса бір ғана нәрсеге ұқсатпай, әр мүшесін әр нәрсеге ұқсатып сипаттап жұмбақтау да бар. Мәселен, шегірткені былай жұмбақ қылады: ат басты, арқар мүйізді, бөрі кеуделі, бөкен санды, құс қанатты, құмырсқа ізді, бота тірсекті.

5. Жаңылтпаш. Жаңылтпаш деген аты жаңылтудан шыққан. Қатарынан қайта-қайта шапшаң айтқанда, иә тіл келмейтін, иә

тіл басқа сөз қылып бұрып кететін сөздердің басын құрап, келістірген шығарма жаңылтпаш деп аталады.

Жаңылтпашқа көбінесе жаңылғанда ерсі мағыналы сөз болып шығып, күлдірерлік сөздер алынады. Мәселен:

Базардан алып келген боқжама,
Мен боқжамаламай, кім боқжамалайды?
Мен боқжамаламай, кім боқжамалайды?

Бастапқы жолын жай айтады, соңғы екі жолын шапшаң айтады.

Жаңылғанда мағынасы ерсі сөз болып шығуын көздемей, тек жаңылу үшін айтылатын жаңылтпаштар бар.

Мысалдар: 1. Бір түйем бар еді,
Бұйдалайын деп едім, бұйдалай алмадым (соңғы жолды үш рет шапшаң айтады).

2. Құдиярмен құда едім,
Құдияр мені құдалай алмады,
Құдиярды мен де құдалай алмадым (соңғы екі жолды үш рет шапшаң айтады).

3. Бай Тайқарбай, қойыңды
Ақшағылға жай,
Тайқарбай (үш рет шапшаң айтылады).

6. Бас қатырғыш. Бас қатырғыш жұмбақ сияқты бұ да ойландыратын нәрсе, бірақ жұмбақтай шешуі болмаған соң, босқа әурелейді. Шешуі жоқтығын білмей, жұмбағын табамын деп ойланып, адамның басы қатады, сондықтан бас қатырғыш деп аталады.

(Ермектеме нұсқаларын нұсқалықтың 32,
57-нші нөмірлерінен қара).

Зауықтама (зауық сөзі)

Зауықтама деп көңіл көтеру үшін сөйленетін сөздер айтылады.

Мәселен, *ертегі жыр* (батырлар), *тарихи жыр*, *айтыс өлең*, *үгіт өлең, үміт өлең*, *толғау*, түрлі *терме* өлеңдер.

1. Ертегі жыр. *Ертегі жыр* деп бұрынғы өткен батырлар турасында шығарған өлеңдерді, әңгімелерді айтады. Батырлар әңгімесі өтірік, шыны аралас қойыртпақ әңгіме болады. Шын жағы: бұрын батырлар болуы, батырлар заманында соғыс болуы, батырлар халық үшін қайрат қылуы, жұртын қоруы. Өтірік жағы: олардың мінген атына, тұтынған затына өздеріне бітпеген қасиеттерді таңу, болмаған күштерді, болмаған істерді телу, өтірік те емес, шын да емес, дүбара ертегілеу әңгіме болып шығады. Ол әңгіме өлеңмен айтылған себепті *ертегі жыр* деп аталады. Неғұрлым әріден шыққан әңгіме болса, соғұрлым қиял жағы шын жағын жеңіп, әңгіме өтірікке жақындай береді.

Батырлар әңгімесінің құны қандай деген мәселеге келсек, мұнда айту тиіс: бұрынғы жаугершілік заманда халық тән есебінде болғанда, батырлар жан есебінде болған. Сондықтан батырлар турасындағы әңгіме: халықтың жаны, рухы турасындағы әңгіме: Батырлары қандай болса, халықтың рух жағы да сондай болған. Ертек жырдағы батырлар сипатына қарасақ, ол жырлар халықтың рухы нағыз көтерілген шағында шыққандығын байқаймыз. Ошақ басы, үй-ішінің қамы сияқты өмірдің ұсақ мақсат жағымен азаматтары есептеспей, ұлы мақсат, ұлы мұратпен болып, жұрт үшін, көп үшін құрбан қылмайтын нәрсесі болмағанын көреміз. Әке-шеше, туысқан-туған, мал-мүлік, ең қымбатты жан – солардың бәрін жұрт қамының жолында бір тиынға баламағанын байқаймыз. Тоғай толған жылқысын, қора толған қойы, желі толған түйесі бар байлар, жасы 80–90-ға келгенше бала көрмей, баласы жоқтығынан әркімнен қорлық көріп, таяқ жеп, сөгіс естіп, зарығып, тарығып, «әулиеге ат айтып», «қорасанға қой айтып», өлдім-талдым дегенде жалғыз ұл көрсе, ол ұлы жұрт жұмысына керек болған жерде қартайған, әлсіз ата-анам қалып барады екен деп, оған да қайырылуы жоқ. Тоғай толған көп малым қалып барады, оны қайтемін деп уайымдап, қарайламайды.

Қобыланды жауға аттанып бара жатқанда, қарындасы Қарлыға түстік жерге шейін соңынан қалмай, ақырында қайырылмасына көзі жеткен соң, қош айтысып қалайын деп тұрып:

Желі толған сар түйе,
Ағажан, кімге тапсырдың?
Қора толған ақты қой,
Ай көке, кімге тапсырдың?
Тоғай толған көп жылқы,
Күн көке, кімге тапсырдың?
Тоқсанда әкең Тоқтарбай,
Алпыста шешең Аналық;
Ақ көке, кімге тапсырдың?
Бірге туып, бірге өскен,
Кіндігіңді бір кескен.
Көкежан деп жылаған,
Мен сорды кімге тапсырдың?
Бұ дүниеде мұңдасың,
Төсекте жатсаң сырласың,
Ақыреттік жолдасың,
Бұлаңдаған қыз Құртқа,
Оны да кімге тапсырдың? –

дегенде, Қобыланды ата-ананы, туысқан-туғанды, жарды керек қылмайтын тасбауыр, тасжүрек, қасқыр сияқты тек қанішер аң мінезді адам емес, шын адам екендігін жырдың мына сөзі көрсетеді:

Жүрегі сөзге өрекпіп,
Батыр да Қобылан тарықты,
Әскерден жалғыз қалыпты.
Қарлыға бүйтіп тұрған соң,
Ақ найзаға сүйеніп,
Ақырын өксіп қамықты.

Мұнан Қобыландының артында қалып бара жатқандары жанына бататын қымбат заттар екендігі, Қобыланды да ата-ананың, жардың, туысқанның құнын білетіндігі көрінеді. Бірақ олар қанша қымбат болғанмен, онан да гөрі батырға қымбат нәрсе – жұрт қамы, жұрт ісі. Ол жұрт ісі әлгілердің бәрінен қымбат екендігін, оның бәрін жұрт үшін құрбан қылатынын,

қатта басын да соған құрбанға байлап, жауға аттанып бара жатқандығын білдіру үшін қарындасына Қобыланды былай жауап қайырады:

Желі толған сар түйе,
Сары суға тапсырдым.
Қора толған ақты қой,
Аш бөріге тапсырдым.
Азу тісі балғадай,
Жас бөріге тапсырдым!
Тоғай толған көп жылқы,
Жасанған жауға тапсырдым!
Төртеуіңді, тәуекел,
Бір Құдайға тапсырдым!
Сендер төртеу, мен жалғыз,
Жауға кетіп барамын,
Әлдеқандай боламын,
Айналайын Қалдыжан,
Ағаңды кімге тапсырдың? –

дейді. Әкесінің жасын өте үлкен кәрі қылып, «өлдім-талдым» дегенде, зарықтырып-тарықтырып, оған жалғыз ұл беріп, ол ұлын жұрт қорғаушы батыр қылып, ер құрбандығының көптігін, үлкендігін көрсету мақсатпен істеген ақын шеберлігі де бар шығар. Бірақ елде жоқ рух ақын сөзінде де болмайды. Елде бар рухты ақын ықтимал дәріптеп, күшейтіп, көптіріп, көркейтіп айтуы, бірақ жұртта жоқ рухты ақын өзінен шығарып айта алмайды. Ақын сөзіне жұрт рухының сәулесі түспей тұрмайды. Халықтың батырлары кетіп, басқаға бағынып, рухы сөнген уақыттағы қазақ ақындарының сөзі әлгі айтылғанды сипаттайды. Байларды, мырзаларды, төрелерді, бастықтарды кейі жақсы көріну мақсатпен, кейі нәрсе алу мақсатпен мақтап, ақындықты қайыршылыққа, жараукелікке айналдырған ақындарымыз аз ба? Ақындардың олай істеуі елдің көбі қайыршылыққа, жарау кешілікке айналғандықтан, елдің дәріптеп, ұлықтайтыны бастықтар, байлар, мырзалар болғандықтан.

Сүйтіп, рухты ертек жырлар, батыр әңгімелері халықтың рухы көтерілген шақта шыққан сөз болады. Батырлардың рухынан, батырларды жыр қылған ақын сөздерінің рухынан сол жыр шыққан замандағы халық рухы қандай болғанын білеміз. Ертегілер бұрынғының қалпынан, салтынан дерек бергенде ертек жырлар бұрынғының рухынан дерек береді, бұл – бір.

Екінші – батырлар әңгімесінің құны тілге пайда беру жағынан зор. Батырлар әңгімесі өлеңмен айтылған, өлеңмен айтылған әңгіменің сөзі көпке төзеді, тез өзгере қоймайды. Солай болған соң, батырлар әңгімесінде аталарымыздың сөздері сақталып келген. Біз сияқты тілі жетіліп болмаған халыққа аталарымыздың сөздерін сақтаған әңгімелер құнды болмақ. Сондай құнды әңгімелердің бірі *батырлар әңгімесі* болады.

Соңғы уақытта қазақта сауық кеміген себепті жыршылар азайып, батырлар әңгімесі жоғалып барады. Батырлар әңгімелері – өлеңмен айтылатын әңгімелер. Жыршылар жоғалса, батырлар әңгімелері өлең түрін жойып, ертегіге айналады. Ертегіге айналса, батырлар әңгімесінің рухы, көркі жоғалып, құр сүлдесі қалады, сондықтан жыршылар жоғалмай тұрғанда, батырлар әңгімелерін өлең түрінде жыршылардың аузынан алып қалу керек. Бұл ел ішінде тұрған азаматтардың халық алдындағы борышы.

Ертегі-жырлардың қазақ ішінде көбінесе айтылатындары:

1. «Қара қыпшақ Қобыланды батыр», 2) «Нәрікұлы Шора», «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Едіге», «Қамбар».

1. Тарихи жыр. Тарихи жыр деп тарихта бар, мағлұм уақиғалар турасында өлеңмен шығарған сөздер айтылады. Қазақта өз тілінде жазылған тарих болмағанмен, қазақта болған уақиғалар, қазақтан шыққан адамдар турасында басқа жұрттардың тарихында жазылған мағлұматтар бар, халықтың өзінің есінен кетпеген, қазақ басынан кешірген уақиғалары толып жатыр. Солар туралы өлең етіп шығарған сөздер болса, солар тарихи жыр болады. Мәселен, «Орақ–Мамай», «Абылай», «Кенесары–Наурызбай», «Ерназар», «Бекет» өлендері тарихи жырлар болады. 1879–1880 жыл болған «Қоян» қысының жұты турасында шығарған өлең болушы еді. Сонда қыстың қалай болғанын,

елдің қандай жұтағанын, қандай аштық азап тартқанын айтушы еді. Сол өлең осы күнге дейін сақталған болса, о да тарихи жыр болады.* Жанкісі бидің зекетшілер турасында айтқан өлеңі қазақтың Қоқанға қараған шақтағы тарихына қатысы бар сөз болғандықтан, бұ да тарихи жыр табына жатады.

2. Айтыс өлең. Айтыс – екі палуан күрескені сияқты, екі ойыншы ұтысқаны сияқты, екі батыр жекпе-жек ұрысқаны сияқты, екі ақынның бірін-бірі сөз жүзінде аңдып, бірінің-бірі қапысын тауып жеңу үшін айтатын өлеңдері. Ақындар әдісін сөз арқылы жұмсап, бірін-бірі сөзбен шаншып, жеңеді. Әрқайсысы сөзбен шаншуға қолайлы, осал-оңтай жерін іздейді. Басында, ісінде, жұртында, ұлтында болған осалдық, кемшіліктерді айтып, сөзбен ұялтып яки сөзбен қамап, жан-жағын бөгеп, тоқтатады. Сондықтан ақындар бірінің жайын бірі білмейтін болса, әркімнен әдейі сұрастырып, мағлұмат жинайды. Елентай мен Болық айтысқанында Елентайға Болық қиын сұраулар беріп, мүдіртпек болған. Жарылқасын қожа мен Айқын айтысқанындағы бір-бірінің басындағы, амалындағы міндерін айтып, мүдірту талабында болған. Оған болмаған соң, әйел басындағы жалпы кемшілікті айтып жеңген.

«Кеншімбай мен Ақсұлу» айтысында елдеріндегі кемшілік, осалдау жағын айтып, бас адамдарының осал істерін айтып, мүдіртпек болған. «Жанақ пен Баланың» айтысында ел жағынан да, ақындардың өз жағынан да тию талап байқалады. «Қазақ пен Ноғай» айтысында қазақ ноғай жұртының мінін айтып, ноғай қазақ жұртының мінін айтып, мүдірту қамында болған.

Қазақта айтыс өлең көп, бірақ бұлар да ел ішінде жоғалып, сиреп барады. Жазу жайылған сайын айтыс өлең азайып, құруға бет алып барады. Мұның да бәрін жазып алып қалмаса, бұ да анайы әдебиеттің өшетін, жоғалатын түрі.

3. Үгіт өлең. Ақыл айтқан, жол көрсеткен, жөн сілтеген мағыналы өлеңдер үгіт өлең деп аталады. Үгіт өлең табына жатады мынау сияқты өлеңдер:

* Досмағамбетұлы Қалелде бар екен, келесі басылуында кірмек.

1. Ай, жігіттер, үлгі алма
Азған елдің ішінен!
Алыс-алыс қашыңдар,
Зияндасты кісіден!
Жақсыны көзден салмаңдар!
Жақсыдан қапыл қалмаңдар!
Өзі болған ерлердің
Аяғынан алмаңдар!
Әр елге, әр жұртқа
Алтын сақа табылмас.

2. Ай, достарым, жігіттерім,
Болмасқа болмашы болма!
Қолыңнан келсе, ақыл қайыр
Кісіден алушы болма!

3. Мақтанба бақсымын деп бағыңызға!
Қартаймақ қиын сауда тағыңызда.
Іске аспай бақ-дәулеттің қалуы оңай,
Басыңнан бағың тайған шағыңызда,
Мақтанба сұлумын деп ажарыңа!
Ажарсыз адамдарды ал, назарыңа.
Зылиха Жүсіппенен сұлу өткен,
Тұрмаған ажар ара ажалына.
Ағайын жат болады алыс болса,
Болады жат та жақын таныс болса.
Достарың, дұшпан түгіл, табалайды,
Аяғың бір нәрседен шалыс болса.

4. Үміт өлең. Біреуден үміттене, бір нәрсе дәме ете айтқан ақындардың өлеңдері үміт өлең табына жатады.

Мәселен, мақтау өлең, құттықтау өлең. Ескі ақындар мақтауды, құттықтауды, сұрауды кәсіп қылған. Байды, биді, ханды, төрені, мырзаны мақтап, тойын бастап, баласын құттықтап, шапан кию, ат міну – әйтеуір нәрсе алу мақсатпен айтатын

ақындар көп болған. Біреулері, мақтасам құр тастамас деп, тек мақтап қана қойған да, біреулері көрсете сұраған. Сұрамай мақтаған өлеңнің мысалы – Орынбайдың Ерденді мақтаған өлеңі. Мұнда ешбір сұрау ишараты жоқ. Көрсете сұрау Қубала ақынның сөзінде бар. Әзілмен де, жай да алу мақсатын көрсеткен сөз Шерниязда бар.

Мысалдар:

Орынбайдың Ерденді мақтағаны:
Ассалаумағалейкум, батыр Ерден,
Кетіп тұр бақ-дәулетің тағы керден.
Ішінде мың қарғаның бір бүркіттей
Көзіме көрінесің келген жерден.
Сұңқардың екі мұртың жебесіндей,
Ақылың ұшан дария кемесіндей.
Сұрасаң биіктігің, мен айтайын,
Күн шалған Алатаудың төбесіндей.

Қу баланың жалғыз биесі өлгенде ноғай* мырзаларынан жәрдем сұраған сөзінен:

Бір Алла, мал мен басқа қаза бердің,
Күніме жаяулықпен жаза бердің.
Сіздерді көп беймаза еткенімнен
Ұялып, ортаңызға азар келдім.
Арқама тарыққанда сүйеуім деп,
Ортаңа бұ қазамды шаға келдім.
Тыңдаңыз, кіші іні, үлкен аға!
Алламыз не берсе де жоқты шара!
Жеңілтіп есебінен жібереді,
Қалай да қиын екен жалғыз қара.
Сіздерге менің мұным қиын емес,
«Ау» десең, ноғай болып ортаға ала.
Жатсам да болар еді-ау сұрап хақтан,
Дұшпанның сөзі болад біздің арттан.

* Ноғай деген Бөкейлікте қазақ елі бар.

Ер өлмес жаяулықтан, жан қиналар,
Бір бие берілмесе қалың халықтан.
Жарарлық басшылыққа аға, іні бар,
Қайтемін жабы туса арғымақтан.

Шернияз ақынның Баймағамбет правительдің қыз ұзатқан тойын бастаған сөзінде айтқаны бар:

Сөйлемес бөтен қазақ мен тұрғанда,
Аузымда Тәңірі берген жел тұрғанда.
Мен кімге сөз сөйле, деп жалынамын,
Өлең айтатұғын кең тұрғанда.
Бұ тойда не берсе де мен аламын,
Дәнеңе жоқ шұқанаққа көл тұрғанда.

* * *

Сұрқия Кенесары қашаған хан,
Серғазы талай жасты жасаған хан
Дәулетін байекемнің айырма деп,
Тілекті мен тілейін жасағаннан.
Жарлыны жалғызбенен бір теңгердің,
Алтынды айналайын босағаңнан!
Кеңеске келіссіз сөз тек қосайын
Тап атам Жарылғасқа ұқсағанмын.
Қарастым тойды жақсы бастады деп,
Берсең де бір қысырақ қосақ алман.

5. Толғау. Толғау (яки *мұңды өлең*) деп көңілдің неше түрлі күйін шешетін өлеңдер айтылады. Мәселен, ғашықтық сағыныш, қайғы, күйініш, кейістік, кіжініс, өкпе, наз сияқты көңіл күйлерін білдіретін өлеңдер.

Мысалдар:

1. Көзіме көріндің де кетіп қалдың,
Кәдірі болмайды екен қолда бардың.
Әйдем де болмай жатып, сағынғаннан,
Өлеңмен атыңды атап, әнге салдым.

Сағындым, жаным, сені бір күн болмай,
Жолыңа көп қарадым шыдай алмай.
Кетіппін, жаным, саған қатты үйреніп,
Көңілім басылмайды бір жыламай.

Шырағым, жүзің раушан, сөзің балдай,
Жолыңа қараймын деп көзім талды-ай.
Бір себеп ойлағанға бола ма деп,
Иискеймін сағынғаннан орамалды-ай.

Жан еркем, мен жүремін мұндай күймен,
Бар ма екен, ашық жарын мендей сүйген?
Сен бір шам, айнала ұшқан мен пәруана,
Айналып, аламын деп отқа күйген.

Есімнен еш кетпейді сүйген жаным,
Білмейді ешбір адам менің халім.
Құдай-ау, ырзалықпен айрылмадым!
Көңілімде бұл турада көп-ті арманым.

Басымнан еш кетпейді қара бұлт,
Құдайдан етуші едім қатты үміт.
Жапырмай, бұ не деген істер болды?
Көргенім, ойнағаным бәрі де ұмыт.

Барады ішім толып қайғыменен,
Деуші едім айрылмаспын сүйгенімнен.
Бар қайғы дүниедегі басымда тұр,
Айтамын өлең қылып күйгенімнен.
Қапалық көңілімдегі өлең болған,
Ойласам, еске түсер өткен заман.
Бар ма екен дүниеде мендей адам?!
Көңіліне қапалықпен қайғы толған

* * *

Он сегіз мың ғаламның
Патшасы, әуел Хақ жаббар!
Есіттің бе, сөзімді?
Жылатпай менің көзімді!
Он үш жасар Қобыланды,
Ерінбей сүйер көзімді,
Жалғызының артынан
Мұхаммет сынды ей, тақсыр,
Тар жерде еске ал өзімді!
Қызыр, Ілияс екі жар!
Омар, Оспан екі жар!
Бір кітаптың ішінде
Қырық пайғамбар аты бар
Бас-басыңа бір жандық,
Дем бермесең, біз қалдық.
Асқардан асып, бел өттік,
Белден асып, біз кеттік,
Біз бақырға көзің сал,
Әруақтар, сізді тербеттік!

Ақсұңқар құс мақтанса,
О дағы бір күн кез болар
Құсбегінің торына.
Арғымақ ат мақтанса,
О дағы бір күн кез болар
Қаланың қазған орына.
Осы кеткен жалғызым
Есен барып, сау келсе,
Егіз туған көк бесті
О да бір сенің жолыңа!
Егіз туған көк қошқар
О дағы сенің жолыңа!
Бұл алпысқа келгенде
Қобыландыдай ұл таппан
Тұрмады ма сорыма?

Мұхаммет сынды ей, тақсыр!
Қозымды бердім жолыңа,
Бір жылқыдан кем шаппас,
Келінжан баққан Бурыл ат.
Денеге мылтық тигізбес,
Дәуіт соққан жалаңғат.
Асынған қылыш белінде,
Қынаптары әрі алтын,
Ұстаған жері сап алтын,
Балдағы алтын сар болат.
Шырағының шыбыны,
Жасаған, саған аманат!
Қалғып кетсе, қағып тұр,
Адасып кетсе, бағып тұр
Қозыма келген пәлені,
Тұқылас атты шашты Әзіз,
Жәрдемші болып соғып тұр.
Көл иесі Қамбар-ай!
Жол иесі Қамбар-ай!
Қазанға қайдан қол жиды
Қарман деген заңғар-ай!
Қамбар, өзің қолдасаң,
Қолдамайтын кім бар-ай!

* * *

(Қобыландыдан)

2. Бұлғыр, бұлғыр, бұлғыр тау!
Бұлдырап тұрған құрғыр тау!
Қаптай қонар елім жоқ,
Айым, күнім Кәрібоз,
Сөйлесетін тілің жоқ!
Ел таптырар ма екенсің?
Арысаң да, жануар,
Көрсетер ең бір қара,
Саған мінер белім жоқ,

Белге қылар емім жоқ!
Бұ шамаға келгенде,
Ажалым аштан болды ма?!
Ауызға жерге жемім жоқ!
Егер өлсем бұл жерде,
Сүйегімді ұстар теңім жоқ!
Көк шалғынның үстінде
Күңіреніп жатырмын,
Үстіме киер кебін жоқ!
Еңіреп жүрген ер едім,
Қаптаған қара борандай
Өткені ме, дүние боқ!

(Тарғыннан)

3. Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Қарындастан айрылған жаман екен,
Қара көзден мөлтілдеп жас келеді.
Мына заман қай заман, қысқан заман,
Дәулет құсы басыңнан ұшқан заман.
Топырақ пен аспаннан шаң борайды,
Қаңтардағы қар жауған қыстан жаман.
Мына заман қай заман, бағы заман,
Баяғымдай болар ма, тағы заман!
Атадан ұл, енеден қыз айрылды,
Көздің жасын көл қылып ағызамын.
Мұнша қысым қылдың ғой, қатты Құдай!
Қара жер қабырғама батты Құдай.
Жаяу жүрсем, табаным ауырады,
Тым болмаса бермедің атты Құдай!

6. Терме *(яки түрлі өлеңдер).* Терме деп ат қойылуынын мәнісі – бұл түрлі шығармалар бір нәрсенің жайынан сөйлеп тұрмай көп нәрсені теріп, сөз қылып өтеді. Көп нәрсені сөз қылғанда, әрқайсысына айналып, баяндап жатпайды. Түрлі шөптің басын шалып оттап, тоқтамастан, желге қарай тартып бара

жатқан мал сияқты. Терме айтушылары түрлі нәрсені сөз қылып, бірақ ешқайсысына айналмастан, кідірместен, ілгері қарай сырғи береді.

Мысал:

Арғымақ жабы көрінер
Аса шауып бұланса.
Айдын көл батпақ атанар
Айдыны құрып, суалса.
Бәйтерек сабау көрінер
Жапырағы түсіп, қуарса.
Біраз ғана сөйлейін,
Жақсылар, сізге ұнаса.
Арғымақ жайлап не керек,
Артынан жабы жеткен соң?
Ағайын, туған не керек,
Аңдасып күні өткен соң?
Қызыл тілім, сөйлеп қал!
Қызығыңды жер көрер
Ажал қуып жеткен соң!
Айт дейтін аға сіз қайда?
Айтатын оны біз қайда,
Бір төбенің басына
Тыға салып кеткен соң!
2.Сипаған сиыр білмес қызметіңді,
Сыйлаған жаман білмес құрметіңді.
Әрқалай бір сияпат еткен жаман,
Болады атқарғандай міндетіңді.
Кейбіреу өз халына өзі малай,
Бейнет көп, рақат жоқ дәулетінде.
Жарыстық қыс суықпен өмір шегіп,
Кетпей ме, бір күн тастап нәубетіңді?!

* * *

Жаманның етек-жеңі тар секілді,
Қабағы ашылмаған қар секілді.
Сүйейді жамандарды кейбір сабаз,
Бүтінді аудармайтын нар секілді.

* * *

Қосылса екі жақсы хан секілді,
Ләззаты бір-біріне бал секілді.
Бір жерге екі жаман сыйыса алмайды,
Мінезі сиыр деген мал секілді.
Жақсылар жағасы кең тон секілді,
Лайық етек-жеңі мол секілді.
Жақсының бір жаманға ісі түссе,
Қос артқан ит үстіне жол секілді.
Қосылса екі жаман ду болады,
Қараңғы жүрген жері бу болады.
Күні-түні дау-жанжалмен өмір өтіп,
Рақатсыз ішкен асы у болады.

(Зауықтау нұсқаларын нұсқалықтың 40, 54-інші нөмірлерінен қара)

II. Сарындама (сарын сөз) саласы

Сарындама үш тарау: 1) *салт сөзі,* 2) *ғұрып сөзі,* 3) *қалып сөзі.*

1. Салт сөзі.

Салт сарынымен яғни салт жөнімен айтылатын сөздер салт сөзінің табына жатады. Мәселен: *мысалдар*, *ділмар сөз* (афоризм), *тақпақтар, мақалдар*, *мәтелдер.*

1. Мысалдар. Адамның амалын, мінезін, құлқын жанды, жансыз нәрселер арқылы салт-санасына сәйкес көрсетіп, өнегелеу мысалдау болады.

Ескерту: мысалдар көбінесе хайуандар турасында шыққан ертегілерден алынады. Ондай ертегілерде хайуандарға адамша тіл бітіріп, адамша мінезделіп, іс еткізіп, түрлі мақұлыққа түрлі өнеге боларлық сипат таңған. Ақымақтыққа өнеге болатын есек, хайлакерлікке түлкі, қорқаулыққа қасқыр, момындыққа қой, мазақтыққа тырна, жарғақтыққа сауысқан, тағысын тағы солай.

Мысалдар: «Арсыз ит», «Өтірікші тышқан», «Хайуандар таласы», «Бақылдақ теке», «Құлағынан айырылған ешкі», тағысын тағы сондай сөздер.

2. Ділмар сөз. Бұрынғы даналардан, билерден, шешендерден қалған сөздер ділмар сөз (европаша афоризм) деп аталады.

Мысалдар:

1. Өлеңтіні жағалай
Тал шығады деп едім.
Тал шыбықтай бұралып,
Сал шығады деп едім.
Соққан бейіт секілді.
Үй шығады деп едім.
Қырыққан серке бұттанып,
Би шығады деп едім.

(Мөңке)

2. «Өз Дулат ұлы жүздегі бір ханға барып отырып, Қоңырат Мырзан би ханға сөз бермей, жалғыз сөйлей беріпті. Мырзан баласыз екен, соны айтып тоқтатпақ ниетпен Дулаттың бір шешені айтыпты:

Жалтақтап сөйлейсің жалғыз-ақ адамша, көтеріліп сөйлейсің көмегі жоқ адамша. Құйрығы жоқ, шолақ Мырзан, құлағы жоқ, шұнақ Мырзан, жалғыз өзің сөйлейсің бе? – деп. Сонда Мырзан айтыпты:

Сен жалғыз деп сөксең, Құдайға тілің тиеді. Жарлы деп сөксең, пайғамбарға тілің тиеді. Құйрығым шолақ болса, тұлпар шығармын, құлағым шұнақ болса, сұңқар шығармын. Құйрығы ұзынды біз итке меңзейміз, құлағы ұзынды есекке меңзейміз. Ешкі егіз табады, ит сегіз табады, шошқа тоғыз табады. Сенің

бабаң егіз еді, атаң сегіз еді, өзің тоғыз едің; сенің тоғызыңды алса, Құдайдың шамасы жоқ па? Маған бала берейін десе, баласы жоқ па? – депті.

Халық: Мынаған тасатындар депті. Дулаттың биі: «Айтқанын қылып, бітімін беріңдер», – деп топтан шыға жөнеліпті».

(Ыбырайұлы Шорман жинағаннан)

3. «Қаз дауысты Қазыбек би жолаушылап жүріп, бір үйге түстеніпті. Үй иесі үйінде жоқ екен, қатынының күткеніне ырза болып, ерін көріп кетпек ниетпен қонып қалыпты. Ері жұпынылау адам екен, Қазыбек жолдастарына қарап айтыпты:

Жігіттер, бұл сөзімнің мәнісі бар,
Мәнсіздің мәндіменен не ісі бар.
Құданың құдіретіне қарап тұрсаң,
Жапалақ үйрек ілген бір ісі бар, –

деп. Қазыбектің сөзіне қатыны түсіне қалып, былай депті:

Құда-еке, сөзіңіздің мәнісі бар,
Мәндінің мәнсізбенен көп ісі бар.
Жапалақ ілген құсын місе тұтпай,
Тағы да қоңыр қаздан дәмесі бар.

Қазыбек қатынға ырза болып, мына сөзді айтып, жүріп кетіпті:

Балаң жаман болса,
Көрінгеннің мазағы.
Атың жаман болса,
Шыбын жанның азабы.
Қатын жаман болса,
Бұ жалғанның тозағы.
Туған балаң жақсы болса,
Екі көздің шырағы.
Мінген атың жақсы болса,
Бұл дүниенің пырағы.
Алған жарың жақсы болса,
Мейманыңның тұрағы.

(Ыбырайұлы Шорман жинағаннан)

4. «Қыпшақ Досбол датқа қартайып, науқас болып жатқанда, Байсын Саудағұл және Нұрмаш деген атқа мініп, ел билеп жүрген үш кісі көңілін сұрай барып, Досболға айтыпты:

«Е, датқа-еке, бұрынғының арты едің, бүгінгінің қарты едің, әлдеқалай боласыз, артыңда қалатын жандарға не айтып кетесің, ілгері өткендерге не айтып барасыз?» – депті. Сонда Досбол:

«Уа, сеңдерге не айтайын, заман сендердікі, жұрт сендердікі, өз ақылдарың өздеріңе жетеді. Ілгері өткендерге айтып баратын сөзім мынау: бақ деген сендер тірі күнде сұңқар еді: елде кімнің басы биік болса, соған қонушы еді, сол бақ қартая-қартая қара шыбын болды. Қайда сасық болса, соған қонды. Соқырдың көзіне қонды, пұшықтың мұрнына қонды, таздың басына қонды деп барамын», – депті. Байсын соқыр екен де, Нұрмаш пұшық екен, Саудағұл таз екен. Үшеуі ұялып, үйден шыға жөнеліпті».

Ділмар сөз иесінен айырылса иә тақпаққа, иә мақал-мәтелге айналып кетеді.

3. Тақпақ. Салт санасына сәйкес пікірлерді келтесінен келтіріп, өлең түрде ұйқастырып айту тақпақ болады. Тақпақ қысқара-қысқара маңызданып барып, мақалға айналып кететін де жері бар. Мақалдарды құрастырып қосып айтқанда, мақалдар тақпаққа айналып кететін де жері бар.

Мысалдар:

1. Ата-ананың қадірін
Балалы болсаң білерсің.
Ағайынның қадірін
Жалалы болсаң білерсің,
Ақ дененің қадірін
Сырқаулы болсаң білерсің.
Дәулетіңнің қадірін
Мал кеткенде білерсің.
Ажарыңның қадірін
Сән кеткенде білерсің.
Тіршіліктің қадірін

Жан кеткенде білерсің.
Аңдып жүрген дұшпанды
Тап жеткенде білерсің.
2. Көп отырсаң, көл азады,
Көп сабылса, жер азады.
Көп жасаса, ер азады,
Ер азған соң, ел азады.
Аяқтыға жол бермейтін,
Ауыздыға сөз бермейтін
Мыңнан озған шешеннен
Күнде қойыңды баққан
Құлағы кесік құл озады.
3. Ақыр заман адамы аласа туады,
Аласа туса да, тамаша туады.
Қулық, сұмдық ойлай туады,
Жамандыққа бойлай туады.
Итере салсаң, жығыла кетеді,
Тұра сала жармаса кетеді.
Ішсе, бозаға тоймайды,
Боқтап, түгінді қоймайды.
4. Дауыл болмай, жауын болмас,
Жауын болмай, қауын болмас,
Ит баласы сауын болмас,
Екі дау адағы ауыл болмас,
Ауыл болса да тәуір болмас.
Өзіңнен тумай, ұл болмас,
Сатып алмай, құл болмас.
5. Киікті құралай бүлдірер,
Елді дүрегей бүлдірер.
Текті жігіт тек жүрер,
Текелі киік жай жүрер.

4. Мақал. Мақал да тақпаққа жақын салт-санасына сәйкес айтылған пікірлер. Тақпақтан гөрі мақал маңызды, шыны келеді.

Мысалдар:

1. Мал – жаным садағасы, жан – арым садағасы.
2. Ашу – дұшпан, ақыл – дос, ақылыңа ақыл қос.
3. Әкім адал болмаса, жұрт бұзылар; сауда адал болмаса, нарық бұзылар.
4. Асың барда ел таны беріп жүріп, атың барда жер таны желіп жүріп.
5. Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ.
6. Жоқтық ұят емес, байлық мұрат емес.
7. Қатты жерге қақ тұрар, қайратты ерге мал тұрар.
8. Күлме досыңа, келер басыңа.
9. Төртеу түгел болса, төбедегіні алады, алтау ала болса, ауыздағы кетеді.
10. Айбар керек әл керек, әлсіз айбар не керек.
11. Денсаулық – зор байлық.
12. Ауру қалса да, әдет қалмайды.
13. Өсер елдің жігіті бірін-бірі батыр дер, өшер елдің жігіті бірін-бірі қатын дер.
14. Ұрлықтың түбі – қорлық.
15. Қойшы көп болса, қой арам өлер.
16. Шірікке шыбын айналар.
17. Көрмес түйені көрмес.
18. Битке пышақ суырма.
19. Бас білген өгізге өк деген өлім.
20. Ат жалдаған өтер, ит жалдаған кетер.
21. Жаз арбаңды сайла, қыс шанаңды сайла.
22. Ел қыдырған сыншы, тоғай аралаған үйші.
23. Көше білмес жамандар көшсе көлік өлтірер, сөйлей білмес жамандар сөзді өзіне келтірер.
24. Көре-көре көсем болар, сөйлей-сөйлей шешен болар.
25. Көріп алған көріктіден көрмей алған текті артық.
26. Ит тойған жеріне, ер туған жеріне.
27. Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аларсың.
28. Көрген жерде бой сыйлы, көрмеген жерде тон сыйлы.
29. Жер таусыз болмайды, ел даусыз болмайды.

5. Мәтел. Мәтел дегеніміз кезіне келгенде кесегімен айтылатын белгілі-белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады, бірақ мақал тәжірибеден шыққан қақиқат түрінде айтылады. Мәтел қақиқат жағын қарамай, әдетті сөз есебінде айтылады.

Мысалдар:

1. Өзі тойса да, көзі тоймайды.
2. Көппен көрген ұлы той.
3. Адасқан қаздай, рудан аздай.
4. Тамақ тоқ, көйлек көк, уайым жоқ.
5. Өткен өрел, қалған салауат.
6. Бұйдалаған тайлақтай, жетелеген мойнақтай яки мұрнын тескен тайлақтай.
7. Түлен түртпесе, түнде қайда барасың?
8. Бетегеден биік, жусаннан аласа.
9. Жығылған үстіне жұдырық.
10. Бір теңге беріп жырлатып, мың теңге беріп қойдыра алмады.
11. Қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда!
12. Келін айғыр, кемпір саяқ шықты.
13. Баланың сөзі батпандай, келіннің сөзі кетпендей.
14. Бәйбіше – Құдай бұйрығы, тоқал – иттің құйрығы.
15. Қызым үйде, қылығы түзде.
16. Жас-жастың тілегі бір, жібектің түйіні бір.
17. Ай мен күндей, әлемге бірдей.
18. Бай кісі бақырып бола ма?
19. Көзінің жасы көл болды.
20. Барымен базар, жоқты қайдан қазар?
21. Көшсе – көш қасындамыз, отырса – от басындамыз.
22. Досқа күлкі, дұшпанға таба қыла көрме.
23. Дерт батпандап кіреді, мысқалдап шығады.
24. Арғымақты жамандап, кәне, тұлпар тапқаның?! Ағайынды жамандап, кәне, туған тапқаның?!

(Салт сөзінің нұсқаларын нұсқалықтың 91, 119-нші нөмірлерінен қара)

Ғұрып сөзі.

Ғұрып сөзі деп ғұрып сарынымен яғни ғұрып бойынша істелетін істерге байлаулы сөздер айтылады. Мәселен: той бастар, жар-жар, беташар, неке қияр, жарапазан.

1. Той бастар. Тойдың кешкі ойынын біреу өлеңмен бастайды. Сонда айтылатын өлең той бастар деп айтылады.

Мысал:

Кете Шернияз ақынның Баймағамбет правительдің қызы Ақыл Қанекейдің тойын бастағаны:

Ассалаумағалайкум, алдияр хан!
Қорқады өлім десе шыбындай жан.
Сыйынып бір Құдайға сөз сөйлейін,
Тіліме жәрдем болғай бір Алладан.

Әуелі, Паруардегер, сені айтамын,
Жаратқан иемді айтпай, нені айтамын?
Той қылса қара қазақ әркім де айтар,
Бұл тойда топтан озған мен айтамын.

Сөйлемес бөтен қазақ мен тұрғанда,
Аузымда Тәңірі берген жел тұрғанда.
Мен кімге сөз сөйле деп жалынамын,
Өлеңім айтатұғын кең тұрғанда?
Бұ тойда не берсе де мен аламын,
Дәнеңе жоқ шұқанаққа көл тұрғанда.

Құдайым қуат бергей таңдайыма,
Әр түрлі өлең келді жағдайыма.
Тойында Байекемнің сөз сөйлейін,
Бітпесе есек қылып маңдайыма.

Байеке баласында жаман бар ма,
Баласын жаман деген заман бар ма?!
Той етіп, қыз ұзатпақ Хақ бұйрығы,
Болған соң Ақ бұйрығы амал бар ма?!

Атаңыз қиналады кетеді деп,
Қайсы қыз шырағыма жетеді деп.
Көшкенде көштің көркі көгершінім,
Қадірі кетсе мұның өтеді деп.

Атаңыз қиналады сіз кеткенге,
Көзінің қарашығы қыз кеткенге.
Табылмас Байекеме сіздей бала
Алты жүз арғымақпен іздеткенге.
Атаңның қиналғанын көріп келдім,
Май салған қорғасындай еріп келдім.
Ау Ата – Ау Анадан қалған жол деп,
Насихат білгенімше беріп келдім.
Той етіп қыз ұзатпақ Хақ бұйрығы,
Адам мен Ау Ананың тап бұйрығы.
Біздерге жеңешең де еріп келген
Біреудің әспеттеген аққұйрығы.
Той етсе, әдепсіз қыз көп жылайды,
Айтсын деп бауырмал қыз деп жылайды.
Той етіп, қыз ұзатпақ Хақ бұйрығы,
Болған соң Ақ бұйрығы, тек жылайды.
Алғаның хан Жәңгірдей бақты болсын,
Алтыннан күміс пенен тақты болсын.
Ақ үйің ойда тұрған қырға қонсын,
Ақ тісің аузыңды ашсаң нұрға толсын.
Үйіңе үлде менен бүлде толсын,
Болмаса күндіз пұрсат, түнде толсын.
Жасаған айтқан сөзім тұс келтіріп,
Үйіңе Қызыр Ілияс келіп қонсын.
Басымды қоса берме төменменен,
Семірмес қаз ормаса, жегенменен.
Алдыңда аз ғана сөз әңгіме айттым,
Асылдың азы жақсы дегенменен.

2. Жар-жар. Жар-жар қыз ұзатар үйде ұзататын қызды жұбату үшін айтылатын өлең. Жар-жарды екі жақ болып бастап, соңынан бір жақты етіп жібереді. Олай болу себебі: жұбатушының сөзіне әуелі жауап қайырылып отырады. Сонан соң жұбату сөз қыздың жақындарын жұбатуға ауып кетеді. Екі жақ болған жерінде жұбатушы жақ жігіттер болып, қарсы жағы қыздар болып айтады.

Мысалдар:

Ж ұ б а т у ш ы ж а ғ ы:

1. Бір толарсақ, бір тобық санда болар, жар-жар!
Қырық кісінің ақылы ханда болар, жар-жар!
Әкем-ай! – деп жылама, байғұс қыздар, жар-жар!
Әкең үшін қайын атаң онда болар, жар-жар!

Қарсы жағы:

Есік алды құба тал майда болсын, жар-жар!
Ақ бетімді көруге айнам болсын, жар-жар!
Қанша жақсы болғанмен қайын атамыз, жар-жар!
Айналайын әкемдей қайдан болсын, жар-жар!

Жұбатушы жағы:

Бір толарсақ, бір тобық санда болар, жар-жар!
Қырық кісінің ақылы ханда болар, жар-жар!
Шешем-ай! – деп жылама, байғұс қыздар, жар-жар!
Шеше орнына қайын енең онда болар, жар-жар!

Қарсы жағы:

Есік алды құба тал майда болсын, жар-жар!
Ақ бетімді көретін айнам болсын, жар-жар!
Қанша жақсы болғанмен қайын енеміз, жар-жар!
Айналайын әжемдей қайдан болсын, жар-жар!

Мұнан әрі қарай аға, жеңге, сіңілі турасында да осы ретте айтылады.

Ескерту: бастапқы ылғи айтылатын екі жол:
Бір толарсақ, бір тобық санда болар,
Қырық кісінің ақылы ханда болар, –
дегеннің орнына:

Алып келген базардан қара насар,
Қара құйрық сәукеле шашың басар, –
деп те айтылады. Жауаптағы айтылатын екі жол:
Есік алды құба тал майда болсын,
Ақ бетімді көретін айнам болсын, –
дегеннің орнына:
Жазғытұрғы ақша қар жаумақ қайда,
Құлын-тайдай айқасқан оң жақ қайда,
деп айтылады.

2. Қыздың жақындары туралы айтылатын жар-жар былай келеді:

Шымылдығың серпе сал, көрсін әкең, жар-жар!
Көздің жасын көл қылып төксін әкең, жар-жар!
Жылда-жылда ноғайдан пұл аламын, жар-жар!
Бір міндеттен құтылдым десін әкең, жар-жар!

* * *

Шымылдығың серпе сал, көрсін шешең, жар-жар!
Көздің жасын көл қылып төксін шешең, жар-жар!
Жылда-жылда боқшама бояушы едім, жар-жар!
Бір міндеттен құтылдым десін шешең, жар-жар!

Осы ретпен ағасы, жеңгесі, сіңілісі, інісі туралы да айтылады.

3. Неке қияр. Неке қияр сөз деп неке қияр кезде екі арада жүретін екі куәнің күйеу мен қыздың ырзалығын сұраған уақытта айтатын сөздерін айтамыз. Бұл әнмен айтылмайды, бірақ өлеңше ұйқасқан, дәйім бір қалыпта айтылады.

Мысал:

Куә, куә, куәдүрміз,
Куәлікке жүрәдүрміз.
Мұнда халық қасында,
Таңда Хақ қасында,
Екі кісі хақ куәлік бередүрміз.

Пәленшеден жазған (әкесін айтады), пәленшеден туған (шешесін айтады) пәленше қызды (қызды айтады) халал жұптылыққа қабыл көріп, алдыңыз ба?

Қызға айтқанда да бәрін осы қалыпша айтып, аяғында «пәленшеге халал жұпты болдыңыз ба?» дейді.

4. Беташар. Қыз келіншек болып түскенде бетін көрсетпейді. Ауылға келерде алдына шымылдық ұстап, перделеп келтіреді. Үйге кірген соң да алдына шымылдық құрып, қыз-келіншек, бала-шағалар ғана болмаса, басқаларға көрсетпей қояды. «Беташар» айтылғаннан кейін беті ашылып, шымылдық алынып, ғұрып бойынша көрінетін адамдарына келіншек сонан соң көрінеді.

Беташарды әндетіп айтпайды, жай шұбыртып, өлең түрінде ұйқастырып айтады. Беташар әуел басында толып жатқан нұсқау, жол, ереже (орысша айтқанда устав) түрінде айтылып, келіншекке естіртіліп, орнына келтіруге керек деген мағынада шығарған сөз. Бұл күнде «отқа май салу» сияқты ғана әдет мағынасына айналып кеткен беташар түрі қандай болатыны «Өлеңді сөйлемдер» деген бапта көрсетілген.

5. Жоқтау. Жоқтау – өлген кісіні жоқтап сөйлеу. Жоқтау көбінесе белгілі адамдарға айтылады. Өлген адамның қатыны, иә қызы, иә келіні зарлы үнмен өлген адамның тірідегі істеген істерін, өлгенінше бастарына түскен қайғы-қасірет, күйіктерін шағып, жылағанда айтатын жыр түріндегі сөз – жоқтауды көбінесе ақындар шығарып береді. Сондықтан жоқтау ақын лұғатты келеді.

Мысалы: Бөпе төренің қарындасы күйеуі өлгенде жоқтағаны:

Күлдер белбеу белімде,
Азалы болдым елімде.
Бөпекем жарлық берген соң,
Жүре бердім жөніме.
Бас, бас өлім, бас өлім,
Басынан келген осы өлім.
Жапырағын жайқалтып,
Жарлыны алған осы өлім.
Құдай досты Мұхаммет,
Оны да алған осы өлім.

Қылышынан қан тамған
Әліні алған осы өлім.
Өлімнің несі уайым?
Бұл істі салған Құдайым!
Қара бір шашым жаяйын!
Жаяйын да, жияйын!
Күнәлі бармақ, жез тырнақ,
Күнде қанға бояйын!
Албыраған ақша бет,
Сүйегіне таяйын!
Мөмілдеген қара көз,
Жаспенен оны ояйын.
Алшаңдап жүрген, жас төрем,
Орныңа кімді қояйын?!
Орқаш та орқаш, орқаш тау!
Бауырың толған көк бастау!
Топ ішінде қиын да екен
Жалғыз енді сөз бастау.
Басыма салған қарам не?
Мен жыламай, кім жылар,
Бетімдегі жарам не?
Бұғастың бойын өрт алды,
Жүректің басын дерт алды.
Он жеті жасар Әбижан,
Қорасан деген дерт алды.
Асыл да гауһар болатым,
Ұшайын десем, қанатым,
Әкем қосқан қосақтан
Айырды шебер Құдайым.
Алты атанға жүк арттым,
Ала арқанмен бек тарттым.
Алдынан жүрмес әкекем,
Құшақтап тұрып сөз қаттым.
Арғымақ үйірін сағынса,

Артқы аяғын қағынар.
Алғанын бейбақ сағынса,
Қаннан ендік (далап) жағынар.

6. Жарапазан. Жарапазан рамазан деген сөзден шыққан, ораза уақытында балалар, бозбалалар түнде үйдің тысында тұрып, жарапазан өлеңін айтады. Ораза ұстаған адамдар, сауап болады деп, жарапазан айтқандарға құрт, май, ірімшік, бір шаршы шүберек, басқа сол сияқты нәрселер береді. Жарапазанды кәсіп етіп, ораза уақытында ел аралап, күндіз жүріп айтатын үлкен адамдар болады. Жарапазан айтатын екеу болып жүріп айтады. Бірі жарапазан айтқанда, екіншісі қостаушы болады.

Мысалдар:

Айтушы:

Байлар, жатырмысың ұйқылы-ояу,
Тұсыңа Қыдыр келді атты-жаяу.
Мұхаммет үмбетіңе жарамазан!

Қостаушы:

Жарамазан, жарамазан!
Алла, Құдай биі рамазан!

Айтушы:

Осы үйдің шаңырағы шап-шақ қана,
Жеңешем ішіндегі аппақ қана.
Береді бізге орамал сақтап қана
Біз барамыз үйімізге мақтап қана.
Мұхаммет үмбетіне жарамазан.

Қостаушы:

Жарамазан, жарамазан!
Алла, Құдай биі рамазан!

Айтушы:

Қой ішінде екі қошқар теңеседі;
Бай, бәйбіше екеуі кеңеседі.
Бай айтар: «Саулық берсек кетер еді»,

Бәйбіше айтар: «Жаулық берсек кетер еді».
Мұхаммет үмбетіне жарамазан.

Қостаушы:
Жарамазан, жарамазан!
Алла, Құдай биі рамазан!

Айтушы:
Жарамазан айтқанның сауабы бар,
Отыз күн оразаға жауабы бар.
Берсеңіз, бермесеңіз не қамым бар?
Боз шұбар астымдағы шу, жануар.
Мұхаммет үмбетіне жарамазан!

Қостаушы:
Жарамазан, жарамазан!
Алла, Құдай биі рамазан!

7. Бата. Бата – біреуге алғыс бергенде айтылатын сөз. Батаны ақсақал адамдар айтады. Батагөй шалдар – басы бар табақты тартуға алып келгенде, асты жеп болғанда да бата қылады. Көбінесе бата тамақ жеп болған соң істеледі.

Мысалдар:

1. Құдай, оңда!
Оңға баста!
Абиыр бер!
Аман сақта!

2. Құдайым жарылқасын, бай қылсын;
Төрт түлігін-сай қылсын!
Кетпес дәулет берсін!
Кең пейіл берсін!

3. Құдайым оңдасын!
Оңдағанның белгісі
Мың саулығың қоздасын!
Сексен інген боталап,

Сегіз келін қомдасын!
Тіленшінің биесін берсін!
Үйсін, Қоңырат түйесін берсін!
Біткен аруақтарға тие берсін!

* * *

4. Асың, асың, асыңа!
Береке берсін басыңа.
Бөденедей жорғалап,
Қырғауылдай қорғалап,
Қыдыр келсін қасыңа.
Сенен байлық өтпесін.
Тәңірі берген несібең
Тепкілесе, кетпесін.
Желіңнің екі шетіне
Тай шаптырса жетпесін.
Кешке келіп жамырасқан,
Шуылдасып, маңырасқан
Қошақанның анасы
Саулық бассын үйіңді!
Бақайлары сыртылдап,
Мүйіздері жылтылдап,
Бұзаулардың анасы
Сиыр бассын үйіңді!
Шудаларын шаң басқан,
Артқы өркешін қом басқан,
Ботақанның анасы
Інген бассын үйіңді!
Шіңгір-шіңгір кісінескен,
Сүйістікпен иіскескен
Құлыншақтың анасы
Бие бассын үйіңді.

(Ғұрып сөзінің нұсқаларын нұсқалықтың 120, 126-ыншы нөмірлерінен қара).

Қалып сөзі. Қалып сөзі деп тұрмыс қалпында болатын істер сарынымен айтылатын сөздерді айтады.

Мәселен, бал ашқанда, ауру баққанда бақсылардың жын шақырғанда, тісті емдегенде *құрт шақыру*, мал бәдік болғанда, адамға күлапсан шыққанда бәдік иә *күлапсан көшіру*, бала тербеткенде айтатын *бесік жыры* – осылардың бәрі қалып сөздің табына жатады.

1. Жын шақыру. Бақсылар жын шақырғанда сарнап, өлеңше ұйқастырып, түрлі сөздер айтады. Алладан, әулиеден әруақтардан жәрдем тілейді. Жындарының атын атап, соларға сөз айтқан болады. Қобызымен серттескен болады. Солардың бәрін үйлестіріп, ұйқастырып, әдемі түрде айтады.

Мысалдар:

Әуелі Құдай есімі Алла!
Іс бастаймын бісміллә!
Тайғақ кешу, тар жолда,
Жарылқа, Алла, әр жолда!
Алтын сандық хазірет,
Сыйынғанда медет ет!
Әбиір бер әр жерде,
Айналайын құдірет!
Исламға пана Мұхаммет,
Сыйындым сізден бір медет!
Су басында Сүлеймен,
Сізден де медет тілеймін!
Күн көзінде әулие,
Жер жүзінде әулие,
Машырықтағы әулие,
Мағрыптағы әулие,
Тауда жүрген әулие,
Таста жүрген әулие,
Көлде жүрген әулие,
Шөлде жүрген әулие,

Бәріңнен медет тілеймін!
Жаңа келді шара бас,
Алпыс қойдың терісі
Бөрік шықпаған шара бас.
Жетпіс қойдың терісі
Жең шықпаған шара бас.
Тоқсан қойдың терісі
Тон шықпаған шара бас.
Жаңа келді дәу пері.
Жаңа келді күн пері,
Жаңа келді су пері.
Жаңа келді Ай қожа,
Жаңа келді Күн қожа.
Ойдан келді ол қожа,
Қырдан келді ол қожа.
Айналайын нұр қожа,
Сол қожаның ішінде
Әсіресе бір қожа.
Жаңа келді қолаң шаш,
Екі иінімнен мықтап бас!
Жаңа келді Теңгетай,
Жаңа келді Жирентай.
Перілердің бәрі де
Үстіне бір мінген тай.
Осыншама шақыртып,
Келмеймін, деп шаршатты-ай!
Ай, қобызым, қобызым!
Әбден де болжа, доңызым!
Үйеңкінің түбінен
Үйіріп алған, қобызым!
Қарағайдың түбінен
Қайырып алған, қобызым!
Қызыл қыршын тобылғы
Жәшік қылған, қобызым!

Желмаяның терісінен
Қапшық қылған, қобызым!
Жүйрік аттың құйрығын
Ішек қылған, қобызым!
Ор текенің мүйізінен
Тиек қылған, қобызым!
Тасқа шыққан ырғайдан
Құлақ қылған, қобызым!
Сексендегі кемпірдей
Белі бүкір, қобызым
Буаз қатын секілді
Арты шүмек, қобызым!
Әбден де болжа, доңызым!

1. Құрт шақыру. Тісі ауырған адамнын тісін құрт жейді деп, сол құртты түсіру үшін емшілердің айтатын сөздері болады. Сол құрт шақыру сөздері деп аталады.

Мысалдар:

Тойғын-тойғын түйе кел,
Төңірегін жия кел!
Ақ желегін сала кел!
Ағайыныңды ала кел!
Сарбас тұйғын, күйіт, күйіт!
Қара бас тұйғын, күйіт, күйіт!
Жайлаған жерді жау алды,
Қыстаған жерді өрт алды.
Жайлаған жерден қашып кел!
Жайнаған жауды басып кел!
Қыстаған жерден қашып кел!
Қаптаған жауды басып кел!
Жетер-жетер, күйт, күйіт!
Басар-басар, күйіт, күйіт!
Арқадағы алты құрт,
Арқаласып келер құрт.
Желкедегі жеті құрт,

Желкелесіп келер құрт.
Ауыздағы алты құрт,
Азуласып келер құрт.
Басар, басар, кә, кә!
Басып келер, кә, кә!
Жетер-жетер, кә, кә!
Тұйғын-тұйғын, кә, кә!
Түйінсеп келер, кә, кә!

2. Дерт көшіру. Малда болатын бәдік деген ауруды, адамда болатын күлапсан деген ауруды қазақта өлеңмен емдеу бар. Бәдік болған малды, күлапсан болған адамды ортаға ала қоршай отырып, қыз-бозбала жиылып, өлең айтып, «Көш! Көш!» деп, анда-санда айқайлап қояды. Өлеңдері онша көркем болмайды. Ұйқасқаны болмаса, жай сөз сияқты көріксіздеу келеді. Бәдік пен күлапсан өлеңі бір мазмұнды болады.

Мысалдар:

Айтамын айт дегеннен, айда күлап!
Жыландай сүйегі жоқ майда күлап!
Күләбі бұл баланың аяғында,
Болмаса аяғында, қайда күлап?
Күлапсан бұл баланың көзінде еді,
Көмекей көзінде емес, безінде еді.
Бір қиял айтпайын деп ойлап едім,
Бұл бала өлемін деп безілдеді.
Күлапсан, көшер болсаң, қалаға көш!
Қаланың іші толған шанаға көш!
Таппасаң онан жайлау, мен айтайын,
Қалада көзі шегір балаға көш!
Күлап құрғыр деген соң, күлап құрғыр!
Шоңқайып жол үстінде ома тұрғыр!
Жеріне ома тұрған жасыл түсіп,
Оқ өтіп, тас төбеңнен Құдай ұрғыр!
Ұшына орамалым түйдім тары,
Кетпейді жаз да болса таудың қары.

Көш! Көш! – деп біз кетелік, жүр, кетелік!
Күлаптың көшіп кетсін қалмай бәрі.

(Жиенғали жиғаннан)

3. Бесік жыры яки **бала тербету.** Баланы ұйықтату үшін айтатын өлең. Бала тербету түрліше айтылады, бірақ бәріне бірдей жалпы келетін де жерлері бар.

Мысалдар:

Әлди, әлди, ақ бөпем!
Ақ бесікке жат, бөпем!
Құнан қойды сой, бөпем!
Құйрығына той, бөпем!
Бәрін жеп өзің тауыспай,
Маған-дағы қой, бөпем!
Әлди, әлди, аппағым!
Қозы жүні қалпағым!
Жұрт сүймесе, сүймесін!
Өзім сүйген аппағым!
Әуіп, әлди, әуіп, алдаш!
Етегінде қуырмаш.
Жейін десе тісі жоқ,
Кісіменен ісі жоқ.
– Қарағым менің қайда екен?
– Қыздарменен тауда екен.
– Тауда неғып жүр екен?
– Алма теріп жүр екен.
Алмасынан қайда екен?
Жаңа теріп жүр екен.
Айналайын айымыз!
Алты қарын майымыз!
Жеті қарын жентіміз!
Шаһар Бұхар кентіміз!

(Қалып сөзінің нұсқаларын нұсқалықтың 27, 130-ыншы нөмірлерінен қара).

ЖАЗУ ӘДЕБИЕТ

Жазу әдебиет деп жазылған шығармаларды айтамыз. Жазылған шығармалар қазаққа жазу тарай бастағаннан бері қарай шыққан сөздер. Қазаққа жазу дінмен бірге келген. Қазақ ішінде молдалық қылып дін үйретушілер, бала оқытушы қожалар, ноғай молдалар болған себепті жазба сөзді шығарушылар да бастапқы уақытта солар болған. Қазақ ішінде олар көп тұрып, қазақтың тілін, мінезін жақсы білген. Қазақтың өлеңді сөзді сүйетін мінезін біліп, дінді халыққа молдалар өлеңмен үйреткен. Шарттарын, шариғат бұйрықтарын өлеңді хикая, өлеңді әңгіме түрінде айтып, халықтың құлағына сіңіріп, көңілдеріне қондырған, басқа мұсылмандардың тіліндегі діндер түрде шығарған. Ертегі өлеңдерді қазақтың ертегі жырларының түріне салып, қазақ тіліне аударулары дін шарттарын, шариғат бұйрықтарын өлең арқылы білдіру мақсатпен істелген іс, бірақ қожалар, ноғай молдалар көбінесе ақын болмағандықтан, қазақтың ертегі жырларындай келістіріп, мұңды, зарлы, әдемі қылып шығара алмаған. Шығармаларының сөзімен мәздемей, ертегінің жаңалығымен, әңгімесінің қисынымен қызықтырып, тамұқтың азабымен қорқытып, жұмақтың рақатынан үміттендіріп, дін арқылы тыңдаулы қылған. Қожалардың, молдалардың ішінен Шортанбай, Ақмолда сияқты ақындар шыққаннан кейін, жазба сөздері бітегене дәмділенген, бірақ қайсысында болса, белгілі бағыт болмаған. Шығарған сөздері, бағыт жағынан қарағанда, адасқан адамның ізі сияқты, бәрінің де адаспайтын жалғыз жолы – дүниеге қызықпай, ақыретке азық жи деу, ғұшыр зекет, пітір, садақа беру, жаназаға мал байлау, намаз оқу, ораза ұстау, қажыға бару жағынан ақыл айту бағыттары бәрінің де бірдей. Бұл жағынан ұлақбайды, басқа жағынан іздері былғалақшылғалақ, адам біліп болар емес. Домбыра тарту, ән салу, өлең айту сияқты халықтың үйреншікті зауықтарына дейін күнә деп, тыйғысы келген. Бірақ ұзын арқан, кең тұсауға қалыптанған қазақ шариғаттың тар тұсауына үйрене алмаған. Шыдатпай үзіп,

өз жөнімен жүре берген, сондықтан жазу әдебиетпен қатар, қазақтың ауыз әдебиеті жоғалмастан, түгел күйінде сақталған.

Молдалардан шыққан жазу әдебиет дінге қызмет қылса да, тілге қызмет қылмаған. Тілді ұстарту, әдебиетті күшейту, көркейту орнына, тілді бұзған, аздырған. Қазақтың тұтынған тілімен жазбай, шығарушылар: «Кітаби тіл», «Әдеби тіл» деп, ноғай тілімен яки сарт тілімен жазған. Қазақтың тілінде басылған бұрынғы шығармаларды алып қарасақ, қазақ тілі болмай, қазақ пен ноғай тілінің араласқан қойыртпағы болып шығады. Ол қойыртпақ тіл қожалар, молдалар шығарған сөздерде ғана емес, қазақ молдаларының шығарған сөздерінде де бар. Бұл кемшілік егерде баспа кітаптар жүзінде ғана болса, бастырған ноғайлар бұзды дер едік олай емес, жазу солай екендігін қазақ молдаларының өз қолымен жазған жазулары көрсетеді. Әдебиетті молдалар дін бесігіне бөлеп, таңып тастаған себепті әдебиет көпке дейін өңдеп өсе алмай, мешел болып, аяғын баса алмай жатқан, сол күйінде тұрғанда орыс үкіметінің саясаты келіп килігеді. «Қазақ діні шынығып жетпеген шала мұсылман халық, мұны мұсылман дінінен христиан дініне аударып жіберу оңай» деген пікірмен, орыс үкіметі қазақ пен ноғай арасына жік салып, екеуін айырғысы келеді. Оның үшін қазақ байлары ноғайша оқымай, орысша оқитын боларлық саясат жүргізеді. Қазақ балалары үшін школ ашады, ноғайға қазақтың жазу жағынан сорпасы қосылмас үшін араб әрпін қалдырып, қазақ тіліндегі кітаптарды орыс әрпімен басады. Орыс өзіне тартып, ноғай өзіне тартып, екеуі екі жаққа сүйреп жүргенде, қазақ орыс әдебиеті арқылы Европа жұрттарының әдебиеттерімен танысады.

Бұрын қазақта жоқ сөздердің түрлері шыға бастайды. Дін күшімен емес, тіл күшімен өзін тыңдайтын сөздер шыға бастайды. Бастапқы жазба әдебиеттің бас мақсаты – дінді жаю, дінді күшейту болса, соңғы әдебиеттің бас мақсаты – тілді ұстарту, әдебиетті күшейту, көркейту болады. Сүйтіп, жазба әдебиеттің өзі екі дәуірге бөлінеді: 1) *діндар дәуір*, 2) *ділмар дәуір*. *Діндар – діншіл* деген мағынада, *ділмар – тілшең* деген мағынадағы сөздер.

Қазақ әдебиетінің діндар дәуірі де, ділмар дәуірі де халық әдебиетін дамытып, күшейтуден туған дәуірлер емес, басқа жұрттардың әдебиетінің әсерінен туған дәуірлер. Діндар дәуір әдебиетімізге араб, парсы әдебиетінен үлгі алып, соларға еліктегеннен пайда болған. Ділмар дәуір орыс әдебиетінен өнеге көріп, үлгі алып, соны еліктеуден пайда болып отыр. Мұндай бір жұрт екінші жұрттан әдебиет жүзінде үлгі алу жалғыз бізде ғана болған іс емес, барша жұрттың басында болған іс. Осы күнгі әдебиеттің түп үлгісі грек жұртынан алынған. Грек әдебиетінен үлгіні Рум алған, Еуропадағы басқа жұрттар алған. Біздің орыс та әдебиет үлгісін Еуропадан алып отыр, біз орыстан алып отырмыз.

Жазу әдебиетіне басқа жұрт үлгісі қатысқандықтан, бізде жазу әдебиет шығармаларын діндар дәуірдікі болсын, ділмар дәуірдегі болсын ауыз әдебиетше тұтыну орнына қарай бөлмей, айтылу орнына қарай бөлеміз. Басқа жұрттардың әдебиеті де солай бөлінетіні «Дарынды сөз түрлері» деген бапта жалпы түрде ғана айтылып өтіп еді. Енді қандай түрге бөлінетінін, қандай сөз қай табына қарайтындығын толығырақ түрде баяндамақпыз.

Жазу әдебиеті негізінде үшке бөлінеді:

1. Ертек (әңгіме). 2. *Толғау*, 3. *Айтыс-тартыс*. Жазу әдебиетінің ертек түріне кіретін сөздері – *ауыз ертек, ертек жыр, тарихи жыр, мысалдар* сияқты сөздер. Толғау табына кіретін *ауыз толғау*, жоқтау сияқты көңіл күйінен шығатын сөздер. Айтыс-тартыс табына кіретін сөздер түрі ауыз әдебиетте жоқ. Ашып айтқанда, ауыз әдебиетте айтыс-тартыс түріндегі сөздердің ауыз әдебиетте айтысы бар да, тартысы жоқ. Айтыс-тартыс түріндегі шығармалар жалғыз қазақта ғана емес, басқа жұрттардың да ауыз әдебиетінде болмаған, айтыс-тартыс түрдегі шығармалар өте шеберлікті керек қылғандықтан, өнер күшейген кезде шыққан.

ДІНДАР ДӘУІР

Діндар дәуір *ауыз әдебиет* түріне түр қосып жарытқан жоқ. Анайы әдебиеттегі шығармалардың түрлеріне діншілдігімен ғана айрылмаса, айрықша түр-тұрпатымен айырыла қоймайды. Діндар жағының басымдығымен айырылатын түрлері мынау: қисса, хикаят, мысал, насихат (үгіт), мінәжат, мақтау, даттау, айтыс, толғау, терме. Бұлардың әрқайсысын қысқаша баяндап, мысал келтіріп, сыр-сипатын көрсетіп өтейік.

1. Қисса – өлеңмен жазылған, көбінесе діндар әңгімелер. Бұл әңгімелер қазақ тұрмысынан алынған сөзден емес, басқа жұрттардың ертектері. Мазмұнына қарағанда қисса екі түрлі:

1) Дінді қасиеттеу үшін мұсылман дінінің артықтығын, асылдығын халықтың құлағына сіңіріп, көңіліне қондыру мақсатымен шығарған қисса. Бұлар кәпірлермен соғысқанда Құдай қолдап, мұсылманның жеңгендерін, кәпірлердің дінге енгендігін сөйлеп өтеді.

2) Шариғат бұйрықтарын орнына келтірмеген адамдардың өмірінен де мысал келтіріп, шариғат бұйрығын орнына келтірген адамдардың өмірінен де мысал келтіріп, келтіргенге не болғанын, келтірмегенге не болғанын көрсетіп, елге шариғат бұйрығын істеу мақсатпен шығарған қиссалар. Мұндай қиссаларды өлеңшілікті тіленшілікке айналдырып жіберген ақындар, жыршылар сияқты Алланы азыққа, тамаққа айналдырып жіберген молдалар шығарған: зекет, ғұшыр, пітір, бедие сияқты нәрселердің берілетін орнын айтпайды, беру керектігін айтып зарлайды (берсе, кімге беретінін айтушылар өзі біледі).

Бастапқы түрлі қиссалар «Зарқұм», «Салсал», «Сейпіл Мәлік» сияқты ұзақ келеді. Соңғы түрлі қиссалар «Мұса мен Қарынбай», «Жұм-Жұма» сияқты қысқа келеді. Ұзақ қиссалардың мазмұнын айтып, мысал үшін көрсетуге көп орын алады.

Сондықтан қысқа қиссалардың бірінің мазмұнымен ғана таныстырып өтейік.

Мәселен, алайық «Мұса мен Қарынбай» қиссасын. Шығарушы Жүсіпбек Шайқы Исламұлы Айқоқын. Бұл қисса

не мақсатпен жазылғаны қиссаның мазмұнынан, жазушының бастау сөзі мен аяқтау сөзінен де көрініп тұр. Бастамасындағы сөзінің түрлері мынау:

Жарандар, бұл сөзіме құлағың сал:
Аузымнан шыққан сөзім шекер мен бал.
Өзім білген кітаптан оқып көрдім,
Жарандар, арам дейді зекетсіз мал.
Малайы құдіреті көп паруардегер,
Құдайға жақсы пенде құлдық қылар.
Малыңнан қайыр, зекет бермей өтсең,
Ақыретте қарыңнан тас шығарар.

Қиссаның қысқаша мазмұны мынау: Қарынбайға зекет бергіз деп Құдайдан Мұсаға әмір келеді. Мұса Қарынға барады. Қарын малы сансыз көп бола тұрып, Мұсаға мал союға қимай, мысық сойып, алдына әкеліп қояды.

Мұса «мыш-мыш» дегенде, табақтағы ет мысық болып тұра келеді.

Қарынға қатты ашуланады, бірақ «малыңнан зекет берсең, мысық сойған күнәңді кешемін», – дейді. Қарын: «Саған зекет беретін қолайлы малым жоқ», – дейді. «Зекет бермесең, жер жұтсын!», – деп, ақырңғанда періштелер келіп, жер кіндігін тартады. Жер тартып, Қарын белуарынан кіреді. Мұса қолынан ұстап тұрып: «Зекет бересің бе?», – деп сұрайды. Қарын: «Өлтірсең де бермеймін», – дейді. Мұса: «Тарт, тағы!» – деп әмір еткенде, Қарын жерге иегінен енеді. «Зекет бересің бе, Құдай жүзін көрмейсің, малың шаян болып шығады. Жаннам түбіне кетесің»,– деп Мұса үгіттесе де, Қарын болмайды. «Өлтірсең өлтіре бер, бірақ мал бер деген сөзді аузыңа алма!»,– дейді. Мұса: «Өз обалың өзіңе, бар!» дегенде, Қарынды малмүлкімен жер тартады. Сол күйі мал-мүлкімен әлі күнге дейіп Қарын жерге жұтылумен барады дейді. Қиссаның аяғында жазушы былай деп тағы үгіттейді:

Әй, мұсылман жарандар,
Малыңнан зекет беріңіз!
Бірлігін Хақтың біліңіз!

Хақ жолымен жүріңіз!
Пәк болады дініңіз.
Бұ дүниенің, жарандар,
Сағатындай болмайды
Ақыретте күніңіз.
Әй, жамағаттар, жарандар!
Сөзіме құлақ салыңыз!
Жақсыдан ғибрат алыңыз!
Арам болар, жарандар,
Зекетсіз жиған малыңыз.
Шариғаттан сөз айтқан
Молданың тілін алыңыз!
Құдай берген таусылмас,
Өлшеп берген дәміңіз.

Бұл сияқты сөздердің мақсаты айқын болғандықтан, көп сөз қылудың қажеті жоқ. Молдаларға пайдасы көп, үйткені зекет берсе, молдаға беретіні мәлім. Жұртқа келтіретін зияны көп, әсіресе тілге келтіретін зияны есепсіз.

2. Хикаят. Діндар дәуірдің өнеге үшін шығарған әңгімелері хикаят деп аталған. Хикаят дін үйрету ғана мақсатпен шығарған сөздер емес, діннен басқа жағынан да өнеге көрсету үшін айтылады. Сондықтан хикаят тақырыбы түрлі-түрлі болады.

Мысал:

Бекер босқа жүргенше бойды балап,
Жақсы депті әр іске қылған талап.
Пайғамбары Құданың заманында
Жүреді екен бір жігіт бекер қарап.
Қылып жүрер бір жұмыс өзге пенде,
Бекер жүрер бірақ сол көргенде.
Түс суытып, қарамай өтеді екен,
Ол жігітке Пайғамбар кез келгенде.
Жолыққанда бір сапар күліп өтті,
Көргеннен-ақ қарасын күлімдепті.
Сахабалар: «Тақсыр-ау, күлмеуші еңіз,

Не себептен күлдіңіз бүгін?» – депті.
Айтты сонда: «Себеп бар күлгенімде,
Күлмеуші едім жолықса ілгеріде.
Екі шайтан қасында жолдас еді,
Бекер қарап ілгері жүргенінде.
Отыр екен бұл сапар жерді сызып,
Жолдастықтан қашыпты шайтан бұзып.
Келіп екі періште қасында отыр!
Сол себептен күліп ем көңілім қызып».
Бекер жүрген батады бәлекетке,
Адам болсаң, жолама ол әдетке.
Құры қарап жүргеннен артық дейді
Пайдасыз бекер қылған әрекет те.

(Молда Мұса)

3. Насихат. Насихат деген – ақыл, үгіт мағынасындағы сөз, діндар дәуірдегі үгіт өлеңді шығарушылар насихат деп атаған. Діндар дәуірде насихат айтушылар насихатын да шариғат жолына тіреп айтқан. Мәселен, Әбубәкірдің ұрыға айтқан насихатында былай дейді:

Бала едің иман жүзді, жылы деген,
Жігітке тәуір ат па ұры деген.
Ақсақал батасын ал, бұлай етпе,
Берекет таба алмассың мұныменен.
Адалда, бір де болса, берекет бар,
Арамның ер байымас мыңыменен.
Не пайда көрді ата-анаң асыраған,
Кемдікке арланады асыл адам.
Дүниеде берекетті бақыт табар
Құдайдың бергеніне тасымаған.
Алланың рақметінен құр қалады
Жиһанда сендей болған пасық адам.
Кемдікке еті қызып ренжімес
Сүйекте қасиет жоқ жасық адам.

Жиһанда кім десеңіз ұры болар,
Алланың рақыметінен қашық адам.

Сол Әбубәкірдің қатынға айтқан насихатында мынадай сөз бар:

Ей, қатын, араз болма, еріңменен!
Бәлені шақырмаңыз көрінбеген.
Қажымен қарап тұрып дұшпан болсаң,
Басың да қатар болар өлімменен.
Үгіттеп екеуіңді қоса келдім –
Ағашты жабыстырған желімменен.
Бұл қажы жас күнінде қызды құшқан,
Алаштан таңдап алып, сізді құшқан.
«Қатынның ері – пірі» деген сөз бар,
Еріңмен тірлікте болма дұшпан.
Еріне қызмет қылған жақсы әйел
Сиратта қыл көпірден құстай ұшқан.
Жан болсаң ақылың бар, түсінерсің,
Көрсеткен, ей, жеңеше, менің нұсқам.
Жақпаса қатын ерге – жатқа жақпас,
Екінші, тірілікте халыққа жақпас.
Ішіне қараңғы көр кірген күні
Көп болар қабір, ғазап тыныш жатпас.

* * *

Насихат болады мынадай сөздер де:

1. Атқа мінген азамат,
Халалдық қыл да, тап залал!
Пайдасын ақыр көрерсің.
Харамдық қыл да, пайда тап!
Залалын ақыр көрерсің.
Бүгін жеген қақыңды
Таңында бір күн берерсің.
Алып барар малың жоқ,
Иманыңменен төлерсің.

Пақыр-міскін кез келсе,
Дүниеде қайыр қыл!
Мақшарда нұрға қанарсың.
Жетім менен жесірге
Қор тұтынып сөз айтпа,
Сен де сондай боларсың.
Досыңа жақсы орын бер!
Кетсе, өзің қонарсың.
Мектепке бер, баланды!
Залым болса – жаннемге,
Ғалым болса ағарсын.
Жазғытұрғы тұқымға
Не шашсаң, соны орарсың.
Жамандықты кейін қой!
Бүгін кейін қалсаң да,
Ақырында озарсың.

(Әбубәкір)

2. Билер, пара жемеңіз!
Жалғанды жолдас демеңдер,
Ақырет қамын іздеңдер!
Жанға тіпті тимеңдер!
Кісі ақысын алмаңдар!
Аузыңа арам салмаңдар!
Дүние жиып өткен жоқ
Бізден бұрынғы Пайғамбар.
Сөз айтайын, үлкендер!
Құдайдан қапы кетпеңдер!
Әлің келсе, Мекке бар,
Старшын, болыс болам деп,
Ысырап қып мал төкпеңдер!

(Шортанбай)

4. Мінәжат. Діндар дәуір мұңды, зарлы сөздеріне мінәжат деп ат қойған. Әуелінде мінәжат деп ғұламалардың Құдайға

айтқан зары, арызы, наласы айтылған. Бара-бара зарлық, мұңдық мағынасына айналып, зарлы өлең сияқты сөздер де мінәжат деп аталатын болған. Мәселен, Сейдахмет ақын мынау сөзіне «Мінәжат» деп ат қойған:

Құдай-ау, мен не жаздым, бұл заманға?
Қадірі болмайды екен жұрт аманда.
Ел, жұрттың қасиетін қоян алып,
Болмайды еш қадірім бір адамға.
Секілді ай мен жұлдыз аспандағы,
Қажетің түссе егер бір наданға.
Үйіме келсе мейман анда-санда,
Қолыма мал түспейді қамдасам да.
Әйтеуір мұқтаждықтың жолы қиын,
Қатардан қара басым қалмасам да.
Әрбір мейман келгенде ұяламын,
Тілегім қабыл емес зарласам да.
Бір күнде іздеп тапқан кетті достар,
Сұрасқан хал, ақуал көңіл қоштар.
Деміндей айдаhардың тартқан достың
Бірі жоқ осы күнде қолмен ұстар.
Қатқан соң қабағына қар менен мұз,
Қалды ғой қараса алмай қыран құстар.

Бұл сөзден көрінеді: мінәжат түріндегі сөз әман Құдайға айтылатын сөз емес, басын ғана Құдайға қаратып айтып, ар жағы әншейін мұң сөзі болатыны. Мінәжаттың басын алып тастаса, басқасы мұң, толғау, зарлау болады. Мінәжат Құдайға қаратып бастауымен мінәжат болатын болса, мынау сөз де мінәжат болуға тиіс:

Құдая, құдіретіңе таң қаламын,
Жолында бір ғашықтың зарланамын.
Ішімді ғашық оты күйдіреді,
Сыртыма шығаруға арланамын.

* * *

Бірақ бұл мұзмұнына қарағанда мінәжаттан гөрі ғашық толғауына жақын. Нағыз мінәжат төмендегі түрлі сөздер боларға керек.

Ғашырбек соғысып жүргенде байлауда тұрған Жүсіпбек Құдайға, тауларға мінәжат етіп айтқан сөзі:

Он сегіз мың ғаламның
Патшасы едің, Құдайым!
Құдая, саған жылайын,
Кешіргейсің күнәйім!
Өзіңнің нашар пендеңмін,
Әр жапаңа көнгенмін.
Ғашырбектей тағама (нағашыма)
Медет берер күн бүгін!
Он сегіз мың ғаламды
Халық қылып бар еткен,
Неше әулие, әнбие,
Неше хакім пана еткен!
Ғашыр сұлтан тағама
Медет берер күн бүгін!

Кәпір патшасы Жүсіпбектің сөзіне ашуланып, дарға асуға бұйырғанда, Жүсіпбек медет тілеп айтқан мінәжаты мынау дейді:

Он сегіз мың ғаламның
Падишасы Құдайым!
Құдая, саған жылаймын,
Кешіргейсің күнәйім!
Кәпірлер аспақ таладар
Дар үстінде еттім зар.
Дін шырағы Мұхаммет,
Сенен басқа кімім бар!
Құдай шері, иә, Ғали,
Біздерден болшы хабардар!
Айналайын Имам ағзам!
Қанша болды менің жазам?
Кәпірлерден жетті қазам.

Шын қақиқат қозым деп,
Назар етер күн енді!

5. Мақтау. Діндар дәуірдің мақтау өлеңінде діндарлық көрініп тұр. Діндар дәуірден ілгергі ақындардың сөзінен діндар дәуірдің ақындарының сөзінде керек емес артық сөздер толып жатыр. Көбінің мақтауы да орынсыз келеді. Аят оқитын адамша көбі өлеңдерін ағузу мен бисмилладан бастайды.

Мысал:

Сарт Жақып деген ақынның Әлмәмбет судьяны мақтаған сөзі былай басталады:

Әуелі ағузу белла бастағаным,
Жарамас Хақтың есімін тастағаным.
Бесмелла рақыман рақым деп,
Етпекке шәні мадық қастағаным.
Тартамыз ағузу белла әуел бастан,
Бесімелла сөз тартылса, шайтан қашқан.
Тұсында әр патшаның бір сұрқылтай,
Тұра алман етпей қарап шәні дастан...
.....

Екінші бір Жорабай ақын деген сол Әлмағамбет судьяны мақтаған сөзін былай бастайды:

Бастаймын бұл сөзімді бисмилладан,
Қағазға бисмилла деп тартам қалам.
Жаппарым адамзатты әрқашан да
Сақтасын мұсылманды есен-аман.
Әлеке Жармолаға келіп тұрды,
Үміт көп соның үшін бір құдадан.
Жайықта даңқы шығып жатушы еді,
Келтірген бұл араға біздің талан.

Мақтауда ұлы мақсат, таза қошемет, таза ықылас болмаған. Анайы ақындар сияқты тікелей сұрамағанмен, әкім болған, төре болған, ықпалы жүрген адамдардың жылы назарында болу мақсатпен көбі жарамсақтанып, жәрәукеленіп айтқан.

6. Даттау. Сөгу, жамандау, айыбын, мінін айту – бәрінің жалпы аты даттау болады. Даттау табына бір адамның басындағы мінін айтқан сөз де кіреді, бүтін елдің, халықтың басындағы мінін айтқан сөз де кіреді. Діндар дәуірдегі даттауда көпті даттағандар көбінесе шариғат жолына шалығын айтып даттаған. Адам басын даттағанда, әуелі мақсатпен, күйініп даттаған. Үйіне қондырмаған, қонақасы оңды бермеген сияқты ұсақ себептерден реніш етіп даттаған.

Көпті даттау мысалы:

1. Әуелі бисмилла деп сөз басталық,
Алланың хақ жолынан адаспалық.
Жолы деп шариғаттың амал қылса,
Иншалла, сол уақытта азбас халық.
Азырақ осы жерден шошынамын
Өтірік пайдаға асты, рас қалып.
Жалған сөз азаматқа болды оңай,
Замана болды, халқым, әлдеқалай!
Аузыңнан жалғыз кәлам шыққан сөзің
Кезеді бір сағатта тоқсан тоғай.
Құдайым өзі сақтап, оңғармаса,
Болып тұр бұл замана судан да ылай.

(Әбубәкір)

2. Бұл болса, ешкім бақпас жолдасына,
Алданар арам дүние олжасына.
Біреудің ұры залым малын ұрлап,
Сұраса, бәле салар өз басына.
Қарсы дау біреу айтса, соны тыңдап,
Бас адам көзім жетті оңбасына.
Парқы жоқ бұ заманның адамының,
Бірінің-бірі нанбас Алласына.
Байлардың бала оқытқан ісін қара
Зекетін саудалайды молдасына.
Пақырды міскінменен партия қып,

Берері садақасын қолқасына.
Бұл сөзі Сейдахмет өтірік пе,
Рас па, көптің салдым ортасына.

7. Айтыс. Діндар дәуірдің айтыс өлеңдері де дін әсерінің күштілігін көрсетеді: ақындар айтысқанда бірін-бірі сүрінту үшін, дінге, шариғатқа теріс амалдарын көрсетіп сүрінтуге тырысады. Шариғатқа теріс істерін мін қылып мүдіртпек болады. Мәселен, Айқын мен Жарылғасын айтысқанда екеуі шариғатты жамандық-жақсылық, дұрыстық-терістіктің тиянағы, нарқы, таразысы, шариғат жөнімен бірін-бірі міндеп айтысқанын көреміз.

Айқын айтады:

Қожа-еке, есенсіз бе, сәлем бердік!
Мүбәрәк дидарыңды жаңа көрдік.
Жүзіңде рақметің бар ер екенсіз,
Жоқ шығар көңіліңізде тәкаппарлық.
Өзің біл сөйлескен соң не деріңді,
Қазірде қолыңды бер, көріселік!
Жарылғасын қожа айтады:
Жарқыным, сәлем берсең, сәламат бол!
Жетеді мұратына өлмеген құл.
Сіз берсең сәлеміңді, әлік алдық,
Сүннеті Пайғамбардың қазулы жол.
«Қол берсең, көріселік!» деген сөзің
Бұл дұрыс шариғатқа болмайды сол.
Таранған тоты құстай бала екенсің,
Мысалы екі бетің алқызыл гүл.
Хал білмек, жөн сұрамақ ғам ғанимат,
Абзалда, сөйлеселік, атың білдір.

8. Толғау. Діндар дәуірдің ақындарының толғауы да, дәуірдің жырларында да дін әсері барлығы төмендегі мысалдардан көруге болады:

Дін үшін шәр түзеп, мешіт салсам!
Хақ жолға жаннан кешіп бағыштасам.
Азаншы даусын есітіп риязатпен,
Намазға бес уақыт жаяу барсам.
Мінберде уағыз айтып тұрса имам,
Хақ іске қайым тұрып, сонан қансам,
Мүдәрріс медреседе дәріс айтса,
Шәкіртке күнде екі рет түйе шалсам.
Астыртын қалипамен ақылдас боп,
Күн сайын телеграммен хабар алсам.
Осындай қазақ затта бір ер бар деп,
Жұртына дар исламның анықталсам.
.....

Жүсіпбек, Ақыметбектердің жырында Ақыметбек ағасы Жүсіпбекке айтқан бір сөзі:

Айналайын ағажан,
Бұл кәпірге жалынба!
Көкірегің жасытып,
Бұрынғы күнді сағынба!
Қазам жетсе, өлермін,
Бұйрығын хақтың көрермін.
Патша Құдай жар болса,
Көзел шайы кәпірдің
Жан жазасын берермін.

Ғашықтық толғауында мұсылмандық, кәпірлік, шариғат сияқты нәрселер айтылмағанмен, діндар дәуірдің тіл әсері айқын көрінеді.

Бейісұлы Төлегеннің ғашық зарында мынадай сөздер бар:

Сәукілу сәлем жаздым «сат», «беб», «лам!»
Қайғылы көкірегім, көзімде нәм.
Даражаң қатарыңнан асқан еркем,
Екі «ти», бір «нұн» менен еттім кәлам.
Налышым көкке жетер етсем паған,
Бұл сырым халыққа мәлім, күмән саған.

Өмірім аз ба, көп пе өткенінше,
Қайғыңды түгесе алман етіп баян.
Біраз күн ойнап-күлдік, көңіл ашып,
Күн қайда шер тарқатар, көңіл басып?
Бұрынғы өткендерден қалған мирас —
Айрылмақ сүйгенінен неше ғашық.
Бұл күнде көңіл мәлүл менің әман,
Мақшұқым тауыса алман етіп баян.
А, дариға, дүниеде қатты қасірет
Айрылмақ көз алдында сүйген жардан.

Екінші біреудің толғауында мынадай сөздер бар:

Сипатың пері заттың баласындай,
Көп ойлап, зарланамын шарасыздай.
Өзіңмен қатар қызға көзім салсам,
Араңыз жер мен көктің арасындай.
Мақтауың жазғанменен таусылмайды,
Өлке иек қабырғаның саласындай.
Өзгеден бір омыртқаң артық, еркем,
Сыдыратіл, Мұнтағаның ағашындай.

Діндар дәуірдің налыс толғауының түрі мынау:

Аса соққан борандай
Өтемісің, күндерім?
Ғаси болып Аллаға,
Бұзылмағай діндерім.
Асулы дар астында
Зар айлаған тілдерім!
Бабай түкті сопы Әзи!
Көзіңді салшы, пірлерім!
Қолымды кәпір байлаған,
Аспаққа дарды сайлаған.
Балаудақтың көлінде
Қырық жігіт, сені ертіп,
Күндерім кәні, ойнаған?!
Мақсатыма жетпедім

Дүниедегі ойлаған.
Он сегіз мың ғаламның
Падишасы бір Құдай,
Құлым дейтін күніңді.
Қайрат қылып қан төкпей,
Қапалықта кеткенім.
Алды-артыңа қарамай,
Рас па, дүние, өткенің?
Егер қапы қалмасам,
Бұл секілді дінсізге
Пенде болар бек пе едім?
Ақырын тілеп бұл істің,
Падишасы ғаламның,
Бір өзіңнен күткенім.

(Жүсіп, Ақмет)

Намыс яки соғыс толғауы. Діндар дәуірдің жырларында кәпірлермен соғысқанда әскерге қайрат беру үшін намысын қоздырып, қанын қыздыруға айтылған намыс толғауда да дін әсері төмендегі сөздерден көрінеді.

Жүсіп, Ақымет жырында Ғашырбек қырық жігітке қайрау сөз айтқанда, былай толғайды:

Ойран етіп тау-тасты,
Қанға бояп көз жасты,
Шүлдірлетіп қызыл басты,
Сайлап шаншар күндер бүгін.
Асыл алмас пышақтары,
Тығырадан шашақтары,
Ақыметжанның қожақтары
Жаннан кешер күндер бүгін.
Ғашырбектің сол озары,
Құрылсын мақшардың базары.
Бек Жүсіптің қошқарлары
Қаннан кешер күндер бүгін.

* * *

Ат құлағын теңестіріп,
Бір-біріне кеңестіріп,
Кәпірлерді қойша қырып,
Майдан кешер күндер бүгін.

Марқайыс толғауы. Діндар дәуірдің марқайыс толғауында да дін әсері болғанын мына сөздерден байқауға болады.

Байтұрсын, Ақтас деген жақын ағалары 15 жыл каторгіде болып, қайтып келіп тұрған қуанышының үстінде айтқан Қарпық ақынның марқайыс толғауында мынадай сөздер бар:

Кәпірге қылыш сілтеп қарысқаным!
Дүниеде теңін тауып жарысқаным!
Тәніңнен, дұшпан көрсең, түгің шыққан,
Лайық заманыңа арыстаным!
Нашарды сырт дұшпаннан арашалап,
Қам ойлап, қарашыға болысқаным!
Үлгімен әр орында тұра берген
Ақылға Аплатондай данышпаным!
Достардан қасірет отын қалас ойлап,
Қайырлы сағатында қауышқаным.
Шұбалаң, Қарақоға, Жыланшықпен
Дені сау түсінікті болыстарың.
Бұл күнде сіздер үшін дұғада тұр
Атқарып жолдас болған орыстарың*.
.....

Діндарлықтың әсері жоқтауларда да бар. Бұрынғы жоқтауларда өлген адамның батырлығы, байлығы, істеген ерлігі, мырзалығы айтылып жоқталғанда, діндар дәуір турасындағы жоқтаулар дін жайын жақсы білетінін айтып жоқтайды.

Мысалы:

Бисмилла сөздің басына,
Ағайын келді қасыма.

* Кәпірге жолдас болды деп тиген сөзі.

Бір күнгідей болмаған
Дүние деген осы ма?
Көңілден қайғы босатсам,
Келе ме көздің жасына?
Жыламай неғып шыдайсың
Кешегі өткен асылға?
Асылым түсті қолымнан,
Қанатым сынды оңымнан.
Құдай қосқан жайсаңым
Адастырды жолымнан.
Отыз төртке келгенде
Ұядан ұшты алғаным,
Дүниенің білдім жалғанын!
Мезгілсіз келді кезегім
Қызығыңа қанбадым,
Кәлам шәріп хат оқып,
Ислам жолын аңдадың,
Жан тәсілім болғанша
Ақылыңнан танбадың.
Сонда біліп, ойладың
Құданың назар салғанын.
Амандаспақ сол күні
Көңілде болды арманың.
Амандастың жұртыңмен.
Бұйрығы деп Алланың.
Иманыңды құрметтеп,
Періште келсін хабарға.
Артыңда қалған біз нашар
Іздегенмен табар ма?
Кешегі сөнген шамшырақ
Орнына қайтып жанар ма?
Дүние-дәулет болса да,
Енді дәурен болар ма?

3. Терме. Діндар дәуір термесі мен ауыз әдебиет түрінің термесі бірдей. Жалғыз-ақ діндар дәуір дін сөзін көбірек қатыстырумен айрылады. Мысал үшін діндар әдебиет термесі- нен алып қарайық.

1. Шортанбай термелері:

Атамыз Адам Пайғамбар
Топырақтан жаралды.
Мұсылман, кәпір халайық
Сол Адамнан таралды.
Мұсылманға бұйырған
Көкірегіне қалалды.
Ұрлық пенен қарлықтан
Бойыңды тартып, тек жүрсең,
Көрмесін деген залалды.
Белгілі деген бейістің
Жазғы салқын самалды.
Тарихы деген тамұқтың
Қысқы суық амалды.
Ауыл малы бұралқы
Ақылы жоқ жаманға.
Атасын алдар баласы
Үшбу ақыр заманда.
Жақсылықтан айырым жоқ
Жамандық асқан заманда.
Малынан зекет бермеген,
Аузына Құдай кірмеген
Қайыры жоқ сараң да.
Алақандай ай мен күн,
Ғаламның орта жарығы.
Жаппардың екі болмайды
Әмір қылған жарлығы.
Құбылаға бас қоймақ
Мұсылманның тарығы.

Ораза, намаз қаза қылмасаң,
Көңіліңде Құдай барлығы.
Жапалық пен жалғыздық
Жалғанның жаман тарлығы.
Түшіркенген ұйқы жоқ,
Қайғының асқан зарлығы.

2. Әбубәкір термелері:

Ауру болып азамат,
Қойылса, басың жастыққа.
Достарменен сөйлесіп,
Жарамайсың достыққа.
Көңілің жүрмес хоштыққа,
Өзіңнен бақыт кеткен күн
Айналар достық қастыққа.
Не қылмайды адамзат
Әурешілік жастықта.
Дүние қуған мастыққа.
Әбу Рақман, Әбуиет,
Адасып, жолдан астық па?
Шүкірлік қылмай тастық па?!
Ғибадат бізден болса да,
Тауфық сізден білейім.
Рақметті патшамсың,
Кешіре гөр, күнәйім!
Өзің пендем демесең,
Пайдаға аспас құр уайым.
Тауфық берсең, нұрланар
Ықылас пенен дін уайым.
Зор сүйініш етемін
Мұсылман болып туғанға.
Ләпбайка деп рухым,
Хаққа мойынсұнғанға.
Шүкір қылғын, жарандар,

Жақсы мал шалып құрбанға.
Дәрет алып, намаз қыл,
Суды құйып құманға.
Зекет беріп, қажыға бар,
Айналмаңыз құр малға.
Дүниеге айналып,
Тәңірі берген дәулеттен
Мақшар күні құр қалма!
Көңілге иман бекітіп,
Үйретіңіз туғанға.
Ісламның бес парызы
Жанған оттан құтқарар
Хақ таразы құрғанда.
Шапағат қылар бес намаз
Әзірейіл жетісіп,
Жаныңды қабыр қылғанда.
Бұл дүниенің қызығы
Ұқсайды, білсең, жарандар,
Көзіңді ашып жұмғанға.
.....

(Діндар дәуір әдебиет нұсқаларын нұсқалықтың 131, 165-інші нөмірлерінен қара).

2. СЫНДАР ДӘУІРІ

Сындар дәуір деп – қазақ әдебиетінің сынды болған яғни сын арқылы шығып, әдеміленген мағыналы сөз: бір мағынасы сыны бар деген сөз болады да, екінші мағынасы мінсіз, толғаулы, сипатты деген болады.

Бұл сөздің екі мағынасының екеуі де қазақ әдебиетінің соңғы кездегі жаңа дәуірін дұрыс сипаттайды. Сын тез құрылмай, әдебиет сөзі сындар болып (мінсіз болып) шыға алмайды. Қазақтың ауыз әдебиетін алсақ та, діндар дәуіріндегі әдебиетін алсақ та, қандай жақсы болғанмен, мінсіз сұлу болмайды. Бір жерінде сұлулығы қандай зор болса, екінші жерінде міні де

сондай үлкен болады. Ақындығы қандай күшті болғанмен, айтылған екі дәуірдің ақындарының сөздерінде әдемілігінің жанында ат сүрінгендей міні тұрады. Олай болатынының түп себебі қазақтың ол кездегі ақындары асыл сөз немен асыл болатынын ақындық сезімімен сезсе де, анық біліп жетпеген

Сондықтан сөзін мінсіз етіп шығара алмаған, тыңдаушысының да асыл сөз турасындағы білімі ақындардыкіндей болып, олар да ақын созін тексеріп, сынға сала алмаған. Асыл тас, асыл темір, асыл бұйым несімен асыл болатынын білмеген адам тастың, темірдің, бұйымның жақсысын тауып алуды білмейді. Сындар дәуірге дейін қазақ ақындары да, ақын сөзін тыңдайтын әлеуметі де сөз несімен асыл болатынын білмегендіктен, сөз бағасын көтере алмай, нарқын кеміткен.

Адамға өз бойындағы үйреншікті міні мін болып көрінбей, өз үйіндегі кемшіліктер кемшілік болып көрінбейді. Жұртқа да солай: салтындағы, қалпындағы, ғұрыптағы жаман әдет жамандық болып көрінбейді. Бойдағы мін бойында міні жоқ, біреуді көргенде байқалады, үйдегі кемшілік кемшілігі жоқ үйді көргеннен кейін көзге түседі. Жұрттағы жаман әдет басқа жұрттың жақсы әдетін көргеннен кейін білінеді.

Сондай-ақ, қазақ ақындарының өздерінің де, сөздерінің де міндері, кемшіліктері, жаман әдеттері өнерпаз Европа жұртының сындар әдебиетін көргеннен кейін байқалып, көзге түскен. Сонан кейін ғана Европа әдебиетінен тұқым алып, қазақ әдебиетінің сүйегін асылдандырып, тұлғасын түзеушілер шыға бастаған. Қазақ әдебиетінің асылдануына әсіресе әсері күшті болған Абай сөздері. Абаймен қатар басқалар да шыққанмен, олар асыл сөздін жаңа сипатын Абайдай айқын көзге түсерлік етіп көрсете алған жоқ. Сондықтан қазақ әдебиетінің сындар дәуірі Абай сөздерінен басталады.

Жоғарыда айтылған «сын арқылы шығып, әдеміленген» деген сөзді шығарған сөз біреудің сынына салынып, сонан кейін шыққан сөздер деп ұқпасқа керек. «Сын арқылы шығып» дегеніміз – шығарушы өзі жазушы, өзі сыншы болған уақытта шыққан деген мағынадағы сөз. Европа әдебиетімен танысқаннан

кейін қазақ ақындары сөздің асыл болатын сырын біле бастайды. Сөздің ондай сырын білу – сын білу болады. Ат сайыс аттың жүйрік болатын сырларын білгеннен кейін сындарын біліп сынайтын болады. Сондай-ақ, сөздің асыл болатын сырын білген адам сөзді сынай біледі. Сынай білетін адам жаза да білетін ақын болса, оның ақындық жағынан шығатын сөзі сеністік (сыншылық) жағының сынына түсіп, сын арқылы шығып отырады.

Жүйрік аттың белгілі сипаттары сияқты, асыл сөзде де белгілі сипаттар болады. Сөз сол сипаттарын дұрыс көрсетумен асыл болып шығады. Мұнан асыл сөзді адамның бәрі де сөз шығаратын ақын болады деп ойламасқа керек.

Асыл сөздің сипаттарын білумен адам ақын болмайды, бірақ ақын адам сөздің асыл болатын сипаттарын білсе, сөзін таза, мінсіз шығарады. Асыл сөздің сипаттарын білу тыңдаушыға да қажет. Абайдан кейін сөзге талғау кіреді. Айтушы да, тыңдаушы да сөзді талғайтын боды, олай болғаны – Абай асыл сөздің нұсқаларын айқындап көрсеткеннің үстіне, аз да болса асыл сөз сипаттарын айтып та жұртты хабардар қылды. Абайдың «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» деген өлеңінде жақсы өлеңнің сипаттары да, қазақ ақындары мен тыңдаушылардың жоғарыда айтылған асыл сөзді танымайтын надандықтары да айтылып, аз да болса мағлұмат берілген (Абайдың сол өлеңін оқу), сүйтіп, асыл сөздің сипаттарын білу жалғыз ақындарға емес, әр адамға керек. Жақсы сөздің сипаттарын білген адам сынай білмекші, сынай білуден сөз талғауы күшеймекші. Солай болған соң, асыл сөздің басты-басты сипаттарын білу сөйлеу жүйесінің ең керек бөлімінің бірі болады.

Қазақтың жазу әдебиеті басқалардікі сияқты айтылуынша бөлінеді деген едік, бірақ ол салалардың қандай тарау, тармақ иә бұтақтарға бөлінетінін айтқанымыз жоқ еді.

Енді сол айтылған үш салаға қоятын тарау, тармақ, бұтақтар сияқты, сөздердің түрлерін көрсетіп, әрқайсысын керек орнында белгілі сипаттарымен әліптеп өтейік.

Ескерту: қазақтың сындар әдебиеті Европа үлгісімен келе жатыр және сол бетімен баратындығы да байқалады. Европа әдебиетіндегі сөз түрлері бізде әлі түгенделіп жеткен жоқ. Бірақ қазір болмағанмен, ілгеріде болуға ықтимал. Сондықтан сындар дәуірдегі сөз түрлерін жүйелеп тәртіптегенде, Европа әдебиетінің бізге келіп жетпеген түрлерін де өзіне тиісті орындарында атап отеміз. Солай еткенде дарынды сөз табына жататын сөздің түрлері мынау болмақ.

I. Әуезе яки әңгіме түрлі сөздер:

Бұл тапқа кіретін сөздер толып жатыр. Оның бәрін түгелдеудің қажеті жоқ. Басты-басты түрлерін алғанда, олары мынау болады:

1) Ертегі жыр, 2) тарихи жыр, 3) әуезе жыр, 4) ұлы әңгіме (роман), 5) ұзақ сөз, 6) аңыз өлең және әңгіме, 7) көңілді сөз, 8) мысал, 9) ұсақ әңгімелер.

II. Толғау табына қарайтын сөздер:

Толғау түрлері де толып жатыр, оның ішіндегі негізгі түрлері мыналар:

Сап толғау, 2) *марқайыс,* 3) *налыс* (мұңайыс), 4) *намыстаныс*, 5) *сұқтаныс*, 6) *ойламалдау*.

Ойламалдау түрі көп, ойламалдаудан бөлініп: 1) *сөгіс толғауы* яки даттау, 2) *күліс толғауы* яки күлкілеу, 3) *масқаралау* шығады.

Күлкілеудің өзі үш түрге бөлінеді: а) *мазақ, б мысқыл*, п) *қулық*.

Қулық та екі түрлі: бірі – *сықақ*, екіншісі – *әзіл*.

III. Айтыс-тартыс табына қарайтын сөздер:

Айтыс-тартыс табына кіретін сөздер түрі де толып жатыр. Оның ішінде негізгі басты түрлері мыналар:

1) *Айтыс сөз*, 2) *тартыс сөз*.

Тартыстың өзі басты-басты тарау болып бөлінеді:

1) Мерт яки әлектекті тартыс (трагедия), 2) *сергелдең* яки азапты тартыс (драма), 3) *арамтер* яки әурешілік (комедия).

Тартыс күйге ән-күй қосылса, тартыс зауықты деп аталады. Тартыс сөз қу тілді болса, қулықты деп аталады; қисыны қызық болса, күлдіргі тартыс болады; сиқыр мазмұнды тартыс сиқырлы деп аталады.

Қазақ әдебиетінде бұл түрлердің кейі бар, кейі жоқ. Кейі жеттікпеген, шалалау, балалау түрде. Бар түрлері төменде қазақ әдебиетінің жаңа дәуірінен басталып, тиісті сипаттарымен көрсетілмекші.

I. Әуезе түрлері

1. Ертегі жыр

Ертегі жыр деп өлеңмен айтылған ертегі айтылады. Сындар дәуірдің ертегісі бұрынғысының ертегінен сындарлығымен айрылады. Ақындар ескі ертегіні ажарлап, ертегі жыр етіп шығарады яки өз тақырыбымен, өз қиялынан шығарады. Жаңа дәуірдің ертегі жырлары Мағжан жазған Сыздық батыр турасындағы ертек, Пушкиннен аударылған «Балықшы мен балық», «Алтын әтеш» сияқты ертегілері болады.

2. Ұлы әңгіме яки роман.

Ұлы әңгіме яки роман деп тұрмыс сарынын түптеп, терең қарап әңгімелеп, түгел түрде суреттеп көрсететін шығармаларды айтамыз.

Ұлы әңгіме шығарушылар (романшылар) роман жазғанда, тақырыпты не өз заманындағы тұрмыс сарынынан алады, не өткен замандағы тұрмыс сарынынан алып жазады немесе алдағы заманның сарынын болжап жазады. Роман алған замандағы тұрмыс сарынын көрсеткенде, сондағы адамдардың үлкені-кішісі бар, жақсысы-жаманы бар, байы-кедейі, төресі-қарасы бар, жасы-кәрісі бар не істейді, не іздейді, не тілейді, неге сүйініп, неге күйінеді, неден именеді, неден күйзеледі, нені жақтырады, неден жиренеді, неге құмар, неге сұлық қысқасы, иә бүтін бір

жұрттың яки жұрттың бүтін бір табының сыр-сипатын сөзбен суреттеп, алдыңнан өткізеді.

Ертек жыр, тарихи жыр сияқты шығармалар зор уақиғалардан қара көрінім асқан адамдардың ғана істерін сөз қылады. Жалпы, қалыпты жай адамдардың істеріне, өздеріне онша назар салмайды. Ұлы әңгіменің мақсаты көптің өмір сарынын суреттеп көрсету болғандықтан, бұл туралы шығармаларда адамның да, уақиғаның да ұлысына, ұсағына бірдей назар салынады. Өмір сарынын көрсететін хаттан асқан, сирек болатын үлкен уақиғалар, ұлы адамдардың істері емес, құмырсқадай қыбырлап, түрлі жол, түрлі жөнмен тіршілік етіп, тырбанып жатқан көптің амалы. Адам өміріндегі істің ұсағы көп, ірісі аз болады. Ұсақ уақиғаның адамға күнінде оны душар болғанда, ірі уақиғаның өмір бойы оны душар келмеске ықтимал. Адам басынан кешетін көбіне ұсақ уақиға, ұсақ іс, жеңіл сүйініш, жеңіл күйініш. Ұлы әңгіме өңшең үлкен уақиғалармен болмай, ұсақ істерден де өнеге көрсетуге тырысады. Оның олай етуінде екі түрлі мәніс бар:

1) Ұсақ уақиға мың қырланып, мың түрленіп қайта айналып тұрады. Қайта-қайта болатын уақиға қалыпқа айналады.

Адам тұрмысының тағдырын күн сайын құбылып, қайта-қайта келіп тұрған ұсақ уақиғалар шешеді. Бір рет өтірік айтсаң, ол зор бәле: өтірікші, сырғиға, сенімсіз болсаң, онан тіршілігіңе келетін кесапат көп. Адам бірден өтірікші, бұзық, ұрықары болмайды, бірден түзік, әділ, адал, ізгі де болмайды; бір істегенін қайта істеп қалыптанумен бірте-бірте барып болады.

2) Ұсақ уақиғаның бірден-ақ ұлы уақиғаға себеп болатын жерлері де бар. Үлкен үйге кішкене кілт жол ашатыны сияқты, үлкен іске көбіне кіші іс кілт болады. Кіп-кішкене ұшқыннан үп-үлкен өрт шығады, аз нараздық көңілден үлкен ұрыс, төбелес, соғыс шығып кетеді. Сол сияқты адам қателескен бір ғана ісінен өмірлік тұрмысын ауырлатып алуы ықтимал. Бір дұрыс істеген ісінен жөнін түзеп, тұрмысын жеңілдетіп алуы ықтимал. Ұсақ уақиғадан ұлы уақиға тууы ықтимал болғандықтан ұсақ істің бәрін ұсақсыну керек емес. Ол ұсақ іс бәлки, зор шарапатқа

иә зор кесапатқа кілт болатын ұсақ істің бірі шығар. Олай болса, ұлы уақиғамен қатар, ұсақ уақиғаларды қатарға алу, түрін тану керек болады. Күн сайын істеліп жататын ұсақ істің ұлы іске ұласарлығы да, ұласпастығы да бар. Тіршілік ісі біріне-бірі оралып, шиеленісіп, байланып жатады. Тіршілік ісінің парқын, абырой-мәнісін білу ұйысқан жіптің ұштарын табу сияқты, қайдан басталып, қайдан тоқтайтынын, бірте-бірте арасын ашып, шешімін шешіп барып таппасаң, бірден таба алмайсың. Ұсақ іс ұсақ іспен шиеленісіп, байланысып тұрса, оны қатарға алмасаң да келер-кетері аз, ұсақ іс ұлы іске байласып тұрғанда қатарға алмасаң, қамтама қаласың. Биік мақсат, зор үміт, ұлы пікір жоқ өмір хайуан өміріне ұқсас, бірақ ұсақ істердің ішінде, ұсақсынып байқамай өтсең, опық жегізіп, өкіндіретіндері де көп болады. Тіршілік жолында жүзеге шығарайын деген ісіңе бөгет болатын көбінесе үлкен істер емес, ұсақ істер, ұсақ нәрселер; олардың бөгетшілік күші үлкендігінде емес, көптігінде. Олардың бөгетшілігін бұзуға көп күш, үлкен іс керек емес, ұсақ амал, жиі жеделдік керек. Тіршілік амалы – заманның заңын, тұрмыстың сарынын тану ғылымы, адамның іздеген, көздеген мақсаттарын білу, мақсаттарына жетуге жүретін жолдарымен танысу. Тұрмыс ғылымын жақсы білгеннің ісі – ұсақ істерге айналып, ұлы істерді де ұмытып кетпеу, ұсақ істерді ұсақсынып, қатарға алмай, қазыққа сүрінгендей болып құлап та жатпау.

Ұлы әңгіме тұрмыс тілі, өмір жүзіндегі ұлы-кіші амалдар, ұлы-кіші уақиғалар қалай бір-біріне оралып, шиеленісіп, байланысып, ұйысып, ұшы қайдан басталып, қайдан барып тоқтайтынын мысалмен көрсеткен секілдендіріп алдыңа әкеліп, түрлі жолмен, бағытпен байланыстырады, шиеленістіреді. Шиеленістіре барып, немен тынатындығын көзге көрсетеді.

Тұрмысқа сарын жасайтын адамның амалы, амалға өң беретін адамның мінезі, мінезге кейіп беретін тұрмыс төңірегі. Адамның мінезі ойының түрінен, көңілінің күйінен, істеген ісінен білінеді. Адамның тысқа шыққан пікірінде, көңілінің күйінде, еткен амалында мінезінің қай түрі көбірек көрінсе,

сол адам сол мінезді болмақ. Мінез іштен туады, бірақ шыныгып жетпей тұрғанда мінез түрін тәрбиемен өзгертуге болады. Адамға тәрбие беруші әуелі ата-ана, сонан соң ұстаз, мектеп, тұрмысындағы төңірек. Өмірінде қандай тұрмыс көрсе, нендей адамдармен кездессе, жолдас болса, істес болса, солардан өнеге көріп, үлгі алмақ. Өнер, ғылым жоқ жұртта адам тәрбиесін төңірегінен алады.

Өнер, ғылым бар жұрттар, адамдар тәрбиені ата-анадан да, төңірегінен де, мектептен де, әдебиеттен де алады. Сүйтіп, адам мінезіне өң беретін үй іші, мектеп, төңірек болып шығады. Бұлардың өзі де, адамдар түрлі болып туғандықтан, түрлі тәрбие алғандықтан, түрлі болады. Сондықтан олардан тәрбие алған адамдар да түрлі мінезді, түрлі құлықты болмақ, бірақ адам көп, мінез түрі аз болғандықтан, көп адамдар мінездес яғни бір мінезді болады. Мінездері ұқсас бірыңғай, бір кейіпті адамдарды *кейіптес* дейміз. Мінездің белгілі бір түріне кейіп беретін адамдарды *кейіпкер* дейміз. Жомарттық, сараңдық, батырлық, қорқақтық, түзіктік, бұзықтық – бұлар қай жұртта да болатын мінездердің жалпы кейіптері. Сондықтан мұндай мінезді адамдар жалпы кейіпкерлер болады.

Қазақтың арамза атқа мінерлері, қазақтың есерсоқ салдары, түйені түгімен жұтып қоятын болыстары – бұлар ұлтындағы, заманындағы кейіпкерлер болады. Ұлы әңгімешілер тұрмыс сарынын суреттегенде, сарынға кейіп беретін, өң беретін таптардың кейіпкерлерін алып суреттейді. Жазушы кейіпкерлерін неғұрлым дұрыс алса, соғұрлым ұлы әңгіме тұрмыс сарынын дұрыс суреттеп, қалыпқа сәйкес, шынға жақын болып шықпақ. Бірақ сарындаушы өз заманындағы бар тұрмысты ғана суреттеп қоймайды, өнеге үшін жоқ тұрмысты да алып суреттейді. Тұрмыс жағдайын өз ойлаған түрінше өзгертсе, өмір сарыны өзге жөнмен де кетуге мүмкіндігін көрсететін сарындаулар да болады. Ұлы әңгімеге жан беретін адамның ісі болғандықтан, мінезіне кейіп беретін тәрбие болғандықтан тұрмысқа сарын беретін ұлы, кіші адамдардың ірілі-уақты істері

болатындықтан, ол істер біріне-бірі ұласып, біріне-бірі оралып, байланысып, шиеленісіп жататындықтан, осының бәрін суреттеп шығару оңай емес. Мұны келістіріп, дұрыс пікірлеп, дұрыс суреттеп, уақиғаларды жақсы қиыстырып, сыйыстырып шығару көп жазушылардың қолынан келе бермейді. Ұлы әңгіме жазушы көркем сөздің әуезе, толғау, айтыс – барша түрін де жұмсайды. Ұлы әңгіме жазуға үлкен шеберлік керек.

Ұлы әңгіменің өресі қысқа, өрісі тарлау түрі *ұзақ әңгіме* деп аталады. Онан да шағындау түрі *ұсақ әңгіме* деп аталады.

Ұлы әңгіме, ұзақ әңгіме, ұсақ әңгіме болып бөлінулері үлкен- кішілігінен ғана. Мазмұндау жүйесі бәр-бәрінде де бір, айтылу аудандарында айырма бар: Ұлы әңгіме сөзін алыстан айдаған аттарша жайыла бастайды. Ұзақ әңгіме жақыннан айдаған аттарша жайыла бастайды; ұсақ әңгіме мүше алып оралып келе коятын аттарша бастайды.

Ұлы әңгіме түрде қазақ тілінде басылған шығарма әлі жоқ. Міржақыптың «Бақытсыз Жамалына» роман (ұлы әңгіме) деп ат қойылса да өресі мен өрісі шағын болғандықтан, о да ұлы емес, ұзақ әңгімеге жақын. Мұхтардың «Оқыған азамат», Ысмағұлдың «Қалайша кооперация ашылды» деген әңгімелері ұсақ әңгімеден гөрі ұзақ әңгіме түріне жақын болады. Нағыз ұсақ әңгіме болатындар Ысмағұлдың «Автономиясы», Міржақыптың «Қызыл қашары», Бейімбеттің «Айт күні» сияқты әңгімелер.

3. Әуезе жыры

Қазақтың ерте заманда ерлік қылған адамдарының ерлігін, батырлығын жыр қылып шығарған сөзде *ертек жыр* деп аталатыны жоғарыда анайы әдебиет туралы сөз болғанда айтылып еді. Нақ сондай болмағанмен, соған ұқсас сөздер ділмар әдебиетте де болады. Ұлт өмірінде болған, ұлт тарихына жазылған яки халық аузында әуезе болып айтылып жүрген уақиғаны алып, яки уақиғада халықтың еткен қайратын, азаматының көрсеткен өнерін, жігерін, ерлігін, намысқорлығын яки адамшылығын әдемі түрде әсерлі сөзбен жыр қылып шығару бар. Сыпайы

әдебиеттің сол сияқты шығармалары әуезе жыр деп аталады. Мұнда қара күші мол батырлардың орнына басқа түрлі ерлер, басқа түрлі қайраткерлер уақиғаның ортасында жүреді. Ертек жырда күші көп батырлардың ісі өнеге болса, әуезе жырда өнер, білім, қайрат, жігер сияқты сипаттарымен көзге түскен адамдардың амалдары өнеге болады. Мұнда да уақиғадағы істерге өзінше өң бере, көркейте айту бар, бірақ өте көпіртіп дәріптеу жоқ. Әуезе жырдағы көркейтуге уақиғаның да, адамның да жақсы жағын алуға болады. Онда да уақиғасы да, адамы да көркейтуді көтергенше ғана көркейтіледі. Әуезе жыр ақын тарапынан ұлттың ұлы адамына сөзден жасалған жәдігер есебіндегі нәрсе.

Әуезе жыр мен тарих жырдың арасындағы айырмасы сол, тарих жырындағы адамдар, уақиғалар турасында сөйлеген сөздер тарихтағы мағлұматтардың арнасынан аса алмайды. Олай етпесе, тарихшылар тарихты білмегендіктен иә қате түсінгендіктен, тарих мағлұматын бұзып отыр деп кінәлайды. Әуезе жырды шығарушының қиялы еркін болады. Тарих мағлұматы сияқты арнасынан шығармай қайырып, иіріп отыратын мұнда бөгет жоқ. Бұған қоятын шек жалғыз-ақ, алған уақиға мен адам көркейтуді көтеру, көтермеуі. Көркейтуді көтермейтін уақиғамен адамды көркейтіп жіберсе, өтірік болып шығады.

Әуезе жыр әдемі сөздің түрі болғандықтан, әдемілеу әдісінің бәрі де істеледі. Көріктеу, меңзеу, әсерлеу түрлерінің бәрі де жұмсалады.

Әуезе жыр мысалдары: Мұқамбетжанның «Топжарғаны», Шәкәрімнің «Жолсыз жазасы», «Қалқаман–Мамыры», Мағжанның «Баян батыры» сияқты сөздер.

4. Аңыз өлең*

Адамның бал ашқанға, ырымға, қыдырға, аян бергенге, түс көргенге илануынан шыққан ел ішінде аңыз қылып айтылатын

* Аңыз әңгіме мазмұны аңыз жыр сияқты болады. Екеуінің айырмасы біреуі өлеңмен, екіншісі жай айтылуында ғана.

түрлі әңгімелер болады. Сол әңгімелерді ақындар ажарлы тілмен, әдемілеп, өлең етіп шығарғаны аңыз болады. Аңыз өлеңінің мысалы: Мағжанның «Қорқыты», «Орман патшасы», «Масадағы» «Данышпан Аликтің өлімі», Абайдың «Ескендір» әңгімесі.

5. Көңілді сөз

Табиғатқа жақын, қулық-сұмдық жайлар, әдіс жоқ, тамағы тоқ, уайымы жоқ, адал ниет, ақ көңіл адамдардың талассыз, тартыссыз, тыныштықпен шеккен өмірін сөзбен суреттеп шығару көңілді сөз болады.

Ондай адамдардың амалдары от басы, үй шаруасынан аспайды. Басқалардың істеріндей шиеленісіп, байланысып, баттасып жатқан істері болмайды. Ондай үйдің іші үлкенін сыйлағыш, кішілерін балаша мәпелегіш, мейірімді, меймандос келеді. Қазақтың сондай үйлерінің тұрмысын сөзбен суреттеп шығарса, көңілді сөз болып шығады.

Аңыз әңгіме мазмұны аңыз жыр сияқты болады. Екеуінің айырмасы біреуі өлеңмен, екіншісі жай айтылуында ғана.

Бұл түрлі сөз біздің әдебиетте әлі жоқ.

6. Мысал.

Мұның не туралы сөз болатындығы анайы әдебиет туралы сөз болғанда айтылған еді. Мұндағы айтылатыны анайы әдебиеттегі мысал мен сыпайы әдебиеттегі мысал екеуінің арасындағы айырмасы. Анайы әдебиеттегі мысалдар былай шыққан: алғашқы адамдар басқа мақұлықтардан ұзап жарымаған. Олар да түрлі табиғат түрлі тәсілмен тіршілік ететіндігін көріп, олар да адамша ойлайды, сөйлеседі, кеңеседі, бірін-бірі алдайды, арбайды деп білген. Сондықтан адамның ісін әңгіме қылған сияқты олардың да істерін әңгіме қылған. Онан хайуандар турасындағы ертегілер шыққан. Онан бері келе, хайуандар тіршілік еткенмен, нақ адамша ойласып, сөйлесіп, кеңес етпейтіндігіне көзі жеткеннен кейін, мақұлықтар турасындағы ертектер өтірікке саналып, бірте-бірте жоғалып, тек мысалдар

ғана қалған. «Түйе бойына сеніп, жылдан құр қалыпты» деген, «Тышқан шаңырақтағы еттің сасығын-ай депті» деген сияқты мысалдар – хайуандар турасынан сөйлеген ертектерден қалған мысалдар. Түйенің алданып қалуы туралы, тышқанның шаңырақтағы етке бойы жетпеген соң, сасық деп кемітуі туралы әңгімелер, ертектер болмаса, ондай мысалдар халық тілінде болмас еді. Мұндай мысалдардың пайда болуына себеп болған ертегіде айтылған хайуандардың ісіне адамдардың істерінің де ұқсауы, қолы жетпеген нәрсесін жамандайтын мінез адамдарда да бар. Сондай мінездерді адамдардың кемшілігін көрсеткісі келгенде қазақ тышқанның «шаңырақтағы еттің сасығын-ай» дегенін мысалға келтіреді.

Анайы әдебиетте болған хайуандар мінезі мен адам мінезін көрсету мақсаты сыпайы әдебиетте де бар. Мақсат жағынан бір-бірінен айрылмайды. Айрылатын жері айтылуында, анайы әдебиетте хайуанның мінезі құр мысал болды да, сонымен айтушы қанағаттанады да қояды. Сыпайы әдебиеттің мысалы мінезінің ұқсауымен қатар, айтылуының әдемілігін де бірдей еске алады. Мінезінің ұқсауы қандай келісті болса, әңгімесінің де сондай келісті болуын көздейді. Мұнда ұқсатуы да, әңгімесінің айтылуы да – екі жағы бірдей қызғылықты болып, тыңдаушыға екі жағы бірдей әсер етеді. Мысалдарға бұлайша түр шығарушылардың ең шебері Франция жұртында Лабунтен (1759–1831), орыста Крылов (1763–1844) болған. Олардан бұрын ескі түрмен мысалдаушы шеберлер үнді жұртында болған, гректе (Эзоп), Румда (Бедір) болған. Крылов мысалдарының түрлері «Қырық мысалдағылар», Абай кітаптарындағылар, «Жиғантерген» деген Өтетілеуұлының кітабындағылар. Крылов мысалдарының ішінде Эзоптан, Лабунтеннен алғандары да бар.

(Әуезе иә әңгіме түріндегі сөздердің нұсқаларын нұсқалықтың 166, 197-інші нөмірлерінен қара).

II. Толғау түрлері

Толғау нендей сөз екені «Дарынды сөз түрлері» деген бапта айтылған еді. Мысалдары «Ауыз әдебиеттің», «Дарынды әдебиеттің» толғау бөлімдерінде көрсетілген де еді. Бұл жерде азырақ толғау сөздер жақсы болып шығуына қандай шарттар қойылатынын айту керек.

Нағыз толғау мен күй (яки ән) арасы жақын, екеуінің де зейінге айтары аз, көңілге айтары көп. Толғау әдемілігі әуелі, айтуға алынған көңілдің күйіне қарай; екінші, оны айтып жеткізетін сөйлеу түріне қарай болады. Сүйтіп, толғау әдемі болып шығуы үшін екі түрлі шартты орнына келтіру керек. Толғаудың мазмұн жағына қойылатын шартты ішкі деп, сөйлеу түріне қойылатын шартты тысқы дейміз.

1) Ішкі шарты: 1) Толғау жалпы сырлы болуы керек. Ақын толғауы да өз көңілінің күйін айтады, бірақ ол күй өзгеге түсінікті болуы тиіс. Күйі түсінікті болмаса, өзгелерге әсер ете алмайды.

2) Толғау шын сырлы болуы тиіс. Өтірік жай сөзге де жараспайды. Толғау сияқты сырлы шығармаға өтірік жараспақ түгіл, бүлдіреді. Сондықтан күйлі толғау көңілде шын болған күйден шығуы керек. Бұрынғы қазақ ақындарының мақтау, құттықтау өлеңдерінің көбі қадірсіз болып кетуі шын көңілден шын толғау болып шықпағандықтан.

3) Толғау таза болуы тиіс. Нас, былғаныш, нәжіс әдемі нәрседен шықса, көңілге қандай әсер етеді? Толғау сөзге был- ғаныш сөз, былғаныш пікір қатысса, о да сондай әсер етеді.

4) Толғау көңілдің тереңдегі күйінен хабар беруі тиіс. Көңілдің бер жағынан шыққан толғаудың әсері оқушының көңілінде терең із қалдыра алмайды.

2) Тысқы шарты: 1) Толғау сөзі көңіл күйінің бейне билеуі сияқты болу тиіс. Күй де, би де біріне-бірі үйлесіп келгенде, сұлу болып шығады. Күй мен бидің үйлесуі.

2) Толғау қысқа болуы тиіс. Көңіл күйінің көбі-ақ бір қалыпта ұзақ тұрмайды. Көңіл күйінен шығатын толғау көңіл

табиғатына қарай ұзын болмасқа тиіс, ұзын болмайды да. Нағыз толғаулардың көбі-ақ 4–5 ауыз өлеңнен аспайды.

3) Толғау әуезді сөзбен айтылуы тиіс. Адамның көңілінің күйін жақсы білдіретін – күй мен ән. Әннен соңғы көңілге көбірек әсер беретін – әуезді сөз, әуезді сөздің әдемісі – өлең. Толғау көңіл сөзі болғандықтан әсер күшін көбейтетін өлең түрде айтылуы тиіс. Көбінесе солай айтылады да. Толғаудың құны қанша деген мәселеге келсек, толғау сөз өнерінің барып тұрған жері деп саналады. Толғаудағы көңіл күйлерінің бәрі өмір жүзінде адам біткеннің бәрінің басында бола бермейді. Көңілдің түрлі күйін әдемілеп айтып, сөзбен келтіруге үлкен ақындық керек; толғау жақсы болса, оқығандар өз басында болмаған күйлерді толғау күшімен өзінде болған күйдей басынан кешіріп өтпек. Бұл өзгелердің көңіл күйін де дұрыс танып, дұрыс білуге үйретпек. Толғау көңілдің көркем сырларын өрнекті сөздермен айтып білдіріп, адамның көрік сезімін күшейтеді. Әдемі толғаудан алатын адамның көрік ләззаты басқа сөздердің бәрінен де артық болады.

Толғау түрлері

Ақынға дүниенің әдемілігі көрік пен махаббат екеуінде ғана. Өмірдің көрік пен махаббатқа дұрыс келетін істері сүйіндіреді, теріс келетін істері күйіндіреді. Мұның мағынасы көңілді сүйінішті, күйінішті күйге түсіру болады. Күйініш көңілге наразылық туғызады. Көңіл наразылығы мұң туғызады, мұң ой туғызады. Осы айтылған мәністерге қарай *күйлі толғау* бірнеше түрге бөлінеді:

1. Сап толғау.

Қорыққанда «ойбай!», қуанғанда «алақай!», қиналғанда «уh!», таңданғанда «о!», өкінгенде «қап!» деген сияқты пайым, пікір, ой белгілі кіріспеген, құстың сайрауы сияқты көңілдің таза күйінен шығатын сөз сап толғау яки сайрау деп аталады.

2. Марқайыс толғауы.

Көңіл шын ырза болып, марқайып өскен шақта шығатын сөз марқайыс толғау болады. Көңілдің шын өсіп, марқаюы қуанышты ұлы уақиғаның үстінде болады. Ұлы уақиғалар ұлы адамдардың яки бүтін елдің, халықтың, таптың өмірінде де сирек болатындықтан, марқайыс түрлі тұлғаларда әдебиет жүзінде аз ұшырайды. Марқайыс орнымен айтылса, ұнамды болады. Ұнамсыз айтылса, ерсі көрініп, марқайыс әсері болмайды, масқаралық әсері болып шығады.

3. Налыс

Әркімнің өмір жүзінде көздеген мұраты болады. Бағыты сол мұрат көрген нәрсесінің жолында болады. Мұратына жетсе, бақытты болады. Мұратына жетіп, бақытты болған шақта да бақыт ұзақ тұрмайды, үйткені бақыттың болуына, болмауына себепкер нәрселер көп, қайғы-қасіретсіз, уайымсыз, мұңсыз, қатерсіз, қауіпсіз шаттықпен тыныш өмір сүретін адамдар тіпті болмайды. Өмір жолы мұратқа тура жүргізбейді. Тура жүргізбесе, көңілге реніш, шер пайда болады. Сондай өмір жүзіндегі түрлі опасыздық ақынды да ренжітеді, мұңайтады. Ықыласын қайтарады. Ренжу, мұңаю, ықылас қайту ақынды көңілсіз күйге түсіреді, шерлендіреді. Шерлі күйден шыққан сөз мұңды болып шығады. Сондай мұңды, шерлі толғаулар налыс деп аталады.

4. Намыстаныс.

Намыс толғау басында тайғақ кешу, тар жолда, қиыншылық шегіне жетіп, тақалған шақта шығатын сөз. Қиын хал нағыз қиын шегіне жеткенде қиын істі істеуге керек қылады. Сол қиын істі істеуге көбінің батылы жетпей, намысына тигізіп, қанын қыздырып сөйлеу *қайрау сөз* деп аталған. Сол қайрау сөздің өлеңмен айтылғанын намыс толғауы дейміз. Намыс толғау соғыс кезінде соғысқа түсіру үшін яғни не өліп, не өлтіріп шығатын өлім жолына айдаған жерде айтылған.

Қазақ патшаға қарамай, басы бос тұрған кезінде түрлі жұрттармен соғысқан шағы болған. Ол кезде қазақ намыс толғаулары азаматтың намысын қоздырып, қанын қыздырып, соғысқа айдау үшін айтылған. Сондықтан намыс толғау түріндегі сөздер батырлар жырында (ертегі жырларда) көп ұшырайды. Қазақ орыс патшасына қарап басы байланған соң, соғыс болмаған, соғыс болмаған соң, соғыста айтылатын намыс толғаулар да жоғалған. Бірақ намыс толғау айтылатын соғыс болмағанмен, соғысқа бара-бара ер басына қиыншылық түсетін басқа істерге айтылатын қайрау сөздер де намыс толғау табына кіреді. Мәселен, бағындырған патшадан басын босатып алу – жұртқа соғыспен бірдей дәрежелі қиын іс. Сондай іске қайрау мақсатпен айтылған өлең о да намыс толғауы болады, сондықтан «Интернационал» өлеңі сияқты, «Асау тұлпар» кітабындағы «Жолдастар» деген өлең сияқты, «Масадағы», «Оян, қазақ!» кітабындағы кейбір өлеңдер сияқты сөздер намыс толғау болады. Бірақ намыс толғаудың асыл түбі өте қиыншылық орында шыққан сөз болғандықтан, шын қиыншылық орында айтылса ғана шын намыс толғауы болады. Не жайбарақат орында айтылған намыс толғаудың сөзі ұқсаса да, өзі болып шықпайды.

Сұқтаныс.

Сұқтану деп бір нәрсеге артықша назар түсуін айтамыз. Адам сұқтанғанда, жақсы нәрсеге сұқтанады, жаман нәрсе қаншама ұлы болып, адамның назарын түсіріп, таңдандырғанмен, сұқтандырмайды. Ұлы болсын, ұсақ болсын біз жақсы нәрсеге сұқтанамыз. Ол жақсы нәрсе табиғат ісінің жүзінде де, адам ісінің жүзінде де болады. Солай болған соң, сұқтаныс толғауда көбінесе ғаламның ұлылығы, табиғаттың сыры, шеберлігі, сұлулығы, адам ісінің де сұқтанарлық, ұлылары, жақсылары, көркемдері сөз болады. Өмір мен өлім, жақсылық пен жамандық сияқты нәрселердің мән-мағынасы турасындағы толғаулардың көбі де сұқтаныс табына кіреді. Сұқтандыратын нәрселердің көбі-ақ тек сұқтандырып қоймай, адамды ойландырады,

қиялдандырады, сондықтан түбіріндегі толғаулардың көбі таза толғау болмай, байымдамалау, ойламалдау болып келеді.

Жоғарыда айтылған нәрселер турасында байымдау *даналық* (пәлсапалық) байымдауы болып шығады.

Ойламалдау.

Көңіл ырза болмаудан наразылық туады. Наразылық мұңға айналады. Мұңнан ой, қиял тербенеді, сүйтіп, көңіл ырза болмағандағы шығатын толғаулар жалғыз көңіл күйінің сөзі болмай, ой, қиял қатысып шығады. Сондықтан мұңды толғаулар ойламалдау деп аталады. Көңілдің ырза болмайтын нәрселері – түрлі жамандықтар, кемшіліктер, міндер. Адам қауымында жасалған адамшылық үлгі болады. Адамның ісі сол адамшылық үлгімен пішіліп, тігілмесе, адам қауымына ерсі, жаман мін болып көрінеді. Адамның көбі-ақ ол үлгіден алыс болады. Біреулер үлгімен істеу қолынан келмегендіктен алыс болады, біреулер тіпті адамшылық үлгіні керек қылмағандықтан алыс болады. Қолынан келмегендіктен алыс болу кемшілік болады. Керек қылмай, адамшылық үлгісін аяғына басу жамандық, айып болады. Еңбек, шаруалық, тағысын тағылардың бәрінде де бар. Оның үстіне, әр ақынның өз адамшылық үлгісі де болады. Өз үлгісіне тура келмейтін істерді де ақын теріс көреді. Жамандыққа, кемшілікке, мінге санайды. Өз үлгісі болсын, өзгенікі болсын, әйтеуір адамшылық үлгіге теріс келетін істі ақын айтпақшы. Айтқанда, жай ақыл түрінде айтып, даттайды да, үгіттегенде иә даттағанда, бүтін елдің, жұрттың басындағы мінін, кемшілігін, жамандығын көрсетіп те айтады; бір адамның басындағы мін, кемшілік, жамандықтарын көрсетіп те айтады. Үгітті бүтін жұртқа айтса да, бір адамға айтса да үгіт болады. Сөгіс бір адамға бастап айтылғанда, *масқаралау* (әлемдеу) болады да, жұртқа қастап айтқанда *әшкерелеу* (даттау) болады.

Әшкерелеу де, масқаралау да екі түрлі болады. Жай сөгіс әшкерелеу бар, күлкі қылып әшкерелеу бар. Масқаралау да сондай. Жай жамандап масқаралау бар да, күлкі қылып масқаралау

бар. Жамандық адамды кейітеді, қайғыртады, мұңайтады, ренжітеді. Кемшілік пен мін адамның күлкісін келтіреді. Осыған қарай толғаудың ойламалдау түрі көбінесе не сөгіс толғауға не күліс толғауға айналып кетеді.

1. Сөгіс толғау

Өмірдің жамандық жағына ырза болмай, мінеп шығарған сөздердің жалпы аты қазақ тілінде жоқ, сондықтан толғаудың бұл түріне сөгіс толғау деп жаңадан ат қойылып отыр. Сөгіс толғау жамандықты жариялап, бетке басу ниетпен шығарылады. Үгіттеуден ұрсу күштірек, жай айтудан ұялту күштірек. Сол мәніспен сөгіс түріндегі сөздер ел түзеу, құлық тазарту жағына көбірек әсер етеді деп саналады. Бұрынғы тек үгіт түріндегі сөздердің орнын бірте-бірте сөгіс толғау алып, тек үгіт түріндегі сөздер жоғалмақшы. Бірақ әлі де сөгіс толғауға ақыл айту, жөн көрсету сияқты сөздер көбірек қатысып, сөгісінен үгіті басым болып кететіндері көп. Сүйтіп, толғау болмай, тек ақыл айту болып шығатындары көп болады. Асылында, таза толғау болатын сөз аз болады. Көбінесе толғаудың әр түрі араласып отырады. Сондай-ақ, толғауға толғау емес сөздер де дәйім қатысып, аралас келіп отырады. Үйткені *ақыл*, *қиял*, *көңіл* деп үшке бөлгенмен, олар бірінің ісіне бірі қатыспай тұрмайды.

Жамандық екі түрлі: кешірімді жамандық бар, кешірімсіз жамандық бар. Кешірімді жамандық тек *кемшілік* болады да, кешірімсіз жамандық *айып* болады. Кешірімді жамандық – тек білмегендіктен болатын жамандық. Кешірімсіз жамандық тек біле тұра істелетін жамандық. Толғаушы толғағанда, екеуін екі түрлі толғайды. Кешірімсіз жамандықты толғағанда беті-жүзіне қарамай, айыбын айқын айтып, бетіне басып, сөгіп толғайды. Айыбын бетіне басып көрсету күйе жағып көрсетумен бірдей болғандықтан, даттау деп те айтылады. Кешірімді жамандықты, толғағанда, жамандығын, кемшілігін айқын айтпай, күлкі түрінде көрсетіп ұялту, арланту ниетпен толғайды. Сондықтан күліс толғау *күлкілеу*, *келемеждеу* болып шығады. Күлкі қылу

әлемдеп көрсетумен бірдей нәрсе, бірақ көпке жаққан күйе яки таққан әлем, көптің үстінде болған соң, күшті әсер ете алмайды. Көп ішінде бір адамға жаққан күйе, таққан әлем күштірек әсер етеді. Сондықтан көпті қандай даттап, сөккенмен, масқаралауға болмайды. Сөзбен жеке адамды ғана масқаралауға болады.

Ақын залымдықты, надандықты көріп, күйінгенде қандай күйге түсіп толғайтынын Абайдың төмендегі сөзі көрсетеді:

Адамның кейбір кездері
Көңілде алаң басылса,
Тәңірінің берген өнері
Көк бұлттан ашылса,
Сылдырлап өңкей келісім
Тас бұлақтың суындай,
Кірлеген жүрек өзі үшін
Тұра алмас әсте жуынбай.
Тәңірінің күні жарқырап,
Ұйқыдан көңіл ашар көз.
Қуаттан ойдан бас құрап,
Еркеленіп шығар сөз.
Сонда ақын белін буынып,
Алды-артына қаранар.
Дүние кірін жуынып,
Көрініп ойға сөз салар.
Қыранша қарап Қырымға,
Мұң мен зарды қолға алар.
Кектеніп надан зұлымға,
Шиыршық атып толғанар.
Адалат пенен ақылға
Сынатып көрген-білгенін,
Білдірер алыс, жақынға
Солардың сөйле дегенін.
Ызалы жүрек, долы қол,
Улы сия, ащы тіл
Не жазып кетсе, жайы сол,
Жек көрсең де, өзің біл.

2. Күліс

Екі түрлі күлкі бар: 1) *шын күлкі*, 2) *сын күлкі*. Шын күлкі – шаттық үстінде, көңіл хоштанғанда келетін күлкі. Сын күлкі – нәрсе көңілге күдікті, ерсі көрінген уақытта келетін күлкі. Анау көңілдің күйінен тура шығатын күлкі де, күлкілі күйді көңілге сын тудырғаннан кейін шығатын күлкі *күлкілеу* толғауға қару болатын соңғы түрдегі күлкі.

Адамның арына тию жағынан күлкі сөз бірнеше түрге бөлінеді. Адам ауырлайтын да, ауырламайтын да күлкі бар. Ауыр күлкінің аты *мазақ*, *мысқыл* болады да, жеңіл күлкінің аты *сықақ, қулық* болады. Ең жеңілі ойын сөз, оны *әзіл* деп ай тамыз.

а) Мазақ қылу біреудің кемшілігін, мінін айтып күлу болады. Әдебиет жүзінде мазақ қылу кемшілік пен міндi әшкерелеп, жұртқа жаю болады. Бұл әлемдеп жұрт алдына өткізумен бір есеп іс. Мазақ түрінде күлкінің ауыр болатын себебі осынан.

б) *Мысқылдау* – сөздің өңін теріс айналдырып айту. Олай айту *кекесін* болады. Кекесін сөз зілді болады. Мысқыл сөздің ауыр тиетін себебі осы.

п) Сықақ пен қулық күлкі сөздің, асылында, ауырламайтын түрлері. Бұлар ауырлайтын түрге айналса, онда олар *сықақ* та, *қулық* та болмай, мазақ пен мысқылдың бірінің түріне түсіп ке- теді.

Әзіл де солай. Зілсіз болса әзіл болады да, зілді болса *әжуа*, *келемеж*, мазақ, мысқыл сияқты күлкі түріне айналып кетеді.

Біз күлгенде, әуелі тек күлкі келтіретін нәрсеге күлеміз, неден күлкі болып тұрған мәнісін тексермейміз. Себебін тексеріп күлгенде, көңілімізді келтірген нәрсе болып шығуы да ықтимал, олайбұлай, қайта қайғыға қалдыратын, ойға батыратын нәрсе болып шығуы да ықтимал. Ақындардың адам мініне, кемшілігіне күліп шығарған сөздерін тек күлкі үшін шығарған сөз деп қарамасқа керек. Ондай сөздердің көбінің-ақ бергі жағы ғана күлкі болып, арғы жағы адамды мұңайтатын, қайғыртатын сөз болуы ықтимал.

(Толғау нұсқаларын нұсқалықтың 198, 275- інші нөмірлерінен қара).

III. Айтыс-тартыс

Айтыс-тартыс сындар әдебиеттің бір түрі екендігі жоғарыда айтылған еді. Айтыс-тартыс қазақ ақындарының айтысқаны да емес, олардың айтыстырып шығаратын өлеңдері де емес, ол айтысу иә айтыстыру мен айтыс-тартыс екеуінің арасында атынан басқа жанасатын жері шамалы: екеуінің айтыс деген атымен айтыса сөйлесуі ғана ұқсас. Онан басқа бір-біріне жанасатын жері жоқтығы төмендегі сөздерден мәлім болады.

Айтыс-тартыстың әуезе мен толғауға да ұқсастығы аз. Әуезеде (әңгіме) ақын өз жағынан еш нәрсе қатыстырмай, басқаның басында болған уақиғаны айтады да қояды. Айтыс-тартыста ақын өз басындағы емес, басқаның басындағы уақиғаны көрсетіп, өз басынан, көңілінің күйінен еш нәрсе қатыстырмайды. Бұ жағынан айтыс-тартыс әуезеге (әңгімеге) жақын.

Әуезе (әңгіме) де бір болған уақиғаны, уақиғада болған адамдардың не істеген әңгімесін естиміз, бірақ ол адамдарды, уақиғаларды көрмейміз. Айтыс-тартыста ақынның айтқан әңгімесін естімейміз, уақиғаның өзін, уақиғада болған адамдардың өздерін көреміз. Уақиға көз алдымызда болып, адамдардың тіршілік жүзінде айтысып-тартысып өмір шеккенін көреміз. Тіршілік майданында адамдардың ақылы жеткенінше амалдап, қайратына қарай қару қылып алысқаны, арбағаны, қуанғаны, жылағаны, ойнағаны, күлгені, сүйінгені, күйінгені, жауласқаны, дауласқаны, бітіскені, жарасқаны өмір жүзіндегідей көрініп, көз алдыңнан өтеді.

Бұл шын өмірдің өзі емес, нәрсенің айнаға түскен сәулесі сияқты, өмірдің алаңда көрсетілетін сәулесі ғана. Бірақ нәрсенің айнаға түскен сәулесі қандай айнымайды, бұ да сондай шын өмірдің өзінен айнымайтын сәулесі. Айтыс-тартыстағы уақиғалар, адамдар, асылында, болған заттар емес, ақын өзі жасаған, ақын қиялынан туған заттар.

Ақын адамдарын жасап, ауыздарына сөздерін салып, істейтін істерін дағдылап, ал істей беріңдер деп, өзі ғайып болып

кеткен сияқты, айтыс-тартыста ақынның өз тарапынан еш нәрсе сезілмейді. Әуезеде (әңгіме) уақиғаны сөйлеу, айтыс-тартыста ақын өзі сөйлемей, өзгелерді сөйлетіп, айтыстырып, тартыстырып жіберіп, өзі бейтарап болып, тек қызығына қарап отырып қалған сияқты болады. Мұнда өткендік жоқ, осы уақытпен керсетіледі. Әуезеде (әңгіме) ақын айтқанынан өткен уақиғаның әңгімесін естиміз, айтыс-тартыста уақиғаны біреудің айтқанынан естіп білеміз. Көзбен көріп те білеміз. Әуезе мен айтыс-тартыс арасындағы зор айырыс осы.

Айтыс-тартыс пен толғау арасында да айырыс зор. Айтыс-тартыста ақын өз тарапынан еш нәрсе сөйлемегендіктен, өзі сезілмей тек қиялынан туған адамдар бәрін істеген сияқты болып көрінеді дедік. Толғау – ақыннын ішкі ғаламының сөзі болғандықтан мұнда да сөзімен өзі көрсетіп отырады. Толғауда ақын қабағын қарс жауып, қайғырып тұрған күйінде де, беті гүл-гүл жайнап, қуанып тұрған күйінде де, сүйінген күйінде де, күйінген күйінде де, тарыққаң, зарыққан, жабыққан күйінде де, шаттанған, марқайған, масайраған күйінде де көріп отырамыз. Айтыс-тартыста ол жоқ.

Сүйтіп, айтыс-тартыс пен әуезенің (әңгіме) арасындағы да, толғау мен айтыс-тартыс арасындағы да айырыс зор. Бірақ айтыс-тартыс пен әуезе (әңгіме) екеуінің арасы толғау мен айтыс-тартыс екеуінің арасынан жақынырақ. Үйткені бірі уақиғаны айтып білдірсе, екіншісі уақиғаны көзге көрсетіп таныстырады. Екеуі де тысқы ғаламның хабары, тысқы ғаламның өзі. Бұлай дегеннен айтыс-тартыс тысқы ғаламның сөзі деп те түсіну керек емес. Асылында, айтыс-тартыс ішкі ғалам мен тысқы ғаламның түйіскенін көрсететін сөз түрі.

Адамның ішкі ғаламы мен тысқы ғаламы түйіседі деген сөзді түсінікті болу үшін азырақ баяндап өтейік. Адам бала күнінде тысқы ғаламдағы көзге көрініп, денеге сезіліп тұрған нәрселерді ғана танумен болады. Есі әбден кіргенше өзгеден өзін айырмайды, өзгенің істегенін істеп, дегенімен болады. Есейген сайын өзінің өзгеден басқалығын біліп, өзіне ұнағанын істеп,

ұнамағанын істемей, қиықтық шығара бастайды. Ержеткен сайын дүниенің ісіне өзінше сүйініп, өзінше күйініп, өзінше жол тұтып, өзінше өміріне жол белгілеп, жақсылық, жамандыққа өз көзімен қарап, өзінше сынап, өзінше бағалап, өзінше пікірлейтін болады. Өз алдына мұңы, мұраты, мақсаты, мүддесі болып, сол мұрат-мақсатына жету талабына кіріскен жерде тысқы ғаламға тиісті жердің шегіне келіп, ішкі ғалам мен тысқы ғалам екеуі кездеседі. Сонда ішкі ғаламның ниетіне тысқы ғаламның шарттары тура келмей, екеуі ілінісіп, ұстаса кетеді.

Задында, тіпті мүддесі жоқ адам болмайды. Адам болған соң, оның көңілі бір нәрсені тілемей тұрмайды, көңілі тілеуіне қарай бір нәрсе істемей тағы да тұрмайды. Көңілінің тілеуі де, ол тілеуінің жолындағы амалы да адамына қарай түрлі болады, неғұрлым қайратты болса, соғұрлым мақсаты да зор болады. Ұсақ адамның мақсаты да ұсақ болады. Біреу жер жүзін өзіне қарату, бағындыру талабында болады, біреу дүниеге атағын жаю талабында болады; біреу дүниенің сырын танып, адамның көзін ашып, білімін арттыру талабында болып, сонымен өмірін өткізеді. Біреу адам баласын теңгеріп, арасына әділдік орнатып, дүниеден жұмақ жасау талабында болып, өмірін сонымен өткізеді. Біреулер тек дүние жию, бай болу мақсатпен өмір өткізеді; әйтеуір тілеусіз, мақсатсыз адам жоқ. Аз болсын, көп болсын әркімнің мүддесі бар. Ұлы болсын, ұсақ болсын әркімнің мұраты бар. Тілеусіз, мақсатсыз адам болмаған соң, талассыз, тартыссыз да адам жоқ. Әркім әліне қарай таласады, тартысады. Талас, тартыс табиғаттың негізгі заңының бірі.

Табиғат тас жүрек, қанша өтініп жалынсаң да, жағынсаң да, өзінің заңынан бұрылмайды. Табиғаттың заңы қатты, үкімі рақымсыз: жолы толып жатқан кер мен кедергі; ісі шынжыр қатар тіркескен себеп пен салдар болып, алды-артыңды ораған шырмау. Өз еркім өзімде, өз ісіме өзім қожа, өзім себеппін деп жүрген адам тұрмыс ісінің орауынан, шырмауынан әрі аса алмайды. Табиғат заңы мейірімсіз, мерзімсіз бір тағдыр: дауылды тоқтатуға, жазды ұзартуға, қысты қысқартуға, суды жоғары ағызуға еш адамның

қолынан келмейді; сол сияқты табиғат заңы адамда, адам әлеуметінде де бар. Адам қанша дана, білімді болса да, қанша қаһарман, қайратты болса да, әлеумет оның мақсатын ұқпайтын болса, қайраткер қамалға жалғыз шапқан батырдай әлек болмақ.

Ұстасу әркімнің әліне қарай түрлі болады. Біреу ұстасу жолында әлек болады, біреу азап шегеді, біреу құр әуре болады. Кейбіреулердің айтқаны келіп, сөзі дұрыстыққа шығады. Осыны көрсететін әдебиет түріне тек айтыс дегеннен айтыс-тартыс деген ат сәйкесірек болады деуіміздің мәнісі осы. Мұнан былай қарай иә айтыс-тартыс, иә ұстасу деген атын қолданамыз.

Жоғарыда айтылған сөздерден көрініп тұр:

1. Ұстасу жалғыз тысқы ғаламды сөйлейтін әуезе де емес екендігі, жалғыз ішкі ғаламнан хабар беретін толғау да емес екендігі; бұл ішкі ғалам мен тысқы ғаламның ұстасуынан шыққан әуезе мен толғау екеуі де бар дүбара сөз болатындығы;

2. Шығарма ұстасу болу үшін мазмұны адамның дүрілдеген, дуылдаған, бұрқырақты дауылды ісі болу тиістігі;

3. Ұстасушының және басқа ұстасу бұрқағының ішінде жүрген адамның мінезі, құлқы, мұңы, мүддесі, ниеті, мұраты, барша сыр-сипатын баяндайтын болған соң, сөйлеген сөзінен, істеген ісінен, ұсқынынан, әлпетінен, әдетінен көрінерге тиістігі;

4. Ұстасудың мақсаты тысқы ғаламға қарсы жұмсалған ішкі қайрат болған себепті, ол қайратты жұмсатып отырған белгілі бір мақсат болған соң, ұстасуда көрсететін амалдар ойламаған жерден шыққан уақиға сияқты болмай, мақсатты қайраттан туған амалдар болып көрінуге тиістігі.

Ескерту: Мақсатты қайраттан туған амал дегеннің мәнісі мынау болады: Әуелі мақсатты қайраттан туған амал болу үшін, ол амал мұрат жолына жұмсалған амал болуы керек. Олай болмаса, амал ойламаған жерден шыққан тек уақиға ғана болады. Мәселен, екі адам сөзден ілінісіп, төбелесіп, біреуі өліп қалды. Бұл қайғылы уақиға болады, бірақ ұстастыру шамасына сүрлеу бола алмайды.

Егерде жылқыға тиген ұрыны өлтірсе, ол ойламаған уақиға болмайды, үйткені ұрының мұраты ұрлықпен күн көру, ұрлықпен мал жию еді. Оның жылқыға тиюі мұратының жолында

істеген мақсат амалы болады да, өлуі мұратына қарай алған сыбағасы болады.

Екінші, мақсатты қайраттан туған амал болу үшін, кезіне келген шабыттың ғана амалы болмай, құмарлық, әуестік сияқты мінез иә құлық табиғатында бар негізді, ынтасындағы мақсаттан туған амал болуы керек. Қайраткер жаны сол ынтасында болады.

ایکی قوریان کیرمسب، مزکداسیدی. بزدمن سورلی «نیادا جان باریما؟ اماوداد اللدا ایتدم فزسما باریدم برگه مقلی» دیتدم» قوریقامن. ایچما اغاچا چما الماین: تچقانچا» ان قازا الماین. «تسیر اوتکر» تسندگه باتا الماین. کوبیه جیم بولاتیمیز اوسی قور. تشیمیز، میزان بولاتی اوسی قوریاغاتنی قوریالمین» دیدی.

سولای دیب توریدا قالمس ساغر اتیه ظلاجدی

قوریاوزدی قوریاسر دیب تورغان باریلار، توامایلاب ایکدی ایکی ماقلا قاچا جوتلیدی.
«قوریاقتما تاپان چوق» تاپاسردن مادان چوق!

رستان تیریسن کیکن ایسلاق

«بر ایسلاق باسلا لارمی قوریتیاق» ازچن ارستان تیریسن کیبیدی. «ادمداردا» مالمارداد، اکلرداد باریده اتادایدان قالمس کوریده» دارمسی اوچب بیت. بیتده قاچب مازلاری تیاب چرسی «بر کوز چول داوریب ایسلاق اوستیدین ایتی» توسب تالای «ایسلاق ایکدن چورت ایتی کوریمسنو؟ اراسی «توب مارامی کیتب چورکن چورت هریاب کیاب. ایسکتی اوزب» «اماس بیرمسنو؟ ایسکتی اوزب اولتیرتن بولغان سوات بردا ایتیدی. «قوریکمارا اوزب تالاسندار اعلمدی ایتی بولسا اول ایسلاق بولایما ایدی»

جوق ایستوزگه ساغان ایرسلاق «بز نه اوتامز؟»

دیب قوریچی ایتیدی: «کورم جوق» قوزاغم جوق براغان مین کزج جیتده غری. اتاوا اوزاب جاب الماب مین قایما باراس؟ اوزنگدا باچی الماس» دیب مقلی بز الدا مین ساغان ایرسه. الماین دیب باسی ایتیدی مین ده ساغان ایرسه. مین دیب قوریق ایتیدی ایکدی ایکدی ایریاب بیت بیتده کیتیدی قوریق کرگه باریایاق «بر جارتا مازسب» چما الماین سوندا داب ساسب «بوریب جوتلیدی.
میدا کوتکن دیه اراسی» دیایما ایرگن ایل ارباسی.

ایتچی اولاسوز

«بولاق ایکی بالاسی بار ایکدن آکسر ارلب رنده بالالارینا ایتیدی» مین اولمین» مدان قالدان مالمکسوباق «بولاب اشکار» دیب آکسی اولتکن سولق بالالاری قالدان میراندی» «بولاب الماقچی

قورغای مین قارلیماج

قورغای جلانلاق جوزمقاسین آوب الب، اولیاسینا سالب، باسب جوریدی. بولای اسلاب جوزگاس قارلیماج کوریب قورغایما ایتیدی. سولنگ «بیچلارا» ایلاق الماسقان با؟ سولان ده جاپر، ده باقسیلی کوتب قورغاب «جوریس؟ اوسکن سولق جاناریمی ایلاق اولی اوریکه توسدی. ایتیاقن دیدی باسیگ تیکاسه بلرسن» «- قورغای قار- لماج «سوزن تگاداق» جلان جوزمقاسین باسا بیریدی. کول توقان سولا جوزمقادان جلان داسی چمدی. «اوسب اراکاب جلان دولب الب اولیاسانیشورغاندا اوزن چاقب» اوتیریدی.
سوندا قارلیماج کوریب ایتیدی: «ایتقانم کیلدی تالاس، کیریاققان» تلدی الماس» دیب

جلانلاق باسی مین قوریچی

جلانلاق باسی مین قوریچی الماسیدی. الما «جوزوزلاسیرد» ایتیس دیب باسی ایتیدی» مین قالای اب جوریمس؟ کوز قاچوق کوروزگ قوزلاق

بولدی. بر اق دولسز، تالاسز اولیسه الادی.
ایکنجی دولاب قوکیلارنا جوگیندی. قوکیلا
ری آیتدی: «آکلیراق وصیتی نه ایدی؟» آکمز
مال ملکنی فاق بولاب آل دیب ایدی. «اولان
بولسا هر کیمیدی فاق بولاب جرلارنا کیرمک!
هرکمدی فاق بولاب سندیرلرنا کیرمک، هرمالدی
سوریب فاق بولاب آلارنا کیرمک» دیب قوکیلا
ری آقل بوردی. سولاردق سوزیله ایرب آیتلا.
لذا استاب، ایکنجی مالسز مشکسز قالدی
(کمی آلیلن تاقاب آل، جانمدن تاقاب آل)

قاسقرمین کیپور.

قاسقرنانای اوجب «موزب» بر آزدق چیتنه
کیلدی چیتده‌گی «بر دارندق قاسینا کیاب تلک
تکماسا» بالا جلاب جاتر، اول بالاق کیپور جوراتب
اولتی. کیپور آیتادی: «قوی جلاتسکی» قوی!

قریماسلق سینی قاسقرنا تاستایین، قاسقر جب
قوریسن، دیب موزی ایستب قاسقر دادلی بولب،
بالاق تاستایدی دیب کوتب قوراندی «تون اورتاسی
بولغاسا بالا تاقی جلایدی کیپور بالاق جوباتور
«اوچن، قری، بوریم، قری، جلا!» قاسقرنا سینی
بیرمیمین قاسقر کیلسه اورب اولتیرمدر، دیدی.
بول «موزدی ایستیکمن سوق، قوی، مذا کیپرمدن
ماغان جاقسیلق تیمس! آیتزوی! آیتزوی!
جلدام ایکمن، دیب قاسقر «موزب» کیتیدی.
«ماه ایتیمسمن دام ایتزوی تارقاتلق سالماری،
جاوزمان کرتزو جاقسیلق رارقاتلق سالماری»

اولیک اوستاق.

ایکی سارت مرقاراق قرس آتزوا دهدی
[illegible]

Сауатсыздықты жойатын қазақтың кіндік тығыз кәмійсыйасы.

А.БАЙТҰРСҰНФ

ОҚҰУ ҚҰРАЛЫ

Жаңа жолмен тәртіп етілген

ҚАЗАҚША ӘЛІФБА

Бірінші кітап

Үлкендер үшін

Семей. 1921.
Тираж 120 000 экз.

Ескертүү:

Баспаханамызда сөздің бас бұуынында қойылатын қабат нұқта (:) болмағандықтан, оның орнына мынадай (..) белгі қойылды.

а – ا р – ر з – ز*

а	а	а	а	
р	з	р	з	зар
		а	а	азар
ар	аз	ара	аза	араз

Ар, ара, араз, аз, аза, азар, зар

л لالا**

а	а	алар	ар	зар
л	ла	ара	арла	зарла
ал	ала	арал	арлар	зарлар

Ал, ала, алар, ар, ара, арал, арла,
арлар, аз, аза, азар, зар, зарла, зарла.

с سسس

ас	сал	сас	рас
аса	сала	сасар	сара
асар	асар	саз	арлас

Саз аз. Ас асар. Алса алар. Салса салар. Азса азар.

т تتت

ат	таза	тас	сатар
ата	тар	татар	артар
таз	тара	сат	тартар

Ат сат. Тал тарт. Ас асат.
Ала ат. Тас таза. Арал тар.
Татар ат сатар. Сарт алар.

---

* Бұл үш харіфті оқушыларға үйретүү үшін әуелі һәрбірін бөлек-бөлек бір-бір жапырақ қағазға үлкен етіп жазу. Сонан соң «А»-дан бастап һәрбірін оқушыларға бөлек-бөлек көрсету. Оқушыларымыз һәрбірін жаңылмайтын болып білген соң, әліфбаға қаратып оқытұу. Бормен жазатын үлкен тақтай болса, һәрбірін бөлек-бөлек тақтайға жазып көрсетсе де болады.

** Бұл жерде айтұу керек: кей хәріфлар келесі қәріфлармен жалғасады, кей хәріфлар жалғаспайды. «А», «р», «з» – жалғаспайтын хәріфлар, «л» – жалғасатын хәріф. Бұған харіф жалғарда құйрығын кесіп қысқартамыз. Мұнан басқа кейінгі жалғасатын хәріфлар тұурасында да осыны айтарға.

о و*

ор	сор	зорла	тор
от	сорар	ол	торла
отар	зор	олар	торлар

Ат озар. Тор тозар. Орта толар. Олар артар. Ол тартар. Ораз осал. Орал орар.

н ن ذ ن

он	тана	сан	сона
тон	нан	сана	оннан
ана	нар	санар	тоннан

Нан аз. Нар зор. Атан арзан. Он тана. Ат азар. Тон тозар. Асан атар. Атаннан нар зор. Асаннан Осан озар.

қ ق ق ق

ақ	тақа	сақал	қолқа
оқ	сақ	қатар	қалқа
тақ	сақа	қол	қалқан

Қар ақ. Қарт сақ. Қазан қара. Қазақ тоқ. Қос аласа. Қонақ қонар. Ақ қара аралас. Қазақ, татар қаралас.

б ب ب ب

об	бала	бор	азбар
обал	саб	боран	қан
бал	сабан	бар	қанбас

Ат албар. Нар бота. Болат балта. Нан қалта. Қар борар. Боран болар. Боқан бақан алар. Қоқан сабан салар.

* «О» сөз басында келсе алдына тайақ қойылады: бұл тайақ оқылмайды, сүйеу болуу үшін қойылады демек керек.

ұ ۇ*

арұу	тасұу	ұл	құл
алұу	қорқұу	ұн	құла
табұу	ұр	сұр	құлан

Ат арұу. Тон тозұу. Қазан асұу. Ас салұу. Ат құла. Бақан құлар. Құнан аттан арзан. Қар бораса бұрқақ болар.

ж ج ج ج

жан	ажар	жол	жатақ
жанар	жол	жұлқұу	алжұу
жар	жолақ	жат	олжа

От жанар. Ат жатар. Қар жоқ. Қанжар қарұу. Жатқан жатақ. Жатақ атақ. Жұрт жатқан. Жанжақта от жоқ.

ш چ چ چ

аш	шалаш	қаш	шортан
ашар	алаша	қашұу	шолақ
шал	араша	қашан	шошақ

Ашұу бас. Шашұу шаш. Шолақ шаш. Жолақ алаша. Шал шаршар. Шабан ат. Қара шана. Он құлаш арқан. Он құшақ арша. Бұл ақ шабақ, ол шортан.

ы ى**

ары	қаны	жыртық	ырыс
арық	алты	ық	қын
азық	салты	ыс	қыны

Ол балшы. Асық алшы. Жылқы арық. От жақ. Балшы бал ашар. Балықшы балық алар. Қатын қабық аршыр. Қыс жақсы, астық арзан.

* «О» тұрасында айтқанды мұнда да айтарға керек. Яғни, «ұ» алдында тайақ сүйеу үшін қойылады деп.

** «Ы» (ى) сөздің басқы бұуынында жазылмайды, оның сүйеніш тайағы ғана жазылады. Тайақ «ы» (ى) жазылмаса да оның барлығын көрсетеді деп балаларға түсіндіруу.

м م ـمـ

там	шамалы	мол	алмас
тамақ	маса	молы	мұз
шам	масақ	алма	мұрт

Мал аман. Мас жаман. Тамшы тамар. Малта ашшы. Алтын салмақты. Мамық жұмсақ. Сырмақ қатты. Балық қармақ қабар.

ғ غ ـغـ

аға	шағым	тарғыл	жалғыз
ағаш	ағын	алғыр	қалған
таға	сағым	шалғыр	жалған

Ат тағалат! Жорға жорғалат! Оған қарама, Маған қара! Оған он жас, бұған тоғыз. Ол олақ, бұл жазғыш.

д د ـد

адам	адыр	жылдам	барды
адал	адым	алды	балдақ
адас	доға	қалды	сандық

Ер адам. Дабыл жол. Жылдам жазұу. Олар адас. Бұлар құрдас. Малды малшы бағады. Бала қармақ салды, алты балық алды.

п پ ـپـ

апа	арпа	топыр	тарпұу
апан	пара	пұл	ақпан
опала	доп	пұд	балапан

Аққұу аппақ. Шапан шапшақ. Аспан ашық. Қора батпақ. Жас жапырақ. Қара топырақ. Аспан зор. Қапаш аласа. Арпа астық. Сорпа тамақ.

ң ڭ ڭ ڭ

аң	оң	соңғы	шаңдақ
таң	оңды	шаң	мұңды
таңда	соңы	шаңы	мұңдас

Қасқыр аң. Дала шаң. Бала тоңды, мата оңды. Ат маңқа. Асық оңқа. Шапан жаңа. Оның аты Оңғар. Мұның аты Мың жасар.

й ي ي ي

ай	тайа	бйы	қый
айаз	ой	байа	қыйсық
тай	ойла	айұу	қыйын

Ай жарық. Айаз мықты. Шайы сұйық. Қайшы құрал. Тоғай толған жылқы. Сай малға сайа болады. Құм жыйылып тас болмас. Айұу ағаш сайалайды.

У ۋ *

ау	жау	тайау	сұуұр
ауыз	жауын	бұуаз	ұуқ
бауыр	жауған	ұуақ	ұуұс

Асау тай. Жұуан қарағай. Асқар тау. Жауын жауып тұр. Таудан бұлақ ағады. Саулық сауын болады. Қалауын тапса, қар жанар.

өو ۇو, iىو, ە ا **

ор	соз	тос	ән
өр	сөз	төс	әнім
он	тоз	торы	әл
өн	төз	төрі	сәні
ол	ұр	сүт	сән

* Дауысты дыбыстардың соңында «у» жарты дауысты болады. Мысалы: саула деген сөзде үш бұуын емес, екі бұуын.

** «ء» Бұл жіңішкелік белгісі – дәйекші. Сөз алдында дәйекші тұрса, ол сөздің хәріфлері жіңішке айтылады деп оқушыларға түсіндіру керек.

өл	үр	сүті	сәнім
от	ұн	түр	сәнің
өт	үн	түрі	сәніміз
	тұз	түрлі	сәніңіз
	түз	түрпі	

Қамыс ор. Қамшы өр. Оң айақ. Жақсы өң. Боз ат. Ақ бөз. Допты ұр. Отты үр. Ақ ұн. Ашық үн. Малшы мал бағып жүр. Атың – торы. Үйдің төрі. Тоғаның тілі болады. Қасқыр әлді. Бұйдай дәнді. Қойан әлсіз. Әлімбай төрт қап ұн алды.

е ۂ ه ھ

ел	елек	менде
ер	ерте	сенде
ез	езбе	терек
зер	зерле	жерде
бер	берме	әуе
жем	жеме	әуре

Мен, менде, менше, өре, төре, ес, есер, шеш, шеше, шешен, дем, демеу, бет, бес, еп, теп, төбет, бөтен, төмен, тебін, жебір, мес, месел, мешел, есеп, есен, семсер.

Дем ал. Атыңа жем ал. Жерде қар жұқа. Терезе терлеп тұр. Үш жеті – жыйырма бір. Алты бес – отыз. Төрт жерде төртеу – нешеу болады?

к ك ک ک

Ек	теке	кез	керек
бек	кел	кет	кезек
бекін	кер	кем	күрке

Күн шықты. Тұман сырылды. Әкем кентке кетті, кешке келер. Серке секіреді. Келіншек тезек тереді. Кійік орғыйды. Теке қарғыйды. Кеме жүзеді. Күйкентай ұшады. Кесерткі жорғалайды.

Г گ گ گ

көк	түгі	еге	жегер
көгі	ек	егер	жеген
түк	егүу	егін	жегүу

Көп жүрген білмес, көп көрген білер. Түбі бірге түтпейді. Ексең егін, ішерсің тегін. Бүлінген елден бүлдірге алма. Жүрген айаққа жөргем ілінеді. Бір көрген біліс, екі көрген таныс. Төсегіңе қарап айағынды көсіл.

х خ خ خ

хан	халық	хұдай	хадам
ханым	хуат	хайуан	хакім
хауіф	хұрмет	хабар	хазрет

Ханның күші халықта. Қараңғыда хауіф көп. Басқаны хұрметтесең, өзіңді хұрметтер. Жер жүзінде түрлі халық бар. Ахмет, Хамза, Хамит адам аттары.

ф ف ف ف

афат	кафир	ғұрф	муфти
офат	сафар	файда	мусафир
фил	фикр	фарсы	фатуа

Қаф тауы ертегіде көп сөйленеді. Айақтының зоры фил. Фақырға да қара сұу керек. Сафарың оң болсын. Фида қылұу деген құрбан қылұу деген сөз.

h ه ھ ه

həp	фаhим	туhмат
həм	заhар	гауhар
баhа	жаhид	мұhим
hayac	жаhаз	жаhил
жиhан	жаhаннам	ыжтиhат
hаман	жаhанкез	

Һәр істің әдісі басқа. Кітап бағасы қымбат емес. Жақсы сөзді жаттап алуға жаһид ет. Үйдің һауасы ауыр. Мен һаман ерте тұрамын. Зәһәр деп ұуды айтады. Гауһар – асыл тас. Фәһимлеп қарағанда дұрыс көрінеді. Жаһанкез деп дүния кезүушіні айтады. Жаһаз – бұйым деген сөз.

Қазақ тілінде жұмсалатын харіфтер һәм белгілер:

آ а, ا ә, ب б, پ п, ت т, ج ж, چ ш, خ х, د д, ر р, ز з, س с, غ ғ, ف ф, ق қ, ك к, ل л, م м, ڼ н, و о, ۇ Ұ, ھ һ, ى ы, ي й, ۂ е, ء дәйекші, گ г, ڭ ң.

Қазақ тілінде жұмсалмайтын харіфтер һәм белгілер:
ث, ح, ذ, ش, ص, ض, ط, ظ, ع.

Х خ, ф ف, h ھ. Қазақтың өз тілінде болмағанмен, өзге тілден қазаққа әбден сіңген сөздерде болғандықтан, қазақ тілінде жұмсалатын харіфтер табына қосылады.

Дауысты дыбыстардың таңбалары: ا а, و о, ۇ ұ, ى ы, ۂ ھ е.
Дауыссыз дыбыстардың таңбалары: ب б, پ п, ت т, ج ж, چ ш, د д, ر р, ز з, س с, غ ғ, ق қ, ك к, گ г, ڭ ң, ل л, م м, ڼ н.

Дыбыссыз таңбалар: ا, ء («ء» жіңішкелік дәйекшісі аталады)
ғ, қ, – ылғый жұуан айтылады.
к, г, е – ылғый жіңішке айтылады.
Басқалары жұмсақ белгі тұрмаса жұуан айтылып, жұмсақ белгі тұрғанда жіңішке айтылады.

Жыршы сөздері

I

Арғымақ жабы көрінер,
Аса шауып бұланса.
Айқын көл батпақ атанар,
Айдыны құрып сұуалса.

Бәйтерек сабау көрінер,
Жапырағы түсіп құуарса.
Бір аз ғана сөйлейін,
Жақсылар, сізге ұнаса.

II

Арғымақ жайлап не керек,
Артынан жабы жеткен соң.
Ағайын-тұуған не керек,
Аңдысып күні өткен соң.
Қызыл тілім, сөйлеп қал,
Қызығыңды жер көрер,
Ажал құуып жеткен соң.
«Айт!» дейтін, аға, сіз қайда,
Айтатын оны біз қайда,
Бір төбенің басына
Тыға салып кеткен соң.

III

Жақсыдан жаман тұуады,
Бір айақ асқа алғысыз.
Жаманнан жақсы тұуады,
Адам айтса нанғысыз.
Фақырда да фақыр бар,
Байға көңілін бергісіз.
Байларда да байлар бар,
Фақырларға алғысыз.
Шыныңменен айт десең,
Осындай сөзден сөйлейін,
Құлағыңнан қалғысыз.

VI

Жалп-жалп еткен жапалақ,
Шоқы жерге қонбайды.
Адам деген жігіттің,

Дәулеті тайса басынан,
Әруағы болмайды.
Ақылың болса жыр тыңда,
Жыршың не деп толғайды?!

Жөн сұрау

Көп ішінде сөйлеген,
Жас жігіт, саған қарасам,
Қара лашын тұйғынсын.
Асылыңа көз салсам,
Құс алатын қырғыйсын.
Қызыл тілге келгенде,
Сар садақтың оғындай,
Көлденендеп зырғыйсын.
Көрмегеннен сұраймын,
Рұуыңды білдірші,
Заманың бірге құрбымсын!

Тақпақ сөздер

Үлкен керсең қалды да,
Ас құйылды тегешке.
Үлкен бійлер қалды да,
Көбең кірді кеңеске.
Кеңескенде не десті,
Тырнадай мойынын теңесті.
Бір-біріне серт қылды,
Үйге кедей келгенде,
Бір айақ ас бермеске.
Бұлбылдан шешен бір құс жоқ,
Бармақтай-ақ қарасы.
Мылтықтан тез ажал жоқ,
Тырнақтай-ақ жарасы.
Көңілің қалса жақынға,
Алыстығын айтайын,
Жер мен көктің арасы.

* * *

Екі тізгін жоқ болса,
Аттың мойнын бұра алмайды.
Үзенгі-бау жоқ болса,
Ерге кісі міне алмайды.
Екі тартпа жоқ болса,
Ат үстінде ер тұра алмайды.
Қамшы – қанат,
Құйысқан – құуат.
Екі қанжыға тон сақтайды,
Тон жан сақтайды.

Молда мен сыйырдың айтысқаны

Молда:
Сабанға келе бердің, қасқа сыйыр,
Далада жайылып жүр басқа сыйыр.
Жоныңды тұрған жерде тілейін бе?
Басынып, ұрмаған соң болдың үйір.

Сыйыр:
Сабанға келіп тұрмын қасқа сыйыр,
Жайылып жүргені рас басқа сыйыр.
Несіне ійтаршы боп қорып тұрсын?
Сабанның тарысы жоқ жалғыз түйір.

Молда:
Қарашы мұның сөгіп тұрғанына!
Өзінің көз салмайды қылғанына.
Сабанға жалғыз құшақ телміргенше,
Барсайшы егіншінің қырманына.

Сыйыр:
Жай сөйлеп қарайын мен ауаныңа,
Талас жоқ дұрыс айтсаң жауабыңа.

Бергенді сауап-ақ деп қақсаушы едің,
Бұл жерде не боп қалды сауабыңа?

Молда:
Қарашы, хайуанның әңгімесін,
Бұл сөзді қысқарталық өтер бесін.
Өзім де Мергенбайдан алып едім
Берейін сауап үшін оның несін?

Сыйыр:
Алыстан аң атқанның бәрі мерген,
Атады мерген аңды көзі көрген.
Беруге болмайтын бұл нәрсе болса,
Қалайша ол Мергенбай саған берген?

Молда:
Берейін мен де саған сарқыт десең,
Аз-аздап тамағыңды тартып жесең.
Үш қадақ, жарты ширек же сабаннан,
Бересің ахіретте артық жесең.

Сыйыр:
Көп екен көргенімнен көрмегенім,
Қыйынға қандай тауып сермегенің.
Демесең бердім деген құр атағы,
Онан да жақсы емес пе бермегенің.

ҰСАҚ ӘҢГІМЕЛЕР

Арсыз ийт

Күн ыссы еді. Ат жүк тартып келе жатты. Арбаның көлеңкесінде ийт келе жатыр еді. Тілін салақтатып, ентігіп, солықап айтады: Жүк тым ауыр, жол алыс, тілім шықты, бір қарыс.

(Өзгенің ісін өзіне жорұу).

Өтірікші тышқан

Тышқан ет үйге кірді. Жеуге hеш нәрсе таба алмады. Шаңырақта ілүулі жал, жайа, қазы, қарталар тұр еді. Оларды жеуге шаңырақ шыға алмады. Сөйтіп тұрғанда басқа бір тышқан келді. Не таптың деп сұрады. Бастапқы тышқан айтты: «Еттің бәрі әрі жасық, әрі сасық, оны кім жесін».

(Қолы жетпеген қорлаушыл).

Жыртық шелек жеңілірек

Бір қатын құдықтан сұу алып келе жатты. Шелегі жыртық екен. Сұу ағып таусылған сайын көтерүуге жеңіл болды. Оған қатын құуанды. Үйіне келіп қараса, шелекте бір қасықтай сұу қалыпты.

(Еңбек аздан – өнбек аз).

Ұйқышыл

Бір қазақ тоғайға шөп шаба келіп ұйықтап қалды. Бақ дүнияны аралап жүріп, қазақтың қасына келсе, ол тырайып ұйықтап жатыр. Сонда бақ тұрып айтыпты:«Міні оңбайтұнның ісі, күн ашықта шөбін орып, жыйып алұуға басқалар асығып жатыр. Бұл мынау ұйқтап жатқаны. Сүйтеді де Хұдай құрамайды, Бақ қарамайды деп, Хұдай мен маған кінә қойады».

(Десе Хұдай құрасын – еңбек етіп сұрасын).

Қазақтар мен қасқыр

Бір қасқыр түн болса қораға шауып, маза бермеді. Талай қозы, талай ұлақтарды алып кетіп, жеп жүрді. Қазақтар талай құуса да соқтырмай жүретін. Бір күні қақпанға түсіп қалыпты. Қолға түскен соң қазақтар ұра бастапты. Сонда қасқыр айтыпты: «Неге ұрасыңдар? Менің жазығым сұрлығым ба?» – деп, қазақтар айтыпты: «Жоқ, қасқырым, сенің жазығың сұрлығың емес ұрлығың».

(Ұрлық түбі – қорлық).

Қарға мен құмырша

Қарға шөлдеп сұу іздеді. Далада суұымен құмырша тұр екен. Сұуы олқы екен. Қарғаның мойны жетпейді. Қарға құмыршаға тастарды теріп үсті-үстіне сала берді. Тас көтеріп, сұу бетіне шықты. Қарға ішіп сұусынын қандырды.

(Әр істің әдісін білүу керек).

Талас

Сар-тышқан мен көр-тышқан жанжалдасыпты. Екеуі бір төмпенің басына шығып таласып жатыр еді. Бұларды қаршыға көрді. Жоғарыда қалықтап қарап тұрды. Талас қызып, естері шыққан кезде, қаршыға келіп, екеуін де бас салды.

(Жақын таласса, жатқа жем болады).

Екі балықшы

Екі балықшы балық сүзді. Сүйреп шығарұуға тайағанда сүзекі ауырлай бастады. Бір балықшы тұрып: «Сүзекі жаман» деді. Екінші балықшы: «Сүзекі жақсы, сен өзің бос тартасын» деді.

Сүйтіп екеуі керіске түсті. Олар керісіп тұрғанда, сүзекідегі балықтар кетіп қалды.

(Керіскеннің кесірі келесіні кетірер).

Ақылды соқыр

Соқыр түнде үйіне келе жатты. Қолында ұстаған жарығы (фанары) бар еді. Біреу қасынан өтіп бара жатып: «Міні, ахмақ! Өзі соқыр, қолында жарық, соқырға жарықтың қажеті не?» дейді. Соқыр ахмақ емес еді, жарық алғаны: қараңғыда біреу өзін қағып кетпес үшін еді.

(Өзгеге жарық қыл, өзіңе қақтықпас).

Көр-тышқан мен кірпі

Көр-тышқанның інінен кірпі келіп аз күнге қоныс сұрады. Көртышқан қоныс берді. Тышқанның балаларына кірпінің

қылқаны қадалып, әбдан бәле болды. Бір күні тышқан кірпіге айтты: «Біраз тұрдың ғой, енді інімізді босатсаң екен, қылқан қадалып, балаларымыздың мазасы кетіп болды». Сонда кірпінің айтқаны: «Бұл орын маған жайлы, басқа орынның керегі жоқ. Саған жайсыз болса, жайлы орын изде!».

(Қонақ мықты болса қожасын бійлер).

Жібек құрты мен өрмекші

Жібек құрты жібегін ійірді. Өрмекші өрмегін ійірді. Өрмекші жібек құртына жұмысты сылбыр істейсің деп күлді. «Бері қара! Мен қанша ійірдім? Менің өрмегім сенің өрмегіңнен неше мәрте ұзын» – дейді. Жібек құрты айтты: «Өрмегің рас ұзын, оған таласпаймын, бірақ өрмегіңді текке де алмайды, жібегіме алтын төлейді ғой», – деп.

(Жасықтың көбінен асылдың азы артық).

Сауысқан мен құзғын

Ала сауысқан бұтақтан-бұтаққа қонып шықылықтай беріпті. Қасындағы құзғын үндемей жәй отырыпты. Сонда сауысқан құзғынға айтыпты: «Сен неге үндемей отырсың? Әлде менің сөздеріме нанбай отырсың ба?» – деп. Құзғын айтыпты оған: «ійе, сөзіңе онша нана алмай отырмын, көп сөйлейтіндердің шын сөздері аз болұушы еді».

Бақсы

Бір қазақтың ақшасы ұрланыпты. Кім алғанын біле алмай бақсыны шақырыпты. Бақсы ауыл адамының бірін қалдырмай жыйғызыпты. Етіктерін шешкізіп, жалаң айақ қойып айтыпты: «Мен жынымды шақырамын. Ол жылан болып келіп, ақшаны алған ұрының айағын шағады», – деп. Сонан соң қобызын алып, сарнап-сарнап отырып: «Ал шақты!» – деген екен, ұры секіріп кеп түсіпті.

(Сезікті секірер).

Балықшы мен балық

Балықшы балық ұстапты. Балық сұуға қойа бер деп жалынып ты: «Мен қазір кішкенемін, мені алғанмен саған түсер пайда аз. Жесең ауызың жарымайды. Сатсаң пұлға жарымайсың. Қойа берсең мен өсемін, үлкен балық боламын. Сонда ұстасаң жесең тойасын, сатсаң пұлға молығасын», – депті. Балықшы сонда: «Жоқ, балығым! Мен ол есеппен мен сені жібере алмаймын, көп файдадан дәметіп, аз файдадан айырылуу ақылдының ісі емес», – депті.

Серке мен түлкі

Серке шөлдеп сұу ішкісі келіпі. Сұу жағалап жүріп сұуат тауыпты. Сұуат тік, жарлау екен. Серке төмен түсіп, сұуды ішіп әбдан қанып, қарны шығып қампыйды. Іші тым толып кеткен, өрге шыға алмайды. Шыға алмай маңырап тұрған дауысын естіп қасына түлкі келіп: «Сен ахмаққа сол керек, сақалың ұзын, ақылың шолақ. Шолақ ақыл ойға олақ. Түсууді білгенсін, ішууді білгенсін, шығарыңды ойламағансын», – депті.

Қойан зары

Екі қойан кездесіп, мұңдасыпты: «Бізден сорлы дүнияда жан бар ма? Адам да, аң да, ійт те, құс та бәрі де бізге мықты. Бәрінен де қорқамыз, тыйынша ағашқа шыға алмаймыз, тышқанша ін қаза алмаймыз, тісіміз өткір, тістеуге бата алмаймыз, көбіне жем болатынымыз осы қорқақтығымыз, мұнан былай осы қорқақтықты қойалықшы», – десіпті.

Солай деп тұрғанда қамыс сылдыр ете қалады. Қорқууды қойамыз деп тұрған батырлар тырағайлап екеуі екі жаққа қаша жөнеледі.

(Қорқақтықта табан жоқ, табансыздан жаман жоқ).

Арыстан терісін кійген есек

Бір есек басқаларды қорқытпақ үшін арыстан терісін кійіпті. Адамдар да, малдар да, аңдар да бәрі де анадайдан қарасын

көрсе зәресі ұшып, бет-бетінше қашып мазалары кетіп жүріпті. Бір күні жел үріп, есек үстінен тері түсіп қалады. Есек екенін жұрт енді көрмесін бе? Ызасы өтіп, мазасы кетіп жүрген жұрт жыйылып келіп, есекті ұрып сыбағасын бермесін бе? Есекті ұрып өлтіретүн болған соң біреу айтыпты: «Қойыңдар, ұрып не ғыласыңдар, ахмақты, есті болса ол есек болар ма еді».

Торғай мен қарлығаш

Торғай жыланның жұмыртқасын тауып алып, ұйасына салып басып жүріпті. Бұлай істеп жүргенін қарлығаш көріп торғайға айтыпты: «Мұның не, бейшара-ау! Ақылың алмасқан ба? Мұнан не хайыр, не жақсылық күтіп әуреленіп жүрсің? Өскен соң жамандығы ең әуелі өзіңе тійеді. Айтпады деме. Басыңа тійгенде білерсін». Торғай қарлығаш сөзін тыңдамай, жылан жұмыртқасын баса беріпті. Күні толған соң жұмыртқадан жылан баласы шығыпты. Өсіп, үлкейіп жылан болып алып, әуелі бастап торғайдың өзін шағып өлтіріпті.

Сонда қарлығаш көріп айтыпты: «Айтқаным келмей қоймас, кер баққан тілімді алмас», – деп.

Жыланның басы мен құйрығы

Жыланның басы мен құйрығы таласыпты. «Алда жүрүу қайсымызға тійіс», – деп. Басы айтыпты: «Сен қалай алда жүресін? Көзің жоқ көрүуге, құлағың жоқ естүуге, саған ерсек біз не оңамыз?» – деп. Құйрығы айтыпты: «Көзім жоқ, құлағым жоқ болғанмен күш менде ғой. Ағашқа оралып жатып алсам сен қайда барасың? Орныңнан да жылжи алмассын», – деп. «Мықты болсаң да, мен саған ере алмаймын» – деп бас айтыпты. «Мен де саған ере алмаймын», – деп құйрық айтыпты. Екеуі айырылып бет-бетіне кетіпті. Құйрық көпке бармайақ бір жарыққа түсіп, шыға алмай сонда қалып, сасып, шіріп жоғалыпты.

(Мыйға көнген дене азбас, мыйлыға ерген ер азбас).

Үлеске ұсталық

Екі сарт, бір қазақ аң атуға шығыпты. Үшеуі hәр түрлі құс атып алып үлеспекші болыпты. Қазақ бұл үлестіруу жолды сарттарға берген екен. Құстар hәр түрлі болған соң, жөнін тауып сарттар үлестіре алмапты. Олай да, бұлай да айналдырып, бөле алмай, үлестіруу жолын қазаққа беріпті. Қазақ: «Бісімілда, безгелдек!» – деп безгелдекті алып жанына қойыпты. «Бұлай жатсын дуадақ», – деп оны да алып жанына қойыпты. «Сыбағама қоңыр қаз», – деп қазды өз алдына қойыпты. «Үлесіме үш үйрек», – деп оны да өз алдына қойыпты. «Екі сартқа бір тартар», – деп бір үйректі екі сарттың алдына салыпты. «Аққуды пақырекең артар», – деп, аққуды ыйығына салып алыпты.

Сонда сарттар: «Атап, атап алды, бәтшағардың үлесі адал екен», – депті.



А. بايتورسونوف

قازاقستدقي جوياني قازاقدڭ كندك تىل كاميسياسي

اوقووو قورالى

جاڭا جول مين ءتارتىب ايتلڭەن

قازاقچا آلفبا

ءبرىنشى كتاب

ازاڭكەندەر ءۇشىن

Издание Киргизской Центральной Чрезвычайной Комиссии по ликвидации безграмотности.

1921 год.

آ - ر - ز
آ آ آ آ
ر ر ر ر
ا ا ا
ز ر ر ر
آر آر آرا آرا آرار

ا ا ا
آ آ آلار آر زار
ل لا آرا آرلا زارلا
آل آلا آرال آرلار زارلار
س س س
آس سال سلس رلس
آسا سالا ساسار سارا
آسار آسار ساز آرلاس

ت ت ت
آت تارا تاس ساتار
آتا تار تاتار آرتار
تار تارا سات تارتار
و و
اور سور زورلا تور
اوت سورار اول تورلا
اوتار زور اولار تورلار

ن ن ن

لون تانا سان سونا
تون نان سانا لونتان
آنا نار سانار تونتان

ق ق ق

آق تاقا ساقال قولقا
اوق ساق قاتار قالقا
تاق ساقا قول قالقان

ب ب ب

اوب بالا بور آزبار
اوبال ساب بوران قان
بال سابان بار قانباس

و و و

آروو تاسوو اول قول
آلوو قورقوو اون قولا
تاووو اور سور قولان

ج ج ج

جان آجار جول جاتاق
جاتار جول جولقور آلجوو
جار جولاق جات اولجا

چ چ چ

اچ چالاچ قاچ چورتان
آچار آلاچ قاچوو چولاق
چال آراچا قاچان چوچاق

ی ی ی

آری قاق جرتق ارس
آرق آلتی اق قن
آزق سالتی اس قتی

م م م

تام چامالی مول آلماس
تاماق ماسا موق موز
چام ماساق آلما مورت

غ غ غ

آغا چاغم تایغل جالغر

آغاج آغر آلغ قالغان

تاغا ساغم چالغر جالغان

د د

آدام آمر جاندام باردی

آدال آدم آلدی بالداق

آداس ویوغا قالدی ساندق

پ پ پ

آپا آریا توپر تاریپور

آپان پارا پول آقپان

لوپالا دوپ پرد بالاپان

ك ك ك

آك اوك سوكمی چاكداق

تاك اوكدی چاك موكدی

تاكدا سوكی چاكی موكداس

ی ی ی

آی تایا بویی قی

آیاز ایری بویا قیق

تای لویلا آیوو قیین

و و و

آو جلو تایلو سوور

آور جلون بیوار اووق

بلور جلوغان لووق لووس

ۇ ۋ ۈ ۆ

لور سور لوس ۋان

ۋلور ۋسور ۋلوس ۋانم

لون لور لوری ۋالی

ۋلون ۋور ۋلوری ۋالق

لوان لور ۋسوت ۋیان

ۋلوان ۋلور ۋسوتی ۋسالیم

لوت لون لور ۋسالق

ۋلوت ۋلون ۋلوری ۋسالیمبر

لور ۋلوری ۋسالیمگر

ۋلور ۋلوریی

ب ـ ه ـ ه

ابل	ابلك	مبنده
ابر	ابرنه	سبنده
ابز	ابزبه	تبرداك
زبر	زبرله	جبرده
بپر	بپرمه	آوه
جبم	جبه	آوره

ك ك ك

ابك	تبكه	كبز	كبرك
بيك	كبل	كبت	كبزك
بيكن	كبر	كبم	كوركه

گ گ گ

كوك	تركى	ابكه	جبكر
كركى	ابك	ابكار	جبكن
توك	ابكوو	ابكن	جبكوو

خ خ خ

خان	خالق	خودای	خادام
خانم	خولك	خايولن	خاكم
خاوف	خورمت	خابار	خازرت

ف ف ف

آفت	كافر	غورف	موقتى
اوفك	سافار	فايدا	موسافر
فل	فكر	فارسى	فاتوا

ه ـ ه ـ ه

هار	فاهم	توهمات
هام	زاهار	گاوهار
باها	جاهين	موهم
هاولس	جاهار	جاهل
جيهان	جاهانتام	اجتيهاد
هامان	جاهانكمز	

Жер жүзінің жалшылары, бірігіңдер!

БАЙТҰРСЫН ҰЛЫ АҚЫМЕТ

САУАТ АШҚЫШ

Дыбыс әдіс жолымен тәртібтелген
қазақша әліпбій

**Сауатсыз үлкендер
үшін 1-кітап**

**Бастырыушы Қазақыстан оқыу
кемесерійеті**

Семейдің гүбірнелік баспасы,
«Гүбійздат»тың баспақанасы.
1926-жыл



а –	ا **р** –	ر **з** –	ز*	
а	а	р	з	зар
р	з	а	а	
ар	аз	а-ра	а-за	а-зар

Ар, ара, аз, аза, араз, азар, зар

л لا ل**

а	а	алар	ар	зар
л	ла	ара	арла	зарла
ал	ала	арал	арлар	зарлар

Ал, ала, алар, ар, ара, арал, арла, арлар, аз, аза, азар, зар, зарла, зарлар.

с س س س

ас	сал	сас	рас
аса	сала	сасар	сара
асар	салар	саз	аралас

Саз, аз. Ас, асар. Алса, алар. Салса, салар. Азса, азар.

т ت ت ت

ат	таза	тас	сатар
ата	тар	татар	артар
таз	тара	сат	тартар

Ат сат. Тал тарт. Ас асат.
Ала ат. Тас таза. Арал тар.
Татар ат сатар. Сарт алар.

---

* Бұл үш қарыпты үйретіу үшін, әуелі әрқайсысын бөлек-бөлек қағазға үлкен етіб жазыб, әрқайсысын бөлек-бөлек көрсетіу керек. Оқыушылар әр бірін жаңылмастай болыб білгеннен кейін әліпбійге қаратыб оқытыу керек.

** Бұл жерде айтыу керек: кей қарыптар келесі қарыптармен жалғасады, кей қарыптар жалғаспайды деп. «а», «р», «з» жалғасбайтұн қарыптар; «л» жалғасатұн қарып, бұған қарап жалғарда құйрығын кесіп қысқартамыз деу керек. Мұнан басқа жалғасатұн қарыптар тұуралы да осыны айтыу тійіс.

о و

ор	сор	зорла	тор
от	сорар	ол	торла
отар	зор	олар	торлар

Ат озар. Тор тозар. Орта толар. Олар артар. Ол тартар. Ораз осал. Орал орар.

н ن ذ

он	тана	сан	сона
тон	нан	сана	оннан
ана	нар	санар	тоннан

Нан аз. Нар зор. Атан арзан. Он тана. Ат азар. Тон тозар. Асан атар. Атаннан нар зор. Асаннан Осан озар.

қ ق ق ق

ақ	тақа	сақал	қолқа
оқ	сақ	қатар	қалқа
тақ	сақа	қол	қалқан

Қар ақ. Қарт сақ. Қазан қара. Қазақ тоқ. Қос аласа. Қонақ қонар. Ақ қара аралас. Қазақ, татар қаралас. Асан, Оқас қостас.

б ب ب ب

об	бала	бор	ызбар
обал	саб	боран	қан
бал	сабан	табан	қанбас

Ат албар. Нар бота. Болат балта. Нан қалта. Қар борар. Боран болар. Боқан бақан алар. Қоқал сабан салар.

ы ى

ары	қаны	сырық	ырыс
арық	алты	ық	қын
азық	салты	ыс	қыны

От бар. Орын тар. Азық арзан. Сарық арық. Алты асық. Қырық қыз. Отыз балық. Он сырық. Бала борық тартар. Қатын қап тоқыр.

У ۇ

ау	тау	тау	табыу
ауа	тауық	қауын	таныу
ауар	арыу	салыу	сауыу

Ақ отау. Асқар тау. Асау атан. Сары қауын. Саулық сауын. Балау ас. Тау тарау. Ауыл алыс. Балық аулау. Орақ орыу. Ауру ат. Тал сабау.

ұ ۇ

ұр	тұр	бұқ	құлан
ұра	тұра	бұқа	құуан
ұл	тұу	бұу	құуат

Бұзық бұзар. Құлын тұулар. Құнан құла. Қулық сұр. Құрақ құу. Отын сұу. Тұра тұр. Тұура бұр. Құр атқа құрық сал.

ж ج ـجـ

жат	жол	жұл	баж
жатар	жота	жұлқы	таж
жатақ	жоса	жұлқыу	олжа

От жанар. Жол тар. Ат жатар. Жоса қызыл. Жұлын ұзын. Қар жұқа. Жар жақын. Қанжар қарыу. Жатқан жатақ. Жатақ атақ. Ұрыс жанжал.

ш چ ـچـ

аш	шала	қаш	шортан
аша	шақ	қашыу	шолақ
ашар	шақша	қашан	шошақ

Ашыу бас. Шашыу шаш. Шолақ шаш. Жолақ алаша. Шал шаршар. Шабан ат. Қара шана. Құлаш арқан. Құшақ отын.

м م مم

там	шам	мол	алма
тамақ	шама	мола	алмас
тамшы	шамалы	молалы	танымас

Мал аман. Мас жаман. Тамшы тамар. Малта ашшы. Сұу тұшшы. Алтын салмақты. Мамық жұмсақ. Сырмақ қатты. Жалшы мал табар. Балық қармақ қабар.

ғ ع عع

аға	ағын	алғыр	жалғыз
ағаш	шағыл	шалғыр	қалған
шағым	сағым	тарғыл	жалған

Ат тағалат. Тағалы ат. Жорға ат. Жорға жорғалат. Шаған ағаш. Сағым бұу. Алғыр тазы. Ағын сұу. Омар жазғыш. Мұрат сызғыш.

д د د

адам	адыр	жылдам	барды
адал	адым	алды	балдақ
адас	доға	қалды	сандық

Адыр адам. Дабыл жол. Жылдам жазыу. Омарға Оқас жолдас. Алдында ат, артында арба. Адалдық арлы адамнан табылады. Бұзық басы бұурылдан.

п پ پپ

апа	арпа	топыр	ақпан
апан	пара	пұл	балапан
опала	доп	пылан	Оспан

Аспан ашық. Қора батпақ. Аққұу аппақ. Шапан шапшақ. Жас жапырақ. Қара топырақ. Арпа астық. Сорпа тамақ. Ақпанда сұуық болады.

ڭ ڭ ك ڭ ڭ ڭ

е ۇ ۵ ه

ел	зер	мен	әуе
ер	жер	мені	әуре
ез	тер	менің	терең

Дем ал. Дорбаға жем сал. Жерде қар жұқа. Терезе терлеп тұр. Сен оқыдың, мен тыңдадым. Үш жерде бес – он бес.

к ك ک ک

ек	кел	кем	керек
бек	кет	кілем	күрке
бекін	төк	күлкі	ерке

Күн шықты. Тұман сейілді. Ат керілді. Келіншек тезек тереді. Серке секіреді. Кійік орғыйды. Теке қарғыйды. Кеме жүзеді. Кесерткі жорғалайды. Күйкентай ұшады.

Г گ گ گ

көк	ек	жек	жік
көгі	егін	жегін	жігі
түк	шеге	жегіу	жігер
түгі	шеген	егеу	жүген

Көп жасаған білмес, көп көрген білер. Түбі бірге түтпейді. Ексең егін, ішерсін тегін. Бүлінген елден бүлдірге алма. Жүрген айаққа жөргем ілінеді. Бір көрген біліс, екі көрген таныс. Төсегіңе қарап айағынды көсіл.

Қазақ тіліндегі дыбыстар және олардың қарыптары (таңбалары):

(а) ا, (б) ب, (п) پ, (т) ت, (ж) ج, (д) د, (р) ر, (з) ز, (с) س, (ғ) ع, (к) ق, (г) گ, (ң) ڭ, (л) ل, (м) م, (н) ن, (о) و, (ұ) ۇ, (у) ۋ, (е),ه, (ы) ى, (й) ي

және жіңішкеліктің белгісі «ء» (дәйекші).

Дауысты дыбыстардың таңбалары:

(а)ا, (о) و, (ұ) ۇ, (е) ه, (ы) ى

Дауыссыз дыбыстардың таңбалары:

(б) ب, (п) پ, (т) ت, (ж) ج, (д) د, (р) ر, (з) ز, (с) س, (ш) ش, (ғ) ع, (к) ك, (г) گ, (ң) ڭ, (л) ل, (м) م, (н) ن, (у) ۋ, (й) ي

Қазақ тұтынбағанмен, басқа түріктердің тұтыныуынан шықпаған араб әліппесінің қаріптері:

ث	چ	ذ (د)	ص	ض	ط	ظ	غ ف	
(تس)	(ش)	(ق)	(ز)	(س)	(ز)	(ت)	(ز)	(ع)	(وپُ)
с	ш	х	з	с	з	т	з	ғ	ф

(h) ھ шаршағанда шығатын дауыстың айақ үні.

1. Торайғыр бійдің тақпақтары

Барлы, барлы, барлы тау,
Басы есеннің дені сау.
Ұйықтамаса, қабақ жау,
Ішпей жүрсе, тамақ жау.
Арық атқа қамшы жау,
Жыртық үйге тамшы жау.
Ұрысқақ болса, ұлың жау,
Керіскек болса, келін жау.
Қашаған болса, атың жау,
Қарыспа болса, қатын жау.
Тебеген болса, бійең жау.
Сүйкеншек болса, түйең жау.
Түйең менен бійеңді
Алып кетсе, жійен жау.
Ұл он беске келгенше,
Қолға ұстаған қобызың.
Ұл он бестен асқан соң,
Тіл алмаса, доңызың.
Көкбектен өліп қалмаса,
Жасында күйеу алмаса,
Көрінгенмен ойнаса,
Бәрінен үлкен қызың жау.

(Шорман жыйғанынан)

2. Алшын Қара жігіт бій

Алшын Қара жігіт бій бала күнінде бір ауылға келсе, сол ауылда Төле бій мен Едіге бір үлкен дау бітіріу жұмысында жатыр екен. Қаражігіт босағадан орын алып, сөйлескен сөздерін тыңдап отырып, ұнатпай:

«Асқар тау, сенде бір мін бар –
Асыу неге бермейсін?
Қара сұу, сенде бір мін бар –

Өткел неге бермейсін?
Бійлер, сізде бір мін бар –
Елге тізгін бермейсіз», –

депті де, үйден шығып жүре беріпті. Бійлер қайтарып, кім боласын деп жөнін сұрағанда, Қара жігіт айтады:

«Шешем қара күң,
Әкем қараңғы түн.
Пышағым бар жетесіз,
Шешем бар некесіз.
Өзім тұуған бір ұлмын,
Тегімді сұрап не етесіз?»

Бійлер төрге отырғызып, дау бійлігін Қара жігітке беріпті. Қара жігіт: «Тұлпардың өзі бітпес, тұйағы кетпес» деген бұрынғының жолы бар, көптен келе жатқан, тозған мал екен, жүз жылқының тұйағы жүз тай болсын», – депті. Екі жағы ырза болып тарапты.

(Шорман жыйғанынан)

3. Атақозы бій

Қазақтың бір қанының заманында, елде бір Ата қозы деген бій болған. Ол бій сөзге ұста, шешен кісі болған. Бірақ бұл қан оның сөзін елең қыла қоймаса керек. Бір күні қан жолдастарымен сейілге шығып келе жатса, бір бүйірден бір жалғыз адам келе жатқанын көріп, қан жанындағы жолдастарынан мына келе жатқан кім екен деп сұраса, жанындағы жолдастары бұл белгілі Ата қозы ғой деп. Сүйткенше болмай, Ата қозы келіп қалады. Қанмен амандасып болғаннан соң, қан тұрып Ата қозыға: «Япырай, сіз қалай арықсыз?» – деп сұраған. Сонда Ата қозы қанға айтқаны: «Тақсыр қан, мен қалай семіз болайын. Өлеңді жерде өгіз семіреді, өлімді жерде молда семіреді, қаралысында қатын семіреді, қайғысыз қан семіреді. Қазақтың жылқысын калмақ алады деп, бір түнде тоғыз ойанып, тоқсан ойланамын. Сүйтіп жүріп мен қалай семірейін», – деген.

Сонда қан жанындағыларына бұл мұндай кісі екенін маған бұрынырақ неге айтпадыңыздар деп, не айтарын біле алмай, сасып қалған дейді.

4. Алдар көсе

Алдар көсе мен шайтан бірлесіп бұйдай егеді. Егін піскен соң орып, бастырып, бұйдайын бір бөлек, саламын бір бөлек қойыпты да, шайтанға көрсетіп айтыпты: «Көбін аласың ба? Азын аласың ба?» – деп, шайтан: «Көбін аламын!» – депті. Көбі мынау деп, саламды шайтанға беріп, бұйдай біткенді өзі алыпты.

* * *

Бір күні Алдар көсе мен шайтан екеуі түлкі құуып соғып алып, қай жасы үлкеніміз алайық дейді. Алдар көсе шайтанға: «Кәні, сен нешедесін? Жасыңды айт», – дейді. Шайтан: «Мен тұуғанда көк табақтай ғана, жер кеседей ғана еді», – дейді. Алдар көсе еңіреп қойа береді. Шайтан: «Неге жылайсын?» – дейді. «Менің үлкен балам нақ сол жылы тұуып еді, құрдас екен-ау деп жылап тұрмын», – депті. Сүйтіп, Алдар көсе үлкен шығып, түлкіні алады.

5. Қожанасыр

Қожанасыр жарлы болған адам. Бір күні жайау кіре тасып, кәсіп қылып, тамақ асырамақ болған. Базарға келіп, жайау кірешілердің жанында тұрғанда, бір сандық кесе, шыны-айақ, тас табақ сыйақты ішетін нәрселерді алып барыуға жалданбақшы болады. Нәрсе ійесі айтады: «Алып барыу ақыңа мен саған үш ауыз мағаналы, қасыйетті сөз үйретемін», – дейді. Ақша басқалардан да табылады ғой, мұның қасыйетті, зор мағаналы сөздерін естіп қалайын деген оймен Қожанасыр жарайды дейді.

Сандықты көтеріп ійесіне еріп келе жатып, біраз жер жүрген соң: «Кәні, қасыйетті мағаналы сөздеріңізді айтсаңыз

екен», – дейді. Жалдаушы айтады: «Бірінші сөз мынау: егерде біреу аштық тоқтықтан жақсы десе, еш уақытта нанбағайсын!». «Жақсы, бұл бек мағаналы сөз екен», – дейді Қожанасыр. Тағы біраз жүрген соң: «Енді екінші сөзіңді айтсаң екен», – дейді. Жалдаушы айтады: «Екінші сөз мынау: аттыдан жайау жүріу жанға тыныш десе, еш уақытта нанбағайсын», – дейді. «Бұ да зор мағаналы сөз екен», – дейді Қожанасыр.

Үйдің жанына келіп қақпаға кірердің алдында тұрып: «Енді үшінші сөзіңді айтсаң екен», – дейді. «Үшінші сөзім: егерде жайау кірешінің сенен де ақылсызырағы бар деуші болса, асылан нанбағайсын», – дейді. Қожанасыр төбесіндегі сандықты жерге алып ұрып: «Егерде біреу бұ сандықтың ішінде сынбай қалған нәрсе бар десе, еш уақытта сен де нанбағайсын», – дейді.

6. Мүңке бій

Шекті ұлы Мүңке бій жеті жасында бійлік айтып, кісі құны дауды бітірген екен дейді.

Бір сұудың бойына бір бай ауылы келіп қонады. Сұу бойында бір топ бала ойнап жүрсе балаларды келіп ауыл ійесі ақсақал құуалайды. Байдың астындағы асаулау байтал екен, балалардың біреуі атын үркітіп қалғанда, байдың бөркі басынан ұшып, байталдың алдына түскен кезде, байтал тұулап, бай жығылып жан тапсырады. Байдың елі балалардан құн алмақ болып жыйылады. Үш күн, төрт күн жатады, бітісе алмайды; бес күн, алты күн жатады, бітімге келе алмайды. Сүйтіп дағдарып тұрған уақытта бір тайға мінген жеті жасар бала келеді. Бала қарап тұрады да, бұ жұмыстың бійлігін маған берсеңіздер, мен бітірейін дейді. Бала бір айтады, екі айтады, оның сөзіне баласынып ешкім құлақ аспайды. Ақырында ақсақалдар дағдарып: «Осы қой асығы демеңіз, қолыңа жақса сақадай, жасы кіші демеңіз, ақылы жақса атадай» деген қайда? Манағы бала кім баласы екен? Тауып әкеліндерші», – деп іздетіпті. Сұрастырып баланы тауып әкеледі. Баланың аты Мүңке екен, бала келіп айтады: «Бійлікті маған

берсеңіздер, менің айтатын біллігім мынау», – дейді: «Ердің құны жүз жылқы, бұл істе тентек төртеу: әуелі ойнап жүрген бала тентек, екінші, оны құуған бай тентек, үшінші үріккен байтал тентек, төртінші, бастан ұшқан бөрік тентек. Төрт тентекке жүз жылқыны бөліу керек», – дейді. Сонда жүз жылқының үш бөлімі байдың өзіне түсіп, бір бөлігін ғана бала жағы төлейді. Жұрт бала біллігіне ырза болады. Сол бала үш жүзге белгілі Мұнке бій атанып, аты аспанға шығады.

7. Үш мерген

Үш мерген құс атыуға шығып, күні бойы жүріп, жалғыз шүрегей атып алады. Елге қайтпай екінші күні тағы құс атпақ болып, көлдің басына түнемек болады. От жағып, шәйнекті отқа қойып отырып, үшеуі шүрегейді қайтеміз деген сөзге түседі. Бұл үйрек үшеумізді тойғызбайды. Біреуіміз жеу жөн болмайды. Мұны қалай етеміз дейді. Бұлардың біреуі құу жігіт екен, ол айтады: «Мұны қалай етіу ақылын мен айтайын. Үйректі пісірейік, орап қойайық та, жатайық, ұйықтайық. Кім жақсы түс көрсе, сол жесін үйректі», – дейді. Дұрыс деп, осы ақылды ұнатады да, үшеуі шай ішіп, үйректі пісіріп, орап қойып, ұйықтауға жатады. Екі жолдасы ұйқыға кете бергенде-ақ, құу жігіт тұрады да, үйректі жеп, орнын үйрек ораған сыйақты қылып, жауып қойады. Ертең жолдастары ойанған соң, құу сұрайды: «Қаны, жолдастар, не түс көрдіңдер?» – деп.

Біреуі айтады: «Мен ақ боз ат мініп, алтын таж кійіп, патша болып жүр екенмін», – дейді. Екіншісі айтады: «Мен жұмаққа кіріп, қор қыздарын құшып, кәусар суын ішіп, рақатта жүр екенмін», – дейді.

Сонда құу айтады: «Бірің «патша болған соң, бірің жұмаққа кірген соң, отқа пісірген үйректі жей қоймас деп мен жеп қойдым», – дейді.

(Алтынсары ұлының кітабынан)

8. Құулық

Алтай Айман деген құу жігіт жолдастарымен қыс кезінде қала шығып келе жатып, адамы өлген бір ауылға келеді. Ол ауыл молдасы жоқ ауыл екен. Өлікке ыйман айтыуға еш кім табылмаған. Келген қалашылардан араларыңда молдаларың жоқ па деп сұраған соң, Айман: «Бар, мен молда едім», – дейді. Өлігі бар үйдің адамы: «Олай болса, жүріңіз, өлікке ыйман айтыңыз, ыйман білмеген соң, өлерде айта алмап едік»,– дейді. Айман: «Аты кім еді?» – деп сұрайды. «Аты Қазанқап еді», – дейді үй ийесі.

Айман түк оқыу білмейтүн, Құраннан құлағына тийетүн сөздерді ғана айта алатұн адам, ыйман айт деген соң естіген сөздерін теріп ыйман айтқан болады.

«Ағыуз бій лла минашшайтан ражим ан илла қазиғұл қап, қалимат, шайбат, иллаһа, илалайын», – дегенде үй ийесі: «Арыуағыңнан айналайын, Алтай бабамның баласы-ай! Манадан бері білмей отырған сөзіміз тап осы еді», – деп жылап жібереді. Ыйман айтып болған соң, жаназасын да шығар деп өтініп, шарыйғат пыйдыйасына не қосады екен деп үй ийесі сұрайды.

Айманның алдымен ойлайтұны жол азығы – бір тұу қой, бір қағаз шай, бір шана шөп, онан кемді шарыйғат қоспайды дейді. Үй иесі Айманның айтқанын істейді.

Жаназа намазын оқып тұрып, Айман құлақ қағып дауыстап: «Мал таракіу, жан таракіу, ыйман таракіу, бір қадақ шай, бір қой таракіу» дегенде, артында тұрған жолдасы да өзіндей молда болса керек, Айман ұмытып тұрған шығар деген оймен есіне салайын деп сыбырлап: «Тұржағұны бар еді ғой», – дейді. Айман: «Жаның шығып бара ма? Жаңа келді Тұржағұн, – деп екі жағына сәлем береді де, – апарып көміңдер», – деп, жүре береді.

(Шорман жыйғанынан)

9. Даукестер сөзі

Алтай Нау деген кісі «бійтін жоқтап құн сұрайтын» өте даукес болған. Нау біреуден ешкі даулап, Акмырза бійге жүгініске барыпты. Ақмырза бій сұрағанда Наудың ешкісін сыйпаттағаны:

Саусам бұлақ еді,
Іші толған ұлақ еді,
Терісі бұтқа қап еді,
Мүйізі пышаққа сап еді,
Тоқты қарын майы бар еді,
Тоқсан шақпақ құрты бар еді,

– депті.

Ақмырза осының бійлігін өзің айтшы дегенде, Наудың айтқан бійлігі: «Бійдің бійлігіне бір ат, ешкінің мойнына қосақ, соңына тіркеу, төрешіге түк жоқ», – деген. Ақмырза: «Ал, бірақ Нау құрымай, дау құрымас, өмірің даумен өтер», – деген.

* * *

Нау жолаушылап бір жақтан келе жатса, өзеннің ар жағынан біреу: «Насыбайың бар ма? Мұрным қаңсып өліп барамын», – дейді. Нау: «Бар», –дейді. Анау ар жақта тұрып: «Насыбайың болса, атшы», – дейді. Нау шақшасын сұуырып алып, ердің қасына қағып-қағып, аузына салып жібергенде, ар жақтағы атынан мұрттай ұшып, құлап қалады. Біраздан соң тұрып, атын жалдап келіп, Наудан насыбай атады. Насыбай атып тұрып, тамыр болайық, шақшаңды бер, шақшаның қолқасына мен де жарармын дейді. Нау шақшасын беріп, аты-жөнін сұрап, біліп алып, жүріп кетеді.

Бір жыл өткен соң, шақшасының қолқасын алыуға, Нау тамырын іздеп барады. Шақшаны алған кісі тұтамдай сыйыр мүйізіне не алмақшы болып келдің деп, Науға сөз бермейді. Қадалған жерінен қан алмай, айрылмайтұн Нау жабысып айырыла қойа ма? Екеуі дауласып Бағаналы Барлыбай бійге жүгініске барады. Наудың даукес бәле екенін білгеннен кейін, шақша алған кісі Наудан бұрын барып бійдің аузын алып қойады.

Бій екеуінің басын қосып отырып, Науға айтады: «Е, Нау, сонша жерден ат қыйнап іздеп келіп, жүгініске түскендей, құу мүйізінде не қасыйет бар еді?» – дейді. Нау: «Уай, несін айтамыз. Шақшам жақсы еді: тау текенің мүйізінен істеген тақысы еді. Қырық қой, төрт ат істеген кісінің ақысы еді, сексен маржан көзі бар еді, тоқсан қой, тоғыз ат болар деген істеген кісінің сөзі бар еді. Берген ақыны азсынып, тау жайлаймын деп, баршамды алды. Ой қыстаймын деп, шотымды алды, қыр қыстаймын деп, балтамды алды, қалауым деп, бөрте атымды алды; жау шапты деп, төрт атымды алды, қайқы келген қара атымды алды, тілік құлақ сары атымды алды, сары аттың енесі кішкентай ғана бійем еді, әкесі тұлпарға жійен еді», – дейді.

Шақша алған кісі Наудың сөзінен қысылып, сасқалақтап, не айтарын біле алмай:

Қыстың қатты боларын ұлақ білер,
Күннің сұуық боларын құлақ білер,
Берген нәрсең тұтамдай сыйыр мүйізі,
Төрелігін Барлыекең өзі-ақ білер», – дейді.
Сонда Нау тұрып: «Қыстың қатты боларын тоқты білер,
Қарақойын* жайылымы қоқты келер.
Пара беріп қоймасаң Барлыекеңе
Айтпаған сөз мәнісін боқты білер, – дейді.

Барлыбай бій алғанымды біліп қалған ба екен деп қысылып, «төрешіден қалмайды, айтыушыдан қалады», көп сөйлемей Наудың ақысын бер деп, шақша алғанға ақырыпты. Науды ертіп апарып, қасқа тоғыз беріп, ырзаласыпты.

(Шорман жыйғанынан)

10. Көсем бала

Қалмақ пен қазақтың соғысып жүретін заманында, бір соғыста қалмақ қазақты жеңіп, қазақтардың жылқыларын алып кеткен. Қалмақтар жылқыны алып барған соң, артынан

* Қарақойын – Нау қыстауының аты.

қазақтар кісі жіберген, ол жіберген кісіге қалмақтың қаны айтқан: «Қазақ, сендерден үш ауыз сөз сұрайын, сол сұраған сөзіме жауап тауып берсеңдер, жылқыларыңды қайтарамын», – деген. Сол сөзді жіберген кісі еліне айтып келген. Қазақтан баратын адам шыға алмаған, егер барған адам жауап бере алмаса, қалмақтың қаны басын алатын болған соң.

Қалық жыйылып бір адам да бара алмай, сасып тұрғанда, бір жас бала келіп, қалмаққа жауап беріуге мен барамын деген. Бір адам табылмай тұрған қазақ қалқы балаға, барсаң бар десіп қаулы қылысып, жібермекші болған. Сонда бала айтқан: «Маған бір түйе, бір ешкінің текесін әкеліп беріңдер», – деп. Қалық сұрағанын тауып берген.

Сол нәрсе мен құралды сайлап алып, жалғыз өзі жүріп кеткен, жолда келе жатып бір аз қалыққа жолығып, менің жолымда кімдер бар деп сұраған, қалық балаға баратын жолында бір білгіш данышпан адам бар, соған соға кет деген. Бала жолда кез болып, данышпанның үйіне келіп, сырттан сөйлес қылып тұрған. Данышпан: «Балам, түс. Тапсам қонақ асыңа бір қой, таппасам екі қой сойып беремін», – деп үйіне қондырып, баланы тамаққа тойдырып, жақсылап жайлап жатқызады. Ертеңіне баланы жөнелттірерінде, бала данышпаннан сұраған: «Мен қалмаққа жауап беремін деп бара жатсам да, сіздің кешегі бір сөздеріңізге түсіне алмадым», – деп. Сонда данышпан айтқан: «Сізге тапсам бір қой сойамын дегенім: бойдақ қойым болса иә қысыр қойым болса, соны сойармын деп едім, егер таппасам, екі қой сойармын дегенім: бұуаз қой сойармын дегенім еді. Сол уақытта маған жолдас боларлық адам екен деп, қалмаққа бірге ертіп алып кеткен. Жолда бір неше күн жүріп, қалмақтың шәріне жақындап келіп, кірейін деп келе жатса, қалмақтың шәріне кіретін жолына абайға қойған көп ійті бар екен. Бұларға қарсыласып жібермеген соң, бәрін де бала атып, қырып тастап, кіріп келе жатса, ійттің бәрін қырып біреу келеді деп қанға қабар барған. Қан шақырып көрсе, жауап бере келген қазақ баласы екенін көрген.

– Сен баласың, еліңнің үлкені қайда? – деген. Бала:

– Үлкен десең, түйе әкелдім, – деген. Қан:

– Ақсақалыңды айтамын, деген. Бала:

– Ақсақал десең, ешкінің текесін әкелдім, сақалы бір кез, – деген. Қан:

– Жоқ, олай сөйлеме, адамдарыңды айтамын, – деген. Бала:

– Адам десең, өзім келдім, – деген. Қан:

– Тіліңді Тәңір кессін, – деп, жауаптан тоқталып, сөзін қойған.

11. Әділ бій

Бір адам далада жол жағалап келе жатса, жайылып жүрген бір топ түйеге ұшырайды. Бұл адам өзіне жол ашпақ үшін қолындағы тайағын түйелерге лақтырып жібереді. Тайағы құрғыр ұшып барып бір түйенің көзін шығарады. Түйеші түйенің құнын даулайды. Бұл бәледен құтылайын деп түйенің көзін шығарған адам тұра қашыпты. Бір бійік жардың кенерінен секіріп түскен екен, салмағымен көлеңкелеп жар астында жатқан бір бійшара қартты басып өлтіреді. Мұны сол маңда жүрген қарттың баласы көріп қалады.

Жолаушы қашады, мұны қарттың баласы мен түйеші құуып келеді. Сорлы қашқын бір дарыйаның жійегіне келіп жетсе, қайықшыға ұшырайды, сасқанынан қайықшыға: «Мені дарыйаның ар жағына шығарып сал, бір шійрек ет берейін», – дейді. Қайықшы қашқынды өткізеді. Ал енді қашқынның қайықшыға беріуге еті жоқ. Не қыларын білмей, дағдарады. Қайықшы қашқынды жағасынан алып жібермейді. Сүйтіп тұрғанда кейінгі екі даугер келіп жетеді. Даугер енді үшеу болады, біреуі түйенің көзін, екіншісі атасының құнын, үшіншісі қайық пұлын сұрайды. Қашқын не қыларын білмейді.

Қайықшы қашқынға айтады:

– Егер төлеуге етің болмаса, айағыңның балтыр етін кесіп бер, – дейді. Бұлар қанша дауласса да, келісе алмай, ақырында сол маңдағы бір данышпан бійге барып жүгініседі.

Бій түйешіге айтады:

– Әй, балам, бір түйені мен анадай жерге тұрғызайын, сен қолыңа тайақ алып, сол түйенің көзіне дәл тійгізсең, түйенің көзі түгіл, бүтін түйенің өзін төлеуге үкім қылайын. Тійгізе алмасаң өзің жазалы боласың.

Бұл сөздерді есіткен соң, түйеші ойға қалып, дауын кешіп, кетіп қалады.

Бій енді қарттың баласына айтады:

– Шырағым, мен осы адамды (қашқынды) жардың астына жатқызып қойайын, сен жарға шығып үстіне секіріп түс; егер өзіннің салмағыңмен қашқынды өлтірсең, мен саған өз жаныммнан әкеңнің құнын төлейін, өлтіре алмасаң, өзің өлесің.

Бұл сөзді естіп, қарттың ұлының зәресі ұшып, құн даулаудан қашады.

Ал енді жалғыз-ақ қайықшы қалады. Данышпан қайықшыға айтады: –Мынау адамның балтырынан бір шійрек ет кесіп ал, бірақ бір шійректен артық та, кем де болмасын; мұнан не артық, не кем болса, өз обалың өзіңе, басыңды аламын.

Соны естіп қайықшы қашады.

Бұл ертегіге қосымша бір бійлік өлең бар, соны төменде айтып өтелік.

Әділ бійдің алдынан іс кетпейді,
Жебірлікті нәпсі үшін істетпейді.
Ердің құнын екі ауыз сөзбен ептеп,
Абыройын кісінің еш төкпейді.
Қылар жақсы түймедей түйедейді,
Жөнін тауып әр істің жүйелейді.
Жаман болса, төрешің ептей алмай,
Ақ ісіңді қаралап, күйелейді.
Дұспандарды жақсы бій дос қылады,
Дауыңа дау жаман бій қостырады.
Бұ бір мақал: «Кійікті ата алмаған
Атамын деп, үркітіп, бостырады».
Ұрысқанды жақсы адам табыстырар,
Ақылменен жапсарды қабыстырар.

Жаман адам от қылып жандырмаққа
Сөніп жатқан шаланы қағыстырар.
Жақсыларға жалқын от саз болады,
Жатқан бәле жаманнан қозғалады.
Жақсы менен жаманның парқы басқа,
Айта берсең бірталай сөз болады.

(Әбіубәкір Дійбайып)

12. Жәнібек батыр

Жәнібек батыр бала күнінде ақыл, білім үйреніуге Қаракерей Соқыр Абыз деген кісіні іздеп келген екен. Сәлем беріп кіріп келсе, қарттықтан екі жағын жібекпен таңып отырған кісі екен. Жәнібекті көріп: «Сен қай ұлсың?» – деді. «Қошқар ұлымын», – дейді Жәнібек. «Қошқардың адам ійісті бір ұлы бар деп еді, сол боларсың ба?» – деді. Жәнібек: «Болармыз», – депті. «Балам, не жұмысың бар? Бұл жақта неғып жүрсің?» – деді. «Осы жақта бір қарт атамыз бар дегенге қолын алып, бір-екі ауыз ақыл, білім алайын деп жүр едім», – деді. «А, а... Ел бастап, жұрт алайын деген ұл екенсің, сөз бастап бій болайын деген ұл екенсің. Алдыңа келсе, әділдігіңді айама: аймағың кетпес алдыңнан. Қол бастап, жол алайын деген екенсің. Жолдастың мыңын алма, бірін ал: мың кісіге бір кісі олжа салатұғын. Олжаңды айамасаң, жолдасың қалмас қасыңнан. Жүз жыйырма алтыға толып отырмын. Жас күнінде қалың бер де, қатын ал: жігіттің қан болатұн, қыздың қаным болатұн кезі сол, қартайған соң өкінбе, ұлым. Қарыу жыйсаң, мылтық жый: жайау жүрсең – тайағың, қарның ашса – тамағың».

Жәнібек мұнан шығып, Кіші жүзде тоқсанға келіп отырған Тайған деген бійге келді. Келсе, бійдің елі көш екен. Көш үстінде кез болып, сәлем беріп, ат үстінен көріседі. Мұнысын жақтырмай, бій: «Жаным, қай ұлсын?» – дейді.

Қошқар ұлымын, – дейді Жәнібек.

Ұлым, неғып жүрсін? – дейді.

Осы жақта бір қарт атамыз бар дегенге жолығып, қолын алып, бір-екі ауыз ақыл сұрайын деп едім, – дейді Жәнібек.

Е, е... – деді бій, – азыуы алты қарыс арғынның Қошқарының ұлы Жәнібек, алшынның бір алжыған шалын келемеж қылып кетейін деп едім десеңші! – дейді.

Мен сөз сұрайын деп келсем, көңілімді қайтарды ғой, – деп Жәнібек атының басын бұрып алып, жүріп кетті.

Анадай бара жатқанда, бій:

Әй, Жәнібек! – деп шақырды. Жәнібек артына қарады. Сонда бій: — Атыңның басын бұрма, солай тұр. Жүзімнің кішілігінен бір ауыз сөзбен көңіліңді қайтардым. Өгізді өрге салма, қанатың талар, жаманға жүзің салма, сағың сынар», – депті.

(Алтынсары ұлының кітабынан)

13. Қожанасыр ақылы

Жыйын үй. Жыйылған жұрт. Әркім мінбеге шығып, жұртқа білген ақылын, үгітін айтып жатыр. Бір уақытта мінбеге Қожанасыреттен шығып: «Жамағат, менің сөйлейін деп тұрғаным не нәрсенің жайы, білесіндер ме?» – деді. Жұрт: «Жоқ, білмейміз», – дейді. «Білмесеңдер, білмейтүн нәрселерің жайынан қалай сөйлеймін», – деп Қожа мінбеден түседі.

Жұрт қамтама қалып, білмейміз деп ағат айтқан екенбіз, енді сұраса, білеміз деп айтайық деседі.

Басқалар сөйлеп жатқан соң, Қожа шыдап тұра алмайды, тағы қалықтан сұрайды: «Жамағат, мен не жайын сөйлемекпін, білесіңдер ме?» – дейді. Жұрттың бәрі: «Білеміз, білеміз», – деп шұулай қойа береді. «Өздерің біліп тұрсаңдар, мен несін айтайын», – деп Қожа сөйлемейді. Тағы мінбеден түседі.

Жыйында болған адамдар, Қожа енді сұрай қалса, білетүніміз де, білмейтүніміз де бар делік, онда не дер екен дейді. Басқалар мінбеге шығып, анау жақсы, мынау жақсы, олай етіу керек, бұлай етіу керек деп, ақылдарын айтып жатқан соң, Қожа төзіп отыра алмайды, тағы мінбеге шығады. Жұрттан үшінші рет тағы сұрайды. «Жамағат, мен нені айтайын деп тұрмын,

білесіндер ме?» – деп. Жұрт: білетүніміз де, білмейтүніміз де бар», – дейді. «Олай болса, білетундерің білмейтундеріңді үйретсін, білмейтундерің білетундеріңнен үйренсін», – деп Қожа мінбеден түседі.

14. Шайық Сағдыдан

Қалтасында біреудің
Жұпары болса сақтаулы,
Жұпарын ол дауыстап
Көрмейді лайық мақтауды.
Мақтамай-ақ әркімге
Жұпардың өзі-ақ білдірер.
Үндемей-ақ төңірекке
Тәтті ийісін жайып сіңдірер.

* * *

Дүнійеде көркем күйлер көп
Жаны бар оны сезбей ме?
Сезбейтүн оны құр тұлып,
Тұлыптан кісі безбей ме?
Ән мен күйге түйе де
Шаттанар, қайыуан десек те,
Сезбейтүн оны адамды
Салпаң құлақ есек де.

(«Асау тұлпар»)

15. Тұуған жер

(Жұукобскөйден)

Тұуған жер! Көрген жаман, жақсылықты,
Не түрлі татқан тәтті, ашшылықты.
Кең дала, қалың тоғай, таныс ағаш
Бірінен-бірі болып қызғылықты.
Сүйікті аспан көктің сәулелері,

Қайғысыз сабақ алып жүргендері.
Бірінен-бірі басып, асып түсер
Түрлі ойын балалықтың әурелері.
Жарықтық, қасыйетті тұуған жер-ай!
Әркімге сенің жолың емес оңай.
Қалпында қандай жүрек тұрар екен?
Сен десе орынынан қозғалмай жай!

Бекет.

16. Өмір

Мана көкті қаптап еді қара бұлт,
Күн күркіреп қорқытып, ұшырып құт.
Көк тұнжырап, мұңайып, қабақ жауып,
Көз ашқанша аспанда жарқылдап от.
Бұрқыратқан екпінді дауыл еді,
Сабап құйған жеркеніш жауын еді.
Қорқып-сасып жан-жаныуар есі шығып,
Бәрі-ақ іздеп баспана тауып еді.
Бұлт айықты, көк жүзі болды ашық,
Бар нәрседен қайғы-мұң кетті қашып.
Күн сәулесі жер жүзін құшақтады,
Қосылыуға қашаннан болған асық.
Бейне алтындай көкте бұлт тұр ғой жайнап,
Енді жел жоқ мазалап оны айдап.
Жанға рақат, гүлдерден қош ійіс аңқып,
Жан беріп, кең далаға құстар сайрап.

Өмір осы, бірде ол болар бұлтты,
Қатты желді, дауылды, кейде отты.
Құрып демің, қайғырып жас төгерсің,
Бұлт ашылар – қайғының бәрі бітті.

17. Жатырсын неге ұйықтап?

Жатырсын неге ұйықтап, қара шекпен?
Жарық жаз қайта келді былтыр өткен.
Қарашы, анау сенің көршілерің,
Әлі жүр қызметінде ертеңгі еткен.
Баққаның күндіз-түні тек бір ұйқы,
Адамсың талабың жоқ мұнша неткен?

Қарашы, көз жіберіп өзіңе-өзің.
Кім білер, қата шығар менің сөзім.
Бұйдай жоқ сарайыңда жалғыз түйір,
Білмеймін, не ойлап жүрсің сенің өзің?

Тап-тақыр шарбағың тұр босқа жайнап,
Кеткендей шоланың тұр пері жайлап.
Атыңды алдақашан борыш алды,
Ақырда жайау қалдың сорың қайнап.

Сандығың мынау жатқан төңкеріліп,
Үйің тұр қарт кемпірше бүкірейіп.
Басыңды енді, жаным, көтермесең,
Сөз айтпас қайтып саған жұрт түңіліп.

Есіңе ал, бұрын қандай болғаныңды,
Барында бақ-дәулетің оңғаныңды.
Жөнелтіп астығыңды әр шәhерге,
Толықсып сол бір күнде тұрғаныңды.

Көріуге қалық сені асық еді,
Әр жерде-ақ есік саған ашық еді.
Төр болса қонақтықта сенікі еді,
Қадірің осылайша асып еді.

Бұл күнде жарлы болдың адам нанбас,
Болған соң жалқау адам ұйқың қанбас.
Бұйдайың көптен піскен орыусыз тұр,
Жарқыным, жетер енді ұйқыңды аш!
Құс шоқып, жел ұшырып тамам болды.
Етесің өзіңе-өзің не үшін қас?

Ұйқыңды, қара шекпен, бөлсең нетер?
Мінекей, жаз мезгілі тағы да өтер.
Ауладан көзін салып күз қарайды,
Артынан қатты ызғарлы қысы жетер.

Қар жауып шанамен жұрт жүріп жатыр,
Базарға не сатасын жалқау пақыр.
Арбалап астық сатып көршілерің,
Қарашы, пайда көріп оңып жатыр.

(Бұйра ұлы)

18. Қасқыр мен мысық

(Қыйрылоптан)

Орманнан қасқыр келді елге қашып,
Алақтап, не қыларын білмей сасып.
Соңынан бір топ аңшы қыйқыу салып,
Ійт қосып келе жатыр шапқыласып.
Жалынып қасқыр сонда мысыққа айтты,
Шетінде бір ауылдың ұшырасып:
– Мысықжан, бұл жердегі жұрттар қандай?
Жау құуып келе жатыр арттан қалмай.
Ійт үрген, қыйқуу салған адамдардың
Дауысын естіймісін тартқан керней?
Айта гөр қайырымды ел бар болса,
Тасалап мені жаудан құтқарғандай.

– Бара ғой, – мысық айтты, – Қойанкөзге,
Жігіт кем ер көңілді онан өзге.
Адамды анау-мынау тоқтатарлық
Аузының ебі де бар сөйлер сөзге.
– Оны қой, – қасқыр айтты, – ол жасырмас,
Жеп едім бір тұу қойын былтыр күзде.

– Барып көр олай болса, Құрамысқа
Адам кем жасырыуға онан ұста.
Шамасыз өзі асқан жақсы жігіт,
Жалғыз-ақ тоны келте, қолы қысқа.
– Мысық жан, оны да қой, өзгесін айт,
Жеп едім бір ұлағын өткен қыста.

– Ійесі анау үйдің Көпберген бай,
Жақсылық, жамандықты көп көрген бай.
Қонақжай, өзі асқан дәулетті адам,
Жатсаң да ауырламас бірнеше ай.
– Барыуға, – қасқыр айтты, – жүрексінем,
Оның да қозыларын жеп ем талай.

– Білмеймін сілтерімді енді қайда?
Барып көр Қыйсықбасқа анау сайда.
Болғанмен басы қыйсық, өнері көп,
Әр түрлі табылады онан айла.
– Мысық жан, оны да айтып әуре болма,
Жеп едім бір бұзауын өткен айда.

– Мен қайран, – мысық айтты, – істеріңе!
Залалдан басқа нәрсе істедің бе?
Байдың көбі, жарлының жалғызы да,
Тійіпті тыңдап тұрсам, тістеріңе.
Залалгер жұртқа тегіс болып әбдән,
Енді не іздеп келдің іштеріне?

Жынды жоқ, сені аман құтылдырып,
Алғандай бәле тілеп үстеріне.
«Не ексең, соны аларсын» деген сөз бар,
Ор енді егініңді, піскенінде».

(«Қырық мысал»)

19. Тұтқын зары

(Кірасұускейден)

Күн шығып, күн батады мезгілімен,
Қаталық бұл қапаста әлденеден?
Жүреді ерсең-қарсаң күзетшілер,
Алланың ырза болып бергенімен.

Мен түстім бұл түрмеге қапылыстан,
Көңілін бұрғандықтан қатын дұспан.
Кінәм сол – көзін жойдым құпыйа емес.
Кінәсін әшкерелеп емес бостан.

Сол үшін мұндай күйге түстім, міні!
Тағдырдың кезі шығар мені тосқан.

Түбіме жеттің жауыз!... менің дағы,
Еріннің адал бейіл, ақ жолдағы
Белгілі түзік жолдан шығып, сайқал!
Жаныңа дажал болдың жәна тағы.

Балалар артта қалды жетімсіреп,
Қалайша олар енді етер қорек?
Кім білед аш-жалаңаш болмайтынын?
Ата-ана болмаған соң тұрар демеп.

Жатырмын мен тұтқында қапаланып,
Азаптың неше түрлі дәмін алып.

Күн-түні бір тоқталмай, қыйналамын,
Кей-кейде тасыған жас көзден ағып.

Темірден әдейі соққан нық шынжырлар,
Бекітіп екі айағым алыпсындар.
Сыңғырлап жар шақырып бір тынбайсын,
Шамам жоқ босаныуға айла табар.

Қарасам күзетшідей күн мен түнге,
Түнеріп бағысып тұр мені неге?
Е, менің сыңғырлаған шынжырларым,
Сендермен өлем шығар... келмей жөнге!

(Бекет)

20. Таза бұлақ

Бар екен таудан аққан таза бұлақ,
Түк ел жоқ маңайында қылған тұрақ.
Жағалай біткен ағаш жапырақты,
Жайқалып күн мен желден тұрған қорғап.

Шілденің тас қыздырған ыстық күні,
Мөп-мөлдір сұуы салқын әйбат түрі.
Шыныдай жалтыраған тазалығы,
Көрініп айнадай боп жатқан түбі.

Жақанкез үш жолаушы келе жатқан,
Шөлдеген ыстық күнде, таңдай қатқан.
Кез болып бақытына әлде қалай,
Сұу ішіп, мейірі қанған сол бұлақтан.

Рақат сұусын қанып, жан жайланып,
Қарап тұр аққан сұуға қайран қалып.
Көреді сұу ағардан жазыулы тас,
Жағалап жоғарырақ жүрсе барып.

Үшеуі мұны көріп қалды тоқтай:
Жапанда жазыуы бар неткен тақтай?
Жазылған оқып көрсе сөзі мынау:
«Болсаң бол, ей жолаушы, бұ бұлақтай!»

Сәудегер екен бірі үшеуінің,
Тыңдаңыз сондағы айтқан сөзін мұның:
«Япырмай, бұл жазылған ақыл екен,
Өткізбей ағар бұлақ күні-түнін.

Алысқа бармақшы ол тынбай ағып,
Қосылмас өзге бұлақ бұған нағып.
Зорайып ақырында өзен болып,
Сұуынан пайдаланар тамам қалық.

Меніңше, мұнан мұрат-мағана сол:
Кәсіп қыл, жалқауланбай талапты бол.
Бұлақтай мақсұтыңа сен де жетіп,
Басыңа тійгізерсін пайдаңды мол».

Екінші ғалым екен аса зерек,
Ол айтты басын шайқап назданып бек:
«Бұл сөздің маганасы сіз айтқаннан
Меніңше, болса керек тереңірек.

Бұл сөзден ғыйбырат сол адамзатқа:
Тегін қыл, жақсылықты пұлға сатпа,
Бұлақтай кез келгенге дайар болып,
Міндетсіз біліміңді тарат қалыққа».

Жас жігіт жолаушының үшіншісі,
Әдемі көрер көзге көркем кісі.
Тоқталып еш нәрсе айтпай тұрып еді,
«Не ойлайсын, сөйле, мырза!» – деді өзгесі.

Бұл жігіт берді жауап сонда тұрып:
«Орнында ақпай бұлақ тұрса тұнып,
Шөп-шалам, шаң-топырақ, селеу басып,
Сарқылып қалар еді әлі құрып.

Жұрт құмар бұлақ таза болғандықтан,
Жазыудан мағанам сол менің ұққан:
Көңіліңді бойың менен таза сақта,
Пәклікпен артыларсын сонда жұрттан.

Ақ пейіл, таза жүрек, жүзің жарқын,
Секілді мөлдір бұлақ сұуы салқын.
Болғандай дертке шыйпа жаны сүйіп,
Шүбәсіз пайдаланар болсын қалқың».

«Азамат»

21. Кісі мен арыстан

(Қырыйлоптан)

Бір аңшы ұстаушы еді аңды қырып,
Ішіне қалың ағаш торын құрып.
Бір күні арыстанға кез келіпті,
Сыртынан құрған торын бағып тұрып.

Арыстан ақырды оған аузын ашып,
– Қанікей, қыймылдап көр қарсыласып.
Шекірейіп, «жан біткенге патшамын» деп,
Мақтанып жүріуші едің, сұудай тасып.

Қайратың мақтанатын қандай екен,
Кел бері, байқасалық күш сынасып.
– Адамым, рас бізге патша болсаң,
Жүріп көр айағыңды қадам басып!

– Арыстан, сенен артық емес күшім,
Сөзімді ілтіпәтпен тыңдап түсін.
Ететүн мені артық қайыуаннан,
Күш емес, өнерім мен еткен ісім.

Ол рас сендей онша батыр емен,
Мақтаншақ өтірікке жақын емен.
Қаншама күш жетпейтін қыйын істі,
Орнына келтіремін ақылыммен.

Бұл саған айтып тұрған нағыз шыным,
Шындығын көрсетейін кәзір мұның.
Егерде сөзім жалған болып шықса,
Жейсің ғой сонан соң да, жарықтығым.

Сен қара, қылдай өрмек анау тұрған,
Мен едім азаптанып соны құрған.
Кішкене желге де өзі селкілдейді,
Көресің темір емес иә тас қорған.

Жүрсем де қайратыңа сырттан қанып,
Көзіммен көргенім жоқ әлі анық.
Әуелі мен өтейін ар жағына,
Өтерсің мықты болсаң бұзып, жарып.

– Тұрсың ғой күш сынарға қылдай тормен,
Ол түгіл айқасқанмын онан зормен.
Сен барып ар жағында дайар боп тұр,
Жетермін мен де қазір тұура жолмен.

Жөнелді көп сөйлемей адам пақыр,
Құуанып жылдам жүріп бара жатыр.
Астынан тор-торлардың өтіп алып,
Жүрді енді келсең кел, деп біздің батыр.

Арыстан шапты торға атқан оқтай,
Қомсынып бейне алдында нәрсе жоқтай.
Өте алмай торды бұзып шырматылып,
Сол жерде қолға түсті ұрмай-соқпай.

Оралып жатты торға арыстаным,
Ақылдан білді күштің қалысқанын.
Терісін арыстанның сойып алып,
Олжалы қайтты аңшы данышпаным.

Бұл жазған бозбалаға бір өсійет,
Өнерсіз қара күште жоқ қасійет.
Ойламай күшке сеніп еткен істің
Залалы әр уақытта басқа тійед.

Демеймін күш керексіз адамзатқа,
Өнер, ой онан да артық мал мен баққа.
Өнердің жоқтығынан азып жүрміз,
Нағыз бұл арыстандай болмасақ та.
Бұл күнде күштен ойды бұрын жұмса,
Қара күш бәйге алмайды осы шақта.
Амал ет, заманыңның ыңғайына,
Бәйгесіз құр ұлағып босқа шаппа.
Ақылдан күшіңді артық көріп жүрсең,
Жадыңа бұл кеңесті оқып сақта!

«Қырық мысал»

22. Ійттер достығы

(Қырыйлоптан)

Бір байдың Төрт көз, Мойнақ төбеттері,
Өздері ійт болса да әдепті еді.
Түнде үріп, күндіз үрмей жай жататын,
Болады әдепті ійттің әдеттері.

Түс мезгіл еді төбет тойып жатып,
Кемпір наз өкпелерін қойып жатып.
Ас үйдің алдындағы күн шұуақта,
Сөйлесті әр нәрсенің басын шатып.

Сөз қылды жақсылықты, жамандықты,
Жомарттық, мырзалық пен сараңдықты,
Достықтың, дұшпандықтың жайын сөйлеп,
Қолға алды татұулық пен араздықты.

Тілмәрсіп сол уақытта айтты Мойнақ:
– Менсіз-ақ қара, Төрт көз, өзің ойлап.
Дүнійеде онан артық не нәрсе бар?
Тұрғаннан татұулықпен күліп-ойнап.

Дос болсаң, құшақтасып жанға балап,
Сөз айтсаң бір-біріңе шырақ-қарақ.
Алты күн ашаршылық көрсең дағы,
Жемесең бірің жоқта бірің тамақ.

Достың дос жұлдырмаса жауға түгін,
Еш нәрсе айырмаса, ара жігін.
Бірінің қабағына бірі қарап,
Білмесе күннің қалай өткендігін.
Не бар деп дүнійеде мұнан артық,
Мен қалып бір қыйалға тұрмын бүгін.
Жолды айақ, ақсақ Құтпан, жаман Сарқұс,
Солар да тап-татыу жүр біздер түгіл.

Сөйлейді маңызданып енді Төрт көз:
– Мойын-еке, мұның әбден айтарлық сөз.
Тұрмайтұн бір күн татыу неміз бар деп,
Мен дағы ойлаушы едім осыны әр кез.

Не келіп, тірі жүрсек не кетпейді?
Араз боп екеумізге не жетпейді?
Тамақ тоқ (өркені өссін ійеміздің)
Тійіссіз сөгіп соқпай құрметтейді.

Расын рас демей танасыз ба?
Бір сөтке татыулық жоқ арамызда.
Тұрмайтұн ренішке сәл нәрсеге,
Екеуміз таласамыз барамыз да.
Мұндай іс арасында болған емес,
Көз салсақ бұрынғы өткен бабамызға.
Атаның жолын құумай ұлаққанда,
Тұура жол сонан артық табамыз ба?

Бұл сөзге көңілденіп Мойнақ тасты,
Ол үлкен, онан гөрі Төрт көз жас-ты.
Төрт көзім, Мойынекем деп бірін-бірі,
Дос болып, серт айтысып, құшақтасты.

Екеуі бірін-бірі сүйді, құшты,
Қызығы басылмаған достық күшті.
Ас үйден ұлақтырған бір омыртқа
Солардың нақ жанына келіп түсті.
Көрген соң майлы сүйек ійт тұрар ма?
Құшағын жазып ала жүгірісті.
Достықты, айтқан сертті былай қойып,
Екеуі бір-біріне салды тісті.
Досты дос мұнан артық қалай сыйлар,
Жүндері бұрқыраған аспанға ұшты.
Сұу құйып екеуіне жыйылған жұрт,
Екеуін зордан ғана айырысты.

* * *

Ійттерге таласса да жарасады,
Етпесе ійт әдетін адасады.
Дос болған адамдарды қарап тұрсақ,
Бійікпен тең деп болмас аласаны.
Сүйектей арасына нәрсе түссе,
Ійттерден олар артық таласады.

«Қырық мысал»

23. Шырылдауық шегіртке

(Қырыйлоптан)

Шырылдауық шегіртке
Ыршып жүріп ән салған.
Көгалды құуып көләйттеп,
Қызықпен жүріп жазды алған.

Жазды күні жапырақтың
Бірінде тамақ, бірінде үй.
Жапырақ кетті, жаз кетті,
Күз болған соң кетті күй.

Жылы жаз жоқ, тамақ жоқ,
Өкінгеннен не пайда?
Сұуыққа тоңған, қарны ашқа,
Ойын қайда? Ән қайда?

Оныменен тұрмайды:
Қар көрінді, қыс болды.
Сауықшыл сорлы бүкшійді,
Тым-ақ қыйын іс болды.

Секіріу қайда сүрініп,
Қабағын қайғы жабады.

Саламда жатып дән жыйған
Құмырсқаны іздеп табады.

Селкілдеп келіп жығылды,
Айағына бас ұра.
«Қарағым, жылыт, орын бер,
Жаз шыққанша асыра»

«Оның, жаным, сөз емес,
Жаз өтерін білмеп пе ең?
Жаның үшін еш шарыуа,
Ала жаздай қылмап па ең?»

«Мен өзіндей шарыуашыл,
Жұмсақ елеу үйлі ме?
Көгалды құуып ән салып,
Өлеңнен қолың тійді ме?»

«Қайтсын қолы тіймепті!
Өлеңші, әнші есіл ер.
Ала жаздай ән салсаң,
Селкілде де бійлей бер!»

Абай

24. Қыз әкесіне

Сөзіме, қыз әкесі, құлағың сал!
Быйыл сен іс жасадың бір ақыуал.
Қызыңды бір соқырға бердің ұстап,
Қарамай обалына, ақымақ шал.

Күлайым он төрт жасқа быйыл шыққан,
Кеткен жоқ ерніндегі сүті жұққан.
Жыласа, қарт адамға бармаймын деп,
Ұрсасын білмейсін деп балалықтан.

Күлайым білмейді емес, бек біледі,
Әншейін әкем білсін деп жүр еді.
Еншісі қыз баланың алған жары,
Ол сенен онан басқа не тіледі?

Ақымақ, төрт есе қарт берген байың,
Ійт еді құлқы қатты, білем жайын.
Сыпырып барлық малын өзің алып,
Қалдырдың қалай қыйып қотыр тайын?

Сабайсын оңашада қызыңды өзің,
Бармаса, ойамын деп екі көзін.
Баланың базнасын көтермесең,
Айтады ол бійшара кімге сөзін?

Күлайым қорқып кеткен сойылыңнан,
Жылы қан ағызыпсын мойынынан.
Тал түсте қара шашын қанға бойап,
Ойнасын ұстап па едің қойынынан?

Қор қылдың Күлайымды қыз сауыры,
Тек жанды, бағын таппай, бақ дәуірі.
Қаның мал, жаның да мал, малдың құлы,
Қадырсыз, мақылұқсын жоқ бауыры.

Малабай ұлы Рақымжан

25. Түн еді

Түн еді, көкті қаптап бұлыт тұрды,
Жел жылап, долы дауыл ұлып тұрды.
Секіріп сары шашы жындар бійлеп,
Әлдекім сылық-сылық қана күліп тұрды.

Жапан түз, отсыз-сусыз бетпақ шөлде,
Жын, шайтан мекен еткен тағы жерде.

Жас бала, жолдасым жоқ жапа-жалғыз,
Мен келе жаттым батып қанды терге.

Көзімнен жас ақпады, қандар ақты,
Табанды тілгіледі тастар қатты.
Қарқылдап, қыйқыу салып қарға-құзғын,
Жалпылдап жүрегімді шоқып жатты.

Шашымды жұлды әлде кім талдап-талдап,
Ыстық жас домалады көзден парлап.
Есіркеген жалғыз жан болды ма? – Жоқ!
Жыладым жапан түзде жалғыз зарлап.

Әлдекім: «Тәйт! Шығарма үнің!», – деді.
«Сен бір мал – бір бес байтал құның», – деді.
«Шоқысын қарға-құзғын жүрегінді,
Тырп етпе, жылама да, күнім», – деді.

«Ойлама, деді күнді, сен мал, күң сен,
Сөксем де, соқсам дағы шыда, көн сен.
Шыдамасаң, қарсы «ләм» деуші болма,
Тұншығып көз жасыңа көміл, өл сен!».

Деді де, сол әлдекім сылық-сылық күлді,
Сол күліу жүрегімді жүзге тілді.
Күйік кеулеп, жүрегім от боп жанды,
Жұбатыуға сол кезде қайсы келді?

Ащы кернеп, амалсыз жанып іштен,
Жалынған бәріңе де мен емес пе ем?
Сол уақыт: «Бас жақсысы пәлен ат» деп,
Саудаласқан, аға екем, сен емес пе ең?

Сасық доңыз, жаныуар, жұуан қарын,
Сататұн малға тәңірің, ыйман, арын,
Тастағандай боламын жүз тілгілеп,
Кеткенде қайнап, ойнап, ыстық қаным.

Сүйетін еркелетіп әжем, атам,
«Өміріңше жыла!» деп бердің батаң...
Құшақтап қысып, күрсініп жылай бердің,
Сарғайған сорлы болып бійшара апам...

Қысты күні, боранды ұзын кеште,
Сорлының қасырет зары сыймай ішке.
«Ұу!» дегенде аузынан жалын шығып,
Отырыушы ед қолына алып кесте.

Күрсініп, кестені алып тігіуші еді
Мөлдіретіп көз жасын төгіуші еді.
Нәркес көз жасқа толып, шала шаншып,
Кестесін қайта тағы сөгіуші еді...

Ұуп, Алла! Жан болды ма бізден мұңдық?!
Дариға! Не көрмедік, не көрмедік?!
Көргенше сонша қорлық, сонша зорлық,
Ұу ішіп, отқа түсіп неге өлмедік?!

Өлмедік! Зар еңіредік, сабыр еттік:
Шашатын алтын сәуле таңды күттік.
Көп күттік, сөгілдік те, соғылдық та,
Сатылдық та, тілекке ақыр жеттік!

Мынау тұу кімнің тұуы? – әйел тұуы.
Мынау шұу кімнің шұуы? – әйел шұуы.
Ұулаған жанымызды сансыз жылдар
Жойылды бүгінгі күн қасірет ұуы.

Анау таң кімнің таңы? – әйел таңы.
Бүгінгі күн шын азат әйел жаны.
Соқыр құрт, сасық доңыз, кет жолымнан,
Басар сені төгілген әйел қаны!

Мағыжан

26. Өрбүу

Дүнійеде өзгермейтүн нәрсе жоқ. Дүнійенің табыйғы, негіздік жолы өзгеріс, өзгергенде кер кетіп, кеміп өзгеріу емес, ілгері басып, жеттіге, жетіле, өсіп-өне өзгеріу. Мұны ғылым тілінде «еуолұтсыйа» (табыйғат тағдыры) дейді.

Үстіміздегі шені, шеті жоқ көк, күндіз болса дүнійені жарық еткен күн, түн болса аспанда күлімсіреп тұрған ай мен жұлдыздар, іздесең тіршілігіңе керек нәрсенің бәрі табылып, анаша асырап отырған мынау жер, ол жердің үстіндегі жанды, жансыз мақлұқтар бәрі осы түрінде, осы күйінде, осы қалпында болмаған. Мәселен, жер осы түр, осы күй, осы қалпына жеткенше, ғалымдар айтыуына қарағанда, 5–6 мілійөн жылдар өткен. Жердің тұман сыйақты бұуға ұсаған замандары да болған. Онан келе-келе қойылып, балқыған қорғасынға ұсаған замандары да болған. Онан бері келе тас болып қатып қалған замандары да болған. Сонан соң тас ұсатылып, үгіліп, топырақ болып жерге айналған. Жерге айналған соң сұу пайда болған. Сұу пайда болған соң өсімдік аталған түрлі жер түктері ағаш, бұта, шөптер, жаныуар аталған түрлі жандықтар пайда болған. Ол айтылған жердің түктері де, ол айтылған жандықтар да осы түр, осы қалпында болмаған. Өзгеріле-өзгеріле келіп, осы күй, осы түр, осы қалыпқа түскен. Адам да осы түр, осы кескін, осы қалыпты болмаған. Тұрмысы, істеген кәсібі, ұстаған жолы, жұмсаған білімі, тұтынған нәрсесі осы күнгідей болмаған.

Адамзат адам болғаннан бері де неше мың жылдар өткен. Неше мың жылдарды өткізе, неше түрге түсіп, жеттіге, жетіле келіп, осы күнгі тұрмыс түрін тапқан. Бұл тұрмысқа жеткенше адамның тұрмысы, қалпы, салты талай өзгерген, талай құбылған. Өнер білім де талай күйді басынан кешірген, талай жанып, талай сөніп, тағы көтерілген. Бірақ ілгерінің ақылы, білімі кейінгіге қалып, кейінгілер оған қосып жамай келіп, тіршілік әдісі артылып, ақтығында өнер-білім ауданы ұлғайа, кеңій берген. Күн көріс тәсілі молайа берген. Пайдалы тәсіл алынып, пайдасыз тәсіл қалынып, тіршілікке керек білімдер атадан

балаға, үлкеннен кішіге, нәсілден нәсілге қалып, білім сабасына құйылып отырған. Осы күнгі білім-өнер дегеніміз адам болғаннан бергі адам баласының тапқан тіршілікке керек әдіс-амалы. Өнер-ғылым білген адам тіршіліктің ісіне керек әдіс, амалды жақсы білмек.

Күн көріс ісі оған оңай, барлық қақпасының неше есігі, неше тесігі оған мәлім. Жылдық жерден көз ашып жұмғанша жылдам қабар алып отырған, атсыз арбамен жүріп, сұуды балықтай кезіп, құстай аспанға ұшып отырған жұрттар ғылым мен өнер арқасында, дүнийенің есік-тесігін білгендіктен істеп отыр. Бұл ғылым-өнер табыйғат тағдыры бойынша аса бермек, өсе бермек. Бірақ адам баласының бәрі қатар жетіліу, қатар жеттігіу жоқ.

Табыйғат тағдырының жолы – жарыс, талас, тартыс, күрес. Бәйге өнерлі жүйріктікі, әдістінікі. Қарасақ қатар жетіліп отырған жұрт жоқ. Біреу ілгері, біреу кейін, біреу көкке ұшатұн, сұуды кезетүн мәшійнелер істеуге жеткенде, біреулер терінің де жөндеп ійлеуін білмей, қаудырлаған тері мен сірі кійіп отыр.

27. Олақтық па, салақтық па?

Егін салыу жағына көз салсақ, біздің қазақтың егін кәсібі мүлдем шала. Дұрыстап еңбек сіңіріп айырған жер мен қазақтың шашқан жерінің арасы жер мен көктей. Дұрыстап айырған жердің шығыны да таза, дәні де толық. Арам шөп болмайды. Мұның себебі мынау: алдымен, қандай жерге қандай астық шығатұнын біліу керек. Біліу үшін жер мамандарының айтқанына құлақ салыу керек. Екінші, егін шашатұн жерге сұуды көп ұстайтұн амал істеу керек. Бұл амалдың бірі мынау: жазғытұры егін шыққан уақытта жердің үстіне әр жерге бір-бірден қатарлап айқабағын шашып тастау керек, күздігүні басындағы айқабағын алып, сабағын тіке қалдырып кетсе, қар ұстауға себеп болады.

Жана да жерді күзге қарай қарадай айырып тастаса, жұмсақ жер тақталанып жатқан жерден сұуды көбірек ұстайды. Тұқым шашқанда, қолмен тастаған тұқым тегіс түспей, бір жерге көп, бір жерге аз түседі. Бұ да егіннің шығыуына шалығын тійгізеді. Әрбір

жерге түскен дәнге өзіне тійісті жер керек. Сол себепті бір жерге екі-үш дән түссе, біразы шыға алмай қалыуы, яки шайаланып шығыуы мүмкін. Мұның үшін тұқымды мәшійнемен шашқан дұрыс. Құрғақшылық жылы тұқымның сійрек шашылғаны дұрыс.

Қазақтың жері мол, бозы көп болғандықтан, жер айырып ескі жерді тыңайтыуға тійіс. Ескі жерді де бір жыл болса да, пайдасыз жатпас үшін жоңышқа иә болмаса басқа шөптер шашып жаңартып алыуға болады, бір жағынан, жер жаңарады, екінші жағынан, малға жақсы шөп алады.

Біздің қазақ бақша шашыуды әдет қылмаған. Шашса, оның да пайдасы мол. Мал кесіп, бұрынғыдай етпен күн елітіудің заманы өткен, кәртоп, асқабақ жана капоста сыйқты нәрселерді шашса, тамақтың түрін кіргізеді, міні осының бәрі де көрмей жүрген іс емес, бірақ істеуге құнтталмай жүрген. Құнтына алып кіріссе, қолдан келмейтүн де іс емес.

Қазақтың үйіне келсек, жазғы кійіз үй мезгілінде жақсы, бірақ жаңа болса ғана, жыртық болып, төбесінен жұлдыздар көрініп тұрса, үйге сәндігі жоқ. Қысқы үйін алсақ қандай дәулетті болса да земленкесі қора екенін білмейсін, үй екенін білмейсін, айырарлық емес.

Бұл неліктен?.. Бұл қазақ қалқының салақтығы. Салақтықты тастап, ерінбегенде ғана үйді таза ұстауға болады.

Қазақ малдың төлін кішкене ғана үй салып, бөлек қамауға ерініп, өзі отырған үйіне төлін – қотыр өгізше, қашарын бірге қамап, үйінің жартысын қора қылып, былықтырып жібереді. Бұл үйде тазалық болады деп айтуға болмайды.

Өте-мөте қыстың күні далаға шығып, таза ауамен дем ала алмайтұн жас балалар аурыуға шалығып өліуіне себебі мол.

Үлгілі елдің, кедейінің үйі де қазақтың байының үйінен артық. Бұған себеп – жалғыз-ақ қазақтың жалқаулығы.

Бұрынғыдай мал айдап жайлауға көшіп шықпайтұғын болған соң, екі үй ұстап, екі расқот ұстап жүріу өте-мөте қазақтың жарлысына пайдасы жоқ іс.

«Ауыл»

28. Қыпшақ Сейітқұл

Қыпшақ Сейітқұл жанындағы отыз үйлі тобырын қалай етсем жұрыт қатарына қосармын деп ойға қалды. Ол уақыт аттаныс, барымта тұуын тіккен, есаландар еңбексіз елдің малымен күн көреміз дейтін заман. Барымта мен мал бағыудан басқа қазақта бөтен кесіп жоқ уақыты. Сейітқұл мен отыз үй тобырында мал жоқ болған. Барымтамен мал табыу Сейітқұл сыйақты есті адам істейтүн орынды кәсіп емес, «Жортұуыл басы жолда қалар» деп бабаларымыз айтқан екен ғой деп, барымтаға көңілі шаппай, егін кәсібін істеуге қолайлы жер іздейді. Көп жерлерді аралап кезіп келіп, Торғай жанамасындағы Қабырға деген сұудың бойына тоқтайды. Мына жақта Үргеніш, Қоқаннан, мына жақта Естек, Қалмақтан шетірек екен жана жаманшылық болса, қалың ел қыпшақ руына жақын екен дейді.

Түркістанда қалсам, қоқаны қоқандап, өзбегі өкіректеп, тыныштықпен кәсіп істетпес деп, Қабырғаны ұнатып қайтқан соң, қысты өткізіп, жазына күннің жылы кезінде жалаңаш жайдақ кедейлерін көшіріп, Қабырғаға алып келеді. Ұрлық пен барымта қызығына түскен бір ағасы бар екен. Сейітқұлдың айтқан ақылын алмай, қасындағы үш-төрт үйімен Түркістанда қалады.

Қабырғаның бойына келген соң қалай егін егіуді Түркістанда көргені бар, Сейітқұл кедейлермен бірге кетпенді қолға алады. Жерді шабады, арық қазады, атыз тұрғызады. Тұқым шашып, сұу жібереді. Егін піскен соң, орып, өздерінен артылғанын маңайындағы көшпелі елге сатып, мал қылады. Жаңа мекен еткен жеріне орныққан сайын, егінді жылдан-жылға күшейтіп, арық басына шығыр орнатып, егінді шығырмен сұуаратұн етеді.

Егін күшейген сайын, маңайындағы елдің малына айырбастап қара-құра мал жыйыуы да күшейіп, ақырында бәрі ауқаттанып, байыуға айналды. Мұны көріп көшпелі елдерден де қызығыушылар болып, Сейітқұлға қосылып, бес-алты жылдың ішінде «Сейітқұл елі» деген төрт жүз шамалы үй болады.

Сейітқұлдың малды табыу реті басқалардан өзгеше болғанда, малды бағыу, жаудан қорғау реті де басқалардан өзгеше

болады. Елінің адал еңбегі, табан ақы, маңдай тері сіңген дәулетін андыған жаудан, ұрыдан, бөріден қалай сақтау қамын ойлап, шымнан бійік етіп қорған салдырады, мал күндіз далада бағылып, түнге сол қорғанға қамалады. Бақташыларды реттеп, жанжаққа қарауылшыларды тәртіптеп қойады. Бұлардың осындай күтініп, бекініп отырғанын көрген-білген ұры-қарылар, барымта-сырымташылар оңай жатқан мал деп қызыға алмайды.

Бұл жағын бүйтіп жөндегеннен кейін, Сейітқұл Бұқарға, Қоқанға мал айдатып, ол кендерден қазақ қолы түрлі тауарлар алдырып, жылда егін піскен кезде манағы қорғанда жәрмеңке ашады. Көшпелі қалық белгілі кезде малын, жүн-жабағы, терітерсегін әкеліп егіншілерге беріп, астық жана тауар алатұн болады. Сүйтіп, бір жағы сауда, бір жағы егін – екі кәсіпті бірдей істеп Сейітқұл елі әбдән байыған елдің бірі болады.

Манағы жоғарыда айтылған Сейітқұлдың ағасы жұрттың малын ұрлап, барымтамен алып, байыймын деп жүргенде, Қоңырат жағында қолға түсіп, кім екені де белгісіз, біреу өлтіріп кетіпті. Қалған мал-мүлкін ұрының малы деп, Түркістан ұлықтары талап алыпты. Ағасының қатын-баласын Сейітқұл неше жылдай іздетіп, жанына көшіртіп алдырады.

Сейітқұл 1830-ыншы жылы дүнійеден қайтыпты. Сол дәнішпан кісінің ақылымен егінді әдет еткен ел Қабырға сұуының бойында осы күнде де көп. Жарлы болып, басқа кәсібі болмаған ел Торғай жағында тез егінге айналады. Ерінбей бейнеттенгендері біраз жылдың ішінде-ақ егін арқасында жұрт қатарына қосылады.

Алтынсары ұлының кітабынан

29. Қазақ салты

Қазақ – малмен күн елітетін көшпелі ел. Бұрын қазақ түгелімен көшпелі еді, қазір де шала көшпелі болып қалды. Бұрын қазақ жаз Арқаны жайлап, қысқа қарсы күні жылы Сыр бойына, Жетісу жакқа көшіп, баратұн еді, қазірде олай қазақ даласының бір шетінен бір шетіне көшіп жүріу сійреді. Қазақтың

қысы қатты Арқада да тұрақты қыстауы болатын болды, қазақ малға пішен жыйатұн болды, егінге де айнала бастады.

Бұрын қазақ Сырдан қырға дамылсыз көшіп жүретүн заманда, қолындағы малының аман болып, өсіп-өніуі үшін, қыс сұуықтан қашып жылы жаққа барыу, жаз оты-суы жайлы Арқаға келіуден басқа, табыйғаттың түрлі құбылысына қарсы ешбір амал қыла алмайтұн еді. Малға түрлі індет келсе, әр түліктің құдайына өз алдына жалбарынып, жалыныу шараларын істейтүн: жылқы үшін Қанбар бабаға сыйынатұн, түйені індеттен сақтау үшін Ойсылқараға жалбарынатұн... Ол күнде қазақ табыйғаттың қолайсыз құбылыстарына қарсы ештеңе істей алмайтұн. Табыйғатты өзіне бағындырып, пайдасын шығарыу қазақтың түсіне де кірмейтүн еді, қазақ табыйғаттың сөзсіз құлы еді.

Мал өсіріу үшін қолда тұқымдық мал болыу керек, онсыз еңбекпен мал табыу болмайтын еді. Малсыз кедей тамақ асырау үшін байдың малын бағатұн, бірақ онымен кедей байый алмайтұн, өзі де бай боламын деп ойламайтұн; байға жалданған кедейдің есебі байыу емес, тамақ асырау ғана болатұн. Малсыз кедей еңбекпен мал таба алмайтұн болған көшпелі елдің түсініуінше, ұрлық-зорлық – бұзықтық емес, адал кесіп, кесіптің ішіндегі ардақтысы болып шыққан; ол кесіпті жақсы істей білген кісі елге беделді батыр атанған.

Адам баласының тұрмысы – талас, тартыс. Адам баласы, бір жағынан, табыйғатпен тартысады, екінші жағынан, өзара бірімен-бірі таласып, тартысады. Көшпелі елде табыйғатпен тартысу жоқтың аз-ақ алдында болғанда, өзара талас, тартыс ашық түрде бола келген. Сонымен көшпелі елдің салтында өзара талас, тартыстың жалаңаш түрі – ұрлық-зорлыққа табыныу болған.

Бері келген соң қазақ орысқа бағынды, жерінен айырылды, қонысы тарылды, жалпы көшіу қалды, ептеп отырықшы бола бастады. Аздап болса да табыйғатпен тартысыу басталды. Қазақ қысқа қарсы малына пішен жыйатұн болды, ептеп егін сала

бастады. Сүйтсе де табыйғатты өзіне бағындырарлық даражаға жеткен жоқ, табыйғатқа құл болған күйінде қалды. Егінге белсеніп кірісе алмады. Темір жол жоқ, базары алыс болғандықтан, егін көп шыққан жылы арзан болатұн болды да, шықпай қалған жылы сұрапыл қымбат болатұн болды. Сүйтіп, бұрыннан мыйына сіңген еңбектен жійрену салты қала қоймады.

«Елдес»

30. Шаруыуа жайы

Тоқсан түрлі себептердің түйіні бір келіп, қазақ шарыуасының қаласы бұзылып, саны азайып, ауданы тарылып отыр.

Көп жерлерде өріс толған жылқы, қора толған қой ертегінің ауданына кетті. Шарыуа көркінен айырылған елдердің тұрмыс көркі де қалған жоқ.

Ендігі әңгіме: өткенді көксемей, сары уайым сала бермей, сағым құуып сандала бермей, шала жансарланған шарыуаны түзеудің шарасын істеу керек.

Жеке кісі түгіл, жалпақ ел – заманның бұйдалап, жетектеген түйесі. Бұдан қазақ елінің тұрмысынан бірсыпыра мысал келтіріуге болады:

1) Бір кезде қазақ бала оқытудан қашты, енді іздеп таба алмай жүр. 2) Бір кезде ырымға жаман деп сүт мәшійнесіне жоламаған қазақ енді қолына түссе босататын емес. 3) Ұлықтыққа жұуан атадан басқаны қоймайтын қазақ енді кедейдің, жіңішке атаның бійлегеніне бойсұнып отыр. 4) Әке-шешемді ренжітпеймін дейтін қазақ қызы сүйгенімен кетіп жатыр. Мұны ерсі көріп отырған ел де жоқ. Осының бәрін істетіп отырған – заман.

Бұрын қазаққа малыңның тұқымын асылдандыр, егінді жаңа ретпен сал, бақша орнат деп айтқандай болсаң, еріккендікпен айтасындар, көре-біле бейнетке белшесінен бат дегенің не? Ата-бабаларымыздың ізімен жүре береміз деп үстірт қарайтұн. Енді ол болмас: заманның жетегіне жүрмеген шарыуаның мұрны жырылмақшы.

Осы күні тұрмыстың қай саласына болса да шарыуашылық көзімен қарау қажет.

Шарыуашылықтың заңы: шарыуаның қай тарауынан шыққан заттар жақын базарға өтімді, пайдалы болса, сол тараудың өнімді болыуына артық күш салыу керек. Мәселен: үлкен қаланың айналасындағы жері аз шарыуаларға астық салғаннан, топтан мал ұстағаннан бақшашылық және сүт шарыуасы аса пайдалырақ болады. Темір жолдан қашық жерде бақшашылықтан астық салыу пайдалы, темір жолдан 200 шақырымнан әрі жатқан аудандарда астық салғаннан мал өсірген пайдалы.

Шарыуашылық көзімен қарағанда қазақ даласында шарыуашылықтың өнетін салалары: 1) мал өсіру, 2-астық салыу, 3) шөп, жем егіу, 4) сүт шарыуасы, 5) бақшашылық.

Шарыуаның қай саласын болса да түзеу үшін, гүлдендіріу үшін білімге қоса шыдамдылық керек. Бақытсыздығымызға қарай, шыдамдылық – қазақ қанына толық сіңбеген сыйпат. Қазақта әлі жалқаулық, тұрлаусыздық мол, шыдамдылық жоқ: бірі істі бастаса, айағына жеткізбей, тастай береді. Бірақ жалқаулық пен тұрлаусыздық бір жола шегеленген, «қыйаметке шейін қалмайды» деп ұғыныуға жарамайды. Табанды тәрбійәмен, заманның айдауымен шыдамдылық тұумақшы.

«Әгіраном»

31. Дағдылы жол мен айлалы жол

Дүнійеде өзгермейтүн ештеме жоқ. Дүнійедегі нәрселер неше түрлі болып өзгереді, құбылады, бір күйден екінші күйге түседі, зорайады, кішірейеді, қалпын, пішімін де өзгертеді. Осы күнгі қара жер бір кезде газ тәрізді болған; жүре келе сұуынған, бірсыпыра заттары сұйық күйге түскен; онан кейін жердің сұйық заттары қойыулана келе қатайа бастаған; сонан соң көп замандар өткен соң ғана барып, қой батпақ болып жатқан тас темірлер осы күнгі қатты күйіне түскен. Дүнійедегі бар нәрселердің бәрі де солай құбылады да тұрады, дүнійеде тастай қатып, бір қалыпты болып қалған жалғыз да нәрсе жоқ. Түрлі

жан-жаныуарлар да, адам да соның ішінде солай неше түрлі болып құбылып келеді, құбыла беріуге тійіс те.

Бірақ құбылыстың өзі де түрлі болады. Дүнійедегі нәрсе табыйғаттың заңына бағынып, тійісті жөнімен де құбылады, оның үстіне ақыл-айламен табыйғатты қолдан өзгертіуге де болады. Данышпан Шәрліз Дәрбійн жан-жаныуарлардың тұрмысын тексеріп, табыйғаттың талғаулы заңы мен тұрмыс тартысы заңын тапқан. Жан-жаныуарлардың ол заңға бағынбайтыны жоқ. Қойан сол заңға бағынып, қысты күні қардай ақ болады да, жазды күні көк шөпке ұсап, көк болады. Қойанның олай түсі өзгермей қалғаны болса, ол табыйғаттың талғауына жарамай, тұрмыстың тартысына шыдай алмай, жоғалыуы тійіс: қысты күні ақ қардың үстінде түсі басқаша болып жүрген көк қойан да, жазды күні қара жердің үстінде өзгеше болып жүрген ақ қойан да бүркіттің тырнағына, тазының тісіне, мергеннің оғына басқа қойандардан бұрын түсіуге тійіс. Ондай қойаннан тұқым да қалмақшы емес. Қойанның бұлай қысты күні ақ, жазды күні көк болып, тұрмыстың тартысына әдіс қыла алатын болып шығыуы бірден болмаған: қойан неше мың жылдай табыйғаттың талғауына түсіп, сұрыптала келе, осылай түсін өзгертетін болған. Қойанның бұлай түсін өзгертіуі, түсін өзгертетүн болып шығыуы – табыйғаттың заңы, оған адамның айласы қосылмаған.

Бір кезде ағылшынның ақсүйек серілері, тұрмыстың қызығына тоймайтұн сұлулары, шолақ тұмсық көгершінге әуес болған, сұлыу қатындардың көңілін аулау үшін қолда ұсталатын көгершіндердің тұмсығы шолақтары аса қымбат болған да, ұзын тұмсықтары бағасыз болған. Қолда өсіп үйренген ағылшынның көгершіндері тұмсығы ұзын болып, қожасына ұнамай, еркіне жіберілген соң, өз бетімен күн көре алмай қырыла берген, олардан тұқым да қалмаған. Тұмсығы қысқа көгершіндер өсіп, көбейе берген. Әуесқой әйелдердің (табыйғаттың емес) талғауына түскен соң, бұл шолақ тұмсық көгершіндер де сұрыптала келе, тұмсықтары мүлде қысқарып, ақырында балапандары

жұмыртқаның қабығын өз тұмсығымен жарып шыға алмайтын болған. Оларды күні толғанда қожалары жарып шығаратын болған.

Араб жылқысы ежелден жер үстіндегі жылқының жүйрігі деп саналатын еді. Ағылшынның атбегілері сол араб жылқысының жүйріктерін жыйып, жүйрігін жүйрікке салып, сұрыптап өсіре келе, араб жылқысынан артық жүйрік қылып шығарды. Ағылшынның сол араб жылқысынан сұрыптап шығарған жылқы тұқымын осы күні ағылшын жылқысы деп атайды. Ағылшын жүйріктері мійнөтіне шақырым шабады.

Міні, бұл ағылшын көгершінінің шолақ тұмсық болып шығыуы, ағылшын жылқысының сұрпталып өрен жүйрік болып шығыуы өз бетімен ғана емес, жалғыз ғана табыйғат заңынша емес, бұған адамның ақыл-айласы қосылған, табыйғат құрылысын, адамның айласын, өзінше үлгіртіп шығарған.

Сүйтіп, табыйғаттың құбылысы екі түрлі болады: бір түрі – адамның ақыл-айласы қатыспаған, жалғыз ғана табыйғат заңына бағынып, өз бетімен болатын құбылыс (бұған ***Мысал:*** қойанның түсінің өзгеріуі); екінші түрі – адамның ақыл-айласымен болған құбылыс. Мұның әуелгісіне «дағдылы құбылыс» деп, екіншісіне «айлалы құбылыс» деп ат қойылған.

«Елдес»

32. Қазақ малының тұқымын асылдандырыу жәйінда

Бұл күнге шейін қазақ әлі малының санын көбейтіумен болып, тұқымын асылдандырыу жайында ойланған да жоқ. Сол себепті қазақ малы уақтанып, азып барады. Мұнан бірнеше жыл бұрын Орынбордан Мәскеуге апарған өгіздердің еті 15 пұттан кем болмай жүріуші еді, бұл кезде орта өгіздің еті 13 пұттан артпайтұн болды.

Мал уақтанған екен – онан қорқуға жарамайды, білім мен еңбек сіңірген кісі малдың тұқымын түзеуге болады. Ғалымдарға және мал бағыу біліміне жүйрік тәжірійбәлі

адамдарға мағлұм, мал тұқымының асыл жері шет патшалықтарда екені, ол жерлерде жүйрік айғырдың басы 200 мың* сомға шейін барады; бұқаның қымбаты 3 мың, қатта бес мың сом болады, жақсы қошқарларға қымбатсынбай 500-600 сом береді екен. Осы малдардың бойындағы асылы әуелден-ақ осындай болмаған, жүре түзелген. Малдың тұқымын асылдандырушылар көп еңбек сіңірген, ақылмен іс еткен, асырауы, бағып-қағыуы жақсы болған, айғыр, бұқа, қошқарларды өз малдарының арасынан-ақ танып салған.

Рас, бұл – ұзаққа созылатұн және көп шыдам керек қылатұн жұмыс, бірақ ақыры қайырлы, неге десеңіз, малдың тұқымы асылданып, қазақтың қазіргі отырған жер-сұуына үйреншікті болып өседі.

Екінші жол оңайырақ және қызығырақ, бұл жол қазақ малын басқа асыл тұқыммен шатастырмақ – қан араластырмақ. Бұл ірет көрмеге оңай болса да, тәжірійбеде қыйын. Анық біліу керек: әлгі тұқым алмақшы болған малдарға, қазақ жерінің ауасы жарамды ма екен, ол мал қазақ жерін жерсіне ме екен. Осыларды салыстырып, бұл тұқымнан пайда бар-жоғын жете біліу керек. Ресейде мал тұқымын осы жолмен асылдандырамыз деушілер көп болған, бірақ соның көбі мақсаттарына жете алмаған. Себебі көбінесе тапқан тұқымдары жарамсыз болып ұшыраған, тұқым түзеліу орнына бұзылған, малы жерсінбеген.

Енді қазақ малына келсек, жылқы, қой, ешкі секілді малдардың тұқымын асылдандырыу үшін шеттен іздемей-ақ, қазақтың өз малынан таңдап, ең жақсы тұқымынан үйірге айғыр, қошқар салыу керек. Қазақ малының тұқымы өте жақсы, жалғыз-ақ соны тағы да арттырыуға біраз еңбек сіңіріу тійіс. Сыйыр тұқымын асылдандырыу үшін қазақтың өз малынан табылған жақсыларын, сұрыптап араластырыуға керек, болмаса тәжірійбеде тәуір пайдасы көрінген қалмақ сыйырларынан тұқым алыу керек (Аштырырқандық иәкій Тысарыйтсындық деген

* Соғыстан бұрынғы есеппен.

тұқымдардың біреуі болсын). Бұл айтқан біретше тұқымның тазарыуына бірінші себеп болатын нәрсе – малды жақсы асырап жақсы күтуу, егер бұған салақтық қылса, еткен еңбек босқа кетеді. Міні, сол себепті қазаққа шөп шабатын мәшійне алыу керек. Жаңа шөпті құуратпай, мезгілінде шауып алыу керек.

Осы күнге дейін «осы жарайды» деп өлшеп шаппай, шама келгенше көп шабыуға керек. Мал қыс күнінде азыққа тарықпаса, іріленіп тез өседі. Қазақтың егін салатұн жерінде тай, тайыншаларды, айғыр, бұқаларды сұлымен асырау артық. Жас малды неғұрлым жақсы асыраса, өскіш келеді. Айғырлар, бұқалар күшті болса, балалары да асыл жана берік болып тұуады. Бірақ айғырлар, бұқалар аса семіріп кетпесін, соны ескеріуге тійіс. Қазақ малын жылы орында ұстау жарамайды, аса нәзіктендіріп алып, қысқы тебінге шығыуға жарамайтұн болып кетпесін. Әрійне, тым сұуық борандарда далаға шығармай, қолда тұтыу артық.

Жұрттың көбі үйірге қосатын айғыр, бұқаларының жақсы-жаманына көз жібермейді. Малдың еркек, ұрғашы екі жағы да бірдей тәуір болса, тұқым асыл болыуын естен шығармасқа керек. Және қазақ малы құнажын, дөнежінінде балалайды. Бұ да пайдасыз нәрсе, малдың тұқымы уақтанып өспей қалады. Тұқым үшін малдың еркегі болсын, ұрғашысы болсын ең берігін, күштісін, сұлыуын таңдап аларға керек. Нашарын тұқымға қоспау тійіс, – еркектерін піштіріп, ұрғашыларын сатыуға немесе сойыуға ылайық.

Жақсы айғыр, жақсы бұқа өздерінде болмаған қазақтар басқа жерден сатып алсын немесе үйірге сала тұрыуға алсын. Бұлай реті келмесе, өздерінің жақсы бійелерін тұқым алыу үшін жақсы айғырдың үйіріне қоссын. Қазақ жылқысынан жүйрік, жортақ, жорға көп шығады, міні, осыларды піштіріп тастамай, тұқымға арнау керек, шет патшалықтарда осылай етеді.

Қазақ жылқысының тұқымын асылдандырып, өлшеуге толарлыққа жетістірсе, әскерге керек аттарды өкімет те жақсы бағамен қазақтан алып тұрар еді.

Қазақ сыйырының тұқымы онша жаман емес, бірақ сүйегі ұуақ, сүті аз. Жоғарыда айттық, тұқымды қалмақ сыйырынан алыу керек деп. Бұл тұуралы жақсы тәжірійбе бар. Жақсы дейтініміз сол: қалмақ сыйырының тұқымы өзі әуелде қазақтан шыққан: Бұл тұқым сұуыққа төзімді, жайылып оттауға көнімді келеді. Бұл сыйырлар қазақтың осы күнгі тұтынып отырған сыйырынан ірі, етті көп береді, жұмысқа шыдамды, бір айыбы сүтті болмайды.

Бенкеуіш

33. Сүтті сыйырдың белгілері

Қай кәсіпке болса да шарыуа көзімен қарап, неғұрлым пайданы көбірек шығарыуға ұмтылыу керек. Саулы сыйыр ұстағанда да пайдалы жақты ескеріу керек. Сыйыр тұқымына қарай сүт береді. Бір тұқымнан өрбіген сыйырдың да жылына 150-200 шелек сүт беретіні де, 30-40 шелек сүт беретіні де бар. Мүйізді мал ұсталатын орнына қарай үш тарау: 1) жұмыс малы, 2) ет малы, 3) сүт малы. Әр тарау малдың өзіне ылайық тұлға, бітімі болады.

Жұмыс малының күші мол болыу керек. Күш – жұуан сүйектен, бұқа мойыннан, кеуде, желке еті қалыңнан, әукесі үлкеннен, терісі қалың кедір-бұдырдан шығады. Ет малының еті, май жыйналатын жері толық болыуы керек. Ет жыйналмайтын сүйек, бас, айақ қарын толымды болмайды. Ең бағалы жер арқа, белдеме, сан, қол, кеуде жентекті болыу керек.

Сүт малының тұлға бітімі жұмыс, ет малына да ұқсамайды. Бар денесі сүттің шығыуына байлаулы. Сүтті сыйырдың бас белгісі желінінің бітімінде, желін толған без. Әрбір без есепсіз көп құуықшадан құралады. Құуықшаның ара-арасын құудалаған ет, май, қан жүретүн жерінде ыдыс болады. Құуықша сүтке толса, желін керіліп кетеді, сүті суалса, бұзау емсе, құуықшадан сүт кетіп, желін босап қалады. Егер құуықша арасындағы ет, май көп болса желінді өнемейін керіп сауғанда босатпайды. Мұндай ет желінді, май желінді сыйыр сүтті болмайды. Сүтті

сыйырдың желіні төртпақ жалпақ келеді. Әрбір емшек тұрған орын бөлек қолға білінеді. Сауса да саумаса да тікійіп тұратұн, жүргенде шапқа соқтығатұн желін сүтсіздіктің белгісі. Жақсы желін сүт толған сайын жан жаққа керілсе де, бұлғалақтамайды, соқтығып кернелмейді. Сүйрік желін жақсы болмайды. Сүтті сыйырдың желінінің терісі жыйырылып, кең жатады. Сүт толып керілуіне бөгет болмайды. Тығыз жабысқан тері желінді қысып керілтпейді. Әсіресе, жыйырынды тері алды-артында болады.

Емшек аса ұзын да, жұуан да, қысқа да, жіңішке де болмасқа керек. Емшек ортасында бұуылтық болмасын және атқан оқтай түп-түзіу төмен қарап тұрсын, қыйсайып тұрмасын. Емшек үстері бір-біріне жақындасып кетпесін. Сүттің көп шығыуы желінге қанның көп құйылуынан. Жақсы қанды жеткізіп жаман қанды алып қайтатын тамыр «сүт тамыр» деп аталады. Бұл желіннен бауырға қарай шығады, көзге де көрінеді. Қолымен сыйпау былай тұрсын, неғұрлым жұуан, бұтақты, іркілдеген қанды болса, сүттіліктің белгісі. Нағыз сүтті сыйырдың сүт тамырының тарауы желінінің сыртында білеуленіп шығып тұрады. Сүт тамырдың қарынға кіретін орны щұңқыр келеді. Бұл шұңқыр «сүт құдық» аталады. Мұның тереңдігі де, кеңдігі де сүттілігінің белгісі. Терендігін сүт құдыққа саусақпен басып өлшейді. Сыйырдың жүні жоғарыдан төмен қарай жығық, желін айналасындағы жүн төменнен жоғары қарай жығық, екі жығықтың астасқан жері тақырлау, ашықтау келеді. Мұны «сүт айнасы» дейді. Неғұрлым бұл кең болып құйрыққа қарай өрлесе сүттіліктің белгісі.

(«Әгіраном»)

34. Кәперәтсійе

Кәперәтсійенің шарыуаға қандай пайдасы бар жана жастар қалай араласу керек? Әуелі бір азғантай кәперәтсійенің тарыйқы жайын айтып өтейін.

Әрбір қалықты алып қарасақ, кәперәтсійенің өсіу себебі шарыуашылықтың күйзеліу түріне қарай болған. Мәселен: Әнгілійеде үлкен, жұуан жұдырық байлар жұмыскерлерге үнемі еңбекақы бермей тарықтырған. Мұқтаждық көбейіп, жұмыскерлер ашыққан. Керек заттарын әрқайсысы барып алып келіуге күші жетпеген. Соның үшін Ау-ен деген бір білімді адамы Әнгілійеде 1854 жылы кедей, жалшы және жұмыскерлер арасында потыребійтел дүкенін ашқан. Бұл дүкен жер жүзінде бірінші дүкен деп аталған. Себебі мұнан бұрын еш жерде потыребійтел дүкені ашылған емес. Керек заттары болса, қолы жететін жұмыскерлер жана жалшылар осы ортасында ашылған өздерінің дүкендерінен орта арзан бағамен сатып алып тұрған. Әуелі Ротшел деген қалада ашылыу себепті «Ротшел потыребійтел дүкені» деп аталған. Кейінге кәперәтсійе жолын салған осы Ау-ен болған үшін бұл кісіні потыреб кәперәтсійенің әкесі деп атайды.

Әнгілійеден бөтен мемлекетке кәперәтсійе тарай бастаған, 1864 жылы біздің Рұусыйада Кійнөбіскій зауытында (Орал) жұмыскерлер арасында бірінші потыребійтел дүкені ашылған. Мұны ашқан жұмыскерлер бастығы Шерныйшобыскій деген кісі болған. Кійнөбіскій зауытынан Ресейдің бөтен жағына жайылып көбейе бастаған.

1897 жылы Ресейде 18 потыребійтел кәперәтіп арасынан ұйым (сайұз) ашыуға қаулы істеген жыйылыс Мәскеуде болып, орны да және сонда тағайындалған. 1898 жылы 16 ійіүндегі жарлық бойынша сайұз қабылданып, сонан потыребійтел дүкендерінің кіндік сайұзы осы күнге шейін Мәскеуде болып келе жатыр. Мұны «жалпы Рұусыйалық сенітр сайұз» деп атайды.

Сонымен әр жерде ашылған дүкендер саны көбейіп, 1904 жылға шейін сайұузға қосылған кәперәтіп 144-ке жеткен, 71.937 мүшесі жана істеген саудасы 350 мың теңге болған.

1905 жылы Ресей төңкерісі мен Жапон соғысы 1906 жылы кәперәтсійе санын азайтады. 1907 жылдан бастап, жаңадан алға жүре бастап, 1914 жылы сайұузге кірген кәперәтіп саны 154-ке жетеді. Жергілікті калық дүкенін алсақ, саны 3012 болады.

Барлық мүшелері 700 мыңнан асады. Белгілі әлеумет соғысы уақытында тсентыр сайұз және жергілікті кәперәтіптердің жұмысы ілгері баса алмайды. Себебі әуелі шарыуашылық күйзеліп, екінші, кәперәтсійе жұмысын істеп жүрген мамандарымыз бөтен жұмысқа араласып, шарыуалыққа қарауға мүмкін болмады, бұлар мемлекет жұмысына жасырын кірісе бастады.

Сонымен 1917 жылы ескі өкімет түсіп, мемлекет кедей және жұмыскер қолына тійеді. Бұл төңкеріс қалыққа оңай тійген жоқ.

Шарыуа күйзеліп басын көтере алмастай, елге қыйыншылық кіреді. Бұл түрде шарыуашылық ұйымын ашыу қыйын болды. Сонда да Кеңес өкіметі барлық қыйыншылыққа қарамай, соғыс біткен соң шарыуаны оңдауға кіріседі. Жұмыскерлердің және кедейлердің тұрмысын жөндеуде болып, Кеңес мемлекеті 1919 жылы (мартта) жаңа декірет бойынша кәперәтсійе жұмысын тағы ілгері жүргізеді. Бұл декірет бойынша кәперәтіп дүкенінде бар нәрсені халыққа текке үлестірмекші болады. Соңынан шыққан 1921 жылғы (7 апірелде) декірет мұны өзгертіп, жаңадан іске кіріседі. Бұл декірет бойынша текке нәрсе берілуін тоқтатып, барлық затты сататын және сатып алатын болады. Бұл қалыпта сауда жүре бастап, іс ілгеріледі.

Әуелі «кәперәтіп не нәрсе?» деп сұраушылар болар. Бұған кәперәтіп қалық ұйымы деп жауап беріуге болады. Не үшін десеңіздер, кәперәтіп жалғыз бір адамның жүргізіп тұрған нәрсесі емес, кәперәтіп қалық арасындағы жарлы-жақыбайдың және жұмыскерлердің мұқтажын тауып беріп тұратұн ұйым дейміз.

Кәперәтіп әр түрлі болады. Бұл жерде жалғыз потыребійтел дүкенін ғана алып отырмыз; соның үшін бұл ұйымды ортақ қалық дүкені деп атайды. Осы күні біздің қазақ тұрмысын алып қарасақ, бұрынғы мал кетіп, көшпелі тұрмыстан отырықшы қалыпқа түсіп келеді. Бұлай болған күнде кәсіп түрі өзгерілмекші. Сондықтан ең әуелі кедей арасына потыребійтел дүкенін ашыу керек.

Бұл потыребійтел дүкенінің жұмысын алсақ, мұның міндеті – алыпсатарлармен күресіу. Біздің қазақта жүн-жұрқа, астық,

мал және заттар бар, бұларды сатыу керек. Алыпсатарларға сатса, арзан баға беріп, шарыуаның ақысын өздеріне қаратып, жеп қалады, бұл – бір. Екінші, әрбір шарыуаның жайын алсақ, азғантай заты үшін матаның арзан жеріне барып ала алмайды. Шарыуаның алыпсатарларға жем болатұны осы. Ал, егерде 20-30 үйдің арасында дүкені болып, бар затын дүкенге беріп, өздеріне кійім-кешек және бөтен шарыуашылыққа мұқтаж нәрсесін дүкен арқылы алдырып тұрса, әуелі шарыуа қолындағы зат тійісті жолына сатылып, өздеріне керек нәрсе арзан орта бағамен алынады. Екінші, алыпсатардың құлқынына түсетін пайда өздерінде қалады. Бұлай болған күнде шарыуа ілгері жүреді.

Қойайдар ұлы.

35. Күн

(Толыстойдан)

Қыс бойы күніміз төмендеп жүреді: сәулесін қыйалап бір бүйірден жібереді. Сондықтан қыс жер жүзінде сұуық болады, жанды-жансыз заттың бәрі тоңады. Сұры кетіп табыйғат солады; айдай әлем жансыз өлік сықылды болады.

Жарқырап әсем жаз келеді. Жер жүзіне жан енеді. Жылынып, жібімеген зат қалмайды, қыбырлап, қыймылдамаған зат болмайды. Қар басына қысым түседі, әндетіп мұз бұзылып, күрсілдетіп сең көшеді. Өрден төмен сұу құлайды; өксіп-өксіп бұлт жылайды. Сұудан бұлтқа бұу асады, дүркін-дүркін жер бетін қара нөсер басады. Мұның бәрін істейтүн кім? – Мұның бәрін істейтүн – күн.

Дән ісініп өсе бастайды, ескі түбірден бұтақтар тарап, жанжаққа кете бастайды. Ағаштар көк жапыраққа орана бастайды, көк майса айағыңа орала бастайды. Мұның бәрін істейтүн кім? Мұның бәрін істейтүн – күн.

Айыулар жатағынан шығады, шыбын-шіркей қысқы ұйқысынан тұрады, сұу ішінде маса тұуып, көбейеді, жылымен балықтар өсіп, өнеді. Мұның бәрін күн үлгереді.

Кісі бөренеден үй салады, бөренені ағаш ішінен кесіп алады. Күн ағаш ішіне сәулесін түсіреді, сүйтіп, ағашты да күн өсіреді. Адам қыш кірпіштен үй қалайды, беріктікке кірпіштен ізбеспен байлайды. Ізбес пен кірпішті күйдірген отын, отынды әзірлеп қойған – күн.

Адамға тары мен нан керек еді, бұлар күн күшімен өнеді. Адам малдың етін жеп, сүйегін кеміреді, мал шөппен семіреді, шөпті күн өндіреді.

Керек деп адам нан жейді, жеген кісіні нан қыздырады, пеш отынмен жылынады. Қысқа қарай жұрт отын жыйады, ол жыйғаны күннің жылыуы болады. Қыс пешке отын жақтым дегенің үйге күннің жылыуын жібердім дегенің. Жылыу тікелей күннің өзінен болады, иә отын мен көмірге, астық пен шөпке сәуле боп түскен күннің көзінен болады. Жел дермендер, от дермендер айналып жатады, астық тартады. Оларды кім жүргізеді? – Жел мен сұу. Желді кім жүргізеді? – Желді жүргізетін – жылыу. Жылу қайдан шығады? – Жылу күннен тұуады. Бір жерден ауа жылып жоғары ұшады, оның орнына қарай басқа жерден салқын ауа жылысады. Сүйтіп, жел соғады, олай болса жел де жылыудан болады, сұуды да жел құуады, жылыудың өзі күннен тұуады.

Пәбіріктер де жұмыс қып жатады, от арба мен от кемелерді мәшійнелер сүйреп зырқыратады. Мәшійнелерді жүгіртетін бұу болады, бұу отыннан тұуады. Отын ішінде күннің жылыуы тұрады.

Қыймыл жылыудан тұуады, жылыусыз жаның бір сағатта шығады. Міні, енді көреміз, тек жылыу болса ғана қыймылдап өмір сүреміз, жылыу кем болса, қыймыл да кем, жылыу ден болса, қыймыл да ден. Жылыу өте күшті болса, қыймыл өте күшті.

Сүйтіп, қыймылдағаның мен жүргенің,
Жан болып өмір сүргенің.
Қыбырлап жерді басқаның,
Қайратым мол деп тасқаның –
Бәрі күннің арқасы,
Әйтпесе қолынан келмейді басқаның.

Аударыушы: Тел-жан

36. Тамшының тарығы

Төсін керіп, көк теңіз айнадай жарқырайды. Бір топ тамшы күн шұуақта жарысып ойнайды, дірілдейді, қалтырайды. Ішінде біреуі тым еркелейді. Жолдастарының төбесіне ырғып мінеді, мөлтілдейді. Бір кезде ерке тамшының бұлтқа көтерілгісі келді; бійіктен теңіз бен жерге көз жібергісі келді.

Ерке тамшы күнге жалына бастады: «Тілегім бер, жоғары көтер», – деп қақсады. Жарық күнге нәрестенің ерлігі ұнады – тамшыға қарай сәулелерін құуады. Сәулелер тамшыны қыздырды, қойнына қысты, көзге ілінбейтүн бұу болып, тамшы аспанға ұшты. Жалғыз тамшының жолда іші пысады, сондықтан оның жанына сәулелері тағы жолдастарын қосады.

Ә дегенше тамшылар жоғары көтерілді, бұларды аспанға жел айдап жөнелді. Жел ышқынады, күрсінеді, теңіз үстімен ұйтқып келеді. Тамшылар қызықпен құстан да шапшаң шабады, көзді ашып-жұмғанша талай жерлер артында қалады. Бір кезде теңіз де көзден жоғалады. Ауылдарды, қалаларды, далаларды көріп тамшылар құуанады.

Таңданып көрмеген жерін тамшы қарайды, сүйтіп, күннің батқанын байқамайды, түн болады. Салқын соғады. Енді тамшымыз қайда қорғалайды? Жерге түсіп гүлге ораныуға ойланады.

Жайлап тамшы төмен ұшады, бір мезгілде бұудан шығып сұуға түседі. Сүйтіп, гүл жапырағының үстіне барып жатады, әрі-беріден соң сарғайып белден таң атады. Көк жійектен күн көрінеді, құуанып тамшы сәлем береді:

«Жарық күнім, мені ал, – дейді, көтеріп көкке тез бар», – дейді. Тамшы сөзін айтып болмай, бұу боп көкке кетті, зұулады. Талай жерді дем сәтте алды, тау, тас, дала артта қалды.

Күн бек тыншыу, өте ыссы еді. Ерке тамшы жолдастарымен жерге түсеміз деді. Бұлар күнге жалынады: «Бізді теңізге жібересең не қылады!» Күн бұлардың сөзін тыңдады, нәрестелерді біріне-бірін қосақтап жыйнады. Енді қара бұлт шығады, қалың

тұман ішінде жолдастар біріне-бірі тығылады; ақырында үлкен тамшы болады, тамшылар төмен сорғалады. Нәресте тамшы жерге тырс етіп түседі, түскенінде шұуылдап, сылпылдап, сырылдағанын құлақ есітеді. Бірақ адамдар масайрап күліседі: «Жаңбыр жауды» деседі.

Тамшымыз келіп үлкен тасқа соғылады, ырғып түсіп басқа жолдастарымен қосылады. Тамшылар жыйылып, сел болады. Сел жыйылып, сай толады. Тамшы ілгері аға береді, аралап талай жерді көреді.

Сол кезде қатынға сұу керек еді, шелек алып өзенге келеді. Шелекпен қатын сұу алады, тамшымыз шелек ішіне барады. Сұуымен қатын кір жұуып, жайып қойады, күн көтеріліп, тамшымыз тағы бұу болады. Бұу көзге ілінбей, жоғары шығады. Көкте мұны тағы жел құуады. Көп уақыт тынбай тамшымыз жолаушылайды. Енді күн мұны көпке шейін тыныштандырыуға ойлайды.

Жел ойнақтап тамшыны батысқа ала жөнеледі. Тынбай ілгері айдап келеді, тамшы да бірге ұшып кетеді. Бір кезде жалпақ ақ даланың үстінен өтеді. Бұл жеріміз Қазақстан еді. Қыс болып, жер бетін қар басқан еді.

Тамшы қатты тоңа бастайды, тоңып түсі оңа бастайды. Тоңа, тоңа қатайады, жалтырайды, ағарады, жеп-жеңіл әдемі жұлдыз бола қалады. Түйдек-түйдек ақ жұлдыздар төмен түседі. Адамдар «қар жауды»деседі.

Кішкене жолаушымыз далаға түсті. Қатты ұйқыға кірді сұуық жел есті – жарты жылдай тамшы ұйқымен болады. Біртебірте күн ұзарады, бір кезде жылы жел соғады.

Күн қыздырып, қар еріп, ағады. Қатқан тамшы тағы сұуға айналады. Тамшылар бірігіп көбейе бастады, сай-саламен жүгіре бастады. Лайланды, шұуылдады, бұлдырлады, ақырында жыраға келіп құлады.

Жолшыбай бұларға басқа тамшылар құлайды. Бірте-бірте өзен ұлғайды. Бір кезде бұлар үлкен өзенге жетеді. Алдымен таныс тамшымыз өзенге жүгіріп келіп беріп кетеді.

Ормандар, қалалар, таулар артта қалады, сылдыр қағып тамшылар әлі тынбай жүгіріп барады. Бір кезде көрінбей жер де артта қалады. Өзеннің уақ толқындарына таудай-таудай ашшы толқындар қарсы шығады. Жолаушылап қайтқан балаларын теңіз құшағын жайып қарсы алады, құуанады, күледі; сүйтіп, тамшымыз тағы үйіне қайтып келеді. Көрген-білгенін тұуғандарына келіп, сөйлейді.

Аударыушы: Тел-жан.

37. Дүнійе қандай?

Атақты есепші Ейлер діншіл еді. Берлійннің бір молдасы Ейлерге: «Қалық діннен айрылған: мен шіркеуде дүнійені қандай тамаша қылып Құдай жаратқан десем, өткен пыйлосұптардың айтқанын айтсам, дін кітабының анасы «Бібілійә» сөзін сөйлесем, жарты кісі мені тыңдамайды, жарты кісі не қалғып кетеді, не мен сөйлеп тұрғанда, шіркеуді тастап шығып кетеді», – деді қамқор молда.

Сонда Ейлер молдаға: «Ескі пыйлосұпты, «Бібілійәні» жауып қойып, осы күні дүнійеге білім қалай тарайды, соны жұртыңа айтып қарашы. Ел құлақ қоймаған насыйқатқа Гірек пыйлосұпы Анаксагор айтқан деп, күннің үлкендігі Гірек аралы Пелопенстей деген шығарсын, енді екі де екі = 4 болса, осындай анық есеппен есептеген күн жерден бір мүлійен үш жүз мың қайтара үлкен (1.300. 000).

Он пұт бұйдайды бір жерге төгіп, және бір бұйдайды тастаса, көп бұйдай күн, бір бұйдай жер болады. Йүпійтір 1300, Сатұурұн жұлдыздары 900 қайтара жерден зор.

Жұлдыз бен жұлдыз арасы, жер мен жұлдыз арасы шақырыммен өлшеуге келмейді, мұның кезі күннің жарығының жүйріктігі болсын, күннің жарығы бір секүнтте 288 шақырым жүреді. Ал енді мынаған қараңыз: бір жұлдыздың жарығы жерге шейін 3 жылдан кем жүрмейді. Ал тағы көп жұлдыздар бар: бұлардың жарығы жерге шейін он, жыйырма, еліу, жүз жыл жүреді. Сонда жерге жетеді. Тағы мынаған қараңыз: кей жұлдыздар

жоғалып, ұшып кеткеннен кейін неше мың жыл жердегі бізге көрініп тұрады. Жоғалардағы жарқ еткен жарығы неше мың жылда ғана жерге келіп жеткені сол болады».

Ейлердің молдаға берген ақылы осы. Бір күні мөлійіп молда Ейлерге келіп: «Ай, Ейлер-ай! Адам баласы шіркеудің, Құдайдың қадырын ұмытты. Мен сенің айтқаныңды қылып едім, мені құрметтеп қабыл алды», – деді молда.

Сүйтіп, дүнійе біздің жерден үлкен көрінеді. Ал жер қандай?

Жер жұмыртқадай домалақ. Жерді тап ортасынан тесіп, өлшесек бір шеті мен бір шеті 12 мың шақырым болады, жердің белдеуі 38 мың шақырым болады.

Ай қандай?

Жер Айдан 49 қайтара зор. Ай мен жердің арасы 360 мың шақырым. Тоқтамай бұлаң құйрықпен отырған қазақ 7 жылда Жерден айға барар еді.

Күн мен жердің арасы шақырыммен санасақ, саны оқуға қыйын сыйпыр болар еді. Сағатына 60 шақырым жүретін темір жолдың арбасы тоқтамай жүре берсе, 266 жылда Жерден күнге жетер еді. Бір шақырымға бір тійін алса, темір жолдың белеті бір мүлійен 400 мың сом болар еді.

Қыр баласы

38. Ленійн

Адам баласының тарыйқына қарасақ, әр қалықтың өз заманында белгілі бір көш басшысы болған. Әр заманның өзіне ылайық, білгір, жүйрік, данышпандары шыққан. Бұлардың қайқайсысы болса да, әділдік заңының таразысына тартылғанда, бірлі-жарымы болмаса, көптің тағдырын шешкіп, шын адамшылыққа баға бергендері аз-ақ еді. Осылардың бәріне, шетінен қылға тізіп баға беріп өткенде, кешегі атағы жер жарып шыққан, Б.И. Ленійн Ұлыйанып деген кісі, бұ заманның пайғамбары деуге болатын еді.

Сабаз бүкіл жер жүзінің езілген, кедей, жұмыскер табына адалдық, адамдықтың жолын ашып, бостандық әперіп, дүнійе

жүзін жауыздық қаптап, бұзықтық өрбіген, уақытта, бұлттан шыққан күндей болып, жылағанды күлдіріп, талайды масайраткан қайран ер!

Осы 24-інші жылы дүйсенбі күні 21-інші ғыйныуарда опат болды. Ленійн жолдас бұдан 54 жыл бұрын 2-нші Александыр патшалық құрып тұрғанда, Сімбір қаласында 1870 інші жылы тұуды. Ленійн жасынан-ақ талапты, өткір, жігерлі болды. Қолға алған ісін айақтамай тынбайтұн, ынталы, тағанды, қандай іске болса да тексеріулі болды. Оқыуды әуелі гійімназыйада оқыды. Гійімназйыйаны бітірген кезде, оның үй іші бақытсыздыққа ұшырап, патшаға қарсы болғандығы үшін, ағасы Александырды 3-ші Александыр патша дарға асып өлтірген.

Ағасы өліп, Ленійн қажый қоймады, қайта онан жаман залым өкіметтің қармағынан құтқарыуға, кедей, жұмыскерлердің арасында қызмет істей бастады.

Ол сол уақытта Қазан өнійуерістетіне түсіп оқыды. Оқыуының алғашқы жылдарында-ақ өкіметке қарсылық жасаған істүудент тердің ісіне қатысқандығы үшін, өнійуерістеттен құуылып, Көкүшкійн деген жерге жер аударылады. Қанша бейнет көрсе де, қоймай жүріп 1891–1892 жылдарда емтыйқан ұстап, өнійуерістеті бітіріп кетеді.

1894 жылы Петірбор келіп, жұмыскерлердің арасында бірнеше ұйым ашып, өзінің тілектес жолдастарымен бірге қызмет етеді. Палыйтсыйа бұлардың соңына түсіп, ақырында қолға түсіп, жеке-жеке тұтқын қылып жолдастарын абақтыға жабады да, Ленійнді Сібірдегі Лена деген өзеннің бойындағы жерге айдап жібереді.

Бұ кісінің Ленійн атаныуы да, әлгі Ленадан шықса керек. Бұл уақыйғасы 1895–1897 жылдарда, бұл жүрісінде де Ленійннің қалықты қысымшылықтан құтқарыу үшін еткен қызметі жұмыскерлерді сатсыйалыйзым жолымен таныстырыуы, шығарған кітаптары толып жатыр. Айдалса да, жай жүрсе де, өмірін жұмыскерлердің арасында өткізді. Сол жүргендегі уақытын кітапқана, газет, жорнал редәксійесінде алатұн болды. Одан

1900 жылдарда, шет мәмлекеттерге барып «Ұшқын» дейтүн газет шығарады. Ленійннің бұл гәзеті талайдың көзін ашты. Ленійн бұл гәзетінде сатсыйалыйзым жолында мәркісіспін деп жүрген мырзалардың адасқандығын айқын ашып беріп, жол көрсетіп жүрді. Олардың түбінде шын мәркісісіт бола алмайтұндығын біліп, 1903 жылғы Шіуетарыйада болған сатсыйалдемокыраттардың жыйылысында көпшілік жағын алып, өзіне ергендерді бөліп әкетті. Бұдан кейінгі Ленійннің істеген жұмыстары толып жатыр. Ленійннің атылған оқ, шабылған қылыштың астында жүріп, жауыздықпен алысыуы босқа кетпей, 30 жылдай өмірін өксітіп салған жол, көрсеткен үлгісінің арқасында, күн шығыс қалқына, оның ішінде жердің алты бөлегінің бірін бійлеген Рұусыйа қалқына бостандық тұуғызып, құрдастық, тұуысқандық тұуын тікті. Кәммунійзім жолын бастап шығарған Мәркіс десек, түйінін шешіп, тотын аршып, қазып шығарған Ленійн болатұн. Ленійннің білімін, ақылын басқа адамға балауға болмайды.

Ленійннің кім екенін, оның қызметін, әділдігін түгел жазсақ, үлкен бір кітап жазыу керек болады.

Сәрсембі ұлы.

39. Ленійн және ортақшыл партыйасы

Ресейдің ортақшыл партыйасының тарыйқы Ленійнмен байлаулы, үйткені партыйаны бастап партыйа қылып құрып, жөнге салып, неше түрлі қатерлі замандардан шаң жұқтырмай алып шығып, өктәбір төңкерісінен соң ортақшыл партыйасын өкіметтік партыйа болыуға жеткізген Ленійн жолдас еді.

Осы күнгі ортақшылдар партыйасы әуелден бұл атақпен жүрген жоқ. Бұрын партыйаның есімі «Жалшылардың сотсыйл демокырат партыйасы» деген еді. Ертеден-ақ бұл партыйа екі жолға түсіп кетті: меншебек және бөлшебек жолы.

Меншебектер – жалшылар әлі тап болып жетіскен жоқ, соның үшін Ресейде жалшылар төңкерісі де болыуға мүмкін емес. Төңкеріс байлардыкі ғана болады, жалшылар соларға көмектес

болып, бірлі-жарымды шарыуалық мақсаттарды ғана көздеу керек жана партыйға мүшелікке партыйаның жолын танып, партыйалық салымды өтеген кісі алынсын деді.

Ленийн: Жоқ, жалшылар тап болып жетісуге айналды. Ресейде жалшылар төңкерісі ғана үстем болыуға тийісті. Төңкерісте жалшыларға байлар жолдас болмайды. Патшадан жана алпауыттардан тайақ жеп жүрген қара шарыуалар ғана жолдас болады. Партыйалық салымды өтеген кісіні ғана алыуға болмайды. Онда партыйаға кім болса сол кіріп, партыйаның таптық сипаты жойылады. Партыйаға мүше болыушы партыйа ұйымдарына қызмет етіуге міндетті болсын, сонда ғана партыйа шын төңкерісшілер партыйасы болады», – деді.

Ондағы Ленийннің мақсаты партыйаны жаман адамдардан сақтап, шын таптық төңкерісшіл партыйа қылып шығарыу еді.

Осындай сайасатпен ғана бөтен жалшылар партыйасымыз дегендер тозып, жалшылардан сырт айналып, майданда байлар жағына шығып кеткенде, жалғыз-ақ бөлшебек партыйасы жалшылардың тап күресін басқарып, жолдан таймастан келді. Кейбіреулер партыйаны жоғарыдан бійлеп-төстеу керек емес, еркіншілік болсын дегенді шығарды. Бұған да жолдас Ленийн тійісті төтепке берді. Мұндай қысылшаң, тар заманда партыйаны бос ұстау, партыйаны дұшпандар жойсын деген, партыйа жаңа партыйаның басқарған жалшылар табын сүйген төңкерісшіл партыйада қатаң тәртіп жүргізіу керек деді. Бұған шыдамай қобалжығандарға Ленийн қолды бір-ақ сілтеуші еді.

20 жылдай партыйа көсемі болып, жолдас Ленийн осы ұстаған негізгі жолдан танбастан келіп, заманының өзгеріуіне қарай, партыйаның өз ара аралас қатынас жаңа партыйаның партыйадан тыс жалшылар, қара шарыуалармен қатынасы тұуралы істі замананың жағдайына қарай жаңылмай, дәл орындаумен келді.

Меншебектер талай Ленийнге қарсы үгіт ашып, жалшыларды өздеріне аудармақшы болды және жалшылардың да қобалжыған уақыттары болды. Бірақ нақ төңкеріс күресіне келгенде іс

жүзінде жалшылар кімнің дос, кімнің қас екенін айырып шыға келіуші еді. Сонымен ғана жалшылар өктәбір төңкерісінде меншебектерден сырт айналып (шынында меншебектер жалшылардан сырт айналып кетті), бөлшебектер артынан кетті.

Жолдас Ленийннің ұстаған осындай қатаң, жолдарының арқасында партыйаның абыройы артып, өзі де күшейіп, неше қысылшаң уақыттардан шаң жұқтырмастан таза таптық партыйа күйінде келді.

Жыйырма жылдай партыйаны басқарып жүргендегі Ленийн жолдастың өзгертпестен ұстаған жолы: партыйаның кеулі болған құрылыс ұйымдарын және қатаң тәртіпті жоймау керек. Сонда ғана жалшылар үстемдігі сақталады.

Жағыпар.

40. Құуанышты күн

Бүгүн 30 ыншы декәбір. Не себепті болса да бір мейрам, бүгін кеңседе жұмыс жоқ, қол бос. Орынборда елдегідей ат үстіне мініп, ауыл қыдырып, көңіл сергетіу жоқ болып, бұлайғы күнде өнемейін кеңсе жұмысы кісіні басыр жасайтұндықтан, мейрам күні қадірлі таныстарыңа жолығасын, жүресін, қыдырасын, бірталай көңіл көтересін. Күн мейрам. Елегізіп, көңілім әр жолға бір талпынды. Күннің сәске уақыты. Көңілім енді түс болады, онан кеш болады, түн болады, ұйықтайтұн уақыт келеді, ертең қайтадан кеңсеге барып, жұмысқа байланасын деп, қалған уақытты азсынып, көншімегендей, бір азырақ бой жазып, көңіл көтеріп қайтыуға, бөлмемнен шығып, көшеге жүрдім. Бүгінгі мейрамға бола болып тұрғандай, күн өте жылы, көшенің екі бетіндегі сійректеу-сійректеу теректердің басын зердің шоғындай көркем боз қыраулар ұстаған.

Бассаң бетке соғылғандай жел жоқ. Жер бетіндегі кірлі қардың бетін боз қырау жауып, көшенің екі бойы жайып салған кійіздей теп-тегіс. Тек қана үйілдегі тас төбеге таман шақырайып келіп, ажырайып тұратұн күн бүгін де әдеттегіше бесіндіктен

бері шықпай, бійік үйдің төбелерінің іргелігін бетіне ұстайды, тасаланады. Мені әбден сағынсын, болмаса ызалансын деп көңілімді біліп қойғандай құрттай көрінсе, үйдің тасасына түсіп ала жоғалады. Бүгін бір жақта үлкен той болып жатқандай, ерсіл-қарсыл кісі тасып, соғылысқан езбөзшіктер. Көшені қақ жарып, быж-быж етіп, жындай толқып гүрілдеген аптомобійдер. Бәрі де көшенің бұрмаларынан, ат-ой беріп құрттай қайнап сапырылысқан. Күннің бүгінгі әсем тұрысын таңсынған сыйақты, көшенің екі бетінде қарашадай қатар түзеп, әрлі-берлі қадаңдап басып жүріске түскен, өңшең әп-әдемі адамдар. Бәрі де көңілді, бәрі де шат.

Қай бір жерлерде дырау етіп алдына қойған қазақ мектептерінің атағы. Бір кісінің баласындай, бір түсті кійіммен кійініп есіктерінің алдында қызыл керіске түсіп, сөз жөніне таласып жатқан балалар. Осының бәрін көріп келем. Көрген сайын әр түрлі ой бойымды бійлеп, терең қыйалға шомып келем. Көшеде келе жатқан сүлдем, көңілім қазақ сақарасын кезіп жатыр, осындай жақсы күнде қой соңына салған қазақ кедейінің баласына барып жүр. Кедейдің тұрба қондырып, терезесін жылтыйтқан, жападай қыстауын көріп жүр. Қазақ кедейінің қайткенде ұлтанды ел болып, бір орынға қалай қор төгерін, қазақ қызының не қылғанда көзі ашылып, қорлықтан құтылатұн мүмкіндігін көздеп жүр. Тосыннан құлағыма көңілді лепілдетіп, қазақ қызының сыңғырлаған әні естіле қалды. Әлде не деп тыңдай қалдым. «Қасірет-шерің жойылды, малға сатыу қойылды, көтер енді бойыңды», – деген сөз анық естілді құлағыма. Не екенін түсіне алмай, мына сөзге бүтін қазақ қызы жыйылып келіп ән салғандай, қорлықтағы мен ойлаған қатын, қыздар да осының ішінде жүргендей көріп, қасымдағы кісілерді ыйығыммен қаға көшенің бұрмасына шықтым.

Жүрегім жарылып кете жаздады. Орынбордың көшесін қақ жарып, қарсы алдына қызыл тұуды көтеріп ән салып келе жатқан қазақ қыздары, бұларды қошеметтеп сан-сапат кісі топ жасаған.

Кең сақарада, жазық қырдың қыйыр ұшына жететін қоңыраудай таза дауыстарымен бір ауыздан: «Қасірет-шерің жойылды, малға сатыу қойылды, көтер енді бойыңды», – деп, күңірентіп келеді, алдында қызыл тұу.

Қызыл тұу желбірейді. Қазақ әйелдері қызыл тұуды бастарына көтеріп, көлеңкелеп келеді. Жүгіріп барып сұрап қалсам, бүгін 30-ыншы декәбір, қазақ сақарасында қалың малды қалдырыу, көп қатын алыуды жойыу тұуралы әділ заңының шыққан күні екен. Құуанғаннан не дерімді білмедім. Көңілдегі шаттыққа шыдай алмай: «Қасірет-шерің жойылды, малға сатыу қойылды, енді көтер бойыңды», – деп, мен де бірге айқайлап, дауысымды қостым.

Ғ. Сұлтан ұлы

تازاقستان وقۋ كەمەسەر بيەنى.

بايتورسىن ۇلى احمت.

ساۋات اشقىش

دىبىس ءادىس جولى مەن
تارتىپتەلگەن فارافشا ءالىپبي.

سۋالىمز ۇلكەندەر ءۇشىن اكتال

سەمەيدەگى گوبەرنالىق باسپاسى «گوبەسىپىردەگى باسپاسى.
1920-جىل.

ساؤات اشقش

ا-ر-ز

ا ا ل
س س س


ت ت ت
و و

ڈ ڈ ن

ون	تانا	سان	سونا
تون	تان	سانا	وسان
انا	تار	سانار	تونتان

قق ق

اق	تاقا	ساقال	قولقا
وق	ساق	قاتار	قالقا
تاق	ساقا	قول	قالقان

ب ب ب

وب	بالا	بور	ازبار
وبال	ساب	بوران	قان
بال	سابار	تابان	قانباس

د د ی

اری	قانی	سریق	دریس
اریق	التی	تق	قمن
ازتق	سالتی	سس	قمنی

ؤ ؤ

اؤ	تاؤ	تاؤ	تابؤ
اؤا	تاؤنی	قاؤین	تابؤ
اؤار	اریؤ	سالؤ	ساؤبؤ

ؤ ؤ

ؤر	تؤر	بؤق	قولان
ؤرا	تؤرا	بؤقا	قؤؤان
ؤل	تؤؤ	بؤؤ	قؤؤات

ج ج ج

جات	جول	جول	باج
جاتار	جوتا	جولقی	تاج
جاتاق	جوسا	جولقیؤ	ولجا

ش ش ش

اش	شالا	قاش	شورتان
اشار	شاق	قاشؤ	شولاق
شال	شاقتا	قاشان	شوشاق

م ه ن

نام	شام	مول	الما
نامای	شاما	مولا	الاس
نامشی	شامالی	مولالی	تانساس

ع ه ع

اعا	اعس	العسر	جالعسز
اعاش	شاعل	شالعسر	تالعان
شاعم	ساعم	تارعل	جالعان

د ن

ادام	ادر	جلدام	بارەی
ادال	ادم	الدی	بالداق
اداس	دوعا	قالدی	ساندق

پ چ پ

اپا	اریا	توپەر	اقپان
اپان	پارا	پول	بالاپان
پوالا	مدپ	پیلان	وسپان

ك ڭ ق

اك	وك	سوكمی	شاكداق
تاك	وكدی	شاك	موكدی
تاكدا	سوكی	شاكی	موكداس

ي ى ى

اي	تاپار	بوي	قمي
اپار	وي	بويا	قمپسق
تاي	ويلا	بويی	قمپن

و ۇ ۋ ى ۋ

ور	ۇر	ۋس	ۋان
ۇور	ۋور	ۋسی	ۋالم
ون	ۇن	ۋسمز	ۋاتك
وون	ۇون	ۋسمز	ۋاپی
ول	توز	تس	ۋان
وول	توز	تس	ۋانم
وث	توس	تسی	ۋانك
وث	توس	تسی	ۋانمز
توز	ۋوت	تسی	ۋانكز
توز	ۋوتی	تسی	ۋان





117 حاضرسنی نگه ویسقلب؟

118 قلبغر من مسق

119 توقش رازی















Қазағыстан білім ордасы

Жер жүзінің жалшылары, бірігіңдер!

БАЙТҰРСЫН ҰЛЫ АҚЫМЕТ

ӘЛІБ-БІЙ

Жаңа құрал

Қазағыстан білім ордасы
мектебте қолданыуға ұйғарған

3 інші ірет басылыуы

Түрлі сүгіреттері мен басылған

a.вaitursьn ulь.
ᵛalьв-ᵛвьі jaᵛa qural
3-вasьlьvь.

Қазақ басылымы
Қызыл-Орда – 1928 ж.

Балаларға тартыу

Балалар, бұл жол басы даналыққа,
Келіңдер, түсіп, байқап, қаралық та.
Бұ жолмен бара жатқан өзіңдей көп,
Соларды көре тұра қалалық па?!
Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық,
Жүріңдер, іздеп тауып алалық та!

Шығарушы

1928 жыл.
Қызыл-Орда, тираж 20 000

ШЫҒАРЫУШЫДАН

Өзгеріске дейін Ресейде қалың оқытыушылар қолданған «төте оқыу» деген дыбыс негізді әдіс екендігі мәлім. Бірден дыбыстарды қосыб сөз қылыб оқығандықтан, бірден қарыптарды қосыб, сөз қылыб жазғандықтан, ежікпен қадімше оқытыудың қасында бұл әдіс анағұрлым төте еді. Сондықтан да «төте оқыу» деб аталыб еді.

Дыбыс әдісімен қатар, онан тәуір сөз негізді «тұтас оқыу» әдісі шықса да оны жұрт жаппай ұстай қойған жоқ еді.

Өзгерістен кейін сөз негізді – «тұтас оқыу» деген әдіс артық деб алдағы жұрттар соны алыу шарасына кірісіб жатыр, арттағы жұрттардың алыуға шамасы келмей жатыр: үйткені – жаңа әдісті жұмысқа ол жаңа әдісті білетін адам, жаңа жағдай, құралсайман керек.

Арттағы жұрттың бірі – Қазақ. Басқалар жаңаланыб жатқанын көріб, біз де жаңаланғымыз келеді, бірақ, не пайда! Көңіліміз тілегенмен қолымыз жетбейді. Іске жалғыз көңіл емес, қол да керек. Сондықтан жаңаланамыз десек те, жаңалық бізден әлі алыс жатыр.

Бұл әліп-бій кітабы жаңа әдіске көшіу жүзіндегі көңіл тілегі мен қол қысқалығын бір-біріне жанастырыб жақындатыу шарасын табыу түрде шығарылыб тұр. Үйретіу жағынан «дыбыс әдісі» мен «тұтас оқыу» әдісінің екеуіне бірдей жарарлығы көзделді. Мазмұн жағынан қазақ жағдайына жанастырылыб, жаңа пырағырамша (Гүус пырағырамынша) болыуы көзделді.

Қазақтан сүгіретші болмағандықтан, қазақ тұрмысына лайық дайар сүгіреттер табылмағандықтан, бұл әліп-бій кітабында да сүгірет жағынан кемшілік көб. Онысы оңдала жатар.

Мұғалымдардан өтінеміз: бұрынғы «Оқу құралы» мен бұл «Жаңа құрал» екеуінің қайсысы үйретіуге жеңіл? Екінші сөзбен айтқанда, қайсысымен оқытқанда балалар оқыу мен жазыуды тез үйренеді? Осы жағынан тәжірійбе түйілсе екен. 90%-ы қат білмейтін жұртқа оқыу мен жазыуды оңай үйрететін әліб-бій

кітабынан артығы жоқ. Аш адам астың бабы мен дәміне қарамайды. Қазақ оқыу жағынан қандай ашығыб отырғанын топырлаб мекеме алдын тоздырыб, оқыйтын орын таба алмай жүрген қазақ балалары көрсетіб отыр. Сол ашығыб отырған қазаққа бабын-дәмін келтіріб соңыра беретін асыннан, бабы, дәмі кем болса да әзір берген асың артық. Тамақты қарны тойыңқыраб, қанағаттаған кезде талғайды.

Шығарыушы.
21/Х– 25
Қызыл орда.

(з) /з/ ز
(а) /а/ ا
(р) /р/ ر

/з/ ز ز ز /р/ ر ر		/а/ ا ا ا ا /з/ ز ز ز	
/аз/ از	/р/ ر	/аз/از	/з/ ز
	/а/ ا ا	/р/ ر ر ر	
	/аз/ از	/а/ ا	

Бұл дыбыс әдіс жолына ғана, Тұтас сөз жолымен үйретіу келесі беттен басталыу керек.

ара аз

Ар. ара. араз.
аз. аза. азар.

Шыққанын шырпыдан жасау (ермек-еңбек)

Ар	ара	азар
аз	аза	азар

Бұлар бөлек-бөлек сызық бойымен кесіліб, қарташа үлестіріледі.

Әркім өзіне шыққанын шырпыдан (оттықтан) жасайды.

Алғанын жазыу (ермек-еңбек)

ар	ара	араз
аз	аза	азар

Бұларды да бөлек-бөлек сызық бойымен кесіб, екі бала, немесе одақтасыб екі жақ үш-үштен үлесіб алады.

Алғаннан кейін алған сөздерінің әріптерін санайды.

Әріп көб шыққан жағы ұпай салады. Ұпай түскен жақ алған сөздерінің бәрін жазады.

Әріп еш жағына артық шықпаса, әрқайсысы алған сөздерін жазады.

Ұпай салған жақ о жолы бір сөз де жазбайды.

Қыйсындау (ермек-еңбек)

ар	ара	араз
аз	аза	азар

Осы алты сөзді бөлек-бөлек кескеннен кейін екеу-екеуден қосыб, қыйсынын келтіріб балалар сөйлем жасаулары керек. Жасаған сөйлемдерін жазыб отырады. Екі-екіден артын-алдын алмастырыб қосыб, осы сөздерден оннан асыу сөйлем мен лепес жасауға болады.

Ақыл қат жасау.

аз араз	азар азар

ор

(о) و


ора

Ораз

Ор. ора. Ораз.
Оз. озар. зор.

Оз ораз!
Ораз озар.
Аз озар.

Ораз, ора!
Ораз орар.
Аз орар.

Ермек-еңбек

ор	ора	ораз
оз	озар	зор
аз	азар	араз

Бұл тоғыз сөзден:
1) Алдыңғы іретше сөйлемдер жасатыу,
2) Жаңылтпаш жасатыу.

Сөйлемдер, мәселен:
«Ор, Ораз!»
«Ораз, ор!»
«Оз, Ораз!»
«Ораз, оз!»,
«Ора, Ораз!»
«Ораз, ора!»
Ораз озар.
Ораз орар.
Аз озар.
Аз орар.

Бұлар екі сөзден қосыб жасағандағысы. Екі сөзден емес, үш сөзден қосыб жасауға да болады.
Мәселен:
«Ораз, аз орар!»
«Аз ора, Ораз!»
Ораз аз орар!»
«Оз, зор Ораз!»
«Ораз, аз ор!»
«Аз ор, Ораз!»

«Ораз аз озар.»
«Зор Ораз, ора!»
«Ора, зор Ораз!»
«Зор Ораз, оз!»

«Ораз аз зор»
«Зор Ораз, оз!»
«Ор, зор Ораз!»
«Зор Ораз озар».

Осы сөйлемдерден жаңылтпаш жасатыуға да болады. Мәселен, мынау төмендегі сөйлемдерді үш қайтара шабшаң-шабшаң айтса, жаңылтпаш болыб шығады.

1) Зор Ораз, ор Ораз!
2) Ора Ораз, зор Ораз!
3) Ораз орар, аз орар!
4) Ораз озар, аз озар!



нар



он



нан

ااااااااا

Ааааааааа
Он «а» «ا»

ووووووووو
Он «о» «و»

Назар

Он. Онан. Оннан.
Нар. Назар. Арзан.
Он нан. Он нан аз.
Он нар. Он нар аз.

Ораз зор.
Онан Назар зор.
Нар арзан. Онан нан арзан.
Нан арзан. Нар арзан.

он	нан	нар
Назар	арзан	онан
Аз	зор	Ораз

Бұлардан: 1) Сөйлем мен лепес жасатыу.
2) Жаңылтпаш жасатыу.

Сөйлем мен лепес жасатыу іреті алдыңғыларша, жаңылтпашты мынау төмендегі сөйлемдерді үш қайтара шабшаң айтқызыб жасауға болады.

1) Назар нараз.
2) Нан арзан, нар арзан.
3) Назар нараз, нар арзан.
4) Назар нараз, нан арзан.
5) Он нан онан арзан.
6) Назар нанар.
7) Нанар Назар.
8) Назар азар, нар азар.

Ас. Аса. Асар. Асан. Осан.

сона

ас


сазан

Сан. сана, санар. сонар.
Асан, сана! Осан, ора!
Асан санар. Осан орар.
Асаннан Осан зор.

Нан – ас.
Он – сан.
Он – аз сан.

Ермек-еңбек (Он зат – он ат)

	ара			ара	Осан
	нан		сона	нан	сона
	нар		ас	нар	ас
1 2 3 4 5 6 7 8 9 10	сан		сазан	сан	сазан
			сабан	сабан	сонар

Мұны «ермек-еңбекке» түрліше айналдырыуға болады. Бәрін байандау қажет емес. Мұнда бір-екі түрінің жоспарын көрсетіб өтеміз.

1) Зат сүгіреттері тұтас тұрады, ат жазыулары сызық бойымен бөлек-бөлек кесіледі. Олар қарташа үлестіріледі. Заттар аттарымен жабылады. Заты жоқ, тек атұн ұстаб қалған екеуі он сөзді үлесіб алады да жазыб шығады.

2) Зат сүгіреті барларын да бөлек-бөлек кесіб алыб, оларды да, заттарын да үлестіріб, заты жоқтармен, аты бар, заты жоқ қағаз шыққан адамдарға жаздырыу. Артынан жабқаны айақшы болыб, қағаз үлестіреді. Бас-айақ кітабта басылған іретіне қарай; мәселен, 1-інші «ара», 2-інші «нан», 3-інші «нар»....

Ата


Ат


Атан

Сарт

Татар

Ат. Ата. Атан. Тар. Тара.
Тарат. От. Отар. Тас.
Таста. Тастар. Татар. Сат. Сатар.
Таза. Тазар. Тазарт.

Асат, ат оттат!
Осан оттатар.
Осан, ат оттат! Ат отта.
Ата, ат тарат!
– Асат таратар.
Асат, ат тарат!

– Сатан тарар.
Сатан, ат тара!
– Ат таза.

Ермек – еңбек

ат	ата	атан	тара
тарат	оттар	оттат	татар
таза	тазарт	сарт	сат
сатан	сатар	асат	сазан
сан	нар	оттатар	арзан

Бұлардан:
1) Сөйлем жасатыу. Сөйлем жасатыу іреті алдыңғыларша.
2) Жаңылтпаш жасатыу.

Төмендегідей сөйлемдер жасатыб, үш қайтара шабшаң айтқызса, жаңылтпаш болыб шығады.

1) Асат ас асат.
2) Асаттар ас асатар.
3) Асат, аз асат!
4) Сарт, сазан тазарт!
5) Сарт, сазан сат!
6) Татар ат оттатар.
7)Асат атам ас асатар,
Ас асатса аз асатар.

қара

ақ

қас

қос

қазан

Қаз. Қаза. Қазан. Қазақ.
Қон. Қонақ. Қос. Қосар.
Қосақ. Қар. Қара. Қарас.
Қарт. Қас. Қасқа. Қарақас.

Қарт, асқа қара! Қарақас, қонаққа қазан ас!
Қазан қара қоста. Қарақас қонаққа қазан асқан.
Қонақта қосар ат. Аттар отта. Қонақ қоста тоқ.
Аттар отта тоқ.


қазы

ی(ы)

қасық


тары

Қазы. Қазық. Сары. Сарық.
Тары. Тазы. Торы. Ық.
Ықтын. Ыс. Ыстық. Сын.
Қыс қысқа. Қар аз. Қалық тоқ.
Тары – азық; қазы – азық,
Нан – азыққа қазық.
Қонақ аз отырар, анық сынар.
Қаз арық. Қазы арық.
Таза арық. Тазы арық.
Қазы арық. Қаз арық.
Тазы арық, таза арық.

Сын атына зат аты

Сары _____	Торы _____
Ыстық _____	Сынық _____
Сасық _____	Қысқа _____
Қатар _____	Қызық _____

Бұлардың әрқайсысына бір-бірден жаза білетін, оқыб кеткен сөздерінен зат атын таптырыб жаздырыу.

Жатқа таба алмаса, артындағы өткен сабақтардан қараб, осы сын аттарына үйлесетін сөз алыб жазыу.

Нан	Қазық	Азық

Осы үш сөздің біреуінің айағын өзгертіб мақал жасауға болады. Қайсысының айағын қалай өзгертіб макал жасауға болады?

сабақ

тоб



табақ

бас

қабақ

Саб. Саба. Сабақ. Сабын.
Таб. Таба. Табан. Табақ.

Сабақ. Тоб қабары <u>тақырыбты.</u>

Басан, баста!
Қыр басы топ.

Тоб, таб тартысы <u>тақырыбты</u>.

Тоб басы Базықан. Топта Осан, Қосан, Асан, Нысан, Ораз, Назар бар. Тобықты Тоқан бар, тарақты Тоқпан бар, табын Боқан бар. Қатыннан Қарақас бар. Онан басқа отыз-қырықтаб қазақ бар.

Орыстан, сарттан бар.

Кім табады?
Табқан жабады,
Таппаған жазады.

Саба	сабын	саб
табақ	таба	таб
қақбан	қақбақ	қаб

Бұл тоғыз зат – тоғыз ат.

Тоғыз заттың атын тоғыз қағазға жазыб, көрсеткен түрде сызық бойымен кесіб тоғыз балаға қарташа қарамастан үлестіреді. Пәлен сөз шыққанымыз жасауыл боламыз деб үуәделеседі!

Мәселен «саб» деген сөз шыққанымыз жасауыл болайық десе, сол сөз шыққаны жасауыл болыб, ойын басқарады.

Саба	сабын	саб
табақ	Таба	таб
қақбан	Қақбақ	қаб

Тоғыз ат жазылған қағаздарды араластырыб, біреуін алыб, қолында жұмыб тұрыб, «Кім табады? Табқан жабады, таббаған жазады!» дейді.

Пәлен сөз деб айтқан бала табса, кітабтағы затты табылған атымен жабады.

Ол міндеттен құтылады.

Бір Табқаннан кейін тағы табқысы келсе айтыуға ықтыйарлы, бірақ міндетті емес.

Таббаса, таба алмаған сөзін жазады. Бұған тоғыз бала ғана емес, қанша бала болса да кірісіб ойнай береді.

Тек сабақтас болыу шарт.



алақан

ал

ала

аққала

Бал. Бала. Балалар.
Қала. Қалақ. Қалта.
Ала. Алақаз. Ала тазы.

Ал, балалар, аққала салалық!
Асан қалақ алсын. Қар қазсын. Назар қар тасысын.
Ораз қар қаласын. Қосан қонақ болсын.
Болатқан ақсақал болсын.
Ол қонақ қасына отырсын.
Ырысты қазан ассын.
Тасқара табақ тартсын.
Аққала асты болсын!

Кім табады?

Ала бота	Ала ат	Торы ала қаз
Алақан	Бала	Балық
балта	саба	қалыб

Мұның да істеу іреті алдыңғыша.

Табқан жабады, таббаған жазады.

алабота	ала ат	торы ала қаз
алақан	бала	балық
балта	қалта	қалыб

Кім жаңылтпаш жасайды?

аз	9	қайта
қара ала ат	торы ала қаз	қар алады

Осы тұрған алты бөлек сөздерден екі ауыз жаңылтпаш жасатыу.

Жаңылтпаш жасау үшін бөлек-бөлек кесіу керек.



Дақ

дала

одақ

Атбақыл

Мана алты бала одақтасыб атбақыл атты. Асан, Осан, Қосан дала балалары одақ болды.

Ораз, Назар, Нысан қала балалары одақ болды.

Сақа салысыб, Асандар атты, Қосан сақаны атыб, алты асық алды, Назарлар асықсыз қалды, Асандардан алты асық қарыз алды. Қақбақыл қаққанда онан да Назарлар қалды.

Қата оқыған жақ қайта оқыйды

Алты бала одақтасыб атбақыл атты.
Дала балалары одақ болды.

Қала балалары одақ болды.
Асандар атты. Алты асық алды.
Назарлар асықсыз қалды,
Асандардан асық қарыз алды.
Қақбақылдан да Назарлар қалды.

Осы 8 сөйлем сөзді 8 баладан одақтасыб бәске оқыйды.

Бәстері қата шығармау; шығарған жақ қайта оқыу, бала басына бір сөйлемнен оқыйды.

Бірі қаталасса, қатесі одағының бәріне жұғады.

Қаталасқан жақтан біреуі бүтін мақаланы қатасыз оқыб шықса, одақтарының қатасының бәрін жұуады.

Әркім оқыған сөйлемінен қата шығарса сөйлемін қайтадан оқыйды, тағы қата оқыса, тағы қайта оқыйды, екі ірет оқығанда қатасын түзеб оқый алмаса, қата о жақтың мойнында қалғанға саналады.

Оны жұуыу үшін одақтарынан біреу бүтін мақаланы қатасыз оқыб шығыу керек.

Ол қатасыз оқый алмаса, өзгелері оқыу керек.

отау

ау

тау


қыстау

ауыл

Ау – аулау. От – отау. Қыс – қыстау. Бас – бастау. Сау – сауық, саулық. Балық аулау. Ау қарау. Қыстау қорыу.

Балық аулау

Ауыл қыстаудан алыс отырды.
Отау балық аулаб қыстауда қалды.
Ауылдан Ақан балыққа барды.
Ау қарады.
Балықтан 5–6 алды.
Балықтарын қабқа салды.
Қабты арқалаб алды.
Арқасы ылас болыб қалды.
Мұны да одақтасыб бәске оқыу. Тәртібтері алдыңғыша.

Ай

айна


айақ


тай


тайлақ


қой

Толық ай. Таза айна.
Асау тай. Нар тайлақ. Тал тайақ. Сырлы айақ.

Базар

Ауыл қасында қала бар.

Қалада базар бар.

Базарда талай зат сатылады.

Талай зат алынады.

Қазақтар қой-қозы, тай-тайлақ сатады.

Базардан олар айақ-табақ, айна-тарақ сыйақты заттар алады, байлар базардан алыб, ауылдарға сатыб пайда қылады.

Қайсысын қайда қойыу.

Қазақтар қой-қозы, тай-тайлақ сатады.	Ауыл қасында қала бар.
Базарда талай зат сатылады; талай зат алынады.	Қалада базар бар.

Бұ төрт бөлек сөйлемдерді төрт бөліб кескеннен кейін сөйлеу жүйесі мен балаларға қойдырыу.

Қойа білгені құтылады, қойа алмағаны қойыб бергеннен кейін жазады.



Ұлақ

(ұ) ۇ



құлақ

ұл(бала)

Ұр, бұр, тұр, құр-құр, құрау, сұрау, ұу, ұуық. Сұу. Сұуық. Сұуат. Ұлыу. Сұлыу. Ұлы. Ұулы. Сұлы, сұулы.

Атта да ақыл бар

Асанда атты басқаратын қылық бар-ды.
Таныс орысқа қонаққа баратын болдық.
Ауыл аттарын ұстай бастады. Асан тайы ұстатбады.
Құр-құрлаб, құуа-құуа Асан болдырды.
Тайына ыза болыб, ұрысыб, ыластаб отырды.
Тайы онысына құлақ асбады.

Қайсысын қайда қойыу?

Тайы онысына құлақ асбады.	Құр-құрлаб, құуа-құуа Асан болдырды
Ауыл ат ұстай бастады.	Тайына ыза болыб ұрысыб, ыластаб отырды.
Асан тайы ұстатбады.	

Мұның да істетіу іреті алдыңғыша.

шабақ

аш

шал

Аш шал.

Ақ шаш.

Шалаб – ас.

Шақша – ыдыс.

Шабақ – балық.

Аш шал

Мынау сорлы шал,
Бойына назар сал,
Сақал-шашы ақ.
Қайыраты қайтқан шақ.
Баладан ада,
Қарадан таза,
Ауқаты – шабақ,
Сұусыны – шалаб,
Айақта шарық,
Қатқан аш, арық,
Шабақтан, шалабтан
Болсын ба қарық?

Қолайына қарай, қос сөйлемнен қойыу.

Ауқаты – шабақ.	Қатқан аш, арық.
Мынау сорлы шал.	Сақал-шашы ақ.
Қарадан таза.	Сұусыны – шалаб.
Айақта шарық.	Бойына назар сал.
Қайраты қайтқан шақ.	Баладан ада.

Бұларды ұйқасына қарай қос-қостан қойғызыу.

торғай

ағаш

тоғай

Қарға. Таған. Тарғақ.
Қарлығаш. Сандығаш (бұлбыл).

Тоғайға сайран

Қыстау қасы тоғай.
Тоғай толған ағаш.
Ағашта сайраған сандығаш.
Бұталарда торғай.
Сұу бойында шұулаған шағала, қызғыш, балшықшы.
Оларды аңдыб қалықтаған қаршыға.
Құстар дауысы қосылғаннан,тоғай басы ұу-шұу.
Тоғайды аралаб, айқайлаб, асыр салыб, сайран қыб, ай тұуа ауылға қайттық.

Қайсысын қайда қойасын?

Ағашта сайраған сандығаш.	Тоғай толған ағаш.
Оларды аңдыб қалықтаған қаршыға.	Қыстау қасы тоғай.
Бұталарда торғай.	Сұу бойында шұулаған шағала, қызғыш, балшықшы.

Істетіу іреті алдыңғыларша.

Қармақ салыу

Мұз тайғақ. Табаныма мық қақтым.
Қармақты сайлаб алдым.
Қармақ салыуға бардым


қармақ

мық

қамыс

Мұзды ойдым. Ойық басына қамыс тастадым. Оған отырдым. Қармақ басына май шаныштым. Қармақты сұуға саларда айтатұн «Ал, балық! Ал, балық! Ал, ауызға сал, балық!» оны айттым.

Қармақты қозғап-қозғаб қойыб отырмын. Балықтар қармақты тартып-тартыб қалады да тастайды. Қармақты ұзағырақ тартқан шақта тартыб қалдым. Қол басындай алабұға алдым. Тағы салдым, тағы алдым; тағы салдым, тағы алдым. Қас қарайғанша оншақты балық алыб қайттым.

Ылаж. Мұқтаж. Жол. Жолақ. Жұт. Жұрт. Жас. Жаса. Жасасын. Жай. Жайа. Жайау. Жайдақ.

Жұмаш

Жарлы

жалау

жал

Жұмаш – жарлы баласы. Жасынан жалданыб тамақ асырайды.

Жұмашқа Қожабай қой бақтырады.

Қожабай қатты адам. Жаз болса, Жұмаш жалақ-жалақ болыб, қойды жайау бағады. Қыс қой да бағады, от да жағады.

Жаз қорада қой жанында жатады. Қыс жас бызау, жас қозы жанына жатады.

Жұмаш жайын ойлайтын жаны ашыр жақыны жоқ. Қожабайдан құтылар ылажы жоқ. Табар ма ылаж? Жұмаш ақылға мұқтаж.

Жайау қойшы – жатқан қойшы.

(Мұны кім айтқан? Тағы не деген? Неге олай айтқан?)

Оң қол қайсы

сол жақ

оң жақ

жалаңаш

жалаң айақ

жалаң бас

Жарлы-жалаңаш тойы

Қалада алғаш болғаным сол. Қала жайына шорқақбын. Шайға қаныб алыб, қаланы қарауға шықтым. Қаланың тауығы шұулаб, арбалары салдырлаб жатты. Қақбаларында қызыл жалау. Азырақ тұрған соң-ақ айырықша мынадай салдырды құлағым шалды:

«Тат-тыра-раттам, тат-тыра-раттам, тат-тыра-рат-там, тат та там». Оның ар жағында жырлаған балалар дауысы шыға бастады. Манағы салдыр да, жырлаған дауыс та жақындаған сайын зорайды. Қаланы жаңғырықтырды.

Қарасам жалаң айақ, жалаң бас, қол-борбайы жалаңаш ылғый жас балалар. Қолдарында қызыл жалау, алдарында қызыл тұу. Барабан қағыб, жыр жырлаб бара жатыр. Манағы айырықша салдыр барабанның салдыры болыб шықты.

Аң-таң болыб азырақ тұрдым. Сонан соң қабырғалаб қалмастан қаладан шығарыб салыб қайттым.

Мақал: Ылғый қойшы болсаңдар, құл боларсын.
Ылғый тойшы болсаңдар, құу боларсын.
(Құу – кедей мағанасында).


байпақ

шапан

апа

жапырақ

жапалақ

қалпақ

Оба – опа. Шабан – шапан.
Сабақ – сапақ.
Сабар – сапар. Сабыр – сапыр.

Ақша қар

Шолпан ұйқысы қаныб ойанды. Қойған орнынан байпағын тауыб алды. Қаптал шапанын жамылды. Тысқа шықса, далада жапалақтаб жауыб жатқан қар.

Ауыл айналасы аппақ. Қора шылқылдаған батпақ, ағаш бастарын да ақ жапырақ жабқан. Шолпанның қоспақ тайлағы қосты ықтаб тұр. Шолпан оған шоқпыт жаптырды.

Шайдан соң Шолпан сабаққа барыуға жыйына бастады. Апасы Шолпанға қалпағын тастатыб, жылы орамал тартты.

Шолпан сабақтан қайтқанда, жолында ылғый қар атысқан, ағызбақ* ойнаған балалар ұшырады.

* Ағызбақты Орал жағы «жылмаң» дейді.

мен

(е) ө

ер

сен

Мен тұрмын. Мен отырмын. Сен тұрсын. Сен отырсын. Ол тұр. Ол отыр.

Мен тұрдым. Мен отырдым. Сен тұрдың. Сен отырдың. Ол тұрды. Ол отырды.

Таңертең

Мен ерте жатыб, ерте ойандым. Ойаныб азырақ жатқан соң, терезе ағарыб, жарық бола бастады.

Қонақтар да ерте ойанған болар. Таң атысымен тұрыб бет-қолдарын жұуды. Аттарын сұуарыб ерттеб қойды. Апам тұрыб самаурын қойды.

Шайдан соң қош айтысыб, қонақтар аттанды.

кесе

теке

елек

Елек, шелек, кесе – ыдыс.
Есек, теке, серке – мал.
Шешек – аурыу.
Терек – ағаш.

Теке мен серке

Табын Тайқарбайдың ауылы сыбай болды. Ол ауылдың қойында теке де, серке де бар екен. Мен текеден қорқамын, серкеден қорықпаймын; азбаннан қорықпаймын, қошқардан қорқамын.

Бес-алты бала сұуға шомыла бардық. Тайқарбайдың қойы сұу басында жатыр екен. Серке жарды жағалаб, сұуатқа келе жатты. Сұуат басында теке жатыр екен. Теке тек тұра ма? Тұра сала ұмтылды. Серке де қашпай тұрыб алды. Сарт-сұрт қағысыб қалған кезде, теке артындағы сұуға құлады. Серке сұуатқа қарай кете барды.

Жаңылтпаш: Бай Тайқарбай, қойыңды ақ шағылға жай, Тайқарбай!

(Үш қайтара шабшаң айтыу).



біз

ا ىء

ірі

із

Біздікі

Біздікі адам жағынан жарлы емес. Бірақ жұмыскеріміз аз. Біз ірілі-ұуақты жеті жанбыз: бапам, апам, екі ағам, бір інім, екі қарындасым бар.

Бір ағам аурыулы. Жұмысқа жарамайды. Бізді асырайтын бапам мен бір ағам ғана. Қысы-жазы екеуінде дамыл жоқ.

Қыс кіре айдайды. Жаз болса көктем кезінде сабан айдайды, тезек ійлейді, онан кейін пішен мен орақ жұмысы келеді. Ол біткенше қора-қобсы оңдайтын кез болыб қалады. Қыстауға қонғанша сонымен болады.

Бұл жыл бойы істейтін ірі жұмыстары ғана. Ұсақ жұмыстары толыб жатыр.


тігіс


шеге

егеу

Тігін

Етігім тозыб, кійіуден қалды. Бапам тігін тігіуге Еріш етікшіні алдырды.

Қобдыйын қолтығына қысыб, шай ішіб жатқанда, Еріш келді. Апам кебежеден былғарыны алыб, етікшінің алдына тастады.

Етікші былғарыдан керегін кесіб-кесіб алды. Шылабшынға сұу құйыб, кесіб алғанын соған салды. Сұуға малшыб-малшыб алды да, кійіз астына тығыб қойды.

Апам тарамыс есті.

Етікші егеуін алыб, бізін егеді. Сонан соң тігіуге кірісті.

Тігісін болғаннан кейін шегелейтін жерлерін шегеледі. Етігім кешкеге дайар болды. Бапам тігіншіге екі сом берді.

түлкі

Ү

Үт

үр

Үтте түлкі үреді дейді.

Күзет

Күзге тайанған кез. Түн салқын, ай жарық. Қыз-боз бала алты бақан құрыб, қой күзетіб ойнаб жүрді. Мен де басқа балалармен бірге сонда ойнаб жүрдім.

Бір мезгілде қой дір... ете қалды. Ійттер үріб, адамдар айтақтаб, қойға жүгіріб келе жатыр. Бізге қарай үріккен қой басыб кете жаздады. Үп-үлкен бір қасқыр қасымдағы бір қойды тартыб қалды да кете барды. Ійттер үріб, адамдар айтақтаб, шұулаумен қала берді.

Қойлар ұйлығыб жатпай маңырай берді. Қойшы барыб қасқыр тартқан қара қойды алыб келіб, үйдің жанына байлаб қойды.

Мақал: Құтты қонақ келсе, қой егіз табады,
Құтсыз қонақ келсе, қойға қасқыр шабады.



көрік

Ө

өр



өрім

Жүген жұмысы

Бапам жүгені тозыб жаңа жүген істетбек болды.

Бапамның ійлеген қайысы бар-ды. Сол қайысты алыб түйіншіге бардық.

Түйінші қамшы өріб отыр екен. Өрімін бітіріб, тобшылаб жатқан мезгілде келдік. Бапам қарады да сегіз тасбадан өріб жатыр екенсін деді.

Түйінші қайысты көріб, бір жүген шығарлық екен, сұулық керек деді.

Сұулық соқтырыуға ұстаға бардық. Төс, көрік, қысқаш дегендерді сонда көрдім.

Ұста көмір келтір, соғыб берейін деді.

әжесі

(ә) اء

Әбіш

әкесі

Сонар

Оқыу тоқталыб, Әбіш он бес күн дем алысқа келді. Бір күні мен Әбіштікіне барыб қондым.

Әбіштің әкесі аң аулайтын. Тазысы, бүркіті болатын. Таң сәрінен тысқа шығыб келді де: Қатын, тұр! От жақ! Құрт жылыт! Бүгүн сонар екен, – деді. Әбіштің әжесі тұрыб құрт жылытты. Құрт ішкенше, таң да әбдән атыб қалды.

Мен де тұрдым. Тысқа шықсам, түнде қар жауған екен. Жаңа қар ұлпаланыб аппақ болыб жатыр екен. Әбіштің әкесі бүркітін қолына қондырыб, тазысын ертіб аңға шығыб барады екен.

Үйге келсем, Әбіш әлі ұйықтаб жатыр екен. Әжесі әрең ойатты.

Мақал. Ійт жүйрігін түлкі сүймес.
Айбар керек, әл керек; әлсіз айбар не керек.
Әлем әлемге күлер, әлем әлдекімге күлер.

Мақал. Әке дегенмен жан қалмас.

Әліб-бій

Бүгүн мұғалім үлкен қағаз әкеліб іліб қойды. Қағаз бетінде әріптер үлкен-үлкен болыб жазылған. Астына «Әліб-бій» деген сөз жазылған.

Мұғалім: «Біткен әріп осы. Мұнда танымайтын әріптерің бар ма?» деді.

Біз: «Жоқ!» – дедік.

«Әше, әріптің бәрін біліб болдыңдар. Енді қандай сөз болса да оқыуға жарайсындар», – деді.

«Мынау әріптердің бастан-айақ іретімен тұрғаны. Бұл «әріп іреті» деб аталады. Әріптерді түгел айтыу керек болған кезде, осы іретімен айтасындар. Әріпті іретті орнынан табыу керек болған кезде де осы іретімен іздейсіндер», – деді.



Қат

Қатыш апама қат жазайын деб талай оқтаныб, жазбай қойатынмын. Үйткені – білмейтін әріпке келгенде тоқтаб қалатынмын.

Мұғалім әріпті түгел білдіңдер деген соң, қатты құуаныб қалдым.

Қолға қағаз бен қаламды алдым. Қағаз бетіне ылаңды салдым.

Бұлай деб жаздым:

Қадірлі Қатыш апатай!

Мен әріптің бәрін таныймын. Қандай сөз болса да оқыймын. Жазыуым қандай екенін осы қаттан байқарсыз.

Мұғалім көб оқыб, көб жазыңдар, көздерің қанығыб, қолдарың жаттығады дейді.

Мен сүгіретті де тәуір саламын. Бойауым таусылыб келеді. Бойау алыб берсеңіз екен.

Ақыш.
Үттің 2-сі.

1) Жұмбақ. Тій десем, тіймейді,
Тійме десем, тійеді.

2) Жұмбақ. Үш батыр қолдарына алды найза.
Сұу ішіб бір шұқырдан қылды қайла.
Найзамен қар үстіне сұуды шашыб,
Адамдар сол сұуынан алды пайда.

МЕКТЕБКЕ ТҮСКЕН КҮНІ

Біз мектебке келсек, балалар көб екен. Бәрі шұуылдаб жүгіріб жүр екен.

Бір бала шығыб қоңырауды сылдырлатыб еді, балалар жапырласыб мектебке кірді. Мұғалім мені де бір орындыққа отырғызды. Балаларды жатырқаб мен үндемей жүрмін, олар да менімен сөйлесбейді. Мұғалім біріңнің атыңды бірің сұраб біліб алыңдар деді. Балалар бірінің қасына бірі барыб, аттарын сұрасты. Содан бұлай танысыб үйір болыб кеттік.

1) Ойнаңдар! Ойлаңдар!

Бір қазақ қалаға бара жатыр еді, жолда үш танысы қарсы соқты. Қанша адам қалаға барды?

Мақал. Бір көрген – біліс, екі көрген – таныс.
Кісі бір көргенінде жылан,
Екі көргеніңде құлан,
Үш көргеніңде адам.

Біздің тәртіп

Мектебке бойымыз тез-ақ үйреніб кетті. Тысқа шыксақ алысыб-жұлысыб шұулаб жатқанымыз. Ауыз үйде бірімізді-біріміз қойыб жіберіб, ійтеріб жіберіб жылатыб та қойамыз.

Сабақ кезінде де тыныш отырмаймыз. Шұулаб мұғалім сөзін естімейтін болдық. Түк нәрсе ұғыудан қалдық.

Сабақтан шыққан соң, жыйылыс жасаб жібердік. Кеңестік, сөйлестік, мынадай қаулы шығардық:

Бұдан бұлай:

1) Бәріміз тәтті, татыу болайық.
2) Бірімізге-біріміз көмектесейік.
3) Құр бетімізге шұулай бермейік.
4) Әсіресе сабақ үстінде тыныш отыралық.

2) Ойнаңдар! Ойлаңдар!

Қалада оқыйтын шекірт мектебіне келе жатты. Бір аз жүрген соң, арбалы алты адамды құуыб жетті. Қараса, сабақтастары екен. Қанша шекірт қалаға барды?

Ленін

Мұғалім оқыу бөлмесіне әкеліб үлкен сүгірет ілді. Қарасақ, кітабымыздағы Ленін сүгіреті болыб шықты.

Мұғалім: «Таныйсындар ма? Бұ кім сүгіреті?» – деді.

«Таныймыз, Ленін сүгіреті», – дедік.

«Ленін қандай адам болған? Оны білесіндер ме?» –деб тағы сұрады.

«Білеміз, Ленін жақсы адам болған», – дедік. Кәйтіб жақсы болған деб еді, оған жауаб қайтара алмадық.

Мұғалім айтты: «Ленін нашаршыл болған адам. Нашар табын жақтаб, өмірін соларды теңдікке жеткізіу жолында өткізген адам.

Ленін жалшылардың, жарлылардың досы. Қорлықта жүргендердің, зорлық көргендердің көзін ашыуға бастаған көсемі», – деді.

Леніннің қандай адам болғанын сонда ғана анық білдік.

Мақал. Білегі толық бірді жығар,
Білімі толық мыңды жығар.
Күн ортақ, ай ортақ, жақсы ортақ.

Көмектестік

Мұғалім сабақ сұрағанда Мұрат білмеді.

– Сабақты неге білмейсін? Оқымадың ба?

– Қолым тіймеді, ағатай!

– Не істедің?

– Үй шарыуасына айналыстым.

– Сенен басқа үй шарыуасын істейтін адам болмады ма?

– Әкем үйде жоқ. Жолаушы кеткен. Апам ауырыб жатыр. Мұғалім айағандай болды.

– Отыра ғой, шырағым! – деді.

Ертеңіне Мұрат оқыуға келмей қалды.

Сабақтан шыққан соң, біз Мұраттікіне бардық. Мұрат отын тасыб жүр екен. Әбден терлеген, шаршаған екен. Біз жабылыб отынын тасыб бердік. Малдарының астын күреб бердік. Аттарына, сыйырларына шөп салыстық.

3) Ойнаңдар! Ойлаңдар!

3 шырпыны былай қойыңдар: | | | осыған 2 шырпы қосыб, 10 болдыратын кім бар?

Жалпы жыйылыс

Сабақ басталарда кейде бор жоқ болыб қалады, кейде сүртқіш шүбірек жоқ болыб қалады. Тақтай беті шыймай-шыймай болыб тұрады. Немесе орындықтар орнында дұрыс тұрмайды.

«Бұл жарамайды. Тәртіб жасау керек», –деді Нұрмаш.

«Тәртіп болыу үшін тәртібші сайлау керек», – деді Дәмеш.

Бәріміз тәртібші сайлауға жыйылдық. Әбішті жыйын ағасы қылдық.

Жыйынды ашқаннан кейін тәртібшінің міндеті не болмақ деб, Әбіш көбке салды.

Тұраш айтты: «Тәртібшінің міндеті бор мен шүбіректі дайарлаб қойыу, тақтайды сабақ алдында сүртіб қойыу болсын»,– деп.

Мен айттым: «Әр сабақтан кейін бой жазысқа шыққанда әуе тартарды ашыб қойатын, орындықтардың орнында тұруын қарайтын да тәртібші болсын», –деп.

Бәкен: «Келмеген балаларды мәлімдейтін де тәртібші болсын», – деб қосты.

Тәртібшіге Нұрмашты сайладық.

Тазалық тәртібі

Бүгүн мектеб тазалығы тұуралы жыйылыс болды, кеңескеннен кейін тазалық болыуға керек істерге қаулы жасадық.

Әуелі, тазалыққа керек істер қандай? Солар құлаққат түрінде оқыу бөлмелерінің қабырғасына қағылсын.

Екінші, оқыу бөлмесі басына бір тазалықшы сайлансын. Тазалықшының міндеті тазалыққа керек істердің істеліуін бақылау болсын.

Үшінші, тазалықшы мен тәртібшілердің қызмет атқарыуларын бақылайтын кәмійтетші болсын дедік.

Ертеңіне тазалық құлаққатын жасаб оқыу бөлмелеріне қақтық.

Құлақ қат

Тазалық – саулық сақтаушы
1. Үй ауасын жійі жаңартыу.
2. Шаңды сұу шүбірекпен сүртіу.
3. Айақты сырттан сүртіб кіріу.
4. Үйде түкіргішке түкіріу.
5. Шаңды шүбірек пен борлы шүбіректі үйде сілікбеу.
6. Кійімді үйде қақпау.
7. Үйлерінен жұуыныб, таза келыу.

4) Ойнаңдар! Ойлаңдар!

Төлебтің төрт ұлы бар. Төрт ұлының адам басына бір апа, бір қарындасы бар.

Төлебтің барлық баласы нешеу болғаны?

Салақтықтың кесірі

Бүгүнгі сайлауда Жұмаштың сайланғысы келіб-ақ еді, болмады. Балалардың бәрі де оның сайланыуына қарсы болды. Қарсы болатыны – мінезі жаман. Балалардың бірімен тәуір емес. Толған бойы келемеж, сықақ. Келемеждеймін деб, әркіммен дәйім жанжалдасыб жүргені. Жана балаларға жала жауыб, мұғалымға жамандаб, жарамсақтанатын мінезі де бар.

Оған мінезің түзелгенше қызметке сені сайламаймыз дедік.

Мені де атаушылар болыб еді, бірсыпыралары салақтығы бар. Қызметке ұқыпты, құнтақты адам сайлау керек десті.

Сүйтіб, тәртібші Нұрмаш, тазалықшы Дәмеш болды.

5) Ойнаңдар! Ойлаңдар!

Тайға мінген балалар жарысыб келеді екен. Бір бала екі баланың алдында келе жатыр. Бір бала екі баланың ортасында келе жатыр. Бір бала екі баланың артында келе жатыр. Неше бала жарысыб келеді екен? Санаңдаршы!

«Қожалақ»

Менің Мырзаш деген сабақтасым салақ-ақ. Кірсіз келгенін көргенім жоқ. Ылғый беті салтақ, қолдары кір-кір, тырнақтары қаб-қара болыб келеді.

Күнде сабаққа келген сайын, мұғалім бой басына қадала қараб қойады.

Бір күні шыдамады білем, Мырзашқа саған сұу бұйырмай ма, Мырзаш? Немесе келерде түйеше күлге аунаб келесің бе?

Дәйім қожалақ-қожалақ болыб келесің деді. Бәріміз дұу күлдік, Мырзаш жаман ұйалды.

Балалар атын «Қожалақ» қойыб, күле беретін болған соң, бе-ті-қолдарын жұуыб, тырнақтарын алыб, таза келетін болды.

3) Жұмбақ жолдас

Менің бір жолдасым бар. Жолдас болғанда бір түрлі! Қайда барсам, қасымнан қалмайды. Менсіз ешқайда бармайды. Тұрсам тұрады, жүрсем жүреді, жүгірсем жүгіреді, жатсам жатады, жазсам жазады. Бірақ үндемейді.

Ертеңгілік, кешкілік үлкейіб, өсіб кетеді. Түсте тырбыйыб, ергежейлі болады.

Жарықта жанымнан қалмайтын жолдасым қараңғы болса, қайыб болады да кетеді.

Сендерде ондай жолдас бар ма?

Дәргер бізге не айтты?

Кеше мектебке дәргер келді. Бәрімізді шешіндіріб қарады. Кейбіреулердің шешінгенде тәндері де, іш кійімдері де кір болыб шықты. Дәргер басын шайқаб ұнатпаған секілді болды.

Бүгүн дәргер бір шыны әкеліб қолымыздың үстіне қойыб, әрқайсымызға қаратты. Қарасақ, теріміз шұрқ-шұрқ тесік.

Дәргер айтты: Тер осы шұрық-шұрық тесіктен шығады. Тер шыққанда, термен бірге тәніміздан зыйанды нәрселер де шығады.

Тән кір болса, осы тесіктердің бәрі бітеледі, тер шықбайтын болады. Тер шықбаған соң, тәніміздегі зыйанды нәрселер шықбайды, іште қалады. Тәнді аздырыб, аурыулы қылады деді. Тән тазалығы неге керек екенін сонда білдік.

Мақал: Ден саулық – зор байлық.
Ішің ауырса, аузың тый.
Көзің ауырса, қолың тый.

Оқыу бөлмеміз

(Көбтесіб жазғанымыз)

Мен І-інші бөлімде оқыймын. Біздің оқыу бөлмеміз үлкен. Үш терезесі бар. Ұзыны 10 метір; ені сегіз метір; бійігі 4 метір.

Оқыу бөлмемізде 10 үстел бар. Үстел басы 3 баладан отырамыз. Бір бұрышта беш бар, бір бұрышта кітаб салған ішкәб тұрады. Бір қабырғасында үп-үлкен Ленін сүгіреті іліулі тұр. Біздің салған сүгіреттеріміз, жасаған құлаққаттарымызда үйдің қабырғаларына қағыулы тұрады. Ат-есімдеріміздің тізімі де сонда тұрады.

Сабақ 9 сағаттан басталыб, 2-де бітеді. Сабақ біткеннен кейін, тәртібші оқыу бөлмесін жыйыстырыб кетеді.

6) Ойнаңдар! Ойлаңдар!

Үйдің төрт бұрышында төрт мысық отыр. Әр мысықтың алдында үш мысықтан отыр. Неше мысық отыр?

Түгендеуіш

№№	Ата аты, өз аты	Сембі	Жек-сембі	Дүй-сембі	Сейсембі	Сәр-сембі	Бейсембі
1.	Асан ұлы Тұраш	А.ұ.Т.	Тұраш	А.ұ.Т.	Тұраш	А.ұ.Т.	Тұраш
2.	Бейсен ұлы Нұраш	Нұраш	Б.ұ.Н.	Нұраш	Б. ұ. Н.	Нұраш	Б. ұ. Н.
3.	Тұрман ұлы Мықан	Тұрман.ұ.	Т. ұ. М.	Тұрман ұ.	Мықан	Т. ұ. М.	Мықан
4.	Жантай ұлы Әбіш	Ж.ұ.Ә.	Әбіш	Жантай ұ.	Жантай ұ.	Ж.ұ. Ә.	–
5.	Досан ұлы Тұрабек	Д.ұ.Т.	Тұрабек	Д.ұ.Т.	Тұрабек	Досан ұ.	Тұрабек
6.	Сауытбай қызы Дәмет	С.қ.Д.	Дәмет	С.қ.Д.	Дәмет	С. қ. Д.	С. қ. Д.
7.	Шоқан ұлы Бекмырза	Ш.ұ.Б.	Шоқан ұ.	Ш.ұ. Б.	Бек-мырза	Бек-мырза	Бек-мырза
8.	Қалабай қызы Қарақас	Қ.қ.Қ.	Қарақас	Қалабай қ.	Қ. қ. Қ.	Қара-қас	Қалабай қ.
9.	Омар ұлы Мырзаш	О.ұ.М.	Мырзаш	Омар ұ.	Мырзаш	О.ұ. М.	Мырзаш
10.	Бекбай қызы Бәкен	–	–	–	–	–	–

Бөлмеміздің қабырғасына қағыб қойған «Түгендеуіш» бар. Түгендеуішке ата аттарымыз бен өз аттарымыз жана да күн аттары жазылған. Ата есімдеріміз әліб-бій іретімен тізілген. Оқыуға келгенде әркім түгендеуіштегі өз атының тұсына атын жазады немесе ата аттарын жазады, не болмаса тізімдегі атауларының бас әріптерін қойады.

Бұрынғы жинақтарда «1909-шы, ләпке, магазин, уез, лақпай, қате» тұлғасында жазылған сөздер осы академиялық жинақта «1909-ншы, лапке, мағазин, үйез, ылақпай, қата» түрінде алынды. 1913 жылғы «Қазақ» газетінде «hөнер, hәркім, hәр, hәрбір, hәрнәрсе, hәртүрлі, hешкім, hеш, hеш нәрсе» түрінде жазылған сөздер академиялық жинақта қазіргі жазу емлесіне сәйкес «өнер, әркім, әр, әрбір, әрнәрсе, әртүрлі, ешкім, еш, еш нәрсе» болып берілді.

2003 (162-б.), 2013 (148-б.) жылғы жинақтарда «мазлұм» сөзіне жол астындағы сілтемеде «зұлымдыққа ұшыраған адам» деген түсінік берілген.

А. Байтұрсынұлы 1903-жылы Абай өлеңдерімен қолжазба нұсқасында танысқаннан кейін ақынның ой шеберлігіне, сыншылдығына, терең біліміне ден қойып, ақындық пен даналық танымы жағынан кемелдікке жеткеніне тәнті болған. А. Байтұрсынұлының «Заман бұрынғыдай болса, Абай алаштың атақты билерінің бірі болуы шүбәсіз» деген пікірі Абай феноменін қапысыз таныған аңғартады. Алаш қайраткерлері Абай дәстүрін ұлттың өркениетті елдер қатарында даму жолындағы темірқазық ретінде қабылдаған.

Автор Абай ұлағатының дұрыстығын ұғынып, тиісті орнында қолданылған бәтуалы сөздің ой тереңіне бойлап, дәл айтылған сөздің мән-мағынасын түсінуге зерделі оқырманның табылуы үшін ақын мұрасын таратып насихаттау қажеттігін алға тартады. Мақалада Абай ақынның бүкіл қазақ еліне даңқы жайыла қоймағаны, оның ұлттық руханияттағы ерекше құбылыс екені айтылады.

Мәтін бұл жинаққа 1913 жылғы газет нұсқасы негізінде дайындалды.

ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ*

Бұл академиялық басылымда мәтіндік салыстыру жұмыстары барысында 1926 жылы Қызылорда-Ташкентте жарық көрген «Әдебиет танытқыш» басылымы 1989 жылғы «Шығармалары» жинағына (137–298 бб.), 1991 жылғы «Ақ жол» жинағына (340–461 бб.), 2003 жылы көп томдық шығармалар жинағына (1-том, 163–360 бб.), 2013 жылғы алты томдық шығармалар жинағына (1-том, 149–351 бб.) енген мәтінмен салыстырылып, түпнұсқа негізінде біршама өзгертулер енгізілді.

«Әдебиет танытқыш» еңбегі 1926 жылы Қызылорда-Ташкентте жарық көрген. Бұл еңбек 2 бөлімнен тұрады. Мәтіннің мазмұны бойынша берілген «Айтыс-тартыс түрлері» деген соңғы тарауда «1. Әлектеніс. 2. Әуреленіс. 3. Азаптаныс. 4. Зауықты айтыс-тартыс. 5. Қулықты. 6. Күлдіргі. 7. Сиқырсымақ» болып берілген. Алайда, Ұлттық кітапханадан алынған түпнұсқа мәтінінің соңғы беттері толық емес. Сонымен қатар қолымыздағы сканерленген түпнұсқа мәтіні көшірмесінің 106–107 беттері жоқ. Осы тараудың «1. Әлектеніс» тараушасының сканер түрінде берілген түпнұсқада (280-бет) «...топпен күресуге күші жетпей, ақырында әлек болады» деп сөйлем аяқталады. Сканер түріндегі түпнұсқа Ұлттық кітапхана қорынан алынды. Ал «Әлектеністің» жалғасы мен «Әуреленістің» түпнұсқасы микрофильмде берілген. Микрофильмнен алынған түпнұсқа «2. Әуреленіс» тараушасымен аяқталып тұр. Бұл микрофильм Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынды.

«3. Азаптаныс. 4. Зауықты айтыс-тартыс. 5. Қулықты. 6. Күлдіргі. 7. Сиқырсымақ» тараушалары түпнұсқа мәтінінде жоқ.

Аңдату. 1926 жылғы түпнұсқада «*кірпіш*» сөзі – «*керпіш*» деп берілген, алайда қазіргі орфографиялық жазу емлесіне сәйкес кірпіш деп алынды. 2013 ж. алтытомдықта (150-б.) «Әдебиет

* Жинақтағы материалдар хронологиялық ұстаныммен берілді. Алайда, бұл томда «Әдебиет танытқыш» кітабы «Қазақтың бас ақыны» мақаласынан кейін орналастырылды (Ред).

танытқыш» еңбегі *«Бастары»* деген сөзбен басталса, түпнұсқада (3-б.) «Әдебиет танытқыш» *«Аңдату»* деп басталған, түпнұсқа мәтінінің мазмұнында *«Бастары»* деген сөз берілген. Осы академиялық басылымда түпнұсқа негізге алынды. «Әдебиет танытқыш» зерттеу еңбегінің 1989 (137-б.), 1991 (340-б.), 2003 (164-б.) ж. жинақтарында *«Аңдату»* болып берілген.

Түпнұсқа (3-б.) мен «Ақ жолда» (340-б.) *«Біздің көріп»* тіркесіне 1989 (137-б.), 2003 (164-б.) жылдардағы бестомдық пен 2013 ж. ж. алтытомдық шығармалар жинағында (150-б.) *«Біздің анық көріп»* болып *«анық»* деген сөз қосылып, өзгеріске түскен.

Түпнұсқадағы (3-б.) *«ыдыс істейді»* тіркесіндегі *«істейді»* деген сөз 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында (150-б.) *«жасайды»* болып өзгеріске түскен. Басқа басылымдарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Сондай-ақ түпнұсқадағы (4-б.) *«көркемшілік үшін көрнек өнері болады»* деген сөйлемдегі *«көркемшілік үшін»* тіркесі 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында (150-б.) мүлдем кездеспейді. 1989 (137-б.), 1991 (340-б.), 2003 (164-б.) ж. басылымдар түпнұсқадан ауытқымаған.

Түпнұсқаның осы тарауында кездесетін *«әдеме»* сөздері бұл академиялық жинақта қазіргі орфографиялық жазу емлесіне сәйкес *«әдемі»* болып берілді.

Аталған өзгертулер осы академиялық жинақта түпнұсқа мәтіні негізінде түзетілді.

Сөз өнері. Түпнұсқада (10-б.) «*Мүдесін тілмен айтып жеткізу қиын екендігін»* және *Сөз өнері жүзінде асқан өнерпаздар мүдесін тілмен айтып жеткізе алмай, сондай қиналғанда, өзгелерге ондай іс оңай болып табылар ма?»* деген сөйлемдердегі *«мүде»* сөзі қазіргі орфографиялық жазылу емлесі бойынша *«мүдде»* болып жазылатындықтан осы академиялық жинақта бұл сөз *«мүдде»* болып берілді. 1989 (141-б.), 1991 (343-б.), 2003 (168–169-бб.), 2013 (155-б.) ж. жинақтарда бұл сөз *«мүдде»* деп берілген.

Көрнек өнерінің тараулары. Түпнұсқадағы (4-б.) *«яки басқа заттан»* тіркесіне 2013 ж. алтытомдық шығармалар жинағына

(151-б.) *«болмаса»* сөзі қосылып, *«яки болмаса басқа заттан»* болып өзгеріске түскен. Басқа жинақтарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Түпнұсқаның осы тарауында кездесетін *«медресі»* сөздері осы академиялық жинақта қазіргі орфографиялық жазу емлесіне сәйкес *«медресе»* болып берілді.

Түпнұсқа (4-б.) мен 1989 жылғы жинақта (138-бет) *«...келтіріп сүгірет жасау өнері»* деген тіркес 1991, 2003, 2013 жылғы жинақтарда *«...келтіре_сурет жасау өнері»* болып өзгертілген. Бұл жердегі тіркес тұпнұсқа негізінде алынды. Түпнұсқаның барлық жерінде кездесетін *«Сүгірет»* сөздері осы академиялық жинақта қазіргі қолданыстағы *«сурет»* сөзі болып берілді.

Түпнұсқа (4-б.) мен 1989 жылғы басылымда (138-б.) *«сынсымбатын келтіріп»* тіркесіндегі *«келтіріп»* сөзі 1991 (340-б.), 2003 ж. бестомдық шығармалар жинағы (165-б.) мен 2013 ж. алтытомдық шығармалар жинағында (151-б.) *«келтіре»* болып өзгеріске түскен.

Түпнұсқа (4-б.) мен 1989 (138-б.), 2013 (151-б.) ж. жинақтарда *«...кескін-келбетін келтіріп»* деген сөз тіркесі «Ақ жол» (341-б.) мен 2003 (165-б.) жылғы бестомдық шығармалар жинақтарында *«...кескінін-келбетін келтіріп»* болып өзгерген.

Түпнұсқадағы (4-б.) *«сайрамын келтіріп»* тіркесі 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында (151-б.) *«сайрауын»* болып өзгеріске түскен. Түпнұсқадағы осы сөйлемнен кейін келетін (4-б.) *«Бұл әуез өнері болады»* сөйлеміндегі *«болады»* деген сөз 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында (151-б.) түсіп қалған. Түпнұсқада (5-б.) *«Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін»* сөйлеміндегі *«де»* шылауы түсіп қалған. Басқа жинақтар түпнұсқадан ауытқымаған.

Түпнұсқадағы (5-бет) *«...қарайық»* деген сөз 1989 жылғы (138-бет) жинақта дұрыс берілсе, 1991 жылғы жинақта (341-б.) *«...қаралық»* деп өзгеріске ұшыраған. Бұл сөз 2003 жылғы көптомдық (165-б.) пен 2013 жылғы алтытомдықта (151-б.) қалпына келтірілген, осы академиялық басылымда бұл сөз түпнұсқа мәтініне сай берілді.

Абайдың әйелді сымбаттауы. Түпнұсқа (5-б.) мен 1989 жылғы (138-б.) жинақтағы *«Аласыз....»* деген сөз 1991 жылғы жинақта (341-б.) *«Аласы аз...»* деп берілген екен. *«Көрінер аузын ашса, кірсіз тісі»* деген жолдар 1989 жылғы жинақта (138-б.) түпнұсқадағыдай (5-б.) дұрыс берілсе, 1991 жылғы (341-б.) жинақта *«Аузын ашса, көрінер кірсіз тісі»* болып, сөздердің орны ауысқан.

Түпнұсқадағы (6-б.) *«Тамағын үлбіреген кір шалмайды»* деген өлең жолы 1989 жылғы жинақта (138-б.) түпнұсқадағыдай жазылса, «Ақ жолда» (341-б.) *«Үлбіреген тамағын күн шалмайды»* болып *«тамағын»* деген сөз бен *«үлбіреген»* сөздерінің орны ауысып, *«кір»* сөзінің орнына *«күн»* болып берілген. Сонымен қатар 2003 жылғы (166-б.) көптомдық пен 2013 жылғы алтытомдықта (152-б.) *«Тамағын үлбіреген күн шалмайды»* деп *«кір»* сөзінің орнына *«күн»* болып өзгеріске түскен.

Абайдың «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» деген өлеңіндегі «Үлбіреген тамағын *күн шалмайды*» деген жол «Әдебиет танытқыш» еңбегінің түпнұсқасында (6-б.) «*кір шалмайды*» болып берілген. 1884 жылы жазылған ақынның бұл өлеңі Абай шығармаларының қолжазбаларында (1905, 1906, 1910), алғашқы 1909 жылғы басылым мен кейінгі академиялық жинақтардың бәрінде «Үлбіреген тамағын *күн шалмайды*» деп берілген. Бұл академиялық жинақта «Әдебиет танытқыш» түпнұсқасы бойынша берілді.

Сондай-ақ, осы өлеңнің соңғы шумағындағы (6-б.) *«Шашы бар қолаң қара жібек талдай»* деген жол 1989 (139-б.), 2003 (166-б.), 2013 жылғы басылымдарда түпнұсқаға сай берсе, 1991 жылғы басылымда (341-б.) *«Қолаң қара шашы бар жібек талды»* болып сөздердің реттік орны өзгеріске түсіп, *«талдай»* деген сөз *«талды»* болып берілген. Бұл академиялық жинақта «Әдебиет танытқыштың» түпнұсқасы негізге алынды.

Абайдың күзгі күнді суреттеуі. «Әдебиет танытқыш» еңбегіндегі «сурет» сөзі түпнұсқада әр түрлі болып жазылған. Кейбір тұстарда «сүгірет» деп берілсе, кейбір тұстарда «сурет» болып жазылған.

Түпнұсқада (6-б.) *«Айырылған жапырағынан...»* деген сөз тіркесі 1991 жылғы басылымда (341-б.): *«Жапырағынан айырылған...»* деп орындары ауысқан. 1989 (139-б.), 2003 (166-б.), 2013 жылғы алтытомдықта өзгермеген.

Түпнұсқадағы (6-б.) *«Астында ақ шөміші жүр, ол бір керуен»* деген өлең жолы 1989 (139-б.), 1991 (342-б.) жылғы жинақтарда *«Астында ақ шомшы жүр, ол бір керуен»* деп өзгеріске ұшыраған.

Түпнұсқадағы (6-б.) осы өлеңнің *«Қай ауылды көрсең де жабырқаңқы»* тармағындағы *«жабырқаңқы»* сөзі 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында (152-б.) *«жабыраңқы»* болып өзгеріске түскен. Басқа жинақтар түпнұсқадан ауытқымаған.

Түпнұсқадағы (7-б.) *«Тышқан аулап, үйде ит жоқ қайда көрсең»* деген өлең тармағы 1989 жылғы жинақта (139-б.) дәл осы ретпен берілсе, 1991 жылғы басылымда (342-б.) *«Үйде ит жоқ, тышқан аулап, қайда көрсең»* деп сөздердің орны ауысқан. 2003 (166-б.) жылғы бестомдық пен 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағы түпнұсқаға сәйкес түзетіліпті. Аталған өзгерістер осы академиялық жинақта түпнұсқа мәтіні негізінде қалпына келтірілді.

Абайдың «Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан» деп басталатын «Күз» атты өлеңінде кездесетін «*Тойғаны ма, білмеймін, тоңғаны ма*» деген жол бұл түпнұсқада «*Білмеймін, тойғаны ма, тоңғаны ма»* деп берілген. Ақынның 1888 жылы жазылған бұл өлеңі Абай шығармаларының қолжазбаларында (1905, 1906, 1910), алғашқы 1909 жылғы басылым мен кейінгі академиялық жинақтардың бәрінде «Тойғаны ма, білмеймін, тоңғаны ма» болып берілген. Бұл академиялық жинақта «Әдебиет танытқыштың» түпнұсқасы негізге алынды.

Мағжанның толқынды кескіндеуі. Түпнұсқадағы (7-б.) *«Мағжанның толқынды кескіндеуі»* деген атау 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында (153-б.) *«Мағжанның толқынды сипаттауы»* болып *«кескіндеуі»* сөзі өзгеріске ұшыраған. Басқа жинақтарда түпнұсқадағыдай берілген.

Түпнұсқадағы (7-б.) *«Күміс кеусер суымен»* тармағындағы *«кеусер»* сөзі барлық жинақтарда «кәусар» болып берілген. Орфографиялық жазу емлесіне сәйкес бұл академиялық жинақта да *«кәусар»* болып берілді.

Түпнұсқа (8-б.) мен 2003 (167-б.), 2013 жылғы алтытомдықта (153-б.) *«Жасымен жуып жар тасын»* деген тармақ 1989 жылғы жинақта (140-б.) *«Жасымен жуып жартасы»* болып өзгеріп, «н» әрпі түсіп қалса, 1991 жылғы жинақта (342-б.) керісінше *«Жасымен жуып жер тасын»* деп *«жар»* сөзі «жер» болып өзгерген. Өзгерген сөз түпнұсқа бойынша 2003 жылғы көптомдықта түзетіліпті, осы академиялық басылымда 2003 ж. көптомдық бойынша берілді.

Түпнұсқадағы (8-б.) және 2003 ж. көптомдық (167-б.) пен 2013 жылғы алты томдықта *«Өледі толқын тұрады»* деген өлең жолы 1989 жылғы жинақта (140-б.) *«Өледі толқын, тынады»* деп, 1991 жылғы жинақта (342-б.) *«Өледі, толқын туады»* болып берілген. Түпнұсқа негізге алынып, осы академиялық жинақта өзгертулер түпнұсқа мәтіні негізінде қалпына келтірілді.

Абайдың ән мен күйді сөзбен сипаттап танытуы. Түпнұсқадағы (8-б.)

Шырқап, қалқып, сорғалап, тамылжиды,
Жүрек тербеп, оятар баста миды.
Бұл дүниенің ләззаты бәрі сонда,
Ойсыз құлақ ала алмас ондай сыйды.

шумағындағы *«шырқап», «сыйды»* сөздері 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *«шырқып», «сынды»* болып өзгеріске түсіп, *«ләззаты»* сөзінен кейінгі *«бәрі»* сөзі мүлдем кездеспейді. 1989 (140-б.), 1991 (342-б), 2003 (168-б.) жинақтарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Түпнұсқадағы (9-б.) «*Көбінесе ән басы келер ащы*» деген тармақ 1989 (140-б.), 2003 (168-б.), 2013 (154-б.) жылғы жинақтарда түпнұсқадағыдай берілсе, 1991 жылғы жинақта (342-б.) *«келер»* сөзі *«келеді»* болып өзгерген.

Түпнұсқадағы (9-б.) *«Кел тыңда деп өзгеге болар басшы»* деген өлең жолы 1991 жылғы басылымда *«Кел, тыңда!» деп*

өзгеге болар басшы» деп берілсе, 1989 (140-б.), 2003 (168-б.), 2013 (154-б.) жылғы жинақтарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Келесі тармақтағы *«...дүңгір-күңгір...»* деген сөз тіркесі 1989, 2003, 2013 жылғы жинақтарда түпнұсқадағы қалпын сақтаса, 1991 жылғы жинақта (342-б.) бұл тіркес *«...қаңғыр-күңгір...»* деп өзгеріске ұшыраған. 2003 жылғы көптомдық 1926 жылғы түпнұсқаны (9-б.) негізге алған, осы академиялық жинақта түпнұсқа қалпы сақталынды.

Абайдың «*Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа*» деген өлең «Әдебиет танытқыштың» түпнұсқасында толық берілмеген. «Адам аз мұны біліп ән саларлық» деп басталатын жолдан «Сол жеріне ойыңмен араласшы» деген жеріне дейін, сондай-ақ «Білімдіден аяман сөздің майын» деген жолдан соңына дейінгі жолдар түсіп қалған.

1896 жылы жазылған бұл өлең Абай шығармаларының 1905, 1910 жылғы қолжазбаларында кездеседі. Сонымен бірге, 1909 жылғы алғашқы басылымда «Өлең туралы» деген 2-бөлігінде берілген.

Осы өлеңнің «*Жаманға «жар» деген-ақ ән көрінер*» деп басталатын соңғы шумағы 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбаларында кездеспегенімен де, Абай шығармаларының 1933, 1939, 1945, 1977, 1995, 2002 жылғы басылымдарынан орын алған.

Сондай-ақ, ақынның осы өлеңінің «Жас балаша көңілді жақсы *уатар*» деген жолы бұл түпнұсқада «Жас балаша көңілді жақсы *оятар*» болып берілген. Әсілі, «көңілді жақсы *уатар*» деген сөз қисынды. Сондықтан да бұл академиялық жинаққа «*уатар*» деп берілді.

Сөз өнері. Түпнұсқа (9-б.) және 1989 жылғы жинақтағы (141-б.): *«...ұгу...»* сөзі 1991 жылғы жинақта (343-б.) *«...ұгыну...»* болып өзгерген. Сондай-ақ түпнұсқадағы (9-б.) *«....бернесіне...»* сөзі 1991 жылғы басылымда (343-б.) *«...бейнесіне...»* деп берілген. Ал 1989 (141-б.), 2003 (168-б.) көптомдық пен 2013 жылғы алтытомдық жинақтарында түпнұсқадағы қалпы сақталып, өзгерген сөздер түпнұсқа бойынша беріліпті.

Түпнұсқада (10-б.) *«Сөз өнері жүзінде асқан өнерпаздар...»* деген сөйлем 1989, 2003, 2013 жылғы жинақтарда дұрыс берілсе, 1991 жылғы жинақта (343-б.) *«...асқан...»* сөзі түсіп, *«Сөз өнері жүзінде өнерпаздар...»* деп жазылған.

Түпнұсқа мәтінінде (10-б.) *«Мүдесін тілмен айтып жеткізу қиын екендігін, оған өте шеберлік керек екендігін мынадан байқауға болады»* деген сөйлемдегі *«оған өте шеберлік керек екендігін»* деген тіркес 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында (155-б.) түсіп қалған. Басқа жинақтарда түпнұсқадағыдай берілген.

Түпнұсқадағы келесі сөйлемдегі *«баспаға беріп қойғаннан кейін де талай түзетіп, талай өзгертеді екен»* сөйлеміндегі *«талай түзетіп»* тіркесі 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында (155-б.) түсіп қалған. Басқа басылымдарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Түпнұсқадағы (10-б.) *«келістіретіндері аз болады»* тіркесіндегі *«келістіретіндері»* сөзі 1991 ж. жинақта *«келістіретіндер»* болса, ал 2013 жылғы алтытомдық жинақта (155-б.) *«келістіргендері»* болып өзгеріске түскен.

Түпнұсқа (10-б.) мен 1989, 2003, 2013 жылғы басылымдардағы «*Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы»* деген өлең жолындағы *«әркімнің-ақ»* сөзі 1991 жылғы жинақта (343-б.) «*әркімнің де»* болып өзгерген. *«Сонда да ішінде бар таңдамасы»* деген келесі тармақтағы *«ішінде»* сөзі 1991 жылғы жинақта (343-б.) қолданылмай, *«Сонда да солардың бар таңдамасы»* деп, «ішінде» сөзі «солардың» болып өзгеріске түскен. 1989, 2003, 2013 жылғы жинақтар түпнұсқадан ауытқымай, сол қалпында берілген.

Түпнұсқа (11-б.) мен 1989, 2003, 2013 жылғы жинақтардағы *«Ол белгі әркімнің өз ыңғайымен...»* деген тіркестегі *«әркімнің»* сөзі 1991 жылғы жинақта (343-б.) *«әр кісінің»* деп өзгертілген. Өзгеріске ұшыраған сөз түпнұсқа бойынша 2003 жылғы бестомдық шығармалар жинағында түзетіліпті, осы басылымда түпнұсқа негізге алынды.

Түпнұсқадағы (11-б.) *«Сондықтан сөз шығарушылар бәрінен бұрын лебіз заңынан шыққан сөздің асыл болуының жалпы*

шарттарын білу қажет» деген сөйлемде *«лебіз заңынан шыққан сөздің асыл болуының жалпы»* деген сөздер 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында (155-б.) мүлдем кездеспейді. Басқа жинақтарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Түпнұсқадағы (11-б.) *«бәрі шығарма болады»* сөйлеміне 2013 ж. алтытомдықта (156-б.) *«шығарма»* сөзінен кейін *«сөз»* сөзі қосылып, *«шығарма сөз»* болып өзгеріске түскен. Басқа басылымдарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Түпнұсқадағы (12-б.) *«сол нәрсе шығарманың тақырыбы болады»* сөйлеміндегі *«шығарманың»* сөзі 2003 (170-б.) бестомдық шығармалар жинағы мен 2013 (156-б.) жылғы алтытомдық шығармалар жинағында түсіп қалған. 1989 ж. жинақ (142-б.) пен «Ақ жолда» (344-б.) түпнұсқа қалпы сақталған.

Сондай-ақ, түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақтағы *«...сөз тізу салттарынан, шарттарынан...»* деген сөйлемдегі *«салттарынан»* сөзі 1991 жылғы жинақта кездеспейді. Түпнұсқа (11-б.) 2003 жылғы бестомдық пен 2013 жылғы алтытомдықта қалпына келтірілген, осы академиялық басылымда түпнұсқа мәтіні негізге алынды.

Шығарма сөз. Түпнұсқадағы (11-б.) *«Ауыз шығарған сөз болсын...»* сөйлеміндегі *«Ауыз шығарған»* деген сөз тіркесі 2013 жылғы алтытомдықта *«ауызша шығарылған»* (156-б.) болып өзгеріске түскен. Басқа жинақтарда түпнұсқа қалпы сақталған. Аталған өзгеріс түпнұсқа мәтіні негізінде қалыпқа келтірілді.

Тақырып. Түпнұсқа (12-б.) мен 1989 (142-б.), 1991 (344-б.) жылғы басылымдарда *«...болса, сол нәрсе шығарманың тақырыбы болады»* деп түпнұсқадағыдай берілсе, 2003 (170-б.) бестомдық пен 2013 жылғы алтытомдықта (156-б.) *«шығарманың»* деген сөз түсіп қалған. Түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақтағы (142-б.) *«...болса, тақырыбы «той» болады»* деген тіркес 1991 жылғы жинақта (344-б.) *«...болса, шығарманың тақырыбы той болады»* деп *«шығарманың»* деген сөз қосылған.

Түпнұсқа мәтініндегі (12-б.) *«кім туралы айтылатын әңгіме екенін бірден білеміз»* сөйлеміндегі *«айтылатын әңгіме»* тіркесі

2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында (156-б.) түсіп қалған. Басқа басылымдарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Түпнұсқадағы «*Және бұл сөздер Айман–Шолпан, Бақытсыз Жамал, Қобыланды батыр, Атымтай Жомарт турасында...*» деген сөйлем 1989 жылғы басылымда «*...болады және бұл сөздер «Айман–Шолпан», «Бақытсыз Жамал», «Қобыланды батыр», «Атымтай Жомарт» турасында...*» деп әрбір есім тырнақшамен берілген. Ал 1991 жылғы «Ақ жолда» (344-б.) жыр атаулары түпнұсқамен сәйкес берілген. Тек қана *«Айман–Шолпан»* деген сөз үтір арқылы *«Айман, Шолпан»* деп өзгеріс тапқан. Екі жинақтың да өзгеріске ұшыраған тұстары 2003 ж. көптомдық пен 2013 жылғы алтытомдық жинақтарында қалпына келтірілген.

Түпнұсқа мәтініндегі *«пікір айтылып кетеді»* тіркесіндегі *«пікір»* сөзі 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағынан түсіп қалған. Түпнұсқадағы (12-б.) *«Өзгеге көңілім тоярсың» деген сөзі»* сөйлеміндегі *«деген сөзі»* 2013 жылғы алтытомдықта (156-б.) мүлдем кездеспейді. Басқа басылымдарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Түпнұсқа (12-б.) мен 1991, 2003 (170-б.), 2013 (156-б.) жылғы жинақтарда *«...деген өлеңі дейміз»* 1989 (143-б.) жылғы басылымда *«...деген өлең дейміз»* деп берілген. Аталған өзгертулерде түпнұсқа мәтіні негізге алынып, осы академиялық жинақта 1926 жылғы басылым бойынша берілді.

Жоспар. Түпнұсқадағы (13-б.) *«онысы неден бастап»* тіркесіндегі *«бастап»* сөзі 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында (156-б.) *«басталады»* болып өзгеріс тапқан. Басқа басылымдар түпнұсқадан ауытқымаған.

Түпнұсқадағы *«немен адақтайтынын»* тіркесіндегі *«адақтайтынын»* сөзі 1989 (143-б), 1991 (344-б.), 2003 (171-б.), 2013 (156-б.) ж. алтытомдықта *«аяқтайтынын»* болып өзгеріске ұшыраған.

Түпнұсқадағы (13-б.) *«Құрбысына қонуға келгені»* тіркестегі *«Құрбысына»* сөзі 2013 ж. алтытомдық шығармалар жинағында (157-б.) «Құрбысының» болып өзгеріс тапқан. Басқа басылымдарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Түпнұсқа (13-б.) мен 1991, 2003 (171-б.), 2013 (157-б.) ж. басылымдарда *«...ата-анасы амандығын білдіруі»* деген тіркес 1989 жылғы жинақта *«ата-анасының амандығын білдіруі»* деп *«анасы»* сөзіне *«ның»* жалғауы қосылып, өзгеріске түскен. Академиялық жинақта аталған өзгерістер түпнұсқа мәтіні негізінде қалпына келтірілді.

Мазмұн. Түпнұсқадағы (14-б.) *«Аңдату мүше шығармаларда керегіне қарай болады»* сөйлеміндегі *«шығармаларда»* сөзі 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында (157-б.) *«шығарманың»* болып өзгеріс тапқан. Басқа жинақтар түпнұсқадан ауытқымаған.

Түпнұсқадағы (14-б.) *«кейде мазмұндау»* тіркесіндегі *«мазмұндау»* сөзі 2013 ж. алтытомдықта (157-б.) *«мазмұны»* болып өзгеріске түскен. Басқа басылымдарда түпнұсқадағыдай берілген. Бұл академиялық жинақта өзгеріске түскен сөздер түпнұсқа қалпында берілді.

Түрі. Абайдың 1885 жылы жазылған «*Жасымда ғылым бар деп ескермедім*» деген өлеңінде кездесетін «Қолымды дөп сермесем, *өстер ме* едім?» деген жол «Әдебиет танытқыш» еңбегінің түпнұсқасында (14-б.) «Қолымды дөп сермесем, *ұстар ма* едім?» деп берілген.

Түпнұсқадағы (14-б.) «Қ*олымды дөп сермесем, ұстар ма едім»* деген өлең жолдарындағы *«дөп»* сөзі 1989 ж. жинақта (144-б.) *«Қолымды деп сермесем, өстер ме едім»* деп өзгерген. Ал, *«ұстар»* сөзі 1989 (144-б), 1991 (345-б.), 2003 (172-б), 2013 (158-б) ж. жинақтарында *«өстер»* болып берілген.

Сондай-ақ осы өлеңнің соңғы шумағында кездесетін «*Қазақта* қара сөзге дес бермедім» деген жол «Әдебиет танытқыш» еңбегінің түпнұсқасында (15-б.) «*Қазаққа* қара сөзге дес бермедім» деп берілген. Бұл жинақта Абайдың алғашқы басылымы (1909) мен кейінгі академиялық жинақтарындағы мәтін негізге алынып, жоғарыдағы өзгешеліктер бұл академиялық жинақта «*өстер ме едім?»,* «*Қазақта*» деп берілді.

Сондай-ақ, осы өлеңдегі *«Адамның бір өмірі бала деген»* жол 1989 (144-б.), 2003 (172-б.) ж. жинақтар түпнұсқаға сәйкес

берілсе, 1991 ж. (345-б.) жинақ пен 2013 (158-б.) ж. алты томдықта *«өмірі»* деген сөз *«қызығы»* деген сөзбен ауыстырылған.

Түпнұсқадағы (15-б.) келесі «*Ақан – Жарқын бимезгіл уақықта...»* сөздері 1989 (144-б.), 2013 (158-б.) ж. жинақта «*Ақан: Жарқын бимезгіл уақытта...»,* 1991 (345-б.), 2003 (172-б.) ж. жинақта «*Ақан. Жарқыным бимезгіл уақытқа...»* деп берілген. Түпнұсқадағы *«уақытта»* сөзі *«уақықта»* болып баспа қателігіне ұшыраған. Сөйлемдегі контекске сай осы академиялық жинақта *«уақытта»* деп өзгертілді.

Осы тараудағы түпнұсқада кездесетін (16-б.) *«....жаңа мына бір...»* сөз тіркесі 1989 (145-б.), 2003 (173-б.), 2013 (159-б.) ж. жинақтарда өзгертілмей берілген болса, 1991 ж. жинақта (345-б.) *«мына»* сөзі *«ғана»* сөзімен ауыстырылған.

Түпнұсқа (16-б.) мен 1989 (145-б.) жылғы басылымда *«Жаныңа жәрдем берсін, Құдай тәлам»* тармағындағы «тәлам» сөзі 1991 (346-б.), 2003 (173-б.), 2013 (159-б.) жылғы жинақтарында *«Құдай тағалам»* деп берілген. Қазіргі орфографиялық жазылу емлесіне сәйкес осы академиялық басылымда *«Құдай Тағалам»* деп берілді.

Түпнұсқа (16-б.) мен 1989 (145-б.) жылғы жинақта «*Ата-анаң өнер білсең асырарсың»* деген өлең жолдары 1991 (346-б.), 2003 (173-б.), 2013 (159-б.) ж. жинақтарында *«Ата-анаңды өнер білсең асырарсың»* деп *«ды»* септік жалғауы қосылып, өзгеріске ұшыраған. Осы академиялық жинақта түпнұсқа мәтіні негізге алынды.

Мазмұн түрлері. Түпнұсқа мәтініндегі (19-б.) *«Жоғарыда мысалға алынған шығармалардың әуезе болатын түрі: «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деген Абай сөзі мен Кебектің Ақанға аң көргенін айтқан сөзі»* 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында (161-б.) «...*мен Кебектің Ақанға аң көргенін айтқан сөзі»* деген сөйлем түсіп қалған. Басқа басылымдарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Түпнұсқа (19-б.) мен 2003 (175-б.), 2013 (161-б.) ж. жинақтарда *«Балғожаның баласына жазған хаты»* деген тіркес 1989

ж. жинақта *«Болғожаның баласына жазған хаты»* деп берілсе (147-б.), ал «Ақ жолда» (347-б.) *«Балғожа бидің баласына жазған хаты»* деп *«би»* сөзі қосылып, өзгеріске ұшыраған.

Түпнұсқа (19-б.) мен 1991 (347-б.), 2003 (175-б.), 2013 (161-б.) жылғы жинақтарда *«Мазмұн түрінің аралас...»* деген тіркес 1989 (147-б.) жылғы басылымда *«Мазмұн түрі аралас...»* болып жалғаусыз беріліп, өзгеріске ұшыраған. Осы сөйлемдегі *«шығарма мысалы»* тіркесіндегі *«шығарма»* сөзіне 2013 жылғы алтытомдықта (161-б.) *«ның»* жалғауы қосылып, *«шығарманың»* болып берілген. Басқа жинақтарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Кейінгі басылымдарда өзгеріске түскен сөздер осы академиялық жинақта түпнұсқа мәтіні бойынша қалпына келтірілді.

Бірінші бөлім

Сөз өнерінің ғылымы. Түпнұсқа мен 1991 жылғы басылымдағы (348-б.) «*Тіл (я лұғат) деп аталады*» сөйлемі 1989 жылғы басылымда (147-б.) *«Тіл я лұғат деп аталады»* деп, жақшасыз берілген екен.

Түпнұсқаның осы тарауында кездесетін *«...көрнекі...»* сөзі 1989 жылғы басылымда (147-б.) *«...көрнекті...»* болып берілген. Ал «Ақ жолда» (348-б.) *«...өрнегі...»* деп өзгерген.

Түпнұсқа (21-б.) мен 1989 жылғы жинақтағы (148-б.) *«1) Ішкі пікір жағы, 2) тысқы тіл жағы»* деген сөйлем 1991 ж. жинақта (348-б.) «1) *Тысқы тіл жағы, 2) ішкі пікір жағы»* деп берілген. Түпнұсқа (21-б.) мен 1989 жылғы жинақтың осы тарауында кездесетін (148-б.) *«1) Шығарманың түрінің ғылымы, 2) шығарманың тілінің ғылымы»* деген сөйлем 1991 ж. жинақта (348-б.) *«1) Шығарманың тілінің ғылымы, 2) шығарманың түрінің ғылымы»* деп берілген. 2003 жылғы жинақ орны ауысқан сөздерді түпнұсқалық қалпына келтірген.

Түпнұсқа (21-б.) мен 1989 ж. жинақта (148-б.) *«...ғылымы сөз өнерінен»* тіркесіне 1991, 2003 ж. басылымдарда (177-б.) *«түрінің ғылымы сөз өнерінен»* болып берілсе, 2013 ж. алтытомдықта

(162-б.) *«ал түрінің ғылымы»* деп *«ал түрінің»* сөзі қосылып, өзгеріске түскен.

Түпнұсқадағы 21-б.) *«шығарманың тіл өңі»* тіркесіндегі *«шығарманың»* сөзі 2013 ж. алтытомдықта (162-б.) мүлдем кездеспейді. Басқа басылымдарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Осы академиялық жинақта 1926 жылғы мәтін бойынша берілді.

Тіл қисыны (яки лұғат қисыны). Осы тарауда кездесетін *«кірпіш», «әдемі»* сөздері түпнұсқа мәтінінде *«керпіш», «әдеме»* деп берілген. Осы академиялық жинақта қазіргі орфографиялық жазу емлесіне сәйкес бұл сөздер *«кірпіш», «әдемі»* деп берілді. Түпнұсқада (21-б.), сондай-ақ, 1989 (148-б.), 1991 (348-б.), 2003 (176-б.) ж. жинақтарда *«Тіл қисыны»* сөзі 2013 ж. (163-б.) жинақта *«Сөз қисыны»* болып өзгерген. Осы академиялық жинақта түпнұсқа бойынша *«Тіл қисыны...»* деп түзетілді.

Түпнұсқа (22-б.) мен 1989 ж. жинақта *«...иленген балшықтан...»* деген сөйлем (148-б.) 1991 (348-б.), 2003 (177-б.), 2013 (163-б.) ж. жинақтарда *«...илеген балшықтан...»* деп өзгертілген.

Түпнұсқа мәтініндегі (22-б.) *«Бұл рас. Бірақ керпіш жақсы болса да қалауы жаман болса онан жақсы үй шықпайды»* сөйлемі 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағынан (163-б.) тұтастай түсіп қалған. Осы сөйлемнен кейінгі түпнұсқа мәтініндегі (22-б.) *«Сол сияқты тілдің дыбысы жаман болса»* деген сөйлемдегі *«тілдің»* деген сөз 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында (163-б.) *«сөздің»* болып өзгеріске түскен. Басқа басылымдарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Түпнұсқадағы (23-б.) және 1991 (349-б.), 2003 (177-б.), 2013 (164-б.) ж. жинақтардағы келесі *«...жақсы білу тиіс; оларды тиісті орнына жұмсауын жақсы білуі тиіс»* деген тіркес 1989 ж. жинақта (149-б.) *«...жақсы білуге тиіс: олардың тиісті орнына жұмсалуын жақсы білу тиіс»* деп берілген.

Түпнұсқа мәтініндегі (23-б.) *«Сондай-ақ, тіліндегі сөзден құрастырып қисынын келтіріп»* сөйлемінде *«тіліндегі»* сөзі 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында (164-б.) *«сөзіндегі»* болып өзгеріске түскен.

Түпнұсқа мәтініндегі (24-б.) *«өзі іс жүзінде иә ауызша айтып, иә жазып қолданумен біледі»* деген сөйлемдегі *«иә ауызша айтып»* деген тіркес 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағынан (164-б.) түсіп қалған.

Түпнұсқа мәтініндегі келесі (24-б.) *«...ана тіліндегі сөздерді әрқайсысын әртүрлі қолданады. Қысқасынан айтқанда, әркім сөзді өз қалауынша алып, өзі оңтайлы көруінше тұтынады. Әркім өз қалауынша алып, өз оңтайынша алып тұтынған сөзді сол адамның сөзі болады»* сөйлеміндегі *«сөздерді», «қысқасынан», «сөзді»* сөздері 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында (164-б.) *«сөздердің», «қысқасын», «сөзі»* болып өзгеріске түскен. Басқа жинақтар түпнұсқа мәтіні қалпы сақталған.

Түпнұсқа (24-б.) мен 1991 (349-б.), 2003 (178-б.), 2013 (164-б.) ж. жинақтарда *«Бәрінің де ой мақсаты бір»* деген сөйлем 1989 (150-б.) ж. жинақта *«Бәрінің ой мақсаты бір»* деп берілген.

Түпнұсқадағы (24-б.) *«...тұтынған сөзді...»* деген тіркес 1989 ж. жинақта (150-б.) *«...тұтынған сөз...»* деп, 1991 ж. жинақта (350-б.) *«...тұтынған сөздер...»* болып өзгертілсе, 2013 ж. жинақта (164-б.) *«...тұтынған сөзі...»* болып өзгертілген. 2003 жылғы жинақ 1926 жылғы түпнұсқа негізінде қалпына келтірілген. Жоғарыда аталған өзгерістер 1926 жылғы мәтін бойынша түзетілді.

Сөз талғау. Сөз дұрыстығы. Түпнұсқа (25-б.) мен 1991 (350-б.), 2003 (179-б.), 2013 (165-б.) ж. жинақтардағы *«...нәрселерді жақсы біліп, әрқайсысын...»* деген сөйлем 1989 жылғы басылымда (150-б.) *«... нәрселерді біліп, әрқайсысын...»* болып, *«жақсы»* сөзі түсіп қалған.

Түпнұсқа (25-б.) мен 1989 (150-б.) ж. жинақта *«дұрыс орындастыру»* тіркесіндегі *«орындастыру»* сөзі 1991 (350-б.), 2003 (179-б.), 2013 (165-б.) ж. алтытомдықта *«орналастыру»* болып өзгеріске түскен.

Осы академиялық жинақта аталған өзгеріс түпнұсқа негізінде түзетілді.

Тіл тазалығы. Түпнұсқа (25-б.) мен 1989 (151-б.) ж. жинақтағы *«жұртқа сіңіп»* тіркесіндегі *«сіңіп»* сөзі 1991 (350-б.),

2003 (179-б), 2013 (165-б.) ж. басылымдарда *«сіңісіп»* болып өзгеріске ұшыраған.

Осы академиялық жинақта аталған өзгеріс түпнұсқа негізінде түзетілді.

Тіл (лұғат анықтығы). Түпнұсқадағы (27-б.) *«сорамалдап, жорып, ұйғарып қана қоямыз»* деген сөйлемдегі *«сорамалдап»* сөзі 1989 (151-б.), 1991 (351-б.), 2003 (180-б.), 2013 (166-б.) ж. басылымдарда *«жорамалдап»* болып берілген.

Түпнұсқа (27-б.) мен 1989 (151-б.), 2003 (180-б.), 2013 (166-б.) ж. жинақтарда кездесетін *«Жаман қатын алсаңыз»* деген сөз тіркесі 1991 ж. жинақта (351-б.) «*Жаман қатын алмаңыз»* болып өзгеріске ұшыраған.

Түпнұсқа (27-б.) мен 1989 (151-б), 1991 (351-б.), 2003 (180-б.) ж. басылымдарда кездесетін *«Жөнді жауап айта алмай»* өлең тармағындағы *«айта»* сөзі 2013 ж. алтытомдық шығармалар жинағында (166-б.) *«таба»* болып өзгеріске түскен.

Түпнұсқада (27-б.) *«Абай ұрыға қас еді: ұры ауылының маңына жоламаушы еді».*

Мұнда «ұры ауылының маңына» Абай «жолаушы еді» деп те ұғуға болады, ұры Абай «ауылының маңына жоламаушы еді» деп те ұғуға болады» деген сөйлемдегі *«жолаушы»* сөзі 1989 (152-б.), 1991 (351-б.), 2003 (181-б.), 2013 (167-б) ж. жинақтарда *«жоламаушы»* болып өзгеріске ұшыраған. Түпнұсқа қалпына келтірілді.

Түпнұсқадағы (28-б.) *«Абайдың мына сөзін де екі түр ұғуға болады»* деген сөйлемдегі *«сөзін де»* деген сөзі 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *«сөзін»* болып берілсе, ал *«түр»* деген сөз 1989 (152-б.), 1991 (351-б.), 2003 (181-б.), 2013 (167-б.) *«түрлі»* болып өзгеріске түскен.

Түпнұсқадағы (28-б.) *«сабақтасулары шанақ түрде болса, әйтпесе тыныстар орнына қойылмаса»* деген сөйлемдегі *«шанақ»* деген сөзі 1989 (152-б), 1991 (351-б.), 2003 (181-б), 2013 (167-б.) *«шатақ»* болып өзгеріске түскен. Түпнұсқа қалпына келтірілді.

Түпнұсқада (28-б.) *«халыққа ауыл басы молда ұстатып»* сөйлеміндегі *«халыққа»* деген сөзі 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында (167-б.) *«халық»* болып берілген. Түпнұсқадағы (29-б.) *«басқа мағынада жұмсалғанда меңзеу өрескел болса»* деген сөйлемдегі *«жұмсалғанда»* сөзі 2013 ж. алтытомдықта (168-б.) мүлдем кездеспейді. Басқа басылымдар түпнұсқадағыдай берілген.

Сондай-ақ, түпнұсқадағы (29-б.), 1989 (152-б.), 2003 (182-б.), 2013 (167-б.) жылғы басылымдарда *«...жастардан өзінің тәрбиесіз...»* деген сөйлемдегі *«тәрбиесіз»* сөзі 1991 жылғы жинақта (352-б.) *«...жастарға өзінің тәртіпсіз...»* деп берілген. Ал қалған басылымдарда түпнұсқадағы қалпы сақталған.

Түпнұсқа мен 1989 (153-б.), 1991 (352-б.), 2003 (182-б.) ж. жинақтардағы *«құмырсқаның бір аяғы»* тіркесіндегі *«аяғы»* деген сөзіне 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *«ның»* жалғауы қосылып берілген.

Осы академиялық жинақта 1926 жылғы мәтін негізге алынды.

Тіл дәлдігі. Түпнұсқа мәтінінде кездесетін *«маған»* сөздері барлық жинақтарда *«мағына»* болып берілген. Қазіргі орфографиялық жазу емлесіне сәйкес осы академиялық жинақта да *«мағына»* деп берілді.

Түпнұсқадағы (30-б.) *«Амандес...»* сөзі 1989 (153-б.), 2003 (182-бет), 2013 (168-б.) ж. басылымдарда «амәндес» болып берілген болса, 1991 ж. басылымда (352-б.) *«Әуендес...»* болып өзгерген. Түпнұсқадағы «*...амандес сөз...»* деген тіркес 1991 жылғы басылымда *«...әуендес сөз...»* болып, 1989 жылғы жинақта *«... амәндес сөздер...»* деп өзгеріске түскен.

Түпнұсқа (30-б.) мен 1989 (153-б.), 1991 (352-б.), 2003 (182-б.) ж. жинақтардағы *«Және де тіл дәлдігіне»* тіркесіндегі *«және де»* сөзі 2013 (168-б.) ж. алтытомдықта кездеспейді.

Түпнұсқадағы (30-б.) *«көзімнен көрі»* тіркесіндегі *«көзімнен»* сөзі 1989 (153-б.), 1991 (352-б.), 2003 (183-б.), 2013 (168-б.) ж. жинақтарда *«көзіммен»* болып өзгеріске түскен. Алайда,

контекске қарасақ, *«көзімнен»* емес *«көзіммен»* болуы керек. Бұл баспадан кеткен қателік болуы мүмкін. Мағынасына қарай *«көзімнен»* деген сөз *«көзіммен»* болып түзетілді.

Бұл басылымда 1926 жылғы мәтін негізге алынды.

Тіл көрнектілігі: Түпнұсқа (31-б.) мен 1989 (154-б.), 1991 (353-б.), 2003 (183-б.) ж. басылымдардағы *«дәл айтылуының үстінде»* сөз тіркесіндегі «үстінде» сөзі 2013 ж. алтытомдықта *«үстіне»* болып берілген.

Түпнұсқадағы (31-б.) *«деректі затша»* тіркесіндегі *«затша»* сөзі 2013 (169-б.) ж. алтытомдықта *«заттарша»* болып өзгеріске түскен. Ал 1989 (154-б.), 1991 (353-б.), 2003 (183-б.) ж. басылымдарда түпнұсқадағы қалпы сақталған.

Түпнұсқадағы (31-б.) «*бернесіз»* және *«бернелі»* деген сөздер «Ақ жолда» (353-б.) *«пернесіз»* және *«пернелі»* болып өзгерген. Ал 1989, 2003, 2013 жылғы басылымдарда түпнұсқадағы қалпы сақталған. Түпнұсқа мен 1989 (154-б.), 2003 (183-б.), 2013 (169-б.) ж. жинақтарындағы «*...затша сипаттайды»* деген сөз тіркесіндегі «*сипаттайды»* сөзі 1991 ж. жинақта (353-б.) *«...затша қалыптайды»* болып өзгерген. Осы академиялық жинақта түпмәтін (1926 ж.) негізге алынды.

Көріктеу. Түпнұсқа (32-б.) мен 1989 (155-б.), 1991 (353-б.), 2003 (184-б.) ж. жинақтардағы *«Көріктеу»* тараушасы 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында (170-б.) *«Көрнектеу»* деп өзгертілген.

Түпнұсқаның осы тараушасындағы және басқа да тарауларында келтірілген мысалдарда *«Алла»* сөзі *«Алда»* (الدا) деп берілген. Түпнұсқадағы кездесетін «Алда» деген сөзі бұл академиялық жинақта қазіргі орфографиялық жазылу емлесіне сәйкес *«Алла»* деп берілді.

Түпнұсқа (33-б.) мен 1989 (155-б.), 2003 (185-б.) жылғы жинақтағы *«Көркейту иә жалпы сипатты жалғыз нәрсеге теліп айтқанда, иә нәрседе болмайтын сипатты болатындай етіп айтумен болады»* деген сөйлем 1991 ж. жинақта (353-б.) *«Көркейту иә жай сипатты болатындай етіп теліп айтумен*

болады» деп өзгертілген. Ал 2013 жылғы жинақта (170-б.) *«жалғыз нәрсеге теліп айтқанда, я нәрседе болмайтын сипатты»* сөйлемі мүлдем түсіп қалған.

Түпнұсқа (33-б.) мен 1989 (155-б.), 1991 (354-б.), 2003 (185-б.) ж. жинақтарда кездесетін *«...Жиренше шешен, ...басшы...»* сөздері 2013 ж. алтытомдық жинақта мүлдем түсіп қалған.

Түпнұсқадағы (33-б.) «...*сияқты лебіздерде»* деген сөз тіркесі 1991 (354-б.), 2003 (155-б.), 2013 (171-б.) ж. жинақтарда өзгеріссіз берілген болса, 1989 ж. жинақта (155-б.) «...*сияқты лебіздерше*» болып өзгерген.

Түпнұсқадағы (34-б.) *«Аңдыған бөрі кірмес пе?* деген өлең жолындағы *«кірмес пе»* сөзі 1989 (155-б.), 2003 (185-б.), 2013 (171-б.) ж. жинақтарда өзгеріссіз, ал 1991 ж. жинақта (354-б.) *«көрмес пе»* деп өзгерген.

Түпнұсқа (34-б.) мен 1989 жылғы жинақтағы (155-б.) *«Жол тарттық құба шыңға Жемнен шығып»* деген тіркес 1991 ж. жинақта (354-б.) *«...жонға Жемнен шығып»* деп өзгеріске ұшыраған.

Түпнұсқа (34-б.) мен 1991 (354-б.), 2003 (185-б.), 2013 (171-б.) ж. жинақтардағы «*Тамызда қызыл мұнар астық шөлге*» деген өлең жолы 1989 ж. жинақта (155-б.) *«... ыстық шөлге»* деп берілген.

Түпнұсқа (35-б.) мен 1989 (156-б.), 1991 (354-б.), 2003 (186-б.) жылғы бестомдықта кездесетін *«Ортадан ойып жол салған»* тармағы 2013 (172-б.) ж. алтытомдық жинағында түсіп қалған.

Кейінгі басылымдарда өзгеріске түскен сөздер осы академиялық жинақта түпнұсқа мәтіні бойынша қалпына келтірілді.

Меңзеу. Түпнұсқа (35-б.) мен 1989 (156-б.) жылғы жинақтағы *«Көрнекілеудің...»* деген сөз 1991 ж. жинақта (354-б.) *«Көріктеудің...»* болып өзгерген.

Өзгеріске түскен сөздер түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Теңеу. Түпнұсқа (35-б.) мен 1989 (156-б.), 2003 (186-б.), 2013 (172-б.) жылғы жинақтардағы *«Таулардан бұлақ ағар*

сарқыраған» деген өлең жолындағы *«бұлақ»* сөзі 1991ж. жинақта (354-б.) *«өзен»* деп берілген.

Түпнұсқа (35-б.) мен 1989 (156-б.), 2003 (186-б.), 2013 (172-б.) жылғы басылымдардағы *«Жел соқса, <u>құйын</u> соқса, бір қалыпта»* деген тармақтың «*құйын»* сөзі 1991 (355-б.) ж. жинақта *«ыстық»* болып өзгеріске ұшыраған.

Түпнұсқада (36-б.) *«<u>Шапақтан бұлт</u> шығар мұнарланып»* деген тармақтың *«<u>Шапақтан бұлт</u>»* деген тіркесі 1989 (156-б.) ж. жинақта *«Шапақтап бұлт...»,* ал 1991 (355-б.), 2003 (186-б.), 2013 (172-б.) *«Шапақтан бұлты...»* деп берілген.

Келтірілген өлең жолдарының авторын А. Байтұрсынұлы *«<u>Алтынсары</u> Ыбырай»* деп берсе, 1989 (156-б.), 1991 (355-б.) ж. жинақтарда *«Алтынсарин Ыбырай»* деп берілген. Ал 2003 (186-б.), 2013 (172-б.) ж. жинақтар түпнұсқаға сай жасалған.

Түпнұсқа (36-б.) мен 1989 (156-б.), 1991 (355-б.), 2003 (186-б.) ж. бестомдықта *«өлеңдерде көп <u>келеді</u>»* деген тіркестегі «келеді» сөзі 2013 (172-б.) ж. алтытомдық жинақта *«кездеседі»* болып өзгеріске түскен.

Түпнұсқа (36-б.) мен 2003 (187-б.) ж. жинақтағы *«<u>Келтеленген</u> жібектей»* тармағы 1989 (157-б.), 1991 (355-б.), 2013 (173-б.) ж. жинақтарда *«Келтеленген...»* сөзі *«Күлтеленген...»* деп өзгертілген.

Сондай-ақ, түпнұсқа (36–37 б.) мен 1989 (157-б.), 2003 (187-б.), 2013 (173-б.) ж. жинақтағы «*Қара албасты <u>қабақтай</u>, Піскен алма <u>сабақтай</u>...*» деген өлең жолдарындағы «*қабақтай», «сабақтай*» теңеулері 1991 (355-б) ж. жинақта «*қабақты», «сағақты»* болып өзгеріске ұшыраған.

Түпнұсқадағы (37-б.) *«От <u>орындай</u> тұяқтан»* тармағындағы «орындай» сөзі 1989 (157-б.), 1991 (355-б.), 2003 (187-б.), 2013 (173-б.) ж. басылымдарда *«орнындай»* болып берілген.

Түпнұсқада (37-б.)

«Бұқар барсаң <u>құлаң</u> бар,
<u>Құлакты</u> көр де, шашым көр»

өлең жолдарындағы *«құлакты»* сөзі 1989, 1991, 2003, 2013 ж. жинақтарда *«<u>құланды</u>»* болып берілген. Түпнұсқада

берілген бұл өлең тармағындағы *«құлак»* сөзі баспадан кеткен қателік болуы мүмкін. Себебі, *«к»* әрпінің үстіне үш ноқат түссе, *«ң»* әрпі болып оқылып, *«құлаң»* деген сөз шығады. Жыр жолдарының мағынасына сәйкес, *«қолаң»* сөзі қисынға келеді. Дала фольклоры антологиясының алғашқы томы («Дала фольклорының антологиясы, 2019. Т.1.,») «Ер Тарғын» жыр жинағында (375-б.)

«Бұқар барсаң, қолаң бар,
Қолаңды көр де шашым көр!»

деп берілген. Түпнұсқада келетін *«құлаң»* сөзі «Ер Тарғын» жырында *«қолаң»* деп жазылғаны ескеріліп, академиялық жинақта бұл сөз *«қолаң»* деп өзгертілді.

Түпнұсқадағы (37-б.) *«Әдейі теңеу жоғарыдағы келтірген жоғарыда келтірілген мысалдардағы теңеулер»* деген сөйлемдегі *«келтірген»* сөзі 1991 (355-б.), 2003 (188-б.) *«келтірілген»*, 2013 (174-б) ж. жинақта *«жоғарыда келтірілген»* болып берілген. 1989 ж. жинақта түпнұсқа қалпы сақталған.

Түпнұсқа (37-б.) мен 1991 (355-б.), 2003 (187-б.), 2013 (173-б.) *«Зергер барсаң қасында»* тармағы 1989 (157-б.) ж. жинақта «Зергерге барсаң...» деп өзгеріске ұшыраған.

Кейінгі басылымдарда өзгеріске түскен сөздер осы академиялық жинақта түпнұсқа мәтіні бойынша қалпына келтірілді.

Ауыстыру. Түпнұсқада (38-б.) *«Мұнда күннің желдетуі...», «келтіретін зақымы»* сөз тіркестеріндегі *«Мұнда», «келтіретін»* сөздері 2013 (174-б.) ж. алтытомдықта *«Мына», «келтірген»* болып өзгеріске түскен.

Сондай-ақ, осы тараушадағы түпнұсқада келетін *«сөзді өзгелеп айту»* тіркесіндегі *«сөзді»* деген сөзі 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағынан мүлдем түсіп қалған. Басқа жинақтарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Бұл академиялық жинақта аталған өзгерістер түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Бейнелеу. Түпнұсқадағы «Қырық мысалдан» келтірілген мысалда (39-б.) *«Бүйдайлар басы толық иіліп тұр»* тармағындағы

«Бұйдайлар» сөзі 1989 (158-б.), 1991 (356-б.), 2003 (188-б.), 2013 (174-б.) *«Бидайлар»* болып берілген. Осы академиялық жинақта «Бидайлар» деп берілді.

Түпнұсқа (39-б.) мен 1989 (158-б.), 2003 (189-б.), 2013 (175-б.) ж. жинақтардағы *«Шақырып тұрар, құбылып кел деп мұнда»* деген өлең жолындағы *«құбылып»* сөзі 1991 (356-б.) ж. жинақта *«...күліп...»* болып өзгерген.

Түпнұсқа (39-б.) мен 2003 (189-б.) басылымдағы *«Алтынсары Ыбырай», «Наушабай Нұржаны», «Қожамжан»* атаулары 1989 (158-б.) ж. жинақта *«Алтынсарин Ыбырай», «Наушабаев Нұржан»,* «Ақ жолда» *«Алтынсарин Ыбырай», «Наушабай Нұржаны»*, 2003 (189-б.) *«Алтынсары Ыбырай», «Наушабай Нұржаны»* деп, ал 2013 (175-б.) *«Алтынсары Ыбырай», «Наушабайдың Нұржаны», «Қожамжар»* деп берілген.

Түпнұсқадағы (39-б.) *«...жана тауым»* деген тіркес 1989 (158-б.) ж. жинақта *«...жаңа тауым»,* ал 1991 (356-б.), 2003 (189-б.), 2013 (175-б.) ж. жинақтарда *«...және Тауым»* деп өзгертілген. Түпнұсқадағы (39-б.) *«Сұбықанқұл сұңқар...»* деген тіркес 1989 (158-б.) *«Сүбіқанқұл сұңқар...»,* 1991 (356-б.), 2003 (189-б.) *«Сұбқанқұл сұңқар...»* деп, ал 2013 (175-б.) *«Сыбанқұл сұңқар...»* деп өзгерістерге ұшыраған.

Түпнұсқа (39-б.) мен 1991 (356-б.), 2003 (189-б.), 2013 (175-б.) ж. жинақтарда *«Атаңыз қиналады...»* деген тіркесте «*Атаңыз...*» сөзі 1989 (158-б.) ж. жинақта *«Анаңыз...»* болып өзгерген.

Түпнұсқадағы (40-б.) Шернияз ақыннан келтірілген мысалда

«Көшкенде көштің көркі көгіршінім,
Қадірі кетсе мұның өтеді деп»

деген өлең жолдарындағы *«көгіршінім»* сөзі 1989 (158-б.), 1991 (356-б.), 2003 (189-б.), 2013 (175-б.) ж. басылымдарда *«көгершінім»* болып берілген. Осы академиялық жинақта бұл сөз қазіргі орфографиялық жазылу емлесіне сәйкес *«көгершінім»* болып берілді.

Түпнұсқадағы «Ер Тарғын» жырынан келтірілген мысалда

«Асыранды <u>қазы</u> едім.
Жылқыда шаңқан <u>боз</u> едім»

өлең жолдарындағы *«қазы», «боз»* сөздері 2013 ж. алтытомдық жинақта (175-б.) *«қызы», «бозы»* болып өзгеріске түскен. 1989 (158-б.), 1991 (356-б.), 2003 (189-б.) ж. жинақтарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Түпнұсқадағы келесі (40-б.) *«Белбеуді бел қышиды <u>шешерінде</u>»* тармағындағы *«шешерінде»* сөзі 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында (176-б.) *«шешеріңде»* болып берілген. Басқа жинақтарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Түпнұсқадағы (41-б.) *«келтірген мысалдардағы», «жел сөз»* тіркестеріндегі *«келтірген»* сөзі «*келтірілген»* деп, ал *«жел сөз»* деген сөзі *«суық жел»* болып өзгеріске ұшыраған. 1989 (159-б.), 1991 (357-б.), 2003 190-б.) ж. жинақтарда түпнұсқадағыдай берілген.

2003 (190-б)., 2013 (176-б.) ж. жинақтарда *«...<u>тілдікі</u> болады да ... <u>лұғаттікі</u> болады»* деген тіркес түпнұсқадағыдай берілсе, ал 1989 (159-б.) *«...<u>тілдік</u> болады да ... <u>лұғаттік</u> болады»,* 1991 (357-б.) басылымда *«...<u>тілдегі</u> болады да ... <u>лұғаттағы</u> болады»* деп өзгерістерге ұшыраған.

Түпнұсқада (41-б) *«...<u>бақыт</u> құс...»* деп берілген сөз 1991 (357-б), 2003 (190-б), 2013 (176-б) ж. жинақтарда өзгеріссіз келтірілген болса, 1989 (159-б) ж. жинақта *«...<u>бықыт</u> құс...»* болып қате берілген.

Кейінгі басылымдарда өзгеріске түскен сөздер осы академиялық жинақта түпнұсқа мәтіні бойынша қалпына келтірілді.

Алмастыру. Түпнұсқадағы (41-б.) *«<u>ондай ауысу</u>»* тіркесі 2013 жылғы алтытомдықта (176-б.) *«<u>андай ауыстыру</u>»* болып өзгеріске ұшыраған. Басқа жинақтарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Түпнұсқадағы (41-б.) келесі *«ұйқыда жатқанда», «ауылдың адамы»* тіркестеріндегі *«жатқанда»* деген сөз 2013 ж. (176-б.) *«жатыр»* болып, ал *«ауылдың»* деген сөз мүлдем кездеспейді. Басқа басылымдарда түпнұсқадағыдай берілген.

Түпнұсқадағы (42-б.) *«...Кеншібайдың айтысқан... Кеншібайдың сөзінде...»* деген тіркес 1989 (159-б.) ж. жинақта *«Кенішбайдың... Кенішбайдың сөзінде...»* деп, ал 1991 (357-б.) ж. жинақта *«Кеншімбайдың...»,* 2003 (190-б.) *«... Кеншінбайдың...»,* 2013 (177-б.) *«...Кеншімбай...»* деп берілген.

Түпнұсқадағы *«бұлғары»* деген сөз 1989 (159-б.), 1991 (357-б.), 2003 (190-б.), 2013 (177-б.) ж. басылымдарда *«былғары»* деп берілген. Осы академиялық жинақта қазіргі орфографиялық жазу емлесіне сәйкес «былғары» деп берілді.

Түпнұсқа (42-б.) мен 1989 (160-б.), 1991 (357-б.), 2003 (191-б.) ж. жинақтардағы *«Мұнда»* деген сөз 2013 (177-б.) ж. алтытомдықта *«мұндағы»* болып беріліп, *«киім орнына киімдердің істелген заты»* деген сөйлем 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында мүлдем түсіп қалған.

Келесі 1989 (160-б.) ж. жинақта *«...иесін айтамыз»* деген тіркес түпнұсқадағыдай (42-б.) берілсе, 1991 (357-б.), 2003 (191-б.), 2013 (177-б.) ж. жинақтарда *«...иесін атаймыз»* деп өзгеріске ұшыраған. Бұл академиялық жинақта түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Кейіптеу. Түпнұсқа (42-б) мен 1989 (160-б), 2003 (191-б), 2013 (177-б) ж. жинақтардағы *«Жансыз нәрсені жанды нәрсенің күйіне...»* деген тіркес 1991 (357-б) ж. жинақта *«Жансыз нәрсенің күйіне...»* болып қысқартылған.

Түпнұсқадағы (43-б.) *«Қапқаздан шықты жайнап, қылып у-шу»* өлең тармағындағы *«Қапқаздан»* деген сөз 1989 (160-б.), 1991 (358-б), 2003 (191-б.), 2013 (177-б.) ж. жинақтарда *«Кавказдан»* болып берілген. Осы академиялық жинақта қазіргі орфографиялық жазу емлесіне сәйкес бұл сөз *«Кавказ»* болып берілді.

Түпнұсқадағы осы өлеңде кездесетін (43-б.) *«Кім қытықса жолымда күйреткенмін»* өлең тармағындағы *«қытықса»* сөзі 1989 (160-б.), 1991 (358-б.), 2003 (192-б.), 2013 (178-б.) ж. басылымдарда *«қақтықса»* болып өзгеріске ұшыраған. Мүрсейт қолжазбалар негізінде дайындалған 2020 жылы жарық көрген

Абайдың академиялық жинағында *«қақтықса»* деп берілген. *«Қақтықса»* деген сөз қисынға келеді. Баспадан кеткен қателік болуы мүмкін.

Сондай-ақ, түпнұсқа (43-б) мен 1989 (160-б), 2003 (192-б), 2013 (178-б) жылғы басылымдардағы *«Бұлттың суын ішіп ержеткенмін»* деген өлең жолындағы *«суын»* сөзі 1991 (358-б) жылғы жинақта *«сүтін»* деп берілген.

Түпнұсқадағы (44-б.) келесі *«Тау-тасқа, адамзатқа келіп жанжал»* деген өлең жолының *«келіп»* сөзі 1989 (160-б.), 1991 жылғы жинақтарда (358-б.) *«салып»* деп өзгеріске ұшыраған. 2003 (192-б.), 2013 (178-б.) жылғы басылымдарда түпнұсқадағы қалып сақталған.

Және де *«Асау терек долданып, буырқанып»* деген өлең 1989 жылғы басылымда *«Лермонтовтан»* деп берілген. «Ақ жол» (358-б.), 2003, 2013 ж. басылымдар мен түпнұсқада *«Абай»* деп көрсетілген.

Абайдың «Асау Терек долданып, буырқанып» деген өлеңінде «Кім *қақтықса* жолымда күйреткенмін» деген жолы түпнұсқада «Кім *қитықса* жолымда күйреткенмін» деп берілген. М.Ю. Лермонтовтың «Дары Терека» (1898 жылы жазылған) атты бұл өлеңін Абай «Теректің сыйы» деген атпен аударғаны белгілі. Ахмет Байтұрсынұлы өз еңбегіне бұл өлеңді толық алмастан, «Әпкелген бұғы менен маралым бар» деген жолға дейінгі алғашқы бес шумақты ғана берген. Абайдың 1909 жылғы алғашқы басылымында «Қатынды алды, *қитықсыз* араласты» деген жол кездеседі. Мәтінде «Кім қитықса», «Қитықсыз араласты» сөздері кездесетіндігін ескеріп, бұл жинақта «Әдебиет танытқыштың» түпнұсқасын негізге алып, «*қитықса*» деп бергенді жөн деп таптық.

Түпнұсқадағы Абайдың осы аудармасынан келтірген мысалдың «*Сәлем-сауқат әкелдім, қос көріп ал»* деген соңғы тармағындағы «қос» сөзі 1989 (160-б.) ж. жинақта «қош» болып берілсе, 1991, 2003, 2013 ж. басылымдарда «хош» деп берілген. Бұл баспадан кеткен қателік болуы мүмкін. Себебі, «с» әрпінің

үстіне үш ноқат қойылса, «ш» болып, бұл сөз «қош» деп оқылады. Мүрсейіт қолжазбалар негізінде дайындалған 2020 жылы жарық көрген Абайдың академиялық жинағында (343-б.) бұл сөз «қош» болып берілген. Аталған сөз бұл академиялық жинақта «қош» болып берілді.

Бернелеу. Түпнұсқа (44-б) мен 1991 (358-б), 2003 (193-б) ж. жинақтарда кездесетін *«...бернелеу болады»* мен *«...айналып кеткен болады»*, *«...сөздің түрі болады»* тіркестері 1989 (161-б) ж. жинақта *«...бернелеу»*, *«...айналып кеткен», «...сөздің түрі»* деп *«болады»* сөздері түсіп қалған. Ал 2013 ж. жинақта (178-б.) *«Қазақтың бернемен сөйлеп отыр дегені осы бернелеу болады»* деген сөйлем толығымен түсіп қалған.

Түпнұсқа мәтінінде (44-б.) *«Қазақтың бернемен сөйлеп отыр дегені осы бернелеу болады»* сөйлемі 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында (178-б.) мүлдем кездеспейді. Түпнұсқада келесі сөйлемдегі *«Бейнелеу бернелеумен»* сөз тіркесі 2013 ж. алтытомдық шығармалар жинағында (178-б.) *«Бейнелеу мен бернелеудің»* болып орны ауысқан. Басқа басылымдарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Түпнұсқа (44-б.) мен 1989 (161-б.), 1991 (358-б.), 2003 (192-б.) ж. жинақтарда *«Көңілін көгертуге құл халықтың»* деген өлең тармағындағы *«құл»* деген сөз 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *«құр»* болып өзгеріске ұшыраған.

Түпнұсқадағы (45-б.) *«Айналып, аламен деп, отқа күйген»* тармағындағы *«аламен»* сөзі 1989 (161-б.), 1991 (358-б.), 2003 (193-б.), 2013 (179-б.) ж. жинақтарда *«аламын»* болып өзгеріске түскен. Контекстік мағынасы *«аламын»* деген дұрыс келеді. Осы академиялық жинақта *«аламын»* болып берілді.

Түпнұсқадағы (45-б.) *«Мұнда «мен бір шам» дегеннен бастап аяғына шейін бейнелеу болады»* деген сөйлемдегі *«мен бір шам»... шейін бейнелеу...»* деген тіркестер 1989 (161-б.) ж. жинақта *«сен бір шам»...шейін бейнелеу...»* деп берілсе, 1991 (358-б.) ж. жинақта *«мен – пәруана»... дейін»* деп берілген, ал 2003 (193-б.), 2013 (179-б.) ж. жинақтарда *«мен бір шам»... дейін»* деп

берілген. Алайда, контекске қарасақ, *«мен»* емес *«сен»* болуы керек. Бұл баспадан кеткен қателік болуы мүмкін. Мағынасына қарай *«мен»* деген сөз *«сен»* болып түзетілді.

Түпнұсқадағы (45-б.) *«Бернелеу мысалы»* деген сөз тіркесі 2003 (193-б.) ж. жинақта *«Бейнелеу мысалы»* деп берілсе, бұл сөз 2013 ж. жинақта (179-б.) *«Бейнелеудің тағы бір мысалы»* деп өзгеріске ұшыраған. Ал қалған басылымдарда түпнұсқадағы қалпы сақталған.

Түпнұсқа мен 1989 (162-б.), 1991 (359-б.), 2003 (193-б.) ж. жинақтардағы *«Бұл келтірген екі мысалдың екеуінде де адамның күйінің»* деген сөйлемдегі *«келтірген», «адамның»* сөздері 2013 жылғы алтытомдықта «*келтірілген», «адам»* болып берілген.

Түпнұсқа (47-б) және 1991 (359-б), 2003 (194-б) ж. жинақтардағы *«Көңілін көгертуге...»* деген тіркес 1989 ж. жинақта (162-б.) *«Көңілін көтеруге..»* деп өзгертілсе, 2013 ж. жинақта (180-б.) *«деген бернелеудің айырықша баяндауы жоқ. Бірақ кімге айтылып отырған сөз екенінің ұшығы көрсетілген; «Көңілін көгертуге құл халықтың»* деген сөйлем қалып қойған.

Түпнұсқа (47-б.) мен 1991 (359-б), 2003 (194-б), 2013 (180-б) *«Әдемі бернелеуге...»* деген сөз тіркесі 1989 (162-б) ж. жинақта *«бернелеу»* деген *«бейнелеу»* болып өзгеріске ұшыраған.

Түпнұсқадағы (48-б.) *«Мұнда бернелеуге керек болатын лұғат жайнақылығы да, лұғат ойнақылығы да түгел. Бұл мысалдың ішкі астыртын маганасын қойып»* деген сөйлемнің *«лұғат ойнақылығы да түгел. Бұл мысалдың ішкі астыртын маганасын қойып»* сөйлемі 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағынан (181-б) мүлдем түсіп қалған.

Түпнұсқадағы (48-б) *«Кемпір, наз, өкпе, үшін қойып жатып»* өлең тармағы 1989 ж. жинақта (163-б.) *«Кемпір наз-өкпелерін қойып жатып»* деп берілсе, қалған жинақтарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Сондай-ақ түпнұсқа (49-б.) мен 1989 (164-б.), 1991 (360-б.) ж. жинақтардағы *«Солар да тап-тату жүр, біздер түгіл»* өлең

тармағындағы *«тап-тату»* сөзінен кейін 2003 (195-б.), 2013 (181-б.) ж. жинақтарда *«боп»* сөзі қосылып берілген.

Келесі *«Тиіссіз сөгіп...»* деген тіркес 1991 (360-б.), 2003 (196-б.), 2013 (182-б.) ж. жинақтарда тұпнұсқа қалпы сақталса, 1989 ж. жинақта (164-б.) *«Тыюсыз сөгіп»* болып өзгерген.

Сондай-ақ *«Расты рас демей, танамыз ба?*
Бір сөтке татулық жоқ арамызда.
Тұрмайтын ренжуге аз нәрсеге»

деген өлең жолдарындағы *«сөтке»* сөзі 1989 ж. жинақта (164-б.) *«сәтке»*, 1991 ж. жинақта *«тәулік»* болып, ал «Расты рас демей» деген тіркес 1991 ж. жинақта (360-б.) *«Расын рас демей»*, *«аз»* деген сөз *«әр»* болып өзгертілген.

Түпнұсқа (50-б.) мен 1989 (164-б.), 2003 (196-б.), 2013 (182-б.) жылғы басылымдардағы *«...жанына келіп...»* тіркесі 1991 жылғы басылымда (361-б.) *«...қасына келіп...»* деп берілген.

Түпнұсқадағы (49-б.) *«Тура жол сонан артық табамыз ба?»* тармағындағы *«сонан»* деген сөз 2013 ж. алтытомдық жинақта (182-б.) *«содан»* болып берілген. 1989 (164-б.), 1991 (360-б.), 2003 (196-б.) ж. жинақтарда түпнұсқадағыдай берілген.

Түпнұсқадағы (50-б.) *«Құшағын жазыт ала жүгірісті»* тармағындағы *«жазыт»* сөзі 1989 (164-б.), 1991 (361-б.), 2003 196-б.), 2013 (182-б.) ж. жинақтарда *«жазып»* болып берілген. Кейінгі жарық көрген басылымдар контекске сәйкес келеді. Түпнұсқада баспадан қателік кеткен деуге негіз бар. Сондықтан да, бұл сөз мағынасына орай «*жазып*» деп берілді.

Түпнұсқа (50-б.) мен 1989 (164-б.), 2003 (196-б.), 2013 (182-б.) ж. жинақтардағы *«Екеуін зордан ғана айырысты»* деген тармақтағы «*зордан ғана»* тіркесі 1991 ж. жинақта (361-б.) *«...зорға әрең...»* деп берілген.

Түпнұсқадағы (50-б) *«Етпесе ит әдетін адасады»* деген тармағы 1989 ж. жинақта (164-б.) *«Әйтпесе ит әдетін...»* болып, 1991 ж. жинақта (361-б.) «*Өйтпесе ит әдетінен...*», 2003 (196-б.), 2013 (182-б.) ж. жинақтарда *«Әйтпесе ит әдетінен...»* болып өзгерген.

Осы академиялық жинақта кейінгі басылымдар тарапынан өзгеріске ұшыраған сөздер түпнұсқа мәтіні бойынша қалпына келтірілді.

Әсірелеу. Түпнұсқа және (51-б.), 2003 (197-б.), 2013 (183-б.) ж. жинақтарда берілген *«Ұмтылғанда қысынып»* деген тіркестегі *«қысынып»* сөзі 1989 (165-б.) жылғы жинақта *«қызынып»*, ал 1991 (361-б) жылғы жинақта *«қысылып»* деп берілген.

Түпнұсқаның осы тарауында кездесетін *«Қош айту қиын болды кетер жерге»* тармағындағы *«кетер жерге»* тіркесі 1991 (362-б.) жылғы жинақта *«...кетер кезде»* деп берілген. Ал 1989 (165-б.), 2003 (198-б.), 2013 (184-б.) жылғы басылымдарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Осы академиялық жинақта кейінгі басылымдар тарапынан өзгеріске ұшыраған сөздер түпнұсқа мәтіні бойынша қалпына келтірілді.

Мезгеу. Түпнұсқа (52-б.) және 1991 (362-б.), 2003 (198-б.), 2013 (184-б.) ж. жинақтардағы *«...екінші бір ұғым...»* деген тіркес 1989 ж. басылымда *«екінші ұғым...»* болып *«бір»* сөзі түсіп қалған.

Түпнұсқа (52-б.) мен 1989 (166-б.), 2003 (198-б.), 2013 (184-б.) ж. жинақтардағы *«Мезгеу»* тақырыпшасы 1991 жылғы басылымда (362-б.) *«Меңзеу»* болып өзгерген.

Түпнұсқа (53-б.) мен 2003 (198-б.), 2013 (184-б.) ж. жинақтарда «*Отыз тістен шыққан сөз емес, қырық рулы...*» деген сөйлем 1989 ж. жинақта (166-б.) «*Отыз тістен шыққан сөз отыз емес, қырық рулы...*» болып өзгерсе, 1991 ж. жинақта (362-б.) «*Отыз тістен шыққан сөз қырық рулы...*» деп өзгеріске түскен.

Түпнұсқа (53-б.) мен 1989 (166-б.), 2003 (199-б.), 2013 (185-б.) ж. жинақтардағы *«Ант ішкен...»* тіркесі 1991 ж. жинақта (362-б.) *«Ант ішіп...»* болып өзгерген.

Түпнұсқадағы (53-б.) Бұдабай ақыннан келтірілген мысалда *«Қарасын Алтынбектің түндігіне»* тармағы 1989 (166-б.) ж. жинақта *«Қарарсың Алтынбектің түндігіне»,* «Ақ жол»

(362-б.) мен алтытомдық шығармалар жинағында (185-б.) *«Қаларсың Алтынбектің түндігінде»,* бестомдық шығармалар жинағында (199-б.) *«Қаларсың Алтынбектің түндігіне»* болып өзгеріске түскен.

Осы академиялық жинақта кейінгі басылымдар тарапынан өзгеріске ұшыраған сөздер түпнұсқа мәтіні бойынша қалпына келтірілді.

Әсерлеу (лептеу). Түпнұсқа мәтініндегі (54-б.) *«Әсерлеудің асылы осынан шығады»* деген сөйлем 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинақтан (185-б.) мүлдем түсіп қалған. Басқа басылымдарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Әсерлеу (лептеу). Арнау. Түпнұсқадағы (54-б.) *«сұрай арнаулардың мысалдары»* тіркесіндегі *«арнаулардың»* деген сөз 1989 (167-б.), 1991 (363-б.), 2003 (200-б.), 2013 (186-б.) ж. жинақтарда көптік жалғаусыз *«арнау»* болып қана берілген.

Түпнұсқа (54-б.) мен 1989 (167-б.), 2003 (200-б.), 2013 (186-б.) ж. басылымдардағы *«Мұбтәла қып салғандай мұнша азапқа»* тармағы 1991 (363-б.) ж. жинақта *«Мұншама ғып салғандай бұл азапқа»* болып өзгеріске ұшыраған.

Түпнұсқадағы (55-б.) «Маса» жинағынан келтірілген мысалда *«Қол жетіссін дегеніміз бе азатқа?»* деген өлең жолындағы *«қол жетіссін»* деген сөз тіркесі 1989 (167-б.), 1991 (363-б.), 2003 (200-б.), 2013 (186-б.) ж. басылымдарда *«қолы жетсін»* болып берілген. А. Байтұрсынұлының 1922 ж. «Қазан» баспасынан жарық көрген «Маса» жинағының түпнұсқасында да (38-б.) *«Қол жетіссін дегендік пе азатқа?»* болып берілген. «Әдебиет танытқыш» еңбегі мен «Маса» жинағында «дегеніміз бе» және «дегендік пе» деген сөздерде ғана айырмашылық бар. Осы академиялық жинақта бұл тіркес түпнұсқа бойынша берілді.

Сондай-ақ, түпнұсқа (55-б.) мен 1989 (167-б.), 2003 (200-б.), 2013 (186-б.) ж. жинақтардағы *«Балабамның таулары»* деген тармағы 1991 (36.3-б.) ж. жинақта «*Балапанның таулары»* болып өзгерген.

Ал түпнұсқадағы келесі (56-б.) *«Қан қарадан жасқанбай...»* деген тіркестегі *«қан»* сөзі 1989 жылғы жинақта (167-б.) *«Хан қарадан жасқанбай...»* болып берілсе, 1991 (363-б.) ж. жинақта кездеспейді.

Түпнұсқадағы (56-б.) Қобыланды батыр жырынан келтірілген мысалда *«Жан көке, кімге тапсырдың?»* деген тармағы 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағынан (187-б.) мүлдем түсіп қалған. Басқа жинақтарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Түпнұсқада (57-б.) және 1989 (168-б.), 2003 (201-б.), 2013 (187-б.) ж. жинақтарда кездесетін «С*арыарқа сайран жерім-ай»* деген тармақтағы *«сайран»* сөзі 1991 ж. жинақта (364-б.) *«қайран»* болып өзгертілген.

Сонымен бірге, түпнұсқа (57-б.) мен 1989 ж. жинақтағы (168-б.) «*Тоқталсайшы ыстық қан»* деген өлең жолындағы «*тоқталсайшы»* сөзі 1991 ж. жинақта (364-б.) *«Тоқталмапты...»* болып берілген. 2003 (201-б.) ж. бестомдық пен 2013 (188-б.) ж. алтытомдықта түпнұсқа қалпы сақталған.

Түпнұсқадағы (58-б.) жарлай арнау мысалдарына келтірген Орынбай ақынның есімі *«Орымбай ақын»* болып беріліпті. Кейінгі жарық көрген барлық басылымдарда *«Орынбай ақын»* болып берілген. Осы академиялық жинақта бұл есім *«Орынбай ақын»* болып берілді.

Түпнұсқадағы (58-б.) «*Кел, балалар, оқылық! Оқығанды көңілге // Ықыласпен тоқылық! // Оқысаңдар, балалар, // Шамына шырақ жағылар. // Тілегенің алдыңнан, // Іздемей-ақ, табылар (Алтынсары Ыбырай)»* деген өлең жолдары 2003 жылғы жинақта (202-б.) осы ретпен берілсе, 1989 ж. басылымда тек автордың аты (169-б.) «*Алтынсарин Ыбырай*» деп жазылған. Ал 1991 жылғы басылымда (364-б.) бұл өлең шумақтары кездеспейді. 2013 ж. жинақта (188-б.) *«Бір Аллаға сыйынып»* деген тармағы қосылған. Сонымен қатар түпнұсқадағы осы өлеңде кездесетін *«шамына»* сөзі кейінгі жинақтарда *«шамнан»* болып берілген. Осы академиялық жинақта бұл сөз *«шамнан»* болып берілді.

1989 (169-б.), 2003 (202-б.), 2013 (189-б.) ж. жинақтарда кездесетін

«Пір Назар, Смайыл мен Жүсіп Назар!
Тілімді алсаң, мұныңды қой, мырзалар!
Бар ма еді, құлағыңда қалған нақыл:
«Тозған құдан топтанған қарға озар» –
(Бұдабай ақын)

деген өлең жолдары түпнұсқадан өзгертілмей алынған болса, 1991 жылғы жинақта (364-б.) бұл мысал жоқ.

Осы академиялық жинақта кейінгі басылымдар тарапынан өзгеріске ұшыраған сөздер түпнұсқа мәтіні бойынша қалпына келтірілді.

Қайталақтау. Түпнұсқа мәтініндегі *«Бар деген соң бар» дегенде барды қайта-қайта айтамыз. Бару амалына <u>көбірек</u> назар салғызу үшін»* деген сөйлемнің *«Бар деген соң бар» дегенде барды қайта-қайта айтамыз»* сөйлемі мен *«көбірек»* деген сөзі 2013 (189-б.) жылғы алтытомдық шығармалар жинағынан түсіп қалған. Басқа басылымдарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Түпнұсқадағы (59-б.) *«...назар <u>салғызғысы</u> келгенде...»* деген тіркестегі *«<u>салғызғысы</u>»* сөзі 1991 (365-б.), 2003 (203-б.) ж. бестомдық шығармалар жинағы мен 2013 жылғы алтытомдықта (189-б.) *«салғысы»* болып өзгерген. 1989 ж. жинақта (169-б.) түпнұсқа қалпы сақталған.

Түпнұсқадағы (59-б.)

«Ауызға <u>алсаң</u>, қандырад»

деген өлең тармағындағы «алсаң» деген сөзі 2013 (189-б.) ж. алтытомдықта *«салсаң»* болып берілген. Басқа жинақтарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Түпнұсқа (61-б.) мен 1989 (170-б.), 2003 (205-б.), 2013 (191-б.) ж. жинақтағы *«<u>Үш</u> атамыз...»* тіркесі 1991 (366-б.) жылғы жинақта *«<u>Ұлы</u> атамыз»* деп берілген.

Түпнұсқадағы (61-б.) және 1989 жылғы жинақтағы (170-б.) *«<u>Қайталақтау</u> бір нәрсенің <u>ғамалын,</u> күйін...»* деген сөйлем 1991 ж. жинақта (366-б.) *«...нәрсенің күйін...»* деп, *«<u>ғамалын</u>»*

сөзі түсіп қалса, *«Қайталақтау»* сөзі *«Қайталау»* болып өзгеріске ұшыраған.

Түпнұсқадағы (62-б.)

«Балдағы жауар, сабы алтын

Алдаспаным өзіңсің»

деген өлең тармағындағы *«жауар»* сөзі барлық жинақтарда *«жауһар» болып* берілсе, ал *«Алдаспаным»* сөзі 1991 (366-б.), 2003 (205-б.), 2013 (191-б.) ж. басылымдарда *«Алдаспан атым»* болып берілген. Осы академиялық жинақта *«жауар»* сөзі *«жауһар»* болып, берілді.

Түпнұсқа (62-б.) мен 1989 (171-б.), 2003 (205-б.), 2013 (192-б.) жылғы жинақтардағы *«Дүниеде неғып тұр, Адамзат бір сағат»* деген жолдар 1991 (366-б.) ж. жинақта мүлдем кездеспейді.

Түпнұсқа (63-б.) мен 1989 (172-б.) ж. жинақтағы

«Ырайы аурудың қайтпаған соң»

өлең тармағындағы *«аурудың»* деген сөз 1991 (367-б.), 2003 (206-б.), 2013 (193-б.) ж. жинақтарда *«ауруымның»* болып берілген. Түпнұсқа қалпына келтірілді.

Қубала ақыннан келтірілген түпнұсқадағы (64-б.)

«Орта бұл қазамды келдім шаға»

өлең тармағында *«Орта»* деген сөз 1989 (172-б.), 1991 (367-б.), 2003 (207-б.), 2013 (193-б.) ж. басылымдарда *«Ортаңа»* болып берілген. Бұл сөз баспадан кеткен қателік болуы мүмкін. Бұл академиялық жинақта *«ортаңа»* болып берілді.

Түпнұсқадағы *«Сіздерді көп беймаз...»* тіркесі 1989, 1991, 2003, 2013 ж. жинақтарда *«беймаз»* сөзі *«беймаза»* болып берілсе, 1991 ж. жинақта (367-б.) *«Сіздерді»* деген сөз *«Сөздерді»* болып өзгертілген.

Түпнұсқадағы (64-б.)

«Тілекші біз қартыңыз әр күніңде.

Тілегіш әр күніңде біз қартыңыз»

өлең тармағындағы *«күніңде», «тілегіш»* сөздері 1989 (172-б.), 1991 (367-б.), 2003 (207-б.), 2013 (193-б.) ж. жинақтарда

«күнінде», «тілекші» болып өзгеріске ұшыраған. Түпнұсқа қалпына келтірілді.

Түпнұсқа (64-б.) мен 1989 (172-б.), 2003 (206-б.), 2013 (193-б.) ж. жинақтарда кездесетін *«...азар келдім»* тіркесі 1991 (367-б.) ж. жинақта *«...әрең келдім»* деп өзгеріске ұшыраған.

Осы тарауда, түпнұсқада берілген (64-б.) *«...ықсан жан тіріде»* деген тіркес 1989, 2003, 2013 ж. жинақтарда сол қалпында берілсе, 1991 ж. жинақта (367-б.) *«...ықсын жан тіріде...»* болып өзгерген.

Аталған өзгертулер осы академиялық жинақта түпнұсқа мәтіні негізінде түзетілді.

Шендестіру. Түпнұсқадағы (65-б.) *«өзгеден артығы»* тіркесіндегі *«артығы»* деген сөз 2013 ж. алтытомдық жинақта (194-б.) *«артықтығы»* болып берілген. Басқа басылымдарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Түпнұсқа (66-б.) мен 1989 ж. жинақта (173-б.) кездесетін *«...қоюындағы мақсат етінің ақтығы...»* деген тіркестегі 1991 (368-б.), 2003 (208-б.), 2013 (194-б.) *«қоюындағы»* деген сөз *«қойғандағы»* болып өзгертілген.

Түпнұсқа (66-б.) мен 1989 ж. жинақтағы (173-б.) *«беттің қызылдығы» «ешнәрсе анық көрсете алмайды»* тіркестеріндегі *«беттің»* деген сөз 1991, 2003, 2013 ж. жинақтарда *«бетінің»* болып берілсе, ал *«анық»* деген сөз 1991 (368-б.), 2003 (208-б.), 2013 (194-б.) ж. жинақтарда кездеспейді. Түпнұсқа қалпына келтірілді.

Түпнұсқадағы (66-б.) *«Жалғыз шиден оқ аттың»* деген өлең жолы 1989 (173-б.), 2003 (208-б.), 2013 (195-б.) жылғы басылымдарда сол қалпында берілген. Бұл тармақ 1991 ж. жинақта (368-б.) мүлдем кездеспейді.

Түпнұсқадағы (67-б.) *«Қырым деген шәрдің»* өлең тармағындағы «шәрдің» деген сөз 1989 ж. жинақта «шаһардың» деп, ал 1991 (368-б.), 2003 (209-б.), 2013 (195-б.) ж. жинақтарда *«шәһәрдің»* болып берілген. Бұл сөз қазіргі орфографиялық жазылу емлесіне сай осы академиялық жинақта *«шаһар»* болып берілді.

Түпнұсқа (68-б.) мен 2003 (209-б.), 2013 (196-б.) ж. жинақтарда *«Бойға біткен тамырың»* тармағындағы *«тамырың»* сөзі 1989 ж. жинақта (174-б.) *«тамырдың»* болып өзгеріске ұшыраған.

Аталған өзгертулер осы академиялық жинақта түпнұсқа мәтіні негізінде берілді.

Дамыту. Түпнұсқа (68-б.) мен 1989 (174-б.), 2003 (210-б.) ж. жинақтардағы «*Әншейін сөйлегенде дамыту мысалы мынау*» деген жолдар 1991 ж. жинақта (369-б.) мүлдем кездеспейді, ал 2013 ж. жинақта (196-б.) *«дамыту»* сөзіне *«дың»* жалғауы қосылып, *«дамытудың»* болып өзгертілген.

Түпнұсқада (69-б.) және 1989 (175-б.), 2003 (210-б.), 2013 (196-б.) ж. жинақтарда кездесетін *«Халықты қаңсылату – обал»* деген сөйлемдегі *«қаңсылату»* сөзі 1991 ж. жинақта *«қанжылату»* болып өзгерген.

Түпнұсқадағы (69-б.) *«Аяғын топтап басады»* деген өлең жолындағы *«топтап»* сөзі 1991 ж. жинақта (369-б.) «*топ-топ»* деп өзгеріске түскен.

Ал осы өлең жолынан кейін келетін *«Жүні судай тасады»* өлең жолы екі басылымда да (1989, 1991) қалып қойған.

Түпнұсқадағы (69-б.)

«Жын қаққанға ұсады.

.....

Ұзатпай алдын қосады.»

деген өлең жолдарындағы «ұсады» сөзі 2013 (197-б.) ж. алтытомдық жинақта *«ұқсады»* болып, ал *«қосады»* деген сөз 1991 (369-б.), 2003 (210-б.), 2013 (197-б.) ж. жинақтарда *«тосады»* болып өзгеріске ұшыраған. 1989 (175-б.) ж. жинақта түпнұсқа қалпы сақталған.

Түпнұсқадағы (70-б.) *«Тығылып Дажайдың пұтқанасына»* 1989 ж. жинақта «*Тығылып Дажалдың бұтқанасына»* деп берілсе, 2003 ж. жинақта *«Тығылып Дажалдың пұтқанасына»* болып, ал 1991 ж. жинақта *«дажал», «пұтқана»* сөздері *«тажал», «пұтхана»* және 2013 ж. жинақта *«пұтхана»* болып

жазылған. Әсілі *«Дажал»* болуы керек. Түпнұсқада баспагерлер тарапынан қате кеткен. Сондықтан да, кейінгі басылымдарда түпнұсқадағы кемшілік жойылған деуге негіз бар.

Осы академиялық жинақта жоғарыда келтірілген өзгерістер түпнұсқа мәтіні бойынша беріліп, ал түпнұсқада кеткен қателік («*Дажай-Дажал*») түзетілді.

Түпнұсқа (70-б.) мен 1989 (175-б.), 1991 (370-б.) ж. жинақтарында *«Бас ұрма, ланат-манат ағашына»* өлең тармағындағы «ланат» сөзі 2003 (211-б.) ж. бестомдық пен 2013 (197-б.) ж. алтытомдықта «лат» болып берілген. Бұл сөз араб тілінен енген «лат» деген сөз. Мағынасы: лат – ислам дәуіріне дейінгі кезеңдегі арабтардың пұт құдайларының атауы. Түпнұсқадан кеткен қателік болуы мүмкін. Осы академиялық жинақта «лат» болып берілді.

Түйдектеу. Түпнұсқадағы *«Аз сөзге...»* тіркесі 1989 ж. жинақта (175-б.) *«Аз»* сөзі *«Әр»* болып өзгеріске ұшыраған. Қалған басылымдарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Түпнұсқадағы (70-б.) «...сиреп түседі» деген тіркес 1989 (176-б.), 1991 (370-б.) ж. жинақтарда *«сиреп»* сөзі *«сирей»* болып өзгертілген. Ал 2003 (211-б.), 2013 (198-б.) ж. жинақтар түпнұсқа бойынша берілген.

Түпнұсқа (71-б.), 2003 бестомдық шығармалар жинағы мен 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинақтарында «... *ерік ұранымыз, бірлік – Құранымыз болсын*» деген сөйлем 1989 жылғы басылымда (176-б.) *«...ерік – ұранымыз, бірлік – құранымыз болсын»* деп берілсе, «Ақ жолда» (370-б.) *«...ерік ұранымыз болсын, ерлік-бірлік құранымыз болсын»* деп өзгеріске ұшыраған.

Түпнұсқада мына сөйлем (71-б.) *«Бақ ерікте; ерік ерлік пен бірлікте; ерік ұранымыз – бірлік 1) Құранымыз болсын»*

Шырша

Бақ ерікте; ерік ерлік пен бірлікте; ерік; ұранымыз болсын ерлік-бірлік Құранымыз болсын».

Шырша»

деп мәтінде қатарынан екі рет қайталанып келген. Екеуінде екі түрлі өзгеріспен берілген екен. Бұл баспадан кеткен қателік болуы мүмкін. Сондықтан да осы академиялық жинақта бір ғана ретпен берілді. Жоғарыда берілген қателіктер түзетіліп, түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Бүкпелеу. Түпнұсқадағы автор атауы (71-б.) *«Жарылғасын айқын»* болып берілсе, 1989 ж. жинақта (176-б.) тек *«Жарылғасын»* болып берілген, 1991, 2003, 2013 ж. жинақтарда *«Жарылғасын ақын»* болып берілген екен. Түпнұсқадағы *«айқын»* сөзі баспадан кеткен қателік болу керек. Сол себепті осы академиялық жинақта автор атауы *«Жарылғасын ақын»* деп берілді.

Кекесіндеу. Түпнұсқадағы (72-б.) *«Таласып Әлмембеттің...»* деген тіркес 1989 ж. жинақта (177-б.) *«Таласып Әлімбеттің...»* деп өзгертілсе, қалған басылымдарда түпнұсқа бойынша берілген.

Келесі *«Етпесе ит әдетін адасады»* деген түпнұсқадағы (72-б.) тармақ 1989 ж. жинақта (177-б.) «*Әйтпесе ит әдетін адасады»* болып берілсе, 1991 (371-б.), 2003 (212-б.), 2013 (199-б.) ж. жинақтарда *«Өйтпесе ит әдетінен адасады»* деп өзгеріске ұшыраған.

Сондай-ақ, осы өлең жолынан кейін келетін *«Дос болған адамдарға қарап тұрсақ»* деген тармақтағы *«тұрсақ»* деген сөз 2013 (199-б.) ж. алтытомдық жинақта *«тұрсаң»* болып берілген. Қалған жинақтарда түпнұсқадағыдай берілген.

Түпнұсқадағы (72-б.) *«Биікпен теңеп...»* деген тіркес барлық жинақтарда *«теңеп»* сөзі *«теңдеп»* болып өзгеріске ұшыраған.

Жоғарыдағы өзгерістер түпнұсқалық мәтін негізінде қалпына келтірілді.

«Тіл (лұғат) әуезділігі». Түпнұсқа (73-б.) мен 1989, 2003, 2013 жылғы жинақтардағы «... *да болып, құралуы мүмкін. Сөздің дыбыстары құлаққа жағымды-жағымсыз болып құралу сияқты»* деген сөйлем 1991 ж. жинақта (371-б.) «...*құралуы мүмкін. Сөздің дыбыстары құлаққа жағымды-жағымсыз*

болып» деген сөйлем түсіп қалған және *«құралуы»* сөзі *«құралу»* болып өзгерген.

Түпнұсқа (74-б.) мен 1989 (178-б.) ж. жинақтағы *«жатық та емес, мол да емес»* сөйлеміндегі *«та»* шылауы 1991, 2003, 2013 ж. жинақтардан түсіп қалған.

Өзгеріске түскен сөздер 1926 жылғы мәтін бойынша қалпына келтірілді.

Сөз әуезділігі. Түпнұсқа (74-б.) мен 1989 (178-б.) ж. жинақтағы *«оңтайлы орындасуынан»* тіркесіндегі *«орындасуынан»* деген сөз 1991 (371-б.), 2003 (214-б.), 2013 (201-б.) ж. жинақтарда *«орналасуынан»* болып өзгеріске түскен.

Түпнұсқа (75-б.) мен 1989 (178-б.), 2003 (214-б.) жылғы жинақтардағы *«...апта егін қуса игі еді»* деген сөйлемнің «*апта егін»* сөзі 1991 жылғы басылымда (372-б.) *«...ата жолын...»,* ал 2013 ж. жинақта (201-б.) *«...ата тегін қуса игі еді»* болып өзгеріске түскен.

Түпнұсқа мен 1989 ж. жинақтағы *«...мосы ағаш...»* деген тіркес 1991 (372-б.), 2003 (214-б.), 2013 (201-б.) ж. жинақтарда *«ағаш»* сөзі *«ағашы»* деп өзгертілген.

Өзгеріске түскен сөздер түпмәтін бойынша қалпына келтірілді.

Сөйлеу әуезділігі. Түпнұсқа мен 1989 (179-б.) ж. жинақтағы *«кестесі келсе»,* «*өрнекті сөйлемдер»* тіркестеріндегі *«кестесі»* 2013 (202-б.) ж. алтытомдық жинақта *«кестелі»* болып, ал *«сөйлемдер»* деген сөз 1991 (372-б.), 2003 (215-б.), 2013 (202-б.) ж. жинақтарында *«дер»* көптік жалғауынсыз берілген.

Түпнұсқа (76-б.) мен 1991 (372-б.), 2003 (215-б.), 2013 (202-б.) ж. жинақтардағы *«...сөйлеу табына жатады»* деген тіркестегі *«табына»* сөзі 1989 ж. жинақта (179-б.) *«тобына»* болып өзгертілген. Академиялық жинақта «табына» деп берілді.

Кейінгі басылымдарда орын алған өзгерістер түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Өрнекті сөйлемдер. Түпнұсқа (77-б.) мен 1989 (180-б.), 2003 (216-б.), 2013 (203-б.) жылғы басылымдағы «*Үйткені өрнекті*

сөйлем қанша үлкен болғанмен...» деп басталатын сөйлемнің «... *яғни ішіне кіретін сөйлемдер қанша көп болғанымен...»* деген жалғасы 1991 ж. басылымда (373-б.) кездеспейді. Бұл академиялық басылымда 1991 жылғы қателік түзетіліп берілді.

Осы сөйлемнен кейін келетін *«Ол пікірді көп сөйлеммен ұлғайтып айтуға да болады. Ол пікірді шағындап, аз сөйлеммен айтуға да болады»* деген сөйлемдегі *«болады. Ол пікірді»* деген сөздер 2013 (203-б.) ж. алтытомдық жинақта мүлдем кездеспейді. Басқа жинақтарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Сондай-ақ, түпнұсқадағы (78-б.) *«Ақырда жатар орның тар лақыт жай»* өлең тармағындағы *«лақыт»* деген сөз 1989 (180-б.), 1991 (373-б.), 2003 (216-б.), 2013 (203-б.) ж. жинақтарда *«лақат»* болып берілген. Бұл сөз баспагерлер тарапынан кеткен қателік болуы мүмкін. Осы академиялық жинақта *«лақат»* болып берілді. Осы өлең жолдарының авторын 1991, 2003, 2013 ж. жинақтарда *«Алтыбас Ақмолда»* деп берілген. Алайда, түпнұсқада авторы көрсетілмеген. 1989 жылғы жинақ түпнұсқа бойынша берілген.

Түпнұсқадағы (78-б.) *«патшаның анғамына сатқан азамат болады»* сөйлеміндегі *«анғамына»* деген сөз 1989 ж. жинақта (180-б.) *«аңғамына»*, ал «Ақ жол» (373-б.), 2003 (217-б.), 2013 (203-б.) ж. жинақтарда *«аңғарына»* болып берілген. Бұл сөз араб тілінен енген (Мағынасы «مَاعُنْا» – инғам, жақсылық, тарту, марапат, шарапат). Осы академиялық жинақта *«анғамына»* деп берілді.

Себепті оралым. Түпнұсқа (79-б.) мен 1989 (181-б.), 2003 (217-б.), 2013 (204-б.) жылғы жинақтарда *«Ауырса жеммен емдеген»* деген өлең тармағы 1991 ж. басылымда (373-б.) мүлдем кездеспейді.

Сондықтан да, бұл жинақта 1991 жылғы қателік жойылып, жоғарыдағы өлең тармағы түпнұсқа негізінде берілді.

Мақсатты оралым. Түпнұсқа (80-б.) мен 1989 (181-б.) ж. жинақта *«Тобыршақ атқа зор салды»* деген өлең тармағындағы *«Тобыршақ»* деген сөз 1991 (374-б.), 2003 (218-б.), 2013 (205-б.) ж. жинақтарда *«Тобыршық»* болып берілген.

Сондай-ақ, осы өлең жолында келетін «*Мұздай пемір құрсанып»* деген өлең тармағындағы *«пемір»* деген сөз басқа жинақтарда «*темір»* болып берілген. Түпнұсқада бұл сөз баспагерлер тарапынан кеткен қателік деуге толық негіз бар. Себебі, кейінгі жарық көрген жинақтар мағынасына сай *«темір»* деген дұрыс келеді. Бұл академиялық жинақта бұл сөз *«темір»* болып берілді.

Ұқсатпалы оралым. Түпнұсқа (82-б.) мен 1989 ж. жинақта (182-б.) берілген жыр жолдарының соңында *«Ер Таргын»* деген атау берілмеген. Ал 1991 (375-б.), 2003 (219-б.), 2013 (206-б.) ж. жинақтарда *«Ер Таргын»* атауы қоса берілген.

Түпнұсқада (81-б.) келетін *«Айды байқай қарасам»* өлең тармағындағы *«байқай»* деген сөз 2003 ж. бестомдық шығармалар жинағы (219-б.) мен 2013 ж. алтытомдықта (206-б.) «*байқап»* деп берілген. 1989 (182-б.) ж. жинақ пен «Ақ жолда» (374-б.) түпнұсқа қалпы сақталған.

Сондай-ақ, түпнұсқадағы (81-б.) келесі *«Көңілдірін еріткен»* тармағындағы *«Көңілдірін»* сөзі 1989 ж. жинақта (182-б.) «*Көңілдерін»*, ал 1991 (374-б.), 2003 (219-б), 2013 (206-б.) ж. жинақтарда *«Көгілдірін»* болып өзгеріске ұшыраған. 1989 ж. басылым контекске сәйкес келеді. Түпнұсқада баспадан қателік кеткен деуге негіз бар. Сондықтан да, бұл жол мағынасына орай «*Көңілдерін»* деп берілді.

Түпнұсқадағы (82-б.) *«Қыстың сықырлаған аязын»* тіркесіндегі *«сықырлаған»* деген сөз кейінгі жарық көрген жинақтарда *«сақырлаған»* болып берілген.

Қайшы оралым. Түпнұсқа (83-б.) мен 2003 (220-б.), 2013 (207-б.) ж. жинақтардағы *«Ер отаны болғанда»* тармағы 1989 ж. жинақта (183-б.) *«Ер ортасы болғанда»* болып, ал 1991 ж. жинақта (375-б.) *«Жер ортасы болғанда»* болып өзгеріске ұшыраған. Осы академиялық жинақта аталған өзгеріс түпнұсқа мәтіні негізінде берілді.

Шартты оралым. Түпнұсқа (83-б.) мен 1989 (183-б.), 2003 (220-б.), 2013 (207-б.) ж. жинақтағы

«Қазан ағаш бағысын.
Түсірмесем жүзіңе,
Көрсетпесем көзіңе»
деген өлең жолдары 1991 жылғы жинақта (375-б.)
«*Қазанның сырлы қаласын*
Көрсетпесем көзіңе,
Түсірмесем жүзіңе»
болып әрі өзгеріп, әрі орындары ауысқан.

Түпнұсқа (84-б.) және 2003 (221.-б), 2013 (207-б.) ж. жинақтардағы *«Әр уақытта көрсетіп»* тармағында берілген *«Әр уақытта»* сөзі 1989 ж. басылымда (183-б.) *«Әр уақытты»* болып берілсе, 1991 ж. жинақта (376-б.) *«Аруаққа»* деп өзгерген.

Осы өлең жолдарында келетін (84-б.) *«Жау ішінде жалынып»* тармағындағы *«жалынып»* деген сөз 1989 (183-б.), 2003, 2013 ж. жинақтарда *«жалындап»* деп берілсе, 1991 (376-б.) ж. басылымда *«жалданып»* болып берілген. Бұл академиялық жинақта *«жалындап»* болып берілді.

Түпнұсқадағы (84-б.) келесі *«Себілген алмас шық пен шын хош иіс»* өлең тармағындағы *«шық»* деген сөз 2013 ж. алтытомдықта (208-б.) *«шың»* деп берілген. Басқа жинақтарда түпнұсқадағыдай берілген.

Бұл академиялық басылымда жоғарыдағы қателіктер жойылып, сөздер түпнұсқа бойынша берілді.

Жалғасыңқы оралым. Түпнұсқа (85-б.) мен 1989 ж. басылымда (184-б.), 2003 (222-б.), 2013 (209-б.) ж. жинақтардағы *«Арқада Қобылан жатқанда»* деген тіркес 1991 ж. жинақта (376-б.) *«Қобыланды ойнап жатқанда»* болып өзгерген.

Сондай-ақ, түпнұсқа (86-б.) мен 1989 (184-б.), 2003 (222-б.), 2013 (209-б.) ж. жинақтардағы *«Тізесіне тон жетпей»* деген өлең жолынан кейін келетін *«Арқасынан қол кетпей»* деген жол 1991 жылғы басылымда (376-б.) мүлдем кездеспейді.

Түпнұсқа (86-б.) мен 1989 (184-б.), 2003 (222-б.), 2013 (209-б.) жылғы жинақтардың осы тарауында кездесетін
«Абдастасы қолында»

Дастарханы белінде,
Пияласы қарында,
Бөтен жаудың елінде
Қызылбастың шенінде»
деген өлең жолы 1991 ж. жинақта (376–377 б.)
«Әбдестесі қолында
Белдемшесі белінде,
Пияласы қолында
Қызылбастың елінде»
болып өзгеріске ұшырап, *«Бөтен жаудың елінде»* тармағы кездеспейді.

Бұл академиялық басылымда жоғарыдағы қателіктер жойылып, сөздер түпнұсқа бойынша берілді.

Абайдың «Жаздыгүн шілде болғанда» деген көлемді жыр жолдарының алғашқы он тоғыз жолы берілген. Бұл өлең Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1906, 1910) мен 1909 жылғы алғашқы басылымда кездеседі. Сондай-ақ, 1889 жылғы «Дала уалаяты» газетінің 7-санында да жарияланған. 1886 ж. жазылған осы өлеңнің «Шұрқырап жатқан жылқының, // Шалғыннан жоны жылтылдап» дегендегі «*жоны*» деген сөз «Әдебиет танытқыштың» түпнұсқасында «*жүні*» деп берілген. Бұл академиялық басылымда Абай шығармаларының қолжазбалары мен өлеңдер жинағын негізге алып, «Шалғыннан жоны жылтылдап» деп бергенді жөн көрдік.

Серіппелі оралым. Түпнұсқа (88-б.) мен 1989 ж. жинақта (185-б.) *«...бұл жиянға»* тіркесі 1991 (377-б.), 2003 (223-б.), 2013 (210-б.) ж. жинақтарда *«...бұл жиһанға»* болып өзгеріске ұшыраған. Егер қисынға салса, «жиянға» емес, «жиһанға» болса керек. Академиялық жинаққа «жиһанға» деп берілді.

Түпнұсқа (88-б.) мен 2003, 2013 ж. басылымдардағы *«лақыт жай»* тіркесіндегі *«лақыт»* сөзі 1989, 1991 ж. басылымдарда *«лақат»* болып берілген.

Түпнұсқада (88–89 б.)
«Шайылған көз жасымен жердің бетін,

.....
Жауыздық, жалғандықпен билесін-ақ
Бұзықтық, түзіктікті илесін-ақ
Қиналып, кім де болсаң, талыққандар,
Түңіліп, үміт үзіп жабықпаңдар.
Қайтадан жақындық кеп, қастық қашып,
Жарқырап жақсылыққа атар таң бар»
деген шумақ 1991 ж. басылымда:
«Жабылған көз жасымен жердің бетін,
.....
Жауыздық, жалғандық пен қаптағанда
Бұзықтық түзіктікті таптағанға
Қиналып, кім болсаң да, тарыққандар,
Түңіліп, үміт үзіп, жабықпаңдар!
……
Жарқырап жақсылыққа атар таң бар» –

деп, өзгеріске ұшырап, ал *«Қайтадан жақындық кеп, қастық қашып»* деген тармағы түсіп қалған. Қалған басылымдарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Бұл академиялық басылымда жоғарыдағы қателіктер жойылып, сөздер түпнұсқа бойынша берілді.

Айырықты оралым. Түпнұсқа (89-б.) мен 1989 ж. жинақтағы (186-б.) *«көпке шейін»* тіркесіндегі *«шейін»* сөзі 1991 (378-б.), 2003 (224-б.), 2013 (211-б.) ж. жинақтарда *«дейін»* болып берілген.

Түпнұсқа (90-б.) мен 1991 (378-б.), 2003 (224-б.) ж. басылымдардағы *«Болмаса ебіліс»* тіркесі 1989, 2013 ж. жинақтарда *«ебіліс»* сөзі *«ібіліс»* болып берілген. Алайда, сөздің орфографиялық жазылу үлгісі «ібіліс» болғандықтан, бұл академиялық жинақта «ібіліс» деп берілді.

Қорытпалы оралым. Түпнұсқадағы (90-б.) *«оралтым қорытпалы деп аталады»* тіркесіндегі *«оралтым»* деген сөз 1989 (186-б.), 1991 (378-б.), 2003 (224-б.), 2013 (212-б.) ж. жинақтарда *«оралым»* деп берілген. Түпнұсқадағы бұл сөз баспа

тарапынан орын алған қателік болуы мүмкін. Осы академиялық жинақта *«оралым»* деп берілді.

Өлеңді сөйлемдер. Түпнұсқа (90-б.) мен 1991 (378-б.), 2003 (225-б.), 2013 (212-б.) ж. жинақтардағы *«...сөзінен де әніне...»* тіркесі 1989 ж. жинақта (187-б.) *«...сөзіне де, әніне де...»* болып өзгеріске ұшыраған.

Түпнұсқадағы (92-б.)

«Құлын-тайдай айқасқан оң жақ қайда, жар-жар!
Азар жақсы болса да қайын енеміз, жар-жар!
Айналайын әжемдей болмақ қайда, жар-жар!»

деген шумақ 1991 жылғы жинақта

«Жазғытұрғы ақша қар жаумақ қайда, жар-жар!
Құлын-тайдай айқасқан оң жақ қайда, жар-жар!
Қанша жақсы болса да қайын енеміз, жар-жар!
Айналайын шешемдей болмақ қайда, жар-жар!

деп өзгеріске ұшырап, алғашқы жол 1991 жылғы жинақты шығарушы тарапынан қосылған. Ал 1989, 2003, 2013 ж. басылымдар түпнұсқаға сәйкес берілген.

Түпнұсқада (92-б.) *«Шешем-ай...»* деген сөз 1991 жылғы басылымда *«Шешем-ай!...»* деп лепті сөйлем ретінде берілген. 1989, 2003, 2013 ж. жинақтар түпнұсқа қалпы сақталған.

Түпнұсқадағы (92-б.)

«Айт, келін, айт, келін!
Атың басын тарт, келін!
Жұмыртқадан ақ келін»

деп басталатын өлең шумағы 1991 жылғы басылымда (379-б.):

«Айт келін, енді айт, келін!
Атыңның басын тарт келін!
Сауысқаннан сақ келін!
Жұмыртқадан ақ келін!»

деп өзгеріске ұшырап, өлеңнің 2-ші тармағынан кейіп *«Сауысқаннан сақ келін»* деген 3-ші тармақ қосылған. Қалған басылымдарда түпнұсқа қалпы сақталған. Келесі түпнұсқадағы

«Артты түйең тартыншақ» деген тармақтағы *«Артты»* сөзі қалған басылымдарда *«Артқы»* болып берілген. Бұл түпнұсқадағы баспадан кеткен қателік болуы ықтимал. Себебі, алдыңғы тармақтағы берілген өлең жолында *«Алдыңғы түйең...»* болып берілген. Контекстік мағынасына *«Артқы»* дұрыс келеді. Осы академиялық басылымда *«Артқы...»* деп берілді.

Сондай-ақ, осы өлең жолында

«Еріншек болмаса, келіншек!
Кей келіншек көңілшек,
Көңілшек болмаса, келіншек!»

деп келетін *«болмаса»* деген сөз 1989 (188-б.), 1991 (379-б.), 2013 (214-б.) ж. жинақтарда *«болма»* деп берілсе, 2003 (226-б.) ж. бестомдық жинақта түпнұсқа бойынша берілген. Алайда, бұл өлең жолындағы мағынасына сәйкес «болма» деген дұрыс келеді. Осы академиялық жинақта «болма» болып берілді.

«Сөздің өнер болатын мәнісі». Түпнұсқадағы (94-б.) *«ойын, бұю, күрес, жарыс»* деген бірыңғай мүшелеріндегі *«бұю»* сөзі 1989, 2003, 2013 ж. жинақтарда *«би»* деп берілсе, 1991 ж. басылымда (379-б.) бұл сөз кездеспейді. Бұл сөз баспа тарапынан кеткен қателік болуы мүмкін. Әсілі, контекстік мағынасына сәйкес *«би»* деген сөз дұрыс келеді. Сондықтан да бұл академиялық жинақта *«би»* деп берілді.

Түпнұсқадағы (94-б.) *«...басқаны әдемірегі көрініп...»* деген тіркес басқа басылымдарда *«...басқаны әдемірек көрініп...»* болып өзгеріске түскен.

Келесі түпнұсқа (95-б.) мен 1989 (189-б.), 1991 (380-б.) ж. басылымдарда *«...соққаныныҢ арасы қандай...»* деген тіркестегі *«арасы»* сөзіне 2003 (228-б.), 2013 (215-б.) ж. жинақтарда *«арасы да»* болып *«да»* жалғауы қосылған.

Түпнұсқадағы (96-б.) *«Дауысты дыбыстарда», «негіздің шарты»* тіркестеріндегі *«дыбыстарда»* деген сөз 1989 ж. жинақ түпнұсқадағыдай беріліп, 1991 (380-б.), 2003 (228-б.), 2013 (216-б.) ж. жинақтарда *«дыбыстарында»* деп берілсе, *«негіздің»* деген сөз 1989 ж. басылымда (190-б.) *«негізгі»* болып, ал

1991 (381-б.), 2003 (229-б.), 2013 (216-б.) ж. басылымдарда «негізінің» болып берілген.

Түпнұсқадағы (96-б.) *«1-ші <u>тұрде</u> тілдерде, <u>мәселен, араб, латын, ионан сияқты ескі жұрттардың тілдерінде</u> дауысты дыбыстардың кейбіреулері созылып, ұзын айтылады»* деген сөйлем 1991 жылғы басылымда «*1-ші тұрде тілдерде дауысты дыбыстардың кейбіреулері созылып, айтылады*» болып, ғылыми тұжырымы толық берілмей, сөйлем қысқартылған. Ал 1989 ж. жинақта осы мәтіндегі «*<u>тұрде</u>*» сөзі *«...<u>тұрдегі</u>...»* деп өзгертілген. 2003, 2013 ж. басылымдарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Түпнұсқадағы (96-б.) *«...<u>жоғарғы</u> екпінді...»* және *«...<u>негіздің</u> шарты...»* 1989 ж. жинақта (190-б.) *«...<u>жоғары</u> екпінді...»* және *«...<u>негізгі</u> шарты...»*, 1991 (380–381 б.), 2003 (229-б.), 2013 (216-б.) ж. жинақтарда *«...<u>жоғарғы</u> екпінді...»* және *«...<u>негізінің</u> шарты...»* болып өзгеріске ұшыраған.

Бұл академиялық жинақта кейінгі басылымдарда орын алған өзгерістер түпнұсқа бойынша түзетілді.

Өлең шығару. Түпнұсқадағы өлең айшығына келтірген мысалда (97-б.)

«<u>Бок</u> күйге бүгін емес көптен кірдік»

деген тармағындағы *«бок»* сөзі кейінгі барлық басылымдарда *«бұл»* болып берілген. Бұл сөз баспа тарапынан кеткен қателік. Өлең тармағындағы мағынаға сәйкес *«бұл»* деген дұрыс келеді. Сондықтан да осы академиялық жинақта *«бұл»* деп берілді.

Түпнұсқадағы (98-б.) *«Гүл қамауда <u>сеніп</u> тұр»* тармағындағы *«<u>сеніп</u>»* сөзі 1989, 1991, 2013 ж. басылымдарда *«<u>семіп</u>»* болып өзгерген. Келесі түпнұсқа (99-б.) мен 2003, 2013 ж. жинақтардағы *«<u>Дем</u> таба алмай»* тармағы 1989 (191-б.), 1991 (381-б.) ж. басылымдарда *«Дем»* сөзі *«Ем»* болып өзгеріске ұшыраған. Түпнұсқа мен 1989 ж. жинақтағы *«Пендеге»* сөзі қалған басылымдарда *«Бендеге»* болып берілген. Түпнұсқадағы (100-б.) *«Тағын тағы...»* тіркесі 1989 ж. жинақта (192-б.) *«Тағысын*

тағы...» болып өзгеріске ұшыраса, 1991 ж. жинақта (382-б) *«Тағы-тағы...»* болып өзгертілген. 2003 (231-б.), 2013 (219-б.) ж. жинақтарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Түпнұсқадағы (100-б.) Мағжан өлеңінен келтірілген мысалда

«Сап-сары бел,
Еседі жел,
Еседі.
Еспеді жел,
Көшеді ел,
Көшеді».

деген өлең тармағындағы *«еспеді»* сөзі 1989 (192-б.), 1991 (382-б.), 2003 (231-б.), 2013 (219-б.) ж. басылымдарда *«еседі»* болып берілген. Өлең тармағындағы мағынаға сәйкес *«еседі»* деген дұрыс келеді. Осы академиялық жинақта *«еседі»* болып берілді.

Түпнұсқа (101-б.) мен 1991 (382-б.), 2003 (232-б.), 2013 (219–220 бб.) жылғы жинақтардағы

«Ашуын бұған бассын» деп,
Жерімді саған тастадым.
«Олжа қылып жатсын» деп,
Елімді саған тастадым.
(«Кене-сары Наурызбай»)

деген үзінді 1989 ж. жинақта (192-б.) мүлдем кездеспейді.

Келесі түпнұсқа (102-б.) мен 1989 ж. жинақта (193-б.) *«... орындалатындығын көрсетуге...»* тіркесіндегі *«көрсетуге»* деген сөз 1991, 2003 (233-б.), 2013 ж. басылымдарда *«түсінуге»* болып өзгеріске ұшыраған.

Бұл академиялық жинақта кейінгі басылымдарда орын алған өзгерістер түпнұсқа бойынша түзетілді.

Өлең айшықтары.

Түпнұсқада Абайдан келтірген мысалда келетін

«Тұрін, сырын көруге» деген өлең тармағындағы *«тұрін»* деген сөз 1989 ж. жинақта (192-б.) *«нұрын»* болып өзгеріске ұшыраған. Басқа жинақтарда түпнұсқадағыдай берілген.

Түпнұсқа (103-б.) мен 1989 (193-б.) ж. жинақтағы

«Әманда болар солай әм болғанда,

Жаратқан солай етіп бұ жалғанда» тармағындағы *«болғанда», «Жаратқан»* сөздері 1991 (383-б.), 2003 (233-б.), 2013 (221-б.) ж. басылымдарда *«болар да», «Жаралған»* болып өзгеріске ұшыраған.

Екі шумақты айшық. Түпнұсқадағы (103-б.) *«...жүре бере»* тіркесіндегі *«жүре»* деген сөз басқа басылымдарда «жүзе» болып өзгеріске ұшыраған. Өзгеріс түпнұсқа мәтіні бойынша қалпына келтірілді.

Төрт шумақты айшық. Түпнұсқадағы (104-б.) *«Жаратқан малды Құдай жүндемекке»* деген тармағындағы *«жүндемекке»* сөзі барлық басылымдарда *«не керекке»* болып өзгеріске ұшыраған. Берілген өзгеріс түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Шумақ түрлері. ***Екі тармақты шумақ.*** Түпнұсқа (105-б.) мен 1989 ж. жинақта (195-б.) *«Тарлыққа жоқ...»* тіркесіндегі *«Тарлыққа»* деген сөзі 1991 (384-б.), 2003 (235-б.), 2013 (223-б.) ж. басылымдарда *«Тарлықта»* болып өзгеріске ұшыраған.

Айтылған өзгерістер түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Алты тармақты шумақ. Түпнұсқадағы

«Күніңмен алтын қуанбай,
Гүліңмен жібек жуанбай.
Жеттің де, тез өттің, жаз!
Ағаш, шөптер құраған,
Айдын да құрып, суалған
Қаңқылдар қайда қоңыр қаз?» –

деген өлең жолдары 1989 (195-б.), 2003 (236-б.), 2013 (223-б.) жылғы жинақтарда түпнұсқадағыдай берілсе, 1991 жылғы басылымда (384-б.)

«Күніңмен алтын қуантпай,
Гүліңмен жібек жұбантпай,
Жеттің де тез еттің жаз!
Ағаш шөптер қуарған,
Айдын да құрып, суалған,

Қаңқылдар қайда қоңыр қаз?!» –

болып, тармақтың сөздері өзгеріске ұшыраған. Айтылған өзгеріс түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Алты тармақты шумақ. Түпнұсқадағы *«...сеніп тұр»* тіркесі 1989 (196-б.), 1991 (384-б.), 2013 (224-б.) ж. жинақтарында *«сеніп»* деген сөзі *«семіп»* деп өзгеріске ұшыраса, 2003 ж. жинақта (236-б.) *«сеніп»* болып берілген.

Сегіз тармақты шумақ. Түпнұсқадағы *«Гүлсімге»* сөзі 1989 ж. жинақта (196-б.) *«Гүлсім»* деп өзгертілсе, 1991 (385-б.), 2003 (237-б.), 2013 (225-б.) ж. басылымдарда түпнұсқадағыдай берілген.

Он тармақты шумақ. Түпнұсқа (108-б.) мен 1989 ж. жинақта (196-б.) *«Жайылған көз жасымен жердің бетін»* деген өлең тармағындағы *«Жайылған»* сөзі 1991 (385-б.), 2003 (237-б.), 2013 (225-б.) ж. жинақта *«Жабылған»* болып өзгеріске ұшыраған.

Айтылған өзгерістер түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Тармақ тұлғалары. Түпнұсқа (108-б.) мен 1989 (197-б.), 2003 (238-б.) ж. жинақтағы *«Тармақ тұлғалары»* деген тақырып атауы 1991 ж. жинақта (386-б.) *«Тармақ толғаулары»* болып өзгерген.

Сондай-ақ, түпнұсқадағы (109-б.)

Балалар / оқуға бар / жатпа қарап /
Жуынып / киініңдер / шапшаңырақ /
Шақырды әтеш мана әлдеқашан
/ Қарап тұр / терезеден / күн жылтырап /

деген өлең шумағы 1991 басылымда (386-б.) алғашқы жолының әрбір сөзінен кейін үтір арқылы, қалған үш тармағы таяқшасыз берілген. 1989 жылғы басылымда бұл мәтін таяқшасыз берілген.

Айтылған өзгерістер түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Өлең ағындары. Түпнұсқа (113-б.)

«Тиеп алып/ тері-терсек/ бір шана
Ұрлатып/ жүгін жолда/ жұрдай болып

Қайтты байғұс/ түк алмай/ құр ғана»

шумағындағы *«Тиеп алып»* сөзі 1991 (388-б.), 2003 (241-б.), 2013 (230-б.) ж. жинақтарда *«Тиеп ап»* болып берілсе, *«бір шана»* тіркесі 1989 ж. жинақта (200-б.) *«бір шанаға»* деп «ға» жалғауы қосылып берілсе, ал 1991 ж. жинақта (388-б.) *«жегіп шана»* болып өзгеріске ұшыраған.

Түпнұсқадағы (114-б.) *«...бунақтарды табиғаты тілеген орнына қоймағандық»* сөйлеміндегі *«бунақтарды», «табиғаты», «қоймағандық»* сөздері 1989 ж. жинақта (200-б.) *«бунақтардың табиғаты...қоймағандық»*, 1991 ж. жинақта (388-б.) *«бунақтар табиғи...қойылмағандық»* болып, ал 2003 (242-б.), 2013 (230-б.) ж. жинақтарда *«бунақтарды табиғи... қойылмағандық»* болып өзгерістерге ұшыраған.

Айтылған өзгерістер түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Бас бунағы бірыңғай емес өлең. Түпнұсқа (117–118-б.) мен 1991 (390-б.), 2003 (245-б.), 2013 (233-б.) ж. жинақтарда *«...басынан аяғына...», «...төртінші тармағында...»* деген тіркестер 1989 ж. жинақта (202–203 б.) *«...бастан аяғына...», «...төртінші тармақтарында...»* болып өзгеріске ұшыраған.

Екінші ағынға түсіргенде. Түпнұсқа (120-б.) және 1989 (204-б.), 2013 (235-б.) ж. жинақтарда *«...алдантайық...»* сөзі 4 буынды болып берілсе, 1991 (391-б.), 2003 (247-б.) ж. басылымдарында 5 буынды болып берілген.

Түпнұсқадағы (121-б.) *«...жортақының...күлді-балам...»* сөздері 1989 ж. жинақта (204-б.) *«...жортақының...күлдібадам...»* болып, 1991 (391-б.), 2003 (247-б.) ж. басылымда *«...жортақтың...күлді-балам...»* болса, 2013 ж. жинақта (236-б.) *«...жортақтың...күлдібадам...»* болып өзгеріске ұшыраған.

Келесі түпнұсқа (121-б.) мен 1989 ж. жинақтағы (205-б.) *«Көгілдірін ертіп»* тармағындағы *«ертіп»* сөзі 1991 (391-б.), 2003 (248-б.), 2013 (236-б.) ж. басылымдарда *«ерітіп»* болып өзгеріске ұшыраған.

Түпнұсқадағы (122-б.) *«Белге соқсаң жығылман»* тармағындағы *«Белге соқсаң»* тіркесі 4 буынды болып берілсе, 1989 ж.

жинақта 5 буынды болып берілген. Ал қалған басылымдарда түпнұсқа қалпын сақтаған.

Осындағы *«жығылман»* сөзі 1989 ж. жинақта (205-б.) түпнұсқа қалпы сақталса, 1991 (392-б.), 2003 (248-б.), 2013 (236-б.) ж. басылымдарда *«жығылған»* болып өзгертілген.

Сондай-ақ түпнұсқа (122-б.) мен 1989 ж. жинақтағы (205-б.) *«Қаба жаумай...»* және *«Бурылша аттан...»* тіркестері 1991 (392-б.) ж. *«Қапы жаумай...», «Буырылша аттай...»* болса, 2003 (248-б.), 2013 (237-б.) ж. басылымдарда: *«Қапы жаумай...», «Бурылша аттай...»* болып «Қаба», «Бурылша», «аттай» сөздері өзгерістерге ұшыраған.

Келесі 122-беттегі түпнұсқада Нысамбай жыраудан келтірілген мысал 1989 (205-б.) ж. жинақ пен 1991 (392-б.) ж. жинақтарда мүлдем кездеспейді. 2003, 2013 ж. басылымдарда өзгертілген. Түпнұсқа қалпы сақталған және автор *«Нысанбай жырау»* деп берілген. Ал түпнұсқада *«Нысамбай жырау»*. Бұл академиялық жинақта «Нысанбай жырау» деп берілді.

Түпнұсқа (123-б.) мен 1989 (206-б.) ж. жинақта *«Балуан жолбарыс»* тіркесі 1991 (392-б.), 2003 (249-б.), 2013 (238-б.) ж. басылымдарда *«Балуан»* сөзі *«Палуан»* болып беріліп, 1991 ж. жинақта қай жинақтан алынғаны берілмеген. Ал 1989 (206-б.), 2003 (250-б.), 2013 (238-б.) ж. басылымдарда келтірілген жыр жинағының соңында түпнұсқаға сәйкес *«Ер Таргын»* болып жазылған.

Жоғарыдағы өзгерістер түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Тармақ кезеңдері. Түпнұсқадағы (123-б.) *«Жоғарыда бунақтардың»* деп басталатын тараушадағы *«Жоғарыда»* сөзі 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында (239-б.) мүлдем кездеспейді. Басқа басылымдарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Түпнұсқадағы (123-б.) *«Тармақ кезеңдері»* деп аталатын тараушада кездесетін *«кезең»* деген сөздері бірде *«кезек»* бірде *«кезең»* болып берілген. Мысалы:

«Жоғарыда бунақтардың арасындағы дауыс толқынының жіктері кезек деп аталады деп едік. Кезек екі түрлі болады: 1) ұлы кезек, кіші кезек.

Мысал:

Мұнда көлденең жуан сызық ұлы кезеңдерді көрсетеді, жіңішке сызық кіші кезеңді көрсетеді. Буын саны: бір тармақтың ішіндегі буын саны қазақта 2 мен 13 арасында болады». Түпнұсқа мазмұнында да (282-б.) бұл тарауша атауы «Тармақ кезеңдері» деп жазылған. Аталған сөздің әр түрлі берілуі баспадан кеткен техникалық қате болуы мүмкін. Себебі «к» әрпінің үстіне 3 ноқат қойылса, «к» әрпі «ң» болып оқылады. Сондықтан да тараушаның ішінде кездесетін «кезек» деген сөздер осы академиялық жинақта «кезең» деп берілді. Түпнұсқадағы бұл сөздер кейінгі басылымдарда, атап айтсақ 1989 (206-б.) ж. жинақта *«...кезек деп аталады...»*, *«Кезек екі түрлі болады», «1.Ұлы кезек; 2. Кіші кезек»* деген сөз тіркесіндегі *«кезек»* сөзі 1991 (392-б.), 2003 (250-б.), 2013 (239-б.) ж. жинақтарда *«кезең»* болып, «*1) ұлы кезең. 2) кіші кезең*» болып берілген. Түпнұсқа (124-б.) мен басқа жинақтардағы «*Мұнда көлденең жуан сызық ұлы кезеңдерді көрсетеді, жіңішке сызық кіші кезеңді көрсетеді*» деген сөйлем 1991 ж. басылымда (392-б.) мүлдем кездеспейді.

Түпнұсқаның осы тарауындағы мысал ретінде берілген (123-б.)

«Ақ Жүністей // жолдасым!
Әйел де болсаң, // мұңдасым!
Қолаң шашты, // қой көзді,
Әйелде ару // сен едің.
Аш арыстан // жүректі,
Балуан, жолбарыс // білекті,
Жігіттің мәрті // мен едім» –

деген өлең шумағы 1989 (206-б.), 1991 (392-б.) ж. жинақтарда тармақтарының реті сақталмай

«Ақ жүністей жолдасым!
Әйел де болсаң мұңдасым!

Қолаң шашты, қой көзді,
Әйелде ару сен едің.
Аш арыстан жүректі,
Балуан, жолбарыс білекті,
Жігіттің мәрті мен едім!»,

деп берілген. Түпнұсқадағы қалпын 2003 (250-б.), 2013 (239-б.) жылғы жинақтар сақтаған. Өлең жолдарындағы *«Балуан»* сөзі 1991 (392-б.), 2003 (250-б.), 2013 (239-б.) ж. жинақтарда *«Палуан»* болып берілген.

Түпнұсқадағы (124-б.) осы тараушаның соңында келетін *«2 буынды тармақ Мағжанның «Біраз Петше» деген өлеңінде келеді»* деген сөйлемдегі «Петше» сөзі 1989 (206-б.), 1991 (393-б.), 2003 (250-б.), 2013 (239-б.) ж. басылымдарда «Фетше» болып берілген. Осы академиялық жинақта бұл сөз «Фетше» болып берілді.

Кейінгі басылымдардағы өзгерістер түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Тармақ ұйқастығы. Түпнұсқа (124-б.) мен 1991 (393-б.), 2003 (251-б.), 2013 (239-б.) ж. жинақтарда көрсетілген ұйқас түрлерінің мына реті «*1-ші, 2-ші, 4-ші тармағы ұйқасып, 3-ші тармағы*», 1989 ж. басылымда (207-б.) «бірінші, екінші, төртінші тармағы» болып, сөзбен берілген.

Түпнұсқа (126-б.) мен 1989 ж. жинақтағы (207-б.) *«...не күйін келтіргендей...»* сөз тіркесіндегі *«келтіргендей»* сөзі 1991 (393-б.), 2003 (252-б.), 2013 (240-б.) ж. басылымдарда *«кетіргендей»* болып, «л» әрпі түсіп қалып, өзгеріске ұшыраған.

Көрсетілген өзгерістер түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Екінші бөлім

Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі. Түпнұсқаның осы тарауында кездесетін (127-б.)*«...қара сөз деп, көрнекі лебізді сөздерді дарынды сөз деп атау қолайлырақ. Әдетке қарамай...»* деген сөйлем 1989 (208-б.), 2003, 2013 (241-б.)ж. жинақтарда дұрыс берілген де, ал 1991 ж. жинақта (394-б.) *«...дарынды сөз*

деп атау қолайлырақ әдетке қарамай...» болып, қос сөйлем бірігіп, өзгеріске ұшыраған.

Түпнұсқада (127-б.) *«Сөз көңілге сипат жағының <u>көркемдігімен</u>, сөз мағына жағының күштілігімен жағады»* деген сөйлемдегі *«көркемдігімен»* сөзі 1991 жылғы жинақта (394-б.) *«... <u>келістілігімен</u>, мағына...»* деп өзгеріске ұшыраған және *«сөз»* деген сөзі сөйлемге кіріспеген. Ал 1989, 2003, 2013 жылғы басылымдар түпнұсқаға сай берілген.

Түпнұсқа (128-б.) мен 1989 жылғы жинақтағы (209-б.) *«... қиыс (түйіс) жағына салынып, сүгіреті толық меңзеуі мерген, қисыны қызық болып, сөз әсерінің күшімен көңілге ұнауы көбірек көзделеді»* деген сөйлем 1991 жылғы жинақта (394-б.) *«...қисын (түйіс) жағына салынып, сөз әсерінің күшімен көңілге ұнауы көбірек көзделеді»* деп қысқартылған және сөйлемдегі *«қиыс»* сөзі осы басылымда *«қисын»* болып өзгеріске ұшыраған.

Түпнұсқа (129-б.) мен 1989 ж. жинақтағы (209-б.) *«...<u>таңып</u> отырған...»* сөз тіркесіндегі *«таңып»* сөзі 1991 (394-б.), 2003 (253-б.), 2013 ж. басылымдарда *«теңеп»* болып өзгерген.

Түпнұсқа мәтініндегі (130-б.) *«<u>нәрсе</u>, түйіс жағы өзінде жоқ»* деген сөйлемнің *«нәрсе»* сөзі 1989 (210-б.), 1991 (395-б.), 2003 (254-б), 2013 (243-б.) ж. жинақтарда *«нәрсенің»* болып *«нің»* жалғауы қосылып берілген.

Түпнұсқа (130-б.) және 1989 ж. жинақта (210-б.) *«...тағатын <u>тана</u>...»* сөз тіркесіндегі *«тана»* сөзі 1991 (395-б.), 2003 (254-б.), 2013 (243-б.) ж. жинақтарда *«<u>таба</u>»* болып өзгеріске ұшыраған.

Түпнұсқа (131-б.) мен 1991 (395-б.), 2003 (255-б.), 2013 (243–244-б.) жылғы жинақтардағы «*...алып сөз қылады: <u>қатта</u> қисынын келтіріп, болмаған нәрсені болғанға...»* деген сөйлемнің *«қатта»* сөзі 1989 жылғы басылымда (210-б.) *«хатта»* болып берілген.

Ал «...дарынды сөздің арасындағы <u>парық</u> жұмсалатын орына, қызметіне...» деген сөйлемдегі *«парық»* сөзі түпнұсқа мен 1989 жылғы басылымда түпнұсқаға сай жазылса, 1991 жылғы

басылымда (396-б.) *«даралық»* болып өзгерген. 2003, 2013 ж. басылымдар түпнұсқадан ауытқымаған.

Түпнұсқадағы (131-б.) *«...сөз деліп аталу мәнісі де осыннан»* деген сөйлемдегі *«деліп аталу»* сөз тіркесі 1989 ж. жинақта (210-б): *«делініп аталуының»* болса, 1991, 2003, 2013 ж. жинақтарда *«деп аталу»* болып өзгеріске түскен.

Түпнұсқадағы (131-б.) *«...тиісін айтамыз»* сөз тіркесіндегі *«тиісін»* сөзі 1989 ж. жинақта *«тиістісін»* болып өзгерген. Қалған басылымдарда түпнұсқа қалпы сақталған. Сондай-ақ түпнұсқадағы (132-б.) *«...сөз деп жүргіземіз»* сөз тіркесіндегі *«жүргіземіз»* сөзі 1991 (396-б.), 2003(255-б.), 2013 (244-б.) ж. басылымдарда *«жүгінеміз»* болып өзгерген. Ал 1989 ж. жинақта (211-б.) түпнұсқа қалпы сақталған.

Кейінгі басылымдардағы өзгерістер түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Қара сөз. Түпнұсқадағы (132-б.) *«Қара сөз»* деген тақырыпша атауы 2013 ж. жинақта (244-б.) *«Қарасөз, оның тараулары»* деп қосымша сөз тіркесі арқылы беріліп, өзгеріске ұшыраған. Ал қалған жинақтарда ешбір өзгеріссіз берілген.

Түпнұсқадағы (132-б.) *«...затын, заңын,...мүдетін...»* сөздері 1989 ж. жинақта (211-б.) *«...заңын...»* сөзі қалып қойса, 1991 (396-б.), 2003 (256-б.), 2013 (244-б.) ж. басылымдарда *«затын», «мүддесін»* болып өзгертілген. Келесі түпнұсқадағы *«тарапына»* сөзі 1989 ж. жинақта *«тарабына»* болып берілсе, қалған жинақтарда түпнұсқадағыдай *«тарапына»* болып берілген.

Түпнұсқада *«...белгілі бір қарарға келгенде адамға бір үлкен ұғым пайда болады»* деген сөйлемдегі *«адамға»* сөзі «Ақ жолда» *«...адамда...»* деп берілсе, 1989 жылғы жинақта түпнұсқа бойынша берілген. 2003, 2013 жылғы жинақтарда өзгеріс түпнұсқаға сай түзетілген.

Түпнұсқа мен 1989 ж. жинақта кездесетін *«...ғалам атанған...»* сөз тіркесіндегі *«атанған»* сөзі басқа жинақтарда *«аталған»* болып өзгертілген. Сондай-ақ, түпнұсқадағы (133-б.) *«Зейін табиғат табиғат құбылысын...»* сөз тіркесіндегі

«табиғат» сөзі екі рет қайталанып кеткен. Ал 1989 ж. жинақта (212-б.) *«Зейін табиғаты – табиғат құбылысын...»* болса, 1991, 2003, 2013 жылғы жинақтарда *«Зейін табиғат құбылысын...»* болып *«табиғат»* сөзі бір рет берілген. Түпнұсқадағы: «табиғат» сөзінің екі рет қайталанып кетуі, баспадан кеткен қателік болуы ықтимал. Осы академиялық жинақта табиғат сөзі тек бір рет қана берілді.

Ал жоғарыдағы көрсетілген өзгерістер түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Әуезе. Түпнұсқадағы (134-б.) *«Әуезе»* атты тақырыпша 2013 ж. басылымда (246-б.) *«Әуезе, оның түрлері»* болып өзгеріске ұшыраған. 1989, 1991, 2003 ж. жинақтарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Түпнұсқа мен 1991, 2003, 2013 ж. басылымдарда *«...жалпы жиылыс...»* сөз тіркесіндегі *«жиылыс»* сөзі 1989 ж. басылымда *«жиналыс»* болып өзгерсе, түпнұсқа (135-б.) мен 1989 ж. жинақтағы *«...құрытуға...»* сөзі 1991, 2003, 2013 ж. басылымдарда *«құртуға»* болып өзгеріске ұшыраған.

Аталған өзгерістер түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Әуезе түрлері. Түпнұсқада берілген: *«Біреулері өткенді сөз қылғанда, уақыт сарынымен айтады. Екіншілері уақыт сарынымен айтады, үшіншілері біреуден біреуді туғызып туыс сарынымен сөйлейді; кейбіреудің өз заманындағы...»* деген сөйлем 1991 жылғы жинақта *«...уақыт сарынымен айтады, үшіншілері...»* деген сөз тіркесі қысқартылған және *«кейбіреудің»* деген сөз *«кейбіреулер»* болып өзгеріске ұшыраса, 1989 ж. жинақта *«...айтады да, үшіншілері...»* болып *«да»* жалғауы қосылған. 2003, 2013 ж. басылымдарда түпнұсқа қалпы сақталған. Бұл академиялық жинақта да түпнұсқа бойынша берілді.

Шежіре. Түпнұсқа (137-б.) мен 1989, 2003, 2013 жылғы басылымдарда кездесетін (214-б.) *«... байласылмай, көбінесе...»* деген тіркес 1991 жылғы жинақта (398-б.) *«...байланыстырылмай, көбінесе...»* деп өзгерген. Осы тарауда түпнұсқадағы (137-б.) *«...ауыз айтылатын әңгімелердің...»* сөз тіркесіндегі *«ауыз»*

сөзі 1989 ж. жинақта (214-б.) *«ауызекі»*, 1991, 2003, 2013 ж. жинақтарда *«ауызда»* болып өзгеріске ұшыраған.

Аталған өзгерістер түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Заман хат. Түпнұсқа мен 1989 ж. басылымда «...яки көп уақыт өткізіп...» сөз тіркесіндегі «яки» сөзі 1991, 2003, 2013 ж. басылымдарда «иә» болып өзгеріске түскен. Осы тарауда түпнұсқа мен 1989 ж. жинақта *«Жазықсыз тамған қан»* деген сөз тіркесінен кейін 1991, 2003, 2013 ж. жинақтарда *«деген»* сөзі қосылған. Бұл жинақта түпнұсқа бойынша берілді.

Өмірбаян. Түпнұсқа (139-б.) мен 1989 ж. басылымдағы *«...өлгеніне шейінгі...»* сөз тіркесіндегі *«өлгеніне»* сөзі 1991, 2003, 2013 ж. жинақтарда *«өлгенге»* болып өзгертілген. Келесі түпнұсқадағы *«Әбубәкірдің...жазған өз өмірбаны»* деген сөз тіркесіндегі *«өз»* сөзі 1989 ж. жинақта түсіп қалған. Қалған басылымдарда түпнұсқа қалпы сақталған. Бұл жинақта да түпнұсқа бойынша берілді.

Тарих. Түпнұсқада (140-б.) *«Тарихты қазақша ұлы дерек деуге, әуезе табына жатқанмен, айғақты әуезе болады»* деген сөйлемдегі *«айғақты»* сөзі 1991 жылғы жинақта *«...айғақшы...»* болып берілген. Ал *«жатқанмен»* сөзі 1989 ж. жинақта *«жатқызғанмен»* болып өзгеріске ұшыраған. 2003, 2013 ж. басылымдарда түпнұсқа қалпы сақталған. Келесі түпнұсқадағы *«...құр істегенімен қанағаттанбай...»* сөз тіркесіндегі *«істегенімен»* сөзі 1989 ж. жинақта *«естігенімен»* болып өзгертілген.

Бұл сөздер академиялық жинақта түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Тарихи әңгіме. Түпнұсқадағы (141-б.) *«...тарих асбатына сүйенетін...»* сөз тіркесіндегі *«асбатына»* сөзі 1989 ж. жинақта *«сипатына»*, ал 1991, 2003, 2013 ж. жинақтарда *«асасына»* болып өзгеріске ұшыраған. Өзгеріске ұшыраған сөз қалпына келтірілді. Араб тілінде *«исбат»* сөзі дәлел, растық, куәландыру деген мағынаны білдіреді. Бұл жерде контекске сай *«тарих дәлеліне сүйенетін»* болады. Түпнұсқа бойынша *«асбаты»* сөзі сол қалпында қалдырылып, араб тілінен енген сөздердің аудармасы басылымның соңында мағынасы берілді.

Әліптеу тәртібі. Түпнұсқадағы (142-б.) *«...бәрін түгендеу қажет емес»* сөз тіркесіндегі *«түгендеу»* сөзі 1991, 2003, 2013 ж. басылымдарда *«түгелдеу»* болып өзгертілген.

Ал түпнұсқадағы келесі *«...сүретін ойқы-шойқы...саңлауына сүгіреті өзіне ұқсап...»* сөйлеміндегі *«суретін»* сөзі 2003, 2013 ж. жинақтарда *«сүгіретін»* болып, ал *«сүгіреті»* сөзі 1989, 1991 ж. жинақтарда *«суреті»* болып өзгертілген.

Кейінгі басылымдарда өзгеріске ұшыраған бұл сөздер академиялық жинақта түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Байымдама. Түпнұсқадағы *«Керек пікірді қостайтын, қуаттайтын мысалдар келтіріп сипаттау бар»* деген сөйлемдегі *«пікірді»* деген сөзі 1989 ж. жинақта түсіп қалған. Басқа жинақтарда *«пікірді»* сөзі кездеседі. Келесі түпнұсқадағы (146-б.) *«...яки қаталығын көрсетіп...»* деген сөз тіркесіндегі *«қаталығын»* сөзі 1991, 2003, 2013 ж. басылымдарда *«қателігін»* болып өзгертілген.

Аталмыш сөздер бұл жинақта түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Байымдама әдістері. Түпнұсқа мен 1989 ж. жинақта *«...жалпылау әдіс болады»* деген сөз тіркесіндегі *«әдіс»* сөзі 1991, 2003, 2013 ж. жинақтарда *«әдісі»* болып өзгеріске ұшыраған.

Байымдама түрлері. Түпнұсқадағы *«...қайсысына болса байымда кіріспей тұрмайды... Байымдама жағы...»* деген сөйлемдегі *«болса»* сөзіне 1991, 2003, 2013 ж. басылымдарда *«да»* жалғауы қосылып жазылса, 1989 ж. басылымда *«да»* жалғауы берілмеген. Ал түпнұсқада тек *«байымда»* деп берілген екен.

Түпнұсқадағы *«Байымдау жағы басым шығармалар толып жатыр».* сөйлеміндегі «Байымдау» сөзі 1989 ж. жинақта *«бауымдау»* болып берілсе, 1991 ж. басылымда *«пайымдама»,* 2003 ж. көптомдық пен 2013 ж. алтытомдықта *«Байымдама»* болып өзгеріске ұшыраған. *«Байымдама»* тарауларындағы барлық *«байымдама»* сөздері 1991 ж. жинақта *«пайымдама»* болып өзгертілген.

Аталмыш сөздер бұл жинақта түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Пән (ғылым). Осы тараушадағы түпнұсқа (147-б.) *«...шығарған оқу кітаптарды да»* сөз тіркесіндегі *«кітаптарды»* сөзі 1989, 2013 ж. жинақта *«кітаптары»*, ал 1991 ж. жинақта *«кітаптар»* болып өзгеріске түскен. Ал түпнұсқадағы «оқу» сөзі барлық жинақта түсіп қалған. Бұл жинақта аталмыш кемшіліктер жойылып, түпнұсқа бойынша түзетілді.

Сын. Түпнұсқа (148-б.) мен 1989 ж. басылымдағы (220-б.) *«...ғылым иесі адам ғана...»* сөз тіркесіндегі *«адам»* сөзі басқа басылымдарда кездеспейді.

Түпнұсқада («149-б.) *«...білімінен көрі...»* сөз тіркесіндегі *«білімінен»* сөзі 1989 ж. жинақта *«білімнен»* болып, ал *«көрі»* сөзі 1991, 2003, 2013 ж. басылымдарда *«гөрі»* болып берілген.

Түпнұсқадағы (150-б.) *«Қара сөзді әдебиетте»* сөз тіркесіндегі *«сөзді»* сөзі 1989 ж. жинақта *«сөз»* болып қана берілген. Ал қалған жинақтарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Түпнұсқадағы келесі (151-б.) *«...дұрыс суреттен...»* сөз тіркесіндегі *«суреттен»* сөзі 1989, 1991 ж. басылымдарда *«суреттеп»* болып берілсе, 2003, 2013 ж. басылымда *«сүгіреттеп»* болып өзгеріске түскен.

Ал түпнұсқа мен 1989 ж. жинақтағы *«Суретінің сыны...»* сөз тіркесіндегі *«Суретінің»* сөзі 1991 ж. жинақта *«Суреттің»*, ал 2003, 2013 ж. жинақтарда *«Сүгіретінің»* болып өзгертілген. Осы тараудағы түпнұсқада берілген: *«...нәрсесінің болатындығының себебін...»* сөз тіркесіндегі *«нәрсесінің»* сөзі 1989, 1991 ж. басылымдарда *«нәрсенің»* болып өзгертілсе, 2003, 2013 ж. басылымдарда түпнұсқа бойынша берген. Бұл академиялық жинақта аталған өзгерістер түпнұсқа мәтіні бойынша берілді.

Жоғарыда көрсетілген өзгерістер түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Шешен сөз. Түпнұсқадағы (151-б.) *«...шығармалардың бөлекей бір түрі емес...»* деген сөйлем 1991 ж. жинақта (405-б.) *«...шығармаларының бөлектей бір сөзі емес...»* болып өзгерген. Қалған басылымдарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Шешен сөздің түрлері. Түпнұсқада *«...қарар шығарту мақсатпен сөйлегенде саясат шен сөзі деп аталады»* деген

сөйлемдегі *«шен»* сөзі 1991 жылғы басылымда *«шешен» болып, ал «мақсатпен» сөзі «мақсатымен»* деп өзгерген. Қалған басылымдарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Түпнұсқада (153-б.) *«...иә қаралау мақсатпен сөйлеп, сот билігіне әсер ету үшін айтқан сөздерді»* сөйлеміндегі «сөйлеп» сөзі 1989 ж. жинақта түпнұсқаға сәйкес жазылса, 1991, 2003, 2013 ж. жинақта *«сөйлегенде»* болып өзгеріске ұшырап, келесі *«сөздерді»* сөзі 1989, 1991 ж. жинақта *«сөздері»* болып берілген. 2003, 2013 ж. жинақтарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Түпнұсқадағы осы тарауда *«Білмірлердің, ғалымдардың ... сөйлегені білмір шешен сөзі деп аталады»* сөйлеміндегі *«Білмірлердің»* сөзі барлық жинақтарда *«Білімділердің»* болып өзгеріске түссе, келесі *«білмір»* сөзі 1989, 2013 ж. жинақтарда *«білімір»* болып, ал 1991, 2003 ж. жинақтар түпнұсқа қалпын сақтап, *«білмір»* болып берілген.

Жоғарыда көрсетілген өзгерістер түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Көсем сөз. Түпнұсқа (153-б.) мен 1989 ж. жинақтағы *«...шешен сөз ауыз айтылады»* сөйлеміндегі *«ауыз»* сөзі 1991, 2003, 2013 ж. жинақтарда *«ауызбен»* болып өзгеріске ұшыраған.

Түпнұсқадағы келесі *«істету ыждаһатымен айтылады»* сөйлеміндегі *«істету»* сөзі 1989 ж. басылымда *«істеу»* болып өзгертілсе, 1991, 2003, 2013 ж. басылымдарда *«істету»* болып түпнұсқа бойынша берілген.

Сондай-ақ, түпнұсқадағы *«...шаруалық, қазыналық, мектептік... көптің миына қондырып»* сөйлеміндегі *«шаруалық»* сөзі 1989 ж. жинақта түпнұсқадағыдай берілсе, 1991, 2003, 2013 ж. жинақтарда *«шаруашылық»* болып өзгеріске түскен. Ал *«көптің»* сөзі 1989, 1991 ж. жинақтарда *«көбінің»* болса, 2003, 2013 ж. жинақтарда өзгеріссіз берілген.

Кейінгі басылымдарда өзгеріске ұшыраған бұл сөздер академиялық жинақта түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Дарынды сөз. Түпнұсқадағы (155-б.) *«...өз ұйғаруынша суреттеп көрсетеді»* сөйлеміндегі *«суреттеп»* сөзі 2003, 2013 ж.

жинақтарда *«сүгіреттеп»* болып өзгеріске түссе, 1989, 1991 ж. жинақтарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Түпнұсқадағы *«бұлайша болу қазақтың жазба әдебиетінің түрлеріне келсе де»* сөйлеміндегі «болу» сөзін 1989 ж. басылымда сол қалпы берілсе, 1991, 2003, 2013 ж. жинақтарда *«бөлу»* болып өзгеріске ұшыраған.

Түпнұсқада берілген *«...көсе сөзді шығармалар жоқ... көсе сөзді шығармалар болмайды»* сөйлеміндегі *«көсе»* сөзі 1991, 2003, 2013 ж. басылымдарда *«көсем»* болып өзгертілген. Ал 1989 ж. басылымда (225-б.) түпнұсқадағыдай берілген.

Сондай-ақ осы тараудағы түпнұсқада *«...әр табы бас-басына баяндағаннан көрінбекші»* сөйлеміндегі «табы» сөзі 1989 ж. жинақта *«табын»* болып, басқа басылымдарда түпнұсқа қалпы сақталса, келесі *«баяндағаннан»* сөзі 1991, 2003, 2013 ж. басылымдарда *«баяндалғаннан»* болып өзгеріске ұшыраған.

Кейінгі басылымдарда өзгеріске ұшыраған бұл сөздер академиялық жинақта түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Әуезе. Түпнұсқадағы *«тысқарғы ғаламда болған»* сөйлеміндегі *«тысқарғы»* сөзі 1989 ж. жинақта (225-б.) *«тысқары»* деп берсе, қалған басылымдарда түпнұсқадағыдай жазылған.

Түпнұсқада берілген *«қатта біреуден»* сөз тіркесіндегі *«қатта»* сөзі 1989 ж. жинақ *«хатта»* деп өзгертілген. Ал басқа басылымдарда түпнұсқа қалпы сақталған. Академиялық жинақта да түпнұсқаға сәйкес берілді.

Толғау. Түпнұсқада *«...болатындығын жоғарыда»* сөз тіркесіндегі *«болатындығын» сөзі* 1989, 1991, 2013 ж. жинақтарда *«болатындығы»* деп өзгертілсе, 2003 ж. басылымда түпнұсқадағыдай берілген.

Түпнұсқа (158-б.) мен 1989 ж. жинақта (226-б.) *«...ісінің біріне күйінеді»* сөйлеміндегі *«ісінің»* сөзі 1991, 2003, 2013 ж. басылымдарда *«істің»* болып өзгеріске ұшыраған.

Түпнұсқадағы келесі (158-б.) *«адамның есін алып»* сөйлеміндегі «есін» сөзі 1989 ж. жинақта *«ісін»* деп өзгертілген. Қалған басылымдар түпнұсқадан ауытқымаған. Сондай-ақ түпнұсқа

(158-б.) мен 1989 ж. жинақта *«кейде тысқары»* сөз тіркесіндегі *«тысқары»* сөзі 2003, 2013 ж. жинақтарда *«тысқарғы»* болып өзгертілген.

Кейінгі басылымдарда өзгеріске ұшыраған бұл сөздер академиялық жинақта түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Айтыс. Түпнұсқадағы (159-б.) *«Айтысының бұл жағының әлеумет алдында...»* сөйлеміндегі *«Айтысының»* сөзі 1989 (227-б.), 1991 (408-б.) ж. жинақтарында *«Айтыстың»* болып өзгертілген.

Түпнұсқадағы (160-б.) *«...істетіп, көрсететіндер болды»* деген сөйлем «Ақ жолда» (408-б.) *«...істетіп, көрсететіндей болған»* деп өзгертіліп жазылған.

Сондай-ақ, осы сөйлемнен кейін келетін *«Онан әрі барабара осы күнгі ойналатын түрлі алаң алданышы болып шығар еді»* деген сөйлемдегі *«алаң алданышы»* деген сөз тіркесі 1991 жылғы басылымда *«...алаң айнасы...»* деп берілген. 1989, 2003, 2013 жылғы жинақтарда бұл сөйлем мен сөз тіркесі түпнұсқадан ауытқымаған.

Түпнұсқаның осы тарауында кездесетін (160-б.) *«...түрлі халдер болған себепті, сөз өнерінің бір түрі Европа тілінде...»* сөйлемінде кездесетін «халдер» сөзі 1989 ж. басылымда (228-б.) *«халдар»* болып берілсе, *«бір түрі»* деген тіркес 1991 ж. басылымда (409-б.) *«бұл түрі»* болып өзгерістерге ұшыраған. 2003, 2013 ж. жинақтарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Түпнұсқада (Әуезе жайынан ескерту) кездесетін (161-б.) *«... бір ананың қолында...»* деген тіркестегі *«ананың»* сөзі 1991 ж. жинақта *«атаның»* болып өзгеріске ұшыраған. Басқа жинақтарда түпнұсқадан ауытқымаған. Біз де осы жолды ұстандық.

Түпнұсқада берілген (163-б.) *«...беті ашылып, пердесі көрініп...»* деген сөйлеміндегі *«пердесі»* сөзі 1991 ж. жинақта (410-б.) *«...бейнесі көрініп...»* деп берілген. 1989, 2003, 2013 ж. жинақтарда өзгеріске ұшырамаған.

Түпнұсқаның осы тарауындағы *«...басқаға таңу...»* деген тіркес 1991 ж. жинақта *«...басқаға тану...»* деп берілген.

А. Байтұрсынұлының шығармаларына қатысты басқа басылымдар түпнұсқадан ауытқымаған.

Түпнұсқа (164-б.) мен 1989 ж. жинақта (230-б.) кездесетін *«Дүниедегі нәрселердің бәрі қысылады»* деген сөйлеміндегі *«нәрселердің»* сөзі 1991, 2003, 2013 ж. жинақтарда *«нәрсенің»* болып өзгеріске ұшыраған.

Сондай-ақ, түпнұсқа (165-б.) мен 1989, 2003, 2013 ж. жинақта *«...адамдары жыршы деп атанған...»* деп жазылған сөйлем 1991 ж. басылымда (411-б.) *«...адамдар жыршы деп аталған»* болып өзгертілген.

Түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақтағы *«Сөйтіп өзгеріс кіріп, көбінің өрісі кеңіп, өресі ұзайған»* деген сөйлем 1991 жылғы басылымда *«...көбінің өресі кеңейіп, өрісі ұзарған»* болып өзгерген.

Түпнұсқа (166-б.) мен 1991 (411-б.), 2003 (280-б.), 2013 (267-б.) ж. басылымдарда келтірілген *«...қатта ертек сияқты...»* деген тіркестегі *«қатта»* сөзі 1989 ж. басылымда (231-б.) *«хатта»* болып берілген. Бұл сөз А. Байтұрсынұлы еңбектері мен баспасөз беттерінде жарияланған бірқатар мақалаларында бірнеше мәрте кездеседі. Және де бірде *«хатта»*, бірде «қатта» болып беріледі. *«Хәттә»* сөзі араб тілінде «حتى» - *«тіпті»* деген мағынада қолданылады. Осы академиялық жинақта түпнұсқа қалпы сақталды.

Түпнұсқа (166-б.) мен 2003, 2013 жылғы жинақтарда кездесетін *«...ақынынан түк белгі қалмағандықтан халық шығармасы, халық әдебиеті деп аталады»* деген сөйлемдегі *«ақынынан»* сөзі 1989, 1991 ж. жинақтарда *«ақыннан»* болып өзгертілсе, 1989 ж. жинақта (231-б.) *«халық шығармасы»* тіркесі мүлдем кездеспейді.

Түпнұсқа мен 1989 ж. жинақтағы *«өнер-ғылым»* тіркесі 1991, 2003, 2013 ж. басылымдарда *«өнер-ғылымы»* болып берілген.

Кейінгі басылымдарда өзгеріске ұшыраған сөздер түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Ауыз әдебиет Сауықтама. Ермектеме. Түпнұсқада (168-б.) және 1989 (232-б.), 2003 (281-б.), 2013 (269-б.) ж. жинақтарда

«...ертексімек, аңыз әңгіме...» деп берілген тіркес 1991 ж. жинақта (412-б.) *«...ертегісымақ, аңыз әңгіме...»* болып өзгерген.

Ауыз әдебиет. Ертегі. Түпнұсқа мен 1989 ж. басылымдағы (233-б.) *«...қиялдағы уақиға мен нәрселер болады»* сөйлеміндегі *«уақиға»* сөзі 1991 (412-б.), 2003 (281-б.), 2013 (269-б.) ж. басылымдарда көптік жалғауы арқылы берілген.

Түпнұсқадағы (168-б.) *«құдайды»* сөзі мен *«періштелердей»* 1991 (412-б.), 2003 (282-б.), 2013 (269-б.) ж. жинақтарда *«құдайдай», «періштедей»* болып берілсе, 1989 ж. жинақта түпнұсқаға сәйкес жазылған.

Түпнұсқа (169-б.) мен 1989 ж. жинақта кездесетін (233-б.) *«өнеге болу»* тіркесі 1991 (412-б.), 2003 (282-б.), 2013 (269-б.) ж. жинақтарында *«өнеге беру»* болып өзгеріске ұшыраған.

Түпнұсқада келетін (169-б.) *«қалпын жорамалдап»* тіркесіндегі *«қалпын»* сөзі 1991 (413-б.), 2003 (282-б.), 2013 (270-б.) ж. басылымдарда *«халін»* деп өзгертілген. 1989 (233-б.) ж. жинақта түпнұсқадағыдай берілген.

Кейінгі басылымдарда өзгеріске ұшыраған бұл сөздер академиялық жинақта түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Ауыз әдебиет. Ертегісімек. Түпнұсқаның (170-б.) осы тараушасында кездесетін *«шыға бейімірек»* тіркесі мен *«Қожай Насыр»* есімі 1989 (233–234 бб.) ж. жинақта *«шынға бейімірек», «Қожа-насыр»*, 1991 (413-б.) ж. жинақта *«шынға бейімдірек», «Қожа Нәсір»*, 2003 ж. бестомдық шығармалар жинағы (283-б.) мен 2013 алтытомдық шығармалар жинағында (270-б.) *«шынға бейімірек», «Қожа Насыр»* болып берілген. Түпнұсқадағы *«шыға»* деген сөз баспадан кеткен техникалық қате болуы мүмкін. Ал *«Қожай»* сөзі бұл академиялық жинақта қазіргі орфографиялық жазылу емлесіне сәйкес *«Қожа Насыр»* болып берілді.

Ауыз әдебиет. Өтірік өлең. Түпнұсқа (171-б.) мен 1989 ж. жинақтағы (234-б) *«Көр тышқанның терісінен жаға қылдым»* тармағындағы *«терісінен»* сөзі 1991, 2003, 2013 ж. жинақтарда *«терісін»* болып өзгеріске ұшыраған.

Түпнұсқада және 1989, 2003, 2013 ж. жинақтардағы
«Он бес жігіт жиылып, көтере алмай,
Енді саба қылмасқа тоба қылдым»
деген өлең жолдары 1991 жылғы басылымда кездеспейді.

Жоғарыда көрсетілген өзгерістер түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Ауыз әдебиет. Жұмбақ. Түпнұсқа мен 1991, 2003, 2013 ж. басылымдардағы *«Тимейді ұшы жерге таяғының»* тармағындағы *«ұшы»* сөзі 1989 ж. басылымда *«үші»* болып берілген.

Сондай-ақ осы тараудағы түпнұсқада берілген (172-б.) *«бота тірсекті»* тіркесіндегі *«тірсекті»* сөзі 1989 ж. басылымда *«тіресекті»* болып өзгертілген. «Ақ жол», 2003, 2013 ж. басылымдарда түпнұсқаға сай берілген. Бұл академиялық басылымда да айтылған өзгерістер түзетіліп, түпнұсқа бойынша берілді.

Ауыз әдебиет. Жаңылтпаш. Түпнұсқа (172-б.) және 1989 ж. жинақтағы *«...бұрып кететін...»* тіркесіндегі *«бұрып»* сөзі 1991, 2003, 2013 ж. жинақтарда *«бұзып»* болып өзгеріске ұшыраған.

Осы тараудағы түпнұсқада берілген *«Жаңылтпашқа көбінесе...»* тіркесіндегі *«Жаңылтпашқа»* сөзіндегі септік жалғауы 1989 ж. жинақта берілмеген, тек *«Жаңылтпаш»* болып жазылған.

Түпнұсқадағы *«соңғы екі жолын»* тіркесіндегі *«екі»* сөзі 1989 ж. жинақта түсіп қалған. 1991, 2003, 2013 ж. жинақтар түпнұсқадан ауытқымаған. Бұл жинақта да түпмәтін басты ұстын ретінде алынды.

Ауыз әдебиет. Зауықтама. Түпнұсқада кездесетін (174-б.) «...үгіт өлең, *ұміт өлең,* толғау» сөйлеміндегі *«ұміт өлең»* тіркесі 1989 ж. жинақта (236-б.) мүлдем түсіп қалған. Басқа жинақтарда түпнұсқа бойынша берілген.

Зауықтама. Ертегі жыр. Түпнұсқада (177-б.) «Қобыланды батыр» жырынан алынған үзіндідегі
«Айналайын Қалдыжан,
Ағаңды кімге тапсырдың?!» –
деген өлең жолындағы *«Қалдыжан»* есімі 1991 ж. басылымда

(416-б.) *«Қарлығаш»* болып берілген. Қалған жинақтарда бұл сөз өзгеріске ұшырамаған.

Осы тараудың түпнұсқасында кездесетін (177-б.) *«...кейі жақсы көріну мақсатпен, кейі нәрсе алу мақсатпен мақтап, ақындықты қайыршылыққа, жарау кешілікке айналдырған»* деген сөйлемдегі *«мақсатпен»* сөзі 1991 ж. жинақта (416-б.) *«мақсатымен»* болып жазылса, 2003, 2013 ж. жинақтарда *«кейі»* және *«мақсатпен»* сөздері *«кейде»*, *«мақсатымен»* болып өзгеріске түскен. Ал *«жарау кешілікке»* сөзі барлық жинақтарда *«жараукелікке»* болып өзгертілген.

Түпнұсқада келесі *«ұлықтайтыны бастықтар»* тіркесіндегі *«ұлықтайтыны»* сөзі 1989 ж. жинақта *«ұлғайтатыны»* болып өзгеріске ұшыраған.

Түпнұсқада *«батыр әңгімелер»* тіркесіндегі *«батыр»* сөзіне 1991, 2003, 2013 ж. жинақтарда *«лар»* көптік жалғауы қосылып *«батырлар»* болып берілген. 1989 ж. жинақ түпнұсқалық қалыпты сақтаған.

Сондай-ақ, осы тараудағы түпнұсқада (178-б.) *«дерек бергенде»* тіркесіндегі *«бергенде»* сөзі 1989 ж. басылымда (238-б.) *«бергендей»* болып берілген. 1991, 2003, 2013 ж. басылымдар түпнұсқаға сәйкес дайындалған.

Түпнұсқадағы және 1989 ж. басылымдағы *«ертегіге айналады»* тіркесіндегі *«ертегіге»* сөзі 1991, 2003, 2013 ж. басылымдарда *«ертекке»* болып берілген.

Жоғарыда көрсетілген өзгерістер түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Зауықтама. Тарихи жыр. Түпнұсқа (179-б.) мен 1989 ж. жинақтағы *«Қоян қысының»* сөз тіркесіндегі *«қысының»* сөзі «Ақ жол» мен 2003, 2013 ж. жинақтарында *«қыстың»* деп өзгертілген. Түпнұсқада келетін *«о да тарихи жыр болады»* сөйлеміндегі *«о да»* деген тіркес 1989 ж. жинақта (239-б.) *«онда»* болып өзгеріске ұшыраған. Қалған басылымдар түпнұсқаға сәйкес дайындалған. Жоғарыда аталған өзгерістер түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Зауықтама. Айтыс өлең. Түпнұсқада кездесетін (180-б.) *«Болық айтысқанында»* және *«Айқын айтысқанындағы»* тіркестеріндегі *«айтысқанында»* сөзі 1991, 2003, 2013 ж. жинақтарында *«айтысқанда»*, ал *«айтысқанындағы»* сөзі 1991 ж. *«айтысқанда»* болса, 2003, 2013 ж. жинақтарында *«айтысқандағы»* болып өзгертілген.

Түпнұсқадағы *«...осалдау жағын айтып, бас адамдарының осал істерін айтып»* сөйлеміндегі *«осалдау»* мен *«істерін»* сөздері 1991, 2003, 2013 ж. жинақтарында *«осалдық»* және *«істерімен»* болып өзгеріске ұшыраған.

Сондай-ақ осы тараудағы түпнұсқа мен 1989 ж. жинақта кездесетін *«ел жағынан да»* тіркесі 1991, 2003, 2013 ж. басылымдарында *«ел жағына да»* деп берілген.

Түпнұсқадағы *«қалмаса»* сөзі 1989 ж. жинақта *«қалмасқа»* болып өзгеріске ұшыраған. Қалған жинақтарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Кейінгі басылымдарда өзгеріске ұшыраған бұл сөздер академиялық жинақта түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Зауықтама. Үміт өлең. Түпнұсқа мен 1991, 2003, 2013 ж. жинақтарда: *«бір нәрсе дәме ете айтқан»* сөйлеміндегі *«дәме ете»* сөз тіркесі 1989 ж. жинақта (240-б.) *«дәмете»* болып біріккен түрде берілген.

Түпнұсқа (182-б) мен 1989 ж. жинақта (241-б.) *«тек мақтап қана қойған да»* сөйлеміндегі *«қана»* шектік демеулік шылауы 1991, 2003, 2013 ж. жинақтарда мүлдем түсіп қалған.

Түпнұсқада келесі (182-б.) *«Әзілмен де, жай да алу мақсатын көрсеткен сөз Шерниязда бар»* сөйлеміндегі *«жай да алу»* сөз тіркесі 1991, 2003, 2013 ж. басылымдарында *«пайда алу»* болып өзгеріске ұшыраған. 1989 ж. жинақта түпнұсқа қалпы сақталған.

Түпнұсқадағы *«Кетіп тұр бақ-дәулетің тағы керден»* өлең жолындағы *«Кетіп»* сөзі 1991, 2003 ж. басылымдарда *«Келіп»* болып өзгеріске ұшыраса, 1989, 2013 ж. басылымдарда түпнұсқаға сай берілген.

Түпнұсқа мен 1989 ж. жинақтағы *«Күніме жаяулықпен жаза бердің»* деген өлең жолында берілген *«Күніме»* сөзі 1991, 2003, 2013 ж. жинақтарда *«Күнәме»* болып өзгеріске ұшыраған.

Сондай-ақ, түпнұсқадағы (183-б.) *«Жеңілтіп есебінен жібереді»* өлең жолындағы *«Жеңілтіп»* сөзі 1989, 1991 ж. жинақтарында *«Жаңылтып»* болып өзгертілген. 2003, 2013 ж. жинақтарда түпнұсқадағыдай берілген.

Түпнұсқада берілген *«Өлең айтатұғын кең тұрғанда»* өлең жолындағы *«Өлең»* сөзі 1989 ж. жинақта (241-б.) *«Өлеңім»* болып берілсе, 1991, 2003, 2013 ж. жинақтарында *«Өлеңді»* болып өзгеріске ұшыраған.

Сонымен бірге түпнұсқада (183–184 бб.) берілген:

«Сұрқия Кенесары – қашаған хан,
Серғазы – талай жасты жасаған хан.
Дәулетін Байекемнің айырма деп,
Тілекті мен тілейін жасағаннан.
Жарлыны жалғызбенен бір теңгердің
Алтынды айналайын босағаңнан!
Кеңеске келіссіз сөз тек қосайын,
Тап атам Жарылғасқа ұсағанмын.
Қарастым тойды жақсы бастады деп,
Берсең де бір қысырақ қосақ алман» –

деген шумақ «Ақ жолда» мүлдем кездеспейді. Бұл шумақ 1989, 2003, 2013 жылғы жинақтарда қамтылған.

Кейінгі басылымдарда кеткен қателіктер жойылып, өзгеріске ұшыраған сөздер мен жыр жолдары түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Зауықтама. Толғау. Түпнұсқа (184-б.) мен 1989, 1991 ж. жинақтарда берілген *«Кәдірі болмайды екен қолда бардың»* деген өлең жолында «Кәдірі» сөзі 2003, 2013 ж. басылымдарда *«Қадірі»* болып берілген. Түпнұсқада кездесетін

«Құдай-ау ырзалықпен айрылмадым,
.....
Жапырмай, бұ не деген істер болды?»

өлең жолдарындағы *«ырзалықпен»* деген сөз 1991, 2003, 2013 ж. жинақтарында *«ризалықпен»* деп берілсе, 1989 ж. жинақта түпнұсқадағыдай жазылған. Ал *«Жапырмай»* сөзі 1989 ж. жинақта *«Япырым-ай»* деп, 1991, 2003, 2013 ж. басылымдарда *«Япыр-ай»* болып өзгеріске ұшыраған.

Келесі осы тараудағы түпнұсқада (186-б.)

«Он сегіз мың ғаламның
Патшасы, әуел Хақ Жаббар!
Есіттің бе сөзімді?» –

деген өлең жолдарындағы *«Жаббар»* сөзі 1989 жылғы басылымда (243-б.) *«Жаппар»* деп берілген. Ал 1991 жылғы жинақта (419-б.)

«Он сегіз мың ғаламға
Патша болған хақ жаббар!
Есіт мынау сөзімді» –

деп өзгеріске ұшыраған. 2003, 2013 ж. жинақтар түпнұсқадан ауытқымаған.

Сондай-ақ түпнұсқада

«Біз бақырға көзің сал!»
.....
О дағы бір күн кез болар.
.....
О да бір сенің жолыңа»

деп келетін түпнұсқадағы *«бақырға»* сөзі 1989, 2013 ж. басылымдарда *«пақырға»* деп берілсе, 1991, 2003 ж. басылымдарда түпнұсқаға сәйкес жазылған.

Келесі *«О дағы бір күн кез болар»* тармағындағы *«О дағы»* сөзі 1991 ж. жинақта *«О да»* деп берілген.

Сондай-ақ *«О да бір сенің жолыңа»* өлең жолындағы *«О да»* тіркесі 2003, 2013 ж. жинақтарда *«О дағы»* болып өзгертілген, 1989, 1991 ж. жинақтар түпнұсқа қалпын сақтаған.

Түпнұсқа (187-б.) мен 1989 ж. жинақтағы (244-б.)

«Шырағының шыбыны
.....
Тұқылас атты Шашты әзиз!»

деген өлең жолындағы *«Шырағының»* және *«Тұқылас»* сөздері 1991, 2003, 2013 ж. жинақтарда *«Шырағымның», «Ықылас»* болып өзгеріске ұшыраған.

Түпнұсқаның осы тарауындағы (188-б.) *«Күңіреніп жатырмын»* деген өлең жолы «Ақ жолда» (421-б.) *«Көгеріп келе жатырмын»* болып өзгерген. Ал 1989 ж, 2003 ж, 2013 ж. басылымдарда түпнұсқамен бірдей берілген.

Түпнұсқаның осы тарауында (189-б.)

«Баяғымдай болар ма, тағы заман.
Атадан ұл, енеден қыз айырылды»

деп кездесетін өлең жолындағы *«енеден»* сөзі 1991, 2003, 2013 ж. басылымдарда *«анадан»* болып өзгеріске ұшыраған. 1989 ж. жинақ (244-б.) түпнұсқадан ауытқымаған. Ал *«баяғымдай»* сөзі барлық басылымдарда *«баяғыдай»* болып берілген.

Кейінгі басылымдарда өзгеріске ұшыраған бұл сөздер академиялық жинақта түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Зауықтама. Терме. Түпнұсқадағы (190-б.) кездесетін *«Аңдасып күні өткен соң»* деген өлең тармағындағы *«Аңдасып»* сөзі 1989 ж. жинақта (245-б.) *«Аңдысып»* болып өзгеріске ұшыраған. Басқа басылымдар түпнұсқа қалпын сақтаған.

Түпнұсқадағы келесі *«Кейбіреу өз халына өзі малай»* деген тармақтағы *«халына»* сөзі 1989 ж. жинақта *«халқына»*, 1991 ж. жинақта *«малына»*, 2003 ж, 2013 ж. жинақтарда *«жалына»* болып өзгеріске ұшыраған. Түпнұсқа (191-б.) мен 1989 ж. жинақтың (245-б.) осы тарауындағы

«Жарыстық қыс суықпен өмір шегіп,
Кетпей ме бір күн тастап нәубетіңді»

деген өлеңде кездесетін *«Жарыстық»* пен *«нәубетіңді»* сөздері 1991, 2003, 2013 ж. жинақтарда *«Жаз ыстық», «нәубетінде»* болып өзгертілген.

Сондай-ақ түпнұсқадағы *«Бүтінді аудармайтын нар секілді»* тармағындағы *«Бүтінді»* сөзі 1989 ж. жинақта *«Бүтіндей»* болып өзгертілген. «Ақ жол», 2003, 2013 ж. жинақтар түпнұсқа бойынша берілген. Түпнұсқада кездесетін

«Бір жерге екі жаман сыйыса алмайды,

.....

Қараңғы жүрген жері бу болады»

деген өлең жолындағы *«алмайды»* сөзі 1989 ж. жинақта түпнұсқа бойынша берілсе, 1991, 2003, 2013 ж. басылымдарда «алмайд» болып *«ы»* әрпін қысқартып берген. Ал *«бу»* сөзі 1989 ж. жинақта *«шу»* болып өзгертілген. Қалған жинақтарда түпнұсқаға сай берілген.

Кейінгі басылымдарда кеткен қателіктер жойылып, өзгеріске ұшыраған сөздер мен жыр жолдары түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Сарындама (сарын сөз) саласы. Салт сөзі. 2013 ж. алтытомдық шығармалар жинағында (285-б.) «*Салттама, оның* түрлері. Салт сарынымен, яғни салт жөнімен айтылатын сөздер салт сөзінің табына жатады» деген сөйлемде *«Салттама, оның түрлері»* сөйлемі қоса берілген. Түпнұсқа (192-б.) мен 1989 (246-б.), 1991 (422-б.), 2003 (298-б.) ж. жинақтарда бұл сөйлем кездеспейді.

Түпнұсқадағы (192-б.) *«тақпақтар, мақалдар, мәтелдер»* деген бірыңғай мүшелеріндегі көптік жалғаулары 2013 ж. алтытомдықта (285-б.) мүлдем кездеспейді. 1989, 1991, 2003 ж. жинақтарда түпнұсқа бойынша берілген.

Түпнұсқадағы (192-б.) *«Бақыдық теке»* тіркесіндегі *«Бақыдық»* сөзі 1989 (246-б.), 2003 (298-б.), 2013 (286-б.) ж. жинақта *«Бақылдақ теке»* деп берілсе, 1991 (422-б.) ж. жинақта мүлдем кездеспейді. Бұл сөз баспа тарапынан кеткен қателік болуы мүмкін. Осы академиялық жинақта *«Бақылдақ»* болып берілді.

Сарындама (сарын сөз) саласы. Ділмар сөз. Түпнұсқадағы (193-б.) *«Өз Дулат...»* сөзі «Ақ жолда» (422-б.) *«Өзі Дулат...»* болып өзгерсе, 1989 (247-б.), 2003, 2013 ж. жинақтарда *«Өр Дулат»* болып өзгертілген.

Осы тараудың түпнұсқасында кездесетін *«құлағым шұнақ болса»* сөйлеміндегі *«шұнақ»* сөзі 1991 (423-б.), 2003 (299-б.)

«шолақ» болып өзгертілсе, 1989 (247-б.), 2013 ж. жинақтар түпнұсқа қалпын сақтаған.

Түпнұсқадағы келесі *«атаң сегіз еді, өзің тоғыз едің, сенің тоғызыңды алса»* сөйлеміндегі *«атаң»* сөзі 1991, 2003, 2013 ж. жинақтарда *«анаң»* деп өзгертілген. 1989 ж. басылымда түпнұсқадағыдай берілген. Осы сөйлемдегі *«сенің»* септігі 1989 ж. басылымда мүлдем түсіп қалған.

Сондай-ақ осы келтірілген жинақты түпнұсқасында келетін (193-б.) *«Ыбырайұлы Торман жинағаннан»* сөйлеміндегі *«Торман»* есімі 1989 ж. жинақта (247-б.) *«Тұрман жинағынан»* болып берілсе, 1991, 2003, 2013 ж. басылымдарда *«Шорман жинағаннан»* болып берілген. Бұл есім баспа тарапынан кеткен қателік болуы мүмкін. Себебі, осы тараушаның келесі бетінде тағы да осы есім берілген кезде (түпнұсқа (194-б.) *«Шорман»* болып берілген. Осы академиялық жинақта *«Шорман»* болып берілді.

Түпнұсқа (193-б.) мен 1989 ж. жинақтағы (247-б.) *«күткеніне ырза болып»* сөйлеміндегі *«ырза»* сөзі 1991, 2003, 2013 ж. жинақтарда *«риза»* деп берілген.

Түпнұсқада кездесетін (194-б.) *«Құданың құдыретіне қарап тұрсаң»* тармағындағы *«құдыретіне»* сөзі 1989 ж. басылымда (247-б.) *«құдыретін»* болып берілсе, қалған басылымдар түпнұсқа қалпын сақтаған.

Сондай-ақ түпнұсқада ұшырасатын (195-б.) *«әлдеқалай боласыз»*, *«не айтып кетесің,...не айтып барасыз»* сөйлеміндегі *«кетесің», «барасың»* сөздері 1989 ж. жинақта (248-б.) *«кетесіз», «барасыз»* болып сыпайы түрде берілген болса, *«боласыз»* сөзі 2013 ж. алтытомдықта *«боласың»* деп екінші жақта берілген.

Түпнұсқа мен 1989 ж. жинақта кездесетін *«...заман сендердікі, жұрт сендердікі, өз ақылдарың өздеріңе жетеді»* сөйлеміндегі *«заман сендердікі»* сөз тіркесі 2003, 2013 ж. жинақтарда кездеспесе, 1991 ж. жинақта *«жұрт сендердікі»* сөз тіркесі мүлдем түсіп қалған.

Кейінгі басылымдарда кеткен қателіктер жойылып, өзгеріске ұшыраған сөздер мен жыр жолдары түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Сарындама (сарын сөз) саласы. Тақпақ. Түпнұсқадағы (196, 197-б.)

«Тұра сала сармасе кетеді.

.....

Жуан болмай, қауын болмас»

деген өлең тармағындағы *«сармасе», «жуан»* сөздері 1989 (249-б.), 1991 (424-б.), 2003 (301-б.), 2013 (289-б.) ж. жинақтарда *«жармаса», «жауын»* болып өзгеріске ұшыраған. Алайда, мәтіннің контекстік мағынасына сай *«жармаса», «жауын»* деген сөздер дұрыс келеді. Бұл сөздер баспа тарапынан кеткен қателік болуы мүмкін. Осы академиялық жинақта *«жармаса», «жауын»* болып берілді.

Түпнұсқада (197-б.) кезедесетін *«Екі дау адағы ауыл болмас»* деген өлең тармағы 1991 ж. жинақта (424-б.) *«Екі дай адамы ауыл болмас»* болып өзгертілген. 1989 (249-б.), 2003 (301-б.), 2013 (289-б.) ж. жинақтарда түпнұсқадағыдай берілген. Аталған өзгеріс осы академиялық жинақта түпнұсқа бойынша берілді.

Сарындама (сарын сөз) саласы. Мақал. Түпнұсқа (197-б.) мен 1989 ж. басылымда (249-б.) *«жұрт бұзылар»* тіркесіндегі *«жұрт»* сөзі «Ақ жол» (424-б.) мен 2003 (302-б.), 2013 (289-б.) ж. алтытомдықта *«халық»* болып берілген.

Түпнұсқадағы (198-б.) *«Ұрлықтың түбі қорлық»* мақалындағы *«Ұрлықтың»* деген сөзі 1991 ж, 2003 ж, 2013 ж. жинақтарда *«Ұрлық»* деп берілген. Аталған сөздер бұл басылымда түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Сарындама (сарын сөз) саласы. Мәтел. Түпнұсқадағы (199-б.) *«шыққан қақиқат... Мәтел қақиқат жағын қарамай»* сөйлеміндегі *«қақиқат»* сөзі 1989 ж. басылымда (250-б.) *«ақиқат»* болып берілсе, қалған басылымдар түпнұсқа қалпын сақтаған.

Түпнұсқа (199-б.) мен 1989 ж. жинақтағы (250-б.) *«Өткен өрел, қалған салауат»* мәтеліндегі *«өрел»* сөзі 1991 (425-б.),

2003 (303-б.), 2013 (290-б.) ж. жинақтарда *«өрен»* болып өзгеріске ұшыраған. Бұл сөздер түпмәтін бойынша қалпына келтірілді.

Осы тараушаның түпнұсқасында кездесетін (199-б.) *«Бетегеде биік, жусаннан аласа»* деген мәтелде *«бетегеде»* сөзі барлық жинақтарда *«бетегеден»* болып берілген. Бұл академиялық жинақта *«бетегеден»* болып берілді, себебі контекстік мағынаға сай *«бетегеден»* деген дұрыс келеді.

Ғұрып сөзі. Түпнұсқаның (200-б.) осы тарауынан кейін келетін сөйлемнің алдына 2013 (291-б.) ж. алтытомдық жинақта *«Ғұрыптама»* сөзі қоса берілген. Басқа жинақтарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Ғұрып сөзі. Тойбастар. Түпнұсқа (200-б.) мен 1989 (251-б.) ж. жинақта кездесетін *«Әуелі паруардегер сені айтамын»* өлең тармағындағы *«сені айтамын»* деген тіркесі 1991 (426-б.), 2003 (304-б.), 2013 (291-б.) ж. жинақтарда *«соны айтайын»* болып берілген.

Түпнұсқада (200-б.) *«Сонда айтылатын өлең»* сөйлеміндегі *«айтылатын»* сөзі 1989 ж. басылымда (251-б.) *«айтылған»* болып берілсе, 1991 (426-б.), 2003 (304-б.), 2013 (291-б.) ж. жинақтар түпнұсқадан ауытқымаған.

Түпнұсқада (200-б.) *«Бұл тойда топтан озған мен айтамын»* тармағындағы *«айтамын»* сөзі 1991 (426-б.), 2003 (304-б.), 2013 (291-б.) ж. басылымдарда *«айтайын»* болып өзгеріске ұшыраған.

Осы тараудың түпнұсқасында ұшырасатын *«Бітпесе есек қылы маңдайыма»* деген өлең тармағындағы *«есек»* сөзі «Ақ жол», 2003 (304-б.), 2013 ж. жинақтарда *«өсек»* болып өзгертілген.

Сондай-ақ түпнұсқа (201-б.) мен 1989 (251-б.) ж. жинақтың келесі тармағында кездесетін *«Баласын жаман деген заман бар ма?!»* өлең тармағындағы *«баласын»* деген сөз 1991 (426-б.), 2003 (304-б.), 2013 (292-б.) ж. жинақтарда *«Баласы»* болып берілген.

Түпнұсқаның (201-б.) осы тараушасында берілген

«Ау Ата – Ау Анадан қалған жол деп,
Насихат білгенімше беріп келдім.
Той етіп қыз ұзатпақ Хақ бұйрығы,
Адам мен Ау Ананың тап бұйрығы»

деген өлең жолдарындағы «Ау Ата» тіркесі өлеңнің келесі тармағында «Адам» болып берілген. «Ау Ана» мен «Ау Ата» тіркестері баспадан кеткен техникалық қате болуы мүмкін. Әсілі, «Адам ата» мен «Хауа ана» деген тіркес қисынға келеді. Бұл академиялық жинақта түпнұсқа бойынша берілді.

Түпнұсқа (202-б.) мен 1989 (252-б.) ж. басылымда кездесетін

«Біреудің әспеттеген ақ құйрығы.
.....
Болған соң ақ бұйрығы тек жылайды»

өлең жолдарындағы *«әспеттеген»* және *«ақ»* сөздері 1991, 2003, 2013 ж. жинақтарда *«әспеттенген», «хақ»* болып өзгеріске түскен.

Сондай-ақ түпнұсқадағы (202-б)

«Жасаған айтқан сөзім тұс келтіріп,
.....
Алдыңда азғана сөз әңгіме айттым»

өлең жолдарындағы *«тұс», «алдыңда»* сөздері 1989 (252-б.) ж. жинақта түпнұсқа бойынша берілсе, «Ақ жол», 2003 (305-б.), 2013 (293-б.) ж. басылымдарда *«түс», «алдыңа»* болып өзгертілген.

Түпнұсқа мен 1989 (252-б.) ж. жинақтағы *«Үйіңе* Қызыр *Ілияс келіп қонсын»* өлең тармағындағы *«Қызыр»* есімдігі 1991, 2003 (305-б.), 2013 (293-б.) ж. жинақтарда *«Қыдыр»* болып берілген.

Бұл сөздер түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Ұрып сөзі. Жар-жар. Түпнұсқадағы (203-б.)

«Ақ бетімді көруге айнам болсын, жар-жар!
Қанша жақсы болғанмен қайын атамыз, жар-жар!»

өлең жолындағы *«көруге»* деген сөз барлық жинақтарда *«көретін»* болып берілген. Бұл сөз түпнұсқа бойынша берілді.

Түпнұсқа (204-б.) мен 1989 ж. жинақтағы (253-б.)

«Қара *құйрық сәукеле шашың басар»* деген өлең жолы 1991 ж. жинақта (427-б.) *«Алтын* *құйрық сәукеле шашың басар» болып, «қара»* сөзін *«алтын»* сөзі ауыстырған. Ал, 2003 (306-б.), 2013 (294-б.) ж. жинақтарда *«Құйрық сәукеле шашың басар»* болып *«қара»* сөзі мүлдем түсіп қалған.

Түпнұсқа мен 2003 (306-б.), 2013 (294-б.) ж. басылымдарда кездесетін *«...айқасқан оң жақ қайда? деп айтылады.»* сөйлеміндегі *«деп»* деген сөзден соң 1989 (253-б.), 1991 (427-б.) ж. басылымдарда *«те»* шылауы қоса берілген.

Аталған кемшіліктер түпнұсқа негізіне қалпына келтірілді.

Ғұрып сөзі. Неке қияр. Түпнұсқада кездесетін (204-б.) *«Бірақ өлеңше ұйқасқан»* сөйлеміндегі *«өлеңше»* сөзі 1989 ж. жинақта (253-б.) *«өлеңде»* болып өзгертілген. Қалған жинақтар түпнұсқа қалпын сақтаған.

Түпнұсқа (205-б.) мен 1989 (254-б.) ж. жинақта *«қалыпша айтып»* тіркесіндегі *«қалыпша»* сөзі 1991 (428-б.), 2003 (307-б.), 2013 (295-б.) ж. жинақтарда *«қалыпта»* болып өзгеріске ұшыраған.

Сондай-ақ осы тараудың түпнұсқасындағы (205-б.) *«қалал жұптылыкке қабыл көріп алдыңыз ба?..... жұпты болдыңыз ба?...»* сөйлеміндегі *«қалал жұптылыкке»* сөз тіркесі 1991, 2003, 2013 ж. жинақтарда *«халал жұптылыққа»* болып берілсе, 1989 ж. жинақта *«қалал жүптілікке»* деп берілген. Алайда сөздің жазылу емлесіне сай *«халал жұптылыққа»* тіркесін осы күйінде қалдырдық.

Ғұрып сөзі. Жоқтау. Түпнұсқадағы (206-б)

«Жаяйын да жияйын!

Күнәлі бармақ, жез тырнақ»

деген өлең жолы 1991 жылғы басылымда (429-б.) *«жаяйын да жылайын»* деп берілген. *«Күнәлі»* сөзі 1989 жылғы басылымда (254-б.) *«Қыналы»* болып өзгертілген.

Түпнұсқадағы (207-б.) келесі *«Мөмілдеген* *қара көз»* тармағындағы *«мөмілдеген»* сөзі 1989 ж. жинақта (255-б.) *«мөлтілдеген»* деп берілсе, 1991 (429-б.), 2003 (308-б.), 2013 (296-б.) ж.

жинақтарда *«Мөлдіреген»* болып өзгертілген.

Түпнұсқадағы (207-б.)

«Асыл да каукар болатым,

Ұшан десем қанатым»

деген өлең жолдарындағы *«каукар»* сөзі 1989 (255-б.), 1991 (429-б.), 2003 (309-б.), 2013 (296-б.) ж. жинақтарда *«гауһар»* болып, ал *«ұшан»* сөзі 1989, 2003, 2013 ж. жинақтарда *«ұшайын»* деп, 1991 ж. басылымда *«ұшам»* болып берілген. Әсілі, кейінгі жинақтарда берілген *«гауһар», «ұшайын»* деген сөздері қисынға келеді. Түпнұсқада баспадан кеткен техникалық қателік болуы мүмкін. Осы академиялық жинақта бұл сөздер *«гауһар», «ұшайын»* деп берілді.

Түпнұсқа (207-б.) мен 1989 жылғы жинақтағы (255-б.) *«Ала арқанмен бек тарттым»* деген өлең жолы «Ақ жолда» (429-б.) кездеспейді. 2003 (309-б.), 2013 (297-б.) ж. жинақтарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Ғұрып сөзі. Жарапазан. Түпнұсқадағы (208-б.) *«Жарапазан айтатын екеу болып жүріп айтады»* сөйлеміндегі *«айтатын»* сөзі 1989 ж. басылымда *«айтатындар»* болып *«дар»* көптік жалғауы арқылы берілген. 1991, 2003, 2013 ж. басылымдар түпнұсқадан ауытқымаған.

Осы тараудың мысалында келтірілген *«Жарамазан»* сөздері 1989 ж. жинақта түпнұсқа қалпы сақталса, қалған жинақтарда *«Жарапазан»* болып өзгертілген.

Бұл жинақта өзгеріске ұшыраған сөздер түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Ғұрып сөзі. Бата. Түпнұсқа (210-б.) мен 1989 ж. жинақтағы (257-б.) *«Біткен аруақтарға тие берсін!»* тармағындағы *«біткен»* сөзі «Ақ жол», 2003, 2013 ж. жинақтарында *«бүткіл»* болып өзгеріске ұшыраған.

Түпнұсқа мен 1989 жылғы басылымда кездесетін

«Сенен байлық өтпесін,

Тәңірі берген несібең.

Тепкілесе кетпесін

Желіңнің екі шетіне»

деген жолдар 1991 жылғы жинақта *«Сенен байлық кетпесін»* тармағындағы *«өтпесін»* сөзі *«кетпесін»* болып өзгертілсе, ал *«Желіңнің екі шетіне»* жолы мүлдем түсіп қалған.

Түпнұсқада (211-б.) келетін

«Шіңгір-шіңгір кісінескен,

Сүйістікпен иіскескен»

өлең жолдарындағы *«кісінескен»* сөзі 1989 ж. басылымда (257-б.) *«кісінеген»* болып берілсе, 1991 (430-б.), 2003 (311-б.), 2013 (299-б.) ж. басылымдарда екінші жолы түсіп қалған.

Бұл жинақта түсіп қалған жыр жолдары мен өзгеріске ұшыраған сөздер түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Қалып сөзі. Түпнұсқада (212-б.) «сөздерді айтылады» тіркесі 1989 (257-б.), 1991 (431-б.), 2003 (312-б.) ж. жинақта *«сөздерді айтады»* болып, ал 2013 (299-б.) ж. алтытомдықта *«сөздерін айтады»* деп өзгеріске ұшыраған. Сөйлемдегі контекске сай осы академиялық жинақта *«сөздерді айтады»* деп өзгертілді.

Түпнұсқаның (212-б.) келесі сөйлемінде келетін «ауру *бақ-қанда»*, «*тісті емдегенде*» *тіркестері* 2013 ж. алтытомдықта (300-б.) *«ауру басқанда»,* «*тіс емдегенде»* болып берілген. Басқа жинақтар түпнұсқа бойынша берілген.

Түпнұсқада (212-б.) *«...жын шақырғанда ...»* сөйлемі 1991 ж. жинақта (431-б.) *«...жын шақыруы ...»,* 1989 жылғы басылымда (257-б.) *«...жынын шақырғанда...»* болып өзгерген. 2003 (312-б.), 2013 (300-б.) ж. басылымдардар түпнұсқадан ауытқымаған. Түпнұсқа (213-б.) мен 1989 ж. жинақтағы (258-б.) *«Сыйындым сізден бір медет»* тармағындағы *«медет»* сөзі «Ақ жол» (431-б.), 2003 (312-б.), 2013 (300-б.) ж. жинақтарда *«мезет»* болып өзгеріске ұшыраған.

Түпнұсқаның осы тарауында кездесетін (215-б.) *«Ор текенің мүйізінен»* өлең жолындағы *«мүйзінен»* сөзі 1991 (432-б.), 2003 (313-б.), 2013 (301-б.) ж. басылымдарда *«мүйізін»* болып берілген. Жоғарыда аталған өзгерістер түпнұсқа мәтіні бойынша берілді.

Жын шақыру. Түпнұсқадағы (213, 214 бб.)

«Жаңа келді дөу пері»

.....

«Жаңа келді Теңкетай»

деген өлең тармақтарындағы *«дөу», «Теңкетай»* сөздері 1989, 1991, 2003, 2013 ж. жинақтарда *«дәу», «Теңгетай»* болып берілген. Осы академиялық жинақта қазіргі орфографиялық жазылу емлесіне сәйкес *«дәу», «Теңгетай»* болып берілді.

Құрт шақыру. Түпнұсқада (215-б.) берілген *«Сарбас тұйғын, күйіт-күйіт»* тармағындағы *«күйіт, күйіт!»* шақыру сөздері 1989 ж. жинақта (259-б.) *«көйт-көйт»* болып өзгеріске түскен. Қалған жинақтар түпнұсқадан ауытқымаған. Жинақты дайындау барысында өзгеріске ұшыраған сөздер түпнұсқа бойынша түзетіліп берілді.

Дерт көшіру. Түпнұсқадағы (217-б.) *«Ұшыне орамалым түйдім тары»* тармағындағы *«ұшыне»* сөзі 1989 ж. жинақта *«үшіне»*, 1991, 2003, 2013 ж. жинақтарда *«ұшына»* болып берілген. Түпнұсқадағы аталған сөз баспа тарапынан кеткен қателік болуы мүмкін. Сондықтан да осы академиялық жинақта сөздің орфографиялық жазылу емлесіне сәйкес бұл сөз *«ұшына»* болып берілді.

Жазу әдебиет. Түпнұсқа (219-б.) мен 1989 ж. жинақтағы (261-б.) *«молдалардың ісінен Шортанбай, Ақмолда сияқты...»* сөйлеміндегі *«ісінен»* сөзі 1991 (434-б.), 2003 (317-б.), 2013 (305-б.) ж. жинақтарда *«ішінен»* болып өзгертілген. Сөйлемдегі контекске сай осы академиялық жинақта *«ішінен»* болып берілді.

Түпнұсқада кездесетін *«Бірақ қайсысында болса»* сөйлеміндегі *«қайсысында»* сөзіне 1991 (434-б.), 2003 (317-б.), 2013 (305-б.) ж. жинақтарда *«да»* шылауы жалғанған.

Осы тараудың түпнұсқасындағы (220-б.) *«...орыс үкіметі қазақ пен ноғай арасына жік салып...»* сөйлеміндегі *«орыс»* сөзі 1989 ж. жинақта (262-б.) *«патша»* болып өзгертілген. «Ақ жол» (434-б.), 2003 (318-б.), 2013 (306-б.) ж. жинақтар түпнұсқадағыдай берілген.

Осы абзацтағы түпнұсқада *«орысқа оқитын»* деген тіркестегі

«орысқа» сөзі *«орысша»* болып берілген. Сөйлемнің контекске сай *«орысша»* деген дұрыс келеді. Бұл баспа тарапынан кеткен қателік болуы мүмкін. Осы академиялық жинақта *«орысша»* деп берілді.

Сондай-ақ түпнұсқадағы (221-б.) *«...үлгі алып, соны еліктеуден пайда болып отыр»* сөйлеміндегі *«соны»* сөзі 1989, 2013 ж. басылымдарда *«соған»* сөзіне өзгертілген. 1991, 2003 жинақтарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Түпнұсқада *«Айтыс-тартыс түрдегі шығармалар...»* сөйлемінде берілген *«түрдегі»* сөзі 1989 ж. басылымда түсіп қалған. 1991, 2003, 2013 ж. басылымдарда түпнұсқа бойынша берілген.

Жинақты дайындау барысында өзгеріске ұшыраған сөздер түпнұсқа бойынша түзетіліп берілді.

Діндар дәуір. Түпнұсқада келетін *«...шығармалардың түрлеріне діншілдігімен ғана айрылмаса...»* сөйлеміндегі *«түрлеріне»* сөзі 1991, 2003, 2013 (308-б.) ж. жинақтарда *«түрлерінен»* болып берілген. 1989 (263-б.) ж. жинақ түпнұсқа бойынша берілген.

Осы тараудың *«...басымдығымен айырылатын түрлері мынау...»* сөйлемінде берілген *«басымдығымен»* сөзі 1989 ж. жинақта (263-б.) *«басымдылығымен»* болып өзгеріске ұшыраған.

Бұл академиялық жинақта жоғарыда аталған өзгерістер түпнұсқа бойынша берілді.

Қисса. Түпнұсқадағы (223-б.) *«...қазақ тұрмысынан сөзден емес...»* сөйлеміндегі *«тұрмысынан»* сөзінен кейін 1989 (264-б.) ж. жинақта *«алынған»* сөзі қосылып *«тұрмысынан алынған сөзден емес»* болып өзгертіліп берілген. Басқа басылымдарда *«тұрмысынан сөздер емес»* болып берілген. Алайда, бұл баспадан кеткен қателік болуы мүмкін. Сондықтан да 1989 ж. баспадағы өзгертулерді басшылыққа алдық.

Түпнұсқа (223-б.) мен 1989 ж. жинақтағы (264-б.) *«...шығарған қисса...»* тіркесіндегі *«қисса»* сөзіне 1991 (435-б.), 2003 (319-б.), 2013 (308-б.) ж. басылымдарда *«лар»* көптік жалғауы арқылы берілген.

Түпнұсқада (223-б.) келетін *«шариғат бұйрығын орнына*

келтірген адамдардың өмірінен де мысал келтіріп» деген сөйлем 2013 (308-б.) ж. алтытомдықта мүлдем кездеспейді. 1989 (264-б.), 1991 (435-б.), 2003 (319-б.) ж. басылымдар түпнұсқа бойынша берілген.

Түпнұсқаның (223-б.) осы тарауындағы араб тіліндегі діни терминдерге қатысты *«... ғұшыр, пітір, бедие...»* сөздеріндегі *«бедие»* сөзі 1989 ж. жинақта (264-б.) *«підия»* болып берілсе, 1991 (436-б.) ж. жинақта *«педие»* болып берілген. 2003 (320-б.), 2013 (308-б.) ж. жинақтар түпнұсқадағы жазылу емілесін басшылыққа алған.

Түпнұсқадағы (223-б.) қисса атауларына қатысты берілген *«Зарқұм», «Жалсал», «Сейпіл Мәлік»* қисса атауларының ішіндегі *«Жалсал»* 1989 (264-б.), 1991 (436-б.), 2013 (308-б.) ж. басылымдарда *«Салсал»* болып берілген. Түпнұсқадағы *«Жалсал»* атауы баспадан кеткен қателік. *«Жалсал»* атауын *«Салсал»* деп беруді жөн көрдік.

Түпнұсқадағы (224-б.) *«Жүсіпбек Шайхысламұлы Айқоқын»* есімі 1989 ж. жинақта *«Жүнісбек Шайқысламұлы»* болып берілсе, 1991, 2003, 2013 ж. жинақтарында *«Жүсіпбек Шайхысламұлы»* деп берілген. Түпнұсқа қалпына келтірілді.

Түпнұсқадағы (224-б.) *«бастамасындағы сөзінің түрлері»* тіркесіндегі *«сөзінің»* деген сөз 1991 (436-б.), 2003 (320-б.), 2013 (308-б.) ж. алтытомдық жинақта *«сөздің»* болып берілген.

Сондай-ақ осы тараудағы *«Мұса Қарынға барады. Қарын малы сансыз көп бола тұрып...»* сөйлемі 2003 ж. жинақта (320-б.) *«Мұса Қарынбайға барады да, Қарын малы сөзсіз көп бола тұрып...»* болып өзгеріске түскен. Түпнұсқадағы (224-б.) *«... күнәңді кешемін, – дейді... Зекет бермесең, жер жұтсын!» – деп ақырғанда...»* сөйлеміндегі *«кешемін»* сөзі 1989 ж. жинақта (265-б.) *«кешем»* болып, ал *«ақырғанда»* сөзі 1991 (436-б.), 2003 (320-б.), 2013 (309-б.) ж. жинақтарда *«ақырында»* деп өзгертілген. Түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Түпнұсқадағы қиссаның *«...Зекет бересің бе....жаннам түбіне кетесің деп...»* сөйлемінде *«бересің бе», «жаннам»* сөздері 1991 (436-б.), 2003 (321-б.), 2013 (309-б.) ж. жинақтарда *«Зекет*

бермесең», «жаһаннам» болып өзгеріске ұшыраған.

Түпнұсқадағы (226-б.) *«...айқын болғандықтан»* тіркесіндегі *«болғандықтан»* сөзі 1989 (265-б.) ж. жинақта *«болмағандықтан»* деп қате берілген.

Аталған өзгерістер осы академиялық жинақта түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Хикаят. Түпнұсқаның осы тарауындағы (226-б.) *«Бекер жүрер бірақ сол көргенде»* тармағында берілген *«бірақ»* сөзіне 1991 (437-б.), 2003 (322-б.), 2013 (310-б.) ж. жинақтарда *«та»* жалғауы қосылып жазылған. 1989 (266-б.) ж. жинақ түпнұсқа бойынша берілген.

Түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Насихат. Түпнұсқадағы (227–228 бб.)

«Жианде сендей болған пасық адам»
Кемдікке еті қызыт ренжімес
.....
Жианде кім десеңіз ұры болар,
Алланың рақыметінен қашық адам»

өлең жолдарындағы соңғы екі тармақ «Ақ жолда» (437-б.) түсіп қалған. Өлең жолдарында келтірілген мысалдағы *«Жианде»* сөзі 1989 (266-б.), 2013 (311-б.) ж. жинақта *«Жаһанда»* болып, ал 1991 (437-б.), 2003 (323-б.) ж. жинақтарда *«Жиһанда»* болып берілген. Ал түпнұсқадағы *«қызыт»* сөзі баспадан кеткен техникалық қате болуы мүмкін. *«Жианде»* сөзі бұл академиялық жинақта қазіргі орфографиялық жазылу емлесіне сәйкес *«жиһанда» деп,* ал *«қызыт»* сөзі сөздің мағынасына сай *«қызып»* болып берілді.

Түпнұсқа (228-б.) мен 1989 ж. жинақта (266-б.) *«Әбубәкірдің қатынға айтқан»* тіркесіндегі *«Әбубәкір»* есімі 1991 (437-б.), 2003 (323-б.), 2013 (311-б.) ж. басылымдарда «*Әубәкірдің*» болып берілген.

Түпнұсқа (228-б.) мен 1989 ж. жинақта (267-б.) *«Екінші тірілікте халыққа жақпас»* тармағындағы *«тірілікте»* сөзі 1991 (438-б.), 2003 (323-б.), 2013 (311-б.) ж. жинақтарда *«тірлігінде»*

болып өзгеріске түскен.

Түпнұсқадағы (228-б.) *«Көп болар қабір, ғазап тыныш жатпас»* өлең тармағындағы *«көп», «қабір»* деген сөздері 1991 (438-б.), 2003 (323-б.), 2013 (311-б.) ж. басылымдарда *«кеп», қайыр»* болып өзгеріске ұшыраған. 1989 (267-б.) ж. жинақ түпнұсқа бойынша берілген.

Түпнұсқадағы (229-б.)

«Бүгін жеген қатыңды.
Таңында бір күн берерсің.
Пақыр-міскін кез келсе,
Алып барар малың жоқ,
Дүниеде қайыр қыл!
.....
Досыңа жақсы орын бер!»
(Әбубәкір)

өлең шумағындағы *«қатыңды», «міскін»* сөзі 1989 (267-б.) жылғы басылымда *«қапыңды», «мүскін»* деп өзгеріске ұшыраған.

1991 (438-б.) жылғы жинақта

«Бүгін жеген наныңды,
Тағы да бір күн көрерсің.
Алып барар малың жоқ,
Бақыр, міскін кез келсе,
Бәріне де қайыр қыл!
.....
Дұшпаныңа жақсы орын бер!»

деп беріліп, «қапыңды», «таңында», «пақыр», «дүниеде», «досыңа» сөздері *«наныңды», «тағы да», «бақыр», «бәріне де», «дұшпаныңа»* болып өзгеріске ұшыраған, әрі авторы көрсетілмеген. Десек те, 2003 (323-б.), 2013 (312-б.) ж. жинақтар түпнұсқадан ауытқымаған. Алайда, түпнұсқадағы *«қатыңды»* сөзі баспадан кеткен қателік болуы мүмкін. Сөздің мағынасына сәйкес осы академиялық жинақта *«қақыңды»* деп берілді.

Мінәжат. Түпнұсқадағы (231-б.) *«мұң толғау, зарлау*

болады. Мінәжат Құдайға қаратып бастауымен мінәжат болатын болса» деген сөйлем 1991 (439-б.) *«мұң толғау, зарлау. Соларды мінәжат құдайға қаратып бастауымен мінәжат болатын болса»* деп *«болады»* деген сөз *«соларды»* деп өзгеріске түскен. *«Мінәжат»* деген сөз 2013 (313-б.) ж. алтытомдық жинақта мүлдем кездеспейді. 1989 (268-б.), 2003 (325-б.) ж. басылымдар түпнұсқа бойынша берілген.

Мінажатқа қатысты келтірген (230–231 бб.)

«Қадірі болмайды екен жұрт аманда.

.....

Сұрасқан хал, ақуал көңіл қоштар»

деген өлең жолдарындағы *«жұрт»* деген сөз 1991, 2003, 2013 ж. жинақтарда *«жұртқа»* болып, ал *«қоштар»* сөзі 1989 ж. жинақта *«құштар»*, 1991, 2003, 2013 ж. басылымдарда *«хоштар»* болып өзгеріске түскен.

Осы тараушадағы *«...тауларға мінажат етіп айтқан сөзі»* сөйлеміндегі *«етіп»* сөзі 1989 ж. жинақта (268-б.) *«қып»* деп өзгертілген.

Түпнұсқадағы (230-б.)

«Қажетің туссе ме егер бір наданға» деген өлең тармағы 1989 (268-б.), 1991 (439-б.), 2003 (325-б.), 2013 (313-б.) ж. басылымдарда *«Қажетің туссе егер бір наданға»* болып берілген. Түпнұсқада *«ме егер»* дегенде *«м»* әрпі баспадан қате басылған болуы керек. Осы академиялық жинақта бұл тіркес *«туссе егер»* болып берілді.

Түпнұсқадағы (232-б.) Жүсіпбектің медет тілеп айтқан *«Падишасы Құдайым!»* өлең жолындағы *«Падишасы»* сөзі 2003 (326-б.), 2013 (314-б.) ж. жинақтарда *«Падишасы едің Құдайым!»* болып өзгертілген. 1989 (269-б.), 1991 (439-б.) ж. басылымдар түпнұсқадан ауытқымаған.

Мақтау. Түпнұсқада (233-б.) *«Әлмәмамбет судьяны»* деген тіркесіндегі *«Әлмәмбет»* есімі 1989 ж. жинақта (269-б.) *«Әлмәмбет судьяны»* деп, ал «Ақ жол» мен 2003 (326-б.), 2013 (314-б.) ж. жинақтарда *«Әлмағамбет»* болып өзгеріске түскен.

Бұл академиялық жинақта «Әлмәмбет» деп берілді.

Түпнұсқадағы (234-б.) *«...болу мақсатпен көбі жарамсақтанып...»* сөйлеміндегі *«мақсатпен»* сөзі 1989 ж. жинағында *«мақсатымен»* болып берілген. Кейінгі баспагерлер тарапынан өзгеріске ұшыраған бұл сөздер түпнұсқа бойынша қайта түзетілді.

Даттау. Осы тараушадағы Әбубәкірден келтірілген мысалда (235-б.) *«Болып тұр бұл замана судан да ылай»* тармағындағы *«замана»* мен *«ылай»* сөзі 1989 ж. басылымда (270-б.) *«заманда»* және *«лай»* болып берілген. «Ақ жол» мен 2003 жылғы көптомдық пен 2013 ж. жинақтарда ол сөздер түпнұсқа бойынша берілген.

Түпнұсқада (235-б.) *«Зекетін саудалайды молдасына»* деген өлең жолы «Ақ жолда» (441-б.) *«Дегенін саудалайды молдасына»* деп берілген. 1989 (271-б.), 2003 (328-б.), 2013 (316-б.) ж. басылымдар түпнұсқадан ауытқымаған. Осы академиялық жинақта аталған өзгерістер түпнұсқа бойынша берілді.

Айтыс. Түпнұсқада *«Шариғатқа теріс істерін мін қылып мүдіртпек болады»* деген сөйлемдегі *«мүдіртпек»* сөзі 1991ж. басылымда (441-б.) *«...сүрінтпек...»* деп берілген. 1989 (271-б.), 2003 (328-б.), 2013 (316-б.) ж. басылымдар түпнұсқадан ауытқымаған.

Толғау. Түпнұсқадағы (237-б.) *«ақындарының толғауы да»*, *«әсері барлығы»* тіркестеріндегі *«толғауы да», «барлығы»* деген сөздер 1989 (271-б.), 1991 (441-б.), 2003 ж. бестомдық (329-б.) пен 2013 ж. алтытомдық жинақта (317-б.) *«толғауларында да», «барлығын»* болып берілген.

Түпнұсқа (238-б.) мен 1989 (272-б.) ж. жинақта келетін *«Мақшұқым тауыса алман етіп баян»* деген өлең тармағындағы *«Мақшұқым»* деген сөз 1991 (442-б.) «Мақсұтым» болып берілсе, 2003 (330-б.), 2013 (318-б.) «*Мақшұтым»* болып берілген.

Жоғарыда аталған өзгерістер осы академиялық жинақта түпнұсқа бойынша берілді.

Діндар дәуір. Намыс яки соғыс толғауы. Түпнұсқадағы

(240-б.) *«Жүсіп Ақымет жырында Ғашырбек...»* деген сөйлем «Ақ жолда» (443-б.) *«Жүсіпбек, Ақыметбек жырында Ғашырбек...»* деп берілсе, 1989 жылғы басылымда (273-б.) *«Жүсіп, Ахмет жырында Ғашірбек...»* болып өзгерген. 2003, 2013 ж. басылымдарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Сондай-ақ, осы сөйлемнен кейін келетін: *«Шүлдірлетіп қызыл басты»* деген өлең жолындағы *«шүлдірлетіп»* сөзі 1991 жылғы басылымда (443-б.) *«шөлдірлетіп»* деп өзгеріске ұшыраған. 1989, 2003, 2013 ж. басылымдарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Кейінгі басылымдарда өзгеріске ұшыраған сөздер түпнұсқа бойынша түзетіліп берілді.

Терме. Түпнұсқадағы (244-б.)

«Көкірегіне қалалды.

.....

Көрмесін деген залалды»

деген өлең жолдарындағы *«қалалды»* деген сөз 1989 (275-б.), 2003 (334-б.), 2013 (321-б.) ж. жинақтарда *«қадалды»* болып берілсе, 1991 (444-б.) ж. басылымда *«халалды»* болып берілген. Ал келесі *«көрмесін»* деген сөз 1989 ж. жинақта түпнұсқа бойынша берілсе, 1991 ж. жинақта *«көрмессін»* деп, 2003 ж. бестомдық пен 2013 ж. алтытомдықта *«көрмессің»* болып өзгеріске ұшыраған.

Түпнұсқадағы (244-б.)

«Жақсылықтан айырым жоқ

.....

Ғаламның орта жарығы»

өлең тармағындағы *«айырым»* сөзі 1989 (275-б.) ж. басылымда *«ырым»* деп берілсе, 1991 (444-б.), 2003 (334-б.), 2013 (321, 322-б.) ж. жинақтар түпнұсқадан ауытқымаған. Ал келесі *«орта»* деген сөз 1989 ж. жинақта түпнұсқа бойынша берілсе, 1991, 2003, 2013 ж. жинақтарда *«ортақ»* деп берілген.

Түпнұсқа (245-б.) мен 1989 (275-б.) ж. жинақта берілген

«Мұсылманның тарығы» өлең тармағындағы *«тарығы»* деген сөз «Ақ жол» (445-б.) мен 2013 (322-б.) ж. алтытомдықта *«парызы»* болып өзгеріске ұшыраған.

Кейінгі басылымдарда орын алған өзгерістер түпнұсқа бойынша қайта түзетілді.

Сындар дәуірі. 1991 (446-б.), 2003 (337-б.), 2013 (324-б.) ж. жинақтарда *«Ат сейіс»* деген сөздің түпнұсқа қалпы сақталған, ал 1989 (278-б.) ж. жинақта *«Ат сайыс»* болып өзгеріске түскен. Дегенмен, осы жинақтағы өзгеріс сөйлем мағынасына дұрыс келеді. Сондықтан бұл сөз осы акамедиялық жинақта *«Ат сайыс»* болып берілді.

Түпнұсқадағы (249-б.) *«асыл сөздің адамның»* тіркесіндегі *«сөздің»* деген сөз 1989 (278-б.), 1991 (447-б.), 2003 (337-б.), 2013 (325-б.) ж. жинақтарда *«сөзді»* болып берілген. Ал 2013 ж. алтытомдықта *«сөзді»* деген сөзден кейін *«білетін»* деген сөз қоса берілген. Бұл академиялық жинақта сөйлемнің мағынасына сәйкес бұл сөз *«сөзді»* болып берілді.

Түпнұсқадағы (250-б.) *«Абай асыл сөздің айқындап нұсқаларын көрсеткеннің үстіне, аз да болса асыл сөз сипаттарын айтып та жұртты хабардар қылды»* деген сөйлемдегі *«айқындап нұсқаларын»* тіркесі 1989 (278-б.) ж. жинақта *«нұсқаларын айқындап»* деп орындары ауысқан. 1991 (447-б.), 2003 (338-б.), 2013 (325-б.) ж. жинақтарда түпнұсқа қалпы сақталғанмен, 1989 ж. жинақтағы өзгеріс сөйлемнің мағынасына сәйкес келеді. Осы академиялық жинақта *«нұсқаларын айқындап»* деп берілді.

Түпнұсқадағы (251-б.) *«Солай еткенде дарынды сөз табына жататын сөздің түрлері мынау болмақ. лерде өзіне тиіс орындарында атап өтеміз. Солай еткенде»* деген сөйлемі баспа тарапынан қателік болуы мүмкін. Себебі, соңғы сөйлемнің басы және аяғы жоқ. Аяқталмаған сөйлем кейінгі жарық көрген басылымдарда берілмеген. Осы академиялық жинақта соңғы басылымдар негізге алынды.

Әуезе яки әңгіме түрлі сөздер. Түпнұсқа (251-б.) мен 1989

(279-б.), 447-б.), 2003 (338-б.) ж. жинақтарда кездесетін *«Бұл топқа кіретін сөздер толып жатыр. Оның бәрін түгелдеудің қажеті жоқ. Басты-басты түрлерін алғанда, олары мынау болады»* деген сөйлем 2013 (325-б.) ж. жинақта мүлдем кездеспейді. Осы сөйлемдегі *«тапқа»* деген сөз 1989 (279-б.) ж. жинақта *«топқа»* болып берілген. Аталған өзгерістер түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Айтыс-тартыс табына қарайтын сөздер. Түпнұсқа (252-б.) мен 1989 (279-б.) ж. жинақтағы *«Тартыстың өзі басты-басты тарау болып бөлінеді»* деген сөйлемде *«басты-басты»* қос сөзінен кейін 1991 (448-б.), 2003 (339-б.), 2013 (326-б.) ж. басылымдарда *«үш»* деген сөз қоса берілген. Алайда, соңғы үш басылымдағы өзгеріс қисынға келеді.

Әуезе түрлері. Ертегі жыр. Түпнұсқа (252-б.) мен 1989 (280-б.) ж. жинақта *«бұрынғысының ертегінен»* тіркесі 1991 (448-б.), 2003 (339-б.), 2013 (326-б.) ж. жинақтарда *«бұрынғының ертегісінен»* болып берілген. Аталған өзгеріс осы академиялық жинақта түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Ұлы әңгіме яки роман. Түпнұсқадағы (253-б.) *«жақсысы, жаманы бар»* тіркесіндегі *«жақсысы»* деген сөз 1989 (280-б.), 1991 (448-б.), 2003 (340-б.), 2013 (327-б.) ж. жинақтарда *«жақсы»* болып берілген.

Түпнұсқадағы (253-б.) *«сирек болатын»* тіркесіндегі *«болатын»* сөзі 1989 (280-б.) ж. жинақта *«солатын»* болып берілген. 1991 (448-б.), 2003 (340-.б.), 2013 (327-б.) ж. жинақтарда түпнұсқа бойынша берілген.

Түпнұсқа (253-б.) мен 1989 (280-б.) ж. жинақта кездесетін *«өмір бойы оны»* сөз тіркесіндегі *«оны»* сөзі «Ақ жол» (448-б.) мен 2003 (340-б.), 2013 (327-б.) ж. жинақтарда мүлдем кездеспейді.

Түпнұсқа (254-б.) мен 2003 (341-б.) ж. жинақта «*Сол* сияқты адам *қаталасқан* бір ғана *ісінен*» 1991 (449-б.) ж. жинақта «Сол сияқты адам қаталасқан бір *қатасынан*» болып, *«ісінен»* деген

сөзі *«қатасынан»* болып өзгеріске ұшыраған. *«Сол»* деген сөз 1989 (281-б.) ж. жинақта *«со»* деп берілген.

Сондай-ақ түпнұсқадағы (255-б.) *«...байланып жатады. Тіршілік ісінің парқын айыру, мәнісін білу»* сөйлеміндегі *«байланып»* деген сөз 1989 (281-б.) ж. жинақта *«байланысып»*, ал *«айыру, мәнісін»* сөздері «Ақ жол» (449-б.), 2003 (341-б.) ж. бестомдық пен 2013 (328-б.) ж. алтытомдықта *«абырой-мәнісін»* болып өзгеріске ұшыраған.

Осы тарауда кездесетін (255-б.) *«...қамтама қаласың. Олардың бөгетшілігін...»* деген сөйлем 1991 жылғы басылымда (449-б.) *«...қапы қаласы». Олардың бөгеттілігін...»* деп өзгерген. 1989 (281-б.), 2003 (341-б.), 2013 (328-б.) жылғы басылымдарда түпнұсқа бойынша берілген.

Түпнұсқа (257-б.) мен 1989 ж. жинақтағы (283-б.) *«ірілі-уақты»* деген тіркес 1991 (450-б.), 2003 (343-б.), 2013 (329-б.) ж. жинақтарда *«ірі-уақты»* деп берілген.

Жоғарыда аталған өзгерістер осы академиялық жинақта түпнұсқа бойынша берілді.

Әуезе жыры. Түпнұсқа (259-б.) мен 1989 (283-б.) ж. жинақтағы *«еткен қайратын», «азаматының көрсеткен»* тіркестеріндегі *«азаматының»* деген сөз 1991 (451-б.), 2003 (344-б.), 2013 (330-б.) ж. жинақтарда *«азаматтың»* болып, *«еткен»* деген сөз 2013 ж. алтытомдықта *«өткен»* болып берілген.

Аңыз өлең. Түпнұсқа (260-б.) мен 1989 ж. жинақтағы (284-б.) *«аңыз болады»* тіркесіне 1991, 2003, 2013 ж. жинақтарда *«аңыз»* сөзінен кейін *«өлең»* деген сөз қосылып, *«аңыз өлең болады»* деп берілген.

Мысал. Түпнұсқадағы (261-б.) *«бір-бірі айрылмайды»* тіркесі 1989 (285-б.), 1991 (452-б.), 2003 (346-б.), 2013 (332-б.) ж. жинақтарда *«бір-бірінен айрылмайды»* болып берілген. Сөйлемдегі контекстік мағынаға сәйкес *«бір-бірінен»* деген дұрыс келеді. Осы академиялық жинақта *«бір-бірінен»* болып берілді.

Белгілі француз мысалшының есімі түпнұсқа (262-б.) мен

1989 (285-б.) ж. жинақта *«Буттен»* болып берілсе, «Ақ жол» жинағында (452-б.) *«Лафонтен»* болып, 2003 (346-б.) ж. бестомдық шығармалар жинағы мен 2013 (332-б.) ж. алтытомдық шығармалар жинағында *«Лабунтен»* болып берілген. «Буттен» деген баспа тарапынан кеткен қателік болуы мүмкін. Әсілі, 1991 ж. жинақта бұл есім дұрыс берілген.

II. Толғау түрлері. Түпнұсқа (262-б.) мен 1989 (286-б.) ж. жинақтағы *«...көрсетілген де еді»* тіркесіндегі *«де»* шылауы «Ақ жол» (452-б.), 2003 (347-б.), 2013 (333-б.) ж. жинақтарда түсіп қалған.

Түпнұсқадағы (263-б.) «*Нас, былғаныш»* деген сөздердегі *«нас»* сөзі 2013 (333-б.) ж. жинақта *«лас»* болып, ал 1989 (286-б.), 1991 (453-б.), 2003 (347-б.) ж. жинақтарда түпнұсқа бойынша берілген.

Түпнұсқадағы (264-б) *«...өрнекті сөздермен айтып білдіріп...»* сөйлеміндегі *«айтып»* сөзі 1989 (387-б.) ж. жинақта түсіп қалған. 1991 (453-б.), 2003 (348-б.), 2013 (334-б.) ж. жинақтар түпнұсқа бойынша берілген.

Осы академиялық жинақта өзгеріске түскен сөздер түпнұсқа бойынша берілді.

Толғау түрлері. Түпнұсқа мен 1989 (287-б.) ж. жинақтағы *«Толғау түрлері»* деген тарауша атауы 1991 (453-б.), 2003 (348-б.), 2013 (334-б.) ж. жинақтарда мүлдем кездеспейді.

Түпнұсқадағы (364-б.) *«Көңіл наразылығы мұң туғызады, мұң ой туғызады. Осы айтылған мәністерге қарай...»* сөйлеміндегі *«мұң туғызады»* деген тіркес 1989 (287-б.) ж. жинақта түсіп қалса, «*мәністерге»* сөзі 1991 (453-б.), 2003 (348-б.), 2013 (334-б.) ж. жинақтарда *«істерге»* болып өзгеріске ұшыраған.

Кейінгі басылымдардағы орын алған өзгерістер осы академиялық жинақта түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Марқайыс толғау. Түпнұсқа (265-б.) мен 1989 (287-б.), 1991 (453-б.), 2003 (348-б.) ж. жинақтардағы *«Көңіл шын ырза»* деген тіркестегі *«шын»* сөзі 2013 (334-б.) ж. алтытомдық жинақта *«шық»* болып өзгеріске ұшыраған. Аталған өзгеріс осы

академиялық жинақта түпнұсқа бойынша берілді.

Налыс. Түпнұсқа (265-б.) мен 1989 (287-б.), 2003 (349-б.) ж. жинақтарда осы тараушаның *«Налыс»* деген атауы 1991 (454-б.) ж. жинақ пен 2013 (335-б.) ж. алтытомдық жинақта *«Налыс толғау»* болып берілген.

Түпнұсқадағы *«Бағыты сол мұрат»* сөз тіркесіндегі *«бағыты»* деген сөз 1989 (287-б.), 1991 (454-б.), 2003 (349-б.), 2013 (335-б.) ж. жинақтарда *«яғни»* болып өзгеріске ұшыраған.

Осы тараушада келетін (265-б.) *«...бақытты болған шақта да бақыт...»* сөйлеміндегі *«да»* шылауы 1989 (287-б.) ж. жинақта кездеспейді. Осы тараушаның соңында берілген *«Сондай мұңды, шерлі толғаулар налыс деп аталады»* сөйлемінде «Ақ жол» (454-б.) мен 2003 (349-б.), 2013 (335-б.) ж. жинақтарда *«налыс толғау деп аталады»* деп *«толғау»* сөзі қоса берілген.

Кейінгі басылымдарда өзгеріске ұшыраған сөздер түпнұсқа бойынша түзетілді.

Сұқтаныс. Түпнұсқа (267-б.) мен 1989 (289-б.) ж. жинақтағы «*Ұлы болсын, ұсақ болсын біз жақсы нәрсеге сұқтанамыз»* сөйлеміндегі *«біз»* сөзі 1991 (454-б.), 2003 (350-б.), 2013 (336-б.) ж. басылымдарда *«бір»* болып өзгеріске ұшыраған.

Ойламалдау. Осы тараушада кездесетін (268-б.) *«шаруалық»* сөзі «Ақ жол» (455-б.) мен 2003 (351-б.), 2013 (336-б.) ж. жинақтарда *«шаруашылық»* болып өзгеріске түскен. 1989 (289-б.) ж. жинақта түпнұсқа бойынша берілген.

Намыстаныс. Түпнұсқадағы (266-б.) *«Намыстаныс»* тараушасының атауы 1991 (454-б.) ж. жинақта *«Намыс толғау»* болып өзгеріске ұшыраған. 1989 (288-б.), 2003 (349-б.), 2013 (335-б.) ж. жинақтарда түпнұсқа қалпы сақталған. Аталған өзгеріс осы академиялық жинақта түпнұсқа бойынша берілді.

Түпнұсқада (266-б.) кездесетін *«Намыс толғау соғыс кезінде, соғысқа түсіру үшін яғни»* деген тіркес 1991 жылғы жинақта (454-б.) берілмеген. Бұдан кейінгі жинақтарда бұл тіркес кездеседі.

Түпнұсқаның осы сөйлеміндегі *«...жерде айтылған»*

тіркесіндегі *«айтылған»* сөзі 1991 (454-б.), 2003 (349-б.), 2013 (335-б.) ж. жинақтарда *«айтқан»* болып берілген. 1989 (288-б.) ж. жинақ түпнұсқа бойынша берілген.

Түпнұсқада (266–267 б.) *«Қазақ орыс патшасына қарап басы байланған соң соғыс болмаған...соғысқа бара-бара ер басына... Не жайбарақат орында...»* деген сөйлемдегі *«бара-бара»* қос сөзі 1989 ж. жинақ пен «Ақ жолда (454-б.) *«бара-бар»* болып, *«орыс патшасына»* тіркесі 1989 (288-б.) ж. жинақта *«Қазақ патшаға»*, ал *«жайбарақат»* сөзінің алдында *«не»* шылауы қоса берілген. 2003 (349-б.) ж. бестомдық пен 2013 (335-б.) ж. алтытомдықта түпнұсқа бойынша берілген.

Түпнұсқа (267-б.) мен 1989 (288-б.) ж. жинақта *«Бірақ намыс толғаудың»* деген тіркестегі *«толғаудың»* сөзі 1991 (454-б.) ж, 2003 (350-б.) бестомдық пен 2013 (335-б.) ж. алтытомдық жинақта *«толғауының»* болып берілген.

Жоғарыда аталған өзгерістер осы академиялық жинақта түпнұсқа бойынша берілді.

Сұқтаныс. Түпнұсқадағы *«Сұқтаныс»* тараушасының атауы 1991 (454-б.) ж. жинақта *«Сұқтаныс толғау»* болып берілген. 1989 (288-б.), 2003 (350-б.), 2013 (336-б.) ж. жинақта түпнұсқа қалпы сақталған.

Осы академиялық жинақта аталған өзгеріс түпнұсқа бойынша берілді.

Сөгіс толғау. 1989 (290-б.) жинақта *«Бұрынғы үгіт түріндегі сөздердің орнын бірте-бірте сөгіс толғау алып, өте үгіт түріндегі сөздер жоғалмақшы»,* 1991 (455-б.), 2003 (351-б.), 2013 (337-б.) ж. жинақтарда *«Бұрынғы тек үгіт түріндегі сөздердің орнын бірте-бірте сөгіс толғау алып, өте үгіт түріндегі сөздер жоғалмақшы» болып берілген.* Түпнұсқада (269-б.) *«Бұрынғы үгіт түріндегі сөздердің орнын бірте-бірте сөгіс толғау алып, тек үгіт түріндегі сөздердің орнын бірте-бірте сөгіс толғау алып, өте үгіт түріндегі сөздер жоғалмақшы»* осы сөйлемде сөйлемдер екі рет қайталанып, баспа тарапынан қателік орын алған. Осы академиялық жинақта контекстік мағынаға сәйкес *«Бұрынғы тек*

үгіт түріндегі сөздердің орнын бірте-бірте сөгіс толғау алып, тек үгіт түріндегі сөздер жоғалмақшы» деп берілді.

Осы тараудағы Абай өлеңінен мысал ретінде келтірілген (270–271 б.)

«Сылдырлап өңкей келісім
.....
Тәңірінің күні жарқырап,
.....
Шиыршық айтып толғанар.
Адалат пенен ақылға
.....
Жек көрсең де, өзің біл»

өлең жолдары 1989 (291-б.) ж. жинақта

«Сылдырап өңкей келісім
.....
Тәңіріңнің күні жарқырап,
.....
Шиыршық атып толғанар.
Әділет пенен ақылға
.....
Жек көрсең де, өзің біл»

болса, 1991 (456-б.) ж. жинақта

Шиыршық атып толғанар.
Әділет пенен ақылға
.....
Жек көрсеңдер, өзің біл»

деп, түзетілген. Ал 2003 (353-б.), 2013 (338-б.) ж. жинақтарда соңғы екі шумағындағы тармақтардағы *«айтып», «көрсең де»* деген сөздері *«атып»* және *«көрсеңдер»* болып өзгеріске ұшыраған. Әсілі, *«шиыршық айтып»* тіркесіндегі *«айтып»* сөзі баспадан кеткен қателік болуы мүмкін. Мүрсейіт қолжазбалар негізінде дайындалған 2020 жылы жарық көрген Абайдың академиялық жинағында (296-б.)

«Шиыршық атар, толғанар.

.....

Әділет пен ақылға

.....

Жек көрсеңдер, өзің біл»

деп берілген.

Осы академиялық жинақта бұл сөздер *«атып», «көрсең де»* болып берілді.

Күліс. Түпнұсқадағы *«Неден күлкі болып тұрған мәнісін тексермейміз»* сөйлеміндегі *«тексермейміз»* сөзі 1989 (292-б.) ж. басылымда *«тексереміз»* деп, болымды сөзбен берілген.

Айтыс-тартыс. Осы тараудың атауы түпнұсқада (273-б.) *«Айтыс-тартыс»* деп берілсе, 2003 (354-б.), 2013 (339-б.) ж. жинақтарда *«Айтыс-тартыс түрлері»* болып *«түрлері»* сөзі қоса жазылған. 1989 (292-б.), «Ақ жол» (457-б.) жинағында түпнұсқа қалпы сақталған. Осы тараудың атауы түпнұсқа мазмұнында (287-б.) *«Айтыс-тартыс түрлері»* болып берілген.

Түпнұсқада (276-б.) *«Аз болсын, көп болсын әркімнің мүддесі бар»* деген жолдағы «мүддесі» деген сөз 2013 (342-б.) жылғы алтытомдықта «*мұраты»* болып өзгеріске ұшыраған. 1989 (294-б.), 1991 (458-б.), 2003 (357-б.) ж. жинақтарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Түпнұсқада (277, 279-б.) *«...әдебиет түріне тек айтыс дегеннен...»* және *«...амалы болса, сол амал мақсатты қайраттан туған амал болады»* деген сөйлемдер «Ақ жолда» (459–460-б.) кездеспейді. 1989 (296-б.), 2003 (358-б.), 2013 (343-б.) ж. жинақтарда түпнұсқа бойынша берілген.

Түпнұсқадағы (279, 280-б.)

«Ұстасудың үш дәуірі болады:

1) байланыс, 2) шшіленіс, 3) шешіліс. Ұстасудың бұл үш дәуірі күресу дәуірлері сияқты. Байланыс – палуандардың белдерін буынып, білектерін сыбанып, балтырларын түрініп, күреске шығып ұстасқаны есебіндегі дәуірі; шшіленіс – палуандардың әдіс-амал, күш, өнері бәрін жұмсап, қайрат қылып, күресті қыздырған шағы сияқты дәуір; шешіліс – палуандардың

бірін-бірі жыққан мезгілі сияқты дәуір» деген сөйлемдегі *«шиіленіс»* сөзі 1989 (296-б.), 1991 (460-б.), 2003 (359-б.), 2013 (343, 344-б.) ж. басылымдарда *«шиеленіс»* болып берілген. «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» бойынша (584-б.) осы академиялық жинақта *«шиіленіс»* сөзі *«шиеленіс»* болып берілді.

Әуреленіс. Түпнұсқадағы *«Сондықтан әлектеністің сүйініште сүйіндіріп, күйініште күйіндіріп...»* сөйлеміндегі *«сүйініште»* және *«күйініште»* сөздері 1989 (297-б.) ж. жинақ пен «Ақ жолда» (460, 461-б.) *«сүйініші», «күйініші»* болып өзгертілген. 2003 (360-б.), 2013 (344-б.) ж. басылымдарда түпнұсқа қалпы сақталған.

Жинақты дайындау барысында өзгеріске ұшыраған сөздер түпнұсқа бойынша түзетіліп берілді.

К. Мұстафаева

«ОҚУ ҚҰРАЛЫ»

А. Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің ерекшеліктері туралы балаларға арналған «Оқу құралы» 1921 жылы Орынбор қаласынан жарық көрген. Көлемі – 90 бет. Кітаптың мұқабасында «Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша әліфба» деп жазылған. «Усул сотие» («الأصول الصوتية») – араб тілінде фонетика негіздері деген мағына береді.

Ғалымның академиялық толық жинағына «Оқу құралының» 1921 жылғы Орынбор нұсқасы (екі бөлімі) тұңғыш рет толық беріліп отыр. А. Байтұрсынұлының осыған дейінгі жинақтарында бұл оқулықтың бірінші бөлімі ғана басылып келген. Аталған оқулық 1912–1925 жылдар арасында бірнеше рет (қолда бар түпнұсқа материалдарына қарағанда 8 рет) басылып шыққан. 1912, 1913, 1914 жылғы (екі бөлімі біріктіріліп басылған), 1921, 1922 жылғы (екі рет), 1923 және 1925 жылғы нұсқалары бар. Кейбір деректерде оқулықтың 1916 және 1924 жылғы басылымдары да бар екені көрсетілген. Бірақ, аталған нұсқалар табылмады.

Бұған дейінгі А. Байтұрсынұлының жинақтарында және көптомдықтарында аталған оқулықтың 1912 жылғы нұсқасының бірінші бөлімі ғана беріліп отырған. 1912–1913 жылдары ғалым бұл оқулығының екі бөлімін бөлек жазып, бөлек бастырып келсе, 1914 жылдан бастап аталған оқулықтың екі бөлімі біртұтас басылған. 1914 жылдан 1921 жылға дейінгі басылымдары кездеспейді.

«Оқу құралының» (қазақша әліфбаның) аталған сегіз нұсқасының ішкі мазмұны ұқсас болғанымен, жылдар өткен сайын оқу-ағарту ісінің сол дәуірдегі жаңаша талаптарына және Патша үкіметінің құлауымен, Кеңес үкіметінің орнауы барысындағы көптеген тарихи өзгерістерге байланысты ғалым оқулықтарының мазмұнын бірде толықтырып, бірде ықшамдап отырған. Төте жазуды жетілдіру барысында да жыл сайын өзгеріп отырған емлелік ережелерге байланысты аталған оқулықтың әр нұсқасында айырмашылықтар көп. Мысалы, 1921 жылға дейін аталған оқулықта араб тілінен енген сөздер араб тілінде қалай дыбысталып, қадым жазуында қалай жазылса, сол бойынша

беріліп келген. 1923 жылдан бастап араб тілінен енген сөздерді қазақ тіліне бейімдеп жазу қарқын алғанын ғалымның оқу құралынан да байқауға болады. Сондықтан, қолжетімді болған сегіз нұсқаны барынша мұқият салыстыруға тура келді. Қысқасы, 1912, 1913 және 1914 жылғы «Оқу құралдары» мазмұндық жағынан ұқсас. 1921 және 1922 жылғы (екі рет басылған) нұсқалары да бір-біріне біршама жақын. 1923 және 1925 жылғы екі нұсқада айырмашылық жоқ. Осыларды ескере отырып, 1912 жылдан 1925 жылға дейінгі 8 басылымының ішінде 1921 жылғы (Орынбор) басылымы біршама толық әрі жетілдірілген нұсқа ретінде таңдалды. Сегіз нұсқаның арасындағы айырмашылықтар ғылыми түсінікте егжей-тегжейлі талданып, көрсетілді.

Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» деген атпен жарық көрген оқулықтары өз ішінен төртке бөлінеді. Бірінші, балаларға арналған* «Оқу құралы» (қазақша әліфба). 1912–1925 жылдар аралығында 8 рет басылған. Екіншісі, үлкендерге арналған «Оқу құралы» (Семей,1921). Үшіншісі, оқытушыларға арналған «Қазақша әліппеге баяншы. Оқу құралы» (1920). Төртінші, Телжан Шонанұлымен бірге жазған, III, IV жылдарда оқытуға арналған көлемді «Оқу құралы» (1926 және 1927 жылы, Қызылорда, екі нұсқасы бар). Ғалымның осы төрт түрлі «Оқу құралы» атты оқулықтары 1912 жылдан 1927 жылға дейін бірнеше рет қайталанып басылған. Осы нұсқалардың бәрін жинақтағанда 12 басылым бар деуге болады.

Аталған «Оқу құралдары» – А. Байтұрсынұлының «Әліпби – жаңа құрал», «Сауат ашқыш» атты еңбектері өзге оқулықтарынан мүлде бөлек еңбек. Оның үстіне «Оқу құралы» деп төрт рет басылғанымен де, бұл оқулықтар бір-біріне мүлдем ұқсамайды. Тіптен, балаларға арналған «Оқу құралының (қазақша әліппе)» 1912–1925 жылдар аралығында жарық көрген сегіз нұсқасының арасында да айтарлықтай айырмашылықтар бар.

* «Оқу құралы» деген атпен шыққан оқулықтардың өзі бірнеше түрлі болғандықтан, «Балаларға арналған» деген анықтаманы біз қосып отырмыз. – Құраст.

Ғалымның балаларға арнап жазған «Оқу құралының» (Қазақша әліфба) сегіз нұсқасы арасында төмендегідей айырмашылықтар байқалады:

1. 1912–1913 жылдар арасында «Оқу құралы» тек бірінші сыныпқа арналған әліппе ретінде шығып тұрған. Бұл жылдары оқулық бірінші, екінші бөлім болып, екі бөлек жарық көрді. Бірінші бөліміне «Оқу құралы» (Қазақша әліфба)» деп берілсе, екінші бөлімі «Оқу құралы (қазақтан басқа түрік, араб, парсы сөздеріне жазылатын харыфтарды үйрету үшін һәм оқуға төселу үшін тәртіп етілген, әліфбаға жалғас, екінші кітап)» деп берілген. Яғни осы жылдар арасында бір ғана «Оқу құралының (әліфба)» өзі екі бөлімнен тұратын, шағын екі оқулық есебінде болды.

2. 1914 жылы Орынборда шыққан «Оқу құралында» бұған дейін екі бөлімнен тұратын екі шағын оқулық біріктіріліп, баспадан бір оқулық ретінде шықты. Осы үрдіс 1925 жылға дейін жалғасты. Дегенмен, 1922 жылдан бастап араб, парсы тілдерінен кірген дыбыстарды таңбалайтын әріптерді таныстыратын екінші бөлімді автор барынша ықшамдап берген. Яғни 1921–1922 жылға дейін екі бөлімнен тұратын оқулық 90 беттен асса (1921 жылы 90 бет, 1922 жылғы Ташкент басылымы 95 бет), 1922 жылғы Орынборда шыққан «Оқу құралынан» бастап, 1923, 1925 жылдары түгелдей 72 бет болып шыққан. Бұл реттерде кітап авторы шет тілдерінен енген әріптерді таныстыратын 30 бетті түгелдей қысқартып, тек оқулықтың ең соңында «Қазаққа басқа тілден қатысқан сөздер үшін алынбаған дыбыс таңбалары» деп алты әріпті ғана көрсетіп берген. Ал, бұған дейінгі басылымдарда кітап авторы араб, парсыдан енген әріптерді (дыбыстарды) түсіндіріп отырған. Тіпті, араб жазуында көп кездесетін харакат, сукун, т.б. ерекшеліктеріне дейін көрнекілендіріп көрсеткен. Осыған қарап, 1922 жылдың соңына қарай Ахмет Байтұрсынұлы «Оқу құралдарын (әліфбаны)» қазақ балаларына оқытуда араб, парсы дыбыстарын үйретудің қажеті жоқ деп қарағаны байқалады. Араб пен парсы тілінен енген

сөздер ғана емес, туыстас түркі халықтарының дыбыстық базасында және әдеби тілінде бар кейбір әріптерді де автор оқулығында айырықша түсіндіріп отырған еді. Кеңес үкіметі толықтай орнай бастаған жылдары түрікшілдік пен исламшылдыққа бейімдеп, аталған оқулықтың мазмұндарын қысқартқан болуы да ықтимал. Осы ерекшеліктерді зерттеп, 8 нұсқаны бірбірімен салыстыра келе, біз Ахмет Байтұрсынұлының балаларға арнап жазған «Оқу құралының» 1921 жылы Орынбордан шыққан нұсқасын ең толық деп танып, осы академиялық жинаққа енгізіп отырмыз. А. Байтұрсынұлы ақталған 1989 жылдан бері Қазақстанда басылып шыққан кітаптарында, көптомдықтарында аталған «Оқу құралының» 1912 жылы Орынборда басылған тұңғыш нұсқасы ғана енген болатын. Онда да оқулықтың екінші бөлімі жинақтардан қағыс қалып келді. Демек, А. Байтұрсынұлының бұған дейінгі жинақталған еңбектеріне енбеген, аталған «Оқу құралының» екінші бөлімі тұңғыш рет толық басылып отыр.

А. Байтұрсынұлының балаларға арналған «Оқу құралының» (қазақша әліфба) (1912–1925) мазмұны мен құрылымына да тоқтала кеткен жөн. Бұл кітап алғаш рет 1912 жылы Орынборда жарық көрген. Автор «Балалар, бұл жол басы даналыққа» деп басталатын «Тарту» атты ғибрат тақпағын оқулықтың беташары ретінде берген. Кітаптың әріп үйретер бірінші бетінің үстіңгі оң жағына: «Бисмиллахир-рахманир-рахим» деген Құран сөзі шырағдандай орналастырылған. Әрі қарай қазақ әріптері төте жазу жолымен рет-ретімен беріледі де, әрбір харіптің тұсына таңбасы және сол таңбаның атауы жазылады. Және төменгі жағына оқытушыға түсінік, яғни нұсқаулығы қатар ұсынылады. Балалар үйретілген әріпті тез жаттау үшін, сол әріпке қатысты төл сөздерді береді. Мысалға берілген бұл сөздердің де ұғымға жеңіл, жаттауға қолайлы жағы барынша қарастырылған. Мысалы, «Оқу құралында» «ң» әрпіне мынадай мысалдар көрсетілген: «*Ыңжың, мың, жаңа, жаңар, оңғақ, тоңғақ, шың, шыңы, шыңда, тың, тыңы, тыңда, қаңбақ, жаңғақ, шаңырақ.*

Қасқыр аң. Дала шаң. Бала тоңды, мата оңды. Ат маңқа. Асық оңқа. Шапан жаңа. Оның аты Оңғар. Мұның аты Мыңжасар».

Сонымен қатар, әріптер толық үйретіліп болғаннан кейін, дауысты-дауыссыз дыбыстарды көрсетіп өтеді де, оқушының ұғымына сай, түсінігіне лайық, қысқа да нұсқа атауларды келтірген. Мәселен: туысқан-туған атаулары, тұрмысқа қажетті киім, үй саймандары, ыдыс-аяқ, мал мен хайуандар атаулары және ас-тағамдармен қатар, дене мүшелерінің атаулары, жер жүзінің атаулары, жер түгінің атаулары т.б. қамтылады. Балалар осыларды үйреніп алғаннан кейін, жұмбақтар, жаңылтпаштар, шын өлеңдер, өтірік өлеңдер, т.б. қызықты мәтіндермен танысады. Оқулықтың бірінші бөлімінде бала әліппені аяқтайды.

Оқу құралының екінші бөлімінде *«Қазақтан басқа түрік, араб, парсы сөздеріне жазылатын харыфтарды үйрету үшін һәм оқуға төселу үшін тәртіп етілген, әліпбеге жалғас, екінші кітап»* деген ескертпе берілген. Мұнда қазақтан басқа түріктердің тілінде бар дыбыстар, араб пен парсы тілінен енген әріптер арнайы үйретіледі. Бұл дыбыстардың жазылуы мен қазақ тіліндегі қолданысына оқулықтың 30 беті арналған. Осыларды игеріп болған оқушыға енді адам аттары, ай аттары, баталар, жыршы сөздері, жөн сұрасу, т.б. сияқты қазақы дүниетанымдағы құндылықтар көрсетіледі. Одан кейін қазақтың мақал-мәтелдерінің мәнін ашатындай «Ұры» *(Сезікті секірер)*, «Арсыз ит» *(Өзгенің ісін өзіне жору)*, «Өтірікші тышқан» *(Қолы жетпеген қорлаушыл)*, «Жыртық шелек жеңілірек» *(Еңбегі аздан өнбек аз),* «Талас» *(Жақын таласса, жатқа жем болады) т.б.* көптеген ғибратты ұсақ әңгімелер берілген. Соңында «Балалық күй» атты өлеңді үйреніп, оқушы аталған оқулықты бітіреді.

Оқулықтардың бала сауатын ашудағы зор қызметіне, оның 1912, 1913, 1914, 1916, 1921, 1922 (2 рет), 1923, 1925 жылдары жиі басылым көруі айғақ. Кітап ғалымның есімі ақталғаннан кейін бірінші рет бүгінгі әріпке түсіріліп, ҰҒА-ның Тіл білімі институтының дайындауымен 1992 жылы жарық көрген «Тіл

тағылымы» атты жинаққа енді (33–47 бб.). Сондай-ақ, Қырғыз Республикасының филолог-ғалымы Дыйканов Карбоз өз қаражатымен осы кітаптың 1914 жылғы басылымын 1991 жылы 5000 данамен қайтадан бастырды. Кітап қаз қалпында, яғни төте жазумен жарияланды.

Бұған дейін кітаптың әр жылдары жарық көрген барлық нұсқаларын тауып, салыстыру мүмкіншілігі болмаған. Ұлттық кітапхана мен Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында бұл 1912 жылғы кітаптың қандай да бір данасы сақталмаған. Өзге жылдардағы нұсқалары салыстырылып, кездескен айырмашылықтары көрсетіліп отыр.

А. Байтұрсұнф – түпнұсқа негізді оқулықтың *(мұнан әрі оқулықтың. – құраст.)* титул бетінің ең басында тұрған автор аты. Оқулыққа сәйкес берілді. Ол кездегі (1912–1924) көптеген оқулықтар мен баспасөзде «в» дыбысы үшін, «ф» алынған. Бұл жерде қадім жазуынан жалғасып келген емле ережесіне сай, «ф» дыбысының алдында жазылмағанымен, «ы», «о», «ұ» дыбыстарының бірін қосып оқу көзделген. Сол тұрғыдан бұл жерде ғалымның аты-жөнін «А. Байтұрсыныф» немесе «А. Байтұрсұнұф» деп оқыған дұрыс.

Оқуу құралы (اوقوُو قوُرالى) – оқулықтың титул бетіндегі кітап аты. 1921 жылғы басылымға сәйкес берілді. 1924 жылға дейін мұндай сөздер «-ұу, -ыу, -үу, -іу» үлгісінде немесе жалаң «-у» үлгісінде жазылып келді. Алайда, жалаң «-у» үлгісінде жазылғанымен, сол сөздің басына сүйеу таяқ «ا» қойылғандықтан дыбыстау қажетіне қарай «-ұу, -ыу, -үу, -іу» үлгісінде оқылатынын ғалым өз оқулығында ескертіп отырды.

Усул сотие жолымен тәртіп етілген – кітаптың титул бетіндегі оқулықты жазу әдісі туралы мәлімет. А. Байтұрсынұлы өзі жазған оқулықтарында «Усул сотие жолы», «Жаңа жол», «Дыбыс әдіс жолы» және «Тұтас сөз әдісі жолы» (кейде тұтас оқу әдісі деп те аталады. – құраст.) деген бірнеше әдіс жолдарын пайдаланған. Автор оқулықтарының титул бетіне аталған әдіс жолдарының қайсысын қолданғанын жазып отырған. «Оқу

құралы», «Сауат ашқыш», «Әліпби. Жаңа құрал», «Баяншы» атты оқулықтарының бәрінен осындай ескертпені көруге болады.

Осындағы «*тәртіп етілген*» деген сөздің мағынасы – жүйеленген, құрастырылған, дайындалға. Ал оқулықта бұл сөз жазылған дегенді білдіреді. Автор усул сотие жолына сай жазылған кітап екенін ескертеді. Ғалым үлкендерге арналған «Оқу құралында» (Семей, 1921) да «Жаңа жолмен тәртіп етілген қазақша әліфба» деп көрсеткен. «*Тәртіп етілу»* сөзі А. Байтұрсынұлының 1926 жылы шыққан «Сауат ашқыш» атты оқулығында «тәртіптелу» болып берілген. Тәртіп етілу мен тәртіптелу екеуі бір сөз. Сол тұста «тәртіптелу» деген осы сөз де термин болып қалыптасқаны байқалады. 1936 жылғы Қазақстан баспасынан шыққан «Қазақша-орысша сөздікте» (Жауапты редактор Әлібайып А.Б.) «***Тәртіптел + ғу*** *– быть систематизированным, быть приведенным в порядок»* деп көрсетілген.

Қазақша әліфба – оқулықтың титул бетіндегі жазу. Мұндағы әліфба сөзі оқулыққа сәйкес берілді. Оқулықтың титул бетінде «*Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша әліфба»* деп көрсетілген. Мұндағы *«Әліфба»* сөзі *(қазіргі кезде әліппе немесе әліпби. – құраст.)* «Әліфбә» болып дыбысталады. Қазақ сөзінің соңы «ә» дыбысымен аяқталмайды деген қағиданы ескере отырып, «әліфба» нұсқасын алдық.

Бірінші кітап – оқулықтың титул бетінде. А. Байтұрсынұлының «Оқу құралы» – 1912–1925 жылдар арасында аса көп таралыммен жиі басылып тұрған, білім беру саласында кең көлемде қолданыста болған маңызды оқулық. Автор өзінің әліпбиін (төте жазу) жыл өткен сайын жетілдіру барысында «Оқу құралын» да мазмұн жағынан қажеттілігіне қарай бірде ықшамдап, бірде толықтырып отырған. «Оқу құралының» біздің қолымызға іліккен 8 нұсқасында ішінара айырмашылықтар бар. Аталған айырмашылықтарды салыстыра келе, ғалымның 1921 жылы Орынбордан жарық көрген «Оқу құралын» біршама толық нұсқа деп танып, зерттеушілерге түсінікті болуы

үшін, әр бетінде кездескен айырмашылықтарға ғылыми тұрғыда тоқталып, түсінік беріп отырмыз. «Оқу құралы (үлкендер үшін)» деген атпен басылған оқулықтың мектеп оқушыларына арналған нұсқаларынан айырмашылығы біршама мол болғандықтан, ғалымның академиялық толық жинағында оны бөлек бердік. Бұдан бөлек, А. Байтұрсынұлы мен Т. Шонанұлы бірлесіп жазған, 412 беттен тұратын көлемді «Оқу құралын» (1926, 1927) да бөлек қарастырдық.

«Балалар! Бұл жол басы даналыққа» – оқулықтың титул бетінде берілген білімге шақыру өлеңі.

Балалар! Бұл жол басы даналыққа,
Келіңдер, түсіп, байқап қаралық та!
Бұл жолмен бара жатқан өзіңдей көп,
Соларды көре тұра қалалық па?
Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық,
Жүріңдер, іздеп тауып алалық та!

Б.

А. Байтұрсынұлы осы бір білімге шақыру өлеңін 1912–1925 жылдарда бірнеше рет басылып шыққан, балаларға арналған «Оқу құралының» титул бетіне үнемі беріп отырған. Сондай-ақ бұл өлең ғалымның оқытушыларға арналған «Баяншы» қолданбасында (Ташкент, 1921), «Әліпби. Жаңа құрал» (1926, 1927, 1928) оқулығында да берілген. Ал үлкендерге арнаған «Оқу құралында» (Семей, 1921) және «Сауат ашқыш» (Семей, 1926) оқулығында бұл өлең берілмейді.

Б. – оқулықтың титул бетіндегі балаларды білімге шақыру өлеңінің соңына автордың аты осылай берілген. «Оқу құралының» басқа жылдары шыққан нұсқаларында автор қолтаңбасы «А.Б.» болып, 1926 жылы шыққан «Әліпби. Жаңа құрал» атты оқулықта автор аты *«шығарушы»* деп берілген.

«Бұрынғы 1 інші hәм 2 інші әліфба бір қосылып басылды» – оқулықтың титулдан кейінгі бетіндегі шағын түсіндірменің соңғы жолы. Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» 1912–1913 жылдары екі бөлімнен тұратын екі шағын оқулық

болатын. 1914 жылдан бастап 1925 жылға дейін екі бөлімі қосылып бір оқулық ретінде басылған.

а – ا, р – ر, з – ز – оқулықтың үшінші беті. Ғалымның «Оқу құралының» 1912–1914 жылдардағы нұсқасында бастап үйретілетін (**а – ا, р – ر, з –ز**) – осы дыбыстардың жоғарғы жағында «Бисмиллахир-рахманир-рахим» деген дұғамен басталған. 1921 жылдан кейінгі нұсқаларында бұл дұға сөз кездеспейді.

Орал орар – оқулықтың 7-бетіндегі «о» әрпіне келтірілген мысалдардың ең соңындағы тіркес. 1922 жылы Ташкенттегі басылымға дейін «Орал орар» болып келсе, 1923 және 1925 жылғы Орынборда басылған нұсқаларда «Орал оралар» деп берілген.

Об – оқулықтың 10-бетіндегі «б» әрпін үйрету үшін қолданылған сөздердің ең біріншісі. Бүгінгі қолданыстағы **«оп»** сөзі. Осы **оп** сөзін сөздіктерде былай деп түсіндіреді: **Оп** – шығырды айналдыратын көліктің жүретін жолы, оның айналасы, алаңы

Сөздің ең соңында келетін «п» дыбысының «б» ға жақын естілетінін ескеріп, ғалым емлесінде сөз соңындағы «п» орнына «б» алынып келді. ХХ ғасырдың басындағы төте жазуда шыққан кітаптардың дені осы қағиданы басшылыққа алды. Қап, қарап, тұрып, т.б. сөздер де «б» мен берілген. Оқулықтағы осындай (об) айрықша мысалдардан басқа жағдайда сөз соңына келген «п» дыбысы қазіргі емлеге сай «п» әрпімен берілді.

Баққан, табқан – оқулықтың 10-бетіндегі «б» әрпін үйрету үшін қолданылған сөздердің үшінші жолында келеді. ХХ ғасыр басындағы әдеби мұраларда сөздің басында келген «п» дыбысына ғана «п» жазылды (парта, парақ). Ортасында және соңында келетін «п» (پ) дыбысының орнына көбінесе «б» (ب) қолданылған.

Ұ –ۇ – оқулықтың 11-бетінде «ұ» әрпі таныстырылады. «Оқу құралының» 1921 жылғы Орынбор басылымына дейінгі нұсқаларында «у» мен «ұ» дыбыстары бір таңбамен (ۇ) түсіндіріледі. Ал, 1923–1924 жылдары шыққан «Оқу құралдарында» оқушыларға «у» (ۋ) алдымен үйретіледі, сосын «ұ» (ۇ) беріледі.

1921 жылғы басылым мен 1925 жылғы басылымдарда «ұ» әрпіне берілген мысал сөздер де ұқсамайды. 1921 жылғы басылымда: «*ырұу, азұу, алұу, табұу, танұу, тасұу, қорқұу, қотарұу, таратұу, ұл, ұн, тұрта, тұура, құу, құуан, құуат»* сөздері берілсе; 1925 жылғы басылымда *«ұр, ұра, бұр, бұра, сұр, сұра, бұқ, бұқа, құл, құла, құлан, құлын, тұр, тұра, тұура, құу*, *құуан* және *құуат*» сөздері берілген.

Ырұу (اروُو) – оқулықтың 11-бетінде «ұ» әрпіне келтірілген мысалдардың бірінші сөзі. Оқулықтағы жазылуы бойынша берілді. 1922 жылғы Ташкент басылымында дәл осы жерде *«Ырұу»* сөзі мысал ретінде берілген.

Ат арұу, тон тозұу; ұлұу, бұрұу, т.б. – оқулықтың 11-бетінде «ұ» әрпіне келтірілген мысалдар. Бұлардың барлығы оқулықтағы нұсқа бойынша берілді. 1921 жылғы басылым мен 1925 жылғы басылымда «ұ» әрпін үйретуге арналған сөз тіркестерінде айырмашылықтар бар. 1921 жылғы басылымда: *«ат арұу, тон тозұу, қазан асұу, ас салұу, ат құла, бақан құлар, құнан аттан арзан, қар бораса бұрқақ болар»* тіркестері берілсе; 1925 жылғы басылымда: «*ұра, бұр, бұра, сұр, сұра, бұқ, бұқа, құл, құла, құлын, тұр, тұра, тұура, құу, құуан»* сөздері берілген.

Жұнар – оқулықтың 12-бетіндегі «Ж» (ج) әрпін үйретуге арналған мысалдардың бірі. Осы нұсқада ғана *«жұнар»*, 1922, 1923, 1925 жылғы нұсқаларда *«жұтар»* болып келген.

Қанжар қарұу, жанжақта от жоқ т.б. – оқулықтың 12-бетіндегі «Ж» (ج) әрпін үйретуге арналған тіркестер. Барлығы оқулықтағы жазылуы бойынша берілді.

ڇ ڇ ڇ Ш – оқулықтың 13-бетінде «ш – ڇ» әрпі оқытылады. А. Байтұрсынұлы төте жазудың барлық әріптерін тұрақтандырғаны 1924-ші жыл. Сол жылдан бастап «ш» дыбысының әрпі «ش» болып тұрақтанған. Оған дейінгі еңбектерде «ш» әрпі «ڇ»мен таңбаланған. Осы оқулықта да «ш» дыбысы «ڇ»мен берілген. 1924 жылдан кейінгі ішінара басылымдарда ғана «ш» әрпі «ڇ»мен таңбаланған. Себебі, ол кезде жаңа емлеге сәйкес тұрақтанған әріптер әлі

де жалпыбеттік қолданысқа түсе қоймаған деуге болады. 1925 жылғы «Оқу құралында» да «ш» әрпі «ڭ»мен таңбалануы соны білдіреді.

Ы – ى – оқулықтың 14-бетінде «ы» (ى) әрпі таныстырылады. «Оқу құралының» 1923 жылдан кейін жарық көрген нұсқаларында «ш» дан кейін «м», онан соң «ы» әрпі берілген. Ал осы нұсқада (1921, Орынбор) «ш» дан кейін «ы» беріліп отыр. Яғни Ахмет Байтұрсынұлы «Оқу құралдарында» алфавит тәртіптерін де өзінің зерттеу нәтижесіне қарай біртіндеп өзгертіп отырған.

Ары, арық, азы, азық, қаны, қанық – оқулықтың 14-бетінде «ы» (ى) әрпін таныстыруға арналған мысалдардың бірі. «Оқу құралының» 1923 жылдан кейін жарық көрген нұсқаларында «ы» әрпіне берілген мысалдар да өзгеше. Айталық, 1921 жылға дейінгі басылымдарда мұндағы «ы» әрпі үшін «*ары, арық, азы, азық, қаны, қанық», т.б.* сөздері берілсе, 1923 жылғы басылымда «*ары, арық, қазы, қазық, қабы, қабық»,* т.б сөздерді мысалға алады. Мұндай айырмашылықтар оқулықта басқа әріптерге байланысты да кездесіп отырады.

م ـمـ ـم **М** – оқулықтың 15-бетінде «м» әрпі таныстырылады. «Оқу құралының» 1923 жылдан кейін жарық көрген нұсқаларында «ы» дан кейін «ғ» әрпі берілген, ал «м» әрпі «ы» әрпінен бұрын берілген. Біздің қолдағы осы (1921, Орынбор) нұсқада «ы» дан кейін «м» берілген. «Оқу құралының» 1923 жылдан кейін жарық көрген нұсқаларында «м» әрпіне берілген мысалдарда да айырмашылықтар бар. Айталық, 1921 жылы «м» әрпіне келтірген мысалдарда «мық» (шеге) сөзі бар болса, 1923 жылғы басылымда «монша», «мұрат» деген сөздер қосылған. 1912 жылы «шамалы» деген сөз берілсе, 1923 жылы «шамала» сөзі келеді. Сөз тіркестерінен: 1921 жылы «*мал аман, мас жаман, тамшы тамар, малта ашшы, алтын салмақты, мамық жұмсақ, сырмақ қатты»* тіркестері берілсе, 1923 жылғы басылымда: «*заман тар, мақта жұмсақ, мақпал қара, мақал сара, шам жанар»* тіркестері беріледі. Мұндай айырмашылықтар басқа әріптерге берілген мысалдарда да кездеседі.

غ غ غ Ғ – оқулықтың 16-бетінде «ғ» әрпі таныстырылады. Ахмет Байтұрсынұлының төте жазуында 1924 жылға дейін «ғ» әрпінің орнына «غ̇» (нүктелі) қолданылып келді. 1924 жылдан кейін «ғ» әрпінің орнына «غ» (нүктесіз) қолданылды. 1921 жылғы басылым мен 1925 жылғы басылымдар арасында осы «ғ» әрпі үшін берілген тіркестерде де айырмашылық бар. 1921 жылғы басылымда: «*оған қарама, маған қара; оған он жас, бұған тоғыз жас», т.б.* тіркестер кездеседі; 1925 жылғы басылымда: «*ағын сұу ағып жатыр, жалқау жалығар, талмаш талығар; анау ауылға бара жатыр, мынау қалаға бара жатыр», т.б.* тіркестері бар.

Қарағұс – оқулықтың 16-бетінде «ғ» әрпі үшін көрсетілген мысалдардың бірі. Оқулықтағы нұсқа бойынша берілді.

Аққұу аппақ – оқулықтың 18-бетіндегі «п» әрпін түсіндіру үшін берілген тіркестердің бірі. Мұндағы **аққұу** сөзі оқулықтағы жазылуы бойынша берілді.

Бала тоңды, мата оңды – оқулықтың 19-бетіндегі «ң» әрпін түсіндіру үшін беріген тіркестердің бірі. 1914 жылғы «Оқу құралында» осы сөздерден кейін *«Жер тоң. Жел оң»* деген тіркестер бар. Осы (1921, Орынбор) нұсқадан бастап кейінгі нұсқаларында ол тіркестер берілмеген.

У –ۆ – оқулықтың 21-бетінде «у» әрпі таныстырылған. «Оқу құралының» 1923 жылдан кейін жарық көрген нұсқаларында «у» әрпі оқулықтың басқы бөлімдерінде берілген. Яғни «б» әрпінен кейін, оқулықтың 11-бетінде берілген. 1924 жылдан бастап «ұ» үшін осындағы «ۇ», «у» үшін «ۆ» (үш нүктелі) әрпі қолданылған. Сондай-ақ, «у» әрпіне берілген мысалдар да өзгеше. 1921 жылғы басылымда: *«ауыз, жау, жауын, ауған, жауған, айау, тайау, бұуаз, ұуақ, сұуұр, сұуұқ, жұуұқ, ұуқ, ұуз, ұуз, ұуус»* сөздері берілсе; 1925 жылғы басылымда: «*ауа, ауар, сау, сауыр, сауын, тау, тауық, бау, бауыр, қау, қауын, арыу, азыу, табыу, таныу, салыу, сауұу»* сөздері берілген. 1921 жылы сөз тіркестерінен: «*асау тай, жұуан қарағай, жауын жауып тұр, таудан бұлақ ағады, саулық сауын болады және қалауын тапса*

қар жанар» берілсе, 1925 жылы: «*балау – ас, тау тарау, ауыл алыс, балық аулау, орақ ору, ауыру ат, асау атан, ақ отау, асқар тау, тал сабау және сар қауын»* қатарлы сөз тіркестері бірелген. Екі басылымдағы әрбір әріпке берілген сөздер мен сөз тіркестерінің айырмашылығы – аталған оқулықтардағы әліпби реттерінің өзгеруінен болғаны байқалады.

Он асық – оқулықтың 22-бетінде «ө» әрпін таныстыру үшін қолданылған тіркестердің бірі. 1914 жылғы «Оқу құралында» бұл тіркес берілмеген.

Бұру – бүрүу; тұрұу – түрүу; ұрұу – үрүу, т.б. – оқулықтың 23-бетінде «ү» әрпін үйрету үшін берілген сөздер. Бұл сөздердің барлығы оқулық бойынша берілді.

Ін. Іні. Іс. Ісі. Тіс. Тісі – оқулықтың 24-бетінде «і» әрпін үйретуге арналған сөздер. «Оқу құралының» 1923 жылдан кейін жарық көрген нұсқаларында бұл мысалдар «*інім, інің, ісім, тісім, тісің»* болып берілген.

Бүлген елден бүлдірге алма – оқулықтың 28-бетіндегі «г» әрпін түсіндіруге арналған сөйлемдердің бірі. Мұнда оқулық бойынша берілді. Көптеген материалдарда және ауызекі тілде «Бүлінген елден бүлдірге алма» болып қолданылады.

Төсегіңе қарап айағыңды көсіл – оқулықтың 28-бетіндегі «г» әрпін түсіндіруге арналған сөйлемдердің бірі. Оқулық бойынша берілді.

Қазақ тіліндегі дыбыстардың таңбасы – оқулықтың 29-бетінде берілген. Осы бетке дейін қазақ тілінің әліппесі үйретіледі. 1923 жылға дейінгі төте жазуда қазақ тіліндегі дыбыстардың таңбасы осылай берілгенімен, 1923–1924 жылдан кейінгі таңбаларда айқын өзгешеліктер болды. 1921 жылғы басылымда «у» дыбысы мен «ұ» дыбысына бір әріп берілсе, 1923 жылдан бастап у мен й-ды жарты дауысты дыбыстар деп берген. Сондықтан, «Төте жазу» туралы зерттеушілер, негізінен, 1924 жылғы жазу емлесі толықтай қалыптасып болғаннан кейінгі нұсқаларын пайдаланғаны жөн. Себебі, оған дейін қазақ тілінде бар дыбыстар және дыбыстарға арналған әріптер

толықтай зерттеліп, тұрақтанып болмаған. А. Байтұрсынұлы аталған әліпбиді 12 жыл бойы жетілдіріп отырған. Қысқасы, А. Байтұрсынұлының төте жазуының 1912–24 жылдар арасындағы кезеңін жетілдіру кезеңі, 1924–1929 жылдары кемелденіп орнығу кезеңі деп қарау керек. Қолымыздағы оқулық 1921 жылғы басылым болғандықтан, аталған құралдағы әліпби тәртібі және кей дыбыстарға берілген әріптердің 1924 жылғы нұсқамен айырмашылықтары болуы заңды құбылыс.

ه ۴ ۽ **е** – оқулықтың 29-бетіндегі «**Қазақ тіліндегі дыбыстардың таңбасында».** 1923 жылға дейінгі төте жазуда «е» ні сөз басында, ортасында, соңында белгілеу үшін мына «ه ۴ ۽» үш түрлі әріп бірдей қолданыста болды. 1923 жылғы «Оқу құралынан» кейін «е» әрпі тек «ه» арқылы берілді.

Тұуысқан, тұуған, іліктес. Оқулықтың 29-бетіне дейін қазақ тіліндегі дыбыстардың таңбасы толық үйретілгеннен кейін көрсетілген бірінші мазмұн. Онда *ата, баба, әке, аға, жеңге, келін, бажа,* т.б. туыстық атауларды таныстырады. Осы секілді *киімдер, ойын-ойыншықтар, тамақ-сусындар, дене мүшелері, үй саймандары, ыдыс-аяқ, малдар аты, малдан басқа төрт аяқтылар, құстар, бақа-шаян, құрт-құмырсқа, жер түгінің аттары, жер жүзінің аттары және сан* деген шағын атаулар түсінігі берілген. Осыдан кейін, жаңылтпаш, жұмбақ, мақалдар беріледі.

Кійімдер. Оқулықтың 30-бетіндегі «Кійімдер» атты шағын мәтінде қазақтың «*шапан, ішік, тон, шалбар, етік, мәс, байпақ, шұлғау», т.б.* киімдерінің аты жазылған.

Ойын-ойыншықтар. Оқулықтың 30-бетінде. Мұнда «*жалақ, соқыртеке, ағызбақ, шатыраш, ақсүйек», т.б.* ұлттық ойын түрлерінің аты берілген.

Тамақтар-сусындар. Оқулықтың 30-бетінде. «*Нан, ет, сөк, айран, сүт, қымыз, қант, шалап, томыртқа», т.б.* ұлттық тағамдар, ас-су атаулары берілген.

Дене мүшелері. Оқулықтың 31-бетінде. Мұнда: «*бас, мойын, көз, құлақ, жүрек, қолқа, бүйен, сан, саусақ, бармақ», т.б.* дене мүшелері таныстырылған.

Үй саймандары. Оқулықтың 32-бетінде. Мұнда «*шаңырақ, уық, есік, босаға, таңғыш, белдеу, ірге, бақан», т.б.* үй саймандары таныстырылған.

Ыдыс-айақ. Оқулықтың 32-бетінде. Мұнда «*қазан, тегене, шара, табақ, аяқ, саба, торсық, мес, көнек, талыс, қоржын, оқшонтай»* қатарлы ыдыс-аяқ түрлерінің атаулары жазылған.

Малдар аты. Оқулықтың 32-бетінде. Мұнда «*түйелер, жылқылар, сиырлар, қойлар, ешкілер»* деп бөліп, олардың жасына қарай аталуын берген. *«Бызау»* – Бұзау сөзі. ХХ ғасыр басында «бызау» болып жазылғаны жиі кездеседі. Оқулық бойынша берілді.

Малдан басқа төрт айақтылар. Оқулықтың 33-бетінде. Мұнда «*ит, мысық, күзен, қарсақ, марал, құлан, құлжа», т.б.* жануарлар атауы берілген.

Құстар. Оқулықтың 33–34-беттерінде. Мұнда «*бүркіт, тұйғын, қырғи, жағалтай, күйкентай, тырна, үйрек, бөдене, шіл, тарғақ», т.б.* құстар атаулары берілген.

Бақа-шайан. Оқулықтың 34-бетінде**. «***Жылан, көлбақа, тасбақа», т.б.* жәндіктер аталады.

Құрт-құмырсқа. Оқулықтың 34-бетінде. «*Қоңыз, бүйі, сона, бүгелек, шіркей», т.б.* жәндіктер аталады.

Жер түгінің аттары. Оқулықтың 34–35-беттерінде. Мұнда «*ағаштар»* және «*шөп-шөлеңдер»* деп екіге бөліп, өсімдіктерді атап өтеді.

Жер жүзінің аттары. Оқулықтың 35-бетінде. Мұнда: «*тау, адыр, қыр, жон, дала, сай, теңіз, бұлақ, өзек, қопа», т.б.* атаулар берілген.

Сан. Оқулықтың 35-бетінде. Бір, екі, үш деп бастап сандарды атап өтеді.

Қосет атам ет асатар, ет асатса бес асатар. Оқулықтың 36-бетінде берілген жаңылтпаш. 1923 жылдан кейінгі «Оқу құралында» осыған қоса басқа жаңылтпаштар берілген. Айталық, 1925 жылғы басылымда: «*Бай Тайқарбай, қойыңды Ақшағылға жай Тайқарбай»* деген жаңлытпаш қосылған. Соңынан дене

мүшелерін тез жаттауға арналған үш шумақ тақпақ берілген. 1921 және 1925 жылғы басылымдарда осы жаңылтпаштан өзге мазмұндарда айырмашылық жоқ.

Жұмбақ. Оқулықтың 36-бетінде. «*Айдалада ақ сандық, ауызы-мұрны жоқ сандық; Ерте тұрдым, алып ұрдым», т.б.* оншақты жұмбақ берілген.

Мақалдар. Оқулықтың 36–37-беттерінде. «*Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле; білім жұғысады, ырыс ұйысады», т.б.* оншақты мақал берілген.

Біздің үй. Оқулықтың 37-бетінде. Отбасы мүшелерін және олардың істейтін істерін таныстырған шағын мәтін.

Мен оқуға қалай бардым. Оқулықтың 38-бетінде. Әбіш деген құрдасының кітабындағы қызықты мәтіндерді біліп, оқуға барғысы келген баланың ойын бейнелеген мәтін.

Өтірік өлеңдер. Оқулықтың 38–39-беттерінде. Балалардың оқып, түсінуіне жеңіл үш шумақ (14 тармақ) *өтірік өлең* берілген.

Шын өлеңдер (Балалық күй) – Оқулықтың 39–40-беттерінде *«Жаратқан баршамызды адам қылып»* деп басталатын, 16 жолдан тұратын «Балалық күй» атты өлең берілген. Сәби күннен біртіндеп ес білген кездегі тентектік кезеңді суреттеген өлең. «Оқу құралының» 1912, 1913 жылғы нұсқаларының бірінші бөлімі осы өлеңмен аяқталады. Екінші бөлімі бөлек оқулық ретінде берілген. 1914 жылдан бастап екі бөлімі біріктірілген. 1921 жылғы бұл нұсқада (1921, Орынбор) да оқулықтың екінші бөлімі осыдан кейін әрі қарай жалғасады.

Өзге тілдердегі дыбыстардың таңбалары – оқулықтың 41-бетінде. Осы беттен бастап, қазақ тіліне өзге тілден енген дыбыстар таныстырылады. 1921 жылғы Орынбор басылымында басқа тілден қазақтың сол кездегі жазуына енген ***ш, г, ф, х, h,*** *т.б.* 12 әріп пен 6 шартты белгіні таныстырса, 1925 жылғы басылымда шет тілінен енген ***х, ф, h, ш*** – 4 әріпті ғана қысқаша атап өтеді. Шартты белгілерді көрсетпейді. Себебі ғалым 1921 жылдан кейін қазақ тіліне шеттен енген

дыбыстарды біртіндеп ықшамдап азайтып отырған. Оның үстіне қазақ жазуында төл сөздерді төте жазудың енді ғана қалыптасып келе жатқан емлесімен, шеттен енген сөздерді ескіше жазудың (араб тілінің заңдылығын негізге алған, діни атау-терминдерді және кісі есімдерін арабша жазу) емлесімен жазу тіл шұбарлығына әкеліп соғатынын ескерген. Сондай-ақ Кеңес үкіметінің дінге қойған шектеулерін ана тіліміздегі діни атауларды барынша қазақтың төл дыбыстық заңдылығына бейімдеудің орайлы сәті деп қарағаны байқалады. Міне, осылайша, біртіндеп қазақ тілінің дыбыстық базасында жоқ тек араб, парсы және туыстас кейбір мұсылман түрік жұрттарының әліпбиінде бар дыбыстар төте жазу кемеліне келген 1924 жылдарда барынша азайып, қазақ жазуында тек қана төл дыбысты таңбалайтын 24 әріп тұрақтанған болатын. Осы себептерден де 1921 жылғы басылым мен 1923–1925 жылдардағы басылым арасында оқулықтың осы аталып отырған бөлімдері сәйкес келмейді. Біз бұл академиялық жинаққа ғалымның «Оқу құралының» (қазақша әліфба) 1912–1914 жылдардағы алғашқы басылымдарын немесе 1923–1925 жылдардағы ықшамдалған соңғы басылымдарын енгізбей, тек 1921 жылғы мазмұны біршама күрделі басылымын енгізуімізде осындай себептер бар. Себебі, ғылыми қауымға А. Байтұрсынұлының оқулықтары мен әліпбиін жетілдіру барысындағы машақатты әрі жаңалыққа толы барыстарын ашып көрсетуге 1921 жылғы өлара кезеңде жазылған оқулық нұсқасының айтары көп деген тоқтамға келдік.

Осы жерде біз араб тіліндегі харакат, сукун сияқты ерекшеліктерді арабтардың дыбыстауы бойынша толықтай бейнелеуді өзімізге міндет санамадық. Көзге көрініп тұрған әріптер арқылы А. Байтұрсынұлының оқулығында қалай берілсе солай беруге тырыстық. Мысалы, молла сөзі араб тілінің харакат, сукун секілді шартты белгілері қосылмаса, *«мла»* болып оқылады. Түсінікті болу үшін, қажетіне қарай, кей жерде осылай бейнелеп отырдық.

Автор бұл бөлімде қазақ тіліне шеттен енген көптеген дыбыстарды таныстырып өтеді де, оқулықтың бірінші бөліміндегі қазақтың төл әріптерін таныстырғаны сияқты әріптерден кейін сол әріпке мысал сөздер, сосын шеттен енген сөздері бар сөз тіркестерін және сөйлемдерді келтіріп отырады. Шеттен енген сөздерді харакат, сукун секілді араб тілінің шартты таңбалары арқылы береді және сол сөздердің астын үзік сызықпен көрсетіп отырады.

«Оқу құралының» 1912, 1913 жылғы нұсқаларының екінші кітабы осы мазмұнмен басталып, бұл екінші бөлімі бөлек оқулық ретінде берілген. 1914 жылдан бастап екі бөлімі біріктірілген.

Ш, ш – ش – оқулықтың 41-бетінде. Бұл жерде А. Байтұрсынұлы қазақтың «с» дыбысының орнына басқа түріктер «ч» деп дыбыстайтынын ескеріп, сол «ч» дыбысы үшін «ش» әрпін қолданады. Кейін 1924 жылдан бастап қазақтың төл «ш» дыбысы үшін осы «ش» әрпін алады.

Қыш сууқ, бала бійшікте, құш ушты, т.б. оқулықтың 41-бетінде. «*Қыс суық, бала бесікте, құс ұшты», т.б.* Қазақ тіліндегі «с» дыбысының орнына кейбір түрік халықтары «ш» дыбысын қолданатыны туралы мысалдар.

–̍ –̎ –̏ оқулықтың 42-бетіндегі шартты белгі. Бұл белгі туралы автор өзі былай деп түсінік береді: *«Арабшада осы дыбыстардың харыфлары жазылмайды; олардың орнына һәр түрлі белгілер қойылады. Мысалы: «_̍» жіңішке, «ا̍ » орынына қойылады; «–̎» жұуан һәм ұзұн айтылған «ا̎» орнына қойылады. «–̏» дауысты хәріф жоқтығын көрсетеді».*

Автор оқулықтың екінші бөлімінде міне осындай шеттен енген дыбыстармен қатар, шартты белгілерді де көрсетіп отырады. Біз мұндай шартты белгілерге автор өзі берген түсініктерін «*» – жұлдызша белгісі арқылы беріп отырмыз. Ғылыми түсінікте ғалымның ескертпесін қайталау басы артық жұмыс деп қарадық та, автордың мұндай ескертпелерін оқулықтың қазіргі қазақ жазуына түсірілген беттің астына беріп отырдық.

Бійік држе. Ажл айамайды. Мен змзм іштім. Оқулықтың 42-бетінде. Жоғарыда көрсетілген шартты белгілер арқылы берілген шеттен енген сөздерді түсіндіру үшін берілген мысалдар. Бұл сөздер «биік дәреже», «ажал аямайды», «мен зәм-зәм іштім» болып оқылады. Осындағы држе – дәреже, ажл – ажал, змзм – зәм-зәм сөздерінің бұлай берілу себебі, жоғарыда көрсетілген шартты белгілердің әлдебірі тұрған кезде сөз ортасындағы дауысты дыбыстар жазылмайды. Көмескі тұрған дауысты дыбыстарды сонда берілген шартты белгілердің қасиетін таныған адам өзі қосып оқып түсінеді. Ғалым оқулығында келтірілген мысалдарда осы секілді шеттен енген сөздердің астын көп нүктемен белгілеп, бұл сөздердің төл сөздерден бөлектігін ескертіп отырған.

Ал бүгінгі қазақ жазуы мен араб жазуының сипаты мүлде бөлек болғандықтан, аталған шартты белгілерді қойып, сол тұстағы шет тілінен енген сөздерді бейнелеу мүмкін емес. Сондықтан, оқулықта кезігетін осы секілді шет тілінен енген сөздердің барлығына түсінік жазып тоқталып отырмаймыз. Оқулықтың қазіргі қазақ жазуына түсірілген нұсқасында аталған сөздерді біз де барынша түпнұсқаға ұқсатып жазып, астын сызып көрсетіп отырдық.

غ ـغـ **Ғ** – оқулықтың 45-бетінде. Ғалым араб тіліндегі «ғ» дыбысының орнына осы «ڠ» әрпін алады. Ал, қазақтың «ғ» дыбысына «ڠ̇» (нүктелі)» әрпін қолданады. Кейін, яғни 1924 жылы А. Байтұрсынұлы қазақтың төл «ғ» дыбысына осы нүктесіз «ڠ» әрпін қолданады. Яғни 1924 жылға дейін қазақтың төл «ғ» дыбысы үшін «ڠ̇» (нүктелі) қолданылса, 1924 жылдан кейін «ڠ» (нүктесіз) қолданылды. Бүгінгі таңда араб тілінде осы «ڠ» әрпімен берілетін сөздер қазақ тілінде сөз басында келсе түсіп қалады немесе ә мен дыбысталады. Автор да оқулығында соны білдіру үшін мына сөздерді мысалға алған: «*Ғараб – арап, ғақыл – ақыл, ғаділ – әділ, ғадет – әдет, ғали – әли, ғылаж – лаж, ғар – ар*».

ف ف **Ф ф –**– оқулықтың 46-бетінде. Араб тілінен енген осы ф дыбысы қазақтың қадім жазуында да және А. Байтұрсынұлының төте жазуында да сақталды. 1924 жылы ғалым осы «ф» дыбысын қазақ әліпбиінен шығарып тастады. Оған дейін, «*пақыр, пікір, Қап тауы, піл, парсы, кәпір»* секілді сөздері жоғарыда аталып өтілген шартты белгілерді қосқаннан кейін, «*фақир, фикир, Қаф тауы, фил, фарсы, кафир»* болып жазылып келген еді.

ص ص ص **С с** – оқулықтың 47-бетінде. Бұл қазақ тіліндегі «с» ға жақын дыбысталады. Араб тілінен енген осы дыбыспен бейнелетін сөздердің көбі бүгінгі таңда қазақтың «с» дыбысымен айтылып, солай жазылады. Мысалы, «*сап, сәби, сабыр, садақа, нәсіп, салауат, сопы, Мысыр, нұқсан», т.б.*

خ خ خ **Х х –** оқулықтың 48-бетінде. Бұл дыбыс қаза тілінің **қ** немесе **х** дыбысына өзгеріп қолданылады. *«Хал, хатым, халық, хан»*, *т.б.* сөздерінде х болып өзгерсе, «*бұқара, нарық, қаражат, қанжар», т.б.* сөздерде қ дыбысымен айтылып, жазылып жүр.

ح ح ح Х х – оқулықтың 49-бетінде. Бұл да қазіргі таңда қазақ тілінде қ немесе х дыбысы болып оқылып, жазылады. «*Қасірет, нақақ, қайран, құрмет: насихат, Хамит, Хамза».* Кейде араб тіліндегі осы дыбыс түсіп қалады немесе ә арқылы дыбысталады. «*Харам – арам, хал – әл, хаюан – аюан, хүт – үт, хажет – әжет», т.б.*

ط ط ط **Т т** – оқулықтың 50-бетінде. Бұл дыбыс қазіргі қазақ тіліндегі т дыбысымен беріледі. «*Хат, шарт, тағам, тарап, шайтан, құтпа, батыл, қатер, салтанат, қатар, талап», т.б.*

ه ھ ھ h h – оқулықтың 51-бетінде. Қазақ тілінде сирек қолданылады. Кейде ғ дыбысына өзгереді. Көбінесе түсіп қалады. Автор мынандай мысалдар келтірген: «*hәр – әр, баhа – бағa, hуес – әуес, hибат – айбат, маhарет – тағарат, дәрет, патшаh – патша, шаhбаз – сабаз», тб.*

ض ض ض **З з** – оқулықтың 52-бетінде. Бұл «з» мен «д» ортасында дыбысталады. Қазақ тілінде з дыбысымен айтылады. Ғалым

оқулығында «*қаза, қазы, әзір, арыз, қарыз, парыз, мазмұн, қыдыр, зарар, ағза, абзал», т.б.* сөздерді мысалға келтірген.

ذ ذ **З з** – оқулықтың 53-бетінде. Бұл қазақтың «з» дыбысына жақын келеді. Сондықтан да қазақ тілінде бұл дыбыс та «з» мен айтылып, жазылады. Ғалым оқулығында бұл дыбысқа байланысты: «*зат, азан, нәзір, зікір, мәзір, зауық, зейін», т.б.* сөздерді көрсетеді.

ظ ظ ظ **З з** – оқулықтың 54-бетінде. Бұл да қазақ тіліндегі «з» ға жақын дыбысталады. Ғалым оқулығында: *«залым, назар, низам, назым, лебіз, ынтызар», т.б.* сөздерді көрсетеді.

ث ث ث **С с –** оқулықтың 55-бетінде. Арабтың бұл дыбысы бар сөздер қазақ тілінде «с» дыбысына айналады. Ғалым оқулықта: *«мысал, мысқал, сирас, сауап, ыспат, Сәбит, әсер, Оспан, кәусар, т.б.»* сөздерді көрсетеді.

ء ء ء – оқулықтың 56-бетінде. Бұл белгіге түсінік берілмеген. Бірақ, бұл жіңішкелік белгісі. Ғалым осы белгіні дәйекші – жіңішкелік белгісі деп атап, төте жазуды қолданысқа енгізуде көптеген түйткілдерді шешкені белгілі. Дегенмен, араб тілінде бұл белгі әр түрлі орындарға қойылады да, сөздің дыбысталуына қарай мағына ажыратады. Ғалым оқулықта осы белгімен келген сөздердің қазақ тілінде өзгеше дыбысталатынына мынадай мысалдар берген: «*Құрәҗ – Құран, ғәйып, лайық, пайда, қирағат, т.б».*

اَن = اِن = اُن **Ан ин ун** – оқулықтың 58-бетінде. Араб тілінің ерекшелігін түсіндіруге арналған осы беттегі мысалдар 1913 жылғы «Оқу құралындағы» мысалдарға ұқсамайды. Келтірілген мысалдар тым көп. Бұл жердегі мысалдар біршама көп болғандықтан, оқулықтың қазіргі қазақ жазуына түсірілген нұсқасында барынша қазақ тіліндегі дыбысталуына жақын бейнелеп жазуды жөн көрдік. Және түпнұсқасын бірге бердік.

– َ – ِ – ُ Бұлар харакат деп аталады – оқулықтың 59-бетінде. Бұл түсіндірулер 1913 жылғы «Оқу құралында» жоқ. Ал 1922 жылғы «Оқу құралында» осы мысалдардан кейін кітап авторы бұл мысалдарды «Құран» аяттарымен түсіндіру керек екенін, оны мұғалім өзі қолға алуын талап етеді. 1923–1925 жылғы

«Оқу құралдарында» араб дыбыстарына байланысты осы көлемді (20 бет) мазмұндар түгел қысқартылып, қазақ тіліне сіңіп келе жатқан бірнеше әріпке ғана қысқаша тоқталып өткен. Аталған басылымдарда тоқталып өткен әріптерді жоғарыда айтып өттік.

Адам аттары. Оқулықтың 59-бетінде. Ғалым шет тілінен кірген дыбыстар мен шет тілінен кірген сөздерді бейнелеудегі керек шартты белгілерді таныстырып болғаннан кейін осы беттен бастап, адам аттары, күн аттары, жұлдыз аттары, қазақша ай аттары қатарлы ислам діні арқылы тілімізге енген атауларды таныстырып өтеді.

Мұсылманша қойылған кісі есімдерін **еркек аттары**: *«Ысмайыл, Ысқақ, Жақып (Яғқұп), Мұса (Мосы), Омар, Қамза, Үсен (Хүсейін)», т.б.* **әйел аттары:** «*Зейнеп, Ажар, Ұрқия, Мүгүлсім, Айша, Мәлике», т.б.* деп таныстырып өтеді.

Күннің аттары. Оқулықтың 60-беті. Қазақша және парсыша деп екі қатарға бір аптадағы жеті күнді берген. Сембі, сәрсембі, т.б. деп -інбі емес, -імбі нұсқасында берілген. Және бүгінгідей дүйсенбіден емес, сенбіден басталып жұмаға дейін жазылған. ХХ ғасыр басындағы күнтізбелерде бұл ерекшелік сақталған. А. Байтұрсынұлының «Сауат ашқыш» атты оқулығында да «Күн-бақпамыз» атты мәтінде күнтізбе осылай көрсетілген.

Жұлдыз аттары. Оқулықтың 61 бетінде. Мұнда қазіргі он екі айдың аты арабша және рұмша (үрімше) деп екі қатарда берілген. Оң жақ қатарда «*дәлу, хүт, хамал», т.б.* деп арабшасы, сол жақ қатарда «*януар, феурал, март», т.б.* деп орысша атаулары рұмша деп берілген.

Қазақша ай аттары. Оқулықтың 61-бетінде. *«Отамалы, сәуір, май – жаз айлары, жаз тоқсаны. Шілде, сарша тамыз, сүмбіле – шілде айлары – шілде тоқсаны. Құркүйек, қазан, қараша – күз айлары – күз тоқсаны. Қаус, қаңтар, ақпан – қыс айлары – қыс тоқсаны»* деп таныстырылады да, келесі бетінде төрт маусымды бейнелейтін төрт шумақтан тұратын «Бұл қай кезде болады» атты тақпақ қоса берілген.

Қазақша жыл аттары. Оқулықтың 62-бетінде. Қазақша 12 жылдың атауларын берген.

Жыл басы болуудың таласы. Оқулықтың 63-бетінде. «Түйе бойына сеніп жылдан құр қалыпты» деп аталатын 12 жануардың атымен аталатын 12 жыл туралы аңыз.

Қазақша баталар – оқулықтың 63–65-беттерінде берілген, үш бөлімнен тұратын баталар. Баталарда кездесетін араб тілінен енген сөздердің емлесі де сол жылдардағы емле бойынша жазылған. «Оқу құралдарының» 1913–1922 жылдар арасында шыққан нұсқаларында берілген баталар ұқсас, ал 1923 жылдан кейінгі «Оқу құралдарында» баталар ықшамдалып берілген. Атап айтқанда, 1921 жылғы басылымдағы батаның екінші бөлегі және үшінші бөлектің бірнеше тармағы ықшамдалған. 1921 жылғы басылымда 41 тармақ, 1925 жылғы басылымда 26 тармақ бата берілген.

Кетпес дәулет берсін, Құрбандығың қабыл болсын – оқулықтың 64-бетіндегі «Қазақша баталардың» үшінші және алтыншы тармағы. Оқулықта «дулт» (дәулет), «қрбан» (құрбан) үлгісінде жазылған, бұл жинақта қазіргі емле бойынша берілді.

Жұмбақтар. Оқулықтың 65–67-беттерінде. Бірінші бөлімде берілген жұмбақтарға қарағанда сәл қиындау сегіз жұмбақ берілген. Бұл жұмбақтар өзге басылымдарда өзгеріссіз басылған.

Дүнияда бар айдағар білесің бе? Оқулықтың 66-бетіндегі «Жұмбақтардың» екіншісі. Мұндағы дүния сөзі оқулықтағы нұсқаға сай берілді. 1925 жылғы басылымда бұл сөз «дүниеде» болып берілген. Осы секілді кейбір сөздердің түрліше жазылуы ХХ ғасыр басындағы әдеби мұраларда кездесіп отырады.

Жыршы сөздері. Оқулықтың 67–69-беттерінде. Шағын төрт бөлімнен тұратын шешендік толғаулар берілген. «Оқу құралының» 1913 жылғы және 1922 жылғы нұсқаларында «Жұмбақтар» мен «Жыршы сөздерінің» арасында үш бетке жуық «Бақсының сөздері» берілген. Ал 1921 жылғы Орынбор нұсқасы мен 1923, 1925 жылдары шыққан «Оқу құралынан» «Бақсының сөздері» алынып тасталған. 1921 жылғы

нұсқада басылмаған мазмұндардың 1922 жылғы нұсқада болуы, 1922 жылғы нұсқа 1921 жылғыдан бұрынырақ баспаға беріліп, бірақ кейінірек баспадан шыққанынан деуге болады.

Жөн сұрау. Оқулықтың 69-бетінде. Қазақтың жөн сұрасу дәстүрін көне жыр арқылы берген.

Қара ылашын тұйғынсын, құс алатын қырғыйсын. Оқулықтың 69-бетіндегі «Жөн сұрау» деген өлеңде бар тармақтар. Осындағы **«-сын, сін»** үлгісінде келетін қосымшалар ХХ ғ. басындағы жазба әдеби тілде көп кездеседі. Сол кездегі тілші ғалымдар бұл жалғау «сен» есімдігінен өзгерген деп қарайды. Бұл жердегі меңзеп отырғаны «тұйғын сен» болғандықтан, «тұйғынсын» үлгісімен жазылған. Бүгінгі тілімізде бұл жалғаудың «-сың, сің» түрі қолданыста.

Көлденендеп зырғыйсын – Оқулықтың 69-бетіндегі «Жөн сұрау» деген өлеңнің 8-тармағы. Осындағы **көлденен** сөзіне келсек, ХХ ғ. басындағы жазба әдеби тілде «көлденең» сөзі «көлденен» нұсқасымен берілген.

Тақпақ сөздер. Оқулықтың 70–71-беттерінде. 26 тармақтан тұратын шешендік толғау.

Үзенгі-бау жоқ болса. Оқулықтың 70–71-беттеріндегі «Тақпақ сөздердің» екінші бөлімнің 3-тармағы. Осындағы **үзенгі** деген сөзі оқулық бойынша берілді. ХХ ғ. басындағы әдеби мұраларда «үзенгі» (үзеңгі), «әнгіме» (әңгіме) нұсқалары көбірек кездеседі.

Құйысқан құт. Оқулықтың 70–71-беттеріндегі «Тақпақ сөздердің» екінші бөлімнің 8-тармағы. 1921 жылғы Орынбордан шыққан осы «Оқу құралында» бұл сөз «құт» болып жазылған. Алайда, ондағы араб тілінен кірген сөздерді білдіретін шартты белгілерді қосып оқығанда, *қуат* болып оқылады. «Оқу құралының» өзге алты нұсқасында «құуат» болып сол тұстағы қазақ жазуының емлесі бойынша берілген.

Молда мен сыйырдың айтысқаны. Оқулықтың 71–73-беттеріндегі мысал. 8 шумақтан тұратын молда мен сиыр арасындағы айтыс. Малға шөп бергісі келмейтін молданы сынаған тілі

сықаққа толы қызықты мысал. Мұндағы **молда** сөзі оқулықта «мла» деп араб тіліндегі емлемен берілген. Біз «молда» бойынша алдық. Ал 1913 және 1922 жылғы нұсқада «молда» сөзі «тақуа» деп берілсе, 1923, 1925 жылдарда шыққан нұсқада «молда» деп берілген.

Ұсақ әнгімелер. Оқулықтың 73-бетінен бастап, соңына дейін тәлім-тәрбиеге толы қызықты қысқа да нұсқа әңгімелер берілген. Мұндағы «әнгіме» сөзі осылай жазылғанын жоғарыда «көлденен» сөзі туралы түсінікте көрсеттік. Әңгімелердің соңы мақал-мәтелмен түйінделіп көрсетіліп отырған. 1921 жылғы басылым бойынша берілді.

Оқулықтың осы бетінен соңына дейін берілген әңгімелер: «Арсыз ит» (Өзгенің ісін өзіне жору), «Өтірікші тышқан» (Қолы жетпеген қорлаушыл), «Ата мен ана» (Анаға баланың алалығы жоқ), «Жыртық шелек жеңілірек» (еңбек аздан өнбек аз), «Ұйқышыл» (Десе Хұдай құрасын – еңбек етіп сұрасын), «Қазақтар мен қасқыр» (Ұрлық түбі – хорлық), «Қарға мен құмырша» (Әр істің әдісін білуу керек), «Талас» (Жақын таласса, жатқа жем болады), «Екі балықшы» (Керіскеннің кесірі келесіні кетірер), «Ақылды соқыр» (Өзгеге жарық қыл, өзіңе қақтықпас), «Көр-тышқан мен кірпі» (Қонақ мықты болса қожасын бійлер), «Жібек құрты мен өрмекші» (Жасықтың көбінен асылдың азы артық), «Сауысқан мен құзғын», «Бақсы» (Сезікті секірер), «Ата насихаты» (Тіріліктің күші бірлікте), «Балықшы мен балық», «Серке мен түлкі Қойан зары» (Қорқақтықта табан жоқ, табансыздан жаман жоқ), «Арыстан терісін кійген есек», «Торғай мен қарлығаш», «Жыланның басы мен құйрығы», «Енші үлесуу» (Кісі ақылын талғап ал, жағымдысын таңдап ал), «Қасқыр мен кемпір» (Дәме етпестен дәме етуу – тарыққанның салдары, жаудан күтуу жақсылық – зарыққанның салдары), «Үлеске ұсталық» және ең соңында «Балалық күй» атты өлеңмен оқулық аяқталады.

Оқулықта берілген ұсақ әңгімелердің мазмұны ұғымға жеңіл және мағынасы көмескі сөз-сөйлемдер кездеспейді.

Сондықтан, шағын әңгімелердің әрқайсысына бірден түсінік беріп отырмадық.

Қазақтар мен қасқыр. Оқулықтың 75-бетінде. Ұлақтарды – Мұндағы ұлақ бүгінгі тіліміздегі лақ деген сөз. Ұлақ деп жазып лақтың суретін де берген. ХХ ғасыр басындағы әдебиеттерде ұлақ, ұлағыу, нұсқалары көп кездеседі.

Ата насихаты. Оқулықтың 80-бетінде. Оқулықта берілген «Ұсақ әңгімелердің» бірі. 1913 жылғы нұсқада осы шағын әңгімеден кейін, «Балалық күй» деген мәтін беріледі де, оқулық аяқталады. Ал 1921–1925 жылдардағы нұсқаларда «Ата насихатынан» кейін, «Балықшы мен балық», «Серке мен түлкі», «Қоян зары» сияқты тоғыз қысқа әңгіме берілген. Автордың жыл өткен сайын оқулықты кемелдендіре толықтырып отырғанына осы арқылы көз жеткізуге болады.

Тіріліктің күші – бірлікте. Оқулықтың 80-бетіндегі «Ата насихаты» атты шағын әңгіменің қортындысы ретінде берілген мақал. Мұндағы тірілік сөзі оқулықтағы бойынша берілді.

Балалық күй. Оқулықтың 88-бетіндегі соңғы өлең. Оқулықтың бірінші бөлімінің де соңы «Балалық күй» атты өлеңмен аяқталған болатын («Оқу құралы», 39-бет, «Шын өлеңдер» (Балалық күй). Қарап отырсақ 88-беттегі бұл өлең бірінші бөлімдегі (39-беттегі) өлеңнің жалғасы іспетті. Себебі, бірінші бөлімде берілген «Балалық күйде» алты жасқа келмеген баланың еркелігі мен тентектігі сөз болса, екінші бөлімдегі «Балалық күй» атты өлеңде алты жасқа келіп, бұрынғыға қарағанда сәл есей бастағанын баланың кейпін бейнелейді. Дегенмен, ол кезде де әлі мектеп пен білімнің не екені санаға кірмеген, еркелік кезең дөп басып суреттеледі.

Түсеміз аттан араң. Оқулықтың 88-бетіндегі «Балалық күй» атты өлеңнің ең соңғы тармағы. Араң сөзі қазіргі әрең деген сөз. Бұл жинақта 1921 жылғы басылым бойынша берілді.

Ә. Ахмет

«ОҚУ ҚҰРАЛЫ»

А. Байтұрсынұлының үлкендерге арналған «Оқу құралы» 1921 жылы Семей қаласынан жарық көрген. Кітаптың мұқабасында «Жаңа жолмен тәртіп етілген қазақша әліфба» деп жазылған. Көлемі – 30 бет. Аталған оқулық А. Байтұрсынұлының академиялық толық жинағына тұңғыш рет еніп отыр.

Ғалымның сауатсыз үлкендерге арнап жазған бұл «Оқу құралы» өзі ақталғаннан бергі елімізде басылып шыққан жинақтарына, көптомдықтарына енбеген. «Оқу құралы (Үлкендер үшін)» деген атпен басылған осы оқулықтың мазмұны мектеп оқушыларына арналған нұсқаларынан айырмашылығы біршама мол болғандықтан, ғалымның академиялық толық жинағында бөлек бердік. Семейде екінші рет басылуы дегеніне қарағанда, оқулықтың бұған дейін де бір рет басылғанын аңғаруға болады. Алайда, оқулықтың осыдан өзге нұсқасы біздің қолымызға түспеді.

Үлкендерге арнап жазылған бұл оқулық А. Байтұрсынұлының балаларға арнап жазған «Оқу құралынан» айтарлықтай өзгеше ерекшеліктерге ие. Тиражы 120 мың данамен басылғанына қарап, Кеңес үкіметі енді ғана орнаған кезеңде үлкендерді сауаттандыруға арналған оқулыққа сұраныстың жоғары болғанын байқауға болады. Ғалымның балаларға арнап жазған «Оқу құралы» 1912–1925 жылға дейін 8 қайтара басылғанын да ғалымның академиялық толық жинағында тұңғыш рет санамалап, салыстырып көрсеттік. Әр жылдары шыққан нұсқаларының арасында да көлем, мазмұн жағынан айырмашылықтар сақталған. Ал үлкендерге арнап жазған бұл «Оқу құралын» балаларға арнап жазған нұсқалардың бірімен салыстыруға тура келді. Біз ғалымның 1921 жылғы Орынбордан шыққан нұсқасымен салыстырдық. Себебі А. Байтұрсынұлының балаларға арнап жазған аталмыш оқулығы бірнеше рет басылғанын, солардың ішінде 1921 жылғы нұсқаны өлара кезеңдегі ең толық нұсқа деп танып, академиялық жинақта сол нұсқаны негізге алдық.

Екі оқулық бір жылда басылғанына қарамастан, бірінші бетінен бастап-ақ екеуіндегі айырмашылықтары көзге көріне бастайды. Айталық, бірінші, автор оқулықтарының титул бетінде үнемі жариялап отырған «Балалар, бұл жол басы даналыққа» деп басталатын білімге шақыру өлеңі ересектерге арналған «Оқу құралында» берілмеген.

Екінші, екі «Оқу құралының» әріптерді үйрететін бастапқы бөлегі ұқсас болғанымен, сөздер, тіркестер және сөйлемдер арқылы келтірілген мысалдар ересектер нұсқасында барынша ықшамдалып берілген.

Үшінші, балаларға арналған «Оқу құралының» екінші бөлімінде ғалым қазақтан басқа түріктер қолданатын әріптерді таныстыруға 30 бет арнаса, ересектер нұсқасында бұл әріптерге арнайы тоқталмайды.

Төртінші, балаларға арналған нұсқада ғалым ұлттық салтдәстүрге, ойын-ойыншықтарға, киім-кешектерге, ұлттық тағамдарға және т.б. бірнеше бет арнаса, үлкендерге арналған нұсқада бұл мазмұндар түгел ықшамдалған. Міне, салыстыру барысында әр беттен кездескен осы сияқты ерекшеліктерді толық жинақта ажыратып көрсеттік.

А. Байтұрсынұлының үлкендерге арнап жазған бұл оқулығының 1926 жылы басылып шыққан «Сауат ашқыш» оқулығынан да айырмашылығы көп. Бұған дейін А. Байтұрсынұлы мұрасын зерттеушілер аталған оқулықты тереңдей қарастырмаған немесе оқу құралдарының бастапқы беттеріндегі аз-кем ұқсастықтарға қарап, салыстырып зерттеуге талпыныс жасамаған секілді. Біз осы олқылықтарды ескере отырып, аталған оқулықты ғалымның өзге де оқулықтарымен жан-жақты салыстырып, олардың арасындағы айырмашылықтар мен бүгінгі оқырманға бейтаныс болып бара жатқан ұғымдарды барынша қарастырып, ғылыми қауымға аталған басылымды тұңғыш рет ұсынып отырмыз.

Сауатсыздықты жойатын қазақтың кіндік тығыз кәмійсыйасы. Оқулықтың титул бетіндегі бірінші мәлімет.

Аталған оқулықты шығаруды ұйғарып отырған мекеменің аты. Басылымдағы нұсқасы бойынша берілді. Мұндағы кәмійсыйасы деген сөз комиссиясы деген сөздің қазақ тілінің дыбыстау ерекшелігіне бейімдеп алған термин екені белгілі. Оқулықта кездесетін мұндай терминдердің барлығы басылымдағы нұсқаға сай берілді. Осы сөйлемдегі кіндік сөзі – орталық, центр мағыналарын береді. ХХ ғасыр басында кіндік сөзі терминденіп көптеген мекеме атауларында қолданылған. «*Кіндік атқару кәмійтеті», «Кіндік баспасы»*, т.б. атаулар да жиі ұшырайды. Сондай-ақ, Е. Омаровтың «Пішіндеме» (геометрия) және «Пійзійке» (физика) оқулықтарында кіндіктес шеңбер, кіндіктен доғаға дейін, т.б. терминдер кездеседі.

А. Байтұрсұнұф – оқулықтың титул бетіндегі автордың атыжөні. Басылым нұсқасына сәйкес берілді. Ол кездегі көптеген оқулықтар мен баспасөзде «в» дыбысы үшін, «ф» алынған. Ал, балаларға арналған «Оқу құралында» (1921, Орынбор) «А. Байтұрсұнф» болып жазылған.

Оқуу құралы – оқулықтың титул бетінде берілген оқулық аты. Басылым бойынша берілді.

Жаңа жолмен тәртіп етілген – оқулықтың титул бетінде аталған құралды жазудағы әдіс атауы. А. Байтұрсынұлы өзі жазған бірнеше оқулықтарда «Усул сотие жолы», «Жаңа жол», «Дыбыс әдіс жолы» және «Тұтас сөз әдісі жолы» сияқты бірнеше әдіс жолдарын пайдаланған. Автордың оқулықтарының титул бетінде аталған әдіс жолдарының қайсысын қолданғаны жазылған. «Оқу құралы», «Сауат ашқыш», «Әліпби. Жаңа құрал», «Баяншы» тәрізді оқулықтарының бәрінен осы ескертпені көруге болады.

Осындағы **тәртіп етілген** деген сөздің мағынасы – ұйымдастырылған, құрастырылған, дайындалған дегенге саяды. Ал оқулықта бұл сөз жазылған дегенді меңзеп отыр. Автор усул сотие жолына сай жазылған кітап екенін ескертіп отыр. Ғалым үлкендерге арналған «Оқу құралында» (1921, Семей) да «жаңа жолмен тәртіп етілген қазақша әліфба» деп көрсеткен. **Тәртіп**

етілу сөзі А. Байтұрсынұлының 1926 жылы шыққан «Сауат ашқыш» атты оқулығында **тәртіптелу** болып берілген. Тәртіп етілу мен тәртіптелу екеуі бір сөз. Сол тұста термин болып қалыптасқаны байқалады. 1936 жылғы Қазақстан баспасынан шыққан «Қазақша-орысша сөздікте» (Жауапты редактор Әлібайып А. Б.) «***Тәртіптел + ғу*** *– быть систематизированным, быть приведенным в порядок»* деп көрсетілген.

Қазақша әліфба – оқулықтың титул бетінде. Мұндағы әліфба сөзі оқулыққа сәйкес берілді. Оқулықтың титул бетінде «*Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша әліфба»* деп көрсетілген. Мұндағы *«Әліфба»* сөзі (қазіргі кезде әліппе немесе әліпби – құраст.) «Әліфбә» болып дыбысталады. Қазақ сөзінің соңы «ә» дыбысымен аяқталмайды деген қағиданы ескере отырып, «әліфба» нұсқасын алдық.

Үлкендер үшін – оқулықтың титул бетіндегі аталған құралдың сипаты туралы мәлімет. «Оқу құралы (Үлкендер үшін)» деген атпен басылған осы оқулықтың мазмұны мектеп оқушыларына арналған нұсқаларынан айырмашылығы біршама мол болғандықтан, ғалымның академиялық толық жинағына оны тұңғыш рет енгізіп отырмыз.

Таралымы – 120 000. Оқулықтың титул бетінің төменгі бөлігінде. Ғалымның аталған оқулығы сол тұстағы ересектерді сауаттандыру үшін өте жоғары сұраныста болғаны байқалады.

Ескертүу – титулдан кейінгі беттегі шағын ескерту. Ахмет Байтұрсынұлының 1912–1913 жылдардан бастап 1925 жылға дейін бірнеше рет басылған, балаларға арналған «Оқу құралынан» осы «Оқу құралының» бір өзгешелігі, оқулықтың айқара бетінде «Балалар, бұл жол басы даналыққа» деп басталатын білімге шақыру өлеңі берілмеген. Оның орнына *«Баспаханамызда сөздің бас бұуынында қойылатын қабат нұқта (:) болмағандықтан, оның орнына мынадай (..) белгі қойылды»* деп шағын ескерту берген.

а – ا, р – ر, з – ز – оқулықтың үшінші беті. Ғалымның балаларға арнаған «Оқу құралының» 1912–1914 жылдардағы

нұсқасында үйретілетін дыбыстардың (**а – ا, р – ر, з – ز**) жоғарғы жағында «Бисмиллахир-рахманир-рахим» деген дұға жазылған. 1921 жылғы және одан кейінгі жылдардағы балаларға арналған «Оқу құралында» да және қолымыздағы үлкендерге арналған осы «Оқу құралында» да бұл сөз кездеспейді. Сондай-ақ, балаларға арналған «Оқу құралы» мен үлкендерге арналған «Оқу құралының» әріптерді үйрететін бірінші бөлімінде әр әріпке берілген сөздер мен тіркестер ұқсас болғандықтан, оларды жекежеке қарастырып отырмадық. Үлкендер құралында балалар құралына қарағанда көптеген сөздер мен сөз тіркестері қысқартылып берілген. Небәрі 30 беттен тұратын үлкендерге арналған құралда әріптерді үйретуге арналған бет саны да аз, тезірек әріптерді танытып, әрі қарай мәтіндермен танысуға талпындыру мақсат етілгені байқалады.

Тағы бір айырмашылық, балаларға арналған оқу құралында 1912–1921 жылға дейін кітаптың бет саны араб сандарымен көрсетілсе, 1921 жылғы үлкендерге арналған бұл құралда бет саны қазіргі сандармен берілген.

Ұ – ۇ – оқулықтың 7 беті. «Оқу құралының» осыған дейінгі (Үлкендер үшін. 1921, Семей) нұсқаларында «у» мен «ұ» бір дыбыс ретінде түсіндіріледі. Ал 1923–1924 жылдары шыққан «Оқу құралдарында» оқушыларға «у» алдымен үйретіледі, сосын «ұ» беріледі.

Ы – ى – оқулықтың 9 беті. «Оқу құралының» 1923 жылдан кейін жарық көрген нұсқаларында «ш» дан кейін «м», онан соң «ы» әрпі берілген. Ал осы (Үлкендерге арналған. 1921, Семей) нұсқада «ш» дан кейін «ы» беріліп отыр. Яғни Ахмет Байтұрсынұлы «Оқу құралдарында» әліпби тәртібін де өзінің зерттеу нәтижесіне қарай біртіндеп өзгертіп отырған.

М – م – оқулықтың 9 беті. «Оқу құралының» 1923 жылдан кейін жарық көрген нұсқаларында «ы» дан кейін «ғ» әрпі берілген, ал «м» әрпі «ы» әрпінен бұрын берілген. Біздің қолдағы осы (Үлкендерге арналған. 1921, Семей) нұсқада «ы» дан кейін «м» беріліп отыр.

У –ۇ – оқулықтың 12 беті. «Оқу құралының» 1923 жылдан кейін жарық көрген нұсқаларында «у» әрпі оқулықтың басқы бөлімдерінде берілген. Яғни «б» әрпінен кейін, оқулықтың 11-бетінде берілген. Сондай-ақ «у» әрпіне берілген мысалдар да бұдан өзгеше.

Ө –ۆ ۇ, і ى, ە ا – оқулықтың 13-бетінде осы төрт әріпті бір жолда үйретуді ұсынған. «Оқу құралдарының» басқа нұсқасында бұл төрт әріп жеке-жеке берілген. Үлкендерге арналған осы оқулықта ғана автор төртеуін қосып берген.

Әлімбай төрт қап ұн алды – оқулықтың 13-бетінде **ө ۆ ү ۇ, і ى, ە ا** әріптері үшін берілген сөйлем. Бұл жердегі мысалдар басқа «Оқу құралдарындағы» мысалдарға ұқсамайды. Себебі басқа оқу құралдарында автор аталған төрт әріпті бөлек-бөлек таныстырып, оларға келтіретін мысалдарды да бөлек-бөлек берген.

Е – оқулықтың 14-бетінде. 1923 жылға дейінгі төте жазуда «е» ні сөз басында, ортасында, соңында белгілеу үшін мына «ە ـە ۋە» үш түрлі әріп бірдей қолданыста болды. 1923 жылғы «Оқу құралынан» кейін «е» әрпі тек «ە» таңбасы арқылы берілді.

Бүлінген елден бүлдірге алма – оқулықтың 15-бетіндегі «г» әрпін түсіндіру үшін берілген тіркестердің бірі. Балаларға арналған «Оқу құралында» (Орынбор, 1921) бұл жердегі **бүлінген** сөзі «бүлген» болып жазылған.

А. Байтұрсынұлының өзге «Оқу құралдарында» қазақтың төл дыбыстарын (әріптерін) таныстыру осы бетке дейін (Г, گ әрпіне дейін) беріледі де, х, ф, h, дыбыстарын оқулықтың соңына қарай басқа тілдерден енген дыбыстар деп арнайы таныстырып көрсетеді. Ал үлкендерге арналған осы «Оқу құралында» қазақтың төл дыбыстарынан кейін бірден х, ф, h, әріптерін таныстырып өтеді.

Айталық, х әрпіне байланысты «*хан, ханым, хауыф, хұрмет, хабар, хакім* сөздерімен бірге, *ханның күші халықта, қараңғыда хауыф көп, басқаны хұрметтесең өзіңді хұрметтер», т.б.* сөйлемдерді береді.

Ф дыбысы үшін *«афат, офат, фил, файда, фарсы, фатуа»* сөздерімен бірге, *«айақтының зоры фил, сафарың оң болсын, Қаф тауы ертегіде көп сөйленеді», т.б.* сөйлемдерді береді.

Ҳ әрпі үшін *«ҳәр, заҳар, гауҳар, ҳаман, жаҳанкез»* сөздерімен қоса, *«ҳәр істің әдісі басқа, үйдің ҳауасы ауыр, жаҳаз – бұйым деген сөз», т.б.* сөйлемдерді берген.

Осы үш әріптерді не үшін қазақ тілінің төл әріптері қатарына енгізгені туралы осы оқулықтың 18-бетінде жазған ескертпеде өзі былай дейді: «***Х خ, ф ف, h ه.*** *Қазақтың өз тілінде болмағанмен, өзге тілден қазаққа әбден сіңген сөздерде болғандықтан, қазақ тілінде жұмсалатын харіфтер табына қосылады».* Бұл ескертпе оқулықтың өзге басылымдарында жоқ. Аталған үш әріпті 1924 жылы ғалым қазақ әліпбиінен шығарып тастаған.

Шет тілінен кірген осы дыбыстар қатысқан сөздердің жазылуы барынша түпнұсқа тілге (араб, парсы) жақын болған. Бұл үрдіс қазақтың ескі әдеби тілінде бар. Ахмет Байтұрсынұлы бастаған зиялылар 1924 жылдан бастап бұл сөздерді және шеттен енген барлық сөздерді қазақ тілінің дыбыстау заңдылығына сай жаза бастаған.

Қазақ тілінде жұмсалатын харіфтер ҳәм белгілер. Оқулықтың 18-бетінде. Үйренушілер қазақ әріптерімен танысып болғаннан кейін, осы бетке арнайы қазақ тілінде жұмсалатын әріптерді әліпби реті бойынша берген. Бұл жерде 26 әріп көрсетілген. Үлкендерге арналған осы «Оқу құралындағы» алфавит тәртібі автордың өзге «Оқу құралдарындағы» әліпбиінің ретінен азырақ өзгешеліктері бар. Автор бұл бетте дауысты дыбыстар (7 дыбыс) мен дауыссыз дыбыстарды (17 дыбыс) да бөліп көрсетеді. Сондай ақ, дыбыссыз таңбалар деп сүйеу таяқ (ا) пен дәйекшені (ء) көрсетеді. «Ғ» мен «қ» әріптерін «ылғи жуан айтылады» деп, «к», «г», «е» әріптерін «ылғи жіңішке айтылады» деп ескертеді.

Қазақ тілінде жұмсалмайтын харіфтер ҳәм белгілер. ث, ح, ذ, ش, ص, ض, ط, ظ ع Оқулықтың 18-бетінде. Оқулық авторы қазақ тілінде қолданылатын әріптермен қатар, қазақ тілінде жоқ

9 әріпті де тізіп көрсеткен. Өзге «Оқу құралдарында» бұл әріптерді арнайы мысалдармен көрсетеді. Тек осы үлкендерге арналған оқулықта ғана бұл әріптерді тізіп көрсетеді, арнайы тоқталмайды.

Осында көрсетілген таңбалардың ішіндегі: «ح» әрпі 1924 жылдан кейін қазақ әліпбиіндегі «х», «ش» әрпі «ш», «ع» әрпі «ғ» дыбыстарын таңбалауға пайдаланылған. Оған дейін араб тілінен енген сөздердің таңбасы ретінде берілген. А. Байтұрсынұлы осындай таңдаулар жасау арқылы жыл сайын әліпбиін жетілдіріп отырған. Әліпби кемеліне келген тұста қазақ әріптерінің асты-үстіндегі шартты белгілер де азая түскен.

«ا» – оқулықтың 18-бетінде «Дыбыссыз таңбалар» деп көрсетілген. 1924 жылға дейінгі әліпбиде осы таңбаны (ا) А. Байтұрсынұлы «а» әрпі орнына емес, сүйеу таяқ орнына пайдаланып келген. Яғни «а» дыбысы сөз басында келсе, осы сүйеу таяқтың үстіне «ˆ» (мәт белгісін) қойып, «آ» деп оқиды. Сөз ортасында келсе «а» (ا) деп оқиды. Ал «о», «ы» дыбыстарының алдына да осы сүйеу таяқ келіп, «وا» (о), «را» (ыр) деп жазылған. Бұларды «ао», «ар» деп оқуға болмайды.

Жыршы сөздері. Оқулықтың 19-бетінде. Төрт бөлімнен тұратын шешендік толғау. «Жыршы сөздері» басқа «Оқу құралдарында» да берілген. Бірақ әріптер таныстырылып өткен бірінші бөлімнен кейін, *киім-кешек, туыстық атаулар, жұмбақтар, бақсы сарыны, ғибратты ұсақ әңгімелер,* т.б. көптеген мазмұндар берілген. Бұдан бөлек, шет тілінен кірген әріптер туралы арнайы бірнеше бет бар. Ал үлкендерге арналған бұл «Оқу құралында» автор осы аралықтағы 30 бетке жуық мағлұматты қысқартып, оқулықты сауатсыз үлкендерге бейімдеп, барынша ықшамдаған.

Жөн сұрау. Оқулықтың 20-бетінде. Бұл балаларға арналған «Оқу құралында» да берілген

Тақпақ сөздер. Оқулықтың 21-бетінде. Бұл балаларға арналған «Оқу құралында» да берілген.

Бармақтай-ақ қарасы. Оқулықтың 21-бетіндегі «Тақпақ сөздер» атты жырдың 11-тармағы. 1921 жылғы Орынбордан

шыққан «Оқу құралында» бұл сөз «бармақтан-ақ» болып жазылған. Баспадан кеткен ағаттық деуге болады. Себебі «Оқу құралының» өзге алты нұсқасында «бармақтай-ақ» болып берілген.

Молда мен сыйырдың айтысқаны. Оқулықтың 22–23-беттерінде. 1921 жылғы Орынбордан шыққан «Оқу құралында» бұл сөз «мла» деп араб тіліндегі емлемен берілген. Біз «молда» деп үлкендерге арналған осы «Оқу құралындағы» түпнұсқа бойынша алдық. Ал 1913 және 1922 жылғы нұсқада «молда» сөзі «такуа» деп берілсе, 1923, 1925 жылдарда шыққан нұсқада «молда» деп берілген.

Ұсақ әңгімелер. Оқулықтың 23 бетінен бастап, соңғы 30 бетіне дейін берілген. Мұндағы ұсақ әңгімелер балаларға арналған «Оқу құралында» берілген әңгімелермен ұқсас болғанымен, үлкендерге арналған оқулыққа «Ата мен ана», «Ата насихаты» (тіреліктің күші бірлікте), «Енші үлесүу» (Кісі ақылын талғап ал, жағымдысын таңдап ал), «Қасқыр мен кемпір» (Дәме етпестен дәме етүу – тарыққанның салдары, жаудан күтүу жақсылық – зарыққанның салдары) атты әңгімелер және «Балалық күй» атты өлең енбеген. Аталған төрт мәтін үлкендерден гөрі балаларға қызықтырақ болғандықтан, ғалым ересектерге арналған оқулыққа бұл мазмұндардың керегі жоқ деп қараған. Оқулықта берілген ұсақ әңгімелердің мазмұны ұғымға жеңіл және мағынасы көмескі сөз-сөйлемдер кездеспейді. Сондықтан, шағын әңгімелердің әрқайсысына жеке-жеке түсінік беріп отырмадық.

Жыртық шелек жеңілірек. Оқулықтың 24-бетінде. Басқа «Оқу құралдарында» осы әңгіменің алдында «Ата мен ана» деген мысал бар. Үлкендерге арнаған оқулығында автор оны алып тастаған.

Бақсы. Оқулықтың 27-бетінде. 1913 жылғы балаларға арналған нұсқада осы мысалдан кейін, «Балалық күй» деген мәтін беріледі де, оқулық аяқталады. Ал 1921–1925 жылдардағы нұсқаларда осы мысалдан кейін «Балықшы мен балық», «Серке мен түлкі», «Қойан зары» (Қорқақтықта табан жоқ, табансыздан

жаман жоқ), «Арыстан терісін кійген есек», «Торғай мен қарлығаш», «Жыланның басы мен құйрығы» және «Үлеске ұсталық» сынды тоғыз мысал берілген. Автордың жыл өткен сайын оқулықты толықтырып отырғанына осы арқылы көз жеткізуге болады.

Балықшы мен балық. Оқулықтың 27-бетінде. Басқа «Оқу құралдарында» осы әңгіменің алдында «Ата насихаты» атты мысал берілген. Үлкендерге арналған бұл «Оқу құралынан» ол алынып тасталған.

Үлеске ұсталық. Оқулықтың 30-беті. Басқа «Оқу құралдарында» осы әңгіменің алдында «Енші үлесу» және «Қасқыр мен кемпір» атты екі мысал берілген. Үлкендерге арнаған оқулығынан ғалым бұл екі мысалды алып тастаған. Ахмет Байтұрсынұлының үлкендерге арнаған «Оқу құралы» (Семей, 1921) осы мысалмен аяқталады. Ал балаларға арналған «Оқу құралдарында» осы мысалдан кейін «Балалық күй» атты екі беттік өлең бар. Автор балаларға арнаған оқулығы мен сауатсыз үлкендерге арнаған оқулығында оқу құралының мазмұнына айырықша мән бергенін осыдан аңғарамыз.

Ә. Ахмет

САУАТ АШҚЫШ

«Сауат ашқыш» оқулығы Семей қаласынан 1926 жылы жарық көрген. Дыбыс әдіс жолымен тәртіптелген қазақша әліпбій. Сауатсыз үлкендер үшін 1-кітап. 89 бет. Таралымы – 7400 дана. Кітаптың алғашқы беттерінде аталған оқулық 1926 жылы Семейдің губерниялық баспасынан жарық көргені жазылады. Сауатсыз үлкендер үшін 1-кітап дегеніне қарағанда оқулықтың екінші бөлімі де бар болуы мүмкін. Алайда бұл оқулықтың А. Байтұрсынұлы құрастырған екінші бөлімі туралы мәлімет әзірге кездескен жоқ. 1926 жылы А. Байтұрсынұлының өзге оқулықтары дыбыс әдіс жолымен емес, тұтас сөз әдісі арқылы жазылды. Атап айтқанда А. Байтұрсынұлының 1926, 1927 және 1928 жылдары басылған «Әліпби. Жаңа құрал» атты оқулығы «Тұтас оқу» әдісімен жазылған еді. Бірақ ғалымның бұл оқулығы үлкендерге арнап жазылғандықтан, дыбыс әдіс жолымен тәртіптелген. Себебі бұған дейін тек дыбыс әдісі жолы немесе усул сотие жолы арқылы кітап жазған ғалым енді ғана сынақ ретінде қолданысқа ене бастаған тұтас сөз әдісі арқылы сауатсыз үлкендерге арнап жазуды орынсыз деп тапса керек.

Үлкендерге арналған бұл оқулық бір жылда шыққанына қарамастан (1926 ж.), мектеп оқушыларына арналған «Әліпби. Жаңа құрал» атты оқулыққа ұқсамайды. Бұл оқулықтың мазмұны 1921 жылы Семейден шыққан үлкендерге арналған «Оқу құралына» біршама жақын. Дегенмен, кітаптың екінші бөлімінде келтірілген мәтіндерде айырмашылық көп. 1921 жылы Семейде басылған сауатсыз үлкендерге арнап жазған «Оқу құралы» 31 беттен ғана тұратын шағын оқулық еді. Аталған оқулық 1912–1925 жылдары жиі басылым көріп, ерекше сұраныста болған «Оқу құралынан» (балаларға арналған қазақша әліфба) ықшамдалып алынған. Ондағы берілген өлең-жырлар мен ұсақ әңгімелер өте қысқа, ықшам әрі қарапайым. Ал «Сауат ашқыштың» бет саны – 89. Ондағы екінші бөлімде берілген мәтіндер біршама күрделі. Қазақ тарихынан, ата дәстүрінен, шешендік

толғаулардан және мал шаруашылығы, дүние тарихы, денсаулық сақтау, т.б. алуан тақырыптар берілген. Осы тұрғыдан қарағанда, «Сауат ашқыш» сауатсыз үлкендерге әріп танытып, сауатын ашу үшін ғана емес, жалпы білім деңгейін көтеру тұрғысынан жазылған құнды оқулықтардың бірі деп айтуға болады.

Ғылыми тұрғыда үлкендерге арналған «Сауат ашқыш» пен үлкендерге арналған «Оқу құралын» ғалымның өзге оқулықтарынан бөлек қарастыру керек. Автор бұл оқулығында әрбір әріптің тұсына атау сөз береді де, соңына осы сөздерге арнайы сөз тіркестерін қоса береді. Үлкендер әріптерді танып, сөз-сөйлемдер жазып үйренетін бірінші бөлімі аяқталғаннан кейін, оқулықтың екінші бөлімінде ғалымның алғашқы «40 мысалы» сынды 40 тақырып қарастырылған. Тақырып «Торайғыр бидің тақпақтарынан» өріліп, «Қуанышты күн» деген Ғ. Сұлтанұлының шағын әңгімесімен аяқталады. Кітапқа Абайдың «Шырылдауық шегерткесі», Шорман жиғанынан бірнеше танымдық әңгіме, Алтынсарыұлы Ыбырай кітабынан: «Үш мерген», «Жәнібек батыр», «Қыпшақ Сейітқұл», Елдес Омаровтың «Қазақ салты» және «Дағдылы жол мен айлалы жол», Телжан Шонанұлының «Күн» (Толстойдан), «Тамшының тарихы» атты аудармалары, Қыр баласының (Әлихан Бөкейханов) «Дүние қандай?» т.б. ауқымды тақырыптағы түрлі әңгімелер мен алуан өлеңдер топтастырылған. Жалпы саны 40 тақырып, оның ішінде 7 өлең, 2 аударма-тақпақ, 4 мысал-өлең, 25 әңгіме, 2 көркем аударма қамтылған.

Автордың «Сауат ашқышы» 2006 жылы шыққан Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларының бес томдығы мен 2013 жылы баспадан шыққан алты томдық шығармалар жинағына енген. Бірақ, онда аталған оқулық туралы қысқаша түсінік берілгенімен, оқулықтың ішінен кездесетін атауларға, жер-су аттарына, кісі есімдеріне, т.б. түсінік беруді қажет ететін ұғымдарға ғылыми тұрғыда түсінік жазылмай келген еді. Бұл жинақта аталған олқылық түзетіліп, оқулықтың әуелгі басылымындағы емлелік және әдістемелік ұстанымдар барынша сақталды.

Байтұрсын ұлы Ақымет. Оқулықтың титул бетіндегі автор есімі басылым бойынша берілді. Ғалым аты-жөнін 1924 жылдан бастап осы үлгіде жазады. 1912–1925 жылдары Ахмет Байтұрсынұф, А. Байтұрсынұф, Ахмед, А. Б. үлгісінде жазып келген болатын. 1924 жылы қазақ әліпбиінен ф, х, h дыбыстарын шығарып тастағаннан кейін қаламгерлер аты-жөнін осы тәртіпке сала бастағаны байқалады.

Дыбыс әдіс жолымен тәртібтелген қазақша әліпбій. Оқулықтың титул бетінде. Ахмет Байтұрсынұлы оқулықтарында «Усул сотие жолы», «Дыбыс әдіс жолы» және «Тұтас сөз әдісі жолы» сияқты бірнеше әдіс жолдары қолданылған. Әсіресе 1924 жылдан кейінгі оқулықтардың басым бөлігі «Тұтас сөз әдісімен» жазылған. Алайда «Сауат ашқыш» 1926 жылы басылғанына қарамастан «Дыбыс жолы әдісімен» тәртіптелген.

Араб әліппесінің қарыптары. Оқулықтың 16-бетінде. Үйренушілер әріптерді танып болғаннан кейін оқулықтың келесі бөліміне өтерден бұрын қазақ тіліндегі әріптердің реті берілген. Онымен қоса дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстар көрсетілген. Осы жерде «Қазақ тұтынбағанмен, басқа түріктердің тұтынуынан шықпаған араб әліппесінің қарыптары» деп төмендегі 11 әріпті көрсеткен. Ғалым 1912 жылдан 1926 жылға дейін жазған оқулықтарының бәрінде араб тілінен енген әріптер мен сол тұстағы туыстас түрік халықтарының тілінде қолданыста бар әріптерді (дыбыстарды) де оқушыларға танытып отырған.

ف غ ظ ط ض ص ذ **(ح) خ** چ **ث**

(ت س) (ش) (ق) (ز) (س) (ز) (ت) (ز) (ع) (وُپ)

«Торайғыр бійдің тақпақтары». Оқулықтың 17-бетінде. Әріптерді танып, сөз-сөйлем құрауды үйренген оқушы енді оқулықтың осы бетінен бастап алуан жанрдағы әдеби үлгілермен танысады. Солардың ең біріншісі осы мәтін – «Торайғыр

бидің тақпақтары». Жинақта оқулықтағы нұсқасымен берілді. «Барлы, барлы, барлы тау, басы есеннің дені сау» деп басталатын 22 тармақтан тұратын шешендік толғау.

«Ұйықтамаса, қабақ жау,
Ішпей жүрсе, тамақ жау.
Арық атқа қамшы жау,
Жыртық үйге тамшы жау.
Ұрысқақ болса, ұлың жау,
Керіскек болса, келін жау, –»

дей келіп адамға ненің жау болатынын түйіндеген жыр жолдары. Оқулықта автор аталған жырларды «Шорман жиғанынан» алғанын ескерткен.

«Шорман жыйғанынан». Оқулықтың 17-бетіндегі «Торайғыр бидің тақпақтары» атты шешендік толғаудың соңында беріледі А. Байтұрсынұлы «Сауат ашқышында» Мұса Шорманұлының жинауымен даярланған фольклорлық мұраларды да бірнеше рет пайдаланып, және оған ескертпе беріп отырған. Айталық, аталған оқулықта ғалым «Торайғыр бидің тақпақтары» (17-бет), «Алшын Қаражігіт би» (18-бет), «Қулық» (24-бет) және «Даукестер сөзі» (26-бет) қатарлы төрт әңгімені «Шорман жиғанынан» алған.

«Алшын Қара жігіт бій». Оқулықтың 17–18-беттерінде берілген екінші мәтін аты басылымдағы бойынша берілді. Алшын Қаражігіт бидің бала кезінде Төле би мен Едіге би бастаған игіжақсылар шеше алмай отырған бір дауды шешкені жайлы баяндалатын аңыз. Бұл аңыздың соңында да «Шорман жиғанынан» деп ескертпе берілген.

«Ата қозы бій». Оқулықтың 18–19-беттеріндегі үшінші әңгіме. 1926 жылғы басылым бойынша берілді. Өзін бойына тоғытпайтын ханның сейілде жүрген сапарында кездесіп қалған Атақозы бидің «Сіз неге сонша арықсыз» деген сауалына тапқыр жауап беріп, ханды ұялтқаны баяндалған аңыз. Аңыздың дереккөзі көрсетілмеген.

«Алдар көсе». Оқулықтың 19–20-беттерінде кездесетін төртінші шағын аңыз. Аңызда Алдар көсенің шайтанды екі рет алдағаны туралы баяндалады.

«Қожа насыр». Оқулықтың 20–21-беттеріндегі бесінші мәтін. Кіреші болған Қожанасырдың зат иесінің жүк жеткізу ақысына бағалы сөз берем дегеніне алданып, ең соңында зат иесінің заттарын шағып жібергені баяндалады. Аңыздың дереккөзі көрсетілмеген.

«Мүңке бій». Оқулықтың 21–22-беттеріндегі алтыншы аңыз. Мөңке бидің жеті жастағы кезінде, байтал мініп балаларды қуалаймын деп жүріп аттан жығылып өлген байдың құны туралы жасаған әділ кесімі баяндалады. Аңыздың дереккөзі көрсетілмеген.

«Үш мерген». Оқулықтың 22–23-беттеріндегі жетінші мәтін. Күні бойы құс атудан жолы болмай, жалғыз шүрегей атқан үш жігіттің, отқа пісірілген үйректі қалай бөлісу туралы ақылдасып, ең соңында ішіндегі бір қу жігіт екі жолдасы ұйықтап жатқанда етті жеп қойғаны баяндалады. Автор аңыздың соңына «Алтынсары ұлының кітабынан» деп ескертеді.

Алтынсары ұлының кітабынан. Оқулықтың 22–23-беттеріндегі «Үш мерген» атты әңгіменің соңында автор осылай ескертпе береді. Мұнда қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің (1841–1889) кітаптарынан алынған материал екені меңзеліп тұр. Ғалым Алтынсарыұлы кітабынан «Сауат ашқыш» оқулығында «Үш мерген» (23-бет), «Жәнібек батыр» (32-бет) және «Қыпшақ Сейітқұл» (58-бет) атты үш әңгіме енгізген.

«Құулық». Оқулықтың 23–24-беттерінде берілген сегізінші әңгіме. Алтай Айман деген қу жігіт жолдастарымен бірге бір өлімнің үстіне барып, иман айтуды білмейтін жұртты алдап, иман айтып, жаназа шығарып, молда алуға тиісті ту қой, шай және бір шана шөпті алған барысы баяндалады. Бұл әңгіме де «Шорман жыйғанынан» алынған.

«Даукестер сөзі». Оқулықтың 24–26-беттеріндегі 9-аңыз. Алтай Нау деген үнемі дау тудырып жүретін бас кейіпкердің екі рет дау қозғап билерге арызданып барып, бірінші аңызда ешкісін, екінші аңызда насыбай шақшасын неше есе жоғары төлем арқылы қайтарып алғаны айтылады. «Нау құрымай дау құрымас», «Нау жүрген жерде дау жүреді» деген мақалдардың мәні ашыла түседі. Бұл аңыз да «Шорман жыйғанынан» алынған.

Қара қойын – Нау қыстауының аты. Оқулықтың 24–26-беттеріндегі «Даукестер сөзі» атты аңызда *«**Қарақойын** жайылымы **қоқты** келер»* деген сөз Наудың аузынан беріледі. Аңыздың төменгі жағына автор «Қара қойын – Нау қыстауының аты» деп ескертпе береді.

«Көсем бала». Оқулықтың 26–28-беттерінде берілген 11-әңгіме. Қалмақ пен қазақтың соғысында жеңілген қазақ жұртына қалмақ жақ ауыр сауал қояды. Соны шешкен кісіге қазақтың барымтадағы жылқыларын қайтарамын дейді. Ел ішінен бұл сұраққа жауап беретін адам шықпай, ақыры бір бала шығады. Бала бір түйе мен текені алып, жол бойы бір данышпан адамға қонақ болып, сол данышпанның көмегімен қалмақ жеріне жетіп, сөз тапқыштығы арқылы кесімді жауап айтып жеңіске жетеді.

«Әділ бій». Оқулықтың 28–30 беттерінде берілген 11-аңыз. Үш кісінің дауын әділ шешкен би туралы сөз болады. Бұл қазақ ауыз әдебиетінде белгілі сюжет. *«Бұл ертегіге қосымша бір билік өлең бар, соны төменде айтып өтелік»* деген ескертпеден соң берілген бес тармақты өлең жолдары да әділ бидің әділдігін өрнектейді. Әділ биді: «Ердің құнын екі ауыз сөзбен ептеп, Абыройын кісінің еш төкпейді», – деп бағалайды. Ертегіге жалғас өлеңнен кейін «Әбіубәкір Дыйбайып» деп берілген. «Әділ би» атты аңыз-ертегі А. Байтұрсынұлы мен Т. Шонанұлы бірге жазған «Оқу құралы» (1926) атты оқулықта да берілген. Екі оқулықта берілген әңгіменің мазмұны ұқсас.

«Жәнібек батыр». Оқулықтың 31–32-беттерінде берілген 12-аңыз. 126 жасқа келген қаракерей соқыр Абыз деген кісіден бата алауға барған Жәнібек батырға берген батасы және

батырдың кіші жүздегі Тайған биден бата алуы сөз болады. Бұл аңыз да «Алтынсары ұлы кітабынан» алынған.

«Қожа Насыр» ақылы. Оқулықтың 32–33-беттеріндегі 13-әңгіме. Қожа Насырдың бір жиналыс үстінде мінберге шығып қырсықты сұрақ қойып, қызықты жауап бергені баяндалатын әзіл сықақ әңгіме.

«Шайық-Сағдыдан». Оқулықтың 33–34-беттеріндегі өлең. С. Сейфуллинің «Асау тұлпар» жинағынан алынғаны ескертілген. «Қалтасында біреудің, жұпары болса сақтаулы» деп басталатын, жақсы қасиетінің жарнамасын жасамайтын адамдар туралы жазылған 8 тармақ өлең мен күй (музыка) құдіретін сезінбейтін адамды хайуаннан бетер есептеу керек деген ой айтылған 8 шумақ өлеңнен тұрады. Өлеңді С. Сейфуллин парсы ақыны Шаих-Сағди жырларынан аударған.

«Асау тұлпар». Оқулықтың 33–34-беттеріндегі «Шайық-Сағдыдан» атты өлеңге дереккөз ретінде көрсетілген. **«Асау тұлпар»** Сәкен Сейфуллинның 1922 жылы баспадан шыққан өлеңдер жинағы.

«Тұуған жер». Оқулықтың 34-бетіндегі өлең. Өлең басында «Жұукөскөйден» деп ескертіліп, өлеңнің соңында «Бекет» деп жазылған. Мұндағы Жұукөскөй – Василий Андреевич Жуковский. Ол орыс ақыны. Орыс әдебиетінде романтизмнің негізін салушылардың бірі. Өлеңнің соңындағы «Бекет» Жуковскийдің «Туған жер» атты өлеңін қазақ тіліне аударған автордың бүркеншік есімі. Туған жердің қадір-қасиеті туралы жазылған, 12 жолдан тұратын 3 шумақ өлең.

«Өмір». Оқулықтың 34–35 беттерінде келетін 20 жол, 5 шумақтан тұратын өлең. Өлеңде бірде ашық, бірде бұлтты болатын күн сияқты өмірдің құбылмалы алуан сәттері болатынын меңзеледі. Өлеңде авторы көрсетілмеген. Алайда, бұл өлеңнің авторы Мағжан Жұмабаев екені белгілі.

«Жатырсын неге ұйықтап». Оқулықтың 36–37 беттерінде берілген өлең. 40 тармақтан тұратын бұл өлеңді «Бұйра ұлынан» алғаны ескертілген. Өлеңде бір кезде еңбекшіл болған

қарашекпеннің кейінгі кезде жалқауланып, ұйқы басқан адамға айналғаны айтылады. Өлеңнің алғашқы 6 тармағы оқулықтың 35-бетіне қайталанып басылып кеткен. Өлең авторы Бұйра ұлы.

«Қасқыр мен Мысық». Оқулықтың 37–39 беттеріндегі мысал өлең. Өлеңнің басында «Қырыйлоптан» деп, соңына «Қырық мысал» деп ескертпе берілген. Мұндағы Қырыйлоп – И.А. Крылов. Өлең 46 жолдан тұрады. Соңынан бір топ аңшы қуып келе жатқан қасқырдың құтыларға шара таба алмай мысықтан ақыл сұрағаны, мысық қасқырға адамдардың атын айтып сол үйге бара тұруды ұсынғаны, аталған адамдарға барайын десе, бұған дейін олардың малын жеп қойған қасқыр онда барудан қорыққаны баяндалады. «Не ексең, соны орасың» деген тағылымды тіркеспен өлең аяқталады. Бұл өлең А. Байтұрсынұлы мен Т. Шонанұлы бірлесіп жазған «Оқу құралына» (1926) да енген.

«Қырық мысал». Оқулықтың 37–39 беттеріндегі «Қасқыр мен мысық» атты мысалдың соңында ескертпе ретінде келеді. «Сауат ашқыш» атты осы оқулығында А. Байтұрсынұлы өзінің «Қырық мысал» жинағынан «Қасқыр мен мысық» (37–39 бб.), «Кісі мен арыстан» (42–45 бб.) және «Иттер достығы» (45–47 бб.) атты мысалдарды берген. А. Байтұрсынұлының алғашқы өлеңдері «Қырық мысал» атты аударма жинағы 1909 ж. Санкт-Петербургте жарық көрді. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер-қайратын, білімін жұмсайды. Ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған.

«Тұтқын зары». Оқулықтың 39–40 беттерінде берілген өлең. 30 тармақтан тұратын 7 шумақ өлең. Өлеңнің басында «Кірасұускиден» деп ескертілген. Өлең соңына «Бекет» деп аталған өлеңді аударған кісінің бүркеншік есімі берілген. Өлеңде жарының (жұбайының) кесірінен тұтқынға түскен «меннің» түрмедегі ауыр азапты күндері мен ұрпақтарына және болашағына аландаған бұлқынысты күйі суреттеледі.

«Таза бұлақ». Оқулықтың 40–42 беттерінде берілген өлең. 14 шумақтан (56 жол) тұратын бұл өлеңнің соңына «Азамат» деп ескертпе берілген. Мұндағы «Азамат» М. Дулатұлының кітабы (1914 жылы, Қазан). «Таза бұлақты» өлеңге айналдырып жазған Міржақып Дулатов. Бұл шығарманы Ыбырай Алтынсарин прозалық үлгіде жазған. М. Дулатов өткен ғасыр басында оны өлеңге айналдырады. Иен даладағы бір таза бұлақтан су ішкен үш жолаушы бұлақ жағасындағы «Осы бұлақтай бол» деген өсиет сөзді өз ойларынша әртүрлі жорығаны баяндалады.

«Кісі мен арыстан». Оқулықтың 42–45 беттерінде берілген мысал. А. Байтұрсынұлының «Қырық мысалынан» алынған бұл өлеңде ақылды адамның батыр арыстанды ақылмен қолға түсіргені сөз болады. Өлеңнің соңында өнер мен білімнің қара күшті қашан да жеңетінін дәріптеген екі шумақ бар.

«Ійттер достығы». Оқулықтың 45–47 беттерінде берілген мысал. Мысал А. Байтұрсынұлының «Қырық мысал» жинағынан алынған. Төрткөз бен Мойнақ атты екі төбеттің татулық туралы әңгімелесіп, тату болуға серттесіп жатқанда иесі тастаған сүйекке таласқаны туралы баяндалады. Дос болдық деп жүрген адамдардың да сүйекке таласқан иттерден бетер болып келетінін айтып түйіндейді.

«Шырылдауық шегіртке». Оқулықтың 47–49 беттерінде берілген мысал өлең. Өлеңнің басыны «Қырыйлоптан», соңына «Абай» деп берілген. Кейбір басылымдарда бұл мысал «Шегіртке мен құмырсқа» деп берілген. Өлеңде еңбекшіл құмырсқа мен көгалды қуып көлайттап жазды өткізген шегіртке-нің арасындағы әңгіме баяндалады.

«Қыз әкесіне». Оқулықтың 49–50 беттерінде берілген өлең. Өлең авторы «Малабай ұлы Рақымжан» деп көрсетілген. Өлең жеті шумақтан (28 жол) тұрады. Күлайым атты 14 жастағы қызын теңіне емес, шалға берген кісіге қарата жазылған сыни өлең.

«Түн еді». Оқулықтың 50–52 беттерінде берілген Мағжанның өлеңі. Өлеңде қалыңмалға сатылған әйелдер қауымының ішкі

жан айғайы мен мұң-зары әйел аузынан беріледі. Теңдік заман орнап әйел таңы атты деп түйінделеді.

«Өрбүу». Оқулықтың 53–54 беттерінде берілген танымдық мақала. Авторы көрсетілмеген. А. Байтұрсынұлының «Сауат ашқыш» атты оқулығында «Атақозы би», «Алдар көсе», «Қожанасыр», «Мүңке би (Мөңке)», «Көсем бала» және «Қожанасыр ақылы» қатарлы 6 фольклорлық мұраның ғана жинаушысы көрсетілмеген. Өзгелерінің кімнен, қайдан алынғанын автор көрсетіп отырған. Аталған оқулықта берілген 40 әдеби мұраның 33-іне түгел жинаушы немесе аударушыны яғни авторды көрсетіп отырып, жоғарыдағы 6 аңыз-ертегіге дереккөз келтірмеуінің себебі, аталған материалдар А. Байтұрсынұлының өзінің жинақтап жүрген мұраларында бар болып, өзі жазған оқулыққа қайта-қайта «Ақымет жиғанынан» деп ескертуді әбес санаса керек. Онсыз да аталған оқулықтағы қырық мәтіннің ішінде бірнешеуін өзінің «Қырық мысалынан» алғанын ескертеді. «Сауат ашқыштың» бөлімінде көбінесе танымдық мақалалар берілген. Олардың да барлығына автор есімдері беріледі де, тек осы аталып отырған «Өрбу» атты мақалада авторы көрсетілмеген. Ғалымның барлық танымдық мақалада авторларына құрмет етіп, тек бір мақаланың авторын жазбай кетуінің себебі «Өрбу» де А. Байтұрсынұлының өзінің шығармасы. Қаламгердің өзі зерттеген саласына байланысты жиі қолданатын сөз тіркестері, сөз саптау дәстүрі де осы пікірімізді айғақтайды. Бұл шағын оқулықта ғана емес, өзі бас болып шығарған «Қазақ» (1913–1918) газетінде де газеттің ең салмақты, ең өзекті тақырыбы саналатын бас мақаланы және басқарма атынан оқырмандарға берілген жауаптарды ғалым өзі жазып отырған. Бірақ олардың бәріне автор ретінде аты-жөнін тіркей бермеген. Автор мақалада Жер шары жаралған миллиондаған жыл бұрынғы ғаламдық өзгерістерден бастап, адамзаттың бүгінгі өркениетті дәуіріне дейінгі даму басқышын жазған осы шағын мақалада ықшамдап шеберлікпен жазған. Тақырыптың өзін де бір-ақ сөзбен (өрбу) беріп ойды жинақы жеткізген. Мақаланың көлемі шағын болғанымен, танымдық ауқымы кең.

«Олақтық па, салақтық па»? Оқулықтың 54–56 беттерінде берілген мақала. Қазақтың егін салудан хабарсыз екендігі айтылып, егіннің өнімді болу жолдарын және үй ұстаудағы, тазалықтағы кемшіліктерді сынап ашып көрсетеді. Автор немесе дереккөзі ретінде «Ауыл» деп көрсетілген.

«Жана» – және деген сөз. XX ғасыр басындағы басылымдардың көбінде «жəна», «жана» болып екі түрлі берілген. Оқулықтың 55-бетінде берілген.

«Қыпшақ Сейітқұл». Оқулықтың 56–58 беттерінде берілген əңгіме. Бұл да «Алтынсары ұлы кітабынан» алынған. Сейтқұл атты кісі өзіне қарасты отыз үйлі елді көшіріп, Торғайдағы Қабырға деген өзен бойында егін салып, аз жылда орнығып, адал еңбекпен байып, өсіп-өркендегені туралы баяндалады.

«Қазақ салты». Оқулықтың 58–60 беттеріндегі мақала. Авторы ретінде «Елдес» деп көрсетілген. Мақалада қазақтың көшпелі өміріндегі қиындықтар мен отырықшылыққа енді ғана бейімделе бастаған қазақ жұртының жалқаулығы сынға алынған.

«Шарыуа жайы». Оқулықтың 60–61-беттерінде берілген мақала. Мақалаға автор ретінде «Əгіраном» деп көрсетілген. Мақалада көшпелі тұрмыстан отырықшылыққа өткен қазақ жұртындағы жұмыссыздық, дағдарыс мəселесі сөз болады. Заманға сай шаралар қабылдап, заман талабына қарай кəсіп көзін ашудың жолдары көрсетіледі.

«Дағдылы жол мен айырлы жол». Оқулықтың 61–63 беттеріндегі мақала. Мақала авторы «Елдес» деп көрсетілген. Е. Омарұлының бұл мақаласы «Жас қазақ» журналына (1924 жыл № 5–7) да жарияланған. Мақалада автор дағдылы жол (революция) мен айырлы жол (эволюция) арқылы əлемдегі күллі заттар мен құбылыстар өзгерісте болатынын нақты тарихи мысалдар арқылы дəлелдеп көрсетеді.

«Қазақ малының тұқымын асылдандырыу жəйінда». Оқулықтың 63–66 беттеріндегі мақала. Авторы «Бенкеуіш» деп көрсетілген. Мақалада қазақ малын асылдандырудың бірнеше

жолдары нақты тәжрибеге және мысалдарға сүйене отырып дәлелдеп көрсетілген. Аталық малдардың күтімі, малды сұрыптап бағудың жолдары барынша түсінікті тілмен жазылған.

«Сүтті сыйырдың белгілері». Оқулықтың 66–68 беттеріндегі мақала. Авторы «Әгіраном» деп көрсетілген. *«Мүйізді мал ұсталатын орнына қарай үш тарау: 1. Жұмыс малы; 2. Ет малы; 3. Сүт малы»* деп үш топқа бөліп әр топтың артықшылығын ғылыми тұрғыда таныстырады. Онан кейін сүтті болатын сиырдың желіні мен жалпы тұлғасындағы өзгеше жаратылыстарын түсіндіріп береді.

«Кәперәтсійе». Оқулықтың 68–71 беттеріндегі мақала. Авторы «Қой-айдар ұлы» деп көрсетілген. Мақалада кооперацияның шығу тарихы, мақала жазылған жылдардағы Россия жеріндегі кооперациялардың жағдайы, көшпелі шаруашылықтан отырықшылыққа өте бастаған қазақ халқы арасында кооперацияны қалай қалыптастыру туралы келелі ой айтады.

«Күн». Оқулықтың 71–73 беттеріндегі танымдық мақала. дереккөзге «Толыстойдан», аударушы «Тел-жан» деп көрсетілген. Күллі әлемнің күнсіз өмір кеше алмайтыны, адамзаттың әрбір тынысты тіршілігі тек қана күннің арқасында жалғасатынын баяндаған шығарма. Шығарманың қазақ тіліне аударушы қара сөзбен жазғанына қарамастан, өлең жолдарын ұйқас және үндесім арқылы жеткізген. Шығарманың соңын бір шумақ өлеңмен түйіндеген.

«Тамшының тарығы». Оқулықтың 73–75 беттерінде берілген танымдық мақала. Оқулық бойынша берілді. Тарихы деген сөз «тарығы» болып жазылған. Аталған мақаланы Телжан Шонанұлы аударған. «Аударыушы Тел-жан» деп көрсетілген, алайда, шығарманың авторы кім екені ескертілмеген. «Тамшының тарихы» атты бұл танымдық мақала А. Байтұрсынұлы мен Телжан Шонанұлы бірлесіп жазған, 1926, 1927 жылдары баспадан шыққан, 3–4 сыныптарға арналған, 412 беттен тұратын көлемді «Оқу құралында» да берілген. Аталған «Оқу құралында» аударушы ретінде ешкім көрсетілмеген.

Мақалада теңізден шыққан бір тамшы көкке көтіріліп, аспанды кезіп, кейін жер бетіндегі гүлдерге қонып, сосын аспанға ұшып шығып, жер бетіне жауын болып жауғаны, кейін бұлақтар мен өзендерге қосылып ақыры теңізге қайта жеткені қызықты таныстырылады.

«Дүнійе қандай». Оқулықтың 75–77 беттеріндегі танымдық мақала. Авторы «Қыр баласы». Мақалада атақты Эйлердің бір моллаға ғалымның құпияларын қызықты мысалдармен түсіндіргенін мысалға ала отырып, дүниенің қандай екенін, Ай мен Күннің, Күн мен Жердің ара қашықтығы және үлкендігі туралы қызықты ақпараттарды оқырманға таныстырған.

«Ленійн». Оқулықтың 77–79 беттерінде берілген Ленин туралы мақала. Мақала авторы «Сәрсембі ұлы». Мақалада Лениннің балалық шағынан бастап, өмір жолы, саяси тұлға болып қалыптасқанға дейінгі барысы, сол тұстағы көзқарас бойынша тарихи бағасы беріліп, ықшам баяндалған.

«Ленійн және ортақшыл партыйасы». Оқулықтың 79–81 беттерінде берілген мақала. Мақала авторы «Жағыпар» деп көрсетілген. Мақалада Лениийің аталған партияны құру жолындағы еңбектері, Ортақшыл париясының тарихы, партияның күрестері, қара шаруалардың аталған партияны жақтап, сенім артуына себепкер болған Лениннің саяси ұстанымдары сөз болады. Мұндағы ортақшыл партия – коммунистік партияның сол кезеңдегі баламасы.

«Құуанышты күн». Оқулықтың 81–83 беттеріндегі ең соңғы танымдық мақала. Авторы «Ғ. Сұлтан ұлы» деп көрсетілген. Автор мақаласында Орынбор қаласында жалғыз күндік демалыста сыртқа сейілдеп шыққан «менің» көңілін ештеңе жұбатпай тұрғанда, қазақ мектебіндегі балардың үні және жаңа заманға сай өмірді көріп желпінгені туралы жазады. Сәлден соң теңдікке жеткен қазақ қыздарының әйел теңдігіне арналған әнді топтасып айтып келе жатқандарын көзімен көріп, көңілі онан әрі желпініп, қуанышты күнді басынан өткізгені баяндалады.

Ә. Ахмет

ӘЛІП-БИ. ЖАҢА ҚҰРАЛ

«Әліп-би. Жаңа құрал». А. Байтұрсынұлының бұл оқулығы Қызылордадағы Мемлекет баспасынан 1926, 1927 және 1928 жылдары үш рет басылып шыққан. Ғалым аталған оқулығын бұған дейінгі «Оқу құралына (Қазақша әліфба, 1912–1925)» жалғасты құрал ретінде қайта жазып шыққан. «Оқу құралы» мен «Жаңа құралдың» басты айырмашылығы – бұған дейін жиі сұраныспен он шақты рет (кейбір басылымдары қолға түспегендіктен оншақты деп отырмыз) басылып келген «Оқу құралы» усул сотие яғни, жаңа жолмен жазылса (бұл кейде дыбыс әдісі жолымен деп те аталады), «Әліпби. Жаңа құрал» тұтас сөз әдісімен (бүтін сөз әдісімен) жазылған. Сол тұстағы заманауи білім беру тәсілдерін ескере отырып, оқу-ағартудағы жаңалықтарға бейімдеп оқулықты жаңартуды маңызды деп қараған ғалым, өзінің бұған дейін он төрт жыл бойы қолданыста болған «Оқу құралының» бет-бейнесін түгелдей өзгертіп, жаңа заманға сай бүтін сөз әдісін қолданып, аталған оқулыққа «жаңа құрал» деп ескертпе қосып басуында да үлкен тарихи мән бар. Сондықтан, «Әліпби. Жаңа құрал» атты оқулық ғалымның «Оқу құралы (Қазақша әліфба, 1912–1925)» атты еңбегінің заңды жалғасы болғанымен, әдістемелік және мазмұндық тұрғыда мүлде басқаша үлгіде жазылған еңбек екенін ескеру керек. Бұған дейінгі бірнеше рет басылып шыққан А. Байтұрсынұлының көптомдықтарында аталған екі әліппенің айырмашылықтары ашып көрсетілмей келді. Керісінше, екінші әліпби бірінші қазақша әліппенің жалғасы деп қана көрсетілген еді.

«Әліпби. Жаңа құралдың» 1926, 1927 және 1928 жылғы басылымдар арасында аса көп айырмашылық жоқ. Үш басылым да түгелдей 116 беттен тұрады. ҚР Ұлттық кітапханасының Сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында бұл оқулық 1924 жылы да жарық көргендігі туралы картотекалық ақпар бар. Дегенмен, 1924 жылы бұл «Жаңа құралдың» шыққаны туралы сенімді ақпарат жеткіліксіз. «Жаңа құралдың» аталған

жылдағы басылымы қолға түскен жоқ. Оның үстіне, ғалымның бұрынғы «Оқу құралы» 1925 жылы да басылып шығып, мектептердің ең маңызды оқулығы болғанын ескерсек, 1924 жылы ғалым «Жаңа құралды» баспадан шығарып, екі әдіспен жазылған екі түрлі «әліппе» қатар қолданыста болуы қисынға келмейді.

А. Байтұрсынұлы «Әліпби. Жаңа құралды» жазуына не түрткі болғанын өзінің аталған оқулыққа жазған алғысөзінде былай деп баяндайды: *«Өзгеріске дейін Ресейде қалың оқытушылар қолданған «төте оқыу» деген дыбыс негізді әдіс екендігі мәлім. Бірден дыбыстарды қосыб сөз қылыб оқығандықтан, бірден қарыптарды қосыб, сөз қылыб жазғандықтан, ежіктпен қадімше оқытыудың қасында бұл әдіс анағұрлым төте еді. Сондықтан да «төте оқыу» деб аталыб еді.*

Дыбыс әдісімен қатар, онан тәуір сөз негізді «тұтас оқыу» әдісі шықса да оны жұрт жаппай ұстай қойған жоқ еді.

Өзгерістен кейін сөз негізді – «тұтас оқыу» деген әдіс артық деб алдағы жұрттар соны алыу шарасына кірісіб жатыр, арттағы жұрттардың алыуға шамасы келмей жатыр: үйткені – жаңа әдісті жұмысқа ол жаңа әдісті білетін адам, жаңа жағдай, құрал-сайман керек». Міне, заман қажеті тудырған сұраныстан кейін ғалым осылай өзінің оқулығына да реформа жасап, «Жаңа құралын» жұртқа ұсынып, алғысөзінде оқытушылар мен қолданушылардан аталып өткен екі әдістің қайсысы балаларға әліппені үйретуде қолайлы екенін жиі айтып тұруды өтінеді.

Ғалымның аталған «Жаңа құралы» 1924 жылы баспадан шықпағаны туралы тағы бір айғақ, автор жазған алғысөзден кейінгі көрсетілген уақыт деуге болады. Автор алғысөзінің соңына *«Шығарыушы. 21/Х–25 Қызыл орда»* деп қол қойған. Демек, кітап осы жылы яғни 1925 жылы 21 қазанда баспаға дайын болып, келесі жылдан бастап қолданысқа берілген.

Оқулықтың 1926, 1927 және 1928 жылғы басылымдарды салыстырғанда аса үлкен өзгерістер байқалмады. 1926 жылғы «Жаңа құралдың» мұқабасы бар. Қалған екі нұсқаның мұқаба

беті қолға түспеді. Үш басылымның титул беттеріндегі ақпараттар негізінен ұқсас. Тек 1926 жылғы нұсқаның аталған бетінде *«Түрлі сүгіреттерімен басылған»* деген сөз жоқ. Қалған екі басылымында бұл сөз бар. Титул беттен кейінгі бетке ғалымның өзге оқулықтарына да үнемі басылып отырған «Балаларға тарту» атты бір шумақ өлеңі берілген.

А. Байтұрсынұлының осыған дейін жарық көрген алты томдығына «Әліпби. Жаңа құралдың» 1926 жылғы нұсқасы енген. 1928 жылғы нұсқа 1992 жылғы «Тіл тағылымы» атты жинаққа енді. 1992 жылғы басылымда қажетті суреттер берілмеген, кесте ішінде бос орында қандай сурет болатындығы туралы айтылады да төте жазудың сол жағына қазіргі қазақ жазуымен жазылуын беріп отырады. Мәселен, 1926 жылғы нұсқада әр тақырыпқа керекті суреттердің барлығы дерлік түгел берілген. Және осы суреттер арқылы сабақ оқытуда баланың ұғымына тез қонымды болатынын негізге алған әдіскер-ұстаз, кейінгі басылымда да суреттердің көрнекті болуын назарда ұстаған. 1992 жылғы басылымда суреттер берілмеген. 1928 жылғы нұсқаның 32-бетіндегі «Кім табады?» деген айдаршамен берілетін топтамалы 9 суреттің тақырыптық орны, «Тіл тағылымы» жинағында 54 бетке ауысып кеткендіктен суреттің төменгі жағында берілген шешу шарты: «Мұның да істеу реті алдыңғыша» деген түсіндірмелік, шындығында, түсініксіздеу болып тұр. Кемшіліктер төте жазуды қазіргі әріпке түсіргенде де кездеседі. Мысалы, «сүгірет-сурет, қарып-әріп, қадымше-қадымша, бүтін-бөтен» т.б. сөздер өзгеріске ұшыраған. Осы түпнұсқа басылым 1998 жылы ғалымның 125 жылдық мерейтойына орай, әрі соңғы басылымның 70 жылдығына арналып, «Рауан» баспасынан 1000 таралыммен жарық көрді. Бұл жинақтың ерекшелігі – сол тұстағы жазу емлесі қаз-қалпында сақталып, беттің төменгі жағына қазіргі жазуға түсірілген нұсқасы берілген.

Бұл жинаққа да «Әліпби. Жаңа құралдың» 1928 жылғы нұсқасы түпнұсқаға барынша бейімдей отырып енгізілді. Аталған үш басылым арасында айырмашылық жоқ деуге болады. Тек

кейбір сөздер, 7-бетте: «мұғалімдерден-мұғалымдардан, жанастырыб-жамастырыб, жүзіндегі-жөніндегі»; 9-бетте: «үйретуге де екеуіне бірдей» деген сөз тіркесі «үйрету келесі беттен басталу керек» деп; 11-бетте: «қарыптарын-әріптерін» тағы басқа да өзгерістер кездеседі. Мұндай өзгешеліктерге ғылыми тұрғыда түсініктер берілді. Оқулықтағы суреттердің де көшірмесі бірге берілді.

Қазағыстан білім ордасы. Оқулықтың титул бетінің ең жоғарғы жағына берілген. Аталған оқулықты пайдалануды ұйғарған мекеме аты. **Қазағыстан** деген сөз басылым бойынша берілді.

Байтұрсын ұлы Ақымет. Оқулықтың титул бетіндегі автор есімі басылым бойынша берілді. Ғалым аты-жөнін 1924 жылдан бастап осы үлгіде жазады. 1912–1925 жылдары Ахмет Байтұрсынұф, А. Байтұрсынұф, Ахмед, А. Б. үлгісінде жазып келген болатын. 1924 жылы қазақ әліпбиінен ф, х, h дыбыстарын шығарып тастағаннан кейін қаламгерлер аты-жөнін осы тәртіпке сала бастағаны байқалады.

Әліб-бій. **Жаңа құрал.** Оқулықтың титул бетінде. Оқулық аты осылай жазылған. **Әліб-бій**. Сол кездегі оқулықтар мен басылымдарда (1924–1929) сөздің соңғы буынында келетін «-ып,--іп, -п» дыбыстары «-ыб,-іб,-б» болып берілген. **Жаңа құрал.** А. Байтұрсынұлының «Әліпби. Жаңа құрал» оқулығы 1926, 1927 және 1928 жылы үш рет басылған. Осы үш нұсқасында үлкен айырмашылық жоқ. Біз соңғы (1928 ж. Қызылорда) нұсқасын ұсынып отырмыз. Автордың бұл оқулығы 1912 жылдан 1925 жылға дейін аса мол басылыммен жыл сайын басылып, мектептерде қолданылған «Оқу құралдарының» жалғасы деуге болады. Алайда «Оқу құралы» усул сотие жолымен (Жаңа жол немесе дыбыс әдісі жолы) жазылса, «Әліпби. Жаңа құрал» тұтас сөз (бүтін сөз әдісі деп ете аталады) әдісімен жазылған. 1926 және 1927 жылы шыққан «Әліп-би. Жаңа құралдарының» мұқабасы ұқсамайды. Айқара беттегі ақпараттар негізінен ұқсас.

3 інші ірет басылыуы. Оқулықтың титул бетіндегі басылым туралы мәлімет. Оқулық бұған дейін 1926, 1927 жылдары басылған.

Түрлі сүгіреттері мен басылған. Оқулықтың титул бетіндегі оқулықтың артықшылығы туралы мәлімет. Бұл ескертпе 1927, 1928 жылғы екі нұсқада да бар. 1926 жылғы басылымда жоқ. Бірақ, үш нұсқада да түрлі суреттермен берілген.

a.baitursьn ulь. Оқулықтың титул бетінің сол жақ төменгі бөлігінде берілген, «А. Байтұрсынұлы» деген жазудың сол кездегі қабылдану алдында тұрған латын әліпбиімен жазылуы. Бұл латынша ескертпелер 1926 және 1927 жылғы басылымдарда жоқ. Сол тұста қабылданған латын әліпбиінде де кісі есімдері бас әріппен жазылмаған. Бұл төте жазудағы дәстүрлі тәсілдің жалғасы деуге болады. 1934 жылдан кейін латын әліпбиінде кісі есімдері мен жер-су атаулары бас әріппен жазыла бастаған.

ˇalьв-ˇвьі jaŋa qural. Оқулықтың титул бетінің сол жақ төменгі бөлігінде берілген, «Әліп-бій. Жаңа құрал» деген жазу. Сол кездегі қабылдану алдында тұрған латын әліпбиімен жазылуы. «ˇ» белгісі арқылы төте жазудағы дәйекшіні «ء» (жіңішкелік белгісі) бейнелегенін байқауға болады. Оқулықтың оң жақ төменгі бөлігіне осы ақпараттардың орысшасы берілген.

Балаларға тартыу. Оқулықтың титулдан кейінгі бетінде. А. Байтұрсынұлының бұл алты жолдан тұратын бір шумақ өлеңі 1912–1925 жылдары көп рет басылған «Оқу құралында» және 1926–1928 жылдары басылған «Әліпби. Жаңа құралында» айқара беттен кейін беріліп отырған. 1921 жылғы «Оқу құралы» мен 1926 жылғы «Сауат ашқыш» атты сауатсыз үлкендерге арналған екі оқулығында бұл өлең берілмеген. Ғалымның оқулықтары екі бағытта, атап айтқанда, балалар мен үлкендерге арналып жазылғанын осыдан көруге болады. Және ғалымның оқулықты пайдаланушылардың жасы мен ой-санасына қарай оқулықтың алғашқы беттерінен бастап әрбір сөз-сөйлемдерге айырықша назар аудара білгені байқалады. Осындағы тарту сөзінің **тартыу** болып жазылу себебі, Ахмет Байтұрсынұлы бастаған ғалымдар

«у» мен «й» ды дауыссыз дыбыс деп танып, емлені бірлікке келтіргеннен кейін, басқа дауыссыз дыбыстар сияқты, аталған екі дауыссыз дыбыстың да алдында дауысты дыбыстар келетінін тұрақтандырады. Сондықтан, жуан дауыстылар үшін «-ыу», жіңішке дауыстылар үшін «-іу» нұсқасы бекітілді. Бұған дейін (1924 ж.) «оқуу», «тартуу», «келуу», «білуу» үлгісінде жазылып келген сөздер енді «оқыу», «тартыу», «келіу», «біліу» үлгісінде жазылатын болды. Біз ғалымның академиялық толық жинағында тілтанымдық және әдістемелік мұраларын барынша түпнұсқа негізіндегі басылым бойынша беруге тырыстық.

Бұ жолмен бара жатқан өзіңдей көп. Оқулықтың титул бетінен кейінгі бетке берілген «Балаларға тарту» атты өлеңнің 3-тармағы. Мұндағы **бұ** есімдігі басылым бойынша берілді. ХХ ғасыр басындағы әдеби мұраларда бұл, бұ, ол, о, есімдіктері қатар қолданыста болған.

Шығарыушы. Оқулықтың титул бетінен кейінгі бетке берілген «Балаларға тарту» атты өлеңнің авторы ретінде көрсетілген. Автор бұған дейінгі «Оқу құралдарында» осы өлеңнің соңына «А.Б» деп есімін қысқаша жазған. Ал «Әліпби. Жаңа құралда» өлеңнен кейін «Шығарушы» деп жазылған. Келесі беттегі алғысөздің басына да «Шығарыушыдан» деп жазған. ХХ ғасыр басындағы терминологиялық сөздіктерде автор деген сөздің баламасы ретінде аптыр, шығарушы, жазушы деген сөздер берілген.

Таралымы – 20 000. Оқулықтың титул бетінен кейінгі бетке берілген «Балаларға тарту» атты өлеңнің төменгі жағына кітаптың таралымы көрсетілген. 1928 жылғы басылым жиырма мың данамен, 1927 жылғы басылым елу мың данамен, 1926 жылғы басылым 8–17 мың данамен басылғаны көрсетілген.

Өзгеріске дейін. Оқулықтың 3-бетіндегі «Шығарушыдан» (алғы сөз) берілген мәтіннің басында. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін патша үкіметінің құлап, Кеңес үкіметі орнай бастағанын меңзейді.

«Төте оқу» аталып еді. Оқулықтың 3-бетіндегі «Шығарушыдан» (алғы сөз) берілген мәтіннің бірінші

абзацында. XX ғасыр басында оқуды не үшін **төте оқу** аталғаны туралы ғалым өзі алғы сөзде айтады. Қадімше ежіктеп оқу яғни шағатай жазуынан бері келе жатқан оқу-жазу дәстүріне А. Байтұрсынұлы бастаған ағартушылар өзгеріс енгізді. Бір сөзбен айтқанда ескіше (қадімше) оқуда алдымен араб тілінің дыбыс заңдары арқылы діни сауат ашып алып, қазақ сөздерін сол араб тіліне негізделген емлемен оқып-жазу керек болатын. Кейін, А. Байтұрсынұлы бұлай оқу мен жазуға реформа жасап, қазақтың жазба әдебиетінде бұрыннан келе жатқан араб графикасына анағұрлым өзгерістер енгізіп, қазақтың төл дыбыстау заңдылығына үйлесетін ұлттық жазуды ойлап тапты. 1910 жылдан басталған бұл іргелі реформа 1912 жылы жұртқа жария болды. Жұрт жылы қабылдаған әліпби арқылы ғалым өзі «Оқу құралы (қазақша әліфба, 1912)» басы болған оқулықтар жазып, оқушылар енді қадімшемен емес, А. Байтұрсынұлының әліпбиімен сауатын ашты. «Қазақ» газеті де аталған ұлттық жазудың жұрт арасына жайылуына дәнекер болды. Ахмет Байтұрсынұлының жаңадан жасап шыққан әліпбиі арқылы оқу бұрынғыдан анағұрлым төте болғандықтан, бұл «төте оқу» деп аталды. Ғалымның әліпбиі де үйренудегі ұзақ барысты қысқартып, оқу ісін жеңілдеткен, қазақ тілінде қалай дыбысталса солай жазуға бейімделген әліпби болғандықтан, ендігі жерде бұл жазу «төте жазу» аталды.

Дыбыс негізді әдіс. Оқулықтың 3-бетіндегі «Шығарушыдан» (алғы сөз) берілген мәтіннің басында келеді. А. Байтұрсынұлы өзі көрсетіп отырғанындай, дыбыс негізді әдіс ғалымның төте жазуы арқылы төте оқу жалпыласқан кезеңде қолданылған әдіс. 1912–1924 жылдар арасында шыққан оқулықтардың, әсіресе А. Байтұрсынұлы оқулықтарының айқара беттерінде «Дыбыс әдісі жолымен», «Усул сотие жолымен» және «Жаңа жолмен» деген ескертпелер бар. Бұлардың бәрі бір сөзбен айтқанда, сол тұстағы оқу оқыту әдістері. Дыбыс негізді әдіс яғни қазақша әріптерді дыбыстар арқылы бір-бірлеп үйрету сол тұста нәтижесін берді. Ал «Атаулар сөздігінде» (1931) дыбыс әдісі

жолының орысша баламасы да берілген. **Звуковой метод —** дыбыс әдісі («Атаулар сөздігі», Қалық ағарту кемесериеті, білім кеңесінің термин кемесиесі, Қазақстан баспасы, 1931 жылы). Ғалым осыған дейінгі оқулықтарын дыбыс әдісі жолмен жазса, осы «Әліпби. Жаңа құралды» тұтас сөз әдісі арқылы, сол кезеңдегі білім берудегі жаңа бағыттарға байланысты жазғанын түсіндіреді. «Тұтас сөз әдісі» туралы төменде түсінік беріледі.

Ежік. Оқулықтың 3-бетіндегі «Шығарушыдан» (алғы сөз) берілген мәтіннің басында *«...ежік пен қадімше оқыудың қасында бұл әдіс анағұрлым төте еді»* деп түсіндіреді. Мұндағы **ежік** сөзінің мағынасы – сөзді әріпке, буынға бөліп, ежелеп оқу (жақсы оқи алмау). Бұл баршаға белгілі. Дегенмен, сол тұста осы **ежік** деген сөздің өзі оқу бағдарламаларының бір кезеңін бейнелеген терминдік қызмет атқарған. Қазіргі кезеңде алдымен әліппені үйреніп, біртіндеп мәтіндер оқи бастайтын оқыту әдісі сияқты, 1912 жылы А. Байтұрсынұлы төте жазуды жасағанға дейін, шәкірттер қадімшені алдымен ежіктеп, онан кейін жүргізіп оқу сатыларынан өтетін болған. Ал 1912–1924 жылдары төте жазу арқылы оқытудан кейін, шәкірттер ежік басқышын баспай-ақ, дыбыстар мен әріптерді танып, «төте оқуды» жалғастыра берді.

Тұтас оқу әдісі. Оқулықтың 3-бетіндегі «Шығарушыдан» (алғы сөз) берілген мәтінде аталады. А. Байтұрсынұлы қадімшемен ежіктеп оқу әдісін пайдаланып келген қазақ оқу ағарту саласына өзгеріс жасап, төте жазу арқылы төте оқитын дыбыс әдісін қолданғаны белгілі. Осы әдіс арқылы он жыл бойы оқулық жазып, оқытушы болып, ағарту жұмыстарын белсене жүргізген. Алғысөзде өзі айтып отырғандай, қазақтың ағарту ісінің көші баяу болды. 1920 жылдары оқу-ағартуда озып бара жатқан ұлттар тұтас сөз әдісі немесе бүтін сөз әдісі деген оқыту әдістерін пайдалана бастайды. А. Байтұрсынұлы заман көшінен қалмай, өзі де тұтас сөз әдісі арқылы қазақ жеткіншектерін оқытып көру үшін осы оқулықты («Әліпби. Жаңа құралды») жазғанын айтады. Бір сөзбен айтқанда, бұған дейін тек әріптер мен

дыбыстарды бір-бірден таныту – басты оқыту әдісі болса, енді А. Байтұрсынұлы қазақ жеткіншектерін тұтас оқу жолы арқылы яғни сөз бен суреттерді көрсету арқылы әріп пен дыбыстарды үйрету әдісін қолдануды көздейді. «Әліпби. Жаңа құрал» мен ғалымның 1912–1925 жылдар арасында кең көлемде қолданылған «Оқу құралын» салыстыру барысында дыбыс әдіс жолы мен тұтас сөз жолының айтарлықтай ірі айырмашылығы бар екеніне көз жеткізуге болады. Айта кетелік, XX ғасыр басында, 1931 жылы шыққан «Атаулар сөздігінде»: «**Метод целых слов –** бүтін сөз әдісі, **Американский метод обучения грамоте –** тұтас сөз әдісі» деп берілген. Ғалымның ең алдымен жазуды өзгертіп, қазақтың төте жазуын жасауы, сол әліпби арқылы күллі ағарту ісін ілгерілетуі, сондай-ақ, заман талабына сай, бұрынғы оқу құралдарының орнына жаңа әдіс жолдарын зерттей отырып, өзгеше қызықты, құнды оқулық – «Әліпби. Жаңа құралды» жазып шығуы қазақ халқын замана көшінен қалмауға жол басшы болуынан еді.

Жаңа пырағырам. Оқулықтың 3-бетіндегі «Шығарушыдан» (алғы сөз) берілген мәтінде аталады. Мұндағы **пырағырам** – программаның сындырылып алған нұсқасы. «Қазақ тілінен балама табылмағанда шетел сөзін қазақ тілінің дыбыстау заңына икемдеп сындырып алу керек» деген сол тұстағы қазақ терминжасамының қағидасына сай, қазақтың дыбыстау заңдылығына икемдеп, сындырылып алынған сөз. XX ғасыр басында тек А. Байтұрсынұлы еңбектерінде ғана емес, сол кездегі ақпарат, баспасөздің бәрінде пырағырам сөзі осылай берілген. 1940 жылы қазақ жазуы кирилл қарпіне көшкенге дейін де программа сөзі пыроғырам болып берілгеніне деректер көп. Айта кетелік, Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ» газетінде 1913 жылы жариялаған «Қазақша оқу жайынан» атты мақаласында, программаны пыроғырам деп ала отырып, жақша ішіне аталған терминнің «жосық» деген баламасын да көрсеткен. «*Әуелі біз бала оқытатын кітаптарымызды түзеп, сайлап алып, сонан соң неден бастап, неге шейін оқытатынымызға жосық белгілеуге дұрыс»,* – дейді ғалым аталған мақалада.

Мұғалым. Оқулықтың 3-бетіндегі «Шығарушыдан» (алғы сөз) берілген мәтінде аталады. Оқулықта мұғалім сөзі «мұғалым» болып жазылған. Әсіресе, 1924 жылдан кейін А. Байтұрсынұлы көшін бастаған тілші ғалымдар тобы қазақ тілінің сингармонизм заңын сақтап қалу үшін ерекше еңбектенгені байқалады. Бұрын ала-құла жазылып келген атаулардың емлесі, 1924 жылдан кейін бір арнаға түсе бастаған. Бұған дейін «ғылым – ғілім, мұғалім-мұғалым, ғасыр – әсір, кітап – кітеп, мәһкәмә – мекеме», т.б. болып жазылып жүрген сөздердің тұтас жуан немесе тұтас жіңішке нұсқаларын ғана қалдыру көзделген. Қытайдағы қандастар күні бүгінге дейін мұғалым деп айтып, солай жазуы да А. Байтұрсынұлы бастап арнаға түсіріп кеткен, қазақ тілінің үндестік жемісі.

Аш адам ас талғамайды. Оқулықтың 3-бетіндегі «Шығарушыдан» (алғы сөз) берілген мәтінде аталады. А. Байтұрсынұлы шағын ғана алғысөзінде оқырманға мол ақпараттық танымдық білім береді. Сол жылдары (1926) қазақтан суретші болмағанын да ескертеді. Және оқытушылардан жоғарыда аталып өткен негізгі екі әдістің (дыбыс әдісі мен тұтас сөз әдісі) қайсысы ыңғайлы екенін дәлелмен көрсетіп, авторға (өзіне) хат жазуын, ұлтты ағарту ісінің тез әрі үйлесімді жолын табуда оқытушылар үнемі автормен ақылдасып отыруын өтінеді. Сондай-ақ, сол тұста 90 пайызы хат танымайтын қазақты ағарту ісінде заман көшіне тез ілесудің маңыздылығын баса айтады. Шарт-жағдайды күтіп, заман жақсарғанда жақсы оқыту бағдармалары арқылы елді ағартып аламын деп күтіп отырмай, «барымен базар болып», ғылым мен білімге шөлдеп, ашырқанып тұрған халыққа қай әдіспен болса да ағарту ісін жүргізе беру керектігін ескертіп дабыл қағады. Заман жақсарғанда берген дәмді асыңнан, мұқтаж кездегі қазіргі асың қайырлы дей келіп, «аш адам ас талғамайтынын» айтып, ой-пікірін түйіндейді.

Айғайлаған бала, ырылдаған ит, ызыңдаған ара. Оқулықтың 5-бетінде берілген суреттер. Бұл суреттер «а», «р», «з» әріптерін тұтас үйрету үшін берілген. Ортадағы бала

«аааааа» деп дыбыстап тұр. «А» (ا) дыбысын (әрпін) осылай бейнелесе, әрине алғаш әліппе үйреніп отырған баланың есіне мықтап қалары даусыз. Сол жақта ара ызыңдап, «зззззз» (ز) деп тұрса, оң жақта ит «рррр» (ر) деп ырылдап тұр. Балаға бірден адам мен жануарлардың дыбыстауы арқылы әріпті елестету көзделген. Аталған үш әріп әліпби реті бойынша келіп тұрған жоқ. Дыбыс әдісі жолымен жазған бұрынғы оқулықтарында автор басқаша жазып, ал бүтін сөз әдісі арқылы жазған «Жаңа құралында» әріптер арқылы сөздердің тезірек құралуын ойластырған. Ара мен ит және бала үшеуі қазақ үшін жат ұғым емес. Басқа мысалдан гөрі осы үшеуі арқылы әліпбидегі бастапқы үш дыбысты білімнің есігін бірінші рет ашып отырған жеткіншектің санасына сіңіруге септігі тиеді. Оқулықта кездесетін суреттердің бәріне түсінік жасауды міндет санамадық.

Бұл дыбыс әдіс жолына ғана. Оқулықтың 5-бетінде берілген ескертпе. 1926 және 1927 жылы шыққан «Әліпби. Жаңа құралдарында» бұл сөйлем басқаша берілген. Яғни аталған нұсқаларда *«Бұл дыбыс әдіс жолына да, Тұтас сөз жолымен үйретіуге де – екеуіне бірдей»* деп көрсетілген.

Ара аз, көбелек көп. Оқулықтың 6-бетіндегі «ара аз» (а+р+а, а+з) деген сөзді көрсету үшін берілген сурет. Сол жақта екі араның, оң жақта бес көбелектің суреті берілген. Төменгі жағына «ара, аз, ар, ара, азар, аза, араз» сөздері көрсетілген.

Шыққанын шырпыдан жасау. Оқулықтың 6-бетінен бастап, соңына дейін жиі кездесетін жаттығу түрлерінің, автор сөзімен айтқанда «Ермек-еңбектің» бірі. Көрсетілген сөздерді шырпы арқылы жасап көрсету жаттығуына арналған. Автор оқулығында жаңа оқыту әдісіне сай, үнемі оқу мен жазуға ғана емес, әрекет арқылы балалар өздері қолмен жасап көру арқылы істейтін жаттығуларды қосқан. Оқулық авторы А. Байтұрсынұлы жаңаша оқыту әдістемелеріне айырықша мән бергені және сол тұрғыда оңай әрі қызықты жолдарды пайдалана білгені «Жаңа құралдан» айқын байқалады.

Ар	ара	азар
аз	аза	азар

Кестеде «ар, ара, азар, аз, аза, азар» деген алты сөз тұр. Астында: *«Бұлар бөлек-бөлек сызық бойымен кесіліб, қарташа үлестіріледі. Әркім өзіне шыққанын шырпыдан (оттықтан) жасайды»* деп ескертілген.

Балалар өздеріне тиген сөзді шырпымен жасап шығады. Бұл білім мен ойынның ара-жігін ажыратып үлгірмеген жеткіншек үшін лайықты тәсіл. Ғалымның осы секілді жаттығуға шырпыны таңдаған себебі, қазақтың баласына шырпы жат дүние емес. Оның үстіне шырпының түзуі, қисығы аралас келеді. Түзу шырпы «а» (ا) үшін, қисық шырпылар «р» (ر) мен «з» (ز) үшін ыңғайлы. Ғалым осыны да ескерген. Мұндағы «шыққанын шырпыдан» дегенде де аллитерациялық (бірыңғай дауыссыз «ш» дыбысымен келуі) ұйқас бар. Ол да естіген адам жадында жақсы қалатын тіркестер. Оқулықта «Шыққанын шырпыдан жасау» жаттығуы көбірек кездеседі. Бірақ, оның бәріне түсінік беру міндетті емес деп қарадық.

Ермек – еңбек. Оқулықтың 6-бетінен бастап, соңына дейін жиі кездесетін жаттығу түрлерінің бірі. А. Байтұрсынұлының «Әліпби. Жаңа құралында» «Ермек-еңбек» атты жаттығу бөлімі әр сабақтан кейін беріліп отырады. Мұндағы **ермек, еңбек** сөздері ұйқасып түсіп отыр және ассонанстық үлгі (бірыңғай «е» дауысты дыбысымен келуі) бар. «Ермек-еңбектің» мағынасы түсінікті. Бала осы ермек-еңбек барысында хат біліп, қара танып алады.

Алғанын жазу (Ермек-еңбек). Оқулықтың 7-бетінен бастап, соңына дейін жиі кездесетін «ермек-еңбек» жаттығуының бірі. ***«А, р, з»*** үш дыбысты таныған бала бірінші ермек-еңбек арқылы оларды шырпыдан жасауды үйренеді. Екінші ермек-еңбек арқылы өз үлестеріне тиген әріптерді жазуы керек. Оны жайдан-жай жаза салмай, балалар үлескенде ұтқан жақ ұпай арқылы осыны жазу міндеттеліпті. Автор жоғарыдағы кестені сәл

ғана өзгертіп, кесте соңына «алғанын жазу» жаттығуы туралы былай деп түсінік береді:

«Бұларды да бөлек-бөлек сызық бойымен кесіб, екі бала, немесе ***одақтасыб*** *екі жақ үш-үштен үлесіб алады.*

Алғаннан кейін алған сөздерінің ***әріптерін*** *санайды.*

Әріп көб шыққан жағы ұпай салады. Ұпай түскен жақ алған сөздерінің бәрін жазады.

Әріп еш жағына артық шықпаса, әрқайсысы алған сөздерін жазады.

Ұпай салған жақ о жолы бір сөз де жазбайды».

Жоғарыдағы ойын ескертпесінде «**одақтасу»** деген сөз бар. Бала мектеп табалдырығын аттай сала, ойын арқылы білім алғанда одақтасуды яғни топ немесе группа арқылы бәсекелі білімге талпынады.

Ғалым ескертпесіндегі ***әріптерін*** деген сөз басылымға сай берілді. 1926 және 1927 жылы шыққан «Әліпби. Жаңа құралдарында» бұл сөз «қарыптарын» болып берілген. ХХ ғасыр басында **әріп** сөзі «*қаріп, қарып, харіф, хәріф»* болып бірнеше түрлі жазылған.

Қыйсындау (ермек-еңбек). Оқулықтың 8-бетінен бастап, соңына дейін жиі кездесетін «ермек-еңбек» жаттығу түрлерінің бірі. Балалар әріпті дыбыс арқылы таниды. «Шыққанын шырпыдан жасайды». «Одақтасып, жеңілген жақ әріптерді жазады». Осыдан кейін **қисындауды** үйренеді. Ғалым жоғарыдағы шағын кестені қайта беріп, кестедегі сөздерді қисындау туралы былай деп жол нұсқайды: «*Осы алты сөзді бөлек-бөлек кескеннен кейін екеу-екеуден қосыб, қыйсынын келтіріб балалар сөйлем жасаулары керек. Жасаған сөйлемдерін жазыб отырады. Екі-екіден артын-алдын алмастырыб қосыб, осы сөздерден оннан асыу сөйлем мен лепес жасауға болады».*

Енді балалар осы айтылған бойынша, «***ар, аз, ара, аза, араз, азар»*** деген алты сөзді қисындайды. Яғни қисынын келтіріп, сөз тіркесін құрайды. Балалар *«аз азар», «ара азар», «араз азар», «ара аз», «аз ара», т.б.* оншақты тіркес жасайды.

Ғалым атап отырған «қисындау» деген сөзі – сөз құрау, сөйлем құрау, сөздерді ыңғайына қарай біріктіру, сөздерді бір-біріне мағынасын келтіріп жалғау мағыналарын береді.

Оннан асыу сөйлем. Оқулықтың 8-бетіндегі қисындау жаттығуына берілген ескертпеде кездеседі. Мұндағы «**асу**» деген сөз *артық, астам* деген мағынада. Ғалымның оқулығында және XX ғасыр басындағы әдеби мұраларда асу сөзінің артық, астам мағыналарын беретін нұсқасы жиі қолданылған.

Лепес жасауға болады. Оқулықтың 8-бетіндегі қисындау жаттығуына берілген ескертпеде кездеседі. Осындағы лепес сөзін ғалым жай тіркес мағынасында қолданған. Лепестің бәрі толыққанды сөйлем болмайды. Сөз тіркесінен де адамның айтпақ ойы, лебізі білінеді. А. Байтұрсынұлы сөйлем мен лепес жасаңдар дегенде, сөйлем немесе сөздердің тіркесін жасаңдар деп отыр. Сөздерден лепес құрау оқулықтың бір жерінде ғана емес, келесі беттерінде де кездеседі.

Ақылхат (ақыл қат) жасау. Оқулықтың 8-бетінде кездеседі. Төртбұрыштың әр бұрышына сөздер жазған. Тұспа-тұс сөздерді оқыған адам: «Аз азар» және «Араз азар» деген екі лепесті (сөз тіркесін) оқи алады. Ғалым осы жерде «ақыл хат» деген сөзді тұжырымды бір тұрақты тіркес (фразеологиялық тіркес) мағынасында алған. Тұрақты тіркестерге мақал-мәтел, идиомалар кіретіні белгілі. Яғни, бұлар жай сөз тіркестері мен сөйлемдерден гөрі ажарлы, бейнелі сөздер тізбегі. Ғалым оқулығында бірінші сабақта үйретілген үш әріпті «ермек-еңбектің» бірнеше жаттығуы арқылы үйренгеннен кейін, сабақтың соңын бір бейнелі сөзбен түйіндеу үшін ақылхат жасауды тапсырмаға берген. Олай дейтініміз – суретте көрсетілген ақылхаттың үлгісі өзге жай кестелерге ұқсамайды. Формасы хаттың үлгісіне ұқсас келіп, төрт бұрыштан төрт сөз көркем ойды бейнелеп, тіркесім табады. *«Аз азар, араз азар»* деген ақылхаттың өзі сабақ үйренушінің есінде қалады. Ақылхат деген атауды ғалымның осы мағынада алды дейтінімізге тағы бір себеп, аталған оқулықтың соңында құлақхат деген термин кездеседі. Құлақхат

(оқулықта құлақ қат болып жазылған) тәртіп-түзім, қағида-ережеле. Құлақхатты сабақхананың көрнекті жеріне іліп қояды. Сол сияқты, ақылхат та сабақтан алынған бейнелі түйін сөздерді жазып отыратын хат. Қорыта келгенде, ғалым оқулығында ***жай сөз тіркесі – лепес, тұрақты сөз тіркесі*** **– ақыл хат** болып отыр.

Жаңылтпаш жасатыу. Оқулықтың 10-бетінен бастап бірнеше әріптер арқылы сөз құрап үйренген балаға әрі қарай аталған әріптерді қамтыған сөздерден жаңылтпаш жасау тапсырмасы беріледі.

Он зат, он ат. Оқулықтың 16-бетіндегі «ермек-еңбек» жаттығуы. Суретте көрсетілген он заттың суретін бірнеше бала, олардың аттарын бірнеше бала үлестіріп алып ойнайтын жаттығу ойын түрі.

Айақшы болу. Оқулықтың 16-бетіндегі «ермек-еңбек» жаттығуы туралы берілген түсінікте артынан жапқан бала (ойыннан жеңілген) «**аяқшы»** болып қағаз үлестіретіні айтылған. Осындағы «**аяқшы»** сөзінің шай, қымыз құюшы, қызметші, қой қоздағанда көмекші, т.б. мағыналары бар. Оқулықта қызметші ұғымында жұмсалуда.

Нан – азыққа қазық. Оқулықтың 22-бетіндегі «қ» әрпін таныстыру үшін берілген тіркестердің бірі. Оқулықтың әр жерінде берілген жай тіркестер мен тұрақты тіркестердің бәрі ұйқас пен үйлесім тауып отырған. Мысалы, аталған бетте төмендегідей тіркестер бар:

«Тары – азық; қазы – азық,
Нан – азыққа қазық.
Қонақ аз отырар, анық сынар.
Қаз арық. Қазы арық.
Таза арық. Тазы арық.
Қазы арық. Қаз арық.
Тазы арық, таза арық».

Осы тіркестер ішіндегі «Нан азыққа қазық» атты мақалды қайта еске салу үшін, 23-бетте «нан, қазық, азық» деген

үш сөздің бірінің аяғын өзгертіп мақал жасауға болатынын ескертеді.

Сын атына зат аты. Оқулықтың 23-бетіне берілген жаттығу. Сары, ыстық, қысқа, торы, т.б. сын есімдер берілген. Осыларға лайықты зат атын табу міндеттелген.

Тоб, таб тартысы тақырыбты. Оқулықтың 25-бетінде. «Таппаған жазады» - бұл заттардың атын атау арқылы әріптерді танытатын ойын түрі. Оқулықтың түпнұсқасында осы үш сөйлемнен тұратын ойынның аты суретті беттердің үстінде қате басылып кеткен. Байтұрсынұлы Ахмет Алты томдық шығармалар жинағында да (Т. IV: –384 б.. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013.) түпнұсқадағы қателігі өзгертілместен қаз-қалпында басылған.

Кім табады? Табқан жабады. Таппаған жазады. Оқулықтың 26–27 беттеріндегі жаттығуға арналған ойын түрі. Заттардың атын атау арқылы әріптерді танытатын бұл ойын түрінің үш сөйлемнен тұратын атауы оқулықтағы суретті беттердің үстінде қате басылып кеткен. Біз дұрысын бердік.

Атбақыл, тақбақыл. Оқулықтың 35-бетінде кездесетін ойын түрі.

Қайсысын қайда қойыу. Оқулықтың 41-бетінде және кейінгі бірнеше жерінде кездесетін жаттығу түрі. Онда кестеде берілген сөйлемдердің рет-тәртібін дұрыс тауып қою міндеттелген**.**

Әліп-бій. Оқулықтың 76-бетінде үйретіліп болған қазақтың 24 қарпінің тізімін берген. Бұл сөз басылым бойынша берілді. Мұндағы әліпби кестесінде қазақ әліпбиіне керекті тек қана 24 дыбыс болып көрсетілген. 1924 жылы араб-парсы тілдерінен енген дыбыстарға берілген әріптерді шығарып тастағаннан кейін қазақ әліпбиі осы 24 әріпке тұрақтанған болатын.

Ойнаңдар! Ойлаңдар! Оқулықтың мәтіндер көбірек берілген екінші бөлігінде көбірек кездесетін жаттығу түрі. Онда қызықты сауалдар және қысқаша логиқалық есептер де беріліп отырған.

Біздің тәртіп. Ойнаңдар! Ойлаңдар! Оқулықтың 80-бетінде. «Шекірт» – бұл сөз басылымға сай берілді. XX ғасыр

басында шәкірт сөзінің шекірт, кітап сөзінің кітеп нұсқалары ұшырасады.

«Кәйтіб» – бұл сөз басылым бойынша берілді. ХХ ғасыр басында ішінара басылымдарда мына сөздердің «кәйтіп», «кәзір», «кәні» нұсқалары кездеседі.

Жалпы жыйылыс. Оқулықтың 83-бетінде берілген. «Шүбірек» – бұл сөз басылым бойынша берілді. Оқулықтың бірнеше жерінде де осы үлгіде кездеседі.

Қожалақ. Жұмбақ жолдас. «Қайыб» – бұл сөз басылым бойынша берілді. Ғайып болуды білдіреді.

Оқыу бөлмеміз. Оқулықтың 89-бетінде берілген. *«Беш»* – пеш деген сөз. Бұл сөз басылым бойынша берілді.

Қабырға кәзійт. Оқулықтың 100-бетінде берілген. «Кәзійт» – газет сөзі. ХХ ғасыр басында бірде «газета», бірде «кәзійт» болып жазылған. Бұл сөз оқулық бойынша берілді.

Сызық шама. Оқулықтың 103-бетінде берілген. *«Сызық шама»* – автор диаграмманы осылай алған. Оқулықтағы кесте көрінбей қалған, сондықтан, 1927 жылғы басылымнан алдық.

Күн-бақпа. Оқулықтың 105-бетінде берілген. Әр күнгі ауа райының жағдайын естелікке алып отыратын кестені солай атаған.

Алғыс. Оқулықтың 109-бетіндегі «Қыс қамы» атты мәтінінде кездеседі. 1927 жылғы нұсқада бұл сөз «Тәйір жарылқасын» деп берілген.

Қазақ Әліб-бійінен шығарылған әріптер. Оқулықтың 113-бетінде берілген. Оқулықта «әліпбиіне» деп қате басылған. 1926, 1927 жылдардағы басылымдарда «әліпбиінен» болып дұрыс жазылған. Мәтіннің мағынасына қарағанда да автор мұнда қазақ әліпбиінен 1924 жылы алып тасталған әріптерді көрсетіп отыр.

Ә. Ахмет.

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904) – ақын, ағартушы, философ, композитор, аудармашы, реформатор. Қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы. Абай ақындық шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық мәселелерін арқау еткен, Шығыс пен Батыс мәдениеті мен өркениетін жетік білген. Бірқатар әлем ойшылдарының еңбектерімен жақсы таныс болған.

Абылай хан (Әбілмансұр) (1711 (Ресей деректерінде 1713)-1781) – қазақ ханы, көрнекті мемлекет қайраткері. Тарихта терең саясаткерлігімен, кемеңгерлігімен танылды. Арғы тегі Жошы хан, бергі бабалары Қазақ ордасының негізін салған Әз-Жәнібек, кейін Еңсегей бойлы ер Есім хан, Салқам Жәңгір хан. Абылай – Жәңгір ханның бесінші ұрпағы. XVIII ғасырдағы Жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресін ұйымдастырушылардың бірі. Абылай 1730–40 жылдардағы шайқастарда батырлығымен, қолбасшылық қабілетімен ерекше көзге түседі. 1738–41 жылдары Абылай бастаған қазақ қолы Жоңғар басқыншыларына қарсы бірнеше дүркін соққы береді. 1771 ж. оның басқаруындағы қазақ әскері жерімізді жоңғарлардан біржолата азат етеді. Абылайдың жорықтары туралы «Ақ толқын», «Алабайрақ», «Шаңды жорық» т.б. күйлер сақталған.

Алтыбас Ақмолда, Ақмолда Орынбайұлы (шын аты – Әлмұхаммед, 1860–1925) – ақын. Өлеңдері Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышына» енген. Алғашқы өлеңдерінен сақталғаны – Ресей отаршылары 1886 ж. Троицкіде Байтұрсын (А. Байтұрсынұлының әкесі) мен оның ағасы Ақтасты соттап, Сібірге айдағанда, соларды арашалай алмаған уезд начальнигінің көмекшісін сынға алған өлеңі. Бұл өлеңі Муфтахиддин Ақмолланың өлеңдер жинағына қате енген (Ақмолла, «Күндер мен түндер: өлеңдер, толғаулар, термелер, айтыс». А., Жазушы, 1986). Алтыбас Ақмолда Торғай өңіріндегі 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысына белсене қатысқан. «1916 жыл. Билерге» атты өлеңінде ол қазақ жастарын байлап-матап солдатқа беріп жатқан би-болыстардың қылығын

әшкерелейді. Енді бірде ел арасын бітістірмей, іріткі салып жүрген Сыр бойының датқаларын сынайды. Ә. Жангелдинге, Т. Сейдалинге, Ы. Алтынсаринге арнаған өлеңдері бар. Алтыбас Ақмолданың жетпіс шақты өлеңі Қазақстанда Орталық ғылыми кітапхананың Сирек қолжазбалар қорында сақтаулы.

Алтынсарин Ыбырай (шын аты – Ибраһим, 1841–1889) – қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклортанушы, қоғам қайраткері. Әкесінен ерте айрылған ол атасының, белгілі би және старшын Балқожа Жаңбыршиннің қолында тәрбиеленген. Ыбырай Алтынсарин қазақтың ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырған. Қазақ балаларына арнап оқулықтар, хрестоматиялар жазады. Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, оны өз еңбектерінде жариялайды.

Алшын Қаражігіт би – Кіші жүз Алшын Қаражігіт би деген атпен тарихта бірнеше тұлға болғаны айтылады. Солардың бірі, Төле би заманында өмір сүрген делінеді. Кейде Әйтеке биді де жұрт Қаражігіт би деп атаған дейтін дерек бар. Тағы бір деректерде Сырым Датұлы тұсында өмір сүрген би екені айтылады.

Анаксагөр, Анаксагор (Шамамен б.д.д. 610–546) – көне грек философы. Дүниенің құрылымын және құбылмалығын сан жетпес, көзге көрінбейтін бөлшектер немесе «ұрықтар» (гомеомерия) аркылы түсіндіреді. Олардың сыртқы козғаушысы ақыл (нус). Анаксагор космогония аспан денелерінің жүйесі зат бөлшектерінің құйын тәрізді айналуы нәтижесінде олардың бейберекет бастапқы араласуынан пайда болды деп түсіндірді.

Асан қайғы Сәбитұлы (XIV ғасырдың аяғы – XV ғасырдың басы) – мемлекет қайраткері, ақын, жырау, би, философ. Қазақ хандығының негізін қалаушылар Керей мен Жәнібек хандардың ақылшысы болған. Асан қайғының өмір сүрген дәуірі Алтын Орданың ыдырап, оның орнына Қырым, Қазан, Өзбек хандықтарының пайда болып, Ноғай ордасы ыдырап, Қазақ хандығының тарих сахнасына шығуы хандықтар арасындағы қым-қиғаш талас-тартысты аласапыран кезеңдермен тұспа-тұс келді.

Асан қайғы қазақ халқының ұсақ хандарының басын біріктіріп, іргелі ел етпек болған Керей, Жәнібек сұлтандарды жақтады. Шу мен Арал аралығында Қазақ ордасы құрылған кезде Асан қайғы жаңа мемлекеттің ұраншысына айналды. Елі мен жұртының болашағы туралы толғанған абызды халық Асан қайғы деп атаған. Асан қайғы елінің сулы-нулы, шөбі шүйгін, құтты қоныс тауып, «адамы жүзге келмей өлмейтін, қойы екі төлдейтін» мамыражай, еркін өмір сүруін аңсады. Бұл мұратын жырау «Жерұйық» деп атады. Алты атанға жүк артып, алты жыл жайлы қоныс қарап, қазақ жерін түгел шолып шығады, әр қоныс, мекенге байыпты сын, баға беріп отырады. Бұл бағалары әлі күнге дейін ел аузында ұмытылмай айтылып келеді. Асан қайғы жыр-толғаулары, ғибратты ой-толғам, үлгі-өсиетке құралған. Жырау халық қамын ойлаған ақылгөй, көреген ғана емес, сонымен бірге күйші болған. Оның «Ел айрылған», «Асан қайғы», «Желмаяның жүрісі», «Зар» сияқты күйлері жеткен.

Атақозы Айтқұлұлы (1704–1794) – аты аңызға айналған батыр, әрі айтулы би болған шешен адам.

Атымтай Жомарт (Хатымтай) – шығыс халықтары фольклорының қиял-ғажайып, тұрмыс-салт ертегілері хикаяттарында кездесетін кейіпкер, қайырымдылық пен жомарттықтың үлгісі. Ғалымдардың пікірі бойынша, Хатымтай ислам дініне дейінгі дәуірде V ғасырдың аяғы – VI ғасырдың басында өмір сүрген батыр, өте бай әрі мырза, жомарттығымен даңқы шыққан ақын деген жорамал айтылады. Аңыздардың шығу төркінін Арабтардың Тай тайпасынан шыққан Хатим ибн Абдаллах (Хатим Тай) ақынмен байланыстыратын Атымтай Жомарт туралы Қ. Шахморонұлының «Қисса и Хатымтай-Жомарт», Ш. Жәңгіровтың ертегісі бар. Ы. Алтынсариннің 1899 жылы жарық көрген хрестоматиясында Атымтай Жомарт туралы аңыз енгізілген. Жомарттықтың, қолы ашық, жанашырлықтың, ақпейілділіктің үлгі-өнегесі тұрғысында шешендердің бата-тілек, арнау үлгілерінде айтылады. Хатымтай жомарт бейнесін далалықтар рухани жақын көріп жылы қабылдады.

Әбубәкір Боранқұлұлы (1861–1903) – ақын. Кіші жүз Жетіру тайпасының Кердері руынан шыққандықтан, ел арасында «Кердері Әбубәкір» аталып кеткен. Әбубәкір ауыл молдасынан дәріс алып, кейін Орынбор, Троицк қалаларындағы мектеп пен медреселерді тәмамдаған. Тұзтөбе, Орал, Ақтөбе, Ор, Орынбор маңындағы елдерде бала оқытып, дін-шариғат жолын ұстанады. Сауатты, шешен, ақын біраз жыл ел әкімдерінің қасында хатшылық қызметтер атқарған. Сарыарқа, Оңтүстік, Батыс өңіріндегі ақындарды жақсы білген. Ақындық мұрасы «Әдебиет қазақия, яки Әбубәкір молланың сөздері» деген атпен екі рет (Қазан, 1902, 1905) жарық көрген. Әбубәкір дін, инабаттылық мәселелерін насихаттағаны үшін кеңес заманында кертартпа, «зар заман ақыны» аталып, теріс бағаланып келді. Ол, шындығында, оқуды, өнерді, дін-шариғатты, ғылымды, азаматтықты, жақсы мінезді, жарастықты әдет-ғұрыпты насихаттады. Ресей империясының отарлау саясаты ықпалымен адам мен заманның азуын, озбырлық пен арсыздықтың жол алуын ашына толғады («Заманның опасыз халіне айтқаны», «Өткен иманшылық заманды жоқтап айтқаны», «Заманның халіне айтқан сөздері» т.б.). Қарақалпақ Құлымбет, әлім Қожахмет, ноғай Нұрым ақындармен айтысқан. Оның айтыстарынан білімділік, қарсы сайысқа дес бермейтін ақындық дарыны айқын аңғарылады, танымдық әрі тәрбиелік мәні зор шежіре жырлары мен өлеңдері де кемел ой, кенен білімнің куәсі.

Әбіубакір Дыйбайып, Әбубәкір Ахметжанұлы Диваев (1856–1932) – башқұрт халқынан шыққан аса көрнекті этнограф, фольклортанушы. Ресей империясындағы белгілі оқу орны – Орынбор Неплюев кадет корпусының Азия бөлімін бітірген соң, 1876 жылдан Түркістан өлкесіне әскери қызметке жіберіліп, бүкіл өмірін Қазақстан мен Орта Азияны мекендеген түркі, мұсылман халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеуге арнаған. Өзі халық арасынан жинаған қазақ мақалмәтелдерін «Киргизские пословицы» деген атпен 1900 жылы Ташкентте кітап етіп бастырды. Бұл кітапты толықтырып,

1923 жылы Мәскеуде «Мың бір мақал», 1927 жылы Ташкентте «Қазақ мақал-мәтелдері» сияқты кітаптарды жарыққа шығарды.

Әгіраном, Қошке Кемеңгердің (1896–1937) бүркеншік есімі. Ғалымның 1924 жылдан кейінгі еңбектерінде осы бүркеншік есімді қолданғаны байқалады. Қ. Кемеңгерұлы ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығы, т.б. тақырыптарда да көбірек зерттеулер жазған. Кемеңгеров Қошмұхамбет Дүйсебайұлы – Алаш қайраткері, ғалым, драматург, жазушы, журналист. Омбы приход школында, ветеринарлық фельдшерлік школда оқып, 1913 жылы Омбы ауыл шаруашылық училищесіне түседі. Осында жүріп қазақтың тұңғыш қоғамдық-саяси ұйымы «Бірлікке» (1914–1918) мүше болып кіреді. «Балапан» қолжазба журналына (1916–1918) редакторлық жасайды. 1917 жылы сәуірде Д. Әділұлы, С. Сейфоллаұлы, т.б. азаматтармен бірігіп, Ақмолада қазақ комитетін құруға атсалысады. 1917 жылы күз-қыс айларында осы облыста Алаш Орда комитетін ашуға күш-жігер жұмсайды. 1918 жылы «Бірлік» ұйымы «Жас азамат» ұйымы ретінде қайта құрылғанда, оның мүшесі және ұйым аттас газеттің редакторы болып сайланады. 1918 жылдың аяғында ауыл шаруашылығы училищесін бітіріп, 1919 жылы Ақмола облыстық (Омбы) халық ағарту бөлімінің саны аз ұлттар ісі жөніндегі бөлімшесіне нұсқаушы болып қызметке кіреді. 1919 жылы желтоқсанда Сібір ауыл шаруашылық және өндіріс институтының медицина бөліміне оқуға түседі. 1924 жылы Орта Азия мемлекеттік университетінің медицина факультетіне ауысады. Ташкентте «Ақ жол» газетінде, «Сана» журналында қызмет жасады. Сонымен бірге Орта Азия университетінде, Түркістан әскери училищесінде қазақ тілінен сабақ берді. Оның «Алтын сақина» пьесасымен 1926 жылы 13 қаңтарда Қазақ мемлекеттік ұлттық театрының ресми шымылдығы ашылған. 1924 жылы Мәскеуде басылған «Қазақ тарихынан» атты еңбегінде бодандық тұсындағы тарих зерделенген. Жазушы проза, драматургия, әдебиеттану, тіл білімі, педагогика саласына елеулі үлес қосты. 1930 жылы ОАМУ (САГУ) аспиранты болып

жүрген жерінен тұтқындалды. Екі жыл Алматы абақтысында отырып, 1932 жылы Украинаның Валуйкіне жер аударылды. Бұдан 1935 жылы босады. Оған Омбының Шарбақкөліне тұруға рұқсат берілді. Осында аудандық ауруханада дәрігер болып қызмет жасады. 1937 жылы 7 тамызда қайта ұсталып, жалған айыппен 21 қарашада Омбы қаласында атылған.

Әзірет Сұлтан (Қожа Ахмет Иасауи, 1103 немесе 1105–1167) – түркілік суфизмнің негізін салушы, философ, ақын. Түркістанда сопылық мектебін құрып, діни-мистикалық әдебиеттің негізін салушы. Қожа Ахмет Арыстан баб тәрбиесінде болып, Бұқарада әйгілі сопы Жүсіп Хамадани мектебінде оқыған. Ол 63 жасқа келгенде «пайғамбардың жасынан артық жасамаймын» деп, жертөлеге – шілдеханаға (жердің астынан ойып жасалған үйге – қылуетке) түсіп, қалған өмірін сонда өткізген. Қожа Ахмет Иасауидің мол мұрасынан бізге жеткен негізгі шығармасы – «Диуани хикмет» («Хикметтер жинағы»). Шығарма түркі халықтарының арасында өте көп тараған (қолжазба күйінде). Бүгінгі күні 149 хикметі белгілі. Қазіргі бар көшірмелер XV (4 қолжазба) және XVII ғасырларда қағаз бетіне түскен. XIX ғасырдың екінші жартысында Стамбул, Ташкент, Қазан қалаларында бірнеше рет баспа бетін көрген. Қазақ мәдениеті мен әдебиетін, тарихын, этнографиясын, шаруашылық жағдайын зерттеу үшін «Диуани хикметтің» маңызы үлкен деп есептелінеді.

Бағаналы Барлыбай бій, Барлыбай Тауасарұлы (шамамен 1753–1822) – деректерде би емес, батыр ретінде аталады. Орта жүз Найман тайпасының Бағаналы тармағының Жауғашты бұтағынан шыққан. «Бағаналы Барлыбай», «Барлыбай сардар» есімімен ел жадында сақталған.

Байтоқ Алаша (туған-өлген жылы белгісіз) – XIX ғасырда Батыс Қазақстан өңірінде өмір сүрген жырау. Бөкей ордасында, Жәңгір ханның жанында болған. Байұлының алаша руынан шыққандықтан ел арасында «Алаша Байтоқ жырау» атанып кеткен. Оның Жәңгір хан дүниеден қайтқан соң айтқан толғауы,

«Мұрат ақынның Ғұмар Қазыоғлына айтқаны» (Қазан, 1908), «Шайыр, яки қазақ ақындарының басты жырлары» (Орынбор, 1910) жинақтарында жарық көрген. «Қары азамат сардарбек» деп басталатын толғауы ел арасына кең тараған. Толғаудың маңғыстаулық Т. Жанғабылұлынан 1939 ж. Б. Жақыппайұлы, 1947 ж. И. Ұйықбаев жазып алған мәтіні Қазақстан ҒА-ның Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорында сақтаулы (198–705 бумалар). Байтоқ жыраудың 2 толғауы да Жәңгір ханға, оның сән-салтанатына арналған мадақ жырлар. Қолжазба мәліметтерге қарағанда, Жәңгірге жырау сексен жасында барған. Ханның сұрауымен, әуелі жиналып отырған жамағатқа, биге, байға, батырға, қызға, бәйбішеге өмірде не жарасатынын жырлайды, сосын хан мәртебесіне ойысады. «Жәңгір хан дүниеден қайтқан соң айтқан толғауында» әсерлеу әдісін мол қолданады. Жоқтау сарынындағы бұл толғауда жыраудың патшалық Ресейдің қазақ даласын отарлау саясатына қарсы көзқарасы айқын сезіледі.

Бейімбет Майлин (1894–1938) – жазушы, ақын, драматург, журналист. Қазақ совет әдебиетінің классигі. Ол поэзия, проза, драматургия жанрларында өнімді еңбек етіп, өз дәуірінің шындығын, қазақ елінің, әсіресе ауыл адамының санасындағы өзгерулер мен жаңаруларды, халықтың бастан кешірген күрделі оқиғаларын, әлеуметтік өмірдің шытырман қайшылықтарын көрсетті. Кеңестік заманның алғашқы жиырма жыл ішіндегі қоғамдық құбылыстардың еңбекші адамға тигізген әсерін, қазақ халқының ғасырлар бойында қалыптасқан тұрмыстық, салттық болмысының, шаруашылық, кәсіптік негізінің жойылып, оның орнына жаңа құрылымдардың табиғи орын теуіп болмаған кезеңінің сыры мен мұңын шебер суреттеді.

Алғашқыда ауыл молдасынан оқыған Бейімбет **1910** жылы Арғынбаев Әбдірахман деген кісінің медресесінен дәріс алады. **1913–1914** жылдары Троицкідегі «Уазифа» мектебінде сабақ алып, одан кейін Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесіне оқуға түседі. Өз заманындағы озық оқу орындарының бірі

саналған бұл медреседе татар халқының Ғалымжан Ибрагимов, Мәжит Ғафури секілді белгілі жазушыларымен танысады, солардан тағылым алады. Ол 1923–1937 жылдарда елуге жуық кітап, жинақ жариялаған. Олардың қатарында: «Бейімбеттің өлеңдері» (1923), «Шұғаның белгісі» (1926), «Раушан – коммунист» (1929), «Он жылда» (1927), «Колхоз», «Асулардан асқанда» (1930–1931), «Сойқанды содырлар» (1928), «Кесінділер» (1929), «Майдан» (1933), «Алыптарды аралағанда» (1934), «Мырқымбай», «Азамат Азаматыч» (1935), төрттомдық шығармалар жинағы (1933–1936) т.б. кітаптар бар.

Бұдабай Қабылұлы (1842–1912) – айтыс ақыны. Бұдабайдың алғаш ақын ретінде танылуы Қарлығаш деген қызбен айтысынан басталады. Жастайынан өлең-жырға әуес Бұдабай шығармаларының біразын жазып қалдырған. Бұдабайдың шығармаларының басым көпшілігі ел бірлігі мен татулықты жырлауға, араздасқандарды бітімге шақыруға арналған. Кейбір нысапсыз, парақор ел басшыларын сынай отырып, бұрынғы өткен әділ би, кемеңгер шешендердің үлгілі істерін көлденең тартады, сөйтіп, оларды дұрыс жолға салмақ болады («Әлмәмбетке», «Әжібай мен Торғайға», «Аппазға», т.б.). Ақынның аты ел ішінде қайтыс болған қадірлі кісілерге жоқтау жазумен де белгілі болған. Оның «Әйекені жоқтау» деп аталатын жыры ел арасына кең таралған көркемдігі мен құрылысы жағынан ерекше туынды. Оның «Әшірдің баласы Сыздықты жоқтау», «Әлмәмбеттің жалғыз баласы өлгенде» атты туындылары да жұртқа мәлім. Оның «Өзім жайлы», «Көңіл туралы», «Өмір туралы» т.б. өлеңдері белгілі.

Бұйра ұлы, Елеусіз Бұйрин (1874–1933) – алғашқы қазақ журналистерінің бірі, ақын, қоғам қайраткері. Бөкей ордасындағы Жәңгір хан мектептерінің бірінде оқыған. Осындағы мектепте алты кластық орысша білім алған ол Қазан қаласына оқуға барып, сондағы мұғалімдер семинариясын бітіреді (1896). Семинариядан кейін Астрахан қаласына келіп, мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабақ береді. Осында

жүріп түрлі қоғамдық-саяси өмірдің қыр-сырына бойлайды. Ш. Бөкеев, Ғ. Қарашев, Б. Қаратаев, М. Шомбалов, С. Меңдешовтермен бірігіп, 1911 ж. Ордада «Қазақстан» деген газет шығарды. 1911–1913 жылдары газеттің редакторы болып тұрды. Ол «Қазақстан» сөзін тұңғыш рет ресми тілге енгізді. 1920 жылдарға дейін Бұйрин туған жерінде түрлі қызметтер атқарған. 1921 жылы мамырда Кеңестердің Бөкей губерниялық бірінші съезіне делегат болып қатысқан. 1920 жылдардың орта шенінде адвокат, кейінірек Қазақ АКСР Ағарту халкомында қызмет істейді. 1930–1932 жылдары Алматы қаласындағы орталық музейде ғылыми қызметкер болады. 1932 жылы елде саяси қуғын-сүргіннің алғашқы толқыны басталып, қазақ зиялылары ұстала бастаған соң, Бұйрин күзге салым Тәжік АКСР-не, Душанбе қаласына қоныс аударып, Тәжік АКСР-нің Орталық архив басқармасына инспектор болып қызметке орналасады. Алайда Бұйрин НКВД-нің құрығынан құтыла алмайды. 1933 жылы 16 сәуірде қызметінен қуылып, көп ұзамай аштықтан дүние салады.

Досқожа (1801–1866) – жырау. Оның есімі «Кенесары қонысынан ауғанда Досқожаның айтқаны» деген жырымен елге мәлім болған. Жыр ата мекенін тастап ауа көшкен елдің туып өскен жерін қимай, жылап айрылысқан қоштасуын бейнелейді. Жырда Сарыарқаның жасыл орманы, көгілдір таулары, көк үйірім көлдері мен өзендері көркем тілмен суреттеледі.

Досмұхамедұлы Халел (1883–1939) – Алаш қозғалысының қайраткері, дәрігер, ұстаз, ғалым. Ауыл молдасынан хат таныған Халел Орал қаласындағы реалдық мектепті 1902 жылы бітіріп, Санкт-Петербург императорлық әскери-медицина академиясын (1903–1909) «үздік дәрежелі дәрігер» дипломымен аяқтаған. Пермь губерниясында, Орал облысында дәрігер болып қызмет атқарады. Студент шағында саяси жұмыспен айналысып, Ресей кадеттер партиясына мүше болады. Ақпан, Қазан төңкерістерінен кейін Алаш қозғалысына араласады. 1917 ж. Алашорда үкіметі құрамына сайланады. 1918 ж. наурызда

Ж. Досмұхамедовпен бірге Алашорда үкіметі атынан Ленинмен, Сталинмен бетпе-бет келіссөздер жүргізеді. Кеңестік кезеңде жауапты басшы қызметтер атқарады. 1920–1924 жылдары денсаулық сақтау саласында қызмет атқарып, 1929 ж. Қазақ педагогикалық университетінің (қазіргі ҚазҰПУ) проректоры болады. Отандық ғылымның дамуына үлкен үлес қосты. Табиғат, жануарлар дүниесі мен денсаулық сақтауға арналған көптеген оқулықтар мен ғылыми еңбектер жазды. Қазақ халқының тілі мен әдебиетіне, тарихына қатысты материалдар жинақтап, ғылыми зерттеулер жариялады. «Шернияз шешен», «Тайманұлы Исатайдың қозғалысы туралы қысқаша мағлұмат», «Алаш не сөз», «Бұхарадағы Көгілташ медресесінің салынуы туралы әпсана», «Диуани лұғат ат-түрік», «Кенесарының соңғы күндері» т.б. еңбектерін жазды. «Мұрат ақын сөзі» (1924), «Исатай-Махамбет» (1925), «Аламан» (1926), «Қазақ халық әдебиеті» (1928) жинақтары шыққан. Саяси қуғын-сүргіннің екпінімен тұтқынға алынып (15.09.1930), ОГПУ үштігінің шешімімен (20.04.1932) Воронеж қаласына жер аударылады. 1938 жылы екінші рет тұтқындалып, 1939 жылы 24 сәуірде ату жазасына кесілді. 1939 ж. 19 тамызда түрме ауруханасында өкпе дертінен қайтыс болады.

Едіге – XIV ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген тарихи тұлға. Ерекше шешендігімен қоса, батыр әрі қолбасшы болған. Ол Алтын Орда мемлекетінің бірнеше хандары тұсында тәуелсіз билік құрумен бірге ел басқару істеріне белсене араласты. Қара халық арасынан шығып, көшпелі ноғай-қыпшақ ұлыстарының намысын қорғағандықтан қазақ халқының тарихи жадында «Ел қамын жеген Едіге» деген атпен қалған оның бейнесі мен есімі бірқатар қазақ эпостарына арқау болды. Кейбір деректер бойынша, Едіге мырзаның бейіті қазақ жерінде – Ұлытауда жатыр.

Едіге – Орта жүздің Арғын руының Сүйіндігінен тарайтын, «Жеті жарғыны» түзуге қатысқан би, қазақ халқының күш біріктіріп, жоңғар шапқыншылығына тойтарыс беру ісінде көрнекті

рөл атқарған саясаткер. Орта жүз құрамындағы арғын тайпасының қаржас руынан шыққан. Едігенің шешендік сөздері ел аузында көп сақталған. Халық арасында Едіге би «Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірген» деп те дәріптеледі.

Ейлер, Леонард Эйлер (нем. Leonhard Euler. 1707–1783) – швейцариялық математик, механик және физик. Базель университетін бітірген. 1727 жылдан Санкт-Петербург академиясында қызмет істеді. Ол – Санкт-Петербург және Берлин академияларынан басқа Париж академиясының, Лондон корольдық қоғамының, Санкт-Петербург академиясының, т.б. көптеген ірі ғылыми қоғамдардың мүшесі болды. Эйлердің негізгі еңбектері сол кездегі математика мен механиканың барлық саласына, серпімділік теориясына, математикалық физикаға, оптикаға, музыка теориясына, машиналар теориясына, баллистикаға, теңіз ғылымына, т.б. арналған.

Елдес Омаров (1892–1937) – қоғам қайраткері, педагог, публицист. Қостанай қаласындағы 2 сыныптық орыс-қазақ училищесін (1907), Орынбордағы орыс-қазақ мұғалімдер мектебін (1911) бітірген. Алашорда үкіметін құруға белсене араласты. Уақытша үкіметтің Торғай уездік комиссарының көмекшісі, Торғай облысы азаматтық комитетінің төрағасы қызметтерін атқарды. Бірінші және екінші жалпықазақ съездеріне қатысты. Қостанайда өткен Қостанай уезі қазақтарының төтенше съезінде «Жер мәселесі» туралы баяндама жасады. Қостанай уездік Алашорда комитетінің төрағасы ретінде жергілікті халықты Алаш автономиясын қолдауға шақырды. Торғай облысы земствосы төрағасының орынбасары, төрағасы болды. 1920–1922 жылы Орынборда халық ағарту комиссариатында инструктор, кеңестік партия мектебінде оқытушы болды. Осы кезеңде ол көптеген ғылыми мақалалар жазды. 1922–26 жылы Қазақ халық ағарту комиссариатының академиясының орталығында қызметкер, Қырғыз (қазақ) халыққа білім беру институтында (КИНО) оқытушы болып, саяси-әлеуметтік, оқу-ағарту және тіл білімі мәселелеріне арнап көптеген мақалалар жазды.

Қазақ тілінде физика, геометрия оқулықтарын жазып, математикалық терминдерді қалыптастыруға зор үлес қосты. 1926–29 жылы саяси қуғынға ұшыраған Омаров Ташкентте педагогикалық институтта, Орта Азия мемлекеттік университетінің шығыс факультетінде оқытушы болып істеді. Бұл кезеңде ол қазақ мектептеріне арналған геометрия оқулығының 2-кітабын жазып, Цингирдің физика оқулығын қазақшаға аударды.

1929 жылдың соңында тұтқындалып, 1930 жылы сәуірде ату жазасына кесілді, кейіннен 10 жылға Архангельскіге жер аударылды. 1933 жылы ақталып шықты. 1934–35 жылы Қазақ мемлекеттік медицина институтында қазақ тілінен сабақ берді, институт студенттеріне арнап қазақ тілі оқулығын жазды. 1935–37 жылы ҚазМУ-да қазақ тілі кафедрасының доценті болып қызмет істеді. Қазақ мектептеріне арналған орыс тілі грамматикасын және геометрия есептері оқулығын жазды. Саяси қуғын-сүргін құрбаны болды.

Жәнібек батыр, Жәнібек Қошқарұлы (1693–1752) – жоңғарларға қарсы күресте даңқы шыққан қазақ батыры. Ол Шақшақұлы Жәнібек деген атпен кеңінен танымал, Атасы Шақшақ Аманжолұлы Еңсегей бойлы ер Есімнің қолбасшыларының бірі болған.

Жиренше шешен (туған-өлген жылы белгісіз) Қазақ хандығын құрған Жәнібек хан (XV–XVI ғасырлар) тұсында өмір сүрген атақты шешен. Жиренше шешен есімі ақыл, парасаттың үлгісі ретінде қазақ ауыз әдебиетінен берік орын алған. Халық аңыздары бойынша, Жиренше шешен кедей адам болған. Ол дербес Қазақ хандығын құруда ханға көмектескен, оған пайдалы кеңестер айтып, бұқараның атынан сөйлеген. Оның атынан айтылып, халық жадында сақталған аңыз-әңгімелер мен шешендік сөздер көп. Олардың көпшілігі XV–XVI ғасырлардан басталатын халық шығармасына немесе әлденеше адамның, бірнеше буынның өңдеп, өзгертуінен өткен ортақ мұраға айналып кеткен. Жиренше шешен туралы аңыздарда оның әйелі Қарашаш та ақылды әрі тапқыр жан ретінде суреттеледі.

Жиренше шешен туралы аңыз-әңгімелер түркі тектес басқа халықтарда да кездеседі. Мысалы, қарақалпақта Жиренше шешен, қырғыздарда Жээренче чээчэн, түркіменде ақылды да, тапқыр ийкренче туралы аңыздар бар.

Жұукөскөй, Василий Андреевич Жуковский (1783–1852) – орыс ақыны. Орыс әдебиетінде романтизмнің негізін салушылардың бірі.

Жүсіпбек Шайхысламұлы (1857–1937) – ақын, ауыз әдебиетінің жинаушысы. Медресе бітірген Жүсіпбек қожа Жетісуда тұрып, ел арасынан жыр-дастан, айтыс үлгілерін жинап, редакциялап, Қазан қаласындағы Хұсайыновтар баспасына жіберіп отырған. Оның қазақ фольклоры шығармаларын жинап бастырудағы еңбегі ерекше. Өмірінің соңғы жылдарын Шығыс Түркістанның Іле аймағында өткізіп, сонда қайтыс болды.

Кенесары Қасымұлы (1802–1847) – мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы, қазақ халқының 1837–1847 жылдар арасындағы ұлт-азаттық қозғалысының басшысы. Қазақ халқы тарихындағы соңғы хандардың бірі. Кенесары Шыңғыс ханның жиырма жетінші ұрпағы, Абылай ханның немересі. Кенесарының негізгі мақсаты – Абылай хан тұсындағы Қазақ хандығының территориялық тұтастығын қалпына келтіру еді. Кенесарының саяси көзқарасының қалыптасуы Ресей империясында І. Петр билігі кезеңінен басталған Ресей мен Қазақ хандығы арасындағы қатынастар сипатымен тығыз байланысты болды. Ресей империясы өзіне шекаралас жатқан байтақ өлкені, күллі Азия елдеріне бастар «қақпа» деп есептегендіктен, қазақ жерін өзіне күштеп қоса бастады. Патша үкіметі 1822 жылы «Сібір қазақтары туралы Жарғысы» арқылы қалыптасқан хандық құрылымды, дәстүрлі билік үлгілерін жойып, қазақ елін жалпыресейлік басқару жүйесіне сіңістіріп жіберуді көздеді. Кенесары бастаған әскери қимылдар 1838 жылы Ақмола бекінісін басып алып, өртеп жіберуден басталады. Сондай-ақ Созақ, Жаңақорған, Ақмешіт қамалдарын алады. Ресей жағында күресуші қазақ сұлтандарын бірнеше рет ойсырата жеңеді. Кенесары 1841 жылы үш

жүздің өкілдерінің мақұлдауымен қазақ ханы болып сайланады. Халықты ұйымдастырып, Ресей отаршыларына қарсы соғысады. Ресей империясы Кенесары ханның басы үшін қомақты бәйге тігеді. 1847 жылы өзімен бірлесіп соғысудан бас тартқан қырғыздарға да қарсы шабуыл жасаған еді. Өйткені қырғыздардың Сібір әкімшілігімен астыртын байланыстары болады. Өз жақтастарының опасыздық жасағандары себепті, Кенесары інісі Наурызбаймен бірге дұшпандарының қолына түсіп, қаза табады.

Крылов Иван Андреевич (1769–1844, Санкт-Петербург) – орыс жазушысы, мысалшы, ақын. Санкт-Петербург ҒА-ның академигі (1841). Крылов орыс әдебиетінде мысал жанрын биік сатыға көтерді. Шығармаларында өмір шындығын терең бейнелеп, адам бойындағы жағымсыз қылықтарды шенеді. «Рухтар поштасы» (1789), т.б. сатиралық журналдар шығарды. «Кофе ұнтақтағыш» күлдіргі операсын (1782), 1786–1788 ж. аралығында «Филомела» трагедиясын, «Құтырған отбасы» комедиясын, т.б. жазды. 1809–1843 жж. өткір де айшықты тілімен, әжуа, сықағымен ерекшеленетін 200-ден астам мысал жазды. Крылов мысалдары «халық даналығының кітабы» (Н.В. Гоголь) болып табылады. Оның шығармаларына өзек болған мысал әңгімелердің фабулалары оған дейінгі Эзоп шығармаларында да, халық ауыз әдебиетінде де кездеседі. Крылов қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік күшейіп, зорлық-зомбылық өршіп тұрған замандағы осы келеңсіздіктерді уытты тілмен сын нысанасына айналдырды. Крылов үлгісі қазақ әдебиетінде мысал жанрының дамуына елеулі ықпал етті. Оның туындыларының аудармасы болып саналатын қазақ ақындарының шығармалары ұлттық бейнелі образдармен жаңаша жырланған, қазақ қоғамының дертін ащы тілмен емдеуге бағытталған, жоғары адамгершілік мұраттарды көздейтін туындылар болып табылады. Қазақ оқырмандарын Крылов мысалдарымен алғаш рет Ы. Алтынсарин («Қарға мен түлкі»), А. Құнанбаев («Есек пен бұлбұл», «Шегіртке мен құмырсқа», «Қарға мен түлкі», «Піл мен қанден») т.б.

таныстырды. А. Байтұрсынұлы Крыловтан аударған және өзі жазған мысалдардан «Қырық мысал» (1909) атты кітап бастырса, С. Көбеев «Үлгілі тәржіма» атты кітап жазып (1910), оған Крыловтың 37 мысалының аудармасын енгізді. Крыловтың туындылары «Мысалдар» деген атпен қазақ тілінде жеке кітап болып шыққан (1944, 1954, 1960).

Қазыбек би Келдібекұлы (1667–1764) – халық жадында «Қаз дауысты Қазыбек» есімімен қалған, XVII-XVIII ғасырларда өмір сүрген, қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан билердің бірі, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері. Орта жүздегі арғын тайпасының қаракесек тармағынан. Тәуке хан «Жеті жарғыны» шығарарда Төле би, Әйтеке билермен бірге ханға ақыл-кеңесші болды. Қазыбек би туралы ел аузындағы әңгіме, аңыздар мен биден қалған шешендік сөздер оның өз заманында білімді де жетелі, ауыз әдебиеті мен салт-дәстүр, ата жолы заңдарын мейлінше мол меңгерген, озық ойлы, әділ де көреген, батыл да батыр адам болғандығын аңғартады. Әділдігі мен алғырлығы үшін Тәуке хан Қазыбек биді орта жүздің бас биі етіп сайлаған.

Қобыланды Тоқтарбайұлы (XV ғ.) – аты аңызға айналған батыр, тарихи қайраткер. Халық жадында сақталған жырларда, әңгімелерде, халық шежірелерінде оны көбіне «Қара Қыпшақ Қобыланды» деп атайды. Көшпелі өзбек мемлекетінің негізін қалаушы Әбілхайыр ханның бас батыры болған. Қазақ шежіресінде Қобыландыны Қарақыпшақтан тарайтын Тоқтарбайдан туғызады. Қобыландыдан Беркімбай, Беркімбайдан бес таңбалы Қыпшақ ұрпақтары өрбиді. Қобыланды батыр ру аралық қақтығыстардың бірінде Арғын тайпасының билеушісі *Қотан* бидің ұлы Дайырқожа батырды (Ақжол) өлтірген. Қазақ ауыз әдебиетінде осы оқиға жөнінде Қотан бидің «Қарақыпшақ Қобыландыда нең бар еді құлыным» деген жоқтауы сақталып қалған. Қазақта Қобыланды батырдың қызылбастар мен қалмақтарға қарсы соғыстарын баяндайтын «Қобыланды батыр» эпосы кең тараған.

Қожанасыр, Қожа Насыр – түркі халықтары арасына кең тарап, жағымды аңыз тұлғаға айналған. Қожанасыр туралы әңгімелер бүкіл Орта, Кіші және Алдыңғы Азия, Арабия, Грекия, Румыния, Сербия, Еділ бойы, Кавказ халықтары фольклорында кезігеді, онда ол Молла Насреддин, Қожа Насреддин, Насреддин Әпенді деген аттармен кең тараған. Қожанасыр сөздерінен оның жалпылық мағынадағы философ екені, сопылығы, және дана адам болғаны байқалады. Оның қызық оқиғалары мен қалжың сөздері әрі қарапайым, әрі астарлы мағынада болып келеді. Қожанасыр туралы мыңдаған шағын әңгімелер ауыздан ауызға таралған. Ол кейде дана, кейде ақымақ, кейде аңғал, кейде қу, кейде өткір тілді болып келеді. Көптеген қалжың сөздері әсерлі, және тәрбиелік мәні өте зор.

Құнанбай Өскенбайұлы, Құнанбай қажы (1804–1886) – би, аға сұлтан, көрнекті қайраткер, Абайдың әкесі. Арғы атасы – Ырғызбай, атақты Өскенбай бидің баласы. Қарқаралы округінің аға сұлтаны болған. Құнанбай жасынан палуан, найзагер болды, қатал да әділдігімен ерекшеленіп, әкесі Өскенбайдың тәрбиесінде ел билігіне араласты. Меккеде 2 жылдан астам уақыт тұрып, зиярат етушілерге арнап тәккия (қонақүй әрі медресе қызметін атқарған үй) салдырады. Ол би, болыс, аға сұлтан кезінде биліктің үш тұтқасын – қазақтың дәстүрлі заңын, патша өкіметінің «Сібір қазақтарына арналған низамын», шариғат жолын қатар ұстанды. Қазақ дәстүрінің негізіне сүйене отырып, оңтайлы шешім шығарды. Барымтаға, ұрлыққа, дінбұзарлыққа, зинақорлыққа қатаң тыйым салды. Заманның аңысын аңғарып, ертеңін болжай білді. Балаларын орысша оқыта отырып, мұсылмандықты уағыздады. Құнанбайдың өмірі мен қайраткерлігі туралы деректерді жинап, бір ізге түсірген – М. Әуезов, оның «Абай жолы» эпопеясында Құнанбай бейнесі кеңестік идеология ықпалына сай бұрмаланғанымен, жан-жақты сипатталып, шебер сомдалған.

Құбала (Сұлтанғали) **Қуанышқалиұлы** (туған-өлген жылы белгісіз) – айтыс ақыны. Құбала – ақынның ел қойған аты.

Жайық бойында ел аралап жүрген Қубаланы орыс байлары құжатсыз жүрген адам деп, Орал түрмесіне жаптырады. Түрмеде жатып, тауқымет тартқан ақын «Кірмейді басқа қиял бұрынғыдай / Қапаста бес жыл жатып тарыққаннан» деген өлең жолдарында заман жайын толғайды. «Зынданда жатқан жандар көп», «Ақсұңқар үйрек ілген көгімдегі», «Сөз сөйлейін толғанып», «Жылқының міндім тұлпарын» деп басталатын қапалы да кекті жырларында заман әділетсіздігін сөз етеді. 1875 жылдан бастап Қубала Жайық, Орда өңіріне аты мәлім Уәзипа, Шөкей, Жыға, Қара ішік, Қанымай, Мойыл сияқты ақын қыздармен айтысады. Қубала – айтыс өнерінде, оның ішінде жұмбақ айтысында өзіндік орны бар ақын. «Қубала мен Уәзипа» айтысы басынан аяғына дейін жұмбаққа құрылған. Қубаланың айтыстары мен толғаулары ҚР ҰҒА Орталық ғылыми кітапхананың қолжазба қоры мен М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорында сақтаулы.

Қыйрылоп – Крылов Иван Андреевич (жоғарыдағы түсініктен қараңыз).

Қыпшақ Сейітқұл Маманұлы (шамамен 1770–1830) – есімі аңызға айналған егінші. Орта жүздегі бес таңбалы қыпшақтың торы бірлестігінен тарайтын жеті арыс қитаба руынан шыққан. Сыр бойындағы иеліктері егін шаруашылығына тарлық ете бастаған соң Торғай өңіріне келіп, Қабырға өзені бойындағы Қарақоға деген жерге тұрақтаған. Өзен жағалауына шығыр орнатып, аяқ егін, атпа егін әдістерін пайдаланып, өзеннен арықтар тартып, бөгендер салып, суармалы егіншілікті қолға алған. Диқанның бұл еңбегі жемісті болып, 5–6 жылдың ішінде алғаш келіп қоныстанған 12 үй 400-ге жеткен. Қыпшақ Сейітқұлдың аса шығымды ақ тарысының тұқымы кейін бүкіл Торғай, Ақтөбе, Қостанай, Ақмола, Қарағанды, Қарқаралы өңірлеріне тарады. Диқанның барымташылардан сақтану үшін тұрғызған дуалы мен су тартқан арықтарының қалдықтары Көкалаат, Қызылоба, Қарақоға деген алқаптарда әлі күнге дейін сақталған. Қыпшақ Сейітқұл асқан шебер, сөзге шешен адам болған.

Мұраптың егіншілік дәстүрін халық арасына кең таратып, насихаттау үшін ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин «Қыпшақ Сейітқұл» деген әңгіме жазып, оқулығына енгізген.

Қыр баласы – Әлихан Бөкейханның (1866–1937) бүркеншік есімі. Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов – көрнекті қоғам қайраткері, Ресейдің жергілікті және қалалық қоғам қайраткерлері съезінің депутаты, Ресейдің I. Мемлекеттік думасының және мұсылман халықтары съезінің депутаты, IV Мемлекеттік думаның мұсылман фракциясының Бюро мүшесі, қазақтың XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалысының негізін салушы әрі көсемі, халқымыздың тұңғыш саяси Алаш партиясының ұйымдастырушысы және ұлттық Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, ғалым – ормантанушы, экономист, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы, әрі дарынды публицист.

Ленійн Ұлыйанып, В.И. Ленин (Ульянов) (1870–1924) – орыс революционері, марксизмнің ірі теоретигі, шешен, философ, кеңестік саяси және мемлекет қайраткері, Ресей социал-демократиялық жұмысшы партиясының (большевиктер) негізін қалаушы, Ресейдегі 1917 жылғы Қазан төңкерісінің бас ұйымдастырушысы және жетекшісі, бірінші төрағасы Ресей КФСР Халық Комиссарлары Кеңесін және КСРО Халық Комиссарлар Кеңесін, адамзат тарихында тұңғыш социалистік мемлекетті құрушы. Негізгі саяси-публицистикалық еңбектерінің көлемін материалистік философия, марксизм теориясы, антикапитализм және антиимпериализм, социалистік революцияны жүзеге асыру, социализм мен коммунизм құру теориясы мен тәжірибесі, социализмнің саяси экономиясы құрайды.

Мағжан (Әбілмағжан) **Жұмабаев** (1893–1938) – Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі. Мағжан ауыл молдасынан сауатын ашып, 1905–1910 жылдары Қызылжар медресесін бітірген. Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесінде оқыған. (1910–1913). Ақын Омбы мұғалімдер семинариясында білімін ұштайды. «Бірлік» ұйымы жұмысына, «Балапан» қолжазба әдеби журналын шығаруға атсалысады.

Журналистикамен айналысып, білім саласында да жұмыс жасайды. Мағжан эпикалық жанрда поэманың ықшам формаларын қалыптастырып, «Қорқыт», «Ертегі», «Оқжетпестің қиясында», «Қойлыбайдың қобызы», «Батыр Баян» т.б. поэмалар жазған. Ақын білім беру саласына арнап «Педагогика» (1922, 1923), «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жөні» (1925) еңбектерін жариялады. Қазақ поэзиясының сыршылдығын тереңдетті. Әлемдік поэзияда экологиялық тақырыпты алғаш жырлаушылардың бірі. Қазақ поэмасын суреткерлік арнаға бұрды.

Малабай ұлы Рақымжан (1884–1961) – ақын, жазушы, драматург, фольклор жинаушы. Орынбордағы оқытушылар даярлайтын мектепті бітірген (1910). Ұзақ жыл мұғалім болған. Бірқатар өлеңдері мен публицистикалық мақалалары, очерктері «Айқап» журналында, «Қазақ» газетінде жарияланған. 1922 жылы «Тура тиген қарғыс» үш актілі комедиясы. «Ошақ тұтқыны», «Надандық құрбаны», «Шариғат құрбаны», т.б. бір актілі пьесалары жарық көрген. «Аштық құрбаны» повесі 1929 жылы «Жаңа әдебиет» журналында жарияланған. 1934 жылы Ташкентте «Атамандар жорығы» әңгімелер жинағы басылып шыққан. Ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаумен айналысқан. Көптеген дастандар, толғау-жырлар, өлең-термелер жинап, 4 қолжазба тігіндісін М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына тапсырған (1946).

Алматыдағы Орталық ғылыми кітапхана мен М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорына сақталған, Малабайұлы ұсынған қолжазбалардың тізімін саралап, салыстыра келгенде, ақын, жазушы, драматург, фольклор жинаушы Малабай ұлы Рақымжан мол құнды мұраны Кеңес үкіметі кезінде түпнұсқа күйінде қолжазбалар қорына өз қолымен бергені байқалады. Атап айтқанда, қалам иесінің М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында түрлі жанрдағы төрт бума қолжазба материалдары; Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорында жиырмашақты дәптерден тұратын құнды мұралары

сақталған. Рахметжан Малабаевтың көбірек жинақтағаны – бұдан екі ғасыр бұрынғы ақындардың жырлары, айтыстары, және халықтық жырлар.

Малабай ұлы туралы мәліметті айқындау біршама қиынға соққан себебі – екі қолжазба қорына қолжазбаларды тапсырушының (автор, жинаушы, құрастырушы) есімі Рахмет Малабайұлы, Рахым Малабайұлы, Рахымжан Малабайұлы, Рақымжан Малабайұлы және Р. Малабаев болып бірнеше түрлі жазылған.

Мәделіқожа Жүсіпқожа (1816–1888) – айтыскер, ақын. Ескіше хат таныған. Өзі тұстас талай ақындармен айтысқа түскен. Ол атақты Майлықожа ақынмен де өнер жарыстырған. «Қанай датқаға», «Майлы ақынға» т.б. толғаулары бар. «Мәделінің елімен қоштасқаны», «Бір жан жоқ болыстыққа талас емес», «Еш нәрсе бұл дүниеге болмас тұтқа», «Бәйтерек Байзақ едің мақтап жүрген», «Іліп алма» т.б. жырларында заман шындығын көрсеткен. «Арыстанбайға» атты арнау өлеңі «Жас қайрат» журналында (1924) жарияланған. Көптеген өлеңжырлары, толғаулары, айтыстары қолжазба күйінде ҚР ҰҒА Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорында сақтаулы.

Молда Мұса, Мұсабек Байзақұлы (1843–1932) – ескіше сауатты болған және біршама орысша да білген. Оның шығыстық сюжетке құрылған төл туындыларымен бірге, қазақтың «Ер Тарғын», «Қобыланды батыр» жырларын өзіндік ерекшелікпен жырлағандығы жөнінде деректер бар. Бірақ оның орындауындағы жырлардың «Шора батырдан» басқасы жазылып алынбаған.

Мөңке Тілеуұлы, Мүңке бій, Ноғайлы Мөңке би, шекті Мөңке би (шамамен 1675–1756) – белгілі би, Әбілқайыр ханның кеңесшілерінің бірі, жырау, би, шешен. Ноғай ұлысының билеушісі Мұсаның ұрпағы. Мөңке би туралы Нұржан Наушабаев, Балқы Базар, Нұрпейіс Байғанин және т.б. сөз қозғап, өлең арнаған. Мөңке бидің өмірі мен шығармашылық мұрасы туралы әр жылдары А. Жұбанов, Т. Кәкішев, С. Негимов, Б. Адамбаев, Қ. Сыдиықұлы, М. Тілеужанов, С. Байменше, Б. Омарұлы,

Ж. Асанов, К. Төлеубайұлы т.б. ғалымдар ғылыми-зерттеу еңбектерін жазған.

Мұрат Мөңкеұлы (1843–1906) – қазақ поэзиясының көрнекті өкілі. Мұрат – айтыскерлігімен танылған, оның бізге Жылқышы, бала Ораз, Кете Жаскілең, Жантолы, Тыныштық, Ізім сияқты шайырлармен айтыстары жеткен. Мұрат шығармаларының ішінде оқшау тұратыны «Үш қиян» толғауы. Ол өлеңді жазып та шығарған. Оның жазбаша, хат түрінде үш туындысы белгілі («Аққудан қайтқан жігітке хат»).

Міржақып Дулатов (1885–1935) – Алаш қозғалысының қайраткері, жазушы, ақын, драматург, журналист. XX ғасырдың басындағы қазақ мәдениеті мен әдебиетінің ірі өкілі. Алаш қозғалысы жетекшілерінің бірі. «Алаш» партиясының бағдарламасын жазған.

Наурызбай Қасымұлы (1822–1847) – батыр. Абылай ханның немересі, Кенесарының туған інісі. 1837–47 жылдардағы Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысында ерекше ерлігімен көзге түскен. Наурызбай Кенесарының тапсырмасымен көтеріліске қарсы жергілікті басшыларды бағындыру, салық жинау, барлау, әскерді қару-жарақ және азық-түлікпен қамтамасыз ету, дипломаттық т.б. қызметтер атқарған. Ресей отаршылары мен Қоқан ханының озбырлықтарына қарсы соғыстардың барлығына қатысқан. 1841 жылы Кенесары хан болып сайланғанда хан кеңесінің мүшесі болған. Соғыста тапқыр, ұрыста батыл Наурызбайдың сөзге шешен, әнші-күйшілігімен, жауырыны жерге тимеген палуандығымен аты шыққан, бүркіт, қаршыға, лашын ұстап, құсбегілікпен айналысқан. Наурызбай 1847 ж. тұтқынға түскен ағасы Кенесарының қасына өз еркімен барып, қырғыз манаптарының қолынан қаза тапты. Оның көркем бейнесі Нысанбай ақынның «Кенесары – Наурызбай» дастанында, М. Әуезовтің «Хан Кене» пьесасында сомдалған.

Наушабаев Нұржан (Нұрмұхамбет) (1858–1919) – ақын. Діни-ағартушылық бағыттың көрнекті өкілі. Троицк қаласында

З. Расулов медресесінде білім алған. Жастайынан араб-парсы тілдеріндегі кітаптар мен татар, башқұрт жазушыларының шығармаларын оқыған, әнші, сері, балуан атанып, дидактиктикалық үлгідегі нақыл, терме, толғау, мысал және назым, ғақлия жырларын жазды. Оның 40 шақты өлеңі мен айтыстары Қазан қаласында жарық көрген «Жұмбақ. Нұржан мен Сапарғалидың жұмбақ айтысы» (1903), «Маңзұмат қазақия» (1903), «Алаш» (1910) атты жинақтарында басылған. Наушабаев өлеңдерінің негізгі тақырыбы – өнер-білім мен адамгершілік қасиеттерді насихаттау. «Заманның қалпына айтылған сөз», «Тақпақ», «Терме», «Леп ұрған жігітке» өлеңдерінде, сондай-ақ А.И. Крыловқа еліктеп жазған «Түлкі мен әтештің хикаясы», «Өгіз бен есек», т.б. мысалдарында адамның мінез-құлқы мен жамандық-жақсылық, әділдік жайын, замана бағытын, қоғамдық құбылыстарды сипаттады. Адам бойындағы қараулық, дүниеқорлық, тойымсыздық көріністерін сынады. Дидактикалық жанрда жазылған «Қырық тілек» атты 13 жұмбақтан тұратын ғақлия өлеңі көркемдігімен ерекшеленеді. Қоғамдық жайларды исламдық тұрғыдан таразылап, діни өлеңдерінде Құран Кәрімнің маңызын, қасиетін түсіндіруге талпынған ақын мұсылманның парыз-уәжіптеріне талдау жасайды («Қырық парыздың баяны» т.б.). Наушабаев шығармаларында татар ақыны, әнші Сапарғали Қуанышұлымен жұмбақ айтысының орны ерекше. Хат үлгісіндегі жазбаша сөз сайысында қарсыласы тарапынан қойылған 25 жұмбаққа Наушабаев тапқырлықпен жауап береді. Айтыс көркем тілімен, заман ағысы мен қоғамдық өзгерістерді шебер бейнелеуімен құнды. Айтыс мәтіні 359 жолдан тұрады, алғаш «Манзұмат қазақия» (1903) кітабында, кейін «Айтыс» жинағының 2-томында жарық көрді. Ы. Алтынсаринге арнаған өлеңінде ағартушының еліне, замандастарына өнеге көрсеткен биік азаматтық тұлғасы айқын көрініс тапқан. Өлеңнің 3 шумағы Ы. Алтынсарин құлпытасына қашап жазылған. Ақынның «Көкем-ай», «Көңіл ажар», «Жан сәулем», «Асылай», «Мұқидаш», «Бес тілек» т.б. әндері ел арасына кең тараған.

Нысанбай жырау Жаманқұлұлы – (1822–1883) – ақын, жырау. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің жыршысы. Тарихи тақырыптағы «Кенесары – Наурызбай» дастанын жазған. Нысанбай жырау көтеріліске бастан-аяқ қатысып, көрген-білгенін жырға қосқан. Дастанда көтеріліс басшыларын батырлар жыры дәстүрінде бейнелеп, заман шындығын отарлық езгіге қарсы көтерілген халық үнімен шебер қиюластыра білді. Жырда Кенесарының қырғыздарға жасаған жорығы, оның қаза табуы мазмұндалған. Халық арасына кең тараған шығарма алғаш рет 1875 жылы С. Жантөрин мен Т. Сейдалиннің аудармасымен «Записки Оренбургского отдела императорского русского географического общества» журналында орыс әліпбиімен қазақ тілінде басылды. Шығарманы 1912 жылы Қазан қаласында Жүсіпбек Шайқысыламұлы жеке кітап етіп бастырды, 1923 жылы Ташкентте Х. Досмұхамедұлының, 1924 жылы Н. Төреқұловтың алғысөздерімен кітап болып шықты. 1996 жылы «Қазақ халық әдебиеті» атты көптомдықтың 17-томында жарық көрді. Нысанбай жыраудың шығармашылығын жолын Х. Досмұхамедұлы, Е. Ысмайылов, Қ. Жұмалиев, Ә. Қоңыратбаев, Б. Кенжебаев, Т. Тебегенов т.б. зерттеді.

Орақ-Мамай – XVI ғасырдағы көбінесе есімдері қатар аталып отыратын эпикалық кейіпкерлер. Халық аузындағы шежірелік мәліметтер бойынша Мұсадан Алшағыр, одан Орақ пен Мамай туған делінеді. Екеуі де көшпелі ноғай-қазақ ұлыстарының туын көтеріп, ел намысын жыртқан, ер жүрек батырлар кейпінде ел есінде қалған. Олардың ерлік істері мен ұрпақтары туралы Нұртуған Кенжеғұлұлы көлемді жыр арнаған.

Потанин Григорий Николаевич (1835–1920) – Орта Азияның табиғатын, этнографиясын зерттеген саяхатшы, географ, этнограф, фольклоршы. 1852 жылы Омбыдағы кадет корпусын бітірген. 1853–1858 жылдары Семей мен Омбыда әскери қызметте болды. 1859–1862 жылдары Петербург университетінің табиғаттану бөлімінде оқыды. 1861 ж. студенттік толқуларға қатысқаны үшін Сібірге жер аударылды. 1863–1864 жылдары

Орыс география қоғамының астрономы К. Струвенің экспедициясына қатысып, Зайсан көлі мен Тарбағатай тауын зерттеді. Зайыбы А. Потанинамен бірге Орта Азия мен Сібірдің түркі-моңғол, тұңғыс-маньчжур т.б. көптеген халықтарының фольклоры, этнографиясы туралы құнды материалдар жинап, табиғатына, органикалық дүниесіне берген кең көлемді ғылыми сипаттамасы «Орта ғасырлық Еуропа эпосындағы шығыс сарындары» (1899) атты еңбегінде көрініс тапты. Ш. Уәлихановтың Сырымбеттегі ауылына барған сапарында «Қазақтың соңғы ханзадасының үйінде» (1896) деген мақала жазды. Қазақ фольклоры үлгілерін, жалпы түркі тілдес халықтардың ауыз әдебиетін жинап, «Қазақтардың және алтайлықтардың аңыздары, аңыз әңгімелері және ертегілері» (1916) атты еңбегін жариялады. 1886 ж. Орыс география қоғамы Г. Потанинді географиялық озық еңбектері үшін Үлкен Константинов медалімен марапаттады. Наньшань тауындағы жота, Моңғол Алтайындағы мұздық Потанин есімімен аталады.

Пушкин Александр Сергеевич (1799–1837) – Ресей ақыны, классикалық орыс әдебиетінің негізін салушы. Оның өмірі мен өнерпаздық жолы азаттық, адамгершілік идеялары үшін аянбай күресу жолы болды. Сөз өнерін дәуірінің озат тілек-мақсаттарымен ұштастыра білуі оған әдебиетте тың жол табуға, бүкіл елдің, орыс халқының әдебиетін жаңа арнаға бұрып, әдебиетті жаңаша дамытып, өркендетуіне мүмкіндік берді. Пушкин сан алуан жанрлық түрлерді еркін меңгерді.

Радлов Василий Васильевич (1837–1918) – Ресей шығыстанушысы, этнограф, археолог, Петербург ҒА-ның академигі (1884). Берлин университетін бітіргеннен кейін болашақ ғалым Ресейге келеді. Көп ұзамай тіл үйрену мақсатымен Алтай өңіріне барып, оқытушылық қызмет атқарады. Осы уақыттан бастап түркі халықтарының ауыз әдебиетін белсене зерттейді. В. Радлов әр түрлі ғылыми сипаттағы экспедицияларға қатысып, фольклорлық үлгілерді қағазға түсіреді. Радловтың фольклортану саласында «Түркі тайпалары халық әдебиетінің

үлгілері» атты 10 томдық еңбегі бар. 1870 жылы В.В. Радлов «Түркі тайпалары халық әдебиетінің нұсқалары»... деген көптомдық еңбегінің үшінші томында қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін жариялады. А. Байтұрсынұлы құрастырған «Ер Сайын» (1923 ж.) жырын түркітанушы ғалым Радлов «Түркі тайпалары халық әдебиетінің нұсқалары» көптомдығында «Сайын батыр» деген атпен шығарған.

Сейфуллин Сәкен (Сәдуақас) (1894–1938) – мемлекет және қоғам қайраткері, ақын, жазушы, сыншы. XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің жаңаша дамуына үлес қосқан қаламгердің бірі. Қазақ кеңес әдебиетінің классигі.

Сүгір Бегендікұлы (1894–1974) – ақын, жыршы. Сүгір жасында Саздыдағы Бәли Нұрнияз ақынның мектебінде білім алған. 16 жасынан бастап халық ауызына ілініп, өнері бағалана бастаған. «Сүгірдің термесі», «Сүгірдің әні», «Сүгірдің жырсазы» сияқты өлеңдері ел арасына кең тараған. Сүгір бір шығарманың өзін, өзі шығарған бірнеше әуенмен құбылта орындап, тыңдаушыны баурап алатын қасиетке ие болған, жыршылық, ақындығымен қоса композиторлық дарыны бар өнер иесі. Сүгір Мұрын, Қашаған, Сәттіғұл жыраулармен дәмдес болған, олардың үлгі-кеңестерін алған. Өзінен бұрын өткен ақын-жыраулардың шығармаларымен бірге өзі шығарған терме, толғауларын да халық арасына тынбай насихаттап өткен. Сүгір жырау Абылдың, Ақтанның, Нұрым мен Қашағанның, Әбубәкір мен Сәттіғұлдың, тағы да басқа ақын-жыраулардың шығармаларын елге таныстырумен қатар, оларды өз шығармаларында мадақтап жырға қосқан. Хорезм жағында жүріп «Арман», «Елді сағыну», «Қоштасу», «Терме» атты толғау жырларын шығарған. «Октябрь», «Беташар», «Тойбастар», «Сәттіғұл ақынға», тағы басқа да өлеңдері жергілікті газеттерге басылып жарияланған. Ұлы Отан соғысы кезінде «Аттандыру», «Аманат», «Жоқтау» тәрізді патриоттық рухтағы жырларын шығарады.

Тел-жан, Шонанұлы Телжан (1894–1937) – Алаш қайраткері, тіл білімі саласын ұйымдастырушы, ғалым. 1908–1912 жылдары Ырғыздағы орыс-қырғыз училищесінде оқып, 1912 жылы

Орынбордағы мұғалімдер институтына түседі. Мұнда 4 жыл оқып, 1916 жылы мұғалім болып шығады. Мұнан кейін ол 1920 жылға дейін Тоқырауын болысындағы 3 ауылда ұстаздық етеді. Қайраткердің елеулі еңбегі, ұйымдастырушылық қабілеті ел көзіне ерте ілініп, 1917 жылы I. Жалпықазақ сиезіне шақырылады. II Жалпықазақ сиезіне де қатысып, Алашорданың Білім комиссиясының комиссия мүшесі болып сайланады. 1920 жылы ол Семей губерниялық төңкерістік комитетінің шет ұлттар бөліміне аудармашы болып орналасады. Сол жылы Қазақ автономиялық республикасы құрылғанда, ол Халық ағарту комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың маманы ретінде ғылыми жұмысқа тартылады. Қайраткер 1924 жылы 12–17 маусымда Орынборда өткен Қазақ білімпаздарының бірінші съезділне қатысып, нақты салалар бойынша сөз сөйлейді. 1920 жылы ол Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының жұмысына да атсалысады. 1923 жылы осы қоғамның тарих-археология секциясы мен этнография секциясы біріккенде, ғалым оның төраға серігі болып сайланады. 1926–1929 жылдары Қызылордада Халық ағарту комиссариатында жауапты қызмет атқарады. Осы шамада Қазақ мемлекеттік педагогика институтын экстерн жүйесімен бітіреді әрі сонда сабақ береді. 1934 жылы Қазақ мемлекеттік университетінде қазақ тілінен доцент болып жұмыс істейді. Ғалым жазған «Сауаттан», «Жаңалық», «Тіл дамыту», «Оқу құралы», «Қазақ тілі», «Жаңа арна», «Бастауыш мектептеріндегі қазақ тілінің әдістемесі», «Шала сауатты ересектер үшін оқу құралы», «Орыстар үшін қазақша әліппе», «Қазақ тілінің оқу құралы», «Учебник казахского языка для взрослых» т.б. еңбектер ағарту саласының дамуына ықпал етті. Оның емле, әліпби, терминология жүйесі бойынша жариялаған жұмыстары сол кезде Одақ көлемінде түріктанушылар тарапынан лайықты бағасын алды. Қайраткер әдебиет мәселесін де зерделеп отырды. «Абай кітабын бастыру керек», «А. Байтұрсынов», «Сәкеннің тілі туралы», «Бейімбет», «От басында» атты мақалаларында руханияттың өзекті қырларын сөз етті. Қайраткердің саяси-тарихи білік дәрежесін көрсететін іргелі еңбегі – 1926 жылы жарық көрген «Қазақ жері

мәселесінің тарихы» атты зерттеуі. 1929 жылы ол «Қазақстан жағрафиясы» атты кітап жазып, өлкетану жұмысына да белсене араласты. 1934 жылы Д. Снегинмен бірге «Уйгурская поэзия» жинағын ұйғыр тілінен орыс тіліне тәржімалады. 1935 жылдан бастап Қазақ мемлекеттік университетінде (қазіргі ҚазҰУ) қазақ тілінің доценті болып еңбек етті. Телжан Шонанұлы 1923–1937 жылдар аралығында 32 оқулық, кітап, 72 мақала жазған. 1937 жылы 19 шілдеде тұтқындалып, КСРО Жоғарғы Соты әскери коллегиясы «үштігінің» үкімімен ату жазасына кесілді.

Толыстой, Лев Николаевич Толстой (1828–1910) – орыс жазушысы, ағартушысы, публицисті және ойшылы.

Торайғыр Едігеұлы (1772–1825) – белгілі би, шешен. Шыққан тегі арғын ішіндегі сүйіндік руының айдаболы. Павлодар облысы, Баянауыл өңірінде туып өскен.

Төле Әлібекұлы, Төле би (1663–1756) – қазақтың қоғам қайраткері, шешен, Ұлы жүздің бас биі, Қазыбек, Әйтеке бидің қолдауымен үш жүзге төбе би болып сайланған. Өз заманында Қазақ хандығының тұтастығы үшін күрескен қайраткер. Төле би өз халқының шешендік-поэтикалық өнерінің дәстүрлерін жастайынан бойына сіңіріп өскен, зерделі, сауатты адам болған. Бала күннен жас Төле әкесіне еріп жүріп ел көреді, жұрт таниды, қазақ халқының ақындық-шешендік өнерінен тәлім алады. Он бес жасынан ел билігіне араласып, ақыл-парасаттылығы, әділ шешімі, шешендік өнерімен көзге түседі.

Тұрғанбай Кешімбайұлы (1804–1862) – батыр, датқа. 1821 ж. Сырдария өңірі қазақтарының Қоқан хандығына қарсы көтерілісіне қатысып, онда белсенділігімен көзге түсті. Қоқан билеушілері Тұрғанбайды өз жағына тарту үшін оны Түркістан маңындағы Шілік (қазіргі Шәуілдір) өңіріне датқа етіп тағайындады. Ол датқалық қызметі барысында қарамағындағы халықтың мүддесін қорғауды бәрінен жоғары қойды. Соған орай Тұрғанбайдың есімі әділ әрі қамқоршы датқа ретінде Түркістан қаласы төңірегінде танымал болған. 1862 ж. Ташкент құсбегі Қанағатпен бірге Қоқан ханы Құдиярға қарсы 4 мың қол жинап, көтеріліске шықты. Алайда бұл көтеріліс аяусыз басылды,

қолға түскен Тұрғанбай датқа Шыршық өзенінің бойында азапталып өлтірілді.

Шәкәрім Құдайбердіұлы, Шаһкәрім (1858–1931) – қазақ ақыны, ағартушы, ойшыл, композитор, аудармашы. Абайдың немере інісі, әрі шәкірті. Араб, парсы, түрік және орыс тілдерін жетік меңгерген. «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» атты тұңғыш кітабы 1911 ж. жарық көрген. Оның шығармалары: «Үш анық», «Мұсылмандық шарты», «Жолсыз жаза», «Қалқаман – Мамыр», «Ләйлі – Мәжнүн», «Жастық туралы», «Анадан алғаш туғанда», «Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек» т.б.

Шәрліз Дәрбійн, Чарлз Роберт Дарвин (ағылш. Charles Robert Darwin. 1809–1882) – ағылшынның табиғат зерттеушісі, оның табиғи сұрыптау теориясы биологиялық көптүрліліктің пайда болуының революциялық негіздемесін берді.

Шернияз Жарылғасұлы (1806–1867) – халық ақыны. Кіші жүз қазақтарының Исатай, Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне (1836–1837) қатысып, оның жалынды жыршыларының бірі болған. Оның жырларында көтеріліс тақырыбы басты орын алады. Ақын көтеріліс жеңіліске ұшырап, оның басшысы Исатай мерт болса да, азаттық, бостандық тақырыбын асқақ үнмен жырлады. Сол арқылы Исатайдың батырлық бейнесін жасаған: «Па, шіркін, Исатайдай сабаз тумас», «Ақ алмас алтын сапты, қылышым-ай», «Исатай ел еркесі, ел серкесі» сияқты жырларын шығарды. Шерниязның «Ай, Қазы би, Қазы би», «Тостағанды қолға алып», «Ай, жігіттер», «Сөз сөйлеймін бөлмелеп», «Көл қылып Құдайым талай судай ағын» өлеңдерінде өзі өмір сүрген қоғамның әділетсіздігі, заманның құбылмалығы мен оның мән-мағынасы үлкен ой елегінен өткізіле жырланады. Жалпы ақынның поэзиясы мазмұндық сипатымен, стильдік айқындығымен, көркемдік бейнелеу нақыштарының шеберлігімен ерекшеленеді. Шығармалары алғаш рет 1925 ж. Мәскеуде, Ташкентте (Қ. Жансүгіров жариялауында) жарық көріп, әр кездерде шыққан орта мектептерге арналған хрестоматияларда, «XVIII – XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары», «Айтыс» (1-т., 1965) жинақтарында басылған.

Шоқан (Мұхамедханафия) Уәлиханов Шыңғысұлы (1835–1865) – ғалым, ориенталист, тарихшы, этнограф, фольклортанушы, ағартушы. Жеке меншік мектепте оқып, хат таниды. Петербург университенінің тарих-филология факультетінде лекция тыңдаған. Арғы аталары – Абылай, Уәли хандар. Әжесі Айғанымның тәрбиесін көрген ол жастайынан оқу-білімге әуестеніп, Құсмұрындағы мұсылман мектебінде бастауыш білім алады. Осы мектепте оқып жүріп өлең, жыр, аңыз, әңгімелерді оқуға және хатқа түсіруге машықтанады. Халық мұрасын жинауды қолға алған әкесіне көмектесе жүріп, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Едіге» жырларының нұсқаларын хатқа түсірді. Шоқан жасынан араб, шағатай тілдерін, кейінірек Орта Азиядағы түркі тілдерін меңгеріп, Омбыдағы кадет корпусын бітірген (1853). XIX ғасырдың орта шенінде халық творчествосын, этнографиясын көптеп жинап, оны баспа жүзіне шығаруда және сол материалдарды зерттеуде үлкен қызмет атқарып, үлес қосқан талантты ғалым.

Шортанбай Қанайұлы (1808–1881) – ақын, діни қайраткер. Ол XIX өз дәуірінің шындығын бүге-шігесіне дейін көрсете білген ақын. Шортанбай белгілі бір ортаның немесе аймақтың ғана емес, барша халықтың мұң-мұқтажын толғады, көптің жоқтаушысы болды. Ресей отаршылдығының зорлығын көзімен көріп, жан-тәнімен сезінген ақын өзінің «Зар заман», «Бала зары», «Тар заман», «Опасыз жалған» толғауларында азаттық пен еркіндіктен айрылған қазақ халқының қайғы-қасіретін тереңнен тебірене жырлады. Ақын өзіне дейінгі Бұқар, Тәтіқара, Ақтамберді, Шал ақынның мол мұраларымен жақсы таныс болған. Шортанбай толғауларының ішіндегі көпшілікке кеңінен тараған туындысы «Келер заман сипаты» атты шығармасы. Онда халқының болашағын болжай білген ақын елі үшін қабырғасы қайыса отырып, тығырықтан шығар жол іздейді. Келер заманның кескін-келбетін көрегендікпен көрсете келіп, өз тарапынан тұжырым жасайды, баға береді. Сонымен қатар айтыс ақыны ретінде Шөже, Орынбай, Асан ақындармен сайысқа түскен. Осылардың ішіндегі көлемдісі де, мазмұны жағынан толымдысы да Орынбаймен айтысы.

Өз шығармаларында заманның кескін-келбетін дәл басып, нақты көрінісін жасаған шыншыл ақын ретінде танылды да, өзінің болмыс-бітіміндегі көріпкелдік қасиетінің арқасында бұлыңғыр болашақты айна қатесіз болжай білген әулиелік қасиетімен ерекшеленді, өлеңдерінің ою-өрнегін қиюластыра білген, мазмұн мен маңызды ұштастыра білген шебер ақын болды. Ақынның мұраларын алғаш зерттеушілердің бірі М. Әуезов Шортанбаймен қатарлас өмір сүрген ақындар шығармаларын тұтастай алғанда Шортанбай мұрасына сай «Зар заман ақындары» деп саралады. Шортанбай мұраларын зерттеу ісінде С. Мұқанов, І. Жұмалиев, Х. Сүйіншәлиев, Т. Нұртазин, М. Мағауин, С. Қирабаев, Ы. Дүйсенбаев, Ғ. Мұсабаевтар көп еңбек сіңірді.

Эзоп (б.з.б. 620–560) – грек халқының аты аңызға айналған мысалшысы. Ол Самостан шыққан Иадмонның басыбайлы құлы болған. Бостандық алған соң Лидия патшасы Крездің сарайында қызмет етеді. Бір мәліметтерде оны ақсақ құл десе, бірде бүкір құл дейді. Оның Ежелгі Грекияда танымалдылығы Гомерден кем болмаған. Аңыз әңгімелері ауыздан ауызға беріліп, мектептерде өтілген, сахнада көріністер қойылған. Эзоп бірінші болып адамдардың бейнелерін, кемістіктерін жануарлар түрінде көрсеткен.

Ядринцев Николай Михайлович (1842–1894) – Сібірді зерттеуші этнограф, археолог, публицист. Ол өз еңбектерінде Солтүстік Қазақстан өлкесі, соның ішінде Петропавл және Көкшетау уездері жайлы мәліметтерге көп көңіл бөлген. Сондай-ақ «Көшпелі тұрмыс және даладағы зерттеулер» (1886), «Батыс Сібірге сырттан келген халықтарды зерттеу жоспары» (1880) деген мақалаларында қазақ халқын антропология, этнография тұрғысынан жан-жақты зерттеуді ұсынды. Шоқан Уәлихановпен жақын таныс болып, ол жайлы мақалалар жазды. А. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышта» Шоқан туралы мәліметтерді Ядринцев сөздерінен қарауды ұсынады (Әуезе түрлері, Заман хат).

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Бұхара – Орталық Азиядағы бұрынғы елдің, қазіргі Өзбекстан мемлекетіндегі облыстың аты. Орталығы – Бұқара қаласы. Б.з.б. 1-мыңжылдықтың орта шенінде іргесі қаланып, бастапқы кезде соғды тілінде Нумижкат деп аталған. Зарафшан өзенінің төменгі ағысында орналасқан. Бұқара әсіресе XVIII–XIX ғасырларда күшті өркендеп, исламның ықпалды тірегіне әрі діни-ғылыми орталықтарының біріне айнала бастады. Бірқатар мұсылман халықтары, оның ішінде қазақтар да оны «Бұқара Шариф», яғни қасиетті қала деп атаған.

Еуропа – Еуразия құрлығының батысын алып жатқан дүние бөлігі.

Кавказ – батыста Қара теңіз бен Азов теңізінен, шығыста Каспий теңізіне дейін созылып жатқан таулы өлке. Солтүстігінде Кума-Маныч ойпатымен шектеледі. Оңтүстігінде шекара айқын емес – Алдыңғы Азия таулы қыраттарына ұласып жатады. Ресей, Грузия, Әзірбайжан және Армения мемлекеттері жерінде орналасқан.

Қызылорда — қала, Қызылорда облысының әкімшілік, экономикалық және мәдени орталығы (1938 жылдан). Сырдария өзенінің оң жағалауына орналасқан. Тұрғыны 196,1 мың адам (2003). 8 әкімш.-аумақтық бірліктен тұрады. Қала негізі Қамысқала атты елді мекенде 1817 ж. салынған Қоқан хандығының Ақмешіт бекінісі ретінде қаланды. 1853 жылдың тамызынан басқыншы, ген. В.А. Перовскийдің атымен бекініс Перовск форты аталды. 1867 ж. Перовскіге қала мәртебесі беріліп, уезд орталығына айналды. 1917 ж. 30 қазанда (12 қараша) Кеңес өкіметі Қазақстанда бірінші болып Перовскіде орнады. 1922 ж. қаланың Ақмешіт аты қайтарылғанымен 1925 жылдың сәуірінде Қызылорда деп қайта өзгертіліп, Қазақ АКСР-нің астанасы мәртебесі берілді (1929 жылға дейін). 1938 ж. облыс орталығына айналды.

Қырым түбегі – Еуропаның оңтүстігіндегі түбек. Қара теңіз, Азов теңіздерімен Перекоп мойнағы арқылы шығыс Еуропа жазығымен ұштасады. Солтүстік бөлігі – жазық даламен, оңтүстік жағы Қырым тауларымен ұласады.

Қытай – Азия құрлығында орналасқан ірі социалистік мемлекет. Халық саны бойынша әлемдегі 1-ші мемлекет. Жер аумағы бойынша Ресей және Канададан кейінгі 3-ші орында. Әлем картасында Қытай Тынық мұхитының батыс жағалауында орын алады. Оның аумағы Еуропа тұтастай дерлік осы тең. Қытай 9,6 миллион шаршы километр аумақты алып жатыр. Он төрт мемлекетпен, соның ішінде Қазақстанмен шектеседі.

Құддыс – қазіргі Израиль мемлекетінің астанасы, Иерусалимнің ежелгі аты. Бұл шаһар әлемдік діндердің шығу тарихымен байланысты зор құрметке ие болған. Онда иудей, христиан және ислам діндерінің қатар табынатын қадірлі діни ескерткіштері баршылық. Осы арада мұсылмандардың қасиетті орындарының бірі – «Әл-Ақса» (Бәйтул Мұқаддас) мешіті бар. Құран Кәрімдегі «Миғраж» сүресінде және басқа да діни аңыздарда Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбардың «Көкке көтерілу» (Алла тағаламен кездесу, дидарласу) сапары осынау мешіттен бастау алады.

Мәскеу – Ресей Федерациясының астанасы. Москва өзенінің жағалауына орналасқан.

Мекке – мұсылмандардың Хижаздағы басты қасиетті қаласы. Онда бас мешіт әл-Мәсжид әл-Харам мен Қағба орналасқан. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбар осы қалада дүниеге келіп, өмір сүреді және өзінің уағызын айта бастайды. Мұхаммед (с.а.с.) Меккедегі исламға дейінгі пұтқа табынушылардың ғибадатханасы болып келген Қағбаны исламның ең қастерлісі деп жариялап, оған барлық мұсылмандардың қажылыққа баруын өсиет етті. Қағба Меккедегі Масжид Харам деп аталатын бас мешітте орналасқан. Мұхаммед (с.а.с.) Меккеден кеткенімен Мәдинедегі жаңа құлшылық үйін Қағбаға қарама-қарсы қойған жоқ, қайта оның есігін соған қаратты (Құбыла). Мұсылмандардың Меккені 630 ж. жаулап алуы оның діни орталық ретіндегі айрықша жағдайын қалпына келтіріп қана қоймай, одан да жоғары дәрежеге көтере түсті. Меккеге барып қажылық рәсімін өтеу – исламның бес парызының бірі болып саналады. Жыл сайын Меккеге қажылыққа әлемнің әр түкпірінен миллиондаған адам келеді.

Мысыр – Африка құрлығының солтүстік-шығысын және Азиядағы Синай түбегін алып жатқан мемлекет. Аумағының бір бөлігі – Синай түбегі Азияда жатыр. Екі құрлықтың арасындағы шекара Суэц каналының бойымен өтеді.

Рум, – **Рим,** Византия империясы. Бұл атау кейінгі Осман империясының жеріне де қатысты көне географиялық топоним ретінде сақталып келді.

Ташкент (тас қала) – қала атауы. Орта Азиядағы көне тарихи қала. Қазіргі Өзбекстан Республикасының астанасы. Қазақ халқы ерте кезден Ташкент өңірін, қаласын мекендеген.

Ыстамбол – **Стамбул**, Түркия мемлекетінің бұрынғы астанасы. Орта ғасырға дейін Константинополь деп аталған және ежелгі Византияның орталық шаһары болған. Түркияның сауда, өндіріс және мәдениет орталығы, 1453–1918 жылдары Осман империясының, 1918–1923 жылдары Түркияның астанасы болған. «Шора батыр» жыры пайда болған XVI ғасырдың орта тұсында Қазан және Қырым хандықтары Осман империясына тәуелді болған.

Үндістан – ресми атауы – Үндістан Республикасы, Оңтүстік Азияда Үндістан түбегінде орналасқан мемлекет. Үндістан – өзінің аса бай мәдениетімен және ежелгі өркениетімен әйгілі ел. Ол – терең тамырлы философияның, мол өзіндік ізгі рухани мұраның, сыры да, сыны да сақталған әдет-ғұрыптар мен дәстүрдің, жер-жаһанға әйгілі махаббат күмбезі Тәж Махал, Лотосхрам сынды сәулеттік жауһарлардың, терең қайнарлы би мен саздың, ғажайып үнді киносы мен жұпар иісті үнді шайының елі.

Үргеніш – қала, Өзбекстандағы Хорезм облысының орталығы. Б.д.д. I ғасырда Юегянь деген атпен белгілі болған. Үргеніш туралы алғашқы мәлімет X ғасырдың жазба деректерінде кездеседі.

Шам – Сирия мемлекетінің орталығы Дамаск қаласының көне атауы. Шам – Сирияны арабтар осылай атаған. Теңеу ретінде «шәріп» сөзі қосылып, көбінесе «Шам шәріп» делінген. (Шәріп /а/ – құрметті, қадірлі, жоғары мәртебелі).

СӨЗДІК

Ағзам /а/ – ұлық, ағзам; ең үлкен, ең маңызды; ұлы, атақты; аса құрметті, ұлы мәртебелі

Адалат /а/ – әділдік, әділеттілік; адалдық, ақниеттік, әділ сот; юстиция, әділет, заң

Айқабақ – күнбағыс

Араны жүру – айтқаны болу, билік жүргізу

Аслан /а/ – 1) олай емес, ешбір (уақытта), 2) тегі, туысы, руы

Әлеумет /а/ – белгі; таңба; нышан, белгі; таңба, белгі; баға, балл

Әуе тартар – мұнда автор булық, желдік секілді ауа өткізіп тұратын ашық жерді айтып отыр.

Әше – әне, ендеше мағынасындағы сөз. «Әліпби» атты мәтінде *«Әше, әріптердің бәрін біліп болдыңдар»* деп берілген. XX ғасыр басындағы өзге әдебиеттерде *«әші», «ашы»* нұсқалары да кездеседі.

Барша – жүннен, киізден, жіптен жасалатын бұйым түрі

Басыр /а/ – соқыр

Бәйітсымал – өлеңсымақ; өлең, жыр

Бедие /а/ – құн; фідия, өтемақы, төлемақы, өтеу, төлеу, жуу; құрбандық, құрбан шалу (қажылық кезінде)

Безгелдек – дуадақтар тегіне жататын, дене тұрқы тауық шамалас дала құсы.

Бой жазыс – мұнда автор гимнастиканы айтып отыр. XX ғасыр басындағы өзге оқулықтарда гимнастиканы сәрсендеме деп алған. 1926 жылғы «Қазақша-орысша тілмашта» да сәрсендеме деп алынған.

Борық – ау тартатын ұршық ағаш

Бұлану – терлеу, шаршау

Ғақаид /а/ – ақида, сенім, наным; ұстаным; доктрина

Ғанимат /а/ – табыс, олжа

Ғадалат /а/ – әділет, адалдық, турашылдық

Ғұшыр /а/ – салық (мұсылман еккен егіннің оннан бірі алынатын салық түрі); ондық; оннан бір бөлік

Жана – және деген сөз. XX ғасыр басындағы басылымдардың көбінде осылай берілген.

Жұмла /а/ – бәрі, баршасы, барлық, күллі

Жығық – жығыңқы, бір бағытқа қарай жығылған

Земленке /о/ – қыштан, топырақтан құйылған, кірпіштен қаланып, аласа етіп салынған үй; жертөле

Исбат /а/ – дәлелдеу, дәлел, растық, сену, куәландыру

Кәлам, кәлима /а/ – сөз; әңгіме

Керсең – ағаштан дөңгелектеп істеген үлкен шара, тегеш.

Көбең – әлсіз, әлжуаз, пысық емес.

Көкпек – балаларда кездесетін ауру түрі. Дәстүрлі түсінікте көкпек адамға пәле-жаладан, жын-шайтан мен перілерден жабысатын ауру ретінде түсіндіріледі. Онымен ауырған баланың денесі көгеріп, ісініп, тамыры адырайып, тарғыл түске еніп кетеді. Ондай баланы емдеу үшін денесін сипап, уқалап: «сен көкпек болсаң, мен шекпекпін» деп арбау айтып, баланың денесін сұқ саусағымен шертіп «емдейді».

Күн еліту – күнелту сөзі XX ғасыр басындағы еңбектерде осы үлгіде (күн елітіу) кездеседі.

Қадар /а/ – аз, кішкентай ғана

Қамтама – өкіну, опыну.

Қатта – тіпті, тіпті болмаса.

Қоқ – өзен, көл бойларындағы бұта, қамыс, құрақ қалың өскен жынысты, пана боларлық жер.

Құлаққат – мәтінде құлаққат және құлақ қат болып екі түрлі жазылған. Мағынасы – түзім-тәртіптер, ережелер, құлақ арқылы санаға сақтап алуға тиісті ұғымдар.

Құмақ – құмдауыт, құмдақ.

Лапке /о/ – шағын сауда үйшігі

Лат /а/ – Ләт (ислам дәуіріне дейінгі кезеңдегі арабтардың пұт құдайларының атауы)

Ләббайка /а/ – міне, мен мұндамын; міне, мен сенің алдыңдамын

Лұғат /а/ – тіл

Мазлұм /а/ **–** әділетсіздікке тап болған, қиянатқа ұшыраған

Мағазин /о/ – дүкен

Мақшар /а/ – ақырзаман күнінде болатын сот. Діни ұғым бойынша, дүние салған адамның күнәсі тексерілетін кезең; ақырет.

Манат /а/ – Манат (пұт, ежелгі арабтардың құдайы)

Маңқа – жылқыда болатын жұқпалы ауру

Мархамат /а/ – рақым; қайырым

Миллет /а/ – *көне.* халық, ұлт; діни қауым, секта; сенім, наным, дін

Мүдәррис /а/ – мұғалім, ұстаз

Назым /а/ – өлең, поэзия; нәзік сезімді, наз түрінде, шығыстық дәстүрде жазылған өлең түрі.

Насыр /а/ **–** проза; шашу, шашып тастау; қара сөз

Нау (зат.көне.) – жалақор, бәлеқор, даукес

Өнемейін – өнебойы, үнемі, ылғи

Пітір /а/ – пітір-садақа (ораза айттың құрметіне); табиғат; тума қасиет, туа біткен ерекшелік; мінез-құлық; жабайылық

Риязат /п/ – 1. Діндарлық, тақуалық. 2. Ұстамдылық, ынсаптылық, сабырлылық.

Сидратул Мунтаһи /а/ – ғарыштағы Алланың киелі ағашы

Салам – шөп-шаламның үйіндісі

Сарық – салпаң (ұзын) құйрықты мәліш қой

Сауыр – мінезді, пейілі кең

Сират /а/ – *Құран.* жол; сапар; діни ұғым бойынша күнәһарлар мен күнәсіздерді ажырататын қиямет-қайымның қыл көпірі. «Сират» сөзі араб тілінде «көпір», «өткел», «жол» деген мағыналарды береді. Сират көпір (қыл көпір) – Қиямет күні тозақтың үстінде құрылатын қылдан жіңішке, қылыштан өткір, жабысқақ ілмек тікенектері бар, тайғанақ көпір. Ол көпірден мүмін-мұсылмандар аман өтеді, ал кәпірлер өте алмай тозаққа құлайды.

Тауфиқ /а/ – ынсап, қанағат, жәрдем, табыс, бақыт; жәрдем, көмек; табыс, бақыт; келісім, тыныштық

Үшбу – осы, осынау

Хазірет, әзірет /а/ – жоғары мәртебелі. Пайғамбарлардың, имамдардың, белгілі әулиелердің есіміне қосылып айтылатын құрметті атақ.

Хадис /а/ – әңгіме; хикая; хазіреті Мұхаммед [с.а.с.] Пайғамбарымыздың айтқан ұлағатты, қасиетті, даналық сөздері, өсиеттері

Хәттә /а/ – тіпті

Хикаят /а/ – әңгіме, повесть, хикая; *грам.* төл сөз; алуан түрлі ғажайып оқиғалар жайлы жазылған әдеби шығарма.

Уәлаят /а/ – аймақ, аудан

Үйез /о/ – уезд

Хақиқи, хақиқат /а/ – ақиқат, шын

Шаялану – тұқым сепкен кезде дән сирек түскен жер.

Шәріп, шариф /а/ – қасиетті, киелі, текті, ақсүйектер. Мұхаммед пайғамбардың немересі Хасаннан тарағандарға берілген атау.

Шен – маң, тұс, маңай; арбаның дөңгелегінің сыртын қоршап тұратын, иіліп келген темір

Шырғай – кішкене бұта, ағаштың майда түрі; үйдің төбесіне жабатын ұзын жіңішке ағаш, сырғауыл.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақтың бас ақыны // «Қазақ» газеті. – 1913. – № 39–40, 43.
2. Байтұрсынұлы А. Оқу құралы: Қазақтан басқа түркі, араб, парсы сөздеріне жазылатын әріптерді үйрету үшін һәм оқуға төселу үшін тәртіп етілген әліппеге жалғас. 2-кітап. – Орынбор: Кәрімов, Хусейнов уа шарикасының матбәғасы, 1913.– 52 б.
3. Байтұрсынұлы А. Оқу құралы: Усул саутыя жолымен тәртіп етілген қазақша әліппе. 1-інші кітап. – Орынбор: Типография № 1, 1921.– 90 б.
4. Байтұрсынұлы А. Оқу құралы: жаңа жолмен тәртіп етілген қазақша әліппе. 1-інші кітап: үлкендер үшін. – Семей: 2-я гос. тип., 1921.– 30 б. (Сауатсыздықты жоятын қазақтың кіндік тығыз комиссиясы).
5. Байтұрсынұлы А. Оқу құралы: усул саутыя жолымен тәртіп етілген қазақша әліппе. 1-інші жылдық кітап. 4-інші басылуы.– Ташкент: Түркістан жүмһүриетінің дәулет нешрияты, 1922. – 95 б.
6. Байтұрсынұлы А. Оқу құралы: Қазақша әліппе. 6-ыншы басылуы. – Орынбор: Қазақ мемлекет баспасы, 1923. – 73 б.
7. Байтұрсынұлы А. Оқу құралы: Қазақша әліппе. 7-інші басылуы. – Орынбор: Қазақ мемлекет баспасы, 1925. – 72 б.
8. Қазақша-орысша тілмаш / Құраст.: Кеменгерұлы, Бұралқыұлы, Байтасұлы, Байғаскин, Баймақанұлы, Дәулетбекұлы, Темірбекұлы, Сәрсенбайұлы. – М.: Кеңестер одағындағы елдердің кіндік баспасы, 1925. –224 б.
9. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Ташкент-Қызылорда, 1926.
10. Байтұрсынұлы А. Сауат ашқыш: дыбыс әдіс жолымен тәртіптелген қазақша әліп-би / Қазақстан оқу комиссарияты. Сауатсыз үлкендер үшін 1- кітап.– Семей: Семейдің губерниялық баспасы, 1926. – 83 б.
11. Байтұрсынұлы А. Әліп-би. Жаңа құрал / Қазақстан білім ордасы мектепте қолдануға ұйғарған. – Қызылорда: Қазақстан мемлекет баспасы, 1926.– 116 б.
12. Байтұрсынұлы А. Әліп-би. Жаңа құрал: 2-інші рет басылуы; түрлі суреттермен басылған / Қазақстан білім ордасы мектепте қолдануға ұйғарған. – Қызылорда: Қазмембас, 1927.– 116 б.
13. Байтұрсынұлы А. Әліп-би. Жаңа құрал: Қазақстан білім ордасы мектебіне қолдануға ұйғарған; түрлі суреттермен басылған. – 3-ші басылуы.– Қызылорда: Қазақ мемлекет баспасы, 1928. – 116 б.

14. Байтұрсынов А. Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер / Құраст. Ә. Шәріпов, С. Дәуітов. – Алматы: Жазушы, 1989, – 320 б.
15. Елеукенов Ш. Халқының көңілін көгерткен // Елеукенов Ш. Жаңа жолдан. С новой строки. – Алматы, 1989. – Б. 94–109.
16. Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек // Қазақ әдебиеті. – 1989, 21 сәуір.
17. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер, тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р. Нұрғали. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
18. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
19. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынұлы. – Алматы: Білім, 1990.
20. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынұлы. – Алматы: Білім, 1990. – 52 б.
21. Қойшыбаев Б. Жазықсыз жапа шеккендер. – Алматы, 1990.
22. Кәкішев Т. Санадағы жаралар. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 264 б.
23. Абдиманов О. Литературно-публицистическая деятельность Ахмета Байтурсынова. Автореф. дисс. на соискание уч. степени канд. филол. наук. – Алматы, 1992.
24. Бес арыс: Естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар / Құраст. Д. Әлімханов. – Алматы: Жалын, 1992.
25. Кәкішев С. Ахаң туралы ақиқат. – Алматы: Қазақстан-Шапағат, 1992. – 110 б.
26. Әбдіманов Ө. «Қазақ» газеті. – Алматы: Қазақстан, 1993.
27. Сәтбаева Ш. Ахмет Байтұрсынов // XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Білім, 1994. – Б. 133–150. (248 б.)
28. Қирабаев С. Ахметтің ақындығы // Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. – Алматы: Білім, 1995. – Б. 107–117 (288 б.)
29. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995.
30. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
31. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1997. – 368 б.
32. Смағұлов Ж., Жалмаханов Ш. А. Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттану терминдерінің негізін салушы. – Қарағанды, 1997.
33. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1996. 240 б.; 1998. – 384 б.
34. Әбсадықов А. Ахаң салған сара жол немесе оның «Әдебиет танытқыш» еңбегіндегі фольклор теориясының мәселелері // Сарыарқа. – 1998. – № 2. – Б. 63–64.
35. Дулатова Г.М. Шындық шырағы (екінші кітап). – Алматы, 1998.
36. Исмакова А. Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль (начало XX века и современность). – Алматы: Гылым, 1998. – 394 с.

37. «Қазақ» газеті. Алаш азаметтарының рухына бағышталады / Бас ред. Ә. Нысанбаев. Құраст. Ү. Сұбханбердина, С. Дәуітов, Қ. Сахов. – Алматы: Қазақ энцикл., 1998. – 560 б.
38. Ұлттық рухтың ұлы тіні: Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1999. – 568 б.
39. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2000. – 432 б.
40. Бектемісұлы Н. Ахмет ұшқан алтын ұя. – Астана: Елорда, 2001.
41. Ұлттың ұлы ұстазы: Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсыновқа арналады / Құраст. В.Қ. Күзембаева. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2001. – 267 б.
42. Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2002. – 430 б.
43. Исмакова А. Возвращение плеяды. – Алматы: Гылым, 2002. – 200 с.
44. Байтұрсынұлы А. Бестомдық шығармалар жинағы. Бірінші том. – Алматы: Жібек жолы, 2002. – 208 б.
45. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу. – Астана: Күлтегін, 2002. – 528 б.
46. Байтұрсынұлы А. Көптомдық шығармалар жинағы. 1-том / Жауапты ред. А. Ісімақова. – Алматы: Алаш, 2003. – 408 б.
47. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ филологиясы мәселелері (конференция материалдары мен тезистері). – Алматы: Арыс, 2004. – 208 б.
48. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы, сәуір 1901 ж. желтоқсан 1917. Т. 1. – Алматы: Алаш, 2004.
49. Ысқақұлы Д. Әдебиет алыптары. – Астана: Фолиант, 2004. – 304 б.
50. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі /Құраст. Ғ. Қалиев, О. Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А. Үдербаев. – Алматы: Арыс, 2005.
51. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі /Құраст. Р. Сыздық, Н. Уәлиұлы, Қ. Күдеринова, А. Фазылжанова және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. – 616 бет.
52. Байтұрсынұлы А. Көп томдық шығармалар жинағы. 5-том / Жауапты ред. А. Ісімақова; құраст. А. Ісімақова, Р. Имаханбетова. – Алматы: Алаш, 2006. – 288 б.
53. Имаханбет Р. Ахмет Байтұрсынұлының өмірі, шығармашылығы. – Алматы, 2006.
54. Әбдиманұлы Ө. Ахмет Байтұрсынұлы: Зерттеу-эссе. – Алматы: Арда, 2007. – 296 б.
55. Нүрпейісов К. Тарихи тұлғалар. – Алматы: Қаз энц-сы, 2007. – 376 б.

56. Құрманбайұлы Ш. Алаш және терминтану. (XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясы. 1910–1930 жылдар). – Алматы: Ел-шежіре, 2008. – 240 б.
57. Еркінбаев Ұ. «Әдебиет танытқыштың» теориялық негізі». - Алматы, 2008.
58. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Мектеп, 2009. – 560 б.
59. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. Қазақ тіліндегі араб сөздері / Н.Д. Оңдасынов. 1-том. Алматы: «Білім», 2010. – 167 б.
60. Имаханбетова Р. Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны (мұрағат деректері негізінде). Монография. – Астана: Педагогика ПРЕСС, 2010. – 304 б.
61. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. / Құраст. Ғ. Қалиев, С. Бизақов, О. Нақысбеков және т.б. – Алматы, 2011. – 744 б.
62. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 3-том. – Алматы: РПК «Слон» DPS, 2012. – 736 б.
63. XX ғасыр басындағы Алаш әдебиеттануы. Классикалық зерттеулер. Көп томдық. Т. 9. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2012. – 368 б.
64. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. 6-том / Жауапты ред. А. Ісімақова; құраст. Р. Имаханбет. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
65. Байтұрсынұлы А. Алтытомдық шығармалар жинағы. 1-том / Жауапты ред. А. Ісімақова. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
66. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. 5-том / Жауапты ред. А. Ісімақова; құраст. Р. Имаханбет. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
67. Ісімақова А. Жазған сөз жаным ашып алашыма. – Алматы: Елтаным, 2015. – 304 б.
68. Ісімақова А. Алаш ғылымы және Тәуелсіздік. – Алматы: Елтаным, 2015. – 380 б.
69. Ісімақова А. Тәуелсіздік және Алаш ғылымы. – Алматы: Дәстүр, 2015. – 228 б.
70. Ойсылбай А. Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» сөз өнері мен поэтика мәселелері. Алматы, 2016. – 288 б.
71. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2017. – 480 б.
72. Байтұрсынұлы А. Энциклопедия / Бас ред. Ж. Тойбаева. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2017. – 744 б.
73. «Қазақ» газеті. 1913 жыл. 2-ші басылымы /Құраст. С. Смағұлова, Ғ. Әнес. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2018. – 480 бет.
74. Дала фольклорының антологиясы: Он томдық. Т. 1: Батырлар жыры. Алматы: Brand Book, 2019. – 560 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай шығарылып отырған академиялық басылымының екінші томына ғалымның «Қазақтың бас ақыны» («Қазақ» газетінің 1913 жылғы № 39, 40, 43 сандары), «Әдебиет танытқыш» (Қызылорда-Ташкент, 1926) атты еңбектері мен балаларға арналған «Оқу құралы» (Орынбор, 1921), үлкендерге арналған «Оқу құралы» (Семей, 1921), «Сауат ашқыш» (Семей, 1926) және «Әліпби. Жаңа құрал» (Қызылорда, 1928) деп аталатын оқулықтары топтастырылды.

Ғалымның XX ғасыр басында араб әрпінде жарық көрген еңбектері мен оқулықтары және тәуелсіздік кезеңінде әлденеше мәрте басылып шыққан жинақтарындағы шығармалары өзара жолма-жол салыстырылып, алғаш рет жүйелі текстологиялық саралау жұмыстары жүргізілді. Аталған жарияланымдарда әр қилы себептермен өзгертілген, алынып тасталған мәтіндік айырымдар толықтай дерлік қалпына келтірілді. Осылайша ұлт ұстазының мұрасын текстологиялық тұрғыдан саралап, салыстырып, ғылыми түсініктер беру бағытында іргелі, тиянақты жұмыстар жасалды.

Бес томдық академиялық басылымды әзірлеу барысында Ахмет Байтұрсынұлының осы уақытқа дейін көптомдық жинақтарына енбеген оқу құралдары жинаққа енді. Атап айтқанда бұған дейінгі жинақтарда балаларға арналған 1912 жылғы «Оқу құралының» бірінші бөлімі ғана жарияланып келген. Аталған оқулық 1912–1925 жылдар арасында бірнеше рет толықтырулармен басылған. 1912–1913 жылдары ғалым бұл оқулығының екі бөлімін бөлек бастырса, 1914 жылдан бастап біртұтас басылған. Сондықтан 1921 жылғы (Орынбор) басылымы біршама толық нұсқа ретінде ғалымның академиялық толық жинағына енгізілді. Үлкендерге арналған «Оқу құралы» (Семей, 1921) оқырманға тұңғыш рет ұсынылып отыр.

XX ғасыр басында А. Байтұрсынұлының төте жазуының қолданысқа енуі, әліпбидің жетілдірілуі, емленің қалыптасу

тарихы және төте жазу арқылы оқу-ағарту істерінің даму барысы, оқытудағы әдістемелік жағдайлар ғылыми қауымға түсінікті болуы үшін бұл томға енгізілген төрт оқулық түпнұсқа басылымдарына негізделіп берілді.

Жинақ ғалымның жарияланған шығармалары барынша түгенделіп, мәтінтану ғылымының сарасынан өткен, әр мәтінге енгізілген өзгертулер мен толықтырулар ғылыми түсініктермен дәйектелген, Ахмет Байтұрсынұлы туындыларында кездесетін жер-су атаулары туралы деректер, есімдер көрсеткіші, сөздіктер, пайдаланған әдебиеттер тізімі, орыс және ағылшын тіліндегі түйін сияқты қосымшалармен жасақталды.

Еңбек Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығын зерттеп жүрген ғалымдар мен докторанттардың, магистранттар мен студенттердің, ғалым мұрасын қадір тұтатын оқырман қауымға арналған.

РЕЗЮМЕ

Во второй том академического издания, посвященного 150-летию Ахмета Байтурсынова, были включены труды ученого такие, как «Главный поэт казахов» (газета «Казах» №39, 40, 43 от 1913 года), «Адеби таныткыш» (Кызылорда-Ташкент, 1926) и «Учебное пособие» для детей (Оренбург, 1921), «Учебное пособие» для взрослых (Семей, 1921), «Азбука грамоты» (Семей, 1926) и «Букварь. Новое пособие» (Кызылорда, 1928).

Труды и учебники ученого, изданные арабской графикой в начале XX века и неоднократно изданные в собраниях сочинений в период независимости были построчно сопоставлены между собой и впервые проведена систематическая текстологическая дифференциация. В указанных публикациях практически полностью восстановлены текстовые различия, измененные и удаленные по разным причинам. Таким образом, были сделаны фундаментальные работы по текстологическому анализу, сопоставлению наследия просветителя народа и определения их научный понятий.

В процессе разработки пятитомного академического издания в сборник вошли учебные пособия Ахмета Байтурсынова, которые до настоящего времени не входили в многотомные сборники. В частности, в предыдущих сборниках была опубликована только первая часть «Учебного пособия» для детей за 1912 год. Данный учебник издан с неоднократными дополнениями в период с 1912 по 1925 годы. В 1912–1913 гг. ученый отдельно выпустил два раздела этого учебника, а с 1914 г. учебник был напечатан полностью. Поэтому издание 1921 года (Оренбург) было включено в академический полный сборник ученого как наиболее полная версия. «Учебное пособие» для взрослых (Семей, 1921) предлагается читателю впервые.

Для того, чтобы были понятны научному сообществу применение арабского письма, разработанный А. Байтурсынулы в

начале XX века, совершенствование алфавита, история становления орфографии и развития учебного дела с использованием арабского письма и методические условия в обучении, четыре учебника, вошедшие в этот том, были представлены на основе оригинальных изданий.

В сборнике представлены наиболее полноопубликованные произведения ученого, прошедшие экспертизу текстологии, а изменения и дополнения к каждому тексту подкреплены научными комментариями. В произведениях Ахмета Байтурсынова представлены такие приложения, как географические указатели, указатели имен, словари, список использованной литературы, аннотации на русском и английском языках.

Сборник предназначен для ученых и докторантов, магистрантов и студентов, изучающих творчество Ахмета Байтурсынова, широкого круга читателей, глубоко почитающих наследие ученого.

ABSTRACT

The second volume ofthe academic publication, which is dedicated to the 150th anniversary of Akhmet Baitursynov, included the work sof the scientist, suchas «The Main Poetof the Kazakh» (newspaper «Kazakh» No. 39, 40, 43 of 1913), «Adebiet Tanytkysh» (Kyzylorda-Tashkent, 1926) and «Training Manual» for children (Orenburg, 1921), «Training Manual» for adults (Semey, 1921), «ABC of Literacy» (Semey, 1926) and «Primer. New Manual» (Kyzylorda, 1928).

The works and textbooks of the scientist, which were published in Arabic script at the beginning of the XXth century and published several times in the collected works during the period of independence, were compared line by line with each other and systematic textual differentiation was carried out for the first time. In these publications, textual differences, which were changed and deleted for various reasons, have been almost completely restored. Thus, fundamental works on textual analysis, comparison of the heritage of the national enlightener and definition of their scientific conceptshave been conducted.

In the process of developing a five-volume academic publication, the training manuals by Akhmet Baitursynov were included into the collection, which until now were not included into multi-volume collections. In particular, in previous collections, only the first part of the «Training Manual» for children of 1912 was published. This textbook was published with numerous additions which were done in the period from 1912 to 1925. In 1912–1913 the scientist separately published two sections of this textbook, and since 1914 the textbook was printed in full. Therefore, the edition of 1921 (Orenburg) was included into the academic complete collection of the scientist as the most complete version. «Training Manual» for adults (Semey, 1921) is offered to the reader for the first time.

Four textbooks, which are included into this volume were presented on the basis of original editions, so that the scientific

community could understand the use of the Arabic script,which was developed by A. Baitursynuly at the beginning of the XX century, improvement of the alphabet, history of the formation ofspellinga nddevelopmentofeducationalprocess using the Arabic script and methodological conditions in education.

The collection contains the most fully published works of the scientist that have passed the examination in terms of textual criticism, and changes and additions to each text are supported by scientific comments. Akhmet Baitursynov's works include such appendices as geographical indexes, name indexes, dictionaries, list of references, annotations in Russian and English.

The collection is intended for the researchersand PhD students, Master and undergraduate students who study the creative writing of Akhmet Baitursynov, a wide range of readers who deeply respect the legacy of the scientist.

МАЗМҰНЫ

Қазақтың бас ақыны 5
Факсимилесі 15

Әдебиет танытқыш 19
Факсимилесі 236

Оқу құралы (Орынбор, 1921) 379
Факсимилесі 424

Оқу құралы (Семей, 1921) 449
Факсимилесі 469

Сауат ашқыш (Семей, 1926) 479
Факсимилесі 547

Әліпби – Жаңа құрал (Қызылорда, 1928) 569
Факсимилесі 626

ҚОСЫМШАЛАР 657
Ғылыми түсініктер 659
Есімдер көрсеткіші 828
Жер-су атаулары 858
Сөздік 861
Пайдаланылған әдебиеттер 865
Түйіндеме 869
Резюме 871
Summary 873

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

АХМЕТ

Шығармаларының академиялық толық жинағы

ЕКІНШІ ТОМ

Дизайнер Б. Серікбай
Беттеген А. Жұмағалиев

Басуға 18.10.2022 ж. қол қойылды.
Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Times New Roman».
Пішімі 60x90 $^{1}/_{16}$. Баспа табағы 54,75.

ЖШС «Brand Book» баспаханасында басылды